

ЭТНОГРАФИЯ

Зерттеу принциптері

Мартин Хаммерсли

Пол Аткинсон

Мазмұны

1. Этнография дегеніміз не?.....	2
2. Зерттеу дизайны: мәселелер, кейстер және мысалдар.....	31
3. Деректерге қол жеткізу	65
4. Далалық қатынастар	92
5. Ауызша деректер және сұхбат жүргізудің маңызы	151
6. Құжаттар мен артефактілер: нақты және виртуалды	184
7. Цифрлық әлемдегі этнография	206
8. Деректерді жазу және жүйелеу	226
9. Талдау процесі	248
10. Этнографияда мәтін жазу	292
11. Этика	319

1-тарау

Этнография дегеніміз не?

Этнография – бүгінде әлеуметтік зерттеулер саласында жиі кездесетін әдіснамалық тәсілдердің бірі. Алайда бұл ұғымның ауқымы кең, қолданылу аясына сай оның мағынасы өзгеріп отыруы мүмкін. Нәтижесінде «сапалық талдау», «далалық зерттеулер», «интерпретативтік әдіс» және «кейс-стади» секілді басқа ұғымдармен біршама ұқсас болғанмен, олардың арасындағы мағыналық шекара анық емес. Шын мәнінде, «автоэтнографияның» мысалдарына жүгінсек, этнография мен жеке адамның өмірбаянын зерттеу арасында нақты бір айырмашылық жоқ; бұған жалпы әлеуметтік процестерді көрсету мақсатында бір зерттеушінің өз өмірі мен жағдайын баяндауы жатады (Reed-Danahay 1997 және 2001; Holman Jones 2005; Short және т.б. 2013; Vochner және Ellis 2016). Сонымен қатар деректері «онлайн» немесе цифрлық құрылғылардың көмегімен ғана алуға болатындай етіп шектелген «виртуалды» немесе «цифрлық» этнографияға қатысты күрделі мысалдар бар (Hine 2000, 2015; Horst және Miller 2012; Lupton 2014; Pink және т.б., 2016). Кіріспе тарауда «этнография» терминінің нені білдіретінін түсіндіруді мақсат етіп отырмыз, сондай-ақ бұл ұғымның ауыспалы, кейде даулы сипатының бар екенін есіңізге саламыз. Бұл анықтама, сөзсіз, этнографиялық еңбектің формасы қандай болуы керек дегенге қатысты көзқарасымыздың негізінде жасалады. Бұның бір себебі мынада: этнографияның әртүрлі формасының қолданбалы және маркетинг секілді коммерциялық зерттеулерде қолданылуының күннен-күнге артуына қарамастан, біз этнографияның академиялық зерттеулерде қолданылуына көңіл бөлеміз (қараңыз, Venkatesh және т.б. 2015).

«Этнография» терминінің пайда болуы XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы антропологиямен байланысты. Бұл жердегі этнографиялық еңбектер әдетте Батыс әлемінен тысқары жатқан, жабайы немесе экзотикалық деп қарастырылатын қауымдастық немесе мәдениеттің кей аспектісін сипаттауды білдірген еді. Сол кезде «этнография» жалпы батыстық емес қоғам мен мәдениет туралы тарихи және салыстырмалы талдауды білдіре отырып, кейде «этнологиямен» салыстырылды, бірақ әдетте оны толықтырушы ретінде қарастырылды. Бұл тұрғыдан алғанда, этнология көбінесе антропологиялық жұмыстың өзегі ретінде қарастырылып, алғашқы кезде саяхатшылар мен миссионерлердің жазбаларына сүйенді. Уақыт өте келе «этнология» терминінің аясы тарылды, себебі антропологтар өз далалық зерттеулерін жүргізе бастады, осылайша «этнография» әлеуметтік ұйым мен

мәдениеттің салыстырмалы немесе теориялық интерпретациясымен бірінші реттік эмпирикалық зерттеулердің бірігуін білдірді.

XX ғасырдың басынан бастап этнографиялық далалық зерттеулер антропологияның негізгі өзегіне айналды. Шынымен де, әдетте адамның өз қоғамынан өзгеше қоғамдағы осындай жұмыс антропологтар «тайпасының» қатарына қабылдануға қажет жоралғыға айналды. Әлеуметтік топтардың ерекше өмір салтын, наным-сенімін және құндылықтарын жазып алып, интерпретациялау үшін әдетте бір жыл немесе одан да көп уақыт бойы олармен бірге өмір сүру керек болды.

Антропологиялық этнографияға жұрттың бәрі көзсіз сене бермесе де, ол XX ғасыр бойы Батыс әлеуметтануындағы кейбір бағыттар үшін үлгі бола білді. Мысал ретінде осы екі саланың басын қосқан қауымдастықты зерттеу қозғалысын келтіруге болады (Crow, 2018). Бұл көбінесе урбанизация мен индустрияландырудың ықпалын қарастырған АҚШ пен Батыс Еуропадағы ауыл мен қала зерттеулерінен тұрды. Манси (Индиана штаты) өмірін баяндаған ерлі-зайыпты Линдтердің «Мидлтаун» атты еңбегі осы саладағы аса маңызды зерттеу болды (Lynd and Lynd 1929, 1937)¹. Тағы бір қозғалыс аясында Чикаго университетінде жұмыс істейтін әлеуметтанушылар 1920–1950 жылдар аралығында адамның әлеуметтік өмірін зерттеуге арналған тәсілді жасап шығарды, оның кей аспектілері антропологиялық зерттеулерге ұқсағанмен, оны «кейс-стади» деп атады. «Чикаго әлеуметтану мектебі» осы қаладағы алуан түрлі өмір салтын, оны қалыптастырудағы ішкі миграция және қала экологиясының дамуын зерттеді (қараңыз: Vulmer, 1984).

1960 жылдардан бастап осындай өзгерістердің әсерімен әлеуметтану зерттеулерінің формасы әлеуметтанудың көптеген тармағына, сондай-ақ басқа да пәндер мен зерттеу салаларына тарап, АҚШ-тан Еуропаға және әлемнің басқа бөліктеріне жайылды. Сонымен қатар әртүрлі себептерге байланысты антропологтардың басым көпшілігі зерттеулерін Батыс қоғамынан бастады, әуелі, ауылдық жерлерді, кейін қалаларды зерттеді².

XX ғасырдың екінші жартысындағы тағы бір маңызды оқиға антропология мен әлеуметтанудан ерекше, дегенмен осы салалармен тығыз байланысы бар мәдениеттанудың дамуы болды. Бұл саладағы жұмыстар ауқымды тарихи және мәтіндік тәсілдердің шеңберінен шығып, мәдени құндылықтарды қабылдауда, жастар мәдениетін, медиааудиториясын зерттеуде этнографиялық әдістерді қолдануға көшті. XX ғасырдың соңына қарай этнография одан әрі дами түсті, сондай-ақ

¹ Манси бірнеше мәрте қайта зерттелді. Қайта қаралған нұсқасы үшін қараңыз: Lassiter және т.б., 2004.

² Британ антропологиясы аясындағы этнографиялық жұмыстың дамуы мен құрылымының өзгеруіне қатысты еңбек: Macdonald, 2001. Сондай-ақ: Peirano, 1998.

сапалық зерттеудің өзге әдістерімен бірге, психология және әлеуметтік-экономикалық география саласына дендей енді. Нәтижесінде кейде сапалық тәсілдерді қолдайтын жалпы пәнаралық қозғалысқа ауысу үрдісі байқалды³. Алайда «этнография» термині әлі де болса ерекше мағынасын сақтап отыр.

Этнографияның стандартты, нақты анықталған мағынасының болмауының бір себебі – тарихының күрделі болуында. Уақыт өте келе және жоғарыда келтірілген әртүрлі пәннің контекстінде этнографияның мағынасы жаңа жағдайларға бейімделу үшін түрлі жолмен қайта түсіндіріліп отырды. Белгілі бір дәрежеде этнографияны қайта қалыптастыру оны әртүрлі кезеңдерде түрлі әдіснамалық тәсілдермен салыстырудан туындады. Алғашында «статистикалық әдіспен» (тәжірибелік, әсіресе сауалнамалық зерттеу әдісімен) салыстырып қарады және бұл әлі күнге дейін жалғасып келеді. Кейін мұны, негізінен, әлеуметтану мен саяси экономикаға тән макроанализбен салыстырды. Ал соңғы кездері этнографияны, бір жағынан, конверсациялық және дискурс анализбен, екінші жағынан, әртүрлі сұхбаттық зерттеулермен жиі салыстыра бастады. Сондай-ақ этнографияға жылдар бойы бірқатар теориялық идея ықпал етті. Атап айтсақ, антропология және әлеуметтанудағы функционализм, философиядағы прагматизм және символдық интеракционизм, марксизм, феноменология, герменевтика, структурализм, феминизм, конструкционизм, постструктурализм, постмодернизм және (соңғы кездері) антропологиядағы «онтологиялық бетбұрыс» пен «жаңа материализм» сияқты ағымдардың ықпалына ұшырады (Henare және т.б., 2007; Alberti және т.б., 2011; Coole және Frost, 2010; Fox және Alldred, 2015a, 2015b; Holbraad және Pedersen, 2017).

Қысқаша айтқанда, «этнография» термині ХХІ ғасырдағы әлеуметтік ғылымдарды құрайтын күрделі «мозаикада» ауыспалы және өзгермелі рөлге ие болды. Дегенмен бір ғана нақты анықталған мағынасының болмауында еш ерекшелік жоқ, себебі басқа әдіснамалық атаулардың басым көпшілігі де осындай. Әрі нақты мағынасының болмауы оның құндылығын жоғалтады деген сөз емес: этнографияның барлық жағдайда өзінің тұтас мағынасын бермейтінін түсінсек те, оның негізгі анықтамасын ерекше бөліп көрсете аламыз. Сондықтан практикалық деңгейге, яғни этнографтардың шын мәнінде не *істейтініне*, әдетте қандай дерек түрлерін жинайтынына, сол деректерді өңдеу үшін қандай анализ түрлерін қолданатынына назар аударамыз. Кейінірек этнография практикасының

³ Сапалық зерттеу қозғалысының әртүрлі бағыттары мен тенденциялары туралы мәліметті келесі кітаптың бірнеше басылымынан қараңыз: Handbook of Qualitative Research: Denzin және Lincoln, 1994, 2000, 2005, 2011 және 2018.

негізін қалап, әлі күнге дейін ықпал етіп келе жатқан сан түрлі идеяларды қамту үшін пікірталасты кеңейтеміз.

Этнографтар немен айналысады?

Деректерді жинау тұрғысынан алғанда, этнография зерттеушінің: болып жатқан оқиғаларды бақылау, адамдардың айтқанын тыңдау, ресми және бейресми сұхбаттар арқылы сұрақтар қою, құжаттар мен артефактілерді (шынында, зерттеудің жаңа фокусы болатын мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін кез келген деректерді) жинау арқылы ұзақ уақыт бойы жұртшылықтың күнделікті өміріне ашық немесе жасырын түрде қатысуын қарастырады. Жалпы, бұл этнографтардың бірқатар дереккөзге сүйенетінін көрсетеді, дегенмен, негізінен, бір ғана дереккөзге – әдетте іштен бақылауға сүйенетін кездері де болады. Виртуалды этнография жағдайында, әрине, қатысу мен бақылау онлайн түрде жүреді, сол сияқты, қатысушылардан құжаттар мен мәліметтерді алу да онлайн жүзеге асады, десек те кейде желіден тыс дереккөздер де қолданылады.

Толығырақ айтсақ, этнографиялық жұмыстардан төменде көрсетілген бірқатар ерекшелікті байқауға болады:

1. Біріншіден, сынақтар мен күрделі сұхбаттардағыдай, адамдардың әрекеттері мен әңгімелері зерттеуші жасаған шарттарда ғана емес, күнделікті контексте зерттеледі.
2. Деректер бірқатар дереккөзден жиналады, дегенмен *іштен бақылау немесе бейресми әңгімелер* әдетте басты дереккөз боп есептеледі.
3. Екі жағдайда деректерді жинау көбінесе салыстырмалы түрде «жүйеленбеген». Біріншіден, ол алғашында көрсетілген зерттеу дизайнының өзгеріссіз және толық түрде іске асырылуын *қарастырмайды*. Екіншіден, адамдардың сөзін немесе әрекеттерін түсіндіру үшін қолданылатын категориялар деректерді жинау процесіне (мысалы, бақылау кестесі немесе сауалнама парақтарын қолдану арқылы жинау) енгізілмейді. Оның орнына мұндай категориялар деректерді талдау процесінде жасап шығарылады.
4. Негізгі фокус әдетте бірнеше кейске, оның ішінде көбінесе шағын кейске, бәлкім, бір ғана ортаға немесе адамдар тобына бағытталады. Бұл тереңдетілген зерттеуді жеңілдету үшін жасалады.
5. Деректерді талдау адам әрекеттері мен институттық тәжірибелердің мағынасына, негізіне, функциясына, салдарына және олардың жергілікті, бәлкім, кеңірек контекстерге қатысын интерпретациялаудан тұрады. Алынған талдаудың басым бөлігі – вербалды сипаттамалар, түсіндірмелер мен теориялар, ал сандық көрсеткіштер мен статистикалық талдау көбінесе екінші реттік рөл атқарады.

Осылайша әдіснамалық мәтіндерде «зерттеу дизайны» деген атауға келер болсақ, этнографтар әдетте сапалық зерттеушілер сынды салыстырмалы түрде ашық тәсілдерді қолданады (қараңыз: Maxwell, 2013). Олар зерттеуін әлеуметтік өмірдің кейбір саласына, жағдай түріне, адамдар тобы немесе тақырыпқа деген қызығушылықтан бастайды. Олар әдетте антрополог Малиновскийдің (қазіргі антропологиялық далалық зерттеудің негізін салушы) «алдын ала қарастырылған зерттеу проблемаларын» сөз еткенмен, олардың бағыты зерттеу сипатына ие. Біздің міндетіміз – адам өмірінің кейбір аспектілерін, олардың әрекеттерін, бетпе-бет келген жағдайға көзқарасын, бір-біріне, сондай-ақ өз-өзіне деген қарым-қатынасын зерттеу. Зерттеуге түрткі болған бастапқы мүдде мен кейбір мәселелер зерттеу барысында қайта анықталуы, тіпті олардың түпкілікті өзгеруі де ықтимал, ал бұл айтарлықтай уақыт алуы мүмкін. Нәтижесінде осындай процесс арқылы зерттеу нақты зерттеу сұрақтарының жиынтығына көбірек назар аударады, ал бұл қойылған сұрақтарға жауап іздеуде деректерді стратегиялық түрде жинауға және оларды келтірілген дәйектер негізінде тексеруге мүмкіндік береді.

Деректерді «табиғи» ортада (басқа сөзбен айтқанда, зерттеу мақсаттары үшін жасалған арнайы ортада емес) жинау этнографиялық еңбекке айрықша сипат береді. Іштей бақылау жағдайында зерттеуші өзі зерттейтін ортада қандай да бір рөл атқаруы керек, бұл рөл әдетте сол жердегі адамдармен ашық немесе жасырын келіссөз жүргізу арқылы жүзеге асады. Бұл көбінесе салыстырмалы түрде қоғамдық ортаға да қатысты, дегенмен кейде оффлайн немесе онлайн түрде «жасырын» орындалуы да ықтимал. Көп жағдайда алғашқы рұқсатты гейткиперлер қамтамасыз етуге тиіс (3 және 4-тарауларды қараңыз). Зерттеуді жасырын жүргізбесе, этнографтың өзі қатысушы болып есептелетін ортаны зерттейтін жағдайларда да осылай болады. Сол сияқты, сұхбаттар жағдайында да информанттарға жедел түрде қол жеткізу мүмкін емес: мұнда да қажет адамдармен байланыс орнату үшін гейткиперлер арқылы өту қажет болуы ықтимал, ал егер сұхбат нәтижелі өтсе, информанттармен байланыс орнатып, одан әрі жетілдіре түсу керек (5-тарауды қараңыз). Сонымен қатар этнографияның осы және басқа да аспектілері айрықша этикалық мәселелерді тудырады (11-тарауды қараңыз).

Этнографиялық зерттеулердің бастапқы зерттеуші сипаты бақылауды неден бастау керегін, қандай акторлар мен әрекеттерге назар аударуға болатынын және басқа да мәселелердің үнемі айқын бола бермейтінін білдіреді. Іріктеу стратегиялары жасап шығарылады және ол зерттеу барысында өзгеруі мүмкін. Бұл сұхбаттарды қолдануға қатысты да осылай. Бұл жерде кімнен сұхбат алу керек екені туралы шешім уақыт өте қабылданады, әрі сұхбат әдетте салыстырмалы, құрылымданбаған түрде өтеді, сұрақтар сұхбат барысында информанттың жауабына қарай

туындайды; сөйтіп, құрылымданған әрі бағыттаушы сұрақтар далалық зерттеудің соңына қарай қойылуы мүмкін. Деректер нақты сипаттаушы терминдерді пайдалана отырып жазылған жазбалардан, сол сияқты, көбінесе аудио немесе видеожазбалармен бірге, олардың транскриптерінен, сондай-ақ қағазға түсірілген немесе электрондық құжаттық материалдардың жинағынан тұрады. Бұл деректердің құрылымданбаған сипатын ескерсек, бізге оларды өңдеу мен талдауға көп күш пен уақыт керек. Қай жағынан қарасақ та, этнография – көп күш-қуатты талап ететін іс, әрі белгісіз шарттарда шешім қабылдай білу қабілеті сынды әртүрлі дағдыларды қажет етеді.

Этнографтар қолданатын әдістер бізге тым жат емес, біз оларды күнделікті өмірде ақпарат алу үшін және бізді қоршаған әлемді, әсіресе басқа адамдардың әрекеттерін, тіпті өзіміздің жасап жүрген тірлігімізді ұғынуға қажет құралдардан еш айырмашылығы да жоқ. Олай болса, оның ерекшелігі неде? Ерекшелігі сол – бәріміз үшін кең тараған тәсілдермен салыстырғанда этнография ойластырылған әрі жүйелі тәсілді қамтиды. Мұнда деректер зерттеу сұрағын мейлінше анықтай түсу үшін жинақталып, мұқият тіркеледі, ал талдау процесі бұрынғы зерттеулерге сүйенеді және интенсивтік ойлау, оның ішінде бәсекелес интерпретацияларды сыни бағалауды қамтиды. Демек, бұл жерде айтылып отырған мәселе – бәріміздің күнделікті өмірде қолданатын әлеуметтік әлемді анықтау және оған мән берудің қарапайым әдістерінің одан әрі дамыған түрі. Ал бұл ғылыми білімді жасап шығарудың арнайы мақсаттарына сай келуі керек.

Тараудың қалған бөлігінде этнография тарихын қалыптастыруға үлес қосқан бірнеше әдіснамалық идеяларды зерделеп, бағалаймыз. Алдымен бұрыннан бері көп салада қолданылып, әлі күнге дейін белгілі бір дәрежеде өзектілігін жоймай келе жатқан, әлеуметтік зерттеулердің бәсекелес модельдері сандық және сапалық әдістер арасындағы қайшылықты қарастырамыз. Бұл көбінесе бәсекелес философиялық ұстанымдар арасындағы қақтығыс ретінде қарастырылды. Осыған дейін айтылғанды ескере отырып, оларды «позитивизм» және «натурализм» деп атаймыз: біріншісі сандық әдістерге басымдық берсе, екіншісі этнографияны басты, тіпті әлеуметтік зерттеу әдістерінің жалғыз легитимді тәсілі деп есептейді. Осыдан кейін этнографтардың ойлауы мен тәжірибесінің қалыптасуына әсер еткен соңғы идеяларды қарастырамыз. Кейбір негізгі аспектілер тұрғысынан қарасақ, олар позитивизмге ғана

емес, сонымен қатар бұрынғы кездегі көптеген этнографтың натурализмге деген адалдығына қайшы келеді⁴.

Позитивизм және натурализм

Позитивизмнің философияда көп жылға созылған тарихы бар, ал, әдіснамалық тұрғыдан алғанда, ол «логикалық позитивизмнің» шарықтау шегіне 1930–1940 жылдары жетті (Kolakowski, 1972; Halfpenny, 1982; Friedman, 1991; Hammersley 1995:ch1). Бұл өзгеріс әлеуметтік сала ғалымдарына, әсіресе тәжірибелік және сауалнамалық әдіске негізделген зерттеулерге, сондай-ақ сол зерттеулермен байланысты сандық талдау түрлерін ынталандыруға айтарлықтай әсер етті. Бұған дейін әлеуметтануда болсын, әлеуметтік психологияда болсын, зерттеуші сапалық және сандық әдістерді әдетте қатар қолданып келді; ал антропологияда, көріп отырғанымыздай, этнография маңызды орын алса да, бұл жағдай сандық деректерді қолдануды жоққа шығармады. ХІХ ғасырдың Мейхью (1861), Ле Пле (1879) және Бут (1902–1903) секілді әлеуметтанушылары сандық және сапалық деректерге бірін-бірі толықтырушы ретінде қарады. Тіпті сапалық зерттеулердің өкілі ретінде жиі қарастырылатын Чикаго мектебінің өзі «кейс-стади» мен «статистикалық» әдістерді қатар қолданды. Олардың арасында осы екі тәсілдің салыстырмалы артықшылығы мен қолданылуына қатысты пікірталас жиі болып тұрғанмен, екеуінің құндылығына қатысты жалпы келісім бар еді (Vulmer, 1984; Harvey, 1985; Hammersley, 1989b). Кейінірек статистикалық әдістердің қарқынды дамуымен және ғылымда позитивистік философия ықпалының артуымен әлеуметтануда кейбір практик-мамандар сауалнама жүргізуді толыққанды (және үстем) әдіснамалық дәстүр деп қарастыра бастады⁵.

Бүгінгі таңда «позитивизм» термині әлеуметтік сала ғалымдары арасында орынсыз қолданатын терминге айналып, нәтижесінде оның мағынасы көмескілене бастады. Ал қазіргі (неғұрлым бейтарап) мақсаттар үшін позитивизмнің басты ұстанымдарын былай сипаттауға болады:

1. *Жаратылыстану ғылымының жетістіктерін ескерсек, оны әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулердің әдіснамалық моделі* деуге болады. Позитивистер барлық жаратылыстану ғылымдарының әдістері бірдей десе де, олардың ортақ логикасы бар деген пікірді алға тартады. Эксперименттерде сандық тұрғыдан өлшенетін айнаымалылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау үшін сол

⁴ «Натурализм» – әдебиетте әртүрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы қолданылатын термин. Қараңыз: Matza, 1969. Бұл жерде біз тек этнографиялық әдебиетте кездесетін дәстүрлі мағынасын қолданамыз.

⁵ Әлеуметтік психологияда бұл процесс ертерек басталып, кейін осы эксперимент басым әдіске айналды.

айнымалылар манипуляцияға ұшырайды. Айнымалыларды манипуляциялау мүмкін болмаса, олардың әсерін анықтайтын статистикалық салыстыру секілді басқа тәсілдер қолданылуы тиіс.

2. *Әмбебап немесе статистикалық заңдар ғылымның мақсаты ретінде.* Позитивистер әдетте «қамтушы заң» моделі деп аталатын түсіндірудің сипаттаушы тұжырымдамасын ұстанады. Бұл жерде оқиғалар барлық тиісті жағдайды ескергенде, айнымалылар арасындағы тұрақты қарым-қатынас болатынын білдіретін, индуктивтік түрде ашылған әмбебап заңдарға жүгіну арқылы дедуктивтік жолмен түсіндіріледі. Дегенмен бұл – жалпы әлеуметтанушылар қабылдаған тиісті кейстерде ғана қолданылу мүмкіндігі жоғары модельдің статистикалық нұсқасы; әсіресе сауалнама жүргізуде іріктеу процедурасы мен статистикалық талдауға қатысты үлкен алаңдаушылық туғызды. Бұл жерде нәтижелерді жалпылауға ерекше мән беріледі.
3. *Ғылымның негізі – бақылау.* Позитивистер ғалымдардың тікелей бақылауына келетін немесе бақылауға болатын нәрседен «логикалық» жолмен шығарылатын құбылыстарға басымдық береді. Кез келген анық емес мәліметтерге жүгіну метафизикалық болжам деп есептеліп, қабылданбай қалуы ықтимал. Ғылыми теориялар «әлемнің жағдайына» ғана сәйкес келетін, теориялық болжам жасамайтын және күмән тудырмайтын сипаттамаларға негізделуі немесе соларға сәйкес тексерілуі тиіс. Бұған дәстүрлі эмпиризмдегідей, сезім арқылы келетін деректер немесе барша адам бақылай алатын салада, мысалы, барлық бақылаушы көріп, солай екенімен оңай келісетін термометрдегі сынап секілді физикалық объектілердің қозғалысы негіз бола алады. Әлеуметтік ғылымның негізі – әртүрлі әсерлерге жауап беретін адамдардың мінез-құлқы. Барлық бақылаушы үшін тұрақты болатын өлшемдерге қол жеткізуді жеңілдетуді көздейтін деректерді жинау процедураларын стандарттауға көп көңіл бөлінеді. Егер өлшем, бұл тұрғыдан алғанда, сенімді болса, онда ол берік, әрі теориялық тұрғыдан бейтарап негізді қамтамасыз етеді. Стандарттауды кейде «процедуралық объективтілік» деп атайды.

Позитивизмнің негізі – жаратылыстану ғылымдарына, атап айтқанда, физикаға негізделген ғылыми әдістің белгілі бір тұжырымдамасы (Toulmin, 1972). Мұнда әдіс теорияларды немесе гипотезаларды тексерумен айналысады. Жаңалық ашу контексі мен негіздеу контексі арасында нақты айырмашылық бар (Reichenbach, 1951). «Теориялық идеялар қалай туындайды?» – деген сұрақ жаңалық ашу контексіне жатады және ғылыми әдістің шеңберіне кірмейді. Негіздеу контексінде қолданылатын процедуралар ғылымды ақылға негізделген

түсініктерден ажыратады, себебі олар объективтік деректер негізінде балама теорияларды қатаң бағалауды қажет етеді.

Осылайша позитивистер үшін ғылыми теориялардың ең маңызды ерекшелігі сол – оларды ашық және іс жүзінде нақты түрде тексеруге болады: яғни оларды растауға, тіпті сенімді түрде жоққа шығара алады. Ол айнымалыларды бақылауды талап етеді. Оған эксперименттердегідей, физикалық манипуляция немесе бұқаралық сауалнамалардағыдай, негізінен, статистикалық талдау арқылы қол жеткізуге болады. Айнымалыларға еш бақылау орнатпай (түсіндіруші теориялардың басты назарындағы), себеп-салдар байланыстары туралы жорамал ғана жасай алады. Себебі бәсекелес гипотезаларды тексерудің еш негізі жоқ. Сонымен, сынақтан өткізу процесі белгілі бір шарттарда орын алуы ықтимал теорияларды нақты іс жүзінде болып жатқан оқиғалармен, қысқаша айтқанда, «фактілермен» салыстырудан тұрады.

Бұл фактілер өздері тіркейтін фактілер сияқты, теориялық тұрғыдан бейтарап деп есептелетін әдістердің көмегімен жиналады; бұлай болмаған жағдайда, теория туралы тексерістің қорытындысын бере алмады деген ұйғарым шығады. Процедуралық объективтілікті сақтау деректерді жинау процедурасының нақты, стандартталған жиынтығын жасау арқылы бақылаушының ықпалын жою үшін бар мүмкіндікті жасау дегенді білдіреді. Бұл сонымен қатар зерттеу нәтижесінің сенімділігін бағалау үшін оны басқалардың қайталап қолдануына мүмкіндік береді. Мысалы, сауалнамада сұхбат алушының мінез-құлқы әдетте сұрақтарды құрастыру және ауытқымай, сол сұрақтарды қою тәртібіне байланысты болады. Ал эксперимент барысында сынақ жүргізушінің іс-әрекеті егжей-тегжейлі анықталады. Егер белгілі бір зерттеуге және сол зерттеу қайта жүргізілгенде, оған қатысатын әрбір сауалнама респондентінің немесе экспериментке қатысушы субъектінің бірдей стимул жиынтығымен бетпелі келгеніне кепілдік берілсе, (зерттеу барысында қолданылған айнымалыларды және зерттеуді кім жүргізгенін көрсетпеген жағдайда ғана) олардың жауабын салыстыруға болады. Келтірілген дәлелдерге сүйенсек, іштен бақылау кезіндегідей анық және стандартты процедуралар қолданылмаған жағдайда, бұл ненің жауабы екенін ешкім білмегендіктен, адамдардың мінез-құлқын анықтау мүмкін емес. Қысқаша айтқанда, позитивистер ғылыми айнымалыларды физикалық немесе статистикалық жолмен бақылау және оларды дұрыстап өлшеу арқылы ғана шынайы білім жиынтығын тудыру мүмкін деп ойлайды, сөйтіп, ол мифтер мен дәстүрлі түсініктердің догмаларын немесе ақылға негізделген «білімді» алмастыра алады.

Жоғарыда айтып өткендей, этнография және өзге де сапалық зерттеулердің кейбірі позитивизмнің осындай канондарына сай келе

бермейді⁶. Соның әсерінен, әсіресе XX ғасырдың ортасында, олар ғылыми дәлдігі болмағаны үшін сынға ұшырады. Кейде деректері мен шығарған қорытындысының «субъективті» екенін алға тарта отырып, «этнография әлеуметтік ғылымға мүлдем сәйкес келмейді» деген тұжырымдар да жасалып отырды, себебі бірді-екілі жағдай туралы зерттеушінің алған жеке әсері терең ғылыми талдауға негіз бола алмайтындай көрінді. Бұған жауап ретінде әлеуметтанудағы этнографтар әлеуметтік зерттеулердің шынайы табиғатына балама көзқарас жасап шығарып, оны «натурализм» деп атайтын болды (Lofland, 1967; Blumer, 1969; Matza, 1969; Denzin, 1971; Schatzman және Strauss, 1973; Guba, 1978). Позитивизм сияқты, бұл да үлгі ретінде жаратылыстану ғылымдарына жүгінді, алайда оның әдісі XX ғасырдың физикасын емес, XIX ғасырдың биологиясын негізге ала отырып өзгеше тұжырымдалды.

Натурализмнің болжауы бойынша, зерттеуші әлеуметтік әлемге мүмкіндігінше кедергі жасамай, оны өзінің «табиғи» күйінде зерттеуі керек. Көріп отырғанымыздай, позитивизм деректерді жинауда белсенді түрде бақылауды талап етеді. Ал натуралистердің айтуынша, бұл ықпалдың артуына әкеледі де, нәтижесінде адамдардың зертханаларда немесе сауалнамаларда берген жауаптары сынды мінез-құлқы әдетте жасайтын ісі мен сөйлейтін сөзіне мүлдем қабыспай жатады. Осылайша натуралистер үшін деректердің негізгі көзі «жасанды» емес, «табиғи» орта болуы тиіс; қысқаша айтқанда, әдетте зерттеу адамдардың өзіне ынтықтыратын әрекеттері бар ортада өтуі керек. Сондай-ақ зерттеулер нақты орта мен зерттелетін құбылыстың сипатын ескере отырып жүргізілуі керек. Негізгі мақсат зерттеуге қатысатын адамдар өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін қалай көретінін, бұл туралы не айтатынын, не болып жатқанын, олардың не істейтінін, әрекеті қандай контексте жүріп жатқанын және одан қандай нәтиже шығатынын сипаттауы болуға тиіс.

Натурализмнің негізгі элементі әлеуметтік зерттеушіден әлеуметтік әлемге «құрмет» немесе «ризашылықпен» қарауды талап етеді. Матцаның айтуынша, натурализм – «зерттеліп жатқан құбылыстың табиғатына адал болып қала беретін философиялық көзқарас» (1969: 5). Бұл позитивистердің жаратылыстану ғалымдары тәжірибесінен қайта қалыптастырылған бастапқы және кейінгі ғылыми әдіс тұжырымдамасына деген міндеттемесіне қайшы келеді:

Шынайылық эмпирикалық әлемде бар, ал сол әлемді зерттеуде қолданылатын әдістерде жоқ; шынайылық сол әлемді зерттеу

⁶ Алайда Малиновскийдің антропологиялық жұмысына ерте позитивистік идеялар әсер еткенін айта кеткеніміз жөн. Қараңыз: Leach, 1957 және Strenski, 1982. Сондай-ақ кейін өз жұмысының кейбір аспектілеріне позитивистік идеяларды қолданғысы келген антропологтар да болды, атап айтсақ, Nadel, 1951.

барысында табылуы керек [. . .]. Әдістер – эмпирикалық әлемнің өзгеріссіз сипатын анықтауға және талдауға арналған құрал ғана, сондықтан осы тапсырманы орындауға жарамды болғанда ғана олардың құндылығы артады. Осындай түпкі мағынасына қарасақ, ғылыми зерттеудің әр бөлігінде қолданылатын процедуралар зерттелетін эмпирикалық әлемнің табиғатына сәйкес келе ме, әлде жоқ па (эмпирикалық әлемнің табиғаты деп меңзеп жүргеніміз шынымен де сол ма), міне, сол тұрғыдан бағалануы тиіс.

(Blumer, 1969: 27–28)

Сонымен қатар натуралистер әлеуметтік құбылыстарды сипаты жағынан физикалық құбылыстардан мүлдем өзгеше деп есептейді. Бұл жағынан алғанда, натурализм бірқатар философия және әлеуметтану идеяларына, әсіресе символдық интеракционизмге, феноменологияға және герменевтикаға (кейде олардың бәрін қосып, «интерпретивизм» деп атайды) сүйенеді. Әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарасақ, бұл дәстүрлердің барлығы әлеуметтік әлемді қарапайым себеп-салдар байланысы тұрғысынан немесе әлеуметтік оқиғаларды әмбебап заңдарға бағындыру арқылы түсіну мүмкін емес деп тұжырымдайды. Себебі адамның іс-әрекетін алдын ала белгілі факторлар *анықтамайды*, адам әрекет ету еркіндігіне ие, сондықтан оның әрекеті белгілі бір жағдайларда туындаған әлеуметтік немесе мәдени түсініктерге, яғни ниет, ынта, наным-сенім, ережелер, дискурстар және құндылықтарға негізделеді.

Мысалы, символдық интеракционизмнің негізінде адам мінез-құлқының стимул-реакция моделінен бас тарту жатыр, ал бұл – біз бұрын «процедуралық объективтілік» деп атап кеткен позитивизмнің әдіснамалық аргументтерінің ажырамас бөлігі. Интеракционистердің айтуынша, адамдар стимулды интерпретациялайды және оқиғалар өрбіген сайын үздіксіз қайта қарастырылып отыратын бұл интерпретациялар олардың әрекеттерін қалыптастырады. Нәтижесінде «бірдей» физикалық стимулды әртүрлі адам әртүрлі мағынада түсінуі мүмкін, сондай-ақ бір адамның өзі сол нәрсені әртүрлі уақытта әртүрлі түсінуі ықтимал, олардың жасайтын әрекеттері осындай мағынаның ықпалымен қалыптасады⁷. Көп жыл бұрын Механ (1974: 249) позитивизм қолдайтын деректерді жинау әдісімен тікелей байланысты керемет бір мысал келтірді:

«Тілді дамыту тестінен алынған сұрақтар балаға құс, піл және ит нұсқаларының арасынан «ұшатын жан-жануардың» бірін таңдауды ұсынады. Дұрыс жауабы (әлбетте) – құс. Дегенмен

⁷ Интеракционизм туралы пайдалы мәліметтерді қараңыз: Atkinson және Housley, 2003; Maines, 2001; Jacobsen, 2017.

бірінші сынып оқушылары бұл сұрақтың жауабы ретінде күспен бірге пілді де таңдайды. Кейінірек неге бұл жауапты таңдадың дегенде, олар былай жауап берді: Себебі бұл – «Дамбо». Дамбо (әрине) – Уолт Диснейдің ұшатын пілі. Теледидар қарайтын және пілді ұшатын жануар ретінде көрсететін, балалар кітабын оқитын балаларға «Дамбо» жақсы таныс.

Интерпретациядағы мұндай екіұштылық адам мінез-құлқының стандартталған өлшемін жасауға кедергі келтіреді. Эксперименттік нұсқаулардың немесе сұхбат сұрақтарының бірдей жиынтығының интерпретациясы, әрине, әртүрлі адамдар мен түрлі оқиғаларда бір-бірінен өзгеше болады; міне, осы жағдай стандартталған әдістердің жарамдылығына нұқсан келтіреді⁸.

Сол сияқты, адамдардың мінез-құлқы механикалық жолмен туындамайтындықтан, оған себеп-салдар анализін немесе позитивизмге негізделген сандық зерттеуге тән айнымалыларды қолдануға болмайды деген натуралистердің пікірі де маңызды. Адами мінез-құлқы заңдарын ашуға деген қандай да бір үміттің болуы орынсыз, өйткені адамдар өздері тап болған жағдайдың тұрақты интерпретациялары негізінде мінез-құлқын үнемі құрастырып, қайта құрастырып отырады деген пікір бар.

Натурализм бойынша, адамдардың іс-әрекеттерін түсіну оларды бағыттайтын мәндер мен сол әрекеттерді туындататын әлеуметтік процестерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тәсілді қолдануымыз керек. Қуантатыны – әлеуметтік акторлар ретінде дамытқан мүмкіндіктер, тіпті олар толығымен сенімді және нақты болмаса да, бізге бұл мүмкіндікке жол ашып отыр. Біз іштей бақылаушы ретінде зерттеп отырған адамдардың мәдениетін немесе суб-мәдениетін зерделей аламыз. Сөйтіп, біздің әлем туралы интерпретацияларымыз сол адамдардың түсінігіне белгілі бір дәрежеде жақын болады. Қысқаша айтқанда, біздің адамдардың іс-әрекетін түсінуіміз жаратылыстану саласындағы ғалымдардың физикалық құбылыстардың заңдылықтарын зерттеу әдісінен мүлдем өзгеше⁹.

Бұл адамдардың мәдениетін зерттеу қажеттілігі өзге ортада өмір сүрген кезде айқын көрінеді. Біз адамдардың мұндай әрекетке неге барғанын білмеуімізбен қатар, кейде тіпті олардың не істеп жатқандарын да түсінбей қалуымыз мүмкін. Біз Шюцтің (1964) «жат адамының»

⁸ Соорег және Dunne 2000 математикалық қабілет тестілеріне қолданылатын интерпретация процесінің осыған ұқсас және дамыған талдауын ұсынады.

⁹ Әлеуметтік құбылыстарды түсінудің осындай формасы көбінесе *Verstehen* деп аталады. Бұл тұжырымдаманың тарихына қатысты талқылау мен мысалдар үшін қараңыз: Truzzi, 1974; ал оның әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы рөлі туралы пікірталастар үшін қараңыз: O’Hear, 1996.

кейпіндеміз: ол иммигранттың қабылдаушы қоғамда бірнеше апта немесе ай өткен соң, осыған дейін сол қоғам туралы бұған дейінгі білімі сенімсіз, тіпті жалған болып шығатынын айтады. Сонымен қатар бұрын қоғамның назарынан тыс қалып келген салалардың маңызы артты, өйткені бұл кедергілерді жеңуге, нақты мақсаттарға қол жеткізуге, тіпті адамдардың бейтаныс ортаға үйреніп, әрі қарай күнелтуі үшін де қажет. Бейтаныс қоғам өміріне қалай араласуға болатынын үйрене бастағанда, жат адам біртіндеп сол қоғамның ішінен жаңа білім жинайды, ал бұл бұған дейінгі «сырттан» алған білімді ығыстырып шығарады. Алайда Шюцтің айтуынша, мәдениетті осылай түсінуге мәжбүр болғандықтан, жат адамның санасында сол мәдениет өкілдерінде бола бермейтін белгілі бір рефлексивтік түсінік пайда болады. Мәдениет өкілдері сол мәдениеттің ішінде өмір сүреді және оны қарапайым түрде ғана «әлемнің» көрінісі деп біледі. Олардың көбінесе өздерінің жеке көзқарастарын қалыптастыратын фундаменталды алғышарттардан еш хабары болмайды, бұлардың көбі өз мәдениетімен ерекшеленеді.

Шюцтің бейтаныс адам тәжірибесі бойынша зерттеуі өз елдерінен мүлдем өзге қоғамдарды зерттейтін антропологтардың жұмысына сәйкес келеді. Алайда бұл тіпті өз қоғамы жайында зерттеу жүргізетіндерге де қатысты деп айтуға болады. Бір қоғам ішінде мәдени білімнің бірнеше деңгейі мен саласы кездеседі. Әсіресе мұның күрделі еңбек бөлінісі, көпқырлы өмір салты, этностық әралуандық және девиантты қауымдастықтан тұратын қазіргі қоғамға, сондай-ақ бұл мұндай бөліністерді жақтап, олар арқылы туындайтын суб-мәдениеттер мен көзқарастарға қатысты екеніне көзіміз жетеді. Бұл Чикаго мектебіндегі әлеуметтанушылар зерттеулерінің басты негіздемелерінің бірі еді. Өсімдіктер мен жануарлар экологиясының аналогиясына сүйене отырып, олар «алтын жағалауда» тұратын «зиялы қауымнан» бастап, Шағын Сицилия және Скид Роу секілді кедей геттоларға дейінгі Чикаго қаласының әр бөлігіндегі өмір салтын қағазға түсіруді мақсат етті. Кейін дәл осындай тәсілді жұмыс орындарының, ұйымдардың және әртүрлі әлеуметтік топтардың мәдениетіне қолдана бастады.

Натуралистердің түсінігі бойынша, этнографияның әлеуметтік зерттеу әдісі ретіндегі құндылығы қоғамдар арасында және қоғам ішінде осындай мәдени өзгешеліктердің болуына және әлеуметтік процестерді түсінудегі маңызына негізделген. Этнография жаңа мәдениетті зерттеуде кез келген әлеуметтік актордың бойында болатын қабілетті және бұл процесс туғызуы мүмкін рефлексивтік түсінікті пайдаланады. Мәдениет өкілдері өзінен-өзі белгілі деп есептейтін болжамдарды анықтай түсу үшін, тіпті өзіне таныс бір топты немесе жағдайды зерттесе де, іштен бақылаушыдан оларды «антропологиялық тұрғыдан бейтаныс» деп қарастыру талап етіледі. Осылайша мәдени құбылыстарды зерттеуге болатын

нысандарға айналдыруға болады. Натурализмнің ұйғарымы бойынша, әлеуметтік позиция мен көзқарастағы маргиналды арқылы этнограф осы құбылыстар туралы пікір қалыптастыра алады. Мұндай пікір құбылыстарды іштен түсінуге жол ашып, оларды зерттеушіден тыс және оған тәуелсіз (басқаша айтқанда, табиғи құбылыс) ретінде көрсетеді.

Осылайша мәдени және әлеуметтік модельдердің *сипаты* мен оларды ұйымдастырудың әдістері негізгі мақсатқа айналады. Белгілі бір әлеуметтік контекстегі өмірдің нақты формалары, сондай-ақ оның аясында қолданылатын ресурстар ретіндегі наным-сенімдер мен әлеуметтік ережелер туралы егжей-тегжейлі мәліметтер есебінен әмбебап заңдарды іздеудің маңызы кемиді. Шынымен де, мысалы, белгілі бір әлеуметтік-мәдени формаларды түсіндіру секілді мұның шеңберінен шығуға тырысатын әрекеттерді кейде ешкім қолдамайды. Әрине, Дензин (1971:168) айтып өткендей, «натуралист күнделікті өмірдің күрделілігін шамадан тыс жеңілдететін схемаларға немесе модельдерге қарсы тұрады»; дегенмен теорияның кейбір формаларын, әсіресе әлеуметтік күрделілікті қамти алатындарын қарастырған дұрыс деген де пікір бар. Олардың арасында, әсіресе Глейзер мен Стросс ұсынған негізделген теорияны айтуға болады¹⁰.

XX ғасырдың екінші жартысында позитивизмнің, онымен бірге кейбір салалардағы сандық әдістің үстемдігі де әлсіреді, дегенмен ол жаңа ғасырда қайта жанданды¹¹. Сонымен қатар натурализмнің әртүрлі аспектілері сапалық зерттеулер мамандары мен этнографтар тарапынан қатты сынға ұшырап отырды. Келесі параграфта осы сыни пікірлерге түрткі болған идеяларды қарастырамыз.

Натурализмге айтылған конструкционистік және саяси сын

Бүгінгі таңда әлеуметтік зерттеу әдіснамасы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күрделене түсті. Атап айтқанда, сапалық зерттеулердің ішінде айтарлықтай әрараптану жүзеге асты, оның ішінде дискурстық және нарративтік талдаудың, әртүрлі «сыни» және қолданбалы зерттеулердің, автоэтнография мен перформанстық зерттеулердің және т.б. артуы байқалды. Сонымен қатар «аралас әдістер» қозғалысынан көрініс табатын сапалық әдістер мен сандық әдістерді біріктіру туралы ұсыныс жасалып келеді, алайда бұл жерде де қайшылыққа толы философиялық және саяси ұстанымдар бар (Tashakkori және Teddlie, 2010).

¹⁰ Қараңыз: Glaser және Strauss, 1968; Pidgeon және Henwood, 2004; Bryant және Charmaz, 2007; Corbin және Strauss, 2015. Сыни ескертпелер үшін қараңыз: Williams, 1976 және Dey, 1999.

¹¹ Қараңыз: Smith және Hodkinson, 2005; Denzin және Giardina, 2006.

Аталған өзгерістермен бірге этнографиялық жұмыстың ескі формалары сынға алынды. Қалай дегенмен де, позитивизм мен натурализм арасындағы айырмашылықтың болуына қарамастан, өзара ұқсастығы да жетіп артылады. Мысалы, екеуі екі түрлі жолмен түсіндірсе де, жаратылыстану ғылымдарының моделіне жүгінеді. Нәтижесінде екеуі де әлеуметтік құбылыстарды «зерттеушіге тәуелді болмайтын объект» деп түсінуге тырысады, ал оның сипатын ғылыми зерттеу арқылы анықтап, тіркеуге болады деп сенеді. Сондықтан олар «зерттелетін адамдар туралы білімге қарағанда, әлеуметтік әлем туралы өміршең білім бере алады» дейді. Сонымен қатар олар зерттеушінің практикалық және саяси ұстанымын зерттеу процесінен тыс деп санайды, тіпті оларды ықтимал жаңсақ пікірдің көзі ретінде қарастырады. Объективтілікті сақтау үшін олардың алдын алу керек деп есептейді.

Этнографтардың көпшілігі бұл ұйғарымдарға қарсы шыға бастады, сондықтан оның ықпалы кейбір маңызды аспектілерде сақталса да, натурализмге деген сенімге күмәнмен қарайтын болды. Дәлірек айтсақ, этнографияның әлеуметтік әлемді натурализм мәлімдегендей «шынайы түрінде» көрсету қабілетіне күмән келтірілді, басқаша айтқанда, оның «реалистік» позициясы сынға ұшырады. Дәл сол секілді этнографияның бұрынғы түрлерінің объективтілікке деген көзқарасы да күмән тудырды, «сыни» және «қатысушы» формаларын қарастыру ұсынылды. Кей кездері олар бір-бірімен тығыз байланысты болса да, натурализмге айтылған сынның екі аспектісін бір-бірінен бөлек қарастырамыз.

Реализмге күмән келтіру

Бұл жерде қолданылатын реализм термині – олар туралы қандай да бір пікірден тәуелсіз әлеуметтік құбылыстардың бар екені, олардың өзіне тән ерекшеліктерінің болатыны туралы ұйғарым. Сондай-ақ бұл ұйғарым бойынша, этнографиялық зерттеудің міндеті – нақты бір әлеуметтік құбылыс пен оның ерекшелігінің шынайы көрінісін беру (қарастыратын зерттеу сұрағына орай). Сыншылар қол жеткізген мәліметтерінің сенімділігіне үнемі күмән келтіреді, өйткені қандай да бір көріністің (түсініктің) дұрыстығын тексеру үшін «шындыққа дәл сол күйінде» қол жеткізудің мүмкіндігі аз деп ойлайды. Керісінше, сыншылар барлық білім мәдени түсінік, оның ішінде әлеуметтік ғылым саласындағы ғалымдардың мәдени түсінігі арқылы келеді, сондықтан бұл зерттелетін құбылыстардың емес, олардың түсінігінің сипатын көрсетеді деп сендіреді (Hammersley, 1992:ch.3). Олар адамдарды интерпретациялары және содан туындайтын әрекеттері арқылы әлеуметтік әлемді қалыптастырушы ғана емес, сондай-ақ олар бір-біріне ұқсамайтын әлеуметтік әлемді (Blumer, 1969:11) немесе

«эртүрлі шындықты» құра білуші деп көрсетеді (Schutz, 1945)¹². Егер осындай конструкционистік және релятивистік идеяларды этнографиялық зерттеудің өзіне қолданар болсақ, онда этнографтар өз зерттеулері мен интерпретациялары арқылы әлеуметтік әлемді көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар оны *қалыптастырушы* да болады. Шынымен де, бұл тұжырым кеңінен қабылданды.

Сыртқы факторлардың әсерінен реализмге деген ішкі күмән де күшейтілді. Оның бірі ғылым философиясындағы өзгерістер болатын. 1950 жылдардың басына дейін позитивизм бұл салада үстемдік құрғанмен, біртіндеп оның ықпалы азайып, бірқатар балама ұстаным пайда болды, тіпті олардың кейбіреулері реализмді жокқа шығарды. Бұған Томас Кунның «Ғылыми революциялардың құрылымы» (*The Structure of Scientific Revolutions*) атты еңбегінің ықпалы зор болды (Kuhn, 1996/1962). Кун шынайылықтың жан-жақты және шын түсінігіне бағытталған білім кумулятивтік түрде дамиды деген ғылым тарихының көзқарасына қарсы шықты. Бұл білімге эмпирикалық дәлелдер/айғақтар негізінде алынған логикалық қорытындыға ғана сүйеніп, рационалдық зерттеудің көмегімен қол жеткізуге болады. Кун және басқа да зерттеушілер физика мен химия саласындағы бұрынғы зерттеулерге қатысқан ғалымдардың жұмыстары әлем туралы теориялық болжамдар арқылы ғана қалыптасты, яғни бұл болжамдар ешқандай эмпирикалық зерттеулерге негізделмегенін көрсетті. Сондықтан қазіргі кезде ғалымдар бұлардың көбін жалған ілім деп санайды дейді. Әрі қарай ол ғылым тарихы білімнің біртіндеп жиналуы арқылы емес, ғылыми революция кезеңдерінің алмасып отыруы арқасында дамидынын тұжырымдады. Ғылыми революция бұрын белгілі бір сала ғалымдары қолданған «парадигманы» құрайтын теориялық болжамдар сынға алынып, ауыстырылғанда жүзеге асады. XX ғасырдың басында Ньютон физикасынан салыстырмалылық теориясы мен кванттық механикаға ауысуын мысал ретінде келтіруге болады. Кунның айтуынша, бір парадигманы екіншісіне алмастыру дәлелдерді рационалды бағалау негізінде ғана жүзеге аспайды. Парадигмаларды бір-бірімен салыстыруға келмейтіндіктен, бұл мүмкін емес: олар әлемді өзара салыстыруға келмейтін әдістер арқылы зерттейді, себебі эртүрлі парадигмалар өкілдері үшін бірдей деректердің мағынасы да эртүрлі болады. Бұл ғылыми тұжырымдардың дұрыстығы үнемі оларды бағалайтын парадигмамен байланысты деп айту үшін кеңінен қабылданды, дегенмен бұл

¹² Бұл екі автордың көзқарастары осы тұрғыдан дұрыс түсіндірілмегенін айтуға болады. Блумер туралы қараңыз: Hammersley, 2019a. Шютц туралы қараңыз: Hammersley, 2018c.

тұжырымдар жай ғана шындықты көрсетпейді немесе соған сәйкес деген көзқарас тұрғысынан бағаланбайды¹³.

Кунның жұмысы позитивизм мен реализмге қарсы ықпалды болған көптеген дәлелдерді қамтыды: теорияларды сынауға болатын теориялық тұрғыдан бейтарап бақылау негізі жоқ және теориялардың дұрыстығы туралы пікірлер ешқашан дәлелдермен толық анықталмайды. Ол сонымен бірге позитивистік модельге мүлдем қайшы келетін ғылымның балама тұжырымдамасын ұсынды. Дегенмен оның айтқан сыны натурализмнің «зерттеушілер шындықпен тікелей байланыста бола алады және сол арқылы жағдайдың шын мәнінде қалай болатынын қағазға түсіре алады» деген ұйғарымына қайшы келді. Оның пікірінше, әлем туралы білімнің барлығы парадигмалық болжамдар арқылы келеді. Сондай-ақ оның жаратылыстану саласындағы ғалымдардың мінез-құлқы туралы пікірі этнографтардың ұзақ уақыт бойы зерттеген адамдарды әртүрлі әлеуметтік әлемді құрастырушы ретінде сипаттауына өте ұқсас болған. Кейін ғылым әлеуметтанушылары Кунның жұмысына негізделген жаратылыстану ғалымдарының еңбектеріне тарихи және этнографиялық тұрғыдан талдау жүргізді (қараңыз: Hess, 2001; Stephens және Lewis, 2017). Осылайша жаратылыстану ғалымдарының әдістері әлеуметтік зерттеулердің үлгісі болудан әлеуметтанудың зерттеу объектісіне айналды; көп жағдайда бұл натурализм мен конструкционизм арасындағы қайшылыққа әкелді, себебі, осы тұрғыдан алғанда, ғылыми білімнің кез келген әлеуметтануы өзін-өзі жоққа шығаруы мүмкін (қараңыз: Woolgar 1988; Ashmore 1989).

Ғылым философиясы мен әлеуметтануы аясындағы зерттеулер реализм туралы күмәннің туындауында маңызды рөл атқарды, сол сияқты, континенттік Еуропаның әртүрлі философиялық ағымдары да қатты әсер етті. Жоғарыда атап өткеніміздей, натурализмге ХІХ ғасырдағы герменевтика, тарихи мәтіндерді интерпретациялау туралы идеялар, әсіресе Дильтейдің еңбектері әсер етті (қараңыз: Makkreel, 1975; Ermarth, 1978; Lessing және т.б., 2011). Бұл әлеуметтік-мәдени түсінік жаратылыстану ғалымдарының физикалық құбылыстарды түсіндіруінен өзгеше деген идеяның бастауы болды. Алайда ХХ ғасырда Ханс-Георг Гадамер жасаған «философиялық герменевтиканың» жаңа формасы ертеректегі герменевтика дәстүрін сынға алды. Бұрын тарихи мәтіндерді ұғыну көбінесе автор(лар)дың көздеген мағынаны ашуы және оны тиісті әлеуметтік-мәдени контекстке орналастыруы сияқты маңызды міндет ретінде қарастырылса, философиялық герменевтика ұғыну процесін зерттеушінің бұған дейін қалыптасқан қате түсінігін, «сыңаржақ пікірін»

¹³ Кунның еңбегінде екіұшты ойлар болғандықтан, оның интерпретациясы біраз дау туғызды. Өзгеше көзқарасқа жетелейтін егжей-тегжейлі пікірталас тудыру үшін қараңыз: Bird, 2000; Sharrock және Read, 2002.

көрсетеді деп санайды. Мәтіндерді, тиісінше, әлеуметтік әлемді интерпретациялау енді әлеуметтік мағынаны өз түсінігінше қамту мәселесі ретінде қарастырылмайтын болды; жасалған жұмыстар зерттеушінің әлеуметтік-тарихи орны мен алғашқы болжамдарын көрсететін конструкция ретінде қарастырылды. (Howard, 1982; Warnke, 1987; Dostal, 2002 және Harrington, 2001).

XX ғасырдың соңында этнографияға айтарлықтай ықпал еткен ағымдардың бірі постструктурализм және постмодернизм болды. Бұл ағымдардың әртүрлі идеялар мен жұмыстарға қатысы бар, бірақ біз ең ықпалды деген екеуіне тоқталамыз: Жак Дерриданың «деконструкциясы» және Мишель Фуконың еңбегі¹⁴.

Философиялық герменевтика сияқты, деконструкция да этнографтар адамдар әрекеті негізінде тұжырым жасай алады деген идеяға күмән келтіреді. Мұны мағыналар тұрақты болмайды, әрі олар жекелеген адамдардың жеке қасиеті емес дегенді ұғындыру үшін жасады. Керісінше, олар тілдің негізгі әрі құрылымдаушы рөлін көрсетеді, нәтижесінде оларды түсіну әрдайым қиын болады. Деконструкцияның әртүрлі жазу стильдері арасындағы айырмашылықты жоюы да маңызды болды: оны жақтаушылар көркем әдебиет пен ғылыми әдебиет арасындағы, сондай-ақ жалпы әдеби стиль мен техникалық жазу стилі арасындағы айырмашылықты жоюға ұмтылды. Бұл этнографтардың өз еңбектерінде қолданған тілі бізге шындықты көруге мүмкіндік беретін транспарентті құрал емес, керісінше, журналистер, саяхатшы-авторлар, роман авторлары және басқалар қолданған көптеген риторикалық стратегияны негізге алатын құрылым екенін кеңінен мойындауға септігін тигізді. Бұл пікірге сүйене отырып кейбір мамандар этнографиялық зерттеулерде сипатталған құбылыстар мәтіннен тыс емес, қолданылған дискурсивтік стратегиялар аясында, әрі сол стратегиялар арқылы жасалады деген қорытындыға келді; қысқаша айтқанда, бұл риторикаға көңіл аудару антиреализм формаларымен байланысты болды¹⁵.

Осы сияқты, Фуконың еңбегі де реализмнен (бұл терминнің осы жерде қолданылған мағынасында) бас тартуды көздеді: ол ең маңызды деген пікірталастарда өзі зерттейтін идеялардың шын немесе жалған екеніне назар аудармаса да (мысалы, ессіздік немесе секс), құбылыс ретінде оларды қалыптастыратын «ақиқат режимдеріне» және олардың

¹⁴ Француз философиясы аясында бұл идеялардың дамуын түсіндіретін еңбек үшін қараңыз: Gutting, 2001. Клиффорд пен Маркустың *Writing Culture* (1986) еңбегі олардың әлеуметтік зерттеулер, антропология және одан басқа салаларға тигізген әсерін терең зерттеуде маңызды рөл атқарды.

¹⁵ Этнографиялық мәтін жазу туралы әдебиеттер мысалы үшін қараңыз: Atkinson және Delamont, 2008.

Батыс қоғамының дамуы барысындағы институттық тәжірибелерді қалай құрылымдағанына көңіл бөледі¹⁶. Оның ойынша, психологиялық және әлеуметтік ғылымдар әлеуметтік тарихи сипатқа ие, әрі олар қазіргі қоғамның ерекшелігі болып саналатын бақылау және қадағалау процесінің бөлігі ретінде қызмет етеді. Олардың өнімдері тәуелсіз құбылыстарды білдіруден гөрі, келтірілген әлеуметтік сипатты бейнеледі. Фуконың айтуынша, ақиқаттың әртүрлі режимі әртүрлі күш пен қарсыласудың ойынын көрсете отырып, әртүрлі контексте, әртүрлі уақытта пайда болады. Осыдан шығатын тұжырым мынадай болды: басқа ғылымдардағыдай, әлеуметтік ғылымда да шын және жалған деп есептелетін нәрселер күштің көмегімен қалыптасады¹⁷.

Англо-америкалық сапалық зерттеу контексіндегі постструктуралистік және постмодернистік идеяларды қабылдау біртұтас мәтін болмаған нәрселерді оқу және оларға жауап беруді қамтыды, бұлар тіпті Деррида мен Фуконың әртүрлі кейде ішінара түсініксіз мәтіндерінің шеңберінен асып түсті. Осындай оқылымдар мен жауаптар конструкционизмнің қандай да бір формасына бағытталған тенденцияны күшейтті және көптеген ортада әлеуметтік зерттеулерді реттейтін бағдар ретінде (марксистік емес) солшыл саяси бағытты қабылдауға ықпал етті. Мысалы, олар «кейбір дискурстар/дауыстар басылады, ал зерттеудің функциясы оларды (немесе олардың кейбіреулерін) азат ету болуы тиіс» деген ойды білдіру үшін қолданылды. Аз да болса, күш ойынына қарсы тұру үшін жазудың стандартты емес әдістерін дамытумен қатар, бұл әсер дәстүрлі этнографиялық мәтіндік стратегиялардың әлсіреуіне алып келді (10-тарауды қараңыз).

XXI ғасырдың алғашқы екі онжылдығында әртүрлі формадағы конструкционизмнің ықпалы жалғасып, ол «жаңа материализм» немесе «трансгуманизм», антропологиядағы және басқа да салалардағы «онтологиялық бетбұрыс» сияқты жаңа оқиғалармен күшейе түсті (қараңыз: мысалы, Fox және Alldred, 2015b, 2017; Alberti және т.б. 2011). Бұл идеялар Фуко «адам өлімі» деп атаған нәрсенің мәнін толық ашуға, сонымен қатар постструктурализмнің қоғамдық құбылыстарды, шын мәнінде, барлық құбылыстарды материалдық емес, дискурсивтік процестің өнімі ретінде көрсетуіне қарсы тұруға тырысты. «Жаңа материалистік» идеялардың маңызды бөлігінің бірі Бруно Латур және басқалар жасаған актор-желі теориясы болды (қараңыз: Latour, 2005). Бұл жерде «әрекет ету

¹⁶ Фуконың түбірімен қате демесе де, реализмді жоққа шығаратынына қатысты мәлімдеме зерттеу жұмысындағы екіұштылықты және оның рационалды эпистемология дәстүрінен пайда болғанын жасырады, қараңыз: Gutting, 1989. Фукоға кеңірек шолу жасау үшін қараңыз: Gutting, 1994.

¹⁷Фуко еңбегінің этнографияға әсерін талқылау үшін қараңыз, Gubrium және Silverman 1989; Kendall және Wickham, 2004; Ferreira-Neto, 2018.

еркіндігі – адамға ғана тән қабілет» деген идея жоққа шығарылып, объектінің барлық түрлерінде кездесетін нәтижелі қарым-қатынасқа назар аударылады. Бұл адамның әлеуметтік өмірінде кездесетін әртүрлі электрондық құрылғылардан бастап жануарларға дейінгі адам санатына жатпайтын агенттерге көңіл бөлумен, сондай-ақ кардиостимулятордан бастап төсті үлкейтуге арналған импланттар, жасанды буындардан бастап кохлеарлық импланттарға дейінгі адам санатына жатпайтын элементтерді (ал болашақта роботталған компоненттерді енгізудің кеңінен таралу мүмкіндігіне) адам денесіне енгізудің күн сайын артуына баса назар аударумен тығыз байланысты.

Түсінікті болғандай, бұрын дискурсқа аударылған назардан айтарлықтай айырмашылықтардың болуына қарамастан, жаңа материализм конструкционизмнің берік элементін сақтап отыр. Сондай-ақ әлеуметтік құбылыстардың ауыспалы, өзгермелі және жасырын сипатына бұрынғыдай назар аударылып келеді және жаңа әдістердің қажеттігіне деген талап сақталып отыр. Оның маңызы сонда – ол мейлінше дәстүрлі зерттеу әдістерінің назарынан тыс қалған нәрселерді ұғыну үшін қажет, сондай-ақ бұл әдістер біздің әлеммен эмоциялық және когнитивтік байланысымызды пайдалануы керек деген пікір жиі айтылады. Мысал ретінде Мол (Mol, 2002) «праксиография» деп атаған тәсілді келтіруге болады¹⁸. Сол сияқты, бірқатар салада, әсіресе ғылым және технологиялық зерттеулердің ықпалымен дамыған салалардағы этнографтар «мобильділік, медиация және материалдардың» маңызына: яғни өздері зерттейтін адамдардың бір жерден екінші жерге орын ауыстыруына, сондай-ақ әртүрлі артефактілер мен құрылғыларды қолдану олардың қарым-қатынасына қалай көмектесетініне көбірек көңіл бөле бастады. Сонымен қатар кейде этнографиялық практиканың маңызына және бұл қалай өздігінен мобильді, әрі байланыстырушы болатынына назар аударылды (Graizbord және т.б., 2017: 323–324).

Осының барлығына қарамастан, этнографтардың көпшілігі шын мәнінде реализмнен бас тартқан жоқ, дегенмен мұның біртіндеп іске асуын ойлаудың өзі қиын. Әлеуметтік шынайылықты салыстырмалы түрде қарапайым жолмен (мысалы, этнографтың оған жақындай түсуі арқылы) көрсетуге болатын идеяға деген сенім жоғалды; сонымен қатар реализммен байланысты ғылыми беделге де күмән келтірілді. Фуконың еңбегінде әсіресе натурализмге қатысты тағы бір сыни пікір бар: ол – әлеуметтік зерттеу саясатына немқұрайды қарауға қатысты айтылған сын.

Этнографияның саясаты

¹⁸ Осы жаңа тенденциялардың зерттеу әдістеріне әсерін талқылау үшін қараңыз: Law, 2004; Bask және Puwar, 2012; Lury және Wakeford, 2012; Fox және Alldred, 2015a, 2015b.

Натуралистер позитивистер секілді зерттеушінің құндылықтары немесе саяси көзқарастарын емес, зерттелетін құбылыстың табиғатын көрсететін фактілер туралы мәлімет қалыптастыруға тырысады. Әрине, зерттеуге іс жүзінде зерттеушінің құндылықтары әсер ететінін екеуі де мойындады, дегенмен белгілі құндылықтар ұстанымынан тәуелсіз, шын нәтижеге жету үшін олар кез келген теріс пікірді шектеуді мақсат етті. Алайда соңғы он жылда құндылық бейтараптығына немесе объективтілікке деген қандай да бір ұмтылысқа күмән келтіріп, олар «ашық идеологиялық» зерттеу (Lather, 1986), «сыни» этнография (Madison, 2005), «әскери антропология» (Scheper-Hughes, 1995) немесе «әскери этнография» (Juris, 2007; Apoifis, 2017): яғни нақты практикалық құндылықты (әдетте «әлеуметтік әділеттілік» немесе «теңдік») мойындайтын зерттеулерді; әйелдер, балалар, нәсілшілдіктен зардап шеккендер, байырғы халықтар секілді белгілі бір топтардың көзқарасын қабылдайтын; мүмкіндігі шектеулі жандардың белсенділігі секілді қоғамдық қозғалыстарға қызмет ететін зерттеулерді насихаттаумен алмастырып отырды (қараңыз: Denzin және Lincoln, 2018). «Коллаборативтік этнография» (collaborative ethnography) (Lassiter, 2001, 2008), «бірлескен этнография» (participatory ethnography) (Harper, 2009; Jessee және т.б., 2015) және «қоғамдық этнография» (public ethnography) (Fassin, 2017b) бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен этнографиялық жұмыс әлеуметтік-саяси сынға негіз бола алады деген болжам аталған тәсілдердің шеңберінен асып, кеңінен таралды.

Бұл ішінара марксизм мен «сыни» теория элементтерінің үздіксіз әсер етуінен пайда болғанмен, феминизм, пост-структурализм және постколониализмнің де дәл сондай ықпалы болды. Дәстүрлі марксистік көзқарас тұрғысынан алғанда, фактілер мен құндылықтардың арасындағы айырмашылықтың өзі – тарихи өнім, оны қоғамның болашақ дамуы арқылы жеңуге болады. Маркстің пікірінше, құндылықтар тарихи оқиғаларға негізделген адам әлеуетін білдіреді. Бұл тұрғыдан қарастырғанда әлеуметтік әлемде жүзеге аспаса да, ол – факт. Сондай-ақ олар қазіргі әлеуметтік жағдайлардың табиғатын, өткені мен болашағын түсінуде маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, қоғам туралы ғылым әлемді адамның өзін-өзі дамытуына әкелетін жолмен өзгертуге негіз болуы керек. Осылайша әлеуметтік зерттеулердің басқа формалары сияқты, этнографияға да нақты және құнды дүниелерді бір уақытта қарастыруға тура келеді және оның рөлі, (зерттеушілер бұл туралы білсін-білмесін) сөзсіз, саяси араласуды талап етеді; ең маңыздысы – мұны дұрыс бағытта жүзеге асыру.

Осындай аргумент түрін феминистер (Craven және Davis, 2013), мүмкіндігі шектеулі жандар белсенділері (Barnes, 2003) немесе байырғы халықтар қауымдастығын қорғаушылар (LaFrance және Crazy Bull, 2009)

сияқты әртүрлі «жаңа қоғамдық қозғалыстарды» қолдаушылар да пайдаланды. Зерттеудің мақсаты – әйелдерді (және ерлерді) патриархаттан азат ету (Lather, 1991; Fonow және Cook, 1991; Olesen, 2005) немесе белгілі бір топтардың жағдайын қиындататын әлеуметтік теңсіздікке қарсы тұру. Жалпы алғанда, сыншыл этнографтар өз еңбектері арқылы бостандық, теңдік, қауымдастық және әділдік идеалдарын жүзеге асыруға тырысады (Gitlin және т.б. 1989; Kemmis және McTaggart, 2005). Бұл кейде қолданбалы этнографиялық зерттеулерге демеу болды (Akom, 2011)¹⁹.

Этнографияға қатысты осыған ұқсас басқа да аргументтер болды, біршама радикалданған саяси немесе практикалық мақсаттан туындаған бұл көзқарастар этнография басқа да дәстүрлі әлеуметтік зерттеу формалары секілді аса күшті ықпалға ие бола алмады, этнография бойынша зерттеулер оқылмастан кітапхана сөрелерінде жатыр, сол себепті де еш құндылығы жоқ деген пікірлер айтылды. Осыны ескере отырып этнографиялық зерттеулер әлемді түсінумен шектеліп қоймай, оны жақсарту үшін өзінің зерттеу нәтижелерін қолдануға да көңіл бөлуі керек екеніне назар аударылды (мысалы, қараңыз: Gewirtz және Cribb, 2006). Мұның бір нұсқасы қолданбалы антропология мен бағалау зерттеулерінде этнографиялық әдісті қолдану екенін айтқымыз келеді (қараңыз: Patton, 2015). Кейде басты міндет ұлттық саясатты жасау үшін зерттеулердің өзектілігін мейлінше арттыру болса, кейде кәсіби тәжірибенің басқа түрлерін жетілдіруге бағытталды (мысалы, қараңыз: Hustler және т.б., 1986; Hart және Bond, 1995; Nealy, 2001; Taylor және т.б., 2006).

Әрине, білім жасау мүмкіндігін, жоғарыда айтып өткеніміздей, конструкционистік аргументтер жоққа шығарған жағдайда, зерттеудің тәжірибелік немесе саяси әсерлеріне деген алаңдаушылық маңызды болып көрінуі мүмкін; әйтпесе зерттеудің мәні қалмас еді. Осылайша постструктурализм және постмодернизм әлеуметтік зерттеулердің саяси сипат алуына ықпал етті, бірақ олар барлық саяси идеалдарды бұзғандықтан, нақты, біркелкі жүрді деп айту қиын (Dews, 1987). Мысалы, феминистік зерттеулер контекстінде олар әйел тұжырымдамасына қарсы шығады, сонымен қатар адам мүдделері немесе құқықтарына жүгінеміз деп шағымданады. Сондай-ақ қай жағынан алсақ та, эпистемологиялық және саяси мәселелерді «жаңа материализм» күшейте түседі.

Рефлексивтілік

¹⁹ Бұл аргумент кейде зерттеу этикасы арқылы келтірілді. Мысалы, кең таралған тыйым мынадай: «адамдарды зерттеуіміз» керек, «адамдармен бірге зерттеуіміз» керек. 11-тарауды қараңыз.

Натурализм мен реализмге айтылған сын кейде әлеуметтік зерттеулердің «рефлексивті» сипатынан туындайтындай көрінеді²⁰. Бұл жерде позитивизм де, натурализм де әлеуметтік зерттеушілердің өздері зерттейтін әлеуметтік әлемнің бір бөлігі екенін ескере алмады деген аргумент келтірілді. Бұл ұстанымдар ғылым мен парасатты пайым арасын нақты ажыратып көрсетеді де, зерттеушілердің базалық біліміне, жеке басының қасиеті мен қалауына және т.б. деректер мен зерттеу нәтижесіне тигізер әсерін мейлінше азайтуға әкеліп соғады. Позитивистердің пікірі бойынша, мәселенің шешімі зерттеу процесін стандарттау, ал натуралистер үшін бұл әлеуметтік әлемді дәл сол қалпында қабылдау болды. Сонымен бірге экстремалдық формасына келер болсақ, олар этнографтардан өздері зерттегісі келетін мәдениетке «мойынсұнуды» талап етті (Wolff, 1964; Jules-Rosette, 1978a, 1978b). Осылайша екі ұстаным да ең болмағанда зерттеушілер «бүлдіре қоймаған» деректер жиынтығын бөліп алып, оларды мәдени тәжірибенің бейтарап элементіне айналдыруға болатынын, сол арқылы зерттеліп жатқан әлеуметтік құбылыстардың шынайы табиғатын да жазып алуға болатынын болжайды. Алайда сыншылар «әлеуметтік ғалымдар әлеуметтік әлемнің бір бөлігі болғандықтан, осындай эмпирикалық негіз іздеудің бос әурешілік екенін; ал барлық деректер мен тұжырымдар зерттеушілердің әлеуметтік әлемге қатысатынын көрсететін алғышарттарды қамтиды» дейді²¹.

Бұл кітаптың бірінші басылымында позитивизм мен натурализмге балама ретінде рефлексивтілік тұжырымдамасын ұсындық. Демек, бұл зерттеушілердің бағыт-бағдары олардың әлеуметтік-тарихи орналасқан жерімен, сол жерлерде оларға берілетін құндылықтар мен мүдделерге байланысты қалыптасады. Біз әлеуметтік зерттеулерді жалпы қоғамнан және зерттеушінің өмірбаянынан оқшауланған қандай да бір дербес салада, зерттеу нәтижесіне бұл факторлар әсер етпейтіндей қылып жүргізуге болмайтынын білдік. Сондай-ақ зерттеушілер жасаған білімнің салдары болуы мүмкін екенін де мойындадық. Зерттеу нәтижелерін жариялау саяси және практикалық шешімдер қабылданатын ортаны қалыптастыруы, тіпті (сирек болса да) белгілі бір саясатты немесе тәжірибе түрлерін тікелей ынталандыруы да мүмкін. Сонымен қатар зерттеу нәтижесі көпшілік тарапынан маңызды деп есептелетін құндылықтарға қатысты бейтарап болмайды, олай болуға міндетті де емес. Шынымен де, кейбір сарапшылардың пікірінше, әлеуметтік зерттеулердің

²⁰ Рефлексивтілік – әртүрлі жолмен қолданылатын термин, бұл жерде де мағынасын, сөзсіз, осылай қабылдауға міндетті емессіз : қараңыз, Lynch, 2000; Davies, 2008; Pillow, 2003, 2015. Рефлексивтілікке қатысты кей проблемаларды талқылау үшін қараңыз: Troyna, 1994; Paechter, 1996; Finlay, 2002.

²¹ Антропология контексіндегі рефлексивтіліктің радикалды формасына қатысты талдау мен сыни пікір үшін қараңыз: Davies, 2008.

көпшілігі Батыс қоғамындағы өздері мақұлдамайтын саяси статус-квоның қандай да бір аспектісін қолдауда маңызды рөл атқарды. Көріп отырғанымыздай, Фуконың пікірі бойынша, әлеуметтік ғылымдар қазіргі заманғы бақылау жүйесінің бір бөлігі деп есептелді. Ал басқалары, мысалы, антропология контекстінде қарастырғанда, этнографияны батыстық неоимпериализмге қатысы бар және сол арқылы түбегейлі қалыптасты деп санайды. Осының негізінде конструкционистік антиреализммен қатар, алдыңғы параграфта айтылғандарды көрсететін рефлексивтілік тұжырымдамасының анағұрлым радикалды интерпретациялары пайда болды. Шын мәнінде, рефлексивтілік әлеуметтік ғылымның мүмкіндігі мен объективтілікке деген адалдықты шектеу мақсатында қабылданды.

Әлеуметтік зерттеулердің ерекшелігі рефлексивтілік екеніне күмән келтірмейміз. Біздің ойымызша, әрине, мұны мойындау позитивизм мен натурализм элементтерінен бас тарту керек екенін білдіреді, дегенмен осы екі бағытпен байланысты *барлық* идеяларды жоққа шығарудың қажеті жоқ. Сондықтан рефлексивтілік зерттеушілердің реализмге деген адалдығын азайта қоймайды. Біздің ойымызша, ол «білім (заттар табиғатымен тікелей байланыс секілді) абсолютті сенімді негізге сүйенуі керек» деп санайтын реализмнің қарапайым формасын жоққа шығарады. Дегенмен бұл реализмнің мейлінше нәзік формаларына қарсы шықпайды (Hammersley, 1992, 2004)²². Сол секілді рефлексивтілік «зерттеу міндетті түрде саяси (*белгілі бір саяси немесе практикалық мақсаттарға қызмет ету мағынасында*) сипатта болуы керек немесе болуы тиіс» дегенді білдірмейді. Біз үшін барлық зерттеулердің ерекше функционалдық мақсаты – білім жасау және бұл солай боп қала бермек (Hammersley, 1995, 2014). Сондай-ақ әлеуметтік зерттеулер «сыншыл» зерттеушілер, феминистер және басқалары айтқандай, аса маңызды саяси рөл атқарды немесе ойнауға қабілетті деп санамаймыз. Шынымен де, мұны жасауға тырысу әлеуметтік ғылымға деген талапты бұрмалауға және оны басқа мақсатқа пайдалануға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Рефлексивтілік және реализм

Рас, ақылға негізделген білім мен өзге де алғышарттарға иек сүйейміз, тіпті өзіміз зерттейтін әлеуметтік құбылыстарға ықпал етуден де бойымызды алшақ ұстай алмаймыз. Басқаша айтқанда, әлеуметтік әлемді зерттейміз деп одан шығып кетудің жолын қарастыра алмаймыз. Бір жақсысы, бұл реалистік тұрғыдан қарағанда міндетті де емес. Мысалы, ақылға негізделген білімнің барлығын жоққа шығару қаншалықты негізсіз болса, барлық нәрсеге «өз шарттарында ғана дұрыс» деп қарау да

²² Кез келген дәлелдің қателесетінін мойындағанмен, реализмге деген айнамастықты сақтайтын ықпалды эпистемологиялық талдау үшін қараңыз: Naack, 2009.

соншалықты негізсіз. Бізде оған баға беретін сыртқы, абсолютті дұрыс стандарт болмағандықтан, қатесінің барын мойындасақ та, бұған дейін алған білімімізбен жұмыс істей бермекпіз. Күмәніміз расталып жатса, жүйелі түрде зерттеулер жүргізетін боламыз. Осылайша біз құбылыстарды сипаттағанда жеке адамның көзқарасымен немесе біздің қалауымызша емес, барынша табиғи қалпында баяндауымыз керек деген тұжырымға келе аламыз (Hammersley, 1992:ch.3). Бәріміз күнделікті іс-әрекетімізде әлем туралы болжамға сүйенеміз, олардың бірнешеуін ғана тексердік, ал ешқайсысын күмәнсіз «бұл шын» деп толығымен дәлелдей алмадық. Көп жағдайда бұл бізді алаңдатпайды, тіпті алаңдатпауы да керек, сондықтан әлеуметтік зерттеулердің бұл бағыттағы басқа жұмыстардан еш айырмашылығы жоқ. Біз қазірге сәтте түйткілді проблема болып көрінбегенмен, болашақта үлкен мәселеге айналуы мүмкін дүниелер жайында ойлануымыз керек

Сонымен қатар рефлексивтіліктің бір бөлігі ретінде зерттеудің белсенді процесс екенін мойындау маңызды. Зерттеуде әлем туралы мәліметтер көрген және естіген нәрселерді іріктей отырып бақылау және интерпретациялау арқылы, сондай-ақ белгілі бір сұрақтар қою және берілген жауапты түсінуге талпыну арқылы, далалық зерттеу жазбаларын жазу, аудио және видеожазбаларды қағазға түсіру және зерттеу жайында есептер дайындау арқылы туындайды. Алайда біздің жасаған тұжырымдарымыз бен тапқан деректеріміз осы процестерді пайдалану арқылы дайындалғанмен, бұл біздің қорытындыларымыз әлеуметтік құбылыстарды нақты көрсете алмайды немесе көрсетпейді дегенді білдірмейді. Мұндай радикалды қорытындыға келу үшін, репрезентацияның ең дұрыс формасы біз әлемді көргендегі ешқандай қоспасыз алғашқы әсеріміз болуы керек деп болжануға тиіс еді; алайда бұл тіпті қабылдау процесін сипаттаған кездің өзінде шындыққа жанаспайды деп жоққа шығарылды (Gregory, 1970). Шын мәнінде, рефлексивтілік тұжырымдамасының радикалды жақтастары позитивизм мен натурализм сүйенетін білім тұжырымдамасына қарсы шықпай, оны қабылдайды.

Сондай-ақ зерттеуші ретінде зерттеп отырған адамдарымызға ықпалымыз жасаған қорытындыларымыздың шынайылығына нұқсан келтіреді немесе жеке көзқарасымызды білдіреді деген сөз емес. Біз ықпалды азайта аламыз және оны бақылай аламыз. Сонымен қатар біз адамдардың зерттеушілерді көргенде берген жауабының олардың басқа жағдайларға қалай қарайтыны сияқты көп ақпарат беруі мүмкін екеніне назар аударуымыз керек. Шынында да, Шуман бұдан біраз уақыт бұрын, әлеуметтік сауалнамаларға қатысты пікірінде айтқандай, зерттеушінің тигізетін әсерін толығымен жоққа шығаруға бағытталған пайдасыз әрекеттерді жасағанша, оларды түсінуге тырысу керек:

Мен артефакт бақылаушының санасында болады деген қарапайым көзқарасты ұстанамын. Бір немесе екі ерекшелікті есептемегенде, сауалнамада кездесетін мәселелер (әрине, оларды өмірден алынған фактілер ретінде қабылдасақ) көп нәрсені түсінуге жол ашады. Қарапайым сауалнама мен ғылыми сауалнаманың аражігін ажыратайық [. . .]. Сауалнама жүргізудің қарапайым тәсілі жауаптарды тура мағынасында қабылдайды, сұхбат берушінің ақпарат көзіне деген ықпалы қаперге алынбайды, іріктеу олар үшін проблема ретінде қарастырылмайды. Егер зерттеуді осылай жалғастыра берсе, ол адам өз деректеріне өзі сүрінуі мүмкін. Сонымен қатар ғылыми сауалнама мәселенің мәнін іздеу мақсатында жасалады; екінші жағынан, тіл мен сұхбаттың түсініксіздігі, қарым-қатынас пен мінез-құлық арасындағы айырмашылық, тіпті сауалға жауап бермеудің өзін елемей немесе оларды тиімді зерттеуге жасалған кедергі ретінде қарастырғаннан гөрі, мәліметтің маңызды бөлігі ретінде қабылдағанды жөн көреді.

(Schuman, 1982:23)

Біздің көзқарасымыз бойынша этнографияда да осындай ұстаным қолданылуы керек.

Зерттеушінің әсерін және қабылданған зерттеу стратегияларын түсіну үшін ықпал ету деңгейі мен бағыты өзгеретін деректерді салыстыру керек. Зерттеудің әлеуметтік сипатын стандарттауға болады немесе болмайды деген идеядан бас тартқаннан кейін, зерттеушінің зерттеу процесіне белсенді қатысушы ретіндегі рөлі айқындала түседі. Бұрыннан бері мойындалғандай, этнограф, ең алдымен, зерттеу құралы. Мінез-құлық пен көзқарастың әртүрлі контексте тұрақты болмауы және зерттеушінің контекске әсер ету мүмкіндігі талдауда маңызды рөл ойнайды. Шынымен де, мұны барынша қолдануға болады. Деректерге соншалықты сенудің қажеті жоқ, бірақ оларға гипотезалық моделі анықталатын және нәтижесін тексеруге болатын логикалық қорытындыға келуге жол ашушы ретінде қарау керек. Әртүрлі зерттеу стратегияларын қолданып, негізделген қорытынды жасау үшін олардың нәтижесін салыстыруға болады. Интерпретациялар нақты болуы керек, олардың шектеулері мен баламаларын бағалау үшін кез келген мүмкіндікті толық пайдалану қажет. Бұл көзқарас натурализм жобалаған әлеуметтік зерттеудің сипатына қайшы келгенмен, зерттеу процестерінің «негізделген теория» және «аналитикалық индукция» секілді кейбір үлгілеріне жақын. Сөйтіп, зерттеушінің образы этнографтардың адамдарды зерттеу әдісімен салыстырылды. Зерттеу объектісі әлемді түсінуде белсенді рөл атқарады

деп саналады. Дегенмен мұны зерттеудің реализмге деген адалдығына нұқсан келтірместен жүзеге асыруға болады.

Рефлексивтілік және этнографияның саяси сипаты

Осы тұрғыдан келетін болсақ, позитивизм мен натурализм зерттеуді өз мүдделері үшін және өз шарттарында жасалатын әрекет ретінде ұсынуға бейім. Керісінше, байқағанымыздай, сыншылардың көпшілігі зерттеу статус-квоны заңдастыру және сақтау жолында жұмыс істейтін саяси функцияны атқарады деп сенеді. Осы пікірге сүйене отырып, зерттеушілер статус-квоға қарсы шығып, өз зерттеулерін қарама-қарсы функция атқаратындай етіп жүзеге асыруға тырысуы керек деп айтады. Бұл көзқарас көбінесе «зерттеуші кімнің жағында?» деген сұрақтың төңірегінде өрбиді (Becker, 1967a; Troyna and Carrington, 1989). Процесс барысында Беккердің бұл сұраққа берген жауабы үнемі бұрмаланып отырды (Hammersley, 2000: ch.3).

Жоғарыда айтқанымыздай, этнографияның проблемасы – оның саясат жасау мен практикалық шараларға әсер етпеуі, оның күнделікті өмірдегі саясат пен жұмысқа тигізер ықпалының шектеулі болуы. Кейде бұл, мысалы, әлем күйіп жатқанда бос әурешілікпен айналысатын, еңбекқор халықтың төлеген салығына өмір сүретін, интеллектуалдық жұмыспен айналысатын дилетанттардың бос уақыт өткізуі деп еленбеуі мүмкін (бұл – карикатура). Сыншылардың пікірінше, оның орнына (мысалы, саясат пен практикалық шараларды бағалау арқылы) бұл саланы маңызды практикалық үлес қосатындай етіп бағыттау керек²³.

Натуралистік этнографияға айтылған сын-пікірлер зерттеудің саясат пен практикалық шараларға қосқан нақты және ықтимал үлесін шамадан тыс бағалаумен, ал олар ұсынатын аз ғана үлесті бағалай алмаумен байланысты болып көрінді (Rule, 1978; Hammersley, 2002). Шынында, тіпті зерттеуді негіздейтін жалғыз нәрсе – оның саясат пен практикалық шараларға қосқан үлесі, сондай-ақ оның міндетті түрде салдары болады деп есептесеңіз де, бұдан зерттеу белгілі бір саяси немесе практикалық мақсаттарға жетуге бағытталуы тиіс деген қорытынды шығармау керек. Рас, зерттеудің осындай мақсаттарға бағытталмауына көптеген себеп бар. Маңыздысы сол – бұл тұжырымдар әлем қандай болуы керек екені туралы идеялар немесе басқалардың сенгісі келетін нәрселерге қатысты болжамдар арқылы зерттеу нәтижесін бұрмалау мүмкіндігін арттырады. Саяси немесе практикалық қызметпен айналысқанда шыншыл болуды қаласақ та, айтқан сөзіміздің ақиқаттығы әрқашан басты назарда бола бермейді. Бізді әрекеттеріміздің практикалық әсері көбірек ынтықтырады,

²³ Этнографиялық бағалау туралы қараңыз: Fetterman және Pittman, 1986; Fetterman, 1984

ал кейде бұл шындықты «үнемдеуімізге» әкелуі мүмкін (Benson және Stangroom, 2006: ch.1). Сонымен қатар сеніміміздің шынайы болуы басты мәселе болса да, практикалық іс-әрекетте нақты және болжамды тұжырымдарды азды-көпті сенімді деп бағалау білім жасауға бағытталған зерттеулерге қарағанда, біршама өзгеше пікірге негізделеді: *біз бәрінен бұрын ақпарат қазіргі мақсаттарымыз үшін жеткілікті деңгейде сенімді ме және қателіктердің кейбір түрлерін қалай болдырмауға болады* деген мәселеге алаңдаймыз (Hammersley, 2011a: ch.5). Әрине, Маркс пен басқалар сенгендей, сіз де (түбінде) ақиқат пен жақсылық бірдей деп сенсеңіз, онда зерттеу мен басқа да практикалық іс-әрекет арасындағы осы айырмашылықтың маңыздылығын жоққа шығаруға болады. Бірақ бұл көзқарас күрделі және анық емес философиялық негізге сүйенеді (Hammersley, 1992: ch.6, 1995).

Сонымен, басты ойымыз зерттеудің рефлексивтілігін мойындау маңызды, дегенмен бұл зерттеу қандай да бір жолмен әлемді өзгертуге (немесе сақтауға) бағытталуы керек дегенді білдірмейді. Атап өткендей, оның осындай практикалық мақсаттарға бағытталмауының айтарлықтай себептері бар. Біз зерттеушілер өз саяси көзқарастарынан бас тартуға тиіс немесе бұл зерттеу жүргізудің заңды себептері емес деп айтып отырған жоқпыз, бар айтарымыз олардың *зерттеуші* ретіндегі жалғыз мақсаты – білім жасау және өздерінің саяси сенімі мен практикалық мүдделері зерттеу нәтижесіне әсер етсе, оны барынша азайтуға тырысу. Сондай-ақ зерттеушілер өз жұмыстарының әлемге тигізер әсері туралы алаңдаудың қажеті жоқ, өйткені олар қалаған нәтижеге қол жеткізе алмайды, тіпті зерттеу (өздігінен) ненің қажет, ненің қажет емес екенін анықтай алмауы мүмкін.

Қорытынды

Бұл тарауда әлеуметтік зерттеулердің логикасы мен олардың этнографияға тигізер әсеріне қатысты бір-біріне қарама-қайшы екі пікірді қарастырдық. Позитивизм де, натурализм де орынды негіздеме ұсынбайды. Екеуі де әлеуметтік зерттеулердің түбегейлі рефлексивтілігін: біздің әлеуметтік әлемнің бір бөлігі екенімізді, ақылға негізделген білім және одан туындайтын зерттеу әдістерінен айналып өте алмайтынымызды, сондай-ақ өзіміз зерттейтін адамдарға әсер етпейтін жолдың жоқтығын ескермейді немесе бағаламайды. Басқаша айтқанда, барлық әлеуметтік зерттеулер адамның топты іштен бақылау қабілетіне негізделеді. Біз әлеуметтік әлемде әрекет етеміз, сондай-ақ сол әлемдегі объект ретінде өзімізді де және әрекетімізді де көрсетуге қабілеттіміз. Бұл әлеуметтік зерттеулер білім қалыптастыру мақсатына қызмет ете ме, әлде оны әркімнің қалауынша не саяси мүддеге, не практикалық мүддеге пайдалану көздеме ме деген күмән тудырса да, біздің ойымызша, рефлексивтілік

зерттеудің реконструктивтік логикасына негіз бола алады. Ал мұның позитивизм және натурализммен ортақ тұстары көп, тіпті маңызды деген бағыттарда олардан асып түседі. Зерттеудің фокусына (орынды болса әрине) өз рөлімізді қосу, қажет болған жағдайда тіпті зерттеуші ретінде зерттеу ортасына қатысуымызды жүйелі түрде қолдану арқылы ғылыми әдісті ұстану керек деген позитивистік үндеусіз-ақ немесе натурализмнің кей формасына тән қарапайым реализмге сүйенбестен, әлеуметтік әлемді тануға ұмтылуға болады.

Әлеуметтік зерттеу туралы түсінігімізді оның рефлексивтілік әсеріне сәйкес қайта қалыптастыру сандық және сапалық тәсілдер арасындағы қарым-қатынасты айқындап береді. Әрине, этнография сандық зерттеуге қарағанда үстем, әрі оған балама парадигма деген натурализммен байланысты және жоғарыда талқылап өткен кейбір соңғы идеяларға қатысты көзқарасты негіздей алмаймыз. Ал, екінші жағынан, бұл әлеуметтік ғылымдарға позитивизм берген мүмкіндіктен де көп үлес қосады. Әдетте белгілі бір мақсаттар үшін әртүрлі әдістерді біріктіру немесе «араластыру» пайдалы болғанымен, оны бір ұйғарым ретінде қарастыруға болмайды, сондай-ақ этнографиямен, ал жалпы алғанда, сапалық зерттеулермен байланысты маңызды әдіснамалық идеяларды да ұмытпауымыз керек.

Рефлексивтілік – барлық әлеуметтік зерттеулердің аспектісі. Бұл – этнографтардың бұрыннан белгілі зерттеулердің «табиғи тарихын» қалыптастыру арқылы ұзақ уақыт бойы назар аударып келе жатқан саласы²⁴. Кітаптың қалған бөлігі этнографиялық практикаға тигізетін рефлексивтіліктің әсерін анықтауға арналған.

²⁴ Әлеуметтік зерттеулердің табиғи тарихына қатысты мысалдар тізімі үшін қараңыз: Hammersley, 2003b.

2-тарау

Зерттеу дизайны

Мәселелер, кейстер және іріктемелер

Этнографиямен айналысу сандық зерттеулерге қарағанда оңай көрінуі мүмкін. Мұнда кез келген әдіснамалық ережелер мен шектеулерді алып тастай отырып, «табиғи түрде әрекет етуді» талап ету заңды сияқты болуы мүмкін. Бәлкім, сол себептен де бұрындары әсіресе антропологиядағы этнографтарға далалық зерттеу жұмыстарына кіріспес бұрын, зерттеу бойынша кеңестер өте аз берілген немесе тіпті мүлдем берілмеген. Хилд былай деп жазады:

«Далалық зерттеулер бойынша білім алмадым, өйткені ол кездері бұл қажет деп саналмады. Далалық зерттеулерге қатысты семинарларда біреулері бізге қатты-жұмсақ қарындашты қолдануды ұсынса, енді біреулері ұзындығы 15 см, ені 8 см қалтаға сиятын дәптер алып жүруді ұсынды. Далалық зерттеулер барысында адамдар көбінесе ата-бабалары қалдырған ізбен жүріп, әдістерді олардың жазып қалдырған кітаптарының көмегімен үйренуге тырысқанмен, кейін мұның әлдеқайда күрделі екеніне көзі жетті».

(Heald, Okely, 2012:6 еңбегінен алынды)

Шаффирдің (2009: 215) әлеуметтану саласындағы тәжірибесі осыған ұқсас болды. Ол: «Далалық зерттеулер ақпарат жинауға көмектесетін жұмыс әдісі болғанымен, мұны қалай жүзеге асыру керектігін өз еркіме қалдырдым», – деп жазады. Бұл жердегі этнографияны оқып-үйренудің моделін тіпті кәсіби дайындық деуге келмейді. Дұрысы, әрбір жаңа зерттеуші этнографиялық зерттеу жасау үшін не қажет екенін өзі анықтауы қажет.

Ал, екінші жағынан, қазіргі кезде көптеген елде «зерттеушілерді дайындау» – негізгі дағдылар мен қажет білімді анықтайтын, жас зерттеушілердің далалық зерттеуге еш қиындықсыз кірісіп кетуіне бағыттайтын ауқымды сала (Okely, 2012:6–7). Бірінші тәсіл адамдардың сеніміне селкеу түсіріп, ашуын шақырады, тіпті үрейлендіреді, екіншісі зерттеу жүргізу жолдарын оқып-үйренуді жалықтырғыш жұмысқа айналдырады, ал ең маңыздысы сол – техника ретінде әдіснаманың бұрмалануына жол беруі мүмкін (Hammersley, 2011a: ch1). Бұған қарсы – әлеуметтік зерттеулердің барлығы контекст бойынша тұжырым жасауды қажет етеді, демек, бұл жай ғана әдіснамалық ережелерді сақтаумен іс бітеді дегенді білдірмесе керек; сондай-ақ барлық мәселе мен оларды

шешудің нақты стратегияларын алдын ала анықтауды болжаудың мүмкін еместігі айтылады. Бұл, негізінен, этнографияға да қатысты.

Алайда этнографиялық жұмыс барысын алдын ала анықтау мүмкін емес деген факт далалық зерттеулер алдында дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігін жоққа шығармайды. Сондай-ақ бұл зерттеушінің даладағы әрекеті жүйесіз болуы мүмкін дегенді білдірмейді, ол жай ғана «қатты қарсылық көрсетпестен» жағдайға бейімделіп жатыр. Шынында да, зерттеу дизайны этнография үшін өте маңызды деген пікірдеміз, алайда ол жобаның әр кезеңінде жұмыс істейтін рефлексивті және қайталанбалы процесс болуы керек.

Әрине, басқа зерттеушілер сияқты, этнографтар да жұмыс басында зерттеу ұсыныстарын (болашақ ғылыми жетекшілеріне, қаржыландыру органдарына немесе этика мәселесі жөніндегі комитеттерге болсын) дайындауға тиіс. Этнографиялық зерттеу дизайнының икемді болуы егжей-тегжейлі және нақты жоспардың берілмейтінін білдіргенмен, мәліметтерінің дәлдігі және сенімді болу дәрежесі әртүрлі болса да, әйтеуір, зерттеудің қалай жүргізілетінін көрсететін бір зерттеу дизайнын дайындап алған жөн. Мұнда зерттеуге түрткі болған мәселелер мен мүдделер не, олар неліктен маңызды, қандай сұрақтар қоюға болады, қандай кейс немесе кейстер өзекті, қандай деректерді пайдалануға және оларға қалай қол жеткізуге болады, бұл деректерді талдау үшін қандай стратегияларды қолдануға болады және зерттеу нәтижесі қалай таратылады және қандай аудиторияға ұсынылады деген сұрақтар қамтылуға тиіс. Әдетте осындай жобаның нобайы жоғарыда айтылған әртүрлі сыртқы аудиторияға ғана қажет емес, сонымен бірге зерттеушіге зерттеу барысында назар аударуға тиіс кейбір мәселелерді түсінудіруде де маңызды болады (қараңыз: Maxwell, 2013). Әрине, сыртқы аудитория үшін зерттеу жүргізуге байланысты ұсынысты дайындағанда зерттеуді басынан-ақ жоспарлауға және оның уақытын белгілеуге әбден болады деген кең таралған мифті пайдаланып, зерттеу жұмыстары белгілі бір жолмен жүреді деп асыра көрсетілуі мүмкін. Алайда ақылға сыйымды және этикалық себептерге байланысты мұны зерттеудің болжамды сипатына қатысты түбегейлі алдау деп қабылдамаған жөн.

Бұл тарауда этнографиялық зерттеу дизайнының негізгі аспектілерін қарастырамыз, дегенмен этикалық мәселелерге қатысты талқылаудың басым бөлігін 11-тарауға қалдырамыз.

Алдын ала қарастырылған мәселелер

Зерттеу әрдайым оған қатысты әдебиеттерді немесе басқа да дереккөздерді оқудан, сондай-ақ кәсіби немесе жеке тәжірибеден

туындаған кейбір сауалдан, мәселеден, қызығушылық немесе ынтадан басталады. Малиновский айтып өткендей (Malinowski, 1922:8–9), зерттеудің шектен тыс индуктивтік тұжырымдарына қарағанда, «алдын ала қарастырылған мәселелер» міндетті түрде жаңсақ пікір тудырмайды, керісінше, зерттеу процесіне аса қажет болады. Сонымен қатар зерттеу барысында оларды қайта қарастырып, қайта жетілдіру қажет.

Кейде зерттеу бірнеше гипотезаға негіз болатын, өте жақсы ойластырылған теориядан басталуы мүмкін. Этнографиялық зерттеудің бұл заңдылықты ұстануы сирек болғанмен, осындай сипатта жүргізілген іштен бақылаудың кем дегенде бір классикалық зерттеу үлгісі бар: Фестингер және оның әріптестері ақырзаманға сенетін діни топ мүшелерінің жауабын, яғни олардың діни лидері болжаған күні ақырзаман орнамай қалғандағы реакциясын зерттеу арқылы когнитивті диссонанс теориясын тексерді (Festinger т.б., 1956). Осыған ұқсас тәсілдер этнографтар нақты «теориялық шеңберде» жұмыс істегенде ара-арасында кездесіп тұрады (мысалы, қараңыз: Burawoy, 1998; Wacquant, 2002, 2009; Salzinger және Gowan, 2018). Алайда мұнда әдетте гипотезалар жиынтығын тексеру емес, зерттеуді құрылымдау үшін нақты теориялық тұжырымдамаларды қолдану қарастырылады.

Этнографиялық зерттеулердің көпшілігі белгілі гипотезаларды тексеру немесе тіпті бұрыннан бар теориялық негіздемелерді қолданумен емес, белгілі бір құбылысты сипаттау және түсіндіру немесе теориялар мен түсіндірмелерді *дайындаумен* тікелей байланысты болды. Көптеген автор, әсіресе негізделген теорияны жақтаушылар, теорияны «кабинетте отырудан» гөрі, жүйелі эмпирикалық зерттеу арқылы дамытудың артықшылықтарын атап өтті²⁵. Дегенмен Стросс (1970) далалық зерттеулерді бастамастан бұрын зерттеу идеясын анықтап алуда бұрынғы еңбектерді пайдалану арқылы айтарлықтай жетістікке қол жеткізуге болатынын атап көрсетті. Мұны түсіндіру үшін ол Дэвистің (1961a, 1963) «көзге көрінер кемтарлығы бар адамдардың шиеленіске толы қарым-қатынасын басқару» жөніндегі зерттеуін қарастырды:

Дэвистің теориясы (1) *екі адам* арасындағы (2) *бетпе-бет жүздесу* кезіндегі (3) *шиеленіске толы* (4) *өзара әрекеттестік* туралы. Олардың бірінде (5) *көзге көрінер кемтарлық бар*, ал (6) *екіншісі қалыпты* (көзге көрінер кемтарлық жоқ) [...]. Жоғарыда келтірілген сөйлемдегі [курсивпен ерекшеленген] терминдер тікелей немесе жанама түрде болсын, Дэвистің -теориялық тұжырымында

²⁵Қараңыз: Glaser and Strauss's (1967) *The Discovery of Grounded Theory*. Теориялық негіздеуге қатысты пайдалы қосымша мәліметтер үшін қараңыз: Dey, 2004 және Pidgeon, Henwood, 2004. Сондай-ақ қараңыз: Bryant және Charmaz, 2007.

айтылмай кеткенін байқауға болады. Бұл теория кемтарлығы бірден көрінбейтін, тіпті басқа өзара әрекеттесетін субъектілерге көрінбейтін адамдарға ғана емес, (денесінің) кемтарлығы көзге көрінетін адамдарға да қатысты. Теория екі адамның (екіден көп емес) өзара әрекеттесуін қарастырады [...]. Өзара әрекеттесу «көпшіл адамдардың ортасындағы» шарттарда жүзеге асады; яғни өзара әрекеттесуші адамдар арасындағы қарым-қатынас бейтарап та емес, тым жақын да емес. «Көпшіл» деген, -бір жағынан, тез араласуға мүмкіндік береді, қарым-қатынас айтарлықтай ұзаққа созылады, бірақ етене жақын болып кете алмайды дегенді білдіреді.

(Strauss, 1970: 47-48)

Стросс теорияның осындай әртүрлі элементтерін өзгерту арқылы зерттеудің жаңа сұрақтары туындауы мүмкін екенін көрсетеді.

-Қандай да бір зерттеу саласына қатысты бұрынғы зерттеулер мен теориялық тұжырымдардың саны, әрине, өзгеріп отырады. Шын мәнінде, құбылыс немесе процесс туралы бұрыннан белгілі білімнің болмауы – зерттеу үшін пайдалы бастама, сондай-ақ мұны этнографиялық зерттеулердегі кең таралған негіздеме деуге болады. Осылайша Собх пен Белк (2011) Катардағы орта тапқа жататын әйелдердің үй тіршілігін зерттей отырып, Батыс пен дәстүрлі Ислам қоғамындағы үй ішінің символдық мәніне үңіледі, салыстырады. Осыған ұқсас негіздемені Мак Гиолабхи және т.б (Mac Giollabhuí т.б., 2016) жасырын полиция жұмысын тексеру үшін ұсынды. Олар былай деп жазады:

«Біздің полиция туралы академиялық түсінігімізде айтарлықтай үйлесімсіздік байқалады, себебі түсінігіміз форма киген офицерлердің ұйымы және мәдениетімен байланысты. Ал біздің жасырын полиция әлемінде қолданылатын құндылықтар, көзқарастар мен бейресми ережелер туралы білетініміз аз. Ұлыбританиядағы полицейлердің жасырын тергеу саласына кешенді далалық этнографиялық зерттеу жүргізу арқылы осы үйлесімсіздікті шешуге тырыстық».

(Mac Giollabhuí және т.б., 2016:642)

Өзара тығыз байланысты негіздемелер зерттеу әдебиетіндегі немесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы кейбір тақырыптар туралы қате немесе жаңсақ пікірлерден туындауы мүмкін, мысалы, Чеге Кения жағалауындағы «жағажайдағы балалар» туралы зерттеуінде:

Тақырып бойынша академиялық ойлаудың жұтандығы құбылысты тым қарапайым қылып көрсетуге әкелді. Бұл «әйел туристер Кенияға

жергілікті жағажай балаларымен кездесу үшін келеді де, осылайша еркектердің жезөкшелігін насихаттауға үлес қосады» деп жазған кениялық ғалым мақаласында көрініс тапты (Omondi, 2003: 5). Жезөкшелік – моральдық тұрғыдан ауыр сөз. Бұл жердегі «жезөкшеліктің» мағынасы басқа, ал онымен айналысатын кениялық ер адамдар әйел туристердің көңілін аударды деген пікір осы құбылыстың күрделілігін ұғынуға мүмкіндік берді» деп жазады.

(Chege, 2015: 466–477).

Бәлкім, бұрынғы жұмыста зерттеліп жатқан тақырыптың бір немесе бірнеше маңызды аспектісі еленбей қалған да шығар. Мысалы, АҚШ-тағы қарттар үйі туралы зерттеудің кіріспесінде Родригес былай деп жазады:

«Қарттар үйі туралы бірнеше үлгілі этнографиялық зерттеулер болды, олар [...] бюрократиялық және иерархиялық құрылымдардағы [...] медбикелердің жанайқайын естіруге және олардың жұмысының ауыртпалығын жеңілдететін әдістерді көрсетуге септігін тигізді. Осы зерттеулер қаншалықты маңызды болғанмен, олар қарттар үйінің басқа барлық қызметкерін назардан тыс қалдыруға бейім болды. Олардың қатарына тамақ берушілер, түрлі жаттығуларды жүргізетіндер, сауықтыру мамандары, әлеуметтік қызметкерлер және қызмет көрсетуші персоналдар кіреді. Бұл қызметкерлер туралы мәлімет аз болғанмен, олардың барлығы қарттар үйінің жұмыс істеуі үшін өте маңызды. Кітап қарттар үйінің толық көрінісін ашу үшін олардың тәжірибелерін біріктіреді».

(Rodriquez, 2014:5)

Сол секілді Маунт (Mount, 2018: 60): «Этнографтар экзотикалық би мен стрип-клубтар туралы өте көп әдебиет жинады», – деп жазады. Алайда бұл әдебиеттерде стрип-клуб менеджерлері туралы [зерттеу фокусы үшін] және «сахна сыртындағы» жұмыстар туралы ақпарат өте аз.

Сонымен қатар зерттеуге ынтықтыратын дүние ерекше таңғалдыратын факт немесе фактілер жиынтығы болуы мүмкін. Осылайша Мисор (Measor, 1983) Ұлыбританиядағы ғылыми емтихандарда қыздар ер балаларға қарағанда көбірек қиналатынын, ал жаңалық ашу жолымен оқытатын Наффилд жаратылыстану ғылымдарының жобасында бұл алшақтық қатты байқалғанын атап өтті. Ол мұның себебін анықтау үшін Наффилд жобасының жаратылыстану ғылымдары бойынша сабақтарына қатысып, іштен бақылауды қолға алды, әрі осы сабаққа қатысқан ұлдар мен қыздардың көзқарастарын білу мақсатында сұхбаттасуды жөн көрді.

Кейбір әлеуметтік оқиғаның өзі ерекше құбылысты зерттеуге немесе түсіндіру идеясын тексеруге мүмкіндік бере отырып, кейде зерттеуді ынталандыруы мүмкін. Мысал ретінде *Challenger*-де болған жарылысты алуға болады, бұл жарылыс Воганға (Vaughan, 2016: xi) NASA-ның «тарихи этнографиясын» жазуға түрткі болды:

1986 жылы 28 қаңтарда мен де бұл жаңалықты естіп, теледидардан -көз алмастан қараған миллиондаған адамдардың бірі болдым. NASA-ның *Challenger* шаттлы ұшыру алаңынан көтеріліп, «*Challenger*, жылдамдықты күшейт!» деген кезде жарылып, бөлшектері мұхитқа шашырады [...]. *Challenger*-ді ұшыру қарсаңында өткен шұғыл телеконференцияда қатты зымыран үдеткіштерімен тығыз жұмыс істейтін инженерлер Флоридада болжанған бұрын-соңды болмаған төмен температураны ескере отырып, зымыранды -ұшыруға қарсы наразылығын білдірді, -бірақ басшылық олардың қарсылығын қабылдамастан, ақыр соңы апатқа әкелген ұшыру процесін жалғастырды. Бір қызығы, тергеу барысында шаттлдың 1981 жылғы бірінші сапарынан бастап тығыздаушы сақиналары зақымдалғаны анықталған. Соған қарамастан, шаттл ұшуын жалғастыра берген [...]. Мен бұл зерттеуді *Challenger* апатына, есепте айтылғандай, басшылардың адамгершілікке жат іс-әрекеттері емес, ұйымдастырудағы заңдылықтың сақталмауы себеп болды деген болжамнан бастадым.

Қоғамның ерекше назарын аудартқан осындай оқиға түрткі болған зерттеудің екінші бір мысалы – Гулд-Уартофскийдің (Gould-Wartofsky, 2015) Нью-Йорктегі антикапиталистік қозғалысты зерттеуі. Табиғи апат салдарын сол жерде өмір сүретін қауымдастықтар туралы мәлімет алу үшін зерттеуге болады: мысалы, Симпсон (Simpson, 2013) Гуджараттағы жер сілкінісінен кейін болған саяси қақтығыстарды зерттеді. Нақты бір оқиғаны зерттеудің мүлдем басқа бір мысалы – Ченнің (Chen, 2018) Burning Man фестивалі туралы зерттеуі. Автор Неваданың солтүстік-батысындағы Блэк-Рок шөлінде жыл сайын адамдардың өнер арқылы өз-өзін көрсетуі және ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған қауымдастықты құру үшін салынатын уақытша қала экспериментін зерттейді. Сол сияқты, ұйымдастыру мәселесіндегі инновациялар «табиғи эксперименттер» ретінде қызмет ете алады, олар әлеуметтік өмірде болып жатқан процестерді анықтайды немесе белгілі бір шарттарда қалыпты нәрсені шектейтін факторлар бұзылғанда не болатынын көрсетеді. Мұндай кезде басқа жағдайларда қалыпты деп есептелетін әлеуметтік құбылыстар қатысушылар үшін, тіпті бақылаушы үшін де мәселеге айналуы мүмкін. Осындай -«қиын»

оқиғалар зерттеудің нысанына айналса, оның нәтижесі де өнімді болмақ (Sewell, 2005; Berezin, 2012; Dooremalen, 2017).

Кей кездері жұмыс барысында кездесетін күтпеген оқиғалар (қараңыз: Meinert және Karferer, 2015) зерттеу бағытының өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Мысалы, Пике (Pieke, 1995) Бейжіңде бес ай бойы жүргізген далалық зерттеулері кезінде 1989 жылғы Қытай халық қозғалысының туындауына куә болғанын айтады. Тіпті оның бастапқы кезеңінің өзі Қытай қоғамының динамикасы мен ондағы Коммунистік партия билігінің сипатын түсінуге зор мүмкіндік берді.

Сонымен қатар этнографтар кейде әртүрлі жоспарланған іс-шараларға назар аударады. Осылайша Дельгадо мен Круз (Delgado мен Cruz, 2014) «көп оқиғалы этнографияның» пайдасына уәж келтіреді, онда зерттеліп жатқан саланы дамытуда маңызды рөл атқаратын оқиғаларға көңіл бөлініп, биоалуандылықты пайдалануды реттейтін құқықтық құжаттар бойынша келіссөздерге қатысты өткен екі халықаралық кездесу жөніндегі зерттеулерден аргументтер көрсетіледі. -Кейде этнографтардың өздері зерттеу мақсатында, мысалы, Голдштейннің (Goldstein, 2017: 185) «сахналанған кездесулері» секілді оқиғаларды әдейі ұйымдастырып отырды. Соның бірі – Боливиядағы Кочабамба қаласында базар сатушыларымен өткен «семинар». Мұнда қылмыстық топтардың іс-әрекетінен туындаған қауіпті зерттеу көзделді. Бұл «қиялдағы полиция қызметі жүзеге асатын» кеңістікті құру үшін жасалған (200 б).

Тіпті кездейсоқ оқиғалар зерттеуге себеп болып, оны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сандерс (Sanders, 2009) Сан-Францискода бір апта тапсырмалармен болғанда, телефон анықтамалығындағы «мұражайлар» деп аталатын бөліктегі тізімді шолып шыққаннан кейін, -бір қараса, «Тату өнері мұражайына» апаратын баспалдақпен көтеріліп бара жатқанын жазады. Бұл істің соңы, оның бұл өнерге тәнті болуымен, тіпті тату салдырып, тату өнерінің әртүрлі аспектілері бойынша этнографиялық жұмыстарды жүргізуімен аяқталды. Сол секілді Хенслин үйсіздік мәселесін аса зор ынтамен зерттеген бір адаммен кездескеннен кейін бұл мәселені зерттеуді қолға алғанын жазады:

«Ол менің әлеуметтанушы екенімді және әлеуметтік мәселелер бойынша оқулық жазып жатқанымды білгенде, үйсіздер туралы бірлесе отырып жұмыс істейік деген ұсыныс айтты. Ол менің білімім, оның өмірлік тәжірибесі мен біліктілігін бір жүйеге тоғыстыруға негіз бола алады деп ойлады. Осылайша әріптестік құруға тырысқан кезімізде ол маған әлеуметтанушы ретінде үйсіздермен жұмыс істеудің мол тәжірибе жинауда маңызы зор екенін айтудан танбады.

Бұл идея мені біраз ынтықтырды, дегенмен сол кезде бір жоба жазып жатқандықтан, бұл идеяны жүзеге асыруға аса талпына қоймадым. Ол үнемі осы тақырыпты қозғаған сайын, бұл жоба мені толғандырғанын мойындауым керек, тіпті әлеуметтанушы ретінде өзімді кінәлі сезіне бастадым. Кейін әлеуметтік мәселелер жөніндегі нұсқаушы болдым, ал үйсіздердің жайынан мүлдем хабарсыз едім [...]. Ұдайы жасалған «қысымның» нәтижесінде бұл идеяға мән беріп, көңіл бөле бастадым. (Бәлкім, соңында осының бәрінен шаршаған шығармын.) Ол мені Вашингтонға ақысы төленген сапарға шақырғанда, Ақ үйдің маңайындағы тротуарларда ұйықтап жатқан үйсіздер секілді беймәлім дүниелерді көретініме сендіріп, санамдағы сансыз ойды одан сайын көбейтіп, ақыры баспанасыздардың мәселесін зерттеуге шешім қабылдауыма көндірді. -Күш пен әлсіздіктің, байлық пен кедейлік секілді осындай таңғалдырарлық қарама-қайшылықты көргеннен кейін, мұндай ұсынысқа қалай қарсы тұра аламын?»

(Henslin, 1990:52)

Керісінше, Каррер (Curren, 1992: 4–5) Ұлыбританиядағы пуштун аналар туралы зерттеуін өзі Пәкістанның Пешавар қаласында тұрғанда ағылшын ана ретінде сол жақтағы басынан өткен тәжірибесін негізге алып жасады. Зерттеу сұрақтары алдымен оның бұрынғы жағдайы мен өзі зерттейтін адамдардың жағдайын салыстырудан және оларға деген жанашырлықтан туындады. Зерттеулер қандай-да бір іс-әрекетке деген жеке қызығушылық тудыруы мүмкін, Россинг пен Скотт (Rossing және Scott, 2016) атап өткендей, «өзің жақсы көретін нәрсені» -зерттеуден «ләззат алуға болады». Әрине, зерттеуге деген ынтызарлық жанжал мен жағымсыз сезімдерден де туындауы мүмкін. Ван Маанен (Van Maanen, 1991: 33) өзінің полиция мәдениетін көпжыл бойы зерттеуге түрткі болған жағдайдың бірін былай сипаттайды: «бірнеше мәрте полиция назарына ілінгендіктен, оларды аздап жеккөрдім, әрі қорыққаным да рас, дегенмен оларға қызығушылығым ояна бастады және осы сезімдердің арпалысының нәтижесі ақыры полиция мәдениетін зерттеуіме себеп болды».

Сондай-ақ зерттеулерге уақытша немесе тұрақты жұмыстағы тәжірибе де түрткі болып жатады. Беделді тәжірибелі маман, этнография пәнінің мұғалімі Эверетт Хьюз студенттерін осы мәселеде ынталандырды, осылайша ол мысалы Беккердің (Becker, 1963) джаз -музыканттарын және Дэвистің (Davis, 1959) такси жүргізушілерін зерттеуіне түрткі болды. Соңғы уақыттағы мысалдардың бірі ретінде Лейдің (Leigh, 2014) жұмысын келтіруге болады. Ол балаларды қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкер ретінде Ұлыбританиядағы тәжірибесін мүлдем өзгеше сипаттағы Бельгиядағы тәжірибемен салыстыра отырып, кәсіби жұмыстың осындай формасын зерттеуге бел буды.

Осы уақытқа дейін этнографтар нені зерттеу керегін өзі таңдайды деп ойлап келдік, дегенмен олардың таңдауына ішінара зерттейтін тақырыбына қаржы бөліну ықтималы немесе таңдаған тақырыбының өздері оқитын немесе жұмыс істейтін институттардың- стратегиялық басымдықтарына сай келуі әсер етеді. Шынымен де, олар белгілі бір мәселені зерттеу үшін арнайы шақырылуы мүмкін; дегенмен оларға сонда да қаржыландырушылар немесе ғылыми жетекшілер таңдаған зерттеу бағытын сол күйінде «қабылдамай», қайта өңдеуге мүмкіндік беріледі.

Алғашқы зерттеу мәселесі қалай басталғанына қарамастан, әрқашан тиімді және өміршең формаға дейін жетілдіру қажет. Бұл тұрғыдан қарағанда, осы тақырып бойынша алдыңғы академиялық зерттеулер аса маңызды, себебі зерттеудің мақсаты – жеке мүддені қанағаттандыру ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік құбылыстар туралы білімнің дамуына ықпал ету. Бір жағынан, зерттеу сұрақтарын тұжырымдау осы жоба барысында орындалады, дегенмен бастапқы кезеңдерінде ойлауға және оқуға кеңес беріледі, сондай-ақ қазіргі уақытта қарастырылған зерттеу бағытын анықтауға -тырысу керек. Деректерді жинамас бұрын, бастапқы идеяларды қаншалықты нақтылауға және өңдеуге болатын қатаң ережелер жоқ екеніне қарамастан, бұл идеялар мен олардың салдарын кез келген -қосымша әдебиеттің көмегімен зерттеген дұрыс. Қолдануға болатын ресурстардың қатарына зерттеу монографиялары мен журнал мақалалары ғана емес, сондай-ақ ресми баяндамалар, журналистік зерттеулер, өмірбаяндар, күнделіктер, тіпті романдар мен қысқа әңгімелер кіреді (6-тарауды қараңыз). Архивтерде сақталған бұрынғы зерттеулерге қатысты деректерді де қарастыруға болады (Corti, 2011, 2016).

Зерттеу мәселелерінің дамуы

Сонымен, далалық зерттеулерге дейінгі кезеңнің басты мақсаты, сондай-ақ -деректер жинаудың алғашқы сатысындағы міндеті – алдын ала қарастырылған мәселелерді жауап беруге болатын сұрақтарға айналдыру: олар ерекше немесе әдеттегі оқиғаларды баяндау сипаты, нақты бір адамдардың көзқарасы мен тәжірибесі туралы идеографиялық және кең таралған пікірлерден тұруы мүмкін. Кейде тұжырымдау мен қайта тұжырымдау процесінде бастапқы мәселелер өзгереді немесе бұл мәселелерден басқаларының пайдасы үшін тіпті мүлдем бас тартылады. Өте ерекше бір мысал келтірсек, бір зерттеу тұрғын үй ассоциациясы -ұйымына қызығушылықтан басталды: ол қалай құрылды, уақыт өте келе оның сипаты қалай өзгерді деген сұрақтар қарастырылды. Кейін зерттеу фокусы сол ұйым туралы ассоциация мүшелері айтқан, бір-біріне қайшы келетін оқиғаларға бағытталды, ал ең соңында деменцияға шалдыққан адамдардың «түсініксіз» әңгімелерін зерттеумен аяқталды (Shakespeare,

1997). Стьюарт (2018) аса күрделі болмаса да, кеңінен таралған бір өзгеріске мысал келтіреді: алдымен Скид-роудағы тауар сатушылардың бейресми жолмен әлеуметтік тәртіпті, әсіресе оның -экономикалық аспектілерін қалай сақтайтынын анықтағысы келеді, кейін полицияның рөліне ерекше көңіл бөліп, көшедегі адамдардың ақпаратты алдын ала біліп, полиция құрығына түспей құтылуының жолдарын зерттейді.

Зерттеу мәселесіндегі өзгерістер бірқатар себептерден туындауы мүмкін. Жоғарыда айтып өткеніміздей, зерттеу барысында жаңа, анағұрлым маңызды немесе қажетті мүмкіндіктер пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар Алвессон мен Сэндберг (Alvesson және Sandberg, 2013) зерттеушілер толтыруы қажет олқылықтарды іздеудің орнына, әдебиеттерден туындаған идеяларға қарсы тұруы керек деп есептейді. Зерттеу барысында сұрақтардың өзгеруінің тағы бір себебі сол – бастапқы тұжырым қате болжамдарға негізделгені анықталуы мүмкін. Өзгеріске сыртқы факторлар да әсер етуі мүмкін. Сыртқы факторға Шекспирдің (Shakespeare, 1997) зерттеуші жағдайындағы -өзгерістер (жаңа жұмысқа алу) жаңа мақсатқа жетелеп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деген мысалын келтіруге болады. Сонымен қатар жаңа зерттеу сауалы зерттеудің бастапқы сатысымен тікелей байланысты болды: кейде барлығымыз да шатасып сөйлеп жататынымызды ескерсек, «деменцияға шалдыққан адамдардың әңгімесі несімен ерекшеленеді» деген сұрақ қояды.

Өзгерудің тағы бір себебі – қазіргі білім деңгейі, уақыт пен қолда бар ресурстар немесе басқа да мәселелер нәтижелі зерттеу жүргізуге кедергі келтіреді деген қорытындыдан туындауы мүмкін. Зерттеу мәселесінің қаншалықты маңызды болуы зерттеушінің ресурстарға уақытында қол жеткізуіне байланысты; сондай-ақ сыртқы ресурстар ғана емес, сонымен бірге базалық білім мен дағдылар, белгілі бір мәселелерді шешуде эмоциялық қабілет, әлеуметтік жағдай мен тәжірибе секілді жеке қасиеттердің болуы маңызды. Зерттеу мәселелерін таңдаудың маңыздылығы барлық салада оны жүзеге асыру мүмкіндігінен туындайды. Медауар жаратылыстану ғылымына қатысты пікірінде:

«Жақсы ғалымдар өздері шеше алатын анағұрлым маңызды мәселелерді зерттейді. Айналып келгенде, олардың кәсіби міндеті – мәселемен күресу емес, оларды шешу. Егер ғалым жеңіліске ұшыраса, оның надандықпен текетіресі ешкімді шабыттандырмайды. Сондықтан да кейбір ең маңызды биологиялық мәселелер практикалық зерттеулердің күн тәртібіне ене қойған жоқ» деген ой айтады.

(Medawar, 1967:7).

Зерттеушілер өздеріне жиі қоятын «дұрыс сұрақ қою, кем дегенде, оған жауап беру секілді аса маңызды, кейде тіпті қиынырақ» деген ескі мәтелдің шындығын ашып отырады (Merton, 1959).

Этнографиялық жұмыстың бастапқы кезеңдерінде күш-жігердің басым бөлігі зерттеу мәселелерін мейлінше нәтижелі және тиімді тұжырымдаумен немесе қайта қарастырумен байланысты. Мәселелер абстрактілік деңгейіне қарай өзгереді. Олардың кейбірі әсіресе күнделікті өмірде оңай анықтауға болатын, әртүрлі адамдар мен түрлі жағдайларға назар аударатын, практикалық немесе саяси «өзекті» мәселелерден туындайды (Lofland, 1976). Басқаларының құрылымы анағұрлым жалпы. Бұл жерде зерттеуші: «Бұл әлеуметтану тұрғысынан қарастырылған қандай абстрактілі жағдай тобына жатады?» және «мұндай жағдайдың жалпы ерекшеліктері қандай?» – деген сауалдар қояды. Зерттеудің өзекті және жалпы мәселелерінің арасындағы осындай айырмашылық Глейзер мен Стросстың негізделген теория туралы тұжырымында субстантивті және ресми талдаумен тығыз байланысты:

Субстантивті теория дегенде оны, мысалы: пациентке күтім жасау, нәсілдік қатынастар, кәсіби білім беру, -құқық бұзу немесе ғылыми-зерттеу ұйымдары секілді әлеуметтік зерттеулердің субстантивті немесе эмпирикалық саласына арналған теориялар ретінде қарастырамыз. Формалды теория дегенде – стигма, девиантты мінез-құлық, ресми ұйым, әлеуметтену, статустағы сәйкессіздіктер, билік пен күш, ынталандыру жүйесі немесе әлеуметтік мобильдік секілді әлеуметтік зерттеудің формалды немесе тұжырымдамалық саласына арналған теорияны түсінеміз.

(Glaser және Strauss, 1967:32).

Әдетте этнографиялық зерттеуде өзекті және жалпы немесе субстантивті және формалды мәселелер тұрақты түрде өзара әрекеттеседі. Мысалы, кейбіреулер ресми аналитикалық түсініктен басталып, жаңа субстантивті қолдану аясын кеңейтуге немесе нақтылауға тырысуы мүмкін. Оған девиантты мінез-құлықты стигматизациялау теориясының аясын әлеуметтік мәселелерді зерттеуге дейін кеңейту жатады (Holstein және Miller, 1993; Weinberg, 2009). Стигматизация теоретиктері бұрын криминология жасағандай, адамдарды қылмыс жасауға немесе девиантты мінез-құлыққа итермелейтін себептер мен процестерге ғана емес, белгілі бір іс-әрекеттер қалай қылмыстық немесе девиантты деп анықталады деген сұраққа да назар аударуы керек (соның ішінде осы түсініктер бойынша қоғамдар арасындағы айырмашылыққа); сонымен қатар-стигматизация мен жазалаудың салдарына, әсіресе бұлар болашақта девиантты әрекет жасамауға көндіре ме, әлде жасауға итермелей ме,

қалайша кейбір адамдар полиция қуғынына жиі ұшырап, -құқықтық процестер аясында сотталады және оның салдары қандай деген мәселені зерттеу нысанына алу керек екенін айтады. Сол сияқты, бұрын әлеуметтік мәселелерді зерттеу олардың қалай пайда болатыны және оған кім жауапты деген сұрақтармен байланысты болатын: мысалы, неліктен кей топтар ішінде кедейлік кең жайылған, нашакорлық пен қоршаған ортаның ластану себептері қандай және т.б сұрақтар. Стигматизация теориясының бұл салаға таралуы қандай құбылыс шара қабылдауды қажет ететін әлеуметтік мәселелер ретінде анықталады, проблемаларды қоғамның күн тәртібіне қою немесе оған қарсы шығу үшін қандай күш-жігер жұмсалуда, олар жаңа терминдердің аясында қалай қайта тұжырымдалды (мысалы, «жезөкшелік» «секс қызметі» деп қайта тұжырымдау) деген мәселелерді зерттеуді қажет етті. Сондай-ақ ол әлеуметтік мәселелер ретінде анықталатын белгілі бір нәтижелер мен әрекеттерді зерттеуге жол ашты. Кейіннен осы жалпы идеялардың әсері көптеген тақырыпқа қатысты зерттеліп, зерттеу процесінде нақтыланып, жетілдіріле түсті.

Зерттеу мәселелерін формалды мәселеден негізгі мәселеге, сол секілді негізгіден формалды немесе жалпыға өту арқылы тұжырымдауға болады. Оны біреуіміз қатысқан зерттеу жобасынан алып көрсете аламыз (Atkinson, 1981). Бұл «үлгерімі нашар оқушылардың» мектептен еңбек нарығына өтуін жеңілдетуге арналған «өндірістік оқыту бөлімдерін» зерттеумен байланысты болды. Зерттеу, негізінен, негізгі немесе өзекті деп есептелетін алдын ала қарастырылған мәселелерден басталды. Зерттеу тобы зерттеудің бағыт-бағдарын анықтау үшін далалық зерттеулерді мынадай жалпы сұрақтардан бастады: топтың күнделікті жұмысы қалай ұйымдастырылған? Оқушылар қалай іріктеледі және оларға қалай баға беріледі? Олар қалай жұмыс істейді және қандай жұмыс түрлеріне дайындап жатыр? Сонымен бірге бұл идеяларды осы жоба аясында ғана емес, сонымен қатар жалпыға түсінікті болатындай терминдермен тұжырымдау қажеттігі туындады. Зерттеу туралы меморандум дайындалып, онда жалпы ресми категориялар туралы, сондай-ақ оны өзекті мәселелермен қалай байланыстыруға болатыны көрсетілді. Аталған санаттардың арасында «гейткиперлер» ұғымы да болды:

«Гейткипер деп негізгі ресурстар мен -мүмкіндіктерді бақылайтын акторларды айтып отырмын. Осындай гейткиперлер жасөспірімдер статусына өтер негізгі кезеңдерде бақылау жүргізуді жүзеге асырады. Іс жүзінде гейткиперлер қызметін әртүрлі ұйымда әртүрлі қызметкерлер орындай алады [...].

Гейткиперлердің жалпы тобын анықтау кейін осындай жалпы сипаттағы бірнеше сұрақтарды қоюға мүмкіндік береді. Мысалы: гейткиперлердің қолында қандай ресурстар бар? Олар «клиенттер»

туралы не ойлайды және олардан не күтеді? Клиенттер туралы пікірі бір-біріне сәйкес келе ме, әлде пікірлерде жүйелі түрде -айырмашылық бар ма? Гейткиперлер клиенттерден күткен үміт орындалады деп ойлай ма? Оларда «мінсіз клиенттің» жасырын (немесе тіпті ашық) үлгісі бар ма?

Гейткиперлердің ақпаратпен қамтылу жағдайы қандай? Мысалы, олар еңбек нарығының қандай үлгісімен жұмыс істейді? Еңбек етуге деген көзқарастары қандай? Олар жергілікті еңбек нарығының жағдайын қаншалықты дәл бағалайды?

Гейткиперлер күнделікті қандай жоспарлар мен стратегияларды қолданады? Мысалы, «клиенттерді» бағалау және санаттарға жіктеу үшін қандай -критерийлер (ресми және бейресми) қолданылады? Қандай бюрократиялық тәсілдер қолданылады (егер қолданылса)? Есепке алудың қандай түрлері қолданылады және мұндай мәліметтер іс жүзінде қалай түсіндіріледі?»

(Atkinson, 1981)

Бұл көрсетіп отырғандай, тақырыптық және жалпы деңгейдегі талдаулар арасындағы айырмашылықты тым жеңілдетіп жіберуден сақ болу керек, сонымен қатар бірінен екіншісіне бір бағытта ілгерілеу болмауы ықтимал, әдетте екі аналитикалық жүйе арасында үнемі алмасу орын алып тұрады. Нақты негізгі мәселелер кейбір формалды тұжырымдамалармен жақын болуы мүмкін, ал бұл, өз кезегінде, негізгі мәселелерге жаңадан немесе қосымша назар аударуға лайық маңызды міндеттерді көрсетеді және т.б.

Зерттеу ортасы мен кейстерді таңдау

Зерттеу дизайнының тағы бір аспектісі бар, ол зерттеу мақсатында таңдалған ортаның немесе орталардың сипаты аясында ғана маңызды болса да, этнографияда зерттеу мәселелерінің даму жолын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кейде зерттеу ортасы бәрінен де маңызды болады: қызықты жайтты немесе ерекше адамдар тобын зерттеу қажеттігі туындайды, ал алдын ала болжанатын мәселелер ортаны сипаттаудан пайда болады. Мысалы, «қиын оқиғаларды» немесе «табиғи эксперименттерді» жүргізгенде, сондай-ақ этнографтар белгілі бір ортаны зерттеу үшін арнайы жұмысқа тартылғанда немесе олар өз қауымдастығында яки жұмыс орындарында -этнографиялық жұмыстар жүргізген кезде осылай болатыны рас.

Егер зерттеу келісімшарт бойынша жүргізілсе, нені зерттеу керектігі, тіпті жұмыс барысының қалай жүзеге асатынының өзі шарт аясында

жүзеге асады. Оның қызықты бір мысалы – Виегас (Viegas, 2009) жүргізген -зерттеу. Бұл Бразилияда тұратын Тупинамба халқының байырғы жерлеріне қатысты ресми шағымын қолдауға арналған. Қойылған талаптардың бірі мүдделі адамдардың *барлығын* және олар талап етіп отырған жерді зерттеу нысанына алу болды, дегенмен бұрынғы зерттеушілер (антропологтардың көпшілігі секілді) бір аумақта өмір сүретін сол халықтың шағын тобын терең зерттеген еді. Бұған қоса, жаңа зерттеуде оны жобалауға қатысты төмендегідей сыртқы шектеулер қойылды:

«Далалық зерттеулер [...] «ресми» сипатта болды, бұл дегеніңіз: (1) антропологтың далалық зерттеулер жүргізілетін аймаққа келіп-кететін уақыты көрсетілген үкімет қаулысы жариялануы керек және (2) зерттеу тапсырылғанша антрополог FUNAI-дың [байырғы халықтар мәселесімен айналысатын Бразилияның Әділет министрлігінің департаменті] хабарынсыз және рұқсатынсыз бұл аймаққа баруына немесе жұмыстар жүргізуіне болмайды, ал антрополог өзі таңдаған уақытында барғысы келсе, қасына бір қызметкер қосып жіберіледі».

(Viegas, 2009: 149)

Мұның барлығы антропологтың зерттеу орнына бару жиілігін де, ұзақтығын да шектеді, ал қасында жүретін ресми «серігінің» болуы жиналуы мүмкін мәліметтердің сипатына да өз әсерін тигізбей қоймады. Ал, ең бастысы, зерттеудің бағыты мен нақты сипаттамалары байырғы халықтың жерге қатысты шағымын қолдау мақсатында болды. Дак (Duck, 2015) кері реттіліктің мысалын келтіреді. Оған АҚШ-тағы өлім жазасына қатысты федералдық іс бойынша жеңілдетілген жағдайлар туралы айғақтар жинау жайында ұсыныс айтылды, бұл іске- кедей, көбінесе қаранәсілділер өмір сүретін аймақта тұратын жергілікті есірткі сатушының қатысы бар еді. Ол бұл ұсынысты орындағаннан кейін, сол аймаққа он жыл бойы этнографиялық зерттеу жүргізді.

Тіпті зерттеу ортасы алдын ала қарастырылған мәселелер негізінде таңдалған болса да, бұл ортаның кейін зерттеу сауалдарын дайындауға ықпал етуі мүмкін. Себебі жоғарыда айтып өткеніміздей, этнографиялық зерттеуде оны дайындау далалық зерттеу басталғанға дейін аяқтала бермейді; шын мәнінде, ол -деректерді жинау процесінде ғана емес, сондай-ақ жазу кезеңінде де жалғасуы мүмкін. Алдын ала қарастырылған мәселелер аясындағы сұрақтар таңдалған ортада зерттеуге ашық болмауы немесе деректер олар сүйенетін кейбір болжамдарға немесе олардың маңыздығына күмән келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайда зерттеушінің алдында екі түрлі таңдау болады: алғашқы сауалдарды зерттеуден алып тастау немесе, мүмкін болса, оларды *зерттеуге болатын ортада* зерттеуді

қайта бастау. Дегенмен кей жағдайда мәселенің маңыздылығы жоғарыда айтылған таңдаудың екіншісіне әкелуі мүмкін, әдетте зерттеушілер өз шешімінде қала береді және -зерттеу сауалдарын сол нысанға бағыттайды. Ақыр соңында, бір зерттеу барысында шешілмейтін мәселелерге байланысты көптеген сұрақтар туындайды, сондықтан таңдау жасаудан айналып өту мүмкін емес. Сонымен қатар басқа ортаға көшу жұмыс барысына тұсау болуы және мәліметтерге қол жеткізуге қатысты жаңа мәселелер туындауы мүмкін, дегенмен бұл зерттеу нысанына айналған орта туралы білетін мағлұмат көбейген сайын, оны зерттеу қолайлырақ болады деген сөз емес. Эверетт Хьюздің «зерттеуші ешқандай міні жоқ ортадан зерттеу сұрағын таңдауы керек» деп қағытқаны бар.

Сондай-ақ этнографтың жағдай сипатын нақты айқындау, зерттеуге қажетті нақты сауалдар тізбегін жасау мүмкіндігі үнемі бола бермейтінін есте ұстау қажет. Сонымен бірге зерттеушінің зерттеу жүргізетін жерде қалағанын жасау еркіндігі бола бермейді. Бастапқыда әзірге қарастырылған зерттеу мәселесін *қолға алу* үшін ең қолайлы орынды - анықтау керек. Зерттеу ортасы анықталған жағдайда, мүмкін болса, оның қолайлы екенін бағалау үшін зерттеу орындарын, сондай-ақ сол жерде зерттеу жүргізу мүмкіндігін, қалай қол жеткізуге болатынын алдын ала зерделеп алуға кеңес беріледі. Бұл жағдайға қатысты кез келген құжаттық дәлелдерді жинау және оны алдын ала талдау, тәжірибесі немесе білімі бар, тез байланысуға болатын кез келген адаммен сұхбаттасу, бәлкім, сол жерге жасырын немесе ашық түрде бару секілді әрекеттерді қамтиды. Жоспарланған әдістердің кейбірін пилоттық зерттеу жүргізумен қатар орындауға болады, дегенмен кейде негізгі деректерді жинауда *қолданылмайтын*, осы мақсатқа арналған ортаны пайдаланған жөн²⁶.

Осындай жолмен «жағдайды алдын ала бағалап көру» зерттеу жүргізілуі мүмкін бір немесе бірнеше ықтимал орта туралы ақпарат беріп қана қоймайды, сондай-ақ зерттеу сауалдарын -дамытуға және нақтылауға мүмкіндік береді. Зерттеу объектісінің біртекті категориясына жатады деп есептелген дүниелерді бір-бірінен мүлдем ерекшеленетін бірнеше типке бөлу қажеттігі анықталуы мүмкін. Мысалы, Маунт Нью-Йорктің солтүстік бөлігіндегі стриптиз-клубтарды зерттеу барысында әдеттегі клиенттеріне және сол жерде жұмыс істейтін әйелдерді басқару рөліне және оларға деген көзқарасына қарай клубтардың екі үлкен типке бөлінетіні туралы қорытындыға келеді. Ол:

«Стрип клубтар бишілердің тұрақсыздығымен, әртүрлі әлеуметтік тапқа тиесілі -клиенттердің көп болуы және «тұрақты» болуымен,

²⁶ Жалпы алғанда, сапалық зерттеулердегі эксперименттік жұмыстың рөлі туралы нәтижелі талдау үшін қараңыз: Sampson, 2004.

сонымен қатар басшылықтың бишілермен қарым-қатынасының жақын болмауы, олардың мәселелер қиындаған жағдайда ғана келіспеушіліктерді реттеу үшін араласатынымен сипатталады, ал қоғамдық клубтар клиенттерінің аз, салыстырмалы түрде тұрақты бишілер тобының болуы, сондай-ақ көпшілігі жұмысшы табына жататын орта жастағы еркектерден тұратын көптеген «тұрақты» клиентінің болуымен ерекшеленеді [...] деп жазады. Қоғамдық клубтардағы басшылық бишілермен жеке байланыс орнатады және келіссөздер жүргізеді [...].

(Mount, 2018: 68).

Оған қоса, соған ұқсас зерттеу жасалатын орындардағы айырмашылықтар сол әрекеттерді тереңірек түсінуге - мүмкіндік береді.

Мысалы, Шах (Shah, 2014:3) Мумбайдағы жезөкшелік туралы зерттеуінде Үндістанның кедей ауылдарынан Мумбайға көшіп келген әйелдердің сексуалдық қызметін сатумен байланысты келіссөз жүргізетін орталардың ерекше үш түрін зерттеді [...]: бордельдер, көшелер және *нака* ретінде белгілі күнделікті ақы төленетін қоғамдық еңбек нарықтары, [басқа екі контекстен айырмашылығы сол] сексуалдық мақсаттағы сауда жасырын немесе кіріс әкелетін қызметтер арқылы жүзеге асады.

(Shah, 2014: 3)

Ортаны таңдауда прагматикалық пікірлердің рөлін - төмен бағаламау керек. Зерттеудің гипотезасын тексеру кезінде мұндай мәселелер мүлдем болмағанмен, этнографиялық жұмыста ерекше маңызды рөл атқаруы мүмкін. Бұл зерттеудің жарамдылығын - анықтайтын критерийлердің айтарлықтай шешуші болмауымен байланысты: көбінесе алдын ала болжанған мәселені зерттеуде маңызды болуы мүмкін көптеген шарт бар. Сонымен қатар деректер жинау процесі әдетте қауырт жүреді және оның нәтижесі маңызды және маңызды емес нәрселерге әсер етеді. Нәтижесінде деректерге қол жеткізуді жеңілдететін қызметкерлермен байланыс орнату, жол жүру және орналасу шығындары, деректердің қолжетімділігі және т.б зерттеу жүргізілетін жер таңдауды жеңілдететін маңызды факторлар болып есептеледі. Сэмпсон мен Томас мұны кемелерде жүргізген этнографиялық жұмысында туындаған пікірге сүйене отырып көрсетеді. Олар:

Зерттеу барысында теңізде көп жүзген және айлаққа бірнеше рет тоқтаған көптеген кемені әдейі таңдадық деп жазады. Бұл әдетте теңізшілердің айлақта бос уақыты бола бермейді, кейбірінің, мысалы,

аға офицерлердің портта болған уақытында атқаратын міндеті көп, сондықтан олар қатты шаршайды деген қорытындыға келуіміздің нәтижесі. Демалыс алған теңізшілер жағалауға шығады және зерттеуді тек қана кемеде жүргізетін ғалымдар олармен кездесе алмай қалуы мүмкін. Бұл кемелер теңізге қысқа ғана сапар жасайды, сондай-ақ кемелер айлаққа өте жиі келіп тұрады және олардың мұнда уақыты да аз. Сондықтан да кемеңі таңдау деректер жинаудың оңтайлы жағдайларын бағалауға негізделді [...].

(Sampson және Thomas, 2003: 170)

Кэмпбеллдің 1950 жылғы Грекия туралы зерттеулері көрсеткендей, кей кездері тиісті жағдайларды іздеу күтпеген нәтижеге әкелуі мүмкін. Ол Янинаның солтүстік-шығысындағы таулы аймақтағы -ауылдардың бірін зерттеуге аттанды. Зерттеуге барған кезінде азамат соғысы салдарынан ауыл халқы санының азайғанына көзі жетеді, ал ұлтының ағылшын екені «тыңшы» деген күдік тудыруына себеп болды. Күтпеген оқиға оның зерттеу жоспарын өзгертіп жіберді. Каракачан көшпелі малшылары ауылдан жоғарыда орналасқан биік жерде өмір сүрді, олардың ауыл тұрғындарымен қарым-қатынасын жақсы деп айтуға келмес.

Біздің де олармен қарым-қатынасымыз сәлемдесуден әріге бара қойған жоқ. Жаздың аптап ыстық күнінің бірінде кішкентай малшы бала мектептен келе жатып, ауылдың бұлағынан су ішуге тоқтайды, сол кезде оны жасы өзінен үлкен ауыл балалары ұстап алады [...]. Дәл сол уақытта антропологтың әйелі жәбірленушіні құтқарамын деп, әлгі балаларға деген ашу-ызасын білдіреді. Бұл кішігірім оқиғаның келесідегідей нәтижесі болды: бізді тұрғындардың бірі Каракачан ауылына шақырды, сөйтіп, қарым-қатынасымыз жақсара түсті. Біз келгеннен бірнеше апта өткен соң, каракачандар мал-мүлкі мен отбасын алып қыстау үшін Теспротия жазығына қарай көшетін болды, бір отбасы бізге бас тартуға келмейтіндей ұсыныс айтты. Біз олармен бірге көшсек, бізге олар лашық салып беретінін жеткізді.

(Campbell, 1992:152)

Бұл мысал нені көрсетеді? Бұл кейде зерттелетін ортаны зерттеушілер таңдамайтынын, керісінше, сол ортаға қатысы бар адамдар зерттеушілерді таңдайтынын, сондай-ақ өзара байланысты шарттардың көп болатынын көрсетеді. Мұндай жағдайда этнограф алғаш рет берілген рұқсатты зерттеу нысаны қаншалықты қажет деген көзқарас тұрғысынан, сондай-ақ осындай тікелей көмек туындатуы мүмкін мәселелер тұрғысынан қарастырып, саралау керек.

Әдетте этнографтар бір ортаны немесе саны азғантай ортаны ғана зерттейтін. Кейде зерттеу нысанына бір адам алынады, мысал ретінде Нью-Йорк штатының шалғай ауданында тұратын Вилли деген көлікті, ауылшаруашылық -жабдықтарын және басқа да техника түрлерін жөндейтін механик туралы жазған Харпердің (Harper, 1987, 2018) зерттеуін келтіруге болады. Дегенмен географиялық жағынан бір-бірінен өте алшақ орналасқан жерлерді байланыстырудағы жаһандандудың әсерін мойындау арқылы көпнысанды этнографияға (Marcus, 1995; Hannerz, 2003; Nadei және Maeder, 2005), сондай-ақ қазіргі әлемде кейбір адамдардың жоғары мобильді өмірін есепке алатын тәсілдің қажет екеніне ерекше назар аударылды. Көпнысанды этнографияның мысалы ретінде Буравой және т.б (2000) «Жаһандық этнография» (*Global Ethnography*) атты еңбегін келтіруге болады. Бұл еңбекте зерттеушілер бірнеше мемлекеттегі -әртүрлі ортаны назарға ала отырып, түрлі елді мекендерде тұратын адамдардың жаһандандудың қиындығына бейімделіп, оған қарсы төтеп бере алатыны айтылады. Труэль мен Тэвори (Trouille және Tavory, 2016) қатысушыларды бақылаудың маңыздылығына назар аударады (яғни зерттеуге алынғандар әртүрлі «контекстерге өткен кезде» зерттеушілер олармен бірге ілесіп жүреді). Мұны бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатып, футбол ойнау үшін Лос-Анжелес паркіне келген латынамерикалық иммигрант еркектер арасындағы бейресми желілер туралы зерттеуге сілтеме жасау арқылы көрсетеді²⁷. Онлайн этнографияға (7-тарауда толығырақ қарастырылады) тоқталсақ, бірнеше нысанды зерттеу өте оңай, дегенмен әртүрлі нысандағы зерттеуге тартылатын адамдарды анықтау мүмкін бола бермейді.

Бірнеше нысанды зерттеудің немесе қатысушыны бақылаудың тағы бір себебі ненің дұрыс, ненің дұрыс емес екенін -анықтаумен, сондай-ақ теориялық идеяларды қалыптастыру үшін бір-біріне қарама-қайшы кейстерді пайдаланумен байланысты. Осылайша Хенслин АҚШ-тың әртүрлі аймағын қамтитын зерттеу жүргізуге ұйғарады және мұны жүзеге асырудың салыстырмалы түрде арзан және -ыңғайлы жолын табады.

«Кез келген жаққа ұшыңыз, біз де 21 күн бойы сіз қалағандай жиі ұшамыз» деген *Eastern Airlines* әуе компаниясының жарнамасы туралы естиді. Бұл ұсыныстың заңды екеніне көзім жетті, 750 долларға қалағанымша кез келген қалаға баруыма мүмкіндік туды, тіпті ойлағанымнан да артық жерлерге бара алатын болдым [...]. Міне, әдістің өзі, яғни іштен бақылау әдісі, осы зерттеуге қол жеткізудің

²⁷ Бақылау кезінде жаяу жүргеннен гөрі, көлік түрлерін қолданған жөн. қараңыз: Wegerif 2019.

кілті болды. Баспанасы жоқтар өте аз ақша жұмсайтыны белгілі, бұл да менің жағдайым мен қалауыма толығымен сәйкес келді. Сөйтіп, ешқандай шығынсыз үйсіздерге арналған баспаналарда тұрдым. (Дегенмен бұл баспаналар жанымның тыныштығын бұзу тұрғысынан қарағанда, оразан зор шығынға батырды). Тегін төсек орны мен душқа қоса, таңғы және кешкі ас тегін берілді. Дегенмен бұларды әрдайым жеуге болатын тағам деп айта алмас едім, бір жақсысы, өте дәмді түскі ас ішетін жер бар еді, ол да ұшақ билетінің бағасына қосылған сапар кезіндегі тағам [...]. Ең алдымен, АҚШ-тың шығысында орналасқан ірі қалаларға көңіл бөлдім, кейінгі сапарларымда басқа аймақтарды да қоса бастадым. Мақсатым қолымнан келгенше зерттеу «географиясын кеңейту» болды

(Henslin, 1990:55).

Бәлкім, көпнысанды стратегияларға келгенде сақ болу керек шығар: көпнысанды зерттеген сайын (ресурстардың мөлшері нақты болатынын ескерсек) немесе зерттеу мейлінше «мобильді» болған сайын қандай да бір нысанды терең зерттеу мүмкіндігі аз болады. Хаммуди: «*Тоқтама деген бір ұран секілді көрінеді, егер қажет болып жатса, тоқтай тұрыңыз*, дегенмен айналаңыздағылардың бәрі қозғалыста екенін бір сәт естен шығармаңыз. Сонымен, алға!» – дейді (Hammoudi, 2009:25; автор ерекшелеп көрсеткен-). Ол нақты бір жерлерді мұқият, терең зерттеу қажеттігін көрсетеді. Ең маңызды тұсы – зерттеудің ауқымы мен тереңдігі арасында тепе-теңдіктің сақталуы (сондай-ақ қараңыз: Harper, 2018: 97–8, 110). Хенсен секілді жалғыз өзі жүріп зерттейтін этнографтарға қарағанда, әрине, Буравой мен оның шәкірттері сияқты -әртүрлі орталарды зерттеу кезінде көп мәселе туындай бермейді.

Зерттеу ортасы мен кейстер

Зерттеу ортасын таңдауды зерттеуге арналған *кейстерді* таңдаумен шатастырмау маңызды, өйткені олар әртүрлі болуы мүмкін. Айырмашылыққа мән бермейтін кездер болады, себебі зерттеу ортасы кей кездері өздігінен бар объект ретінде қарастырылады. Осылайша Чикаго мектебінің әлеуметтанушылары 1920 және 1930 жылдары өз қалаларының әртүрлі жерлерін зерттеп, оларды қазіргі қоғамның дамуы нәтижесінде пайда болған «табиғи аумақтар» ретінде қарастырды (қараңыз: Rock 1979: 92). -Әлеуметтанудың басқа контекстінде салыстырмалы түрде жабық топтардың немесе «қауымдастықтардың» үлгілеріне ұқсас үндеулер жасалды. Бұрын антропология дәстүрі шағын қоғамдар мен жергілікті қауымдастықтарды («ауыл» секілді) -зерттеуге ерекше көңіл бөлген. Бұл және осыған жақын «қауымдастық зерттеулерінің» дәстүрі көбінесе

жергілікті қоғам туралы гемайншафт тәрізді көзқарасқа сүйенеді, онда қауымдастықтың ішкі тұрақтылығы мен салыстырмалы түрде айырмашылығы және өзіне тән айрықша мәдениеті ерекше атап көрсетіледі. Алғаш рет либериялық тігіншілерді антропологиялық тұрғыдан зерттеу арқылы дайындалған «практик-мамандар қауымдастықтары» туралы қабылданған тұжырымдама (қараңыз: Lave және Wenger, 1991) бұл тенденцияның дамуына түрткі болуы мүмкін. Дегенмен маңыздысы сол – зерттеу орталарының табиғи құбылыс емес екенін есте сақтаған жөн: олар тұрақты мәдени анықтама мен әлеуметтік стратегиялардың көмегімен қалыптасады әрі сақталады. Сонымен қатар олардың шекаралары белгіленбейді, бірақ қайта анықтау және келіссөздер арқылы белгілі бір дәрежеде ауысып отырады, сондықтан оларды, жұмсартып айтқанда, анық емес дейміз (Nadai және Maeder, 2005). Қазіргі уақытта мобильді цифрлық технологияның көптеген адамның өміріне қаншалықты енгенін ескерсек, адамдар өзара әрекеттесетін орталарда өзгелермен жиі, тіпті- тұрақты «байланыс» құрады.

«Ортаны зерттеу» туралы айтудың өзі қате екенін түсіндіретін тағы бір себеп – кез келген жер туралы толық ақпарат беру мүмкін емес. Біз бір нәрсені сипаттағанда әрқашан таңдау және қорытындылау критерийлеріне сүйенеміз. Осылайша, негізінен, сипаттауға бағытталған зерттеулердің өзінде зерттелетін кейстің орналасқан ортасында изоморфты болмауы да маңызды. Зерттеу ортасы – кез келген көзқарас тұрғысынан зерттеуге болатын, сан алуан құбылысты жүзеге асыратын контекстер; ал жекелеген кейс – белгілі бір көзқарас тұрғысынан ғана қарастырылатын құбылыстар жиынтығы, ол зерттеу сауалдарының жиынтығынан тұрады. Осылайша кез келген зерттеуде ортаның кейбір ерекшеліктеріне мүлдем мән берілмейді, ал кейбір жекелеген бөліктеріне кеңірек контексте көңіл бөлінеді; тіпті аса маңызды құбылыстардың ерекшеліктеріне ешуақытта маңызын жоймайтындай қарауға болады.

Кейстердің ауқымы бойынша айтарлықтай өзгеруі мүмкін екенін айта кеткен жөн. Бір жағынан, қарастырылатын кейс Лейк және т.б. авторлардың (Lake және т.б., 2015: 64) «күнінің бірнеше минутын бір пациентімен өткізетін медбике туралы» жазбасындағы аяғы қатты зақымданған, диабеті бар ер адам мен медбикенің 10–15 минуттық қарым-қатынасы туралы деректер секілді жергілікті және қысқа өзара әрекеттестіктің бір бөлігі болуы мүмкін. Екінші жағынан, зерттелетін кейс Воганның (Vaughan, 1996, 2004) NASA туралы зерттеуі секілді бірнеше жылға созылып, көптеген ортаны қамтуы мүмкін.

Оған қоса, кез келген ортада зерттеуге қатысты бірнеше кейс болуы мүмкін. Мәселен, әртүрлі сыртқы бағалаудың орта мектептегі оқытуға әсерін зерттеу кезінде зерттелетін кейстер ретінде мектептердің өзі емес,

арнайы курстар қарастырылды (Scarth және Hammersley, 1988). Керісінше, кейде кейс зерттеу ортасының аясында болмауы мүмкін, сондықтан Оседжо (Осејо, 2014: ix) Нью-Йорктегі барларды зерттеу барысында анықтағандай, оларға қатысты маңызды аспектілер туралы ақпарат жинау үшін барлардың аясынан шығу қажеттігі туындайды. Ол былай деп жазады:

«Бірнеше жыл бойы Миланды зерттедім. Барларға жиі барып тұрдым, тұрақты клиенттер мен бармендерді жақсы танытын болдым. Кейін ешқашан көрмеген бардың ондаған «қамқоршысын» кездестірдім [...]. Алайда бардың ішіндегі адамдар мен әрекеттерге көбірек назар аударған сайын, оның сыртқы қалалық контексіне ынтыға түстім. Мен клиенттердің үш түрін анықтадым: біріншісі – қалада гетто аудандарымен жаман аты шыққан көрші Боуэриде тұратын және бірнеше жылдан бері барға келіп тұратын қарт адамдар; екіншісі – көпшілігі ауданды абаттандырудың алғашқы кезеңінде көшіп келген немесе сол ауданға жиі келетін тұрақты жас клиенттердің тобы; үшіншісі – жақында көшіп келген немесе сол аудандардан алыс тұратын, барға сирек келетін жиырма-отыз жастағы, тіпті одан да жас клиенттер».

Джейкобс (Jacobs, 1974) түрмедегі еркектер арасындағы қылмыстық топты зерттегенде, осындай ұқсастықтарды тапты: түрмеде қылмыстық топтардың қалай пайда болғанын және қатарына жаңа мүшелерін тарту үшін жасалған олардың сыртпен байланысын зерттеу өте қажет.

Еш зияны жоқ болып көрінгенмен, зерттеу нысаны мен орталарын зерттеудің натуралистік тұжырымдамасы зерттеуге арналған жағдайдың аспектілерін жүйелі және анық таңдауға, сондай-ақ теориялық қорытындының шеңберінен шығуға кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ зерттеу ортасын қалыптастыратын және сақтайтын процестерді елемеуге, олардың арасындағы коммуникациялық және басқа байланыстарды, оның ішінде бірін-бірі алмастыратын «нақты» және «виртуалды» тәсілдерді көзге ілмеуге әкелуі мүмкін. Осыдан анық көрінгендей, зерттелетін кейсті немесе кейстерді табу және анықтау процесі зерттеу мәселесін нақтылаумен және талдау жасаумен қатар жүруі керек.

Кейстер және жалпылау

Этнографиялық жұмысқа байланысты жиі туындайтын шектеулердің бірі мынада: әдетте өте аз кейс, бәлкім, бір кейс зерттелгендіктен, нәтижелердің «репрезентативтілігі» әрдайым күмән тудырады. Бұл, мысалы, әлеуметтік зерттеудің моделі ретінде әлеуметтік сауалнаманы

алатындар тарапынан айтылатын кең таралған сынның бірі (Small, 2009). Бұған жауап ретінде -этнографтар және басқа да сапалық зерттеу мамандарының көпшілігі өз мақсаттарының «жалпылау» екенін жоққа шығарды. Линкольн және Губа (Lincoln және Guba, 1985:110): «бір ғана жалпылау бар: ол -да жалпылаудың жоқ екені» деп мәлімдеген болатын, сол секілді Абу-Луход (Abu-Lughod, 2006:475) антропологтар мен басқалар бұл заттануды қамтиды деген негіздемені алға тарта отырып, мәдениет тұжырымдамасының қолданылуына қарсы шығады, оның орнына «ерекше этнографиямен» айналысуды ұсынады.

Алайда этнографтар көбінесе ашық болмаса да, жасырын түрде жалпылаумен *айналысады* (Hammersley, 1992: ch5). Кейде этнографиялық зерттеу *шынымен* қызықтыратын кейспен байланысты болады, ол кезде жалпылау басты -мәселе болмайды. Мұны белгілі бір бағдарлама немесе саясатты жүзеге асыруды көздеген кейбір тұжырымдамалық зерттеулерге қатысты айтуға болады (Patton, 2015). Сонымен қатар оны Ұлыбритания парламенті туралы Крюдің (Crewe, 2005, 2015, 2016) зерттеуіндегідей бірегей, кеңінен танымал және ықпалды зерттеулерге де айтсақ болады. Алайда этнографтар, жалпы алғанда, осындай сипаттамалары жоқ орталардағы кейстерді зерттейді. Оған қоса, зерттеушілер әдетте оларды құпия ұстайды, бұл дегеніңіз олардың мақсаты жалпы білім қалыптастыру екенін білдіреді.

Сонымен, осындай жалпылау – этнографиялық зерттеу мақсатының бір бөлігі. Кей кездері салыстырмалы түрде көп кейс зерттеледі, бәлкім, бұл бас жиынтыққа дейін жалпылауға -айтарлықтай негіз болуы мүмкін. Осылайша Стронг (Strong, 2001) екеуі Ұлыбританияда, біреуі АҚШ-та, жалпы саны үш ауруханада педиатр кеңесіне байланысты мыңдаған кейсті зерттеді. Бұл ерекше жағдай болды, сол себепті кез келген жалпылаудың жарамдылығына қатысты мәселе күрделене түсті. Сонымен қатар мәселені шешу үшін әртүрлі стратегияларды қолдануға болады (Small, 2009; Maxwell және Chmiel, 2014; Emmel, 2013; Rapley, 2014). Зерттеудің бірде-бір түрі -жалпылау мүмкіндігіне қатысты мәселелерді толығымен шешпейтінін есте ұстаған жөн: мысалы, әлеуметтік сауалнамаға көп адамның жауап бермеуі кедергі келтіреді, эксперименттер экологиялық тұрғыдан жарамдылығына қатысты мәселелермен бетпе-бет келеді. Этнографияда «-жалпылаудың жоқтығына» байланысты оның сыншылары мұны жиі ұмытып кететін сияқты.

Басқа салалардағыдай, этнографияда да жалпылау мәселесінің шешілуі белгілі бір мақсатқа байланысты. Іс жүзінде бар немесе болашақта болуы ықтимал кейстердің шектеулі жиынтығын жалпылауға бола ма? Әлде, дұрысы, репрезентативтілікті қамтамасыз ететіндей іріктеуге келмейтін

тиісті кейстердің шексіз болатынын болжайтын теория әзірлеу немесе оны тексеру керек пе? Екеуі де заңды.

Шофилд (Schofield, 1990) шектеулі жиынтыққа дейін жалпылау мақсатында кейбір стратегияларды сапалық зерттеулерде қолдануға болатынын атап өтті. Процесс барысында ол іс жүзіндегі жиынтыққа дейін жалпылау (мысалы, сол жиынтықтың репрезентативін анықтауға тырысу), болашақта әдеттегі болып көрінетін нәрсені зерттеу (мысалы, қазіргі өзгерістерге қатысты кейстерге назар аудару арқылы), сондай-ақ ненің әдеттегі нәрсеге айналуы *ықтимал* екенін зерттеу (мысалы, таралуы ықтимал жаңа оқиғаларды зерттеу) арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Сонымен бірге осындай жалпылаудың қиындықтарын атап өтеді (әсіресе бір өлшемге тән нәрсе басқаларға тән болмауы мүмкін). Ол сондай-ақ осындай жалпылау негізін қалыптастырудағы көпнысанды зерттеулердің ролін ерекше атап көрсетеді.

Егер ресми статистикалық мәліметтерде немесе басқа зерттеулерде бар болса, олардың тиісті сипаттамаларын мақсатты жиынтық туралы ақпаратпен салыстыра отырып, зерттелетін кейстің немесе кейстердің қаншалықты қарапайым екенін бағалауға болатынын ерекше атап өткен жөн. Осылайша Солтүстік Ирландиядағы -эртүрлі дін өкілдері арасындағы неке туралы зерттеуінде Ли халық санағы деректерінің арнайы кестесі мен олардың сипаттамасын салыстыра отырып, жұптардан жасалған «жентек қар» іріктемесінің (snowball sample) репрезентативтілігін тексеруге тырысады. Оның жасаған іріктемесі «көбінесе балалары жоқ және білім деңгейі салыстырмалы түрде жоғары, жас және жаңадан отау құрған жұптарға деген біржақты пікірдің бар екенін» ортаға салды (Lee, 1992:133). Солтүстік Ирландия шарттарында жағдайы қиын жұптарға қол жеткізу мәселесі туындауына байланысты, ол іріктемедегі қателікті түзете алмаса да, мұны өз талдауында ескерді.

Тіпті кейде этнографиялық тұрғыдан зерттелетін кейстердің қарапайымдығын бағалау мақсатында ақпарат жинау үшін халықтың іріктемесіне кішігірім сауалнама жүргізуге болады. Осылайша Моффат Ратгерс университеті студенттерін зерттеу барысында олардың кәсіби дайындығының қандай деңгейде екеніне баға беру үшін сауалнаманы пайдаланып, оның нәтижесін ұлттық зерттеу нәтижесімен салыстыра білді (Moffatt, 1989:331). Екінші бір мүмкіндік – аз кейс таңдап, оларды тереңдетіп зерттеу және оны басқа кейстер туралы жеңіл-желпі ақпаратпен біріктіру. Мысалы, Сколник (Skolnick, 1966) құқық қорғау органдары туралы зерттеуінде бір қалаға -назар аударғанмен, зерттеу қорытындысын жалпылау ықтималына тексеру үшін басқа қаладағы органдарға да қысқаша зерттеу жүргізді. Кішігірім масштабта Мак Дермот (McDermott, 2018) нәсілдік сыңаржақ пікір білдіруге жол берген немесе түрткі болған

факторларды анықтау үшін жағдайларды жүйелі түрде салыстырып отырды. Бұл стратегиялардың ешқайсысы әдетте толығымен нақты дәлелдер бере алмайды, дегенмен нәтижелердің -жиынтық үшін қаншалықты дұрыс болуына байланысты бір түсінік қалыптастыруы мүмкін: бұл натуралистік немесе *қалыпты* жалпылау деп аталатын нәрсеге ұқсайды (Payne және Williams, 2005; сонымен қатар қараңыз: Larsson, 2009).

Теория дайындау және оны сынау мәселесі қозғалған жағдайда кейстерді стратегиялық тұрғыдан іріктеу маңызды орын алады. Оның әртүрлі формасы болуы мүмкін (Emmel, 2013). Соның бірін Глейзер мен Стросс (Glaser және Strauss, 1967) «теориялық іріктеме» деп атады. Бұл авторлардың басты міндеті – теория жасау және оны әрі қарай дамыту, олар кейстерді таңдау өзара байланысты категориялар мен категориялардың қасиеттерін мүмкіндігінше көбірек шығаруға, сондай-ақ олардың арасындағы қатынастардың пайда болуына септесуге арналған деп тұжырымдады. Олар бірін-бірі -толықтыратын екі стратегияны ұсынды: белгілі бір категорияның негізгі қасиеттерін ерекшелеп көрсету үшін кейстер арасындағы айырмашылықтарды мейлінше азайту; кейін басты категорияларға қатысты қасиеттердің қанықтығын арттыру, категорияларды біріктіру және теорияның қолданылу аясын шектеу үшін кейстердің арасындағы айырмашылықты мейлінше көбейту. Мысал ретінде ауруханада өлім аузында жатқан науқастардың өлімнен хабардар болу контексін келтіреді:

Әртүрлі медициналық қызмет көрсету орталықтарына бару былай жоспарланды: алдымен науқастардың хабардар болуын мейлінше азайтатын қызметтерді көргім келді (сондықтан бірінші шала туған балаларға арналған орталыққа, кейін науқастар көбінесе комада болатын нейрохирургиялық қызмет орталығына бардым). Одан кейін қызметкерлер тарапынан болсын, пациенттер тарапынан болсын, өлімнің боларына деген болжам көбірек және өлім тез болатын жағдайда өлімді қарастырғым келді, осылайша интенсивтік терапия және реанимация бөліміне шолу жасадым. Келесі кезекте, медициналық қызметкерлер шарасыз аурулардың өлім аузында екенін білетін, бірақ науқастар сенуі де, сенбеуі де мүмкін жағдайды қарастырдым, бұл кезде өлім бірден келмейді, процесс баяу жүреді. Сондықтан онкологиялық аурулар орталығын қарастырдым. Одан кейін өлім күтпеген жерден, әрі тез болатын жағдайларды қарастыру үшін жедел-жәрдем қызметіне бардым. Әртүрлі қызмет түрлерін қарастырдық және сол қызмет түрлеріне бірнеше ауруханаға барып шолу жасадық. Осылайша- қызмет түрлерін жоспарлау жалпы тұжырымдамалық кесте (хабардар болу, күту және өлім көрсеткіші),

сондай-ақ болжанбаған мәселелерді қамтитын тұжырымдамалық құрылым арқылы жүргізілді. Тексеруді қажет ететін нәрселерді тексеру немесе бастапқы кезеңде жіберілген олқылықтарды түзету үшін кейде үздіксіз зерттеудің алғашқы екі немесе үш не болмаса төрт аптасынан кейін қызмет көрсету орталықтарына қайта ораламыз.

(Glaser және Strauss, 1967: 59)

Осындай кейстерде теориялық идеяларды *сынау* кезінде стратегиялық таңдауды қолдануға болады. Мұндағы мақсат – теорияларды салыстырмалы түрде қатаң сынақтан өткізетін кейстерді таңдау. Мысал ретінде Харгривз, Лейси және Болл жүргізген Ұлыбритания мектептеріндегі оқу бірізділігі туралы зерттеуді келтіруге болады (Hargreaves, 1967; Lacey, 1970; Ball, 1981; сондай-ақ қараңыз: Abraham 1989, 1995). Олардың айтуынша, мектептің оқушыларды академиялық және мінез-құлық ерекшеліктері бойынша бөлуі (қабілетіне, үлгеріміне қарай сыныптарға бөлу немесе біріктіру арқылы) олардың мектепті жақтаушы және мектепке қарсы субмәдениеттерге бөлінуіне себеп болады. Өз кезегінде, бұл субмәдениеттер оқушыларының мінез-құлқын іштей және сырттай қалыптастырып, оқудағы жетістіктерінің деңгейіне әсер етеді. Алғашында бұл теория үш түрлі орта мектептің мысалында әзірленіп, сынақтан өткізілді. Кейстердің бірінде гимназия мектебі таңдалды, себебі сол мектептің оқушылары бастауыш сыныптан бастап мектеп құндылықтарын берік ұстанады, зерттеу барысында мектепке деген қарым-қатынас, үй ішіндегі жағдай және т.б секілді жіктелу процесіне арналған өзара бәсекелес түсіндірмелердің негізіндегі айнымалылар ішінара бақыланып отырды (Lacey, 1976). Болл Beachside Comprehensive туралы зерттеуінде оқушыларды мектеп ішінде қабілетіне қарай бөлу емес, қабілеті әртүрлі балаларды топтастырудың әсерін зерттейді (кейбір факторлар тұрақты болып қала береді), бұл өзгеріс топқа бөлудің әлсірегенін көрсетеді. Бұл зерттеу тізбегінен ішінара «аса маңызды» кейстерге назар аудара отырып, жалпы теориялық қорытынды шығару үшін салыстырмалы әдісті пайдаланудың көрнекі мысалын көріп отырмыз²⁸.

Кейстерді таңдау кезінде қолданылатын стратегия зерттеу барысында өзгеріп отыратынын айта кеткен жөн. Зерттеудің бастапқы кезеңінде кейстердің қайсысы -таңдалғаны аса маңызды болмауы мүмкін.

²⁸ Зерттеудің осы тізбегінде қолданылатын теория мен сынау процесін әрі қарай талдау үшін қараңыз: Hammersley, 1985. Салыстырмалы талдауда кейс-стадилерді қолдануда кездесетін мәселелерді талдау үшін қараңыз: Gomm et al. 2000; Gerring, 2007a and b. Салыстырмалы әдісті әрі қарай 8-тарауда талқылаймыз.

Ол кейін айтарлықтай маңызға ие болады. Бұл алғашқы шешімдердің қайта қаралуы мүмкін екенін білдіреді. Клатч өзінің оңшыл саяси ұйымдардағы әйелдер туралы зерттеуінде төрт ұйымды салыстыра отырып, «төрт жолақты кестеден» бастағаны туралы баяндайды: екі ескі оңшыл топ және екі жаңа оңшыл топ; екі «діни» және екі «зайырлы ұйым». Алайда ол көп ұзамай бірқатар қиындықтарға тап болды.

Дәлірек айтсақ-, ол алғашқы зерттеу дизайны үшін таңдалған ұйымдар іс-жүзінде зайырлы -және діни бағыттар деп бөлінбегенін анықтады [...]. Сонымен қатар көптеген діни немесе отбасы құндылықтарына бағытталған топта белсенді «үй шаруасындағы» әйелдердің типі [...] «мен мейлінше зайырлы консервативтік топта белсенді «мамандық иесі» болып жүрген әйелдер типі [...] арасында қалыптасқан жалпы заңдылықты байқадым» деп жазады. Ең соңғы дизайнда терең сұхбаттарға, іштен бақылауға және оңшыл бағыттағы әдебиеттердің мәтіндік талдауына сүйенуді жалғастырдым, дегенмен әйелдерден тұратын белсенділер арасындағы вариацияны арттыру үшін консервативтік топтарды көбірек тарта отырып, іріктемені кеңейттім, осылайша оңшыл топтардың арасындағы ауқымды бөліністі жақсы түсінуге мүмкіндік алдым (Klatch, 1988:75).

Бұл мысал зерттеуге арналған кейстерді таңдауға қатысты болсын, басқа тұрғыдан болсын, этнографиядағы зерттеу дизайнының үздіксіз процесс екенін растайды. Нәтижесінде зерттеу мәселесі мен таңдалған кейстер арасындағы сәйкестік жиі бақылануы керек.

Кейстің ішінен іріктеу

Зерттеу үшін кейстерді таңдау – этнографиядағы іріктеудің жалғыз формасы емес. Кейстер *ішінен* іріктеу де сол секілді маңызды. Ең кемінде, мұны, мысалы, Лейк және т.б. (Lake және т.б. 2015) қысқаша оқиғаларды зерттеуі немесе Стронгтың (Strong, 2011) педиатриялық кеңес туралы зерттеуіндегідей, егжей-тегжейлі зерттеуге келетіндей көлемді кейстерге қатысты айтуға болады. Әдетте қайда және қашан бақылау жүргізу керек, кіммен сөйлесу керек және не сұрау керек, сондай-ақ нені және қалай жазып алу керек деген сауалдарға қатысты шешім қабылдануға тиіс. Бұл процесте зерттеуге алынған кейске ненің қатысы бар, ненің қатысы жоқ екенін ғана шешпейміз, сонымен қатар бөлшектен тұтасқа қарай жалпылауды көздей отырып, қолжетімді деректерді іріктеуді жүзеге асырамыз. Көбінесе бұл іріктеме мұқият жүргізілген талқылаудың нәтижесі бола бермейді: шын мәнінде, зерттеудің алғашқы кезеңінде қандай кейс(тер) зерттелетіні туралы түсінік толық қалыптаспағандықтан, сондай-ақ ол кейс(тер) туралы ақпарат әлі де жиналып жатқандықтан,

іріктеменің нәтижесі туралы айту мүмкін емес. Дегенмен процестің соңында кейс туралы деректер тиісті түрде іріктелуін қамтамасыз ету мақсатында және кейс шеңберінде қате жалпылауға әкелуі мүмкін кездейсоқ алынған іріктемені көрсету үшін қолданылатын кез келген критерий мүмкіндігінше нақты және жүйелі болуы керек. Кейс ішінен іріктеме алудың үш басты өлшемі бар: уақыт, адамдар және контекст.

Уақыт

Уақыт туралы ойлаған кезде, ең алдымен, үш аспектісі бар зерттеу жұмысының кестесіндегі айырмашылықты білуіміз керек: жалпы, зерттеу орнында қанша уақыт өткізу керек, нысандарға қаншалықты жиі барып тұру керек, әр баруымыз қанша уақытқа созылады? Антропологиядағы бұрынғы нормалардан айырмашылығы сол – бүгінгі этнографиялық жұмыстардың көпшілігі зерттеушінің бір немесе бірнеше жыл бойы күн сайын бір зерттеу ортасында болуын немесе оған -қатысуын қажет етпейді, оның орнына кей кездері қысқа уақыт мерзімінде мейлінше нақты және жиі деректер жинап тұруды қарастырады. Мерфи көше қиылысындағы тоқаш сататын дүкенде үнемі кездесіп тұратын қарт адамдар туралы зерттеуінен бір мысал -келтіреді:

«Төрт жылдан астам уақыт бойы дерек жинаудың басты кезеңдерінде Steve's Donut Shop дүкеніне аптасына үш-төрт рет барып, сол жерде шамамен бір сағатқа жуық уақытымды өткіздім. Тоқаш дүкенінің сыртындағы далалық зерттеулер аз жүргізілгенмен, оның жиілігі мен ұзақтығы шамамен бірдей болатын».

(Murphy, 2017:115)

Зерттеу орнындағы уақыттың жалпы ұзақтығына қатысты айтарлықтай айырмашылық -дәстүрлі антропологиялық далалық зерттеулер мен «блицкриг», «бағытталған» немесе «жедел» этнография арасында байқалады (Millen, 2000; Knoblauch, 2005; Wall, 2015). Сонымен бірге зерттеу нысанына барудың жиілігі мен қарқындылығына қатысты Джеффри мен Троман (Jeffrey, Troman, 2004: 538) үш түрлі режимді бөліп көрсетті: «қысқа» («қарқынды этнографиялық зерттеудің қысқа кезеңінде зерттеушілер зерттеу нысанында тұрақты түрде өмір сүреді, бұл бірнеше күннен бір айға дейін созылуы мүмкін»); «таңдаулы және үзіліспен» (ұзақ уақыт бойы әлсін-әлсін, бірақ қысқа стратегиялық дала зерттеулері жүргізілгенде) және «қайталанбалы» (бұл кейбір кезеңдерді жүйелі түрде қамтуға бағытталған дала зерттеулерін қамтиды).

Бұл режимдердің соңғысы деректер жинауды жоспарлауды уақыт құрылымына қалай бейімдеу керектігін және қандай да бір жағдайда

болатын әрекеттер тізбегін қалай құрылымдайтынын көрсетеді (Dalsgaard and Nielsen, 2015). Зерубавель, ауруханалар мысалында көрсеткендей, осындай құрылымдау күрделі болуы мүмкін.

Науқастардың ауруханадағы өмірі шеңберінде талқыланатын уақыттың әлеуметтік аспектілерінің тізімі шексіз деуге болады: науқастардың ауруханада болу мерзімінің уақыт құрылымы; уақыт пен кеңістік арасындағы қатынас; дедлайн және жоспарды бөлу стратегиялары; аурухананың әртүрлі бөлімшелері арасындағы уақыт қатынастары; ұйымдастыру уақытының аурухана қызметкерлерінің ауруханадан тыс өміріне әсері және т.б. (Zerubavel, 1979: xxi).

Уақыт қоғамдық өмірде аса маңызды аспект болып көрінгенмен, ол көбінесе еленбей жатады. Зерттеу жұмыстарын жоспарлау ұстанымдар мен қызметтердің әлеуметтік теория үшін маңызды екенін ескере отырып, уақыт құрылымдарына назар аударуға тиіс (Dawson, 2014; Dalsgaard және Nielsen, 2015; Elliott және т.б. 2017). Шынымен, мұны есепке алмау жалған қорытынды жасауға әкелуі мүмкін. Берлак және т.б. (Berlak және т.б., 1975) осы мәселеге қатысты көп жыл бұрын, 1970 жылдардың басында, жүргізілген «озық» ағылшын бастауыш мектептері туралы зерттеуінен мысал келтірді. Бұл мектептер туралы жазылған журналистік материалдар мен білім беру әдебиеттерінің көпшілігі мынадай әсер қалдырды: осы мектепте оқитын балалар не істейтінін, қашан және қалай істейтінін және оның қанша уақытқа созылатынын өздері шешеді. Дегенмен олар терең зерттеу жүргізу арқылы (Троман және Джеффри терминімен айтқанда, «қысқартылған» режимде) шындықтың мүлдем басқаша екенін білді.

Біз сәрсенбі күні таңертең мұғаліммен қысқаша сөйлескеннен кейін жеке-жеке жұмыс істеуге кеткен отыз баланы бақыладық: олардың кейбірі математикамен, басқалары орфографиямен немесе [әдебиетте көрсетілгендей] шығарма жазумен айналыса бастады. Біз сол күні таңертең мұғалімдердің әрекетінен балаларға не істеу керектігіне қатысты нұсқаулық бергенін байқамадық. Балалар өзі қызыққан нәрсемен айналысатындай көрінді. Дегенмен одан кейінгі бірнеше күн бойы, шамасы, сәрсенбі күні таңертең бақылаған мінез-құлықты түсіндіретін оқиғалар мен заңдылықтарды көрдік. Келесі дүйсенбі күні таңертең Томас мырзаның әрбір пән бойынша бір апталық жұмыс минимумын бекіткенін байқадық [...]. Келесі жұма күні таңертең әрбір баланың бір апта бойы орындаған жұмыстары жазылған «күнделіктерді» жинағанын көрдік. Демалыс күндері Томас мырза және (кейін анықтағанымыздай) кей кездері директор әрбір оқу үлгерімі журналын тексеріп, күнделіктерге «жақсы», «математикаға

мән беріңіз» немесе көңілге алаң тудыратын «маған келіп кетіңіз» деген жазу қалдырып отырды.

(Berlak және т.б.,1975: 218).

Франч және де Соуза (Franch, de Souza, 2015) бұл кейсте Бразилиядағы орта мектепке назар аудара отырып, мектеп өмірінің уақыт формасына жаңа бір талдау жасады. Сол арада Тьора (Tjora, 2016) рок-музыка фестивальдеріне тән уақыт циклдерінің маңыздылығын атап өтті. Екі кейсте де уақытты жоспарлау осындай жағдайларда зерттеу жүргізуге тікелей әсер етеді.

Зерттеу кезінде Берлак атап өткен қателіктерді болдырмау үшін не істеу керек екені туралы ойланып көрейік. Мысалы, жалпы қалалық аурухананың шұғыл медициналық көмек бөлімін қарастырайық. Бұл жерде кез келген терең зерттеу күндізгі немесе түнгі уақытқа және апта күніне сәйкес жұмыс пен белсенділіктің -әртүрлі моделін анықтай түсері анық. Жедел жәрдемге жүгіну мен сол қызметті көрсетудің сипаты да әртүрлі болуы мүмкін. Сенбінің түнгі уақыты дүйсенбімен салыстырғанда, -қабылдаудың мүлдем өзгеше көрсеткіштерімен және үлгілерімен ерекшеленуі мүмкін. Бұл бөлімдегі уақыт модельдерін зерттеу медбикелер ауысымындағы өзгерістерді де, жас дәрігерлердің арасында кезектің келуін де қамтиды. Осындай уақыт қиындықтары, мысалы, фабрикалар, барлар, кафелер, түрмелер, қарттар үйі сияқты басқа да зерттеу орталарында кездесуі мүмкін.

Сондықтан адамдардың, іс-әрекеттердің, көзқарастар мен оқиғалардың барлық түрін көрсетуге тырыссаңыз, уақыт вариацияларын жергілікті дәрежеде қамтуыңыз керек. Әрине, далалық зерттеулерді үздіксіз тәулік бойы жүргізу мүмкін емес, сол себепті белгілі бір мөлшерде уақытты да іріктеп, таңдау қажет. Зерттеу орнындағы уақыт модельдері туралы мәліметті назарға алып, осылайша басқаларының да ашылуына мүмкіндік бере отырып, Джеффри мен Троманның әртүрлі режимдерінің біразын қолдану қажеттігі туындауы мүмкін.

Зерттеуші қамту мәселесінен бөлек, аса маңызды уақыт мерзімі мен сәттерін анықтауы да ықтимал: мысалы, ауысымдар арасындағы өзгерістер жұмысты ұйымдастыруда және кейбір шарттарда ақпарат алмасуда шешуші рөл атқаруы мүмкін. Мұндай шешуші сәттерге ерекше назар аудару керек. Жоғарыда айтылғандарға ұқсас -пікірлер маусымдық немесе жылдық циклдер, жаңа ұжымды жұмысқа қабылдау секілді ірі масштабты уақыт өлшемдеріне де қолданылады; дегенмен уақыт пен ресурстарға шектеу қойылары анық.

Сонымен қатар күтпеген «төтенше оқиғалар» (апаттар, қақтығыстың басталуы, өте көп адамдардың келуі және т.б) болуы мүмкін, сондықтан этнографтың сол ортада болуы не болмауы – кездейсоқ нәрсе. Егер сондай оқиғалардың тікелей куәсі болса, оны зерттеуге мүмкіндігі болады; ал олай болмаған жағдайда, ақпарат берушілердің ретроспективті мәліметтеріне сүйенуі керек. Балаларды қорғау бойынша топтың әлеуметтік қызметкерлері туралы зерттеуінде әріптестерінің бірі жұмыстан шеттетілген кезде Ли (2014) ол жерде болмағандықтан, әріптесі (ресми нұсқауларға қайшы болса да) болған жағдайларды талқылау үшін Лиге телефон соқты.

Осы уақытқа дейін әдетте мекемелердегі және сол секілді жерлердегі далалық зерттеулерге қатысты мәселелерді айтып келдік. Ал мұндай уақыт аспектілері тым ресми емес деп анықталған далалық зерттеулерге қолданылуы мүмкін. Қала өмірінің заңдылықтары, «қоғамдық орындардағы қарым-қатынас», қоғамдық ортаны қолданудағы өзгергіштік және девианттық жүріс-тұрыс үлгілерінің барлығында уақыт өлшемдері бар: жыл мезгілдері, апта күндері, күндізгі және түнгі уақыт маңызды рөл атқарады. Мысалы, маусымдық фестивальдер мен карнавалдар, рәсімдер мен жоралғылар секілді ерекше оқиғаларға көңіл бөлу маңызды болуы мүмкін (Karferer, 2010; Symons, 2016), сонымен бірге күнделікті болып жатқан оқиғаларды бақылауды да ескерген жөн.

Сонымен қатар зерттеу жұмысын жоспарлау әрекеті уақыт құрылымы туралы болжанған білімге негізделгенін естен шығармауымыз керек, мұның сәтті болуы бұл жоспардың қаншалықты дәл құрылғанына байланысты. Сол себепті адамдармен дұрыс түсінісемін десеңіз, сонымен қатар қарым-қатынас құрудың этикалық себептеріне байланысты кейбір адамдарды күту, уақытты босқа жұмсау, адамдармен уақыт өткізу және т.б көбінесе қажет нәрсе болуы мүмкін (қараңыз: Mannaу және Morgan, 2015; Palmer және т.б. 2018; 4-тарауды қараңыз).

Адамдар

Әдетте ешбір орта қай жағынан алсақ та әлеуметтік тұрғыдан біртекті бола бермейді, сондай-ақ белгілі бір кейсте қарастырылатын адамдардың репрезентациясы іріктеуді қажет етеді (тиісті акторлардың жиынтығын жеткілікті деңгейде терең зерттеу мүмкін болған жағдайды ғана есепке алмағанда). Родригес (Rodríguez, 2014) қарттар үйіне қатысты бұл -мәселені: «Бұрын жүргізілген зерттеулерде онда жұмыс істейтін қызметкерлердің кейбір санаттары ескерусіз қалды» деп атап өткен болатын.

Адамдарды іріктеу кейде мейлінше стандартты «бір бет қысқаша мәлімет» негізіндегі демографиялық критерийлері тұрғысынан жүргізілуі мүмкін. Яғни нақты контекске байланысты адамдарды гендеріне, «нәсіліне», этносына, жасына, мамандығына, білім сапасына және т.б. -ерекшеліктеріне қарай іріктеуге болады. Осылайша, Патилло-Маккой қаранәсілді орта тап тұратын кварталдар туралы зерттеуінде сұхбат беретін адамдарды іріктеу кезінде әртүрлі жастағы топтар мен орта таптың әртүрлі бөлігін таңдап алуды жөн көрді, дегенмен жасаған іріктемесінде мобильді жастар бұл кварталдан көшіп кеткендіктен, олардан топ жасақтаудың мүмкін емес екенін де хабардар етеді (Pattillo-McCoy, 1999: 222). Дегенмен осындай жеке категориялар жаңа талдаулар мен бәсекелес теорияларға қатысты болғандықтан немесе халықтың неғұрлым көп бөлігінің репрезентациясын көрсеткендіктен ғана маңызды; олар әдетте анық аналитикалық маңызы бар басқа да категориялармен толықтырылуы керек. Осындай жаңа категориялар «қатысушылар арқылы анықталатын категориялар» немесе «бақылаушы арқылы анықталатын категориялар» болуы мүмкін (Lofland, 1976; Lofland және т.б 2006).

«Қатысушылар арқылы анықталатын категориялар» термині мүшелердің өзі қолданатын типтік белгілерді білдіреді, яғни олар – адамдардың типін анықтайтын «халықтық» категориялар. Олар адамдардың өзіне және өзгелерге қатысты әрекет етуінің негізі болғандықтан ғана маңызды емес. Сонымен бірге институттық рөлге ие болуы немесе бейресми айырмашылықты білдіруі мүмкін. Мысалы, Джилломбардо (Giallombardo, 1966) әйелдер түрмесі туралы зерттеуінде қамаудағылар қолданатын деген төмендегідей атауларды жазып көрсетеді: «тоқылдақтар», «қамаудағы полицейлер» және «жандайшаптар»; заңға бағынатындар, бұзақы әйелдер, қамаудағы етене жақын достар, түрмелес достар; делдалдар, дүкен ұрысы, сырттағы «қарауыл»; гомосексуалға айналғандар, лесбиандар, нәзік әйелдер, еркек-шора лесбиандар, түрме жезөкшелері, жылпос әйелдер, бұзылған әйелдер, уақытша партнерлер, «шиелер», пассив гомосексуалдар, құбылмалылар (яғни гомосексуалдық қатынастарда рөлін жағдайға байланысты өзгертіп отыратындар). Осындай атаулар «қамаудағылардың түрмедегі жағдайға жауап беру тәсіліне, сондай-ақ олардың басқа да қамаудағылармен және түрме қызметкерлерімен қарым-қатынасына», сонымен қатар сексуалдық бағдарына байланысты қолданылады (Giallombardo, 1966:270).

Керісінше, «бақылаушы арқылы анықталатын категориялар» – зерттеуге қатысты адамдар арасындағы айырмашылықты көрсету мақсатында зерттеушілер жасаған типтер. Мысалы, адамдардың қандай да бір жағдайға тап болу жолындағы немесе бейімделу кезіндегі айырмашылықтарды ерекшелеп көрсету үшін жасалатын типтерді

келтіруге болады. Әдетте осындай категориялар Сноу мен Андерсонның (Snow, Anderson, 1993: ch2) баспанасыз адамдардың күрделі типологиясына сәйкес қатысушылардың өздері жасайтын айырмашылықтарға негізделеді, дамиды және егжей-тегжейлі анықталады. Сол сияқты, Қытай автокөлік -зауыттары туралы зерттеуінде Чжан (Zhang, 2015) ұзақмерзімді келісімшартқа қол қойған, салыстырмалы түрде жоғары жалақы алатын негізгі қызметкерлер мен жалақысы төмен, әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізе алмайтын, күнде жұмысқа алынып, шығарылатын уақытша қызметкерлер арасындағы басты айырмашылықтарды атап көрсетеді. Чжан осы категорияның ішіндегі айырмашылықтарды тағы да тарқата түседі. Мысалы, уақытша қызметкер ретінде алынған, жалақысы ең төменгі көрсеткіштен аз, ешқандай әлеуметтік жеңілдіктер берілмейтін, сөйте тұра бұл тағылымдамасы тұрақты жұмысқа айналу ықтималдығы өте төмен студенттің жағдайын ерекшелеп көрсетеді.

Қатысушылар арқылы анықталатын категориялар мен бақылаушы арқылы анықталатын категориялар зерттеуге қатысы бар адамдардың арасындағы барлық вариацияны қамту мақсатында кейс ішінде -іріктеу жүргізудің негізі ретінде қолданылуы мүмкін. Әрине, бұл процесс аналитикалық идеяларды дамыту және деректерді жинау стратегиясымен тікелей байланысты.

Контекстер

Контекстегі өзгерістерді есепке алу уақыт пен адамдар арасындағы іріктеу секілді өте маңызды. Сондай-ақ кеңістікті мекенмен шатастырып алмау да маңызды. Радис (Radice, 2011:13) ең басында этнографтың ерекше, шектелген аумақ деп атап өткенін сол жердегі адамдар дәл солай қарастырмауы мүмкін екенін айтады. Шынымен де, «мекенді сезіну жағдайға тәуелді; -әртүрлі масштабта және әлеуметтік қызметтің нақты бір саласына қатысты туындайды». Басқаша айтқанда, ол кей кездері ойлағанымыздан да күрделі және өзгермелі. Бұл ортаның әлеуметтік құрылымы туралы жоғарыда келтірілген пікірімен үндеседі.

Кез келген ортада адамдар әртүрлі мінез-құлықты қажет ететін әртүрлі контекстер арасындағы айырмашылықты көрсете алады. Кейде олардың шекаралары нақты белгіленеді, тіпті бақыланады немесе мейлінше қорғалады. Бұл кеңістіктер қандай да бір топқа немесе адамдардың категориясына тиісті және (сол секілді маңызды) басқаларына тиісті емес деп анықталған -территориялар болуы мүмкін дегенді білдіреді. Кесіп өтуі қиын шекарасы бар елдер сияқты, адамдарды сыртқа

шығармайтын немесе ішке кіргізбейтін шағын масштабта қаруланған лагерьлер мен жабық қауымдастықтар болады.

Әрине, территориялар мен олардың шекаралары бұған қарағанда, дәл әрі анық болмауы мүмкін, дегенмен адам өмірі үшін сол секілді -маңызды болады (Low, 2017). Собх және Белк (Sobh және Belk, 2011) Катардағы әйелдердің үй ішіндегі өмірі туралы зерттеуінде мекендердің әлеуметтік тұрғыдан анықталып, қарастырылуын мәдениеттің көрінісі деп айтады; бұл бізге адамдар үшін ненің құнды екенін, неден қорқатынын, қалай көрінетінін, өздерін қалай көретініне қатысты көп нәрсе айтады. Басқаша айтқанда, мекендердің нақты бір бірегейлік немесе қарым-қатынасқа, діни немесе саяси сенімге, әлеуметтік статустағы айырмашылықтарға және т.б факторларға қатысты символдық мәні болуы мүмкін. Сонымен қатар дәл сол мекенді, бәлкім, тәуліктің әртүрлі уақытында оған басқаша қарайтын бір емес, бірнеше топ иеленуі мүмкін (Chevalier, 2015).

Сонымен қатар Гоффманның «сахна» және «сахнаның арты» арасында жасаған әйгілі айырмашылығы -сияқты, контекстер арасында да функционалдық дифференциация мен байланыс болуы мүмкін:

артқы орын немесе сахнаның арты осы қойылымға қатысты мекен деп анықталуы мүмкін, ол жерде қойылым қалыптастырған әсер -табиғи процеске әдейі қарсы қойылады [...]. Дәл осы жерде өзін мүлдем басқаша етіп көрсететін қойылымға мүлтіксіз дайындық жүргізілуі мүмкін; дәл осы жерде иллюзия мен әсерлер ашық құрастырылады [...]. Сондай-ақ костюмдер мен «алдыңғы планның» элементтері бір тексеріліп, дұрысталады. Бұл жерде топ дайындығын пысықтап, алдында отырған аудитория жоқ кезде біреуді қорлайтын сөздердің бар-жоғын тексереді; топтың қабілеті жоқ, әлсіз мүшесі қайта дайындалуға жіберіледі немесе сахнадағы қойылымнан алынып тасталады. Ал орындаушы болса босаңсып, өзін еркін ұстайды; алдыңғы қатардағы орнын тастайды, сахнадағы сөзін тоқтатып, кейіпкерінің бейнесінен шығады.

(Goffman, 1959: 114–115)

Гоффман бұл аргументін қонақүй -мейрамханаларынан бастап, кеме жөндейтін орындарға дейінгі көптеген ортаға сілтеме жасай отырып келтіреді.

Гоффманға сүйене отырып (1963), кеңістіктер мен оларды анықтайтын физикалық құрылымдар әлеуметтік драмаларда қолданылатын бутафория екенін есте ұстауымыз керек, басқа сөзбен

айтқанда, олар адамның іс-әрекетін қалыптастырғанмен, оны *анықтамайды*. Мысалы, мектеп мұғалімдерінің сынып ішіндегі мінез-құлқы ұстаздар бөлмесінде көрсететін мінез-құлқынан қатты ерекшеленетіні белгілі (Woods, 1979; Hammersley, 1980). Олар «ұстаздар бөлмесіндегі мінез-құлқын» мектептің басқа бөліктерінде, тіпті жергілікті бар секілді мектептен тыс жерлерде де көрсетуі мүмкін. Екінші жағынан, егер сырттан біреу келсе немесе сол жерде мектеп директоры болса, олар «ұстаздар бөлмесіндегі мінез-құлқы» дәл сол ортада көрсете алмауы мүмкін.

Контекстегі өзгергіштік бір кейс шеңберіндегі -көзқарас пен мінез-құлық туралы қате жалпылауға әкелмесін десек, зерттеу ортасындағы адамдар әрекет ететін контекстерді (олардың жай ғана нақты орын емес, сонымен қатар әлеуметтік құрылым екенін мойындай отырып) анықтауымыз керек, сонымен қатар зерттеу бағытына қатыстылардың барлығына іріктеу жүргізгенімізге сенімді болуымыз керек. Жоғарыда атап өткендей, осыны жүзеге асырудың бір жолы – нақты бір қатысушыларды нысанаға алу, олардың өмірі мен жұмысының бір бөлігін құрайтын әртүрлі контекстер арасындағы қозғалысын ұзақ уақыт бойы бақылау (қараңыз: McDonald, 2005; Trouille and Tavory, 2016; Wegerif, 2019).

Қорытынды

Ең нәтижелі деген орталар мен кейстерді таңдау немесе олардың ішінен ең дұрысын іріктеу зерттеушілердің қолынан әрдайым келе бермейді. Таңдағымыз келген кейстер белгілі-белгісіз себептерге байланысты зерттеуге жабық болуы мүмкін; тіпті олар ашық болған күннің өзінде қажет деректерге қол жеткізудің тиімді стратегияларын жасау қажеттігі туындайды. Дәл солай бақылағымыз немесе сөйлескіміз келген адамдарға, тіпті бір кейс ішінде іріктегіміз келген контекстерге (өзіміз қалаған уақытта) қол жеткізу мүмкін бола бермейді. Деректерге қол жеткізу – этнографиядағы өте қиын проблемалардың бірі, себебі жұмыс істейтін ортада зерттеушінің қолында билік бола бермейді, сондай-ақ адамдардың кезек күттірмейтін жеке басының мәселелері олардың ынтымақтасуына кедергі келтіреді. Келесі тарауда дәл осы қолжетімділік мәселесіне назар аударамыз.

3-тарау Деректерге қол жеткізу

Этнографияда деректерге қол жеткізу – өзекті мәселелердің бірі. Фельдман және т.б авторлар (Fieldman және т.б., 2003; vii) алда кездесетін қиындықтарды ойламаған көптеген зерттеуші үшін өте жайсыз «тосын сый» күтіп тұруы мүмкін деп есептейді²⁹. Ортнер (Ortner, 2010) Голливудтағы кино индустриясын зерттеген кезде анықтағандай, кей кездері деректерге қол жеткізуге мүмкін бе деген сұрақ туындауы мүмкін. Жалпы айтқанда, әрдайым тікелей бола бермесе де, зерттеу ортасына «жол табуыңызға» немесе зерттегіңіз келетін адамдармен байланыс орнатуыңызға болады.

Деректерге қол жеткізу мәселесі зерттеудің басынан өзекті болары анық, дегенмен деректерді жинау процесі кезінде де белгілі бір дәрежеде маңызын жоймайды. Мысалы, Сэмпсон мен Томас (Sampson және Thomas, 2003) кеме бортында далалық зерттеулер жүргізген кезінде кеме иелерінен рұқсат алу ең алғашқы қадам екеніне көзі жеткенін, ал капитанның тіпті ең маңызды гейткипер екенін айтады. Кемедегі өмірдің қатаң иерархиялық сипатта болуына қарамастан, бұл тіпті кеме компанияларының басқа мүшелерінің қажет деректерге қол жеткізуін қамтамасыз етуге жеткіліксіз болып шықты. Олардың сөзіне қарағанда, деректерге қол жеткізу мәселесіне қатысты келіссөздер жүргізу үшін кеме бортындағы толық жұмыс күніне тең уақытты сарп еткен (173 б). Дрейк пен Харви түрме зерттеушілерінің *күн сайын* түрме ішіне кіру үшін келіссөздер жүргізу мақсатында микродеңгейдегі қарым-қатынасқа түсетінін ерекшелік отырып, түрме этнографиясына қатысты дәл осыны айтады (Drake және Harvey, 2014:492; түпнұсқада ерекшеленіп алынған). Маццетти (Mazzetti, 2016; 306–307) айтып өткендей, Англиядағы өртке қарсы және құтқару қызметі туралы зерттеуінде бұрын қолжетімді болған ақпаратқа шектеу қойылуы мүмкін, тіпті уақытша немесе мүлдем тыйым салынуы да мүмкін.

Осылайша қажет деректерге қол жеткізуді іс жүзінде жетістік деуге болады. Бұл бәріміз күнделікті өмірде дамытуға бейім тұлғааралық ресурстар мен стратегияларға сүйенуді қамтитыны белгілі. Олардың қатарында кейде Джефферсон (Jefferson, 2015; 172) айтып өткен көндіру және шақырусыз келу де болады, дегенмен көбінесе маңыздысы – келіссөз жүргізу және сабыр сақтай білу. Деректерге қолжеткізуді қамтамасыз ету

²⁹ Фельдман және т.б (2003) кітабында, негізінен, институттардан гөрі, адамдарға қол жеткізуге бағытталған деректерді алуға қатысты жалпы пікірталас пен әртүрлі жобалардан алынған пікірлердің жиынтығы келтірілген. Харрингтон (Harrington, 2003) элеуметтік психологиялық теорияға, соның ішінде символдық интеракционизмге сүйене отырып, зерттеу ортасы мен адамдарға қол жеткізудің этнографиялық тәжірибесін тұжырымдауға ұмтылды.

тек қана практикалық тұрғыдан маңызды мәселе емес. Сондай-ақ ол теориялық тұрғыдан түсінуге және «туабітті ақылға» да байланысты. Сонымен қатар деректерге қол жеткізу жолындағы кедергілер мен оларды еңсеру жолындағы әрекеттердің өзі ортаның әлеуметтік жағдайынан және зерттеу нысанына алынған адамдар туралы түсінік береді.

Тотаның (Tota, 2004; 134) айтуынша, Болоньедегі теміржол бекетіндегі теракт құрбандарын еске алу шарасын зерттеу үшін деректерге қол жеткізу мәселесіне қатысты келіссөздер жүргізген кезде Болонье құрбандары ассоциациясындағы белгілі тұлғалар оны Италияның құпия барлау қызметінің агенті деп қабылдап, күдіктенген. Бұл жағдай бірден олардың үрейі туралы түсінік беріп, кеңірек айтсақ, олардың территориясында тұратын басқа тараптарды да көрсетті. Сол сияқты, Нокстың (Knox, 2001; 209) Солтүстік Ирландиядағы «тәрбиелеу мақсатында соққыға жығылғандармен» байланыс орнатуды қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізудің еш нәтижеге әкелмейтініне көзі жетеді, себебі құрбандар аталмыш ұйымдардан осыған жауапты қарулы топтармен байланысы бар деп күдіктенген. Оның орнына ең тиімді жолы пробация қызметінің инспекторлары арқылы хабарласу болды. Себебі бұл офицерлер «қоғамға қарсы әрекеттері үшін» қарулы топтар тарапынан жазаланған жастардың ісін де қарайтын еді. Тағы да деректерге қол жеткізуге қатысты келіссөздер бойынша талдау үшін маңызды болуы мүмкін келіспеушіліктер туындап, қарым-қатынас орнайды.

Әрине, дерекке қол жеткізуге қатысты келіссөздер кезінде этикалық мәселелерді де есте ұстаған жөн: мысалы, бастапқы (және одан кейінгі) рұқсатты алу мүмкін болса, кімнің рұқсатын *алу керек* деген мәселемен қатар, *кімнің* рұқсатымен алу керек деген мәселе де қойылады. Этика мәселесі көбінесе зерттелетін ортада бағынышты позицияда болатын адамдарға қатысты көтеріледі, мысалы: қызметкерлер, біреудің қарауындағы адамдар, балалар немесе қамаудағылар. Бұл жердегі мәселе әдетте гейткиперлердің олардың атынан сөйлеуінде болып отыр. Сонда әлгі адамдар зерттеуге қатысқысы келетінін немесе келмейтінін өздігінен шеше алмай ма? Фассин этнографтардың полицейлермен бірге қарауылдауға шыққанын айтады. Ол былай деп жазады:

«Әдетте офицерлер қарауылдауды жұмысының бір бөлігі ретінде қабылдауға тиіс, ал кейде бұл басшылық тарапынан міндет ретінде таңылады. Әрине офицерлер қасына адам қосуды әртүрлі қабылдайды, дегенмен олар ашықтан-ашық қастық ниет таныту басшылыққа жаға қоймасы анық екенін түсінеді».

(Fassin, 2017a; 35)

Сонымен қатар зерттеуші гейткиперлерден рұқсат алғаннан кейін (әсіресе биліктің иерархиялық құрылымы сақталған жерде) бағынышты

деп қарастырылатындардан рұқсат сұраса, бұл жағдай әлгі гейткиперлердің беделіне күмән келтіру секілді көрінуі мүмкін. Сондықтан практикалық және этикалық мәселелерді ескере отырып, алдымен жағдайды байыппен бақылап, сосын келіссөз жүргізу керек. Демек, есік ашылуы да, жабылуы да мүмкін.

Рұқсат алуға қатысты келіссөздерді жүргізген кезде зерттеудің мақсаты олар үшін маңызды, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін жариялаудың оларға тигізер әсері туралы адамдарға, яғни гейткиперлер мен басқаларға мәлімет беру - аса өзекті мәселелердің бірі. Адамдардың өз еркімен толығымен келісім беруі әрдайым мүмкін бола бермейді, тіпті кейде бұл этнографиялық зерттеулерде аса қажет (кейде мүлдем) болмауы мүмкін (Hammersley және Traianou 2012: 4-тарау; 11-тарауды қараңыз). Дегенмен бұл ақпарат немесе келісім беру төңірегіндегі мәселелер маңызды емес дегенді білдірмейді.

Далалық зерттеулерге кірісу

Рұқсат сұраған кезде қолданылатын бастапқы стратегиялар зерттеу үшін таңдалған ортаның сипаты мен адамдарға байланысты өзгеріп отырады. Салыстырмалы түрде бейресми орталар немесе топтар туралы айтар болсақ, зерттеуге қызығушылық туғызған жерге немесе белгілі бір адамдар тобы жиналатын жерге жай ғана бара салуға болады. Шынымен де, мысалы, біреу көше, қоғамдық көлік, парк немесе соған ұсқас мекендер секілді «қоғамдық» ортаны зерттесе, рұқсат алу мәселесімен ешқашан бетпе-бет келмейтіндей көрінеді. Иә, бұл пікірдің жаны бар, себебі әр адам қоғамдық орындарға еркін кіре алады. Мысалы, Мак Дермотт (McDermott, 2018; 189–190) Оңтүстік Каролина штатындағы Гринвилл қаласында мемлекеттік мекеменің күту залында бақылау жүргізеді. Ол тіпті ағылшынша білмейтін адамдарға берілген жауаптарды зерттеу үшін көмекшілерді пайдаланады (себебі соңғы кездері Латын Америкасынан келген иммигранттар саны артқан болатын). Тіпті сол ортаға ешқандай келіссөз жүргізбестен бару мүмкін болғанның өзінде, бұл зерттеу жүргізу үшін жеткілікті болмауы мүмкін. Мысалы, қоғамдық орындар әлеуметтік қарым-қатынас стильдерімен ерекшеленеді, оның ішінде Гоффманның (Goffman, 1971) «азаматтық елемеу» деп атағаны да бар. Бұл зерттелетін адамдардың өзгелерге қатты қызықпауын, көзіне мейлінше тура қарамауын, тіпті өздерінің физикалық тұрғыдан жақындауын да мейлінше қадағалауын білдіреді. Сондықтан да далалық зерттеушінің болып жатқан нәрселерге назар аударуы немесе қызығуы осындай нәзік қарым-қатынас ритуалын бұзуы ықтимал.

Қоғамдық ортадағы әрекеттердің көпшілігі тұрақсыз және өткінші екенін айта кеткен маңызды. Салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бақылау жүргізгісі келетін далалық зерттеуші «уақытты босқа кетіру» мәселесімен

немесе тұрақты түрде сол жерде болуының себебін түсіндіру мәселесімен бетпе-бет келуі мүмкін. Классикалық мысал ретінде Лод Хамфрестің (Humphrey, 1975) «шайхана клиенттері» (tearoom trade) туралы зерттеуін келтіруге болады. Бұл зерттеу – қоғамдық әжетханаларда жыныстық қатынасқа түсу үшін ер адамдардың басқа ер адамдарды іздеуі туралы. Оның айтуынша, осындай ортада бақылау жасау мүмкіндігіне ие болу үшін ол белгілі бір рөл ойнауы керек еді. Мәселен, ол қоғамдық әжетханаларға полиция келген жағдайда оларға алдын ала ескерту беретін «көзқұлақтың», сондай-ақ тыңшы және бақылаушының рөлін атқаруға тура келген. Стюарттың (Stuard, 2018:231) Скид Роуда көше сатушысының кейпіне енудегі алғашқы әрекеті сәтсіз болды деуге болады. Ол көрген-білгенін түртіп отырғанын жасыру үшін сөзжұмбақ шешіп отырғандай болып, газетті пайдаланды. Ал қасындағы сатушылардың бірі оған: «Ниггерлердің сөзжұмбақ шешпейтіні баршаға аян» [...]. Өтірігіңе береке берсін. Бұл – сенің осы жақтардан еместігіңнің айқын белігісі ғой», – деген еді.

Әрине, кейбір қоғамдық орталар адамдарға уақытын бос өткізуге қажетті жағдайды жасайды. Мәселен, Мерфи зерттеуінде көше қиылысындағы тоқаш дүкеніне жиі келетін егде жастағы ер адамдардың бос сандалумен уақыт өткізетіні айтылады. Ол адамдармен қарым-қатынас орнату арқылы ер адамдардың өміріндегі басқа аспектілерге жол ашқанын айтады:

Сөйтіп, Steve's дүкенінде сағат тоғызда кездесетін топпен жақыннан араласу әрі қарай өздігінен өрбіді. Сол топтың мүшелері тұрақты түрде әртүрлі адамдармен араласып, кейде «өзгелерді» үстеліне шақырғанмен, оларға «мен» секілді адамдарды, яғни еркек, ақнәсілді және бағдары айқын жандарды шақыру ыңғайлы. Алдымен бұл ер адамдарды тоқаш дүкеніндегі басқа үстелде отырып бақыладым, сосын бір-бірімізді көргенде сәлемдесетін болдық, бірнеше аптадан кейін аздап әңгімелесетін деңгейге жеттік. Бір күні Стив (тоқаш дүкенінің иесі) үлкен автотұрақтан өтіп, пошта жәшігіне барып келу үшін таңертең келетін тұрақты клиенттерінің көзінше мені «дүкенге жауапты» қылып қойды. Бұл Стивтің маған көрсеткен сенімі еді [...]. Сол күннен бастап кофемді «олардың үстелінде» ішу бұйырды. Сағат тоғызда жиналатын топтағы ер адамдарды жақыннан танығаннан кейін, кейде жергілікті мейрамханаларда, кейде олардың үйінде жеке-жеке түскі ас іше бастадым. Олардың тапсырмасымен әртүрлі жерге (ауруханаға, азық-түлік және тұрмыстық тауарлар дүкеніне) барып, үй ішіндегі әртүрлі жұмыстарды (аналогты телевизорды цифрлыққа ауыстыру немесе террасаға күннен қорғайтын шатыр орнатып беру және т.б жұмыстарды) істедім. Бос уақытымды да (туған күн кештері, велосипед тебу) олармен бірге өткізе бастадым,

кейде олардың үйлеріне бардым. Олардың күнделікті әлеуметтік өміріне тереңінен енген сайын, тіпті алдын ала ескертпестен немесе рұқсат алмастан, үйлеріне «соғып» шығатын болдым.

(Murphy, 2017; 114)

Дегенмен мұндай қоғамнан жырақтанған ортаға қабылдану оңай шаруа емес. Андерсон Чикагоның оңтүстік бөлігіндегі Jelly's Bar-ға кіруге рұқсат алу өте қиын процесс болғанын айтады, сөйтіп, ол жерге бару мен сол жерде болып жатқан әлеуметтік қатынастарға қол жеткізу арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Ол өзінің бірінші сапарын былай сипаттайды:

«Кіре салысымен барға келіп отырып, алғашқы сусыныма тапсырыс бердім, сөйтіп, өзіме тура болсын, жанама болсын, көптеген клиенттің назарын аударттым. Олар менен көзін алмай, даусын төмендетіп, тіпті бір-бірімен еркін сөйлесуін де доғарды, себебі барменге айтқан сөзімді ден қойып тыңдауға, тіпті сөйлегенімді бақылауға көшті. Олар мен туралы білгісі келді, бірақ өзім туралы ақпарат беруге құлықсыз болсам да, әнгіме барысында біраз жайттың бетін аштым [...]. Бармен сырамды әкеп берген соң, тура алдымдағы айнадан (тапсырысыңыз келгенде төлеңіз деген) белгіні көрген бойда, ақшаны бірден төледім. Төлеген ақымды қуана-қуана алды. Мен бұл жерге бірінші рет келіп тұрғандықтан, сырамның ақшасын бірден төлеуге тиіс едім, шамасы, тұрақты клиенттер болуы керек, айналамдағы адамдар бірнеше мәрте «қарызға» алып отырды. Бұл ережелердің мен секілді аутсайдерлерге арналғаны белгілі болды.

(Anderson, 2006; 40)

Осылайша зерттеуге болатын жеке тұлғалар мен топтар қоғамдық ортада қолжетімді болса да, олар зерттеушілерге я кез келген аутсайдерлерге оң қабақ таныта бермейді. Харпер (Harper, 2018:113–14) үйі-күйі жоқ кезбе адамдардың өмірін зерттегісі келген кезде дәл осындай проблемаға тап болды: әсіресе уақыт және шектеу негізгі факторлар еді.

Сонымен қатар Голдстайн (Goldstein, 2016) Боливиядағы бір қалашықтың көше сатушылары мен саудагерлері туралы зерттеуінде көрсеткендей, тіпті қоғамдық ортаның өзінде әртүрлі территориялар болуы мүмкін. Кейде сол территорияны бақылауында ұстайтындар зерттеушілерді жақсы қарсы алуы ықтимал. Мысалы, Уассерман мен Клер (Wasserman, Clair, 2010) баспанасыз адамдардың қайда жиналатыны туралы алдын ала мәлімет жинап, құлағдар болып, барған кезде оларды жақсы қарсы алған. Ал дәл осындай топты зерттемек болған Стьюарт (Stuart, 2018; 224) бастапқыда кәдімгідей қарсылыққа тап болды, ал кейін

бұның себебін түсінгенде, ол осы мәселенің шешімін таба алды. Мәселе сонда – ол өзін тым «жақсы» ұстаған, сол себепті де полицияның назарын аудартқан.

Уолфтың тәжірибесі көрсеткендей, шын мәнінде, кей кездері ара-тұра үзіліс берумен қатар, ұзақ уақыт бойы бір жерде болу бір нәрсеге қол жеткізгенге дейін аса қажет нәрсе екені байқалады:

«Эдмонтонда орналасқан Альберта университетіне Антропология бойынша оқуға жаңа түскен магистрант ретінде *Harleytribe*-ті зерттегім келді. Мақсатым байкерлердің заңсыз субмәдениет альтернативасын құруының негізінде жатқан механизм мен эмоцияларға инсайдерлердің көзқарасын түсіну болды [...]. Мен өзімнің Norton атты мотоциклімді дайындап, байкер киімін киіп, далалық зерттеулер жүргізуге бел будым. Заңсыз клубпен байланыс орнатуға жасаған алғашқы қадамым сәтсіздікке ұшыраудың аз-ақ алдында еді. Калгаридегі мотоцикл дүкенінде Kings Crew MC командасының бірнеше мүшесін кездестіріп, олармен бірге жүріп, араласуға ниет танытқанымды білдірдім. Алайда шыдамсызданып, тым көп сұрақ қойыппын, сөйтіп, жағдайды ушықтырып жібердім. Аутсайдерлер, тіпті байкерлер клубка кіруге асықпайтынын байқадым, ал шыдамсыз адамға бұл жол бірден жабылады».

Осыдан кейін Уолф жаңа мотоцикл сатып алып, не болса да тәуекелге бел байлап, жаңа топқа (Rebels) қосылуға қадам жасады. Барда отырған кезде оларды бақылап, жақындаудың жолын іздей бастағанын жазады:

Kingsway Motor Inn-де оларға қарама-қарсы отырып алып, ішімдіктерін тауыса келген Rebels тобын бақылап отырғанымда, бойымды үрей билей бастағанын түсіндім. Хэви-металл рок жанрындағы музыканың қатты дауысы жақсылап танысуды қиындатып жіберді, тіпті мүмкін қылмады десек те болады, ал темекінің көк түтінінің ішінде адамдарды тану мүмкін болмады, бардың бұрышындағы былғары күртешелердегі бассүйектің суреті ғана көрініп тұрды. Бейтаныс адам мұның барлығынан айналып өтер еді [...]. Сөйтіп, сыртқа шығып кеттім, егер Rebels-тің бірі келіп, «сені кім шақырды?» десе, қалай жауап беретінімді ойластыруым керек еді. Rebels MC тобындағы кішкентай Альберт бардан шығып, көлікті бір тексеру үшін автотұраққа қарай беттеген кезде, оған жақындаудың (немесе онымен танысудың) бес түрлі нұсқасын ой елегінен өткіздім. Мотоциклге сүйеніп тұрғанымды көріп, мені бір тексеруге келді. Біраз уақыт бойы кішкентай Альберт екеуіміз автотұрақта қалып, мотоциклдер және желмен

жарысып мотоцикл айдау және Харлей дәстүрі туралы әңгімелестік. Ол Rebel-дің ең мықты чопперін көрсетіп, клуб мүшелерінің көліктеріне жасаған бейімдеу жұмыстарын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Сөйтіп, мотоциклімді бір тексеріп, құптағандай бір дауыс шығарғандай болды да, Rebels отырған үстелге шақырды. Тұрақты түрде барда кездесіп, ішімдік ішудің арқасында олармен танысу мүмкіндігін алсам, олар да мені бағалап, тексеріп алу мүмкіндігіне ие болды. Клубқа жақын бола түсу үшін барлық байкер өтетін ұзын жолдың алғашқы бөлігінен өттім.

(Wolf, 199; 212–15)

Осылайша зерттегіңіз келетін адамдармен қоғамдық ортада байланыс орнату күрделі әрі ұзақ процесс болуы мүмкін. Уолфтың тәжірибесі сөзсіз қауіп-қатерге толы болды, оның тәжірибесі зерттеушіні тексеру процесін көрсетіп берді, яғни ол шын көңілмен келді ме, жоқ па, оған сенуге бола ма, жоқ па, зерттелген қызық па, әлде зеріктірірлік іс пе, пайдалы ма, әлде қажетсіз нәрсе ме деген сұрақтардың басын ашып берді.

Алғаш байланыс орнатқан кезде көбінесе көмекші маңызды рөл атқаруы мүмкін. Мысалы, Уолф үшін басында бұл рөлді кішкентай Альберт атқарды. Этнографиялық зерттеулер тарихына үңілсек, осындай мысалдар көптеп кездеседі. Соның ең танымалы – 1930 жылдардың соңы мен 1940 жылдардың басындағы Бостонның көше бұзақылары туралы Уайттың (Whyte, 1931) зерттеуіне көмектескен Док. Уайттың әдіснамалық қосымшасы аяқ астынан жасалған зерттеу дизайнының классикалық сипаттамасы болып есептеледі. Ал Докты кездестіруі оның дамуындағы маңызды фактор еді. Док Уайтқа достық қамқорлығын көрсетуге келісті және орынды жүріс-тұрыс ережелерін үйретті. Сол секілді, Либоудың (Liebow, 1967) «Таллиі» (Tally) оған кепіл болып, оны өз достары мен жақындарына таныстырып, қажет деректерге жол ашып берді.

Көбінесе сол рөлді этнографтардан гөрі, көмекшілердің өздері таңдайды. Тіпті этнографтың өзі осындай адамды іздегеннің өзінде сол адамдардың ара-тұра «өз-өзін таңдау» жағдайы кездесіп тұрады. Чеге мынадай мысал келтіреді:

Галуға келген күні жағажайда ойнап жүрген қызым мен інілерімді қарап отырған кезде Музамен таныстым. Ол бізге қарай келіп, әдеппен амандасып, әңгімеге тартты, сөйлесе келе, құмда отырған балалармен ойнады. Ол кенеттен өз отбасына қатысты мәселелерді және жағажайға неге келгенін айта бастады. Әңгімеміздің бағытын өзгертуге тырыспадым. Әңгіме барысында Еуропалық одақта тұратын бауыры мен бұрын жағажайда танысқан таныстары бар екенін айтты. Олардың барлығы

шетелдік ақнәсілді турист әйелдермен достасудың арқасында шетелге көшіп кеткенін түсіндірді. Сол кезде оның менің зерттеуші екенімнен еш хабары жоқ еді. Жағажайдан кетер уақытта оның осы аймақта жүргізілетін оқу-зерттеу жұмысына қатысты көмегі қажет екенін жеткіздім. Әйтеуір, алдағы уақытта осы жағажайда міндетті түрде кездесетінімізді білгендіктен, кездесуге қатысты қандай да бір жоспар құрмадық. Келесі күні жағажайдың басқа жағында серуендеп жүргенде тағы да кездестік. Оған өзімнің зерттеу тақырыбым туралы айтып, жағажайда жұмыс істейтін ер адамдарды зерттеуге ниетті екенімді жеткіздім. Ол сұхбатқа қатысушыларды табуда көмектесетінін шын көңілмен білдірді, сондай-ақ достарымен және жағажайдағы таныстарымен таныстыруға уәде берді. Осылайша «зерттеу алаңына оңай кіре салу» мен үшін күтпеген жағдай болды, себебі өз еркімен қатысушы немесе делдалды таппас бұрын бірқатар кездесу ұйымдастыратын шығармын деп ойлады. Музаның тез арада келісім беруін қалай түсіндіруге болады? Бұдан оған келіп-кетер пайда бар ма?

(Chege, 2015; 470)

Муза секілді көмекшілер кей кездері ақы төленетін және әртүрлі рөл атқаратын зерттеушінің ассистенттеріне айналады. Дженкинс мынадай мысал келтіреді:

Хасанмен бірнеше апта жұмыс істегеннен кейін оған апта сайын жалақы беруді ұсындым, осылайша ол менің тұрақты серіктесіме айналды. Алдымен ол маған төңіректегі елді мекенді көрсетіп, Кениядағы этностар мен саясат туралы тегін мәлімет беріп, гид және Кибериядағы басты информанттың қызметін атқарды. Уақыт өте келе оның рөлі күрделі бола түсті, себебі ол әр уақытта ассистент, гид, бірге жұмыс істейтін әріптес және дос бола білді. Ол жобаның практикалық және логистикалық мәселелерін шешу, Найробиден тыс жерлердегі зерттеу нысандарына сапар ұйымдастыру, қонатын жерді табу және әр аумақта жол көрсететін жергілікті жұмысшыларды жұмысқа тартумен шектелмей, сонымен қатар бірге жұмыс істейтін әріптестің де рөлін атқарды. Ол дерекке қолжеткізу және қауіпсіздікке қатысты мәселелерде кеңес бере отырып, зерттеу дизайнына байланысты пікірталастарға жиі араласа бастады; сұхбат берушілер ағылшынша емес, суахили тілінде сөйлегендіктен, сол тілде егжей-тегжейлі жеке мәлімет беретініне көзіміз жеткенде, ол аудармашы қызметін атқара бастады; сұхбат берушілермен қарым-қатынас орнатуда бастаманы

өз қолына алды, ал оның жартылай болса да, сол қоғамға тиесілі болуы және жарқын мінезі әңгіменің ашық әрі жеңіл болуына септігін тигізді; сұхбат барысында кездейсоқ сұрақтар қойып, өзінің аналитикалық үлесін қосып отырды.

(Jenkins, 2018; 5)

Көмекшілердің, ассистенттердің және информанттардың білімі мен тәжірибесі әртүрлі болады; этнографтарға олардың дәл осы қасиеті қажет болуы мүмкін. Мысалы, Боливиядағы базарда қауіпсіздік мәселесін зерттеген кезінде Голдстайн (Goldstein, 2016) зерттеу ассистенті ретінде кунг-фу саласының мастерін жұмысқа алған. Дегенмен олардың білімі мен тәжірибесіне қатысты ерекшеліктер кейде қолайсыздық пен қауіп төндіруі мүмкін. Мысалы, Сьерра-Леоне және Либериядағы соғыс кезінде және соғыстан кейінгі «фронттағы антропологиясында» (Hoffman және Tarawalley, 2014) Хоффманның көмекшісі және әріптесі (Тарауалли) бұрын Либериядағы соғысқа қатысқан ардагерлердің ірі контингентін қамтитын жауынгерлер тобы, яғни үкіметті қолдайтын Арнайы азаматтық қорғаныс күштеріндегі басты тұлғалардың бірі болатын. Сол уақытта ол сьерра-леонелік және либериялық жауынгерлерді екінші әскери жасаққа біріктірумен айналысты, кейінірек сол жасақ Либерия президенті Чарльз Тейлорды биліктен құлатты. Хоффманды алаңдатқан бірқатар мәселелердің бірі Тарауалли таныстырған әскерлерге қатысты этикалық сұрақтар болатын, яғни әскерлер қатысуға өз еркімен келісім берді ме, әлде жоқ па. Екінші мәселе: Тарауаллидің батыс зерттеушісімен байланысы оның саяси мақсатына сай келе ме, сонда бұл іске Хоффманның да қатысы бар болып шыға ма?

Демек, көмекшілер мен зерттеу ассистенттері қандай артықшылықтарды ұсынса да, олардың кейде зерттеудің құндылығына қауіп төндіретін жеке басының ерекшеліктері немесе мәселелері болады. Конс (Cons, 2014) Бангладештегі шекара маңындағы аймаққа немесе «анклавтарға» кіру барысында күрделі мәселелермен бетпе-бет келген кезінде Бангладештің ұлттық мұрағатында бір репортажға қажет мәліметтерді жинап жатқан жас, өте жүдеу репортермен кездейсоқ кездесіп қалады:

Ол өзін Сайфул деп таныстырып, қандай зерттеумен айналысып жүргенімді сұрады. Сөйтіп, шекарадағы саясат туралы қызу әңгіме басталып кетті. Бірқатар себепке байланысты Сайфул маған ерекше әсер қалдырды. Дакка университетінде халықаралық қатынастар бойынша магистрант ретінде анклавқа аз уақытқа келген. Осылайша ол сайлау алдындағы саяси дүрбелеңге орай бара алмаған жерлерім туралы тікелей дереккөзден мәлімет бере алатын болды. Ең

маңыздысы сол – ол бірден түсініп, жобамның эмпирикалық аспектілеріне ғана емес, теориялық және тұжырымдамалық аспектілеріне қатты қызықты. Қысқа әңгімелескеннің өзінде Сайфул әрі қарай зерттегім келген мәселеге қатысты сұрақтарды дәл тауып, қойып отырды, мысалы: бұл анклавтар мен ұлт және мемлекет туралы әртүрлі түсініктердің бір-біріне толығымен сай келмеуі, даулы аймақ ретінде олардың саяси және тарихи құрылымы, сондай-ақ сол жерлерде тұрмыстық жағдайдың ауыр болуы. Осының бәріне қоса, өзі бір тартымды адам болды. Маған ол дос деп атауға тұрарлық азамат секілді көрінді [...]. Карри қосылған тауық жеп отырған кезде Сайфулдан «анклавтарға барғың келмей ме?» деп сұрадым. Бір аптадан кейінгі, яғни сайлауалды харталдар (ереуілдер) уақытша тоқтаған кездегі сапарымыз күткенімізден де нәтижелі болды. Сапар барысында Сайфулға бауыр басып қалғанымды түсіндім, сөйтіп, бірден дос болып кеттік. Сайфул өткір жүзді, алғыр, сықақ-келемеждері өткір, мысқылшыл жігіт болатын, сонымен қатар көзбен көргенін есінде өте жақсы сақтайтын еді, байқағанымдай, билікке, көбінесе менің елімнің билігіне ешқандай құрметпен қарамайтын. Шекарадағы информанттармен сұхбаттасқан кезде бірге өте жақсы жұмыс атқардық, күндізгі жұмысымыздан кейін де пікірталасымыз жалғасын тапты, далалық зерттеулер кезінде түртіп алған ортақ жазбаларымызды дайындадық.

(Cons, 2014; 379)

Дегенмен жаңа көмекшімнің есірткімен байланысты күрделі мәселесінің бар екеніне көзім жетті, ал бұл жағдай әрі қарай жалғасатын әріптестігімізді қиындата түсті, ақыр соңында, әріптестігімізге нүкте қойылды.

Жоғарыда айтып өткендей, көмекшілер мен ассистенттер қоғамдық желілер мен жағдайларға жол ашып қана бермей, зерттеушіге сол ортаға сай болу үшін қалай киіну, өзін-өзі қалай ұстау қажеттігін үйретуде де маңызды рөл атқарады. Әрине, кей кездері зерттеушілер қалай болғанда да өздері ішінен табылатын орталарды зерттейді, мұны Алвессон (Alvesson, 2009) «өз үйіндегі этнография» (at-home ethnography) деп атады. Мұның артықшылықтары бар екені анық: деректерге қол жеткізуге қатысты келіссөздер әлі де жүргізілетінімен, этнографтың қолында зерттеуге қатысты базалық білімі мен қажет байланыстардың көп бөлігі болады. Маккензи (McKenzie, 2015; 4) өзі туып-өскен және әлі де тұрып жатқан Ноттингемдегі (Ұлыбритания) жұмысшы табына тиесілі жер меншігі - Сент-Эннс туралы зерттеуінде айтып өткендей, шынымен де сырттан келген зерттеушінің қажет деректерге қол жеткізе алмайтын кездері болады. Бұрыннан сол қауымдастық мүшесі және инсайдер ретінде кей

адамдармен жақсы қарым-қатынас құруға болғанмен, бұл жағдай басқа топтармен қарым-қатынас құруда кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар кей ортада аутсайдер болып көріну инсайдердің қол жетпеген нәрселерге қол жеткізуге жол ашуы мүмкін. Ал кімнің инсайдер, кімнің аутсайдер екені, жергілікті шарттарға сай, кей кездері нақты бір жағдайға, сондай-ақ әлеуметтік анықтамаға қатысты мәселе (Merton, 1972).

Балаларды қорғау жөніндегі мекеме туралы этнографиясында Ли былай дейді:

«Зерттелетін ортамен байланысы жоқ кәсіби маманның сол ортамен таныс болмауы қажетті мәліметке қол жеткізуге кедергі келтіреді. Тиісінше, бұл орта туралы терең білімі жоқ аутсайдер зерттеушімен салыстырғанда, менің статусым мазмұны бойынша бай, әрі айрықша болатын деректерді қалыптастыруға мүмкіндік береді деп сендім».

(Leigh, 2014; 429)

Ол өзін инсайдер деп санауының объективті себебі бар деп ойлайды: «шекара бақылауынан оңай өту үшін қолдана алатын төлқұжатыңның болуы инсайдер екенінді білдіреді» (2014; 430). Алайда деректерге қол жеткізу ойлағаннан да қиын болып шықты.

«Іс жүзінде алдымнан шыққан қиындықтар бұл салада орнатқан қарым-қатынасыма әсер етіп қана қоймай, өзім жұмыс істейтін мекемеге деген адалдығыма күмән келтіруге итермеледі, осылайша практик-маман ретіндегі кәсіби беделіме әсер етті, сондай-ақ бұлар шын мәнінде деректерге айналды» деп жазды.

(Leigh, 2014; 429)

Әрі қарай былай жалғастырады:

«Инсайдер болу ұйым ішіндегі барлық ақпараттан хабарым бар деген сөз емес, кей контексте микромәдениетімнің шеңберінде арнайы деректерден мүлдем хабарсыз болдым, сол салаларда өзімді инсайдерден гөрі, көбінесе аутсайдер ретінде сезіндім. Мысал ретінде менеджермен өткізген сұхбатымыздан үзінді келтірейін: жауап бергім келетін сұрақтарды қоюыңыз, әрине, қиын екен, бірақ сіз менің командалдағы практик-маман болғандықтан, әрі мен сіздің менеджеріңіз екенімді ойласам, бұл ақпаратты сізбен бөліспеуім керек» (далалық жазба, 19 қаңтар; 2012 жыл).

(Leigh, 2014; 430).

Деректерге қол жеткізу туралы ойлаған кезде міндетті түрде келесі «не нәрсеге қолжеткізу керек?» деген сауалды естен шығармауымыз керек. Зерттеу барысында қандай рұқсат қажет, оған қалай қол жеткізуге болады деген мәселенің шешімін табу керек, бұл мәселемен инсайдерлер де, аутсайдерлер де бетпе-бет келеді.

Гейткиперлер

Көп жағдайда деректерге қол жеткізу – осы уақытқа дейін талқыланған мысалдарға қарағанда, әлдеқайда ресми процес. Шекаралары институттандырылған, ол шекаралардан өту оңай болмайтын, тіпті бақыланатын орталар болады. Мысалы, ресми ұйымдардағы алғашқы келіссөздерде, әуелі, ұйымның ішінен немесе одан тыс жерлерден ресми рұқсат алуға көңіл бөлінеді. Кей кездері орта туралы немесе адамдар тобы туралы ақпарат бере алатын, сондай-ақ рұқсат алу процесін жеңілдететін тамыр-танысы бар адамдарды іздеу үшін жеке адамдарды немесе институттық байланысты пайдалануға болады. Касселдің (Cassel, 1988; 94) айтуынша, хирургтер туралы зерттеуіне қажет деректерге қол жеткізуге бағытталған қаншама еңбек босқа кеткеннен кейін, ең соңғы мезетте [...] бұрынғы күйеуінің досы бір ауруханада зерттеу жүргізуіне болатынын айтқан және сол кісі әлгі аурухананың бас хирургі болатын (және осы мәселеге қатысты хат жазып берді). Хо (Ho, 2009; 13) Уолл-стриттегі инвестициялық банкирлер туралы зерттеуін жүргізген кезде, өзінің әлеуметтік-экономикалық білімі мен тәжірибесіне және беделді университеттегі тамыр-таныстарына сүйенгенін айтады. Ол былай деп жазады: «Белгілі бір университеттер мен Уолл-стриттің инвестициялық банктері арасындағы институттық және элиталық «отбасылық» байланыстар маған Уолл-стритке жол ашып берді. Сол инвестициялық банктердің ішінде беделді университет түлектерінің Уолл-стритке барар өз жолы болатын».

Ұйымдарға кіруге рұқсат алу кейде күрделі бюрократиялық сатылардан өтуді қажет етеді, ал олар әрдайым этнографиялық зерттеулерді жүргізуге қолайлы бола бермейді.

Слоан мен Райттың айтуынша, қазіргі кезде [...] Англия мен Уэльстің түрме жүйесіне «ену» үшін жасалатын алғашқы қадам – бірыңғай NOMS қосымшасы арқылы немесе кешенді зерттеудің қолданбалы жүйесі арқылы Құқықбұзушыларды бақылау жөніндегі ұлттық қызметке (National Offender Management Service-NOMS) жүгіну. Әділет министрлігінің веб-сайтында «қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге болсын, біздің қызметіміздің нәтижелілігін арттыруға әлеуеті бар болса, NOMS зерттеушілерді қолдап, ынталандырады» деп жазылған. Жоспарлы зерттеу арқылы NOMS-қа көзге көрінерлік «пайда» әкелетін зерттеудің қажеттігіне қатысты қойылған талаптармен қатар, бәлкім, нәтижеге

бағытталған позитивистік идеал келесідей сценарийге әкелуі мүмкін: ешқандай шектеу қойылмайтын және зерттеудің түсіндірмелі әдісіне адал, сондай-ақ позитивизм қағидаларының құндылығы мен қажеттігін ашық мойындамайтын этнограф-зерттеушілер [...] осындай нақты мақсаты бар және басқаруға негізделген нәтижелерді беретін NOMS-тың зерттеуге қоятын талаптарын орындағысы келмейді, тіпті олардың орындауға ниеті де болмайды.

Одан әрі былай жалғастырады:

«Тіпті NOMS-тан рұқсат алған күннің өзінде әрдайым зерттеушінің еркінен тыс себептерге орай зерттеудің ойдағыдай жүргізілетініне ешкім кепілдік бермейді. Мысалы, төрт түрменің [рұқсат беру міндеті тапсырылған] үшеуі ғана мекемеге кіруге рұқсат берген. Төртіншісі түрмеге дыбыс жазатын құрылғыны әкелу керек деген [...] себеппен рұқсат бермеді».

(Sloan және Wright, 2015; 149).

Жоғарыдағы мысалдардан анық көріп отырғанымыздай, әдетте ұйымдарға кіруге рұқсат алу үшін ресми жолдармен келіссөздер жүргізу қажет болса да, жай ғана процедураларды сақтаумен мәселе шешіле қоймайды. Сонымен қатар кей кездері рұқсат алу үшін бірнеше гейткипермен келіссөз жүргізу қажет болуы мүмкін:

Мысалы, зерттеу жүргізу үшін UWA [Уганданың жабайы табиғатты қорғау басқармасы] және Уганданың Ғылым мен техника бойынша ұлттық кеңесінен (UNCST) ресми рұқсат алу талап етілді. Ғылым мен техника бойынша ұлттық кеңес – Угандада жүргізілетін зерттеу жобаларын қадағалауға жауапты үкіметтік мекеме. Институттық бақылау кеңесі секілді UNCST зерттеу дизайнының егжей-тегжейлі түсіндірілуін талап етеді. Сол секілді, Уганданың жабайы табиғатты қорғау басқармасының зерттеу және қадағалау департаменті ұйымға кіруге рұқсат алу және зерттеу саласына қол жеткізу мақсатында осындай өтініш білдіруді талап етеді.

Өтініш формасы берілгеннен кейін, диссертацияға қатысты комитет мүшелерінің бірімен бірге Уганданың жабайы табиғатты қорғау басқармасындағы таныстарымен ресми түрде кездесу үшін келдім. 2012 жылдың наурыз айында Кампаладағы UWA ұйымының штаб-пәтері мен Елизавета патшайым атындағы ұлттық парк арасында үш апта уақытымды өткіздім. Бұл сапардың бірнеше себебі болды: біріншіден, бұл зерттеуді мақұлдау процесін жылдамдатты, сондықтан зерттеу

жарнасын жеке өзім төлеуге мүмкіндік алдым. Екіншіден, Кампаладағы штаб-пәтерде және Катунгурудағы Елизавета патшайым атындағы ұлттық парктің штаб-пәтерінде басты гейткиперлермен жобаны талқылау мүмкіндігін алдым.

(Moreto, 2017; 445–6)

Институттық нормалар мен процедуралар қоятын талаптарды орындау кейде тіпті рұқсат берілгеннен кейін де зерттеу жүргізуді қиындатып жібереді. Әрі қарай жүрудің жолын табу тапқырлықты қажет етуі мүмкін. Мысалы, қазіргі кезде кей мемлекеттерде әсіресе мектептердегі зерттеулерге оқушыларды қатыстыру үшін ата-анасының рұқсатын талап етеді. Осылайша зерттеу фокусын (мүмкіндігінше) ата-анасы рұқсат берген балалармен шектеу үшін ғана оқушылардан ата-анасына келісім формасын беріп жіберу қажет, бұл этнографиялық зерттеулерде оңай жұмыс емес. Бұл жердегі мәселе осындай формалардың көбінің қайтарылмауында жатыр және мұның себебі ата-аналардың рұқсат беруге ниетінің болмауында емес, сол формалардың жоғалуында немесе балалардың ұмытып кетуінде. Жалпы білім беретін ірі қала мектебін зерттеген кезінде Хадсон бұл мәселені шешудің тиімді жолын (бәлкім, саяси тұрғыдан дұрыс болмауы мүмкін) тапты: ол ұтыс ойынын ұйымдастырды. Ойын ережесі бойынша, формасын (ата-анасы мейлі келісімін берсін, мейлі бермесін) қайтарған барлық оқушыға сыйлық ретінде McDonald's ваучерін берді (Hudson, 2004; 267).

Екінші бір мәселе сол – қажет гейткиперлерді анықтау әрдайым оңай бола бермейді. Тіпті ресми бюрократиялық мекемелердің өзінде кімнің рұқсатын алу керек, кімнің делдалдық қызметіне жүгінген дұрыс деген мәселеде айқындық болмауы мүмкін. Шынымен де, көмекшілер мен гейткиперлер арасында анық айырмашылық жоқ. Жергілікті қауымдастықтарды зерттеуге қатысты да дәл солай. Солтүстік Ирландиядағы зорлық-зомбылықты зерттеген кезінде Нокс бұл зерттеу әскери құрылымдардың растауын керек еткенін немесе, кем дегенде, оларды осындай далалық зерттеулердің жүргізіліп жатқаны және оның мақсаты туралы хабардар ету қажет екенін айтты. Оның айтуынша, олардың «рұқсатын» алуға екі қауымдастықтың (республикашылар және лоялистер) негізгі саяси өкілдерімен байланыс орнату көмектесті, бұл әрекеттер сырт көзге жұмысымыз барысынан хабардар болу үшін көрінгенмен, шын мәнінде, бейресми рұқсат алумен парапар еді (Knox, 2001; 212).

Франдсен (Frandsen, 2015) «күдікті» теміржол компаниясы туралы зерттеуінде анықтағандай, ресми шарттарда гейткипер позициясында болғанмен, олардың рұқсат беру құзыреті болмайтын жағдайлар да

кездеседі. Ол басшылықтағы және кәсіподақтағы басты тұлғалардың келісімін алды. Айтуынша, билет контролерлерінің жиырма өкілімен сұхбат жүргізуге рұқсат алумен қатар, пойызда олардың ізінен қалмай жүруге мүмкіндік туды. Дегенмен өзі зерттегісі келген адамдармен сұхбат жүргізу мүмкіндігі аз болды.

Ақпараттық кездесулердің бірінде жалғыз ғана билет контролерінің келісімін ала білдім. Кейін жазған электрондық хатында әңгімемізді біреу естіп қояр деген қорқыныштан, Е категориясындағы теміржол нысандарында емес, кафеде кездесуді қалайтынын түсіндіріп берді. «Егер теміржол бекетінде кездессек [...], онда кафеде «жасырынуымызға» болады. Ең қауіпсіз жол – осы,» – деген еді.

(Кристиан, 16 тамыз, 2012 жыл, Frandsen, 2015; 167)

Бас-аяғы небәрі жеті сұхбат өткізгенмен, бірде-бір бақылау жүргізе алмады. Дегенмен гейткиперлермен байланыс орнатуда жолыңыз болуы мүмкін:

Адамдардың маған деген көзқарасынан түйгенім: олар маған достық пейілмен қарады. Ауылда жүрген кезімде жолымда кездескен шаруалар әсіресе жермен байланысты мәселелерін айтудан тартынбайтын. Осылайша қайта-қайта тоқтап, олармен әңгімелесуімнің нәтижесінде ауылдың бір шетінен екінші шетіне жеткенше, кем дегенде, бір сағат уақыт кететін болды. Бұл жағдай Перудің кечуатілді аймағында жұмыс істеген антропологтардан алған мәліметтерге мүлдем қайшы болып шықты. Себебі олар сол жердің халқы қыңыр әрі сөзге жоқ деп жазған еді. Осының бір себебі – мені жақсылап таныстырғанында жатыр деп ойлаймын. Бір жағынан, мені ресми түрде таныстырған Ауылшаруашылық министрлігінің өкілі сенуге тұрарлық адам болды. Жұртшылық ол туралы: «Ол – жақсы адам, басқа шенеуніктер секілді бізді алдауға тырысқан жоқ», – деген оң пікірде еді. Екінші жағынан, мені прогрессивті католик шіркеуінің мүшелері таныстырды. Сондай-ақ біраз уақыт солармен бір ғимаратта тұрдым. Олар да еуропалықтар болып шықты. Шаруалардың оларды өздерімен бірдей санауы, ал мені олармен ұқсастыруы өте маңызды болды.

(Rainbird, 1990; 89)

Сонымен қатар достық ниет танытқан және ынтымақтасуға әзір гейткиперлердің өзі зерттеудің жүргізілуі мен әрі қарай өрбуіне әсер етеді. Қалай болғанда да, этнографтың алатын бағытына (кем дегенде, алғашқы кезде) бұрыннан бар достық пен дұшпандық қатынастар, территория және

шекаралар әсер етеді. Белгілі бір гейткипердің ықпалына түсіп қалған этнографқа тәуелсіз болу қиынға соғуы мүмкін, себебі зерттеу жұмыстары қолдау көрсететін жеке адамның немесе топтың әлеуметтік көзқарасымен шектеледі. Осындай әлеуметтік және жеке міндеттемелер зерттеудің кей бағыттарына кедергі болуы мүмкін. Осы және басқа да көзқарастар тұрғысынан алсақ, гейткиперлермен орнаған қолайлы қарым-қатынас кейін мәселеге ұласуы мүмкін.

Зерттеу ортасына кіруге рұқсат беріп-бермегеніне қарамастан, әдетте және әбден түсінікті болғандай, гейткиперлер ұйымның немесе этнограф суреттейтін қауымдастықтың сипатына алаңдаушылық танытады, олар әдетте өзінің немесе әріптестерінің жағымды жағынан көрінгенін қалайды. Бәрінен бұрын олар өзінің заңды мүдделері деп есептейтін нәрселерін қорғағысы келеді. Алайда олар зерттеуді өз мақсаттарында қолданғысы келуі мүмкін. Алкадипани және Ходжсон осы мәселені (Alcadipani, Hodgson, 2009) OneCo типографиясының RedPaper атты газетпен коммерциялық қарым-қатынас орнатуы туралы зерттеу кейсінде көрсетеді:

Мен RedPaper газетінің өндірістік директорымен, OneCo компаниясының басқарушы директорымен және OneCo-дың өндіріс басшысымен кездестім. Он бес минут уақытым кетті. Басқарушы директор ұсынысымды көргеннен кейін сол жерде қалағанымша қала алатыныма, сонымен қатар компанияның «жасыратын ештеңесі жоқтығын» айтып, мен үшін барлық нәрсенің ашық болатынына кепілдік берді [...]. Компания мен жеке адамдардың құпиялығын сақтауға және зерттеу нәтижелерімен таныстыратын пікір алмасу кездесуін өткізуге келіскен жағдайда академиялық мақсаттарда жиналған деректерді қолдануға рұқсат берілетіні айтылды. Ресми рұқсат алу келіссөздерін жүргізген кезде қажетті этикалық кепілдіктерді қарастырдым деп сенімді болғандықтан, зерттеудің сол кезеңінде ешқандай этикалық мәселелерді көрмедім. Алайда бұл кездесуден кейінгі RedPaper газетінің өндірістік директорының: «Сенің сол жерге баратының қандай жақсы... Ендігі уақытта сен осы жобадағы менің көзім мен құлағым боласың, басқаша айтқанда, іштегі біздің адамымыз боласың» деуі қуанышымды су сепкендей басты десе де болады.

(Alcadipani and Hodgson, 2009; 134)

Гейткиперлер зерттеудің белгілі бір бағыттарының жолын бөгеу немесе далалық зерттеу жүргізушіні басқа жаққа бағыттау арқылы зерттеуге белгілі бір дәрежеде бақылау орнатуға тырысуы мүмкін. Богдан мен Тейлор бақылауын бастайтын уақытты белгілеу мақсатында уақытша қамау орнына хабарласқан жас зерттеушінің мысалын келтіреді:

Онымен сөйлескен түрме қараушысы балалар Хэллоуинге арнап ғимаратты безендіретіндіктен, ол сол күні немесе келесі күні сол жерге бармайтынын айтты. Содан кейін бақылаушыдан «болып жатқан оқиғаларды» тәуліктің қай уақытында көрген ыңғайлы деп сұрады. Бақылаушы әртүрлі шаралар мен әртүрлі уақыт аралығын бақылауға қызыққанын анық білдірудің орнына, саны шектеулі баламаның ішінен біреуін таңдауға мәжбүр болды.

(Bogdan және Taylor, 1975; 44–5).

Богдан мен Тейлор бұл жағдай жас зерттеушілерге кездесетін кедергі деп жазғанмен, көбінесе бұл тіпті тәжірибелі далалық зерттеуші үшін де өзекті мәселе болып қала береді. Бұл жағдайда этнограф күнделікті өмірдің қарапайым, күн сайын қайталанатын, бәлкім, зеріктіретін аспектілерінен іріктеме алуды қалайтынын, тіпті ұмтылатынын түсіндіруі қажет. Дегенмен мәселенің түпнегізі сонда, көбінесе аса өзекті мәселелер *бір көргеннен* қызықтырады. Мысалы, аумалы-төкпелі және өтпелі кезеңдерді гейткиперлер де, қатысушылардың өзі де мазасыз уақыт деп қабылдайды, сондықтан бақылаушыларды осы оқиғалардан алыс ұстағанды жөн көреді. Ал бұл жердегі мүдделер қайшылығы, бәлкім, осындай дүрбелең далалық зерттеуші үшін таптырмас қолайлы мүмкіндік туғызады деген фактіден туындауы мүмкін.

Гейткиперлер де көмекшілер секілді (шын мәнінде, зерттеуді ұйымдастырушы ретінде әрекет ететін адамдардың көпшілігі) этнографтардың бірегейлігі мен ниетінен күтетін үмітіне сай әрекет етеді. Мұның барлығы жиналатын деректің мөлшері мен сипатына әсер етуі мүмкін. Кей адамдардың зерттеу жобасы, әсіресе этнографиялық жұмыстан күтетін үміті алдамшы болуы ықтимал. Зерттеушінің бір-бірімен тығыз байланысты «сарапшы» және «сыншы» деген екі моделі көп кездеседі. Екеуі гейткипердің және ықтимал көмекшінің бойында ықтимал зерттеу салдарына және зерттеу жүргізу нәтижелеріне қатысты алаңдаушылық тудыру үшін бірге әрекет етуі мүмкін.

«Сарапшы» моделі бойынша әлеуметтік зерттеуші – көбінесе «мәселелер» мен оның «шешімдерінен» өте жақсы хабардар болатын немесе болуға тиіс адам. Деректерге қол жеткізуді көздейтін этнограф осындай тәжірибесінің бар екенін айтып, ұйымды немесе қауымдастықты «іріктеп алуды» көздейді деген болжам жасалуы мүмкін. Осылайша бұл көзқарас тікелей екінші бейне – «сыншы» бейнесіне әкеледі.

Гейткиперлер болса, этнографтардан олар бағалаушы ретінде әрекет етеді деп үміттенуі мүмкін³⁰.

Кей шарттарда осылай үміттенудің қолайлы жақтары болады. Тиімділікті арттыруға, тұлғааралық қатынастарды және жоспарлауды жақсартуға әкелетін сарапшылар тарапынан берілетін баға, кем дегенде, жоғарыда тұратындарды (дегенмен міндетті түрде бағынышты позициядағылардың емес) ашық қолдауына алады. Екінші жағынан, сарапшының сыни көзқараспен қадағалайтынын күту гейткиперлер мен басқалардың алаңдаушылығын туғызуы мүмкін. Тіпті зерттеу жүргізуге толығымен тыйым салынбаса да, болжағанымыздай, гейткиперлер зерттеушілерді өздері қалаған жағына қарай бағыттап жіберуі немесе маңызды деген салалардан алыс ұстауы мүмкін.

Сонымен қатар қабылдаушылардың зерттеушілерден қандай да бір «арнайы дағдыны» күтетінін ескерсек, этнографқа өзінің сенімді адам екенін дәлелдеу қиынға соғары анық. Осылай үміттену далалық зерттеушінің шынайы немесе әдейі жасаған білместігі және біліксіздігіне қайшы келуі мүмкін. Мысалы, Смигел (Smigel, 1958) адвокаттардың құқықтан хабары аз зерттеушілерді қабылдамай қоюға бейім екенін айтады, осы пікірді Йоханнессонның (Johannesson, 2017) тәжірибесі растайды: Швецияның көші-қон сотында жұмыс істейтін судьялардан сұхбат алу кезінде солардың бірі соттың қалай жұмыс істейтінін білмейтініне қатысты оның үстінен шағым түсірген. Этнографтар кейде *белсенді* болмағаны үшін көзге түсіп жатады. Мұның да қабылдаушылардың оларға оң көзбен қарауына кедергі келтіретіні заңды.

Әртүрлі контекстен қарағанда, адамдардың зерттеушілерге күмән келтіруі немесе олардан үміт күтуі деректерге қол жеткізуге кедергі келтіреді. Мұндай күмәнді далалық зерттеушінің өз әрекеті одан сайын күшейтіп жіберуі мүмкін. Мысалы, Баррет (Barret, 1974) Испания ауылының тұрғындары оның әрекеттерін қалай интерпретациялағанын білмейді. Яғни бейтаныс жанның бір нәрсені түртіп алып жүргені ауыл тұрғындарына қорқыныш сыйлайтыны ойына кіріп-шықпағанын айтады. Ол туралы тараған қауесеттің ішінде оның коммунистер жіберген жансыз, Орталық барлау басқармасының агенті, протестант миссионер, тіпті мемлекеттің салық агенті екені туралы сыбыстар болды. Осыған қатысты тағы бір мысал келтірсек, 1930 жылдардың соңында Бразилияда далалық зерттеулер жүргізген кезінде Ландеске жүгін көтерумен шектелмейтін «күші көп еркектерді ғана іздеді» деген айып тағылған еді. Зерттеу

³⁰ Кей кездері, әрине, этнографтар ресми түрде бағалаумен айналысуы мүмкін. Қараңыз: Shaw, 1999; Patton, 2015. Дегенмен бұл жағдайда да әрі сарапшы, әрі сыншының рөлінен аулақ болған жөн.

жүргізген кезінде әйелге тән әдет-ғұрып ережелеріне қатысты жергілікті қағидаларды бұзғаны үшін оған жезөкше деген айдар тағылған болатын (Landes, 1986; 137). Ойлағанымыздай, осының бәрі оның зерттеуіне кедергі келтірді және зерттеу нысанындағы адамдармен қарым-қатынасында қиыншылықтар тудырды. Қоғамдағы зерттеліп жатқан оқиғалардың салдарынан да зерттеушіге қатысты күдік туындауы мүмкін. Оуэнс (Owens, 2003) Занзибардағы саяси дағдарыстың кесірінен оған тыңшы деген айып тағылып, еш ескертусіз елден қуылғанын айтады.

Мак Гиоллабуй және т.б (Mac Giollabhuí және т.б., 2016) жасырын полицейлердің жұмысы туралы зерттеуінде былай дейді:

Офицерлер біздің жасырын қадағалау операцияларына қатысуымызды түсіндіру үшін (бірі ақылға сыйымсыз, екіншісі шындыққа жанасатын) екі негізгі гипотеза жасады. Біріншіден, мобильді қадағалауды жүргізуге тартылған офицерлер біздің сол бөлімшеге еніп, қызметтік міндеттерге немқұрайдылықты тексеру үшін жұмылдырылған Кәсіби стандарттар жөніндегі департамент офицерлері болуымыз мүмкін деген болжам айтты. Бұл күдік кейбір офицерлердің, әсіресе қадағалау тобының жас мүшелерінің қиялында мықтап орнап алды [. . .]. Дегенмен біз командаға сіңіскеннен кейін офицерлер күдігін сейілтп, болжамдарынан бас тартты. Ең шындыққа жанасатыны әрі біздің ойымызша, ең қауіптісі – бізді басшылықтың тыңшысы деп қарастырған гипотеза. Олардың күдіктенуі әбден орынды еді, себебі сырттан келген зерттеушілерге, яғни әскери емесерге әскери құрылымның ішіндегі ең құпия деген бөлімшеге кіруге рұқсат берілгені оларды ойлантып тастағаны рас. Біздің ойымызша, олардың бізді осылай қабылдауы, бір жағынан, уақытқа байланысты болды: зерттеу жүргізілген уақыт полиция бюджеті бірден қысқартылған кезеңмен тұспа-тұс келді. Сондықтан да кейбір офицерлер бізді қатаң үнемдеу кезеңінде шығынды азайтуға қатысты шараларды анықтаумен айналысатын, басқаша айтқанда, «мәселені шешуші» ретінде әрекет етушілер деп түйген. Күдіктің артуынан біздің сол жерге болуымызды офицерлер жақтырмай, бізге үрке қарайтын болды, бұл жағдай зерттеуіміздің сенімділігіне әсер етуі мүмкін еді [...].

(Mac Giollabhuí және т.б., 2016; 636–637)

Дегенмен гейткиперлер мен қатысушылардың берген жауабын шын мәніндегіден де негативті екен деп қате түсініп қалуға болатынын айта кеткеніміз жөн. Хасидтік еврейлер туралы кейсінде Шаффир:

«Мені дұрыс қарсы алмады деген күдігім өзімнің ішкі күмәнімнің нәтижесі еді: себебі мен бейтарап жауапты теріс жауап деп қабылдадым», – деп жазады. Қанша жерден адамдар зерттеуіме

қызығып, ынта білдіргенін қаласам да, көп адамға бәрібір секілді көрінді. Менің зерттеуім оларға әсер ете қоймады, олардың айналысатын бұдан да маңызды істері бар еді.

(Shaffir, 1991; 76)

Бұл немқұрайдылық сирек кездесетін жайт емес, тіпті бұл этнографтардың өзгелерге қалай қарайтынына байланысты шектен тыс алаңдаушылықты да білдірмейді.

Ашық па, жасырын ба?

Кей кездері лайықты деген гейткиперлер, бәлкім, қатысушылар да зерттеушілердің жолын бөгеп немесе зерттеуге қатаң бақылау орнатқысы келген кезде жасырын стратегияны пайдалануға тура келеді³¹. Мысал ретінде Калвидің (Calvey, 2017; 6-тарау, 2018) «есік алдындағы күзетшілер» туралы зерттеуін келтіруге болады. Егер оның зерттеуші екені белгілі болып қалса, оған кіруге тыйым салынуы немесе сол жердегі күзетшілермен қарым-қатынасына нұқсан келуі мүмкін деп ойлады, сондай-ақ оның жасырын стратегиясы жауап реакциясын мейлінше азайту және зерттеліп жатқан адамдардың өмір тәжірибесін кездейсоқ көруге мүмкіндік алуға қатысты «этноәдіснамадан» туындаған алаңдаушылығын ескере отырып, жасалды (Calvey, 2000; 46–47). Осылайша «есік алдындағы күзетші» болып жұмысқа орналасып, зерттеу жүріп жатқанын айтпастан, қызметтес күзетшілер мен клиенттерден дерек жинады.

Жасырын зерттеулер әрдайым зерттеу жұмысына аутсайдердің қатысуын қарастыра бермейді. Бұл зерттеулерді сол жағдайда қатысушы болып саналатын адамдар да жүргізе береді. Мысал ретінде Холдэуейдің (Holdaway, 1982) полиция туралы зерттеуін келтіруге болады. Қызметтегі офицер әлеуметтану мамандығын алу үшін университетке жіберілді, оқу аяқталған соң полиция қызметіне қайта оралуға тиіс болды және осы мәселе бойынша зерттеу жүргізуге бел буды (Holdaway, 1982; 63). Ол зерттеу ортасынан өте жақсы хабардар болатын, сондай-ақ рұқсат беретін гейткиперлерді де жақсы танытын еді. Сондықтан деректерге қол жеткізуге қатысты ашық түрде келіссөздер жүргізудің еш пайдасы болмас деген шешімге келді. Сол себепті зерттеуді жасырын жүргізді.

Алайда зерттеу ортасына қол жеткізу мүмкін емес деген пікірдің әрдайым негізі бар деу қиын. Кейде тас қамалдай көрінген кейбір орталардың белгілі бір мөлшерде қолжетімді болатыны белгілі болды. Мысалы, Холдэуей полицияны зерттеп жатқан кезбен шамалас уақытта Филдинг (Fielding, 1982) Ұлттық фронт, яғни әсіре оңшыл саяси ұйымнан сол ұйым туралы зерттеу жүргізу үшін рұқсат сұрап, зерттеуге рұқсат

³¹ Жасырын зерттеуге қатысты этикалық мәселелерді 11-тарауда талқылаймыз.

алды, сөйте тұра жасырын бақылау әдістерін де қатар қолданды. Сол секілді, бірнеше жыл өткеннен кейін Бэк (Back, 2004) нәсілшілдікке қарсы жұмыстарға қатысуына қарамастан, тағы бір оңшыл ұйым – Британ ұлттық партиясының жетекшісімен нәтижелі бір сұхбат жүргізу мүмкіндігі болғанын айтады.

Шынымен де, дерекке қол жеткізуге қатысты келіссөздерге келгенде, айтарлықтай белгісіздік пен қамту ауқымында айырмашылықтар болады. Шаффирге (Shaffir, 2009) Ташер хасидтік қауымдастықты зерттеуге қызыққанда, ол қауымдастық өздерін зерттеуге рұқсат бермейді деген болатын. Осылайша сол қауымдастықтың ішінен бір жұмыс тауып, жасырын зерттеу жүргіз деген кеңеске құлақ асып, сол зерттеуін жүргізді. Алайда оның жасырын рөлі зерттеуіне айтарлықтай кедергі келтірді, кеңседегі толық жұмыс күні мен зерттеуді қатар алып жүру қиынға соқты. Осылайша ол:

«Университеттегі міндеттеріме байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертация жазуым керек», – дегенді көлденең тарта отырып, ташерлік жұмыс берушілеріне жұмыс сағатын қысқартатынын түсіндірді. Диссертациям, бәлкім, бильярд залы туралы болатын шығар деп түсіндірдім. Раввин идиш тілінде: «Бильярд залы? Ол не?» – деп сұрады. Ташерлік хасидке айналмастан бұрын университет бітірген басқа бір адам: «Үстел үстіндегі шарлармен ойнайтын ойын», – деп бильярд залының не екеніне қатысты өз нұсқасын айтты да, маған қарай бұрылып: «Бұған бильярд залын қалай түсіндіремін? Ол ондай жерде ешқашан болып көрмеген», – деп сұрады. Кейін «бұл – қылмыстық топтарды қызықтыратын лас жер. Ол еврейлерге емес, дінсіздерге лайық жер», – деп нақтылай түсті³².

Екеуі бірден зерттеуден бас тартуым керектігін айтты, ал Раввин болса кенеттен: «Қарашы, сен бізді жақсы танысың. Неге біз туралы жазбасқа? Біз де саған көмектесер едік [...]. Айтып тұрмын ғой, бұдан тек ұтасың. Саған көмектесемін, осылайша сен де, басқалары да ұтады [...] Қашан бастағың келеді? Уақытты белгілейік», – деді. Қасындағы адам да сондай пікірде болғандай көрінді. Қатты таңғалып қалдым, дегенмен есімді жиып, бұл ұсыныс туралы ойланып көрейін, әрі қарай жалғастыру үшін келесі күні кездесейік деген ойымды байыппен жеткіздім.

Әрине, зерттеуді олар айтқандай жүргіземін деп айтуға ниеттендім. Алайда келесі күні түстен кейін екеуі де сөзінен айнып

³² Бір қызығы, Шаффир хасидтік еврейлерді зерттемес бұрын бильярд залдары туралы зерттеуін бастап кеткен еді, алайда әкесі «бильярд залын зерттеу беделді іс» дегенге сенбегендіктен, аталмыш зерттеуінен бас тартты (Shaffir, 2009; 212–213).

қалды [...]. Сөйтіп, ташерлер арасында далалық зерттеулер жүргізуге қатысты бірінші талпынысым осылай аяқталды.

Бірнеше жыл өткен соң ташерлердің дәл сол қауымдастығындағы жұмысым сәтті жүрді. Қауымдастықтың күнделікті жұмысына жауапты жаңа әкімшілер сол жерді барып-көруге қатысты айтқан ұсыныстарымды жерге тастамай, қауымдастықтың өміріне қатысты туындаған сұрақтарыма жауап беруге оң қабақ танытты. Өзімнің ғылыми қызығушылығымды ашықтан-ашық түсіндіріп бердім [...]. Бас әкімші «жасыратын ештеңеміз жоқ» деген сыңай танытты.

(Shaffir, 1985; 128–129).

Күтпеген жерден Чамблисс тікелей болса да, ұзаққа созылған ұйымдасқан қылмыс әлеміне ену процесін түсіндіреді, ол да зерттеуді жасырын жүргізу тәсіліне сүйенеді. Ол сөзін былай бастайды:

«Геттоларға, Сиэтлдің жапон, филиппин және қаранәсілділер тұратын бөліктеріне жүк көлігін жүргізушінің киімін киіп бардым [...]. Кафедегі бар үстелінде отырған кезімде бірнеше адамның артқы есіктен кіргенін байқадым». Арықша келген, жасы қырыққа таяу, бұрын жезөкшелікпен айналысқан, бір кездері нашакор болған, кейін өзім достасып кеткен даяшы Миллиден бұл адамдардың қайда бара жатқанын сұрадым:

Милли: Карта ойнауға.

Мен: Артқы жақта ма?

Милли: Иә, сол жерде олар покер ойнайды.

Мен: Ойнасам бола ма?

Милли: Әрине. Кіре бер. Әмияныға абай бол.

Тартынсам да, артқы есіктен үлкен бөлмеге кірдім, бөлмеде жасыл түсті киіз тәріздес матамен қапталған сегіз бұрышты жеті үстел бар екен. Адамдар бес үстелде бес карталы стад ойнап отырды. Ойын бөлмесінің менеджері бір орынды көрсетіп, кел отыр дегендей, ымдап шақырды. Даяшы қыз айтқандай, бүкіл ойын бойы әмияныма қараумен болдым.

Келесі апта бойы күн сайын келіп отырдым [...]. Ойын бөлмесінің менеджерімен және басқа да ойыншылармен сөйлесу барысында әрбір такси жүргізушісінің порнография, құмар ойындар, жезөкшелер және есірткіні көшенің қай бұрышынан табуға болатынын білетінін түсіндім. Сонымен басқа кафелерге, ойын бөлмелері мен барларға бара бастадым. Көп ойын ойнадым және жай ғана кездейсоқ әңгімелесудің өзінен көп ақпарат жинадым.

Бір аптаның ішінде рәкетирлердің өте жақсы ұйымдасқанына көзім жетті. Мәселе қалай және кімнің ұйымдастырғанын анықтау болды. Сол айдың отызында, Миллимен сөйлесіп отырған кезде, бір

адам (полиция қызметкері деп түсіндім) келіп, менеджердің офісіне қарай өтті. Миллиден бұл адамның не істеп жүргенін сұрадым:

Милли: Ол – ақша жинаушы.

Мен: Не?

Милли: Ақша жинаушы деймін. Төменгі қабатта отырған адамдар үшін ақша жинайды.

Мен: Солай ма?

Осылайша келесі екі айды әртүрлі ойындарда, порнографиялық дүкендерде немесе көшелерде танысқан адамдармен бейресми жағдайда әңгімелесумен өткіздім. Көп ұзамай тығырыққа тірелгенімді түсіне бастадым [...].

Сиэттлде ұйымдасқан қылмыстың жалпы көрінісін ашқандай болдым, бірақ оның жоғары деңгейде қалай жұмыс істейтіні әлі де жұмбақ болып қала берді. Бетпердемді ашатын уақыт келді деп шештім.

Өзім жиі баратын ойын бөлмесінің менеджерін түскі асқа шақырдым. Оны Вашингтон университетіндегі факультет клубына ертіп апардым. Бұл жолы мені қырынған, жейде киген және галстук таққан күйімде көрді. Барымды салып, ғылыми мақсат пен тәжірибе үшін ғана келгенімді айтып, неліктен оларды алдағанымды түсіндіріп бердім. Ол көмектесуге келісімін берді. Көп ұзамай телефон қоңыраулары келе бастады: «Түсінгенімдей, Сиэттлге қызығушылық танытыпсыз. Чарльз Кэрролдың қайнағасын тексеруді ойлап көрмедің бе?». Айлақта тұрған бос қойманың бірінде шынымен де құпия бір кездесу өтті.

Келесі он жыл бойы байланыстарымды кеңейтіп, мүмкіндігінше әртүрлі рәкеттік топтардың жұмысына араласа отырып, осы зерттеуді жалғастырдым. Осындай тақырыптарды зерттеуге деген ынтамның бар екенін және сенуге тұрарлық адам екенім белгілі болған сайын, «сөйлесуге» ұсыныстар көптеп келе бастады, тіпті баруға үлгермей қалатын кездер де болды.

(Chambliss, 1975; 36–38)

Жасырын зерттеулердің адамдарды алдауға қатысты этикалық мәселелерді көтеретіні рас, дегенмен, жоғарыдағы мысалдарда көрсетілгендей, әдіснамалық және практикалық мәселелер де болуы мүмкін. Егер зерттеушінің алдағаны мәлім болмаса, деректерге қол жеткізу мәселесі түбегейлі «шешіліп» қалуы мүмкін. Алайда Чамблисс деректі алу мақсатында рөлге енудің белгілі бір шектеулері болуы мүмкін дегенді айтады, әсіресе қажетті мәліметтерді алуда қиындық туады дейді ол. Бір кездері бір емес бірнеше рөлге ену арқылы бұл мәселені шешуге бағытталған талпыныстар жасалды. Петтингер (Pettinger, 2004) дүкендегі жұмыс туралы зерттеуінің алғашқы кезеңінде толық емес жұмыс күніне сатушы болып орналасты, бұл «сахнаның артында» болып жатқанды түсінуге мүмкіндік ашты. Дегенмен бұл толық ақпарат бермейтінін

түсінгендіктен, әрі осы деректерді толықтыру мақсатында сатып алушы ретінде жасырын бақылау жүргізді.

Бұл тұрақты түрде дүкендерге барып тұру, қанша адам жұмыс істейтініне шолу жасау, ол жердегі қызметкерлердің жынысы, этносы, шығу тегі, табы мен жасы, орындалған тапсырмалар мен кімнің орындайтынын анықтау секілді әрекеттерге жалғасты. Мен бақылап қана қоймай, оқиғаларға ықпал етуге тырыстым. Дүкендерде әртүрлі нормалар мен ережелердің бар екенін көріп, кез келген сатып алушы сияқты, клиенттерге арналған қызметті талап ету арқылы клиенттерге қызмет көрсетуді «сынап көрдім».

Қызметкердің рөліне ену әріптестері мен клиенттердің сынына ұшырамас үшін әрдайым белсенді болуды қажет ететінін айтады, сондай-ақ ол: «Ал сатып алушы ретінде менің «фланер» болуға толық мәдени еркіндігім болды (яғни айналаға қарап, шолу жасау әрекеті)», – дейді. Осылайша тұтынушының әлеуметтік рөлінде болу жаңадан мән беруі мүмкін деректерді жинаудың өзгеше бір формасы мен стилін ұсынды.

(Pettinger, 2004; 356)

Оның сатушы ретіндегі тәжірибесі сатып алушы ретінде жүргізген бақылауына, сөзсіз, әсер еткенін қоса кетейік.

Тіпті «жасырын» зерттеудің жүргізіліп жатқанын ешкімге айтпай, құпия сақтай білгеннің өзінде зерттеуші моральдық тұрғыдан ар азабын шегуі және қатты алаңдауы мүмкін, сондай-ақ оның бұл стратегияны қолданудан туындайтын шынайы қиындықтармен бетпе-бет келуіне тура келеді. Шаффир анықтағандай, толық жұмыс күні жұмыс істейтін адамның деректерді талдауы былай тұрсын, оларды жазып алып, өңдеуге де уақыты болмайды. Дегенмен зерттеу ортасындағы немесе сол ортамен байланысы бар адамдардың еш хабарынсыз жүргізілетін зерттеулер өте сирек кездеседі. Мысалы, Чамблисттің ұйымдасқан қылмыс бойынша және Харди-Биктің скайдайвинг туралы зерттеуінен көргеніміздей, көбінесе жасырын басталған зерттеу ақыр соңында ашық зерттеуге айналады (Hardie-Bick және Scott, 2017). Кей адамдар не болып жатқанынан хабарсыз болады, ал кейде ішінара болса да, сенімді деген адамдарға зерттеушілер өз құпиясын ашады. Мысалы, Лабари «ортақ басқарудағы факультет кеңесінің рөлі» туралы зерттеуін жасырын жүргізу арқылы өзінің «инсайдерлігін» қорғауға тырысқанмен, кеңестегі кейбір әріптестеріне қатысты жағдайды зерттеп жүргені туралы ақпаратты бөлісуді қажет деп тапты (Labaree, 2002; 98).

Дегенмен зерттеудегі ашықтық дегеніміз – зерттеу жүргізу үшін рұқсат керек пе, әлде жоқ па және кімнен рұқсат алу керек деген мәселе ғана емес, сондай-ақ келісім сұралған жағдайда зерттеуге қатысы барлардың бұл туралы не айтатыны. Кейбір мамандар зерттеудің мақсаты мен қолданылатын процедуралар толығымен және дәлме-дәл келтірілген зерттеу туралы анық мәміле жасап алуға кеңес береді және мұны, әуел бастан, әрі қарай зерттеуге қатысатын әрбір адаммен жасаған жөн дейді. Бұл әдетте адамның «өз еркімен келісімін» алу үшін аса қажет деп қарастырылады. Этнографиялық жұмыста мұны жасау әдетте қиын, тіпті мүмкін емес, ал кейде қажет те емес. Әдетте далалық зерттеулер барысындағы проблемалар мен жоспарлардың қалай өзгеретіні беймәлім болғандықтан, оған кімдерді қатыстыруға болатыны және ол адамдардың қатысуының салдары не болмақ, бұның бәрі о баста белгісіз болады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері белгісіз болғандықтан, оларды жариялау одан сайын дау туғызуы мүмкін. Сондай-ақ зерттеуші берген кез келген ақпарат зерттеліп жатқан адамдардың мінез-құлқына әсер етіп, зерттеу нәтижесінің жарамдылығына күмән туғызатындай жағдайға жеткізуі мүмкін деген қауіп бар. Мұның жүзеге асу ықтималы өте төмен деп айтылғанмен, бұл адамдарға жасалатын басқа да қысым түрлерінің кездесетінін ескерсек, жағдайдың ушығып кететін кездері де болатынына көз жеткізуге болады. Егер Фестингер және басқалары (Festinger және т.б, 1956) зерттеу нысанына алған ақырзаманға сенетін діни топтарды зерттеу мақсатымен және гипотезасымен таныстырған болса, сол зерттеудің дұрыстығына қатты нұқсан келер еді. МакДермоттың (McDermott, 2018) қоғамдық ортадағы нәсілдік сыңаржақ көзқарасты анықтау туралы зерттеуі де дәл солай болар еді.

Осыған қатысты тағы бір аргумент: зерттеу басталған кезде гейткиперлерге және басқаларға қандай мақсатыңыз бар екенін толығымен айтудың қажеті жоқ, олармен тез арада сенімді қарым-қатынас құра алмасаңыз, олар деректерді алуға рұқсат бермей қоюы мүмкін, ал далалық зерттеу басталып кеткеннен кейін осындай әрекеттерге бара алмай қалады. Уолф (Wolf, 1991) байкерлер туралы зерттеуін бастамас бұрын үш жыл бойы уақытын байкерлермен өткізген. Зерттеу туралы әңгімені содан кейін көтерген. Бұл – ерекше, сондай-ақ үлгі боларлық мысал. Ең бастысы – сенім. Зерттеуші адамдардың сеніміне кіруі үшін қауымдағы ақпаратпен жұмыс істей білуі, сондай-ақ зерттеу нәтижесін жариялаған кезде құпиялықты сақтауға қатысты уәдесінде тұра алуы керек, осыдан кейін ғана бұрындары жабық болып келген қақпалар ашылып, рұқсаттар берілуі мүмкін. Бұл аргументке сүйенсек, зерттеу басталған кезде түбінде қажет болуы мүмкін деректерге бірден толығымен рұқсат сұраудың қажеті жоқ, дегенмен далалық зерттеулер кезінде қарым-қатынас құрмайынша, деректерге рұқсат алудың ең шетін формаларын кейінге қалдыра тұрған

дұрыс, ал ненің шетін, ненің олай еместігіне қатысты ұйғарым әрдайым сенімді бола бермейді.

Дегенмен зерттеу жүргізуге қатысты келіссөздер кезінде басқа да көптеген әлеуметтік жағдайдағыдай, «бар шындықты жайып салу» әрдайым дұрыс, тіпті шынымен жүзеге асыруға келетін стратегия бола бермейді; сонда да этикалық себептерге байланысты, сондай-ақ мұның кейін далалық жұмыстарға салдары тимесін десеңіз, мүмкіндігінше алдап-арбаудан алыс болғаныңыз жөн. Гир америкалық колледждер туралы зерттеуінде айтып өткендей, кейін мәселелер туындамасын десеңіз, шынымен де гейткиперлер немесе көмекшілерден зерттеудің ықтимал салдарын мойындауды талап ету қажет болуы мүмкін.

Беделді колледж басшыларымен келіссөздер жүргізу барысында колледж имиджіне нұқсан келтіретіндей қандай мәселе бар екенін елестете алмағандықтан, зерттеуші көптеген қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін. Бұл жағдайда зерттеушіге әлсін-әлсін кездесіп тұратын нәрселерді түсіндіруге тура келеді [...]. Кейде колледж басшысын ғылыми серіктес ретінде жұмысқа тартуға болады. Оған ой-өрісі кең, тәжірибелі оқымысты ретінде қарап, зерттеу қауіпке толы болғанмен, сіздің колледжіңіз бұл мәселені қолға алуға қабілетті деп сендіру арқылы сол адаммен жұмыс істеуге болады. Осындай жолмен басшыларды жағдайдың ең жаманына дайындау қажет еместей көрінуі мүмкін, алайда бұл, бір жағынан, зерттеу аяқталған соң қолжазбаны көрген кезде туындауы мүмкін шокқа негіз дайындайды. Колледж басшылары еңбектің жарыққа шығуына кедергі келтіруге тырысуы мүмкін немесе зерттеушілер колледжді пайдаланып кетті және осындай зерттеулерге енді жол бермеу керек дегендей ой туындауы мүмкін. Алайда табысты зерттеу мәмілесін жасауға міндеттенген басшы зерттеу нәтижесін мақтан тұтуы әбден мүмкін.

(Geer, 1970; 83)

Осылайша рұқсат алуға қатысты келіссөздер жүргізу – тепе-теңдікті сақтауға бағытталған әрекет. Зерттеудің мақсаты мен жағдаятын ескере отырып, оның қазіргі де, кейінгі де пайдасы мен шығыны әрі этикалық және стратегиялық мақсаттары қанағаттанарлық, әрі сәйкес деп танылған кез келген тәсілге алмасылуы керек. Сонымен қатар зерттеу ілгерілеген сайын ненің дұрыс екеніне қатысты пайымдарды өзгерту қажет болуы мүмкін.

Қорытынды

Осы тараудың басында айтып және көрсетіп өткеніміздей, деректерге қол жеткізу мәселесі зерттеу ортасына енген кезде бірден шешіле қоймайды,

себебі сол жердегі қажетті деректердің бәріне қол жеткізуге қатысты ешқандай кепілдік жоқ. Зерттеу ортасының барлық бөлігі бақылауға теңдей ашық бола бермейді, алғашқы кездері кейде ешкім сөйлесуге де ниет білдірмеуі мүмкін. Сонымен қатар ақпарат беруге дайынмен деген адамның өзі дұрыс дайындалмауы, тіпті бар ақпаратты ашуға қабілетсіз болуы мүмкін. Егер қажет деректерді алу керек болса, сол деректерге қол жеткізуге қатысты келіссөздерді жүргізу этнографтың тұрақты айналысатын ісі болуы ықтимал. Келіссөздер екі түрлі формада жүреді, дегенмен оларды бір-біріне қатысы жоқ деуге келмейді. Бір жағынан, қызметін зерттегісі келген біреумен жүргізілетін анық талқылаулар көбінесе көмекшілер және гейткиперлермен жүргізілетін талқылауға ұқсайды. Дегенмен «келіссөз» термині қажет дерек жиналуы мүмкін әртүрлі позициядан әрекет ететін кең ауқымды және нәзік процесті білдіреді. Бұл жерде әдетте бірінші орында сабырлы болу және дипломатиялық ұстаным тұрғанмен, батылдық та талап етіледі. Этнографтың зерттеу ортасындағы рөлді талқылауы, жиналған деректердің сипатына әртүрлі рөлдердің тигізер салдары келесі тарауда қарастырылады.

4-тарау Далалық қатынастар

Этнографиялық зерттеулер сан түрлі ортада, атап айтқанда, ауылдарда, қалаларда, қала кварталдарында, жағажайларда, зауыттардың өндіріс цехтарда, терең шахталарда, кемелерде, фермаларда, бөлшек сауда дүкендерінде, әртүрлі іскерлік офистерде, аурухана палаталарында, ота жасау бөлмелерінде, түрмелерде, қоғамдық барларда, шіркеулерде, мектептерде, опера театрларында, университеттерде, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерінде, соттарда, моргтарда және жерлеу бюроларында жүргізілуі мүмкін, тіпті жүргізілді де. Бұл орталар қай жағынан қарасақ та, бір-бірінен ерекшеленеді. Себебі олардың аясындағы зерттеу қарым-қатынасының сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Осыған ұқсас айырмашылық онлайн орталарда кездеседі (7-тарауды қараңыз). Сонымен қатар әдетте ортаның *әрбір* түрінде көптеген айырмашылық болады: олардың кейбірі әлеуметтік тұрғыдан маңызды, қол жеткізуге жеңіл болуымен ерекшеленеді. Әрине, зерттеу қарым-қатынасы қатысушылар арасында әртүрлі болады. Нәтижесінде далалық қатынастарға қатысты жалпылау әрдайым көптеген жағдайды ескермей қалуы мүмкін. Әрине, жақсы нәтижеге кепілдік беретін ережелер жиынтығын ғана жасау мүмкін емес. Кез келген жағдайдағыдай, этикалық мәселелерді қоса алғанда, бұл контексте де ненің жақсы, ненің жаман екенін есептейтін көптеген критерий болады (11-тарауды қараңыз). Бұл жерде ұсынуға болатын нәрсе – далалық зерттеулер кезіндегі этнографтардың арасындағы қарым-қатынасқа қатысты негізгі әдіснамалық және практикалық пайымдарды талқылау.

Зерттеуші туралы алғашқы пікір

Тараудың басында айтып өткендей, зерттеу жасырын емес, ашық жүргізілсе, зерттеу алаңындағы адамдар этнографтарды өз тәжірибесі арқылы анықталған әлеуметтік ландшафт аясына алып, сол тұрғыда анықтауға ұмтылады. Адамдар, кем дегенде, зерттеу басталған кезде далалық зерттеушілерден бұлар тыңшы немесе шенеунік емес пе, әлде сақтандыру агенттері немесе қауіп төндіруі ықтимал басқа да топтарға тиесілі біреу емес пе деп жиі күдіктенеді. Сондықтан Ламсен «шабандоз балалар» туралы зерттеуінде адамдардың одан полиция жіберген тыңшы деп күдіктенуін таңғаларлық жағдай дей алмаспыз (Lumsden, 2013; 12), ал үйден мәжбүрлеп шығаруды зерттеген Десмондты (Desmond, 2016; 321) балаларды қорғау жөніндегі қызметкер, жалға беруші жіберген тыңшы немесе нашақор деп қабылдаған кездер болды. Тіпті адамдар Элис Гоффманнан (Goffman, 2014; 219) жасөспірім қыздарға сексуалдық тұрғыдан қызығушылығы бар деп күдіктенгендіктен, ол күдікті жоққа шығару үшін сол қауымдастықтағы ер адамдардың бірімен кездесуге

баруға мәжбүр болған. Бұл жағдай оған деген көзқарасты тағы да өзгертті, енді ол «қаранәсілді жігіттерді ұнататын ақнәсілді қыздардың бірі» болып шыға келді (221 б).

Бақытына қарай, бұл жігіт оның көмекшісіне айналып, оны достары және туыстарымен таныстырып, ақыр соңында зерттеуші оның «өкіл әпкесі» атанды (226–228 бб.). Әдетте басында пайда болған күдік уақыт өте келе тез сейіледі; дегенмен әсіресе этнографтың қатысушылармен қарым-қатынасы сирек немесе қашықтан болса, әрдайым бұлай бола бермеуі де мүмкін.

Кейбір контекстерде этнографтарға арналған бірегейлік категориясының масштабы шағын болады, ал ортада адамдарға сенім аз болса, қатысушылар алдына келген бейтаныс адамның «кім» екенін бірден анықтауы керек. Бұл жағдайды Роу (Rowe, 2014; 407) түрме мысалында былай түсіндіреді:

Адамдар мені белгілі бір категорияға алуға *тырысқанын* да, менің түрмеде *қандай* адам екенімді анықтаудың маңызды екенін де бірден түсіне қойдым. Бұл белгілі бір институттық құрылымда өмір сүрудің ауыртпалығы мен үрейін, сондай-ақ әсіресе жазалау мекемелерінің кейбір императивтерін көрсеткендей болды: «кішкентай» әрі «жас көрінгендіктен», «өздерінің бірі» деп ойлаған қамаудағы әйел менің кім екенімді сұрағаны есімде [...]; ал Аскам Грейндждегі қызметкерлер бөлмесіне кіргенде формадағы офицерлердің бірі: «Түрме комендантысың ба?», әлде «қамаудағысың ба?» – деп сұрады. Осылайша әзілдеп сөйлегендей көрінгенмен, бір-бірімізбен қарым-қатынасымыздың шарттарын орнатуға ұмтылғандай көрінді. Айналамдағы қызметкерлер мен қамаудағылар сияқты, менің де кім екенім анықталып, орным белгіленді, маған тиісінше қарым-қатынас көрсетілді.

Роу көрсеткендей, осындай кез келген жағдайда біреуді дұрыс танымау ыңғайсыз күйге түсіруі мүмкін:

[Күннің жартысын IT дәрістерін бақылаумен өткіздім]. Бұрышта Кристи есімді күйгелек бір қыз отырды. Түрменің F-қанатында танысқан бір әйелмен қатар отырып әңгімелестім. Ол өз жұмысын орындап отырған болатын... Сеанс аяқталудан біраз уақыт бұрын [сабақ бітіп қойған болатын]. Әйелдер кетерден бұрын оларды тінтіп-тексеру үшін жас офицер әйел келді. Еш мақсатсыз компьютерге қарап отырғандықтан, мені қамаудағылардың бірі деп ойлады-ау шамасы (Кәніки, ханым, тездетіңіз!) Ойым басқа нәрседе болғандықтан, не айтқанын түсінбей есеңгіреп қалдым («Ой, жоқ! Мен қамаудағы адам емеспін...») Кристи офицер кеткен

соң, артынан күлімсіреп былай деді: «Кәдімгідей қызарып кетті ғой!».

(Rowe, 2014; 407).

Сол секілді, жасырын полиция қызметі туралы Мак Гиоллабуй және т.б. (2016; 637) жасаған зерттеуде көрсетілгендей, қатысушылар жеке мақсаттары немесе көңіл көтеруі үшін адамдарды қате тануы мүмкін. Зерттеуші Джейкпен бірге лық толы лифтіге кіргенде мобильді қадағалау тобының мүшесі лифтідегі екінші бір офицерден зерттеушіні бұрын көріп пе едің деп бірден сұрайды. Сөзін былай жалғайды: «Ол «аралдан» келген [Кәсіби стандарттар жөніндегі департаменттің бейресми сленгі]. Бірнеше күн біздің қасымызда болады». Лифтіде өлі тыныштық орнады, ал Джейк «әзілім өтті» деп, өзінше мәз болып тұр.

Әрине, мәселе этнографты кім деп есептейтінінде немесе оған берілетін әлеуметтік рөлде емес, сонымен қатар олардың зерттеушіні қалай көретінінде. Тіпті сол ортадағы адамдардың әлеуметтік зерттеуден хабары болса да, олардың зерттеушіден және оның ниетінен күткен үміті арасында қатты сәйкессіздіктер болып жатады. Мысалы, кейде қатысушылардың әлеуметтік сауалнамалардан хабары бар болса да, олар этнографиядан бейхабар болуы мүмкін. Алайда зерттеудің басқа да ерекшеліктері күткендей болмауы мүмкін, оның оң да, теріс те салдары болуы ықтимал. Мұны Морето (Moreto, 2017) Угандадағы қорық аумағын зерттеген кезінде анықтады:

Қорық рейнджерінің бірі паркте қандай зерттеу түрін жүргізіп жатқанымызды сұрағаны есімде. Құқықтық тәртіптің сақталуын зерттеп жүрмін деп жауап бергенімде, маған үн-түнсіз қарап қалды. Ол күлді де, жай ғана: «Құқықтық тәртіптің сақталуын ешкім зерттемейді ғой», – деді. Бұл кең тараған реакция еді, себебі құқық қорғау саласындағы рейнджерлер зерттеушілердің назарын аударатын тақырыптары әдетте *оларға* емес, жануарлар әлемі мен паркке қатысты болатынына үйреніп қалған еді. Бір қызығы, криминолог ретінде тәжірибемнің бар екенін айтқанда, рейнджерлер көбінесе полицейлік практика, қылмыстық мінез-құлық және әдетте өзімнің салама кіретін тақырыптарға қатысты сұрақтар қоятын. Бұл оларды зерттеуге жарамды екенімді растай түскендей болды [...].

(Moreto, 2017; 448)

Сонымен қатар Морето өзін сарапшы ретінде көрсетуге аса ынтық болмады, керісінше, докторлық дәрежесін алу үшін зерттеу жүргізіп жүрген «студент» ретіндегі рөліне көбірек назар аудартты. Ол былай дейді: «Студенттің рөлін атқара отырып, ол жерде «әлеуметтік тұрғыдан

жауапкершілігі аз болып» көрінуі (Lofland және т.б., 2006; 69–70) реинджерлер үшін қауіпсіз саналады деп ойладым. Сонымен қатар бұл жағдай аңғал сұрақтар қоюға да мүмкіндік бергенін айтады, ал адамдар маған тәжірибелі зерттеуші ретінде қарағанда, сондай сұрақтарды қою ерсі көрінер еді дейді. Бұл мысалдар көрсеткендей, қажет деректерге қол жеткізуді тездету үшін этнографтардың көбінесе өздері туралы ақпаратты жасыруына тура келеді.

Кейде қатысушылар әлеуметтік зерттеулерді өте жақсы білуі мүмкін, өздерін өте жақсы білемін деп қарастыруы немесе оған қатысты теріс көзқараста болуы да мүмкін. Мысалы, Андерсон (Anderson, 2002) өзі зерттеген адамдар оның экологиялық белсенділікті зерттеуге қатысты барлық тәсіліне күмән келтіргенін түсінеді, осылайша оған өз ұстанымын түбегейлі қайта құрылымдауға тура келеді. Зерттелетін адамдар ғалымдар (Malli және Sackl-Sharif, 2015), әсіресе антропологтар немесе әлеуметтанушылар болса (Platt, 1981; Scott, 1984), қарсылықтың туындауы әбден мүмкін. Қарсылық көрсету немесе қатысуға ниет білдірмеу өзгелердің реакциясына қатысты қорқыныштан туындауы мүмкін. Баездің айтуынша, АҚШ-тың жеке университетіндегі этностық азшылық тобын зерттеген кезінде штаттағы бір афроамерикалық профессор «әріптестерімнің өшпенділігін тудыру қаупі бар» деп сұхбатының аудиожазбасын жүргізуге рұқсат бермеді (Baez, 2002; 39).

Ғылыми ортадан тыс жерлерде білім аз болғанмен, бірдей немесе одан да жоғары дәрежеде дұшпандық болуы мүмкін. Брюердің еңбегінен (Brewer, 1991; 16) алынған Ольстердің корольдік полициясындағы бір полицейдің сөзі осыған мысал болады: «Мені қинайтын бір нәрсе бар болса, ол – қарғыс атқыр әлеуметтану. Меніңше, бұл – жай ғана түкке тұрмайтын сандырақ». Брюер айтып өткендей, көптеген полиция қызметкері үшін [ағылшын тіліндегі] «әлеуметтанушы» (*sociologist*) сөзі естілуі жағынан «социалист» (*socialist*) сөзіне қатты ұқсайды. Дегенмен бұл жалғыз мәселе емес. Ол полиция аға офицерінің сөзін келтіреді:

Полицейлердің көпшілігінің әлеуметтануға мүлдем қатысы жоқ деп ойлаймын, себебі біз барлық нәрсе ақ немесе қара деп оқыдық: жамандық жасаған адам жазалануы керек, ал жақсылық жасағаны ынталандырылуы керек деп білеміз. Ал әлеуметтану мұның барлығын түбегейлі өзгертеді. Айтқаны дұрыс және адал адамдардың барлығы қателесетіндей көрінді. Жай ғана мына мысалды алайық: бір ер адам мен секілді ақша таппайды, дегенмен отбасын асырау үшін ұрлыққа баруына тура келеді, әлеуметтану бұған «дұрыс» деп қарайды. Екінші бір мәселе – әлеуметтану «бай және жетістікке жеткен адам бишаралардың есебінен байып алды» деуі мүмкін.

(Brewer, 1991; 16)

Осындай көзқарас үстемдік құрған жерде зерттеудің заңдылығы мен зерттеушінің құзыретіне ашықтан-ашық күмән келтірілуі мүмкін, мұны Брюердің әріптесі Кэтлин Мэджи Ольстердің король полициясын зерттеу кезінде анықтады:

1-полицей: Тоқта, бір минут күте тұршы. Осында келіп отбасымыз туралы жеке сұрақтарды қоюға қандай құқығыңыз бар? Бұл жерге келіп полиция қызметі туралы еш нәрсе біле алмайсыз. Олар сізге бәрін жайып салмайды... Неге екенін білесіз бе? Себебі мына қарғыс атқыр дәптермен әр жерге барып, әр нәрсені жазасыз, алайда шындыққа жақындай да алмайсыз. Жарайды, ал бұл зерттеудің бір пайдасы бар ма? Бұдан маған, достарыма келіп-кетер пайда бар ма? Мұны не үшін жасап жүрсіз? Жауабын айтайын ба, сіздің бұл қарғыс атқыр зерттеуіңіз жоғарыдағы биліктегілерге ғана керек.

Осылайша маған тіл тигізу біраз уақытқа созылды, дегенмен соңына қарай өшпенділік азая түсті:

1-полицей:.. Мүмкін, полициядағы қызметім мені осындай еткен шығар, бірақ осында келіп алып, отбасыма қатысты сұрақтар қойғыңыз келсе, осының бәрін білгіңіз келсе, сізге сенім артуыма тура келеді. Солай емес пе? Онда бүгін кешкісін көлігіме отыруға да рұқсат берер едім.

(Brewer, 1991; 21–22)

Бұл мысал көрсеткендей, адамдар әлеуметтік зерттеулер туралы білсін- білмесін, оған деген қатынасы қандай болса да, олар бәрібір зерттеуден гөрі, зерттеушінің кім екеніне көбірек көңіл аударады. Олар этнографқа қаншалықты сенуге болатынын, зерттеушіге таныс ретінде қарау керек пе, әлде достық қарым-қатынас ұсынған жөн бе, тіпті оны қаншалықты басқарып, пайдалануға болады дегенді зерделеуге тырысады³³. Бұл «алдыңғы планды» басқарудың маңыздылығын тағы бір рет көрсетеді (Goffman, 1955). Бірегейлік жасалатын немесе қалыптастыратын басқа да жағдайлардағыдай секілді, этнограф «әсерлерді басқаруды» жақсылап ой елегінен өткізуі керек. Зерттеушінің әсері деректерге қол жеткізуге кедергі келтірсе, одан мейлінше аулақ болу немесе азайту және алдын алу керек, ал егер мұндай әсерлер деректерге қолжетімділікті жеңілдетсе, оларды берілген практикалық және этикалық көзқарас тұрғысынан ынталандырған жөн.

Әсерді бақылау

Әлбетте, адамның сыртқы келбеті зерттеу алаңындағы қатынастарды қалыптастырушы факторлардың бірі екені рас. Кей кездері зерттеушіге өзі зерттейтін адамдарға өте ұқсас киіну қажет болуы мүмкін. Әсіресе бұл

³³ Бұл процесс туралы айрықша талдау үшін қараңыз: Edgerton, 1965.

жасырын зерттеулерге келгенде рас. Далалық зерттеуші басқа қатысушылармен бірдей болуы үшін соларға барынша ұқсауға мәжбүр болады. Патрик Глазгоу бандалары туралы зерттеуінде осындай жолдан өтудің не екенін көрсетеді:

Киімнің өзі үлкен мәселе болатын. Банда мүшелерінің киімге қалай маңыз беретінін білетін едім [...] және Тиммен ақылдасып алғаннан кейін [етек жағының ортасында 12 дюймдік ойығы бар, жан қалтасының үстінде 3 дюймдік қайырмасы бар костюм алдым, төс қалтама ақ бұршақтары бар аспан түстес қолорамалын (галстугіммен бірдей болсын деп) салып қойдым]. Соның өзінде екі қате жіберіппін. Біріншіден, костюмді бірден қолма-қол ақшаға алдым, осылайша дүкенде өзіме адамдардың назарын аударттым және байқаусызда осы әрекетімді айтып қалып банданың ішінде сенімге селкеу түсірдім. Екіншіден, алғаш рет бандамен қыдыруға шыққанда, өз әдетім бойынша, бешпетімнің орта түймесін салып қойдым. Тим жасаған қатемді бірден көре қойды. Бандадағы жігіттер үстіңгі түймелерін ғана салып қояды екен.

(Patrick, 1973; 15)

Киімге осылай назар аудару ашық жүргізілетін зерттеулер үшін де қажет, әсіресе адамдардың сеніміне кіретін алғашқы кезеңде керек-ақ. Уолф «заңсыз байкерлер» туралы зерттеуінде байкер секілді көріну (иыққа түскен шаш және қаба сақал, тері күртеше және теріден жасалған білезік, жапсырмалары бар қысқа джинсы кеудеше) маңызды емес, сонымен қатар сол жердің сарапшылары тексерісінен өтетін мотоцикліңіз, яғни Харлей-Дэвидсон маркасының мотоциклі (hog) болуы шарт деген еді (Wolf, 1991; 214).

Роу (Rowe, 2014; 411) әйелдер түрмесі туралы зерттеуінде көрсеткендей, кей контекстерде бірқатар аудитория болғандықтан, мейлінше тепе-теңдікті сақтап әрекет ету керек. Бұл жердегі міндет – сенімді, әрі солармен «бірге» секілді көріну, алайда түрме қызметкерлерінен ерекшеленетін, яғни адамдарды өзіңізге тарта алатындай әсер қалдыру болды. Сол сияқты, Эдинбургтегі қыздарға арналған элиталық мектепте зерттеу жүргізген кезінде Деламонт әртүрлі аудиториямен қарым-қатынасын сақтай алатындай етіп киінгенін айтады:

Мектеп басшысын және кейбір оқушыларды көремін деп ойлаған күні сұр көйлек пен пальтомды арнайы киетінмін. Пальто тізеге дейін ұзын және өте консервативті көрінетін, ал оқушыларға сәннен хабарым бар екенін көрсету үшін көйлектің қысқасын таңдадым. Директордың кабинетіне пальто киіп кірсем, ал оқушылармен кездесер алдында пальтомды шешетінмін.

(Delamont, 1984; 25)

Мүлдем басқаша контексте жұмыс істей отырып, Морето Угандадағы құқық қорғаушы рейнджерлер туралы зерттеуін жүргізген кезде форма киген дұрыс па, әлде кимеген жөн бе деген дилеммамен кезіккенін айтады:

Алғаш рет патрульге шығар алдындағы түні формаға қарап отырып, егер осы форманы кисем, рейнджерлер мені мақтаншақ, өтірікші деп қабылдар ма екен деп ойлағаным есімде. Мен рейнджер емес едім және әлі де бұл қызметке ресми (мысалы, әскери оқудан өту арқылы) немесе бейресми түрде (мысалы, жұмыс орнындағы мәдениет) қабылданбаған едім. Егер форманы кисем, аутсайдер ретінде белгілі бір шектеулерді аттап кеткендей болар едім деп қорықтым [...]. Патруль басталған күні осыған сәйкес киер киімім болмағандықтан, әрі құқық қорғау органы басшысының көмекшісін кемсіткендей болмайын деп, форманы киетін болып шештім [...]:

Алғаш рет UWA (Уганданың жануарлар әлемі басқармасы) формасын киіп, бас ғимаратқа (штаб-пәтерге) қарай жүрдім. Коммуникация мәселелеріне жауапты құқық қорғау органындағы рейнджерлердің бірі маған бірнеше мәрте қараған соң, оларға амандасып: «О! Сізге жарасады екен!» – деді. Басқа сөзбен айтқанда, «жақсы киініпсіз» немесе «орынды киініпсіз» дегендей болды. Басқа рейнджерлер де оң пікірін білдірді, ал кейбіреулер тіпті мән бермеді.

(19 қыркүйек, 2012; далалық жазбалардан).

Форма киюдiң тигiзер ықтимал терiс әсерiне қатысты уайымым бiртiндеп сейiлдi (Moreto, 2017; 447).

Осылайша зерттеушiнiң форма өзара түсiнiстiк пен сенiм орнатуға кедергi келтiрмей, керiсiнше, оны жеңiлдете түсетiнiне көзi жеттi.

Осындай пiкiр, дегенмен мүлдем басқаша киiм киюге қатысты шешiм Хенслиннiң үйсiздер туралы зерттеуiнде қолданылды. Ол өзi барған гетто тұрғындарының арасына «сiңiсiп» кететiндей етiп киiнуге тырысты. Бұл өзара түсiнiстiктi жеңiлдету, сондай-ақ өзiн көше тонаушыларының нысанасына айналдырмау үшiн керек болды. Бiр жағынан, зерттеушiге лайық болып та көрiнгiсi келдi, себебi үйсiздерге арналған баспаналарда жұмыс iстейтiн адамдардан сұхбат алғысы келген кезде оларды зерттеушi екенiне сендiру керек едi. Өте арзан көрiнетiн, бiр шетiндегi тiгiсi сөгiлiп кеткен (жаңа ғана күл-қоқыстың арасынан тауып алғандай әсер қалдыратын) ескi портфельдi ұстау арқылы бұл мәселенi шештi. Ол былай деп жазады:

Үйсіздерге арналған баспана қызметкерлеріне үйсіздерді зерттеп жүрген әлеуметтанушы екенімді айтқанда, олар маған бірден қарады, себебі статусым осы баспанаға келіп-кететін, бір-біріне ұқсайтын мыңдаған адамнан мені ерекшелеп тұрды. Өзіме олардың назарын аударту, әрі сендіру үшін қолымдағы кейсті қайта-қайта көтеріп, тіпті әдейі тіркеу үстеліне қойдым (жасыру үшін тігісі сөгілген жерін өзіме қаратып қойдым).

(Henslin, 1990; 56–58)

Дегенмен кейде белгілі бір категориялардан ерекше болып көріну үшін басқаша киіну керек жағдайлар да болады (әйтпесе адамдар сізді сол категорияға жатқызуы мүмкін). Осылайша Ниара Сударкаса Нигерияда зерттеу жүргізген кезінде сол ортада танымаған адамдардан сұрақтарына жауап алу үшін йоруба әйелдері секілді киінбеу керек екенін түсінді: «Өзінің америкалық студент екенін айтқанмен, оған мүлдем ұқсамағандықтан, адамдар қолында дәптері бар әйелге күдікпен қарайтын еді». Олар менен үкіметке ақпарат жинап жүрген йоруба деп күдіктенді:

Маған жиі йорубасың деген «айып» тағылды, мені дұрыс танитын дос таба алатыныма сенбесем де, базарға барып, америкалық акцентпен ағылшынша (сол жердегі ағылшынтілділерге) сөйлеп немесе «америкалық секілді» киініп, ойымды білдірдім. Осындай базарлардың біріне барған кезде аяғымдағы сандалды өкшесі орташа биік аяқкиімге ауыстырып, бетімді әрлеп, ерніме далап жағып шықтым.

(Sudarkasa, 1986; 175)

Осылайша қатысушыларға ашық жолмен іштен бақылау жүргізгенде зерттеу рөлі құрастырылады, ал киім түрлері зерттеуші мен қабылдаушы арасындағы ұқсастықты көрсетуі не болмаса этнографты шектеуші бірегейліктен алыстатуы мүмкін. Олар этнограф, бәлкім, бірнеше топтың маргинал мүшесі болуға ұмтылады деген мәлімет «таратуы» мүмкін.

Сонымен қатар зерттеу алаңында жақсы қарым-қатынас орнату үшін киім және бірегейліктің басқа да аспектілерін стратегиялық мақсатта қаншалықты қолдануға болатынына және қолдану керектігіне қатысты зерттеушіге арналған жеке шектеулер болуы мүмкін. Блэквуд өзінің лесбиан екенін индонезиялық қабылдаушыларынан жасырған кезде оның күйеуге шықпаған, бәлкім, гетеросексуалды әйел екеніне қатысты олардың күткен үмітіне толығымен сәйкес екеніне сенімді болмады. Ол былай деп жазады:

Лесбиан болғандықтан, осындай дресс-код маған мүлдем сәйкес келмейтін [...]. Бірегейлігімді қайта қалыптастыру үшін барынша төзімділік таныттым. Өте сирек болатын ерекше жағдайларды есептемегенде, өзімді әдеттегі индонезиялық әйелдер секілді белдемше киюге көндіре алмадым. Бұл жағдай әйелдік қасиетіме байланысты күрделі мәселе туындатқандықтан, мені қабылдаған адам кей кездері осыны байқап, ескертулер айтып отырды.

(Blackwood, 1995; 58; Coffey, 1999; 26–27-ден алынды)

Егер этнограф бойында бар тиісті дағдылары мен білімін қолдана алса, жұмыс кезіндегі бірегейлігін қалыптастыру оңайға түсуі мүмкін. Паркер тіл табысу дағдыларын Ливерпульдегі жасөспірім ұлдар тобымен жұмыс істеген кезінде қолданғанын көрсетеді. Олардың арасына еніп, сіңісуге белгілі бір негізгі дағдылардың көмектескенін жазады. Бұл дағдылардың ең маңызды тұсы – «жылдам» болу. Олар мені әдетте «жуас» және адамдармен аса қатты араласа қоймайтын адам деп есептегенмен, тым байсалды адам туралы әрдайым жақсы пікір бола бермейді. Сені біреу «топастау» деп ойламау үшін бір көше бұрышында және пабта бола қалған қысқа әңгіме-дүкен кезінде өз-өзіңе жауап беруің керек [...]. Доп теуіп, футболды жақсы ойнай білу де – солардың қатарына енудің маңызды аспектісі. Тағы да айтамын, әрине, «Кевин Киган» болмасам да, «back to Rugby Special» бағдарламасы секілді ара-тұра артық кетсем де, аптада бірнеше сағат доп тебетіндердің арасына сіңісіп кете алдым. Балалардың футбол командасын әр апта сайын жақыннан бақылап, қолым бос болғанда, олармен матчқа барып жүрдім. Мұның тигізер көмегі зор болды. Шынымен де, әркім Престонға (сонымен қатар Ливерпульге де) жанкүйер екенімді білген кезде бұл әрқашан әзілге айналатын, себебі олар жиі жеңіле беретін. «Неліктен олардың қатарында ойнамайсың, олар бұдан бетер ешнәрсе жасай алмайтын шығар?»; «Престонда соқырларға арналған мектеп бар ма?» (Дэнни).

(Parker, 1974; 217–219)

Әрине, жасырын зерттеу жүргізген кезде белгілі бір рөлді орындау үшін тиісті білім мен дағдылар өте қажет болуы мүмкін. Мысалы, Калвидің күзетші болып жұмысқа тұруына ұзақ жылдар бойы шығыс жекпе-жегімен айналысуы және «есік алдын қадағалауға» қатысты курстан өтуі көп көмектесті. Грэхемнің (Graham, 1995) бұрын зауытта істеген кезде жиған тәжірибесі *Subaru-Isuzu Automotive* зауытындағы жұмысына өте қажет болғаны анық. Дегенмен кей кездері бұрыннан бар тәжірибе (біраз батылдық болмаса) қажет болмауы мүмкін, мысалы,

Харди-Бик парашюттен секіретіндерді зерттеген кезінде жай ғана парашюттен секіруді үйрететін курстан өтті (қараңыз, Hardie-Bick және Scott, 2017), ал Земпи исламофобия туралы автоэтнографиялық зерттеуін жүргізген кезде Ұлыбританиядағы әртүрлі қоғамдық орындарда джилбаб (ұзын көйлек) киіп, хиджаб (орамал) және никаб (бетті бүркемелейтін шүберек) тағып жүрген.

Тауарлар мен қызметтерді ұсыну

Зерттеушінің маман ретіндегі тәжірибесі немесе өте тапшы ресурстарға қол жеткізе алуы далалық зерттеулер барысында қатысушылармен қарым-қатынас құрудың негізі ретінде маңызды болуы мүмкін. Осылайша кең тараған ауруларды әдетте қарапайым және оңай қол жеткізуге болатын әдістермен емдеу секілді қарапайым әдістерді қолдану – далалық зерттеулер жүргізген кезде антропологтар үшін қатысушылардың көңілін табудың бұрыннан келе жатқан жолы. МакКарди (McCurdy, 1976) айтқандай, бұл да қиындық туғызуы мүмкін, себебі кейде бір күн уақытты алатын «операциялар» болады. Оған қоса, бұл шешілуге тиіс жалғыз мәселе емес: кейде этнографтардың көмектесуге деген ұмтылысы өздері шеше алмайтын, тіпті одан сайын ушықтырып жіберуі ықтимал күрмеуі көп мәселелерге әкелуі мүмкін (VanderStaaу, 2005).

Десе де бұл – этнографтың бәрін пайда көздеуші ғана емес, өзі де бір нәрсе бере алатын далалық зерттеуші екенін көрсететін жолдардың бірі. Құқықтық кеңес беру, хат жазу, бала бағу, ағылшын тілін үйрету, үйіне дейін көлікпен апарып тастау да осындай рөлді атқара алады. Мысалы, Ли (Lee, 2018) рәп-сабақтарын видеоға түсіріп, рэперлерге видеоларын YouTube-ке салуға көмектеседі.

Сонымен қатар осындай қызметтерді көрсету зерттеуге *тікелей* көмегін тигізуі мүмкін.

Митчелл «сервайвелистерді» зерттеген кезінде мәтіндік процессорымда топқа арналған ақпараттық бюллетень құрастыруды ұсынды, осылайша мүшелерден олардың жазбаша пікірлері мен көзқарастары келіп отырды. Ақпараттық бюллетень танымал болғаннан кейін *The Survival Times*-тың редакторы ретінде топтық жиналыстарда диктофондар мен камераларды пайдалануды заңдастырдым, елдің түкпір-түкпіріндегі сервайвелистік топтардың келуіне рұқсат бердім.

(Mitchell, 199; 100)

Қатысушылардың этнографтардан сұрайтын кейбір қызмет түрлері ұйым немесе қауымдастық ішінде иерархияның орнауына немесе бөліністерге әкелуі мүмкін: себебі *кейбір* қатысушылармен қатынасты

жақсартамын деп, өзгелермен қатынасты бұзып алуыңыз мүмкін. Роу түрмеге қатысты зерттеуінде мынадай мысал келтіреді:

Күндізгі пошта әйелдер түскі асқа оралар алдында келді. Пошта бұған дейін ашылып қойған әдеттегі пошта және қызметкерлердің көзінше әйелдердің өзі аша алатын құқықтық мәселелерге қатысты пошта деп сұрыпталды. Олар келгеннен кейін әйелдер офиске кіріп, пошталарын сұрады. Олар түскі ас уақытында келді, офицер түскі ас кезегін бақылап тұрғандықтан, біреу келіп сұрай қалса, хаттарды таратуға қарсы болмайсыз ба деп сұрады [...]. Ғимараттың қапталында тұрған әйелдермен аяқастынан кездесіп қалып, бірнеше әйелмен әңгімелескеніммен, қамаудағылардың көбі мені білетінін айтып сынап да қарамады, түрмеде жұмыс істемегеніме аздап ыңғайсыздық да сезінбедім. Келесі күні қабылдау бөлмесінде көрген әйелдердің бірі келіп, әдеттегі хатпен қатар ашылмаған хаттар бумасының ішінен бір хатты сұрады. «Маған беруге рұқсат бермейді-ау, себебі хатты офицерлердің көзінше ашу керек деп ойлаймын», – дедім (мен олардың бірі емеспін). Ол (біраз агрессивті түрде) сөзінен қайтпай, ол хат сол жерде екенін және оны алуы керектігін айтты. Хатты бере алмаймын деп оны көндіруге көп күш жұмсайтынымды сездім, ол да қайта-қайта сұрап, айтқанынан танбады. Өзімді қатты ыңғайсыз сезіндім, екі оттың арасында қалғаныма ашуландым [. . .].

(Rowe, 2014; 409)

Бұл зерттеушінің түрме қызметкерлері ісіне теріс пікір білдірмей, сенімді және сенгіш болып көріну арасында тепе-теңдікті сақтай отырып, адамдардың жеке басының шекарасына өтпестен, мүмкіндігінше елгезек және адал болуға тырысса да, қамаудағылар алдында режимнен алшақтауға бағытталған әрекетінің ішінара сәтсіздікке ұшырағанын көрсетті.

(Rowe, 2014; 411)

Қатысушылар кейде қызмет көрсетуімізді күтеді, сондықтан олардың көңілін қалдыру қымбатқа түсуі мүмкін. Саяси науқанды ұйымдастыруды зерттеу кезінде Корсино конверттерді толтыруға, материалдарды жеткізуге, газеттегі мақалаларды қиып алуға және т.б. жиі көмектесетін, бірақ қаражат жинауға қатысты жиналыс өткізілетін болғандықтан, біреудің үйін соған дайындап, еден жуудан бас тартады. Себебі ол іс-шараның ұйымдастыру жағына көбірек назар аударып, уақытын тиімді өткізгісі келді. Соның нәтижесін былай жазады:

Науқан жетекшісі мен еріктілер қатарынан сайланған директордың реакциясы күткеннен де озбыр болып шықты. Бірнеше күн өткеннен кейін осы лауазымды тұлғалармен арамызда сыпайылық сақталғанымен, қарым-қатынасымыздың суи бастағанын сездім [...]. Өзімді жасаған жақсылықты түсінбейтін адамдай сезіне бастадым [...]. Бұл өз кезегінде далалық бақылаулардың еш нәтиже бермеуіне әкеп соқтырды [. . .]. Әрі кеткенде пассив бақылаушыға айналдым.

(Corsino, Adler және Adler 1987:18-ден алынды)

Хауреги (Jauregi, 2017:78) дәл осындай таңдаумен кезіккенімен, әйтеуір соңы жақсы аяқталды. Полиция бекетін зерттеп жүрген кезінде, оған үнді полициясының басшысы офицерлеріне арнап Рождествоға арналған кеш ұйымдастырып беру міндетін жүктейді. Ол өзін осы тапсырманы орындауға міндетті санап, былай дейді: «ақыр соңында өзімді сыйлық беруші ретінде сезіне бастадым, яғни сұхбат берушілерден әрдайым керегімді ала бергенше, арасында олармен де нәтижелі әрі оң пікір алмасуға қатысуым керек екенін түсіндім».

Бұл зерттеу алаңында жұмыс істейтіндердің күткен үмітінің бәрі заңды немесе орындау керек дегенді білдірмейді. Кейде этнографтар талап-тілектерді орындамай, соның салдарына көнуіне тура келетін кездер де болады. Оның үстіне, қатысушыларға көмектесу әрдайым дұрыс бағалана бермейді, О'Рейли Коста-дель-Сольдегі британдық экспатрианттарды зерттеген кезінде осыған көзі жетті:

Өзім іштен бақылау жүргізген топ бейресми түрде таңмен кофе ішуге жиналып жүрді. Қалаған кез-келген адамға баруға болатын еді [...]. Өз еркіммен көмегімді ұсындым [...], сөйтіп маған көпшілікке есік ашылғанға дейін еріктілерге кофе дайындау міндеті тапсырылды. Бір күні таңғы уақыт қарбаласқа толы болды, сондықтан клиенттерге қызмет көрсету үшін есік ашылғаннан кейін де қалдым. Тағы екі сағатқа қалып, осыншама көп жұмыс атқарғаным үшін және адамдарға көмегім тигені үшін өз-өзіме риза болып тұрдым. Дегенмен супервайзер апта соңына қарай маған келіп, келесіде таңертең кофеге жиналған кезде тек қызметкерлерге ғана кофе беріп, сосын кетіп қалуымды сұрады. Сөйтсем, мен еріктілер арасында ереуіл ұйымдастырып жіберуге аз-ақ қалыппын, себебі олар өз орнын әрең алғандықтан, қызғыштай қориды екен.

(O'Reilly 2000:96–97)

Жай ғана тіл табысуды сенімді күшейтудің құралы деп бағаламау дұрыс емес. Шынымен де, зерттеуші көбінесе «қалыпты» әлеуметтік

қарым-қатынас құрудың жолын іздеуге тырысуы керек. Сол үшін қатысушылармен жеңіл-желпі әңгімелесетін бейтарап орта табу керек. Егер адам тікелей зерттеу мақсатына қатысты сұрақтарды қайта-қайта қоя берсе, қабылдаушылар оны қауіп ретінде қабылдауы мүмкін. Әсіресе далалық зерттеулерге қатысты келіссөздердің алғашқы күндері өзіңізді «есі дұрыс», «қарапайым», «жөні түзу» адам ретінде таныстыру мақсатында әңгімелесу үшін мейлінше «қарапайым» тақырыптарды таңдаған жөн. Тоқаш дүкеніндегі егде тартқан ер адамдар туралы зерттеуінде Мерфи былай деп жазады:

«Менің қатысушы әрі бақылаушы ретіндегі рөлім жағдай мен ортаға байланысты ауысып, өзгеріп отырды. Тоқаш дүкенінде болғанда «кампушта» не болып жатқанын айтып отыруым керек еді. Дүкендегі басқа уақытта олар маған «көмектесудің» не білдіретінін және ненің «дұрыс» екеніне қатысты [ерлердің] не түсінетінін үйренуі керек оқушы ретінде қарады. Алайда көбінесе менің рөлім дос болумен шектелетін, яғни аса маңызды емес күнделікті өмірдегі тақырыпта әңгіме қозғаудан, ауа-райы, спорт, қала, сол жердегі саяси өмір және т.б. туралы сөйлесуден тұратын».

(Murphy 2017:114–115)

Сол секілді Хадсон да үлкен орта мектептегі оқушылардың көзқарасын зерттеген кезінде сабақтарға қатысып, жастармен (құрдас оқушылардан тұратын топта және жеке-жеке) мейлінше бейресми түрде әңгімелескенін айтады. Ол былай дейді:

«Зерттеу журналымда бірден көзге түскен нәрсе көбінесе қысқа уақыт ішінде жастармен ауқымы кең тақырыпта әңгімелескенім болды». Мысалы, сабақтардың бірінде көлік, шашқа арналған бояу, кешке қандай киім кию керек, рождество кезінде сыйлық сатып алу, ортақ жатын бөлме және жануарлар сынды тақырыптарда әңгімелестік [. . .]. Осының алдында айтқандарының есімде екенін білдіру үшін арасында өткен әңгімемізге сілтеме жасай отырып, жастар тақырыбына деген пейілімді көрсетуге тырыстым. Мысалы, бір топ баламен өзімнің Nissan Micra автокөлігімді ұлдардың бірінің әкесінің гаражындағы автокөлікке қалай алмастырып алуға болатыны туралы ұзақ әзілдестік.

(Hudson 2004:258)

Қарым-қатынас құру

Далалық зерттеулер барысында әдетте этнографтың алдынан шығатын мәселе - зерттеушінің өзін-өзі ашуы қаншалықты орынды әрі тиімді екенін шешу. Өзіңіз солай әрекет етпейінше, қатысушылар мен информанттардан «шыншылдық» пен «адалдықты» күтудің қажеті жоқ. Әсіресе феминистер осының этикалық көзқарас тұрғысынан маңызды екенін атап өтеді (мысалы, қараңыз: Oakley 1981, 2016). Оның үстіне, күнделікті өмірдегі оқиғаларға араласқаны секілді зерттеушіге көбінесе жеке басының наным-сенімін, міндеттемелерін және саяси таңдауын жасыруға немесе көрсетпеуге тура келеді. Бұл дегеніңіз ашықтан-ашық алдау емес. Мұны әдептілік және сыпайылыққа қатысты әдеттегі талаптар мен «интеракция рәсімі» (Goffman, 1972) қажет етуі мүмкін. Дегенмен бұл зерттеуші үшін саналы түрде өз әсерін басқару мәселесі болуы, сол себепті ол зерттеу алаңындағы әлеуметтік интеракцияның тұрақты аспектісіне айналуы мүмкін. Жаныңызға жақын немесе саяси көзқарасыңызға сәйкес келетін адамдармен ғана араласып, далалық зерттеулерді бұрмалауға болмайды: информанттарды дос таңдағандай (көбінесе) таңдай алмайсыз. Сонымен қатар шыдауға келмейтін жағдайлар мен мінезі төзгісіз адамдар кездесуі мүмкін (Hammersley 2005a).

Этнографтар кейде өздері зерттейтін адамдарды әрдайым жақсы көретіндей және олармен тіл табысатындай етіп жазады, осындай нәтижеге қол жеткізу үшін біраз күш-жігер жұмсау керек де рас, алайда этнографтардың өздері зерттейтін адамдарға деген сезімі өзін солардың бір бөлігі ретінде санаудан бастап оларға ашулану немесе тіпті жек көріп кетуге дейін өзгеруі мүмкін. Далалық зерттеу барысында осындай сезімді ұстай білу керек, себебі ол зерттеуді сәтті жүргізуге кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар оларды бір тексеру керек, себебі олар далалық зерттеулер процесінің маңызды аспектілерін ашуы мүмкін (қараңыз: Davies және Spencer 2010; Durham 2011; Mazetti 2016; McQueeney және Lavelle 2017). Әрине, өзіңіз зерттейтін адамдардың эмоциясынан да хабардар болуға тырысқан жөн, себебі бұл аналитикалық тұрғыдан маңызды болуы әрі олармен қарым-қатынас орнату үшін де қажет болуы мүмкін (Parvez 2018).

Зерттеушінің діни сенімі мен саяси көзқарасы өзі зерттейтін адамдардан айтарлықтай ерекшеленсе, белгілі бір мәселелер туындауы мүмкін. Клатчтың оңшыл саяси ұйымдардың қатарындағы әйелдер туралы зерттеуін мысалға келтірейік.

Ол:

«Жиі қиын жағдайда қалып отырдым. Себебі әйелдер олардың идеясына қарсы шықпасам, оларды қолдауға тиіспін деген қорытындыға келіп отырды. Олардың сөзін түсініп отырғанымның белгісі ретінде басымды изегенімді олардың сенімін қабылдап отырмын деп түсінді. Осылайша әйелдерден сұхбат алған кезімде олар зерттеу жүргізіп

жатқанымға алғыс білдіріп, өз талап-тілектерін жеткізу үшін мен секілді пікірлес адамның болғаны маңызды екенін айтты. Отбасы құндылықтарын қолдайтын белсенділердің бірі: «сенімді қалпына келтіру үшін бізге сен секілді жастар керек», - деді. Оның сеніміне кіргеннен кейін сол сенім мен үйренуге деген құлшынысымды өзінің наным-сеніміне сай деп түсінді», - деп жазады.

(Klatch 1988:79)

Кей кездері далалық зерттеушілер өздерін біреудің «тексергеніне» және өздеріне қатысты ақпаратты ашуға итермелегеніне көзі жетуі мүмкін, әсіресе бұл күшті сенімі мен қатаң міндеттемелері (мысалы, діни наным-сенім, саяси көзқарас және т.б.) бар топ немесе мәдениетке тән дүние. Дәл сол нәрсені девиацияны зерттеуде барынша қолдануға болады, себебі стигматизацияланған топтың мүшелері этнографтың олардың әрекетін мақұлдамайтынын немесе оларға қарсы қандай да бір әрекет етпейтініне сенімді болуы керек. Шынымен де, қойылатын талап кейде мұның шегінен де асуы мүмкін, мысалы Райан ирландиялық гейлерді зерттеуінен мысал келтіреді:

Даррен [. . .] онымен бірнеше шыны ішімдік ішпейінше, сұхбат жүргізу мүмкіндігін талқыламайтынын жеткізді. Кейін бұл оқиғаны журналға жазып қойдым:

зерттеу туралы қайтадан қысқаша айтып шығып едім, ол менен: «сейсенбі күні төртінші каналдан *«Queer as Folk»* телесериалын көрдің бе?» - деп сұрады. Бұл телесериал оны қоздырғандықтан, маған да солай әсер етті ме деп сұрады. Бұл сериал өте батыл шешім екен деп ойлайтынымды жеткіздім. Ұялғаннан бетім қызарып кетті. Мен қайтадан зерттеу туралы айта бастап едім, сөзімді бөліп, ең ұзақ қарым-қатынасым қанша уақытқа созылғанын сұрады. Қай мектепке барғанымды, алғаш рет жыныстық қатынасқа түскенде нешеде болғанымды сұрады. Мастықтан болды дей салдым, шын мәнінде бұл өтірік еді [. . .]. Менің реакциямды білу үшін жыныстық қатынастарға қатысты өте ашық әңгімеге мейлінше тарту арқылы мені «тексергісі» келеді деп ойлады. Менің өте ашық және сөйлескен кезде еш қиындық тудырмайтын шыншыл адам екенімді айтты. Егер бұл «сынақ» болса, онда өткен секілдімін.

(Ryan 2006:155–156)

Осыдан белгілі болғандай, этнографтың мақсаты - сенім орнату. Түрмедегі этнографиялық зерттеулерді талқылай отырып, Джефферсон (Jefferson, 2015:177) «сенім өздігінен орнамайды [...]. Біз оны орнатамыз»,

- дейді. Жасырын полицейлерді зерттеу кезіндегі жазбаларда көрсетілгендей, көбінесе қиын сәттерде сенім артуға болатын адам екеніңізді көрсету қажет болуы мүмкін:

Жоспар бойынша, бұл көлікті ауылдағы басқа бір жерге айдап апарып, соңғы екі апта бойы тұрақта тұрған басқа көлікке ауыстыру керек болды. Ағылшын ауылына жеткенше жарты сағаттан астам уақыт жүрдік. Үлкен үйдің жанындағы жолдың қасында Volkswagen Golf көлігі тұрды. Колин маған кілтті беріп, көліктегі жолаушы отыратын орынға отыр деді. Көлікті жарты мильдей қашықтықтағы тұраққа қойып, қайтып ораламыз деген ойда болдық. Экранда спутниктік навигация жүйесінің орнатылғанына қарамастан, көлікте бұзып кірудің белгісі болмады. Бес минуттан кейін жасы елулердің шамасындағы костюм киген адам көлікке келіп, мен отырған жақтағы терезені қатты тоқылдатты. Мен терезені аштым, ол суық үнмен: сенің көлігің бе деді. Сырымды ашпас үшін өтірік айтудан басқа амалым болмады. Бұл менің көлігім екенін айтып, не үшін білгісі келгенін сұрадым. Ол менен неліктен көліктің соңғы екі апта бойы үйінің алдына тұрғанын сұрады, сондай-ақ полицияға хабарласып, бұл көлік ұрланған деп айтқанын жеткізді. Мен таңқалғандай сыңай танытып, күйеуіміз екеуіміз демалыста болғандықтан әрі осы ауылда достарымыз болғандықтан көлікті тастап кеттім деп жауап бердім. Егер сөйлесем десеңіз, күйеуім бір минуттың ішінде келеді, бірақ көліктің ұрланбағанын дәлелдей аламын дедім. Ол айтқаныма сеніп, жылы шырай танытты. Колин келіп, көлікті айдап әкеткенде болған оқиғаны айтып бердім. Ол өтірік айтқанымды құпап, таңданып қалды [. . .]. Бұл оқиғаны бірнеше офицерге айтып беріп еді, ұжым ішіндегілердің құрметіне бөлендім.

(Mac Giollabhuí және т.б., 2016:641).

Этнографтың зерттеу ортасында әсерін басқаруды алдын-ала есептелетін және бақыланатын «перформанс» ретінде елестету қаупі бар. Роу (Rowe, 2014:409) былай дейді: «Өзімді қалай ұстау және қалай көрсету керегіне қатысты шешімді қаншалықты тез қабылдадым, сол шешімдердің салдары соншалықты белгісіз болды. Өзімді қалай сезінетінімді және не істеу керегін ойлау үшін әрдайым уақыт қажет болды». Шевалье (Chevalier, 2015) айтарлықтай салдары болуы мүмкін алайда аса маңызды емес шешімнің мысалын келтіреді. Өзі зерттеп жүрген Датч стрит алаңындағы бір ресторанда отырған кезінде біреу күлсалғыш керек пе деп сұрағанын айтады. Ал оның жоқ деген жауабы қатысушылардың күдігін растағандай болады, себебі олар оны жасырын полицей немесе темекіге

салынған тыйымның орындалуын қадағалап жүрген қандай да бір лауазымды тұлға деп ойлайды. Сондықтан қырағылық танытып, парасатты болған жөн. Сондай-ақ жағдайды да қадағалап отырған дұрыс.

Зерттеушінің жеке басының қасиеттері

Әрине, көбінесе адамның жеке өмірінің өзгертуге келмейтін және зерттеу алаңында бірегейлікке қатысты келіссөздерді шектейтін аспектілері болады, бұлар әдетте «таңылған» сипаттамалар деп аталады. Дегенмен бұларға қатып қалған кедергілер ретінде қарау дұрыс болмас (Stuart, 2018:215–217), себебі гендер, жас, жыныс, нәсіл және этностық бірегейлік секілді сипаттамалар маңызды жолдар арқылы гейткиперлер, зерттеуді қаржыландырушылар және зерттелетін адамдармен қарым-қатынасты қалыптастырады. Қатысушыларды жасырын бақылаған кезде бұл сипаттамалар әрине күрделі кедергілерге айналуы мүмкін. Мысалы, клуб немесе паб есіктерінде тұратын «күзетші» (Calvey 2018) ретінде жасырын зерттеу жүргізу үшін жасы, дене бітіміне қатысты әркім сай келе бермейтін нақты талаптар қойылады. Сондай-ақ қандай ортада қандай адамның орынды болуына қатысты да кедергілер пайда болуы мүмкін. Алайда белгілі бір топтар өзіне тиесілі территория деп қарастыратын қала аудандары туралы Шевальенің (Chevalier, 2015) зерттеуінде көрсетілгендей, бұлар әрдайым еңсерілмейтін кедергілер емес. Маунт стрип-клубтар туралы зерттеуінен тағы бір мысал келтіреді:

Бишілер арасындағы бәсекеге назар аударатын болып шешкендіктен, жасырын бақылаушы ретінде қосымша бес клубта бақылау жүргіздім. Жасы отыздардың шамасындағы ақнәсілді әйел болғаным үшін клубқа барған кезімде адамдардың маған бір түрлі қарағанын байқадым. Көзге түспейін деп барда немесе сахнаның артқы жағына қарай отырып алып, бишілер арасындағы және бишілер мен келушілер арасындағы қарым-қатынасты үнсіз бақылап жүрдім.

(Mount 2018:70)

Гендер әдебиетте көп көңіл бөлінетін адамның жеке басының сипаттамасы ретінде қабылданады, сондай-ақ басты назар далалық зерттеуді жүргізуші әйелдердің рөліне аударылады. Мысалы, әйелдерге кейбір оқиғалар мен қызмет түрлерін зерттеуге тыйым салынса, кей кездері ер адамдарға рұқсат берілмеген нәрселерді зерттеуге мүмкіндік беріледі (Roberts 1981; Golde 1986; Whitehead and Conaway 1986; Warren және Hackney 2000; Westmarland 2001; Okely 2012:126–131). Бұл тақырып көптен бері антропологтардың әдіснамалық еңбектеріне арқау болып келеді, яғни бұл еңбектерде әйелдер өздерін өзге тағдырлас әйелдер, балалар және егде адамдардан тұратын әлемде шектеліп қалғандай

сезінетіні жазылады. Голде науа халқын зерттеген кезінде мәселені басқа бір сипаттама өршіте түсті:

Мәселе болғаны, мен тұрмыс құрмаған қызбын, бірақ әдеттегі тұрмыс құрмаған қыз үшін жасым үлкен болды, отбасымның қорғауынсыз жүрдім әрі жалғыз саяхаттадым. Тұрмысқа шықпаған, пәк қыз мұндай әрекетке ешқашан бармауы керек екен. Оларға өте сүйкімді болып көрінген қыздың әлі күнге дейін неге жалғыз екенін түсіну қиынға соқты [. . .]. Тұрмысқа шықпаған қыз деген сөз ішпеуім, темекі шекпеуім, түнде жалғыз жүрмеуім, қандай да бір тапсырмам болмаса ешқайда бармауым керек екенін, сондай-ақ секс немесе жүктілік туралы тақырыптарды қозғамау, жасы үлкендердің қарауынсыз ерлердің немесе балалардың көңілін көтермеу және кез-келген сұрақты шамадан тыс қоймауым керек дегенді білдірді.

(Golde 1986:79–80)

Әрине этнограф шетелдік болса, мұндай шектеулерден біршама алыс тұруға болады. Рейнберд Анд тауындағы шағын қауымдастықты зерттеу тәжірибесінен мысал келтіреді:

Әйел болуым зерттеу алаңындағы қарым-қатынасыма әсер етті, себебі кейбір әрекеттер не әйелге, не еркекке ғана орынды болатын. Дегенмен шаруалардың көбінен жоғары тұрып, шалбар киіп, әлеуметтік статусы жоғары аутсайдер ретінде түсініксіз категорияда қалдым: ер адамдар секілді жиналыстарға бару және ауылдың түкпір-түкпіріндегі адамдарды аралауға мүмкіндік алдым, алайда маған басқа әйелдер болмаса ер адамдармен ішімдік ішуге рұқсат берілмеді [...]. Екінші жағынан, әйелдердің іс-шараларына, өсек-аяң үшін жиналатын топтарына жол ашылып, олардың жылуы мен жақсылығын сезіндім.

(Rainbird 1990:78–79)

Солтүстік Нигериядағы құран үйрететін мектептерді зерттеген кезінде Хехнер кейбір артықшылықтарға ие болғанымен, оның оқушылармен немесе *альмаджурилермен* қарым-қатынасы қатты шектеулі болатын. Ол былай дейді:

Альмаджурилермен дос болып, «теңдей» араласамын деген бастапқы кездегі үмітімнен бас тартуға тура келді. Бұл үміт кішкентайымнан бойыма сіңген тәрбиеден келген еді. Бұл жерде гендер мәселесі бірінші кедергі болды. Солтүстік Нигерияда достық адамның қай жынысқа тиесілі екенімен шектеулі, шектеудің болмауы өте сирек. Хауса тілінде әйелдің жақын досын білдіретін сөз үшін *kawa* (әйел

жынысы үшін), ал ер адамның жақын досы үшін *aboki* (ер жынысы үшін) сөзі қолданылады; тіпті лингвистикалық тұрғыдан алғанда ер мен әйел арасындағы достық байланыс қарастырылмаған. Нигерияның солтүстігіндегі ерлер мен әйелдер арасында тек ағайын, туыс, ерлі-зайыпты, патрон-клиент қатынасы бар, ал достық қарым-қатынасы жоқ. Сондықтан менің *альмаджурилермен* және басқа да жас жігіттермен достасу мүмкіндігім болмады. Тіпті әйел болғандықтан *альмаджура* ретінде де қабылданбадым, сондықтан мешітте өтетін сабақтарға қатыспақ түгілі, сол сабақтарды бақылауға да жіберілмедім.

(Hoechner 2018:308)

Осындай мәселелер мен гендерге қатысты еркіндік мәселелері батыс қоғамында жүргізілетін зерттеулерде де туындауы мүмкін. Истердэй және т.б (Easterday және т.б., 1977): «Еркектер басым ортада әйелдер еркектердің «бауырластығымен» бетпе-бет келуі мүмкін, әрине мұндай бауырластыққа әйелдер қабылданбайды; сонымен қатар әйелдер «қожайын еркектерден» қысым көруі мүмкін немесе шаруасына жұмсайтын «барып кел шауып келіне» айналуы мүмкін не болмаса еркектер әйелдерді «бойтұмары» ретінде ұстауы ықтимал», - дейді. Осындай ықтималдықтар әйелдердің көп нәрсеге қатыспауын немесе тиесілі түрде қатыса алмауын білдіреді, мұның барлығы зерттеу тұрығысынан (және басқа жағынан) қарағанда проблема болуы мүмкін. Кей кездері әйел зерттеушіні қабылдаушы ер адам ғана емес, сондай-ақ басқа әйелдер де шындап қабылдай алмайды, себебі әйелдер оның келуіне күмәнмен қарап, дұшпандық ниет танытуы мүмкін.

Сонымен қатар жоғарыда айтып өткеніміздей, әйел зерттеушілер өзіне пайдалы мәмілеге қол жеткізуі мүмкін. Әйел зерттеушіге әсер қалдырамын деп сөзі көп информант ішіндегісінің бәрін ақтара салуы мүмкін немесе ер адамдар әйелдердің нәзіктігіне алданып қалуы да мүмкін. Сол секілді әйелдер қауіпті деп есептелмегендіктен, олар зерттеу ортасы мен ақпаратқа салыстырмалы түрде оңай қол жеткізе алады. Сондықтан кей кездері кең тараған мәдени стереотиптер әйелдерге пайдасын тигізуі мүмкін. Уоррен әйел зерттеуші болудан туындайтын шектеулермен қатар, әрекет ету еркіндігінің де болатынын көрсетеді:

1960-жылдардың соңы мен 1970-жылдардың басында еркектерге арналған құпия гей қауымдастығын зерттеген кезімде далалық зерттеулерімді адамдармен араласып, бос уақыт өткізуге қатысты (барлар, сауық кеші және отбасылық отырыстар) ортаны зерттеуге арнадым. Алайда зерттеу ортасының сексуалдық мәселелерге арналған бөлігін бақылауға мүмкіндігім болмады, тіпті

гомосексуалистерге арналған монша [...] және «шайханалар» [...] (аудармашыдан - қоғамдық әжетханалар осылай аталады) секілді жартылай қоғамдық ортада бақылау жүргізе алмадым. Осылайша, гейлер қауымдастығы туралы жасаған сипаттамам еркектердің гомосексуалдық әлеміндегі әйелге берілген әлеуметтік рөлмен шектелген жарым-жартылай салынған бейне десем де болады.

Ол осыны наркологиялық сауықтыру орталығындағы зерттеумен салыстырады:

Бұл - ер және әйел интерндерге теңдей ашық құрылым. Дегенмен әйел зерттеуші ретінде бірнеше айға созылған бақылау кезінде байқағаным, әдетте менімен әйелдерге қарағанда ерлер сөйлесуге көбірек дайын болып шықты. Оның үстіне, ер адамдар мені ешкімге зияны жоқ деп қабылдап, тіпті кіруге болмайтын жерлерге кіруіме рұқсат берді. Бір күні жоғарғы қабатқа шығуға бел байлағаным анық есімде, бірақ бұған сол ғимараттың қызметкерлерінен басқа адамдарға тыйым салынған болатын. Біреу қарсы шыға бастаған кезде, бір ер адамның: «әй, одан келіп-кетер зиян бар деймісің? Ол жай ғана қатын ғой!» - деген сөзі оның үнін басып тастады. Жоғары қабатқа көтерілдім.

(Warren 1988:18)

Осындай контексте Хуреги былай деп жазады:

«Үндістанның солтүстігінде полиция туралы этнографиялық зерттеу жүргізудің контексін қарасақ, сұхбат алған адамдар мені әйел болғандықтан бәлкім шындап қабылдамаған шығар, тіпті маған бір қауіп ретінде қараған болар деп ойлаймын, себебі ол жерлерде әйелдер «әлсіз жыныс» немесе «екінші сорттағы азаматтар» және қай жағынан алсақ та, еркектерге бағынышты деп көрсетіледі. Осылайша қорқынышпен бірге беделдің болмауы кейде ашуымды келтірсе де, полицияның мені жіті бақылауын әлсіретуі әсіресе полиция учаскесіндегі және Уттар Прадештегі, сондай-ақ басқа да полицейлік нысандардағы далалық жұмыстарымды жүргізген уақыт бойынша күнделікті өмірді терең және тұрақты түрде зерттеуде көп көмегін тигізді. Ішімдегі феминист мұны жек көрсе де, әрекет ету еркіндігімнің жоқтығын мойындадым, ал бағынышты гендерлік статусым мұны стратегиялық мәміле секілді сезіндірді.

(Jauregui 2017:79–80)

Осылайша гендерлік рөлден пайда көру үшін де, далалық зерттеулер мақсаты жолында оның аспектілерін қайта қарау үшін де белігілі бір мүмкіндіктер болады. Уестмарленд (Westmarland, 2001) полиция туралы зерттеу жүргізген кезінде еркек полицейлердің «қамқорлығына» қарсы күресуге тура келді, дегенмен бұл оның аутсайдер болғанына әрі гендеріне қатысты еді. Оның үстіне әртүрлі сынақтан өткеннен кейін және өзімді сенімді көрсеткеннен соң зерттеу алаңында жақсы қатынастар орнады. Құрметке бөленіп, біреудің сеніміне кіру үшін біраз уақытты сарп етуге тура келеді, оның үстіне оған қол жеткізу жолында біраз шектеулер де кездеседі.

Әрине, әсіресе жыныстар арасында қатаң бөлініс сақталған мәдениеттерде еркек зерттеушілер үшін әйелдерге арналған зерттеу ортасына қол жеткізу қиынға түседі. Тіпті қоғамдық ортаның өзінде не істеу керек, не істеу керек еместігіне қатысты гендерлік ережелер болуы мүмкін. Мысалы әңгіме маскулиндікке келіп тірелген кезде басқа ер адамдармен қарым-қатынаста да қиыншылықтар туындауы мүмкін. Түрмедегі этнографиядан мысал келтірсек:

Юсуфтың төсегінде Ибрахимидің жанында отырмын. Юсуф тәрелкеме біраз күріш салып берді. Юсуф маған тәрелкемді беріп, тамақты жей бастағанымда саңырауқұлақтың бір бөлігін жерге түсіріп алдым. Юсуф: «Солай, Барт, «енді сен менің қызметшімсің» деді де, маған қарап күлді. Ибрахими дереу жауап беріп, енді әр апта сайын оның камерасын тазалап отыруым керек екенін айтты: «Енді абай бол, тағы бір нәрсе түсіріп алма, бұл - менің де камерам». Юсуф бұл тағамның тегін келмейтінін және оның орнына бірдеңе күтетінін айтты. Юсуф пен Ибрахими әрдайым күлімсіреп сөйлейтін, дегенмен мені бір тексергісі келді, сондай-ақ екеуі күші көп қамаудағылар ретінде маған билік жүргізе ала ма екен, соны білгісі келгенін сездім. «Сонымен, Барт, мүмкін сенің бойың ұзын шығар, бірақ сенің екеумізге әлің келмейтініне сенімдімін. Көріп отырғаныңдай, мына саңырауқұлақ түрмедегі өміріңді өзгертіп жіберді. Бұдан былай сен мендікісің,» - деді Юсуф еш шірмікпестен. Арамыздағы шиеленістің күшейе түскенін сездім, маған көз алмай қарап, жауабымды күтіп отырғанын аңғардым [. . .]. Оған қалыпты жолмен де, Ибрахимидің алдында оның абыройын түсіретіндей жолмен де жауап бере алмадым. Сосын былай деп жауап қаттым: «Жарайды, Юсуф камеранды тазалайын, бірақ құнын он жетонмен төлейсің». Ибрахими күле бастады да, былай деді: «Мұның әдеттегі бағасы екі не үш жетон тұрады». «Білемін, бірақ менің тазалағанымды қаласаң, менің бағам осы», - деп едім, Юсуф бірден: «Жарайды, Барт, қой, саған

билік жүргізе алмаймын» деп жауап берді де күле бастады, мен де қосылып күлдім

(Барт Кластың далалық жазбаларынан, 2009 жыл, желтоқсан; Claes және т.б. 2013:62–63)

Әрине, әсіресе әйелдер үшін ауырлығы әртүрлі деңгейде болатын сексуалдық әлімжеттікке ұшырау - әрқашан төнуі ықтимал мәселе (Irwin 2006; Grauerholz және т.б., 2013; Mugge 2013; Clark және Grant 2015; Johansson 2015; Kloß 2017). Уоррен студенттерінің бірі Лиз Браннердің үйсіз адамдар арасында жүргізген зерттеуін талқылаған кезде былай дейді:

Далалық зерттеулер жүргізген кезінде Лиз Лос-Анджелестің көшелеріндегі үйсіздермен бірге ұйықтап, ішіп, сөйлесіп және тамақты да бөлісіп жеген, сол үйсіздердің барлығы дерлік ер адамдар болатын. Алайда қалауынсыз бірнеше рет тиіскендер болғандықтан, белгілі бір ер адамдармен оңаша қалудан аулақ болудың немесе өзі жақсы білмейтін көшенің қараңғы аудандарына бармаудың жолын үйренді [. . .]. Бұл үйсіз еркектер (кейбірі психикалық ауруларға шалдыққан) Лиздің орта тап және феминистік құндылықтарына, сексуалдық көзқарасына және ер мен әйел арасындағы қарым-қатынасқа қатысты сенімін бөліспек түгілі, бәлкім ол туралы білмеген де шығар.

(Warren 1988:33–34)

Әрине осындай мәселелер көшедегі үйсіз адамдармен байланысумен ғана шектелмейді, Гарни өзінің адвокаттарға жүргізген зерттеуінде былай деп жазады:

Жынысыма байланысты туындаған мәселенің айқын мысалы прокурорлардың бірінің тарапынан болған жыныстық қатынасқа итермелеу болды. Ол бірнеше рет «келіп компьютерімді қолдансаң болады» деген сылтаумен пәтеріне шақыруға тырысты [. . .]. Жаман ойы іске аспаған соң менен үйіне келіп, ақша ұрлау жағдайында банк шоттарына талдау жүргізетін бағдарламаны компьютеріне орнатып беретін біреу бар ма екен деп сұрады. Ондай ешкімді білмейтінімді айтып, университетте оның атынан жарнама жариялайын дедім. Ол бұл пікірден бас тартты, ендігәрі бұл мәселені қайта көтермеді.

(Gurney 1991:58–59)

Бұл жерде бірнеше дилемма көрініс табады. Кейбір ортада этнографтың қауымдастық мүшесі ретінде қабылдануы неғұрлым сәтті

болса, кейбір қауіп түрлерінен соғұрлым аман болады, дегенмен басқа да қауіп түрлері артуы мүмкін. Мысалы, әйел этнографтардың ер адамдармен байланыс орнатуға деген ұмтылысын адамдар қате түсінуі мүмкін не болмаса, интимдік қатынас ұсыну немесе қылымсу деп қабылдауы мүмкін. Кей жағдайлар тіпті зәбір көрсетуге де әкелуі мүмкін, осыған қатысты Клосс (Клоф) Гайанада зерттеу жүргізген кездегі тәжірибесінен мысал келтіреді:

Адамдардың бір-біріне түрлі түсті ұнтақтарды шашатын үнді бояу фестивалі Холи кезінде мені қабылдаған отбасының үйіне ертерек қайттым, Рамлалл мен Сандра иттерді босатып, түнде есікті кілттеу үшін әрқашан келуімді күтетін. Келген кезде Сандра үйдің төменгі қабатында гамакта отырған болатын, қасында Суреш бар [. . .]. Сапардан келген Рамлалл мені үсті-басым бояу-бояу күйімде суретке түсіріп алуға асықты. Сандра мейрамға орай жуынатын бөлмені жалтыратып тазалап қойғандықтан, жуынсаң айналаны бүлдіресің деп әдетте киім жуатын сырттағы жерде душ ала салшы деп сыпайы түрде сұрады. Ол және басқа да отбасы мүшелері бұған дейін де сол жүзде жуынғандықтан, үйдің артына барып денемдегі бояу ұнтақтарын жуа бастадым. Жуынатын жер үйден де, көшеден де көрінетіндіктен, киімімді шешпестен жуындым, үстімде киімнен майка мен қатты ұзын емес шалбар бар еді. Сандра мен Суреш гамакта отырған жерлерінен: «ақнәсілді қыз» шелекпен жуынып жатыр деп мырс-мырс күлді. Рамлалл ауланың артқы жағында бірдеңемен айналысып жүрген, кейін келді де денемде қалып қойған бояу ұнтақтарын көрсете бастады. Иығыма қолын тигізгенде ызаланып кеттім, алайда қатты алаңдай қоймадым. Жуынып болған соң, сүртіну үшін көліктің артына барып тығылдым. Көлік үйдің аумағында тұрғандықтан, көшеде өтіп бара жатқандар немесе үйдің ішінде отырғандар мені көре алмайтын еді. Мен де бұрыннан көрген, отбасында қалыптасқан жүріс-тұрыс нормаларына сәйкес әрекет еттім. Рамлалл әлі ауланың артқы жағында жүргенін байқамаппын, баласы мен әйеліне көрінбейтін жерде, яғни көліктің артында оны кенеттен қасымнан көргенде сасып қалдым. Әдетте бір-бірімізге әке-қыз ретінде қарайтынбыз, алайда бұл жолы мүлдем өзгеше көзбен қарап тұрғанынан көріп, абдырап қалдым. Немерелерінің жоқтығынан жабырқаңқы күйде жүрген шығар деп ойладым. Кетіп қалудың орнына, депрессияға шалдыққан шығар деп оның көңілін біраз да болса көтерейін деп, күніңіз жақсы өтті ме деп сұрадым. Бұрылған кезде [. . .] қолымнан шап беріп ұстап, мәжбүрлі түрде құшақтап, киімімнің астына қолын салып, қолын омырауыма алып барды, тіпті еркімнен тыс сүюге тырысты. Оны итеріп жіберіп, анық түрде «жоқ» дедім де, жоғары қабатқа қарай жүгіріп кеттім, еш

нәрсені көрмеген Сандра мен Сурешке шаршадым, ұйқым кеп тұр дей салдым.

(Kloß 2017:401)

Этнографтардың осындай жағымсыз оқиғаларды алдын-ала болжауы немесе болдырмауы өте қиын. Алайда кей кездері зерттеу қарым-қатынасының шеңберінде осының ықтималдығын арттыратын факторлар болуы мүмкін. Шевалье (2015) өзі зерттеген жас жігіттер туралы айтқанда сексуалдық әлімжеттіктің кей кездері зерттеуші мен зерттелуші арасындағы тең емес қарым-қатынасты қайта теңестіруге арналған стратегия болатынын мойындайды.

Әрине этнографиялық зерттеулер зерттеу алаңында адамдармен тығыз қарым-қатынасты нәтижелі түрде орнатуды қажет ететіндіктен, оның келісімге негізделген жеке қатынастарға ұласуы да әбден мүмкін. Уоррен (Warren, 1988:30) далалық зерттеулер кезіндегі сексуалдыққа қатысты мәселе алғаш рет «жабайы» қоғамда «акнәсілді әйелдің» зорлану қаупінен қорқудан басталды деп айтады. Ол сексуалдық әлімжеттік қаупін мойындай отырып, кеңірек көзқарас тұрғысынан қарау керегін айтады, дегенмен зерттеу алаңында далалық зерттеушілердің сексуалдық қатынастарға баратынын да ескертеді (қараңыз: Fine 1993; Kulick және Willson 1995; Coffey 1999; Goode 1999 және 2002). Тату салоны туралы зерттеуін талқылаған кезде Ируин (Irwin, 2006) өзінің негізгі ақпарат берушісімен жүріп, оған үйленгенін (ал кейін ажырасып кеткенін!) айтады.

Гендер секілді «нәсіл», этнос және діни ұстанымы да шектеулер қойып, қиындық туындатуы мүмкін. Пешкиннің фундаменталистік протестанттық мектепті зерттеудегі тәжірибесі этнографтың этностық және діни тиістілігі зерттеу алаңындағы қатынастарды қалыптастырудың маңызды факторы бола алатынын көрсетті:

Мен Вифания мектебіндегі ел ішінде кең тараған фундаменталистік білім беру құбылысын зерттеуге қызығушылық танытқан христиан емес зерттеуші болғым келді. Еврей болу зерттеуіме әсер ететін маңызды факт болатынын түсіндім, сонымен қатар сөзсіз субъективтілігімнің негізгі аспектісіне айналды. Вефаниліктер зерттеуімдегі «менімді» анықтауға мүмкіндік бергенімен, әлсіз болмысымды қабылдай алмай қойды. Еврей ретіндегі бірегейлігіме төнген қауіп тек тарихпен ғана байланысты еместігіне көзім жетті.

Оқушыларының бойына діни ілімді сіңіртіп, христиандық бірегейліктің мәнін түсіндіру барысында Вефанилік оқытушылар менің шайтан қабыл алмаған гуманистік әлемнің бір бөлігіне жататынымды, сондай-ақ олардың құдайдың нұры мен әділдігіне бөленген әлеміне қайшы келетін қараңғылық пен әділетсіздікті білдіретінімді үйретті. Олар балаларын ешқашан мен секілді

біреумен дос болуға, отбасы құруға немесе бірігіп іс ашуға болмайды деп үйретті. Олар мен секілділерді тек өз дініне кіргізу керек деп есептеді.

(Peshkin 1985:13–15)

Бұл жағдай Пешкинге зерттеуді тоқтатуға мәжбүрлемесе де, далалық зерттеу жұмыстарына түгелдей әсер етті. Бір қызығы, Шаффир (Shaffir, 2009) Канададағы хасидтік еврейлердің Лубавич сектасын зерттегенде дәл осындай мәселемен кезікті. Олар Шаффирді ортодоксалды ережелерді ұстануға шақырып, өз дініне кіргізуге үгіттеді. Дегенмен бұл оның зерттеуіне кедергі келтірмей, керісінше жеңілдетте түсті.

Солтүстік Ирландиядағы (протестанттар басым) корольдік Ольстер полициясын зерттеген кезінде католик әйел Магей Пешкиннің басынан өткендей мәселемен кезікті, дегенмен де ол зерттеу алаңында көптеген адаммен жақсы қарым-қатынас орната білді:

Далалық зерттеушінің он екі айға созылған табанды ізденісі бір жағынан кей адамның ашуына да тиді [...]. Тіпті респондеттер тарапынан жиі болып тұратын көңілге тиетін сәттерді есепке алмағанның өзінде, олардың көпшілігі зерттеуге қатысты күмәндерін далалық зерттеушінің көзінше еш қымсынбастан айта беретін болды. Кейде олар осындай алаңдаушылығын әзіл немесе мысқыл арқылы да жеткізетін еді. Далалық зерттеуші «ескі дорба» (Old Nosebag) деген атпен танылып кетіп, Шин Фейннің *Republican News* газетінде адамдардың аты-жөнін дұрыс жазу керегіне қатысты әзілдер ұзақ уақыт жазылып келді.

(Brewer 1991:21)

Шынымен де кейде басқа этностың немесе ұлттың өкілі болу тіпті белгілі бір артықшылыққа әкелуі мүмкін. Ханнерц (Hannerz, 1969) АҚШ-тағы қара нәсілділер тұратын гетто ауданына жүргізген зерттеуін талқылаған кезде ақпарат берушілерінің бірі қаранәсілді мұсылмандардың нағыз «көк көзді аққұба шайтан» деп жүргені сен шығарсың деп әзілдегенін, яғни ұлтының швед болуы оны өзге ақнәсілділерден кәдімгідей ерекшелегенін айтып өтеді.

Әрине, «нәсіл» - адамның сыртқы түр-келбеті ғана емес, сондай-ақ мәдениет, билік және жеке стиль тұрғысынан қарастырылатын мәселе. Сонымен қатар нәсілдік бірегейлікті мызғымас немесе стандартты деп қабылдамау керек. Стьюарт соған мысал келтіреді:

Нәсілдік жағынан алғанда, мен аралас некеде тудым. Әкем - қара нәсілді, анам - мексикалық. Терімнің түсі қоңырқай және ернім мен

мұрным анамдікіндей жұқа болғанына қарамастан, әдетте өзімді қаранәсілді не болмаса жағдайға байланысты аралас нәсіл деп есептейтінмін. Бәлкім, өзімді дәл осылай анықтағандықтан шығар, Скид Роуда нәсілдік жағынан «инсайдермін» деп есептедім. Оның үстіне, таптық жағынан шығу тегіме байланысты ортақ нәрселерді көрдім [...]. Туып-өскен жерім де - Лос-Анджелестен 60 мильдей қашықтықта орналасқан, АҚШ-тағы ең кедей қалалардың бірі деп есептелетін Бан-Бернардино. Кішкентайымнан қаланың кедейлігін, бандаларды және зорлық-зомбылықты көріп өстім [...].

Дегенмен шығу-тегіме қатысты бұл ақпараттың ешқайсысы Скид Роудағы сатушылар үшін маңызды емес еді. Бір өкініштісі, бұл адамдар мені белгілі бір артықшылығы бар ақнәсілді адам деп қабылдады. Неге мені осылай қабылдады дейсіз ғой, себебі Скид Роудың полицейлері (қала ауданындағы бейресми болса да, нәсілдік классификацияны жасаушылар) менің бірегейлігімді осылай анықтап берді.

(Stuart 2018:229)

Полицейлердің бірі тоқтатып алып, белгісіз біреу қоңырау соққанын және менің «қолында қара портфелі бар ақнәсілді адамның» сипаттамасына дәл келетінімді жеткізді:

«Сонда біреудің айтқаны менің сипаттамама дәл келе ме?» - деп күмән туғызатындай сұрақ қойдым. «Қараңыз», - терімнің реңкіне қарасын деп, алақанымды төмен қаратып, қолымды создым да «ол адамның мен болып шығуы мүмкін емес», - дедім. Екі офицермен салыстырғанда, терімнің түсі қоңырқай еді. «Көргеніңіздей, ақнәсілді емеспін» дедім. Бірінші офицер еш ойланбастан жай ғана [...]: «дәл сондайсыз», - деді. Бізден көзін алмай қарап тұрған сатушыларды меңзеп: «Мына жігіттерге қарашы. Шын айтамын, бұлармен салыстырғанда, сен ақсын», - деді.

(Stuart 2018:230)

Кейін сатушылардың бірі үстіндегі киімді ауыстыру арқылы «қаралардың» қатарына қосылуға болады деген кеңес берді.

Филадельфиядағы қаранәсілділер тұратын ауданды зерттеген кезінде Элис Гоффман (2014) этносы мен гендеріне қатысты туындаған кедергілерден өтуі керек еді. Ақнәсілді әйел болғандықтан, адамдар оның ниетіне күмәнмен қарады, «бірнеше ай бойы күн сайын көрініп», зерттеу алаңында әрбір адаммен жеке-жеке қарым-қатынас құрғаннан кейін осы кедергілерді жеңе білді. Ол былай деп жазады:

Өзім аққұба болғандықтан, менің еврей, дәлірек айтқанда, әкем жағынан еврей болғандықтан және тегім көп сұралмағандықтан, жартылай еврей екенім көп байқалмайтын. Бір күні Реджи маған келіп, құмар ойынында ұтып алған ұтысын бөліскісі келмеген жігітке наразы екенін айтып, ол «барып тұрған еврей» дей салды.

«Жалпы, бірде-бір еврей танысың бар ма?» - деп сұрадым.

«Жоқ. Бұл жай осылай айтылатын тіркес қой».

«Менің еврей екенімді білесің ғой, иә?»

«Сен еврей емессің ғой. Сен ақсың».

«Реджи, мен жартылай евреймін, шын айтамын».

«Онда сақалың қайда?» - деп күлді

(Goffman 2014: 233)

Сонымен қатар Гоффман айтып өткендей, оның ақнәсілді екені әрдайым тұрақты бірегейлік болғанымен, гендері секілді әртүрлі контекстке қарай өзгеріп отырды.

Нәсіл мен этностың тигізетін ықпалына қатысты пікірталастардың басым бөлігі ақнәсілді емес адамдарды зерттеген ақнәсілді зерттеушілерге немесе этностық азшылықты зерттеген этностық көпшілікке жататын зерттеушілерге қатысты болды. Сонымен қатар қаранәсілді және азиялық зерттеушілердің тәжірибесіне де біраз көңіл бөлінді (Hoong Sin 2007; Keikelame 2018; Törngren және Ngeh 2018). Бұл жерде де нәсілдік және этностық бірегейлік сипаты жағынан болсын, әсері жағынан болсын тұрақты болмайды. Матлон Кот-д'Ивуарда жүргізген зерттеуінің негізінде былай дейді:

Метис ретінде жағдайға байланысты ақ та, қара да бола аламын. Ұлтшылдар қауымдастығы президентінің маған қойған бірінші сұрағы мынадай болды: «Сен қаранәсілді америкалықсың ба?». Иә деген оң жауабымды алғаннан кейін менің әр-нәрсені сұрап, әуестік танытуым қалыпты нәрсе секілді көрінді.

(Matlon 2015:160)

Дегенмен басқа контекстерде оған «la blanche» (ақ әйел) деген айдар таңылғанымен, «ақ америкалық болу ақ француз әйел болудан әлдеқайда жақсы» еді. Осылайша бірегейлігінің өзгеріп отыруы оның мақсатына сай келді.

Керісінше, Уайтхед (Whitehead, 1986) өзі зерттеген ямайкалықтарға «үлкен», «қоңыр», «әдемі сөйлейтін адам» болып көрінді. «Үлкен» оның дене мөлшерін емес, білімді шетелдік ретіндегі мәртебесін, ал «әдемі сөйлейтін» дегені оның ағылшын тілінің диалектісі емес, стандартты ағылшын тілін қолданғанын білдірді. Жергілікті ямайкалықтар «қоңыр» сөзін адам денесінің ақшыл түсі мен экономикалық және әлеуметтік

жағдайының жақсы екенін білдіру үшін қолданады. Ямайкалықтардың оны осылай көруінің бір нәтижесін былай сипаттайды:

табысы төмен бірқатар ер адаммен жай әңгімелесуге немесе ресми сұхбат жүргізуге тырысқанымда олар бетіме тура қараудан қашқақтайтын және бірнеше мәрте өздерінен мәртебесі жоғарырақ адаммен сөйлесуді ұсынған еді. Олар әдетте маған орынсыз «иә, мырза» және «жоқ, мырза» деп жауап берумен болды.

(Whitehead 1986:215)

Жас ерекшелігі - далалық зерттеуші үшін тағы бір маңызды аспект. Әрине мұны жалпылай алғанда дұрыс дей алмасақ та, этнографияның жас зерттеушілердің саласы екені байқалады. Мұның себептері ішінара жастардың далалық зерттеулерге көп уақытын жұмсауға дайын екенімен, ішінара оларға «біліктігі төмен» «аутсайдер» немесе «маргиналь» адамның позициясын қабылдау оңайға тиюмен байланысты. Бұл әрине этнография тек қана жас зерттеушілермен шектеліп қалуы керек дегенді білдірмейді, алайда адамның жас ерекшеліктерінің орнатылатын қарым-қатынас түріне және жиналатын деректерге әсер ететінін есте ұстаған жөн. Жас зерттеуші студент орта жастағы профессорға қарағанда, мүлдем өзгеше жұмыс қатынастарын орната алады.

Хенсли 29 жасында такси жүргізушілеріне жүргізген зерттеуін 47 жасында үйсіздерге жүргізген зерттеуімен салыстыра отырып, жас ерекшеліктерінің зерттеушінің жұмыс істеу тәсілдеріне әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді:

Такси жүргізушілерін іштен бақылаған кезде қауіп-қатерге аса мән бермейтін едім, себебі бар ойым әлеуметтану саласында алдыма қойған мақсатыма жету болатын. Такси жүргізе бастаған бірінші аптада біреулер екі-үш такси жүргізушісін пышақтап кетті, басыма осындай жағдайдың келмейтініне сенімді болғандықтан, аса қатты мән бере қоймадым.

Алайда көшенің шындығымен қайтадан кезіккен сәтте өмірімдегі көп нәрсенің бұрынғыдай емес екеніне көзім жетті. Адам жасы өзіне тиесілі істі орындады: жас ұлғайған сайын көшедегі тәжірибеге бұрынғыдан да консервативті көзқараспен қарайтын болдым. Өз-өзіме не істеп жүрмін, тіпті осыны істеуім керек пе деген сұрақтарды жиі қоятын болдым.

Ол өзінің қашқындардың тобына барып, олармен сөйлесуден тартынғанын былай суреттейді:

Кварталдың төменгі жағындағы автотұрақтың алдында шамамен бес-алты жас жігіт пен екі қыздың жиналып тұрғанын көрдім. Қалай болғанда да оларды өзім бұрыннан білетін орталық-батыс өңірінің қала маңынан келетін жастарына ұқсата алмадым. Бұл топқа қараған кезде таңқалдырған нәрсе «метал» санының көп болуы, әсіресе денесінің әр бөлігінен шығып тұрған пирсингтер бірден көзге түсті.

Бірнеше жыл бұрын бұл жастарды көрсем, айтуға тұрарлық еліктіргіш оқиғалары бар өзгеше бір топ деп ойлар едім. Ендігіері олай ойламаймын. Енді бұл топқа қарасам, оларды өз жайына қалдырған дұрыс болар деген ой келеді.

(Henslin 1990:69–70)

Ол шынымен де сол топпен сөйлесіп көрді. Олар қаңырап бос қалған ғимараттарда қонып жүргенін айтып еді, ол бірден ол жерде қонған қалай екен, бұлар сонда жаман ниетті адамдардан қалай қорғанады екен дегендей неше түрлі сұрақтарды ой елегінен өткізе бастады. Қанша жерден бұл сұрақтардың жауабын білгісі келгенімен, олармен бірге қону өте қауіпті болатынын түсінді.

Жасыңыздың сәйкес келмеуі немесе сол буын өкілдерінен тым ерекшелену жасырын зерттеу жүргізу барысында ерекше проблема тудыруы мүмкін. Бұл тек зерттеушінің өз-өзін орынсыз ұстауы ғана емес, сондай-ақ байқаусызда ерсі болып көрінетін мінез-құлық танытуы арқылы көрінуі мүмкін. Моффатт (Moffat, 1989:7) колледж студенттері туралы зерттеуінің жасырын кезеңінде «жоғары» немесе академиялық тақырыпта сөйлескен кезде және секс туралы «төмен» деңгейлі әңгіме барысында өз-өзін бақылауға тура келгенін айтады. Ашық зерттеулер кезінде де осыған ұқсас мәселелер туындауы мүмкін, жасына сай келмейтін мінез-құлық таныту кейбір қатысушылармен қарым-қатынасқа зиянын тигізуі мүмкін (дегенмен өзге қатысушылармен қарым-қатынасын жақсартуы да мүмкін).

Әрине зерттеуші мен зерттелуші арасындағы жас айырмашылығын тек әлеуметтік интеракцияны тиімді басқару тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар зерттелушінің мінез-құлқына қалай әсер етуі тұрғысынан да қарастыру керек. Мерфи көше қиылысындағы тоқаш дүкенінде жиналатын, жасы егде тартқан ер адамдар туралы зерттеуінде іштен бақылаушы және басқа да тұрақты клиенттер арасындағы жас ерекшеліктерінде салыстырмалы түрде үлкен айырмашылықтың болуын ескере отырып, деректерге сақтықпен қарау керекін айтады.

Далалық зерттеулерді бастаған кезімде жасым жиырма жетіде, ал далалық зерттеулерді ресми түрде аяқтағанда отыз бірде едім.

Зерттеліп жатқандардың қасына немерелерімен жасты біреу келсе, олар әрекетін өзгертуі әбден мүмкін.

(Murphy 2017:115)

Жас айырмашылығына қатысты мәселе көбінесе балаларға зерттеу жүргізген кезде анық көрінеді (қараңыз, Punch 2002; Christensen 2004; Clark және т.б. 2014). Корсаро (1981:11) балабақшадағы балаларға жүргізген зерттеуін талқылаған кезде көрсеткендей, зерттеушіге не істеуге болатынын немесе болмайтынын шектейтін жас ерекшеліктері және сонымен байланысты басқа да кедергілер болғанымен, тіпті жас айырмашылығы өте үлкен болса да, бұл кедергілер тұрақты болмауы мүмкін.

төрт жастағы екі қыз (Бетти мен Дженни) және балабақшадағы ересек зерттеуші (Билл) арасындағы әңгіме:

Бетти: Бізбен ойнай алмайсың!

Билл: Неге?

Бетти: Себебі сен өте үлкенсің.

Билл: Онда отырайын (отырады)

Дженни: Әлі де өте үлкенсің ғой.

Бетти: Иә, сен «үлкен Биллсің»!

Билл: Онда жай қарасам бола ма?

Дженни: Жарайды, бірақ еш нәрсеге тиіспе!

Бетти: Жай ғана қара, жарай ма?

Билл: Жарайды.

Дженни: Жарай ма, үлкен Билл?

Билл: Жарайды

(Кейін үлкен Билл де ойынға кірісті)

(Corsaro 1981:11)

Көбінесе балалармен жұмыс істейтін зерттеушілер «ересектерге тән емес» рөлді орындауға тырысады. Бұл кейде сәтті болса да, міндетті түрде кейбір шектеулер қатар жүреді (Fine және Sandstrom 1988; Mandell 1988; Epstein 1998; Randall 2012).

Бұл жерде этнографтың кейбір жеке басының сипаттамалары мен олардың ғылыми-зерттеу қатынастарына тигізер әсерін талқылаумен ғана шектелдік. Бәлкім бұл талқылаулар қандай да бір мәні бар жеке ерекшеліктерді толық қамтымайтын шығар. Оболер күйеуін Кениядағы нандилердің қатарына алынуын сипаттайды:

Суға түсу үшін өзенге барған алғашқы сапары маңызды сынақтың бірі болды. Жолдастық рухын көтеру жолында бір жыныстағылардың бірігіп

жуынууы дәстүр болғандықтан, бірқатар жас жігіт онымен еріп жүрді. Ал оларға қызыққан бір топ бала мен жасөспірім олардың ізінен қалмай еріп отырды [...], бәрі де көкейіндегі сұрақтарына жауап алғысы келді. Сонда білгісі келгені: Леон сүндеттелген бе? Нанди тайпасында жасөспірімді сүндеттеуді қамтитын ерлер қатарына қабылдау рәсімі - ер адамның өмірлік цикліндегі ең маңызды оқиға. Онсыз адамның ересек адам деп есептелуі, жасын есептейтін жүйеге енуі және үйленуі мүмкін емес. Бұл сонымен қатар этностың маңызды ерекшелігі деп есептеледі. Бақытына орай, Леон шығу тегі еврей болғандықтан әрі еврей дәстүріне сай тәрбиеленгендіктен бұл сынақтан өтті. Күйеуім сүндеттелмегенде Нандиде далалық жұмыстарды жүргізу маған өте қиынға түсер еді деп ойлаймын.

(Oboler 1986:37)

Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай, тек этнографтардың жеке басының қасиеттері немесе әлеуметтік сипаттамалары ғана емес, сонымен қатар зерттеу нысанына бірге ілесіп келген серіктерінің де ерекшеліктері аса маңызды болуы мүмкін. Балаларға келгенде де осылай екені рас. Дауни (Downey, 2013) далалық зерттеуге баласын алып барудың далалық зерттеудің сипатын ғана емес, сонымен қатар жұмысының нәтижесін де өзгерткенін айтады. Дегенмен балалар әрдайым ата-анасының зерттеуіне қатысқанда ондағы рөлін қабылдай бермейді. Мысалы, Грасмак (Grasmuck, 2013:193) ұлдардың бейсбол командасы туралы зерттеуіне ұлын қатыстырғанда ұлының өзін «ыңғайсыз» сезінгенін, «қарсылық» танытқанын және «келісімін қайта қарағысы» келгенін айтады.

Отбасы мүшелеріне қатысты басқа да күрделі жағдайлар туындауы мүмкін. Мысалы, Хадсон күйеуі жұмыс істейтін мектепке зерттеу жүргізеді және күйеуі далалық зерттеулер барысында мұғалімнен тәрбие ісі жөніндегі директордың көмекшісіне көтеріледі. Әрине бұл жағдайдың оқушылардың зерттеушіге деген көзқарасына ықпал еткені рас, дегенмен күткеніміздей зерттеу нәтижесіне кері әсерін тигізе қоймады. Зерттеуші алғашында мұғалімге тұрмысқа шыққанына қатысты тақырыпты қозғағысы келмеді, дегенмен жастар бұл тақырыпты қозғаса бұл сұраққа ашық жауап беруіме тура келеді деп те ойлады. Бұл оқиғаны осы тақырып қозғалмастан бұрын болғанын айтады.

Оқушылар оның күйеуін басқа мұғаліммен шатастырып алған екен, қыздар жиналып алып аяушылық сезімін білдіре бастайды: Анна: «тек сол ұзын жігіт болмасын! Байғұс-ай! Ол өзі үйде қандай адам екен?»- деді (Research Log, 24.1.97). Оның айтқан сөзі Ричард екеуміздің жастардан бөлек жұп екенімізді қабылдаудан гөрі, өздері ойлағандай статусыма аяушылық білдіргендей ой қалдырады. Шынымен де,

далалық зерттеулер барысында жастардың сөзіне қарасам, менің күйеуіммен емес, олармен қарым-қатынасым күштірек секілді көрінді. Мысалы, кейінірек далалық зерттеулер кезінде 1997 жылдың желтоқсан айында Сара мектептегі бюллетеньді оқып отырып, маған қарай бұрылды да: «Мисс! Күйеуіңіздің директордың көмекшісі болып тағайындалғанын білесіз бе?»- деп айқайлап сұрады (Research Log, 12.12.97). Жазғы каникул кезінде Сара маған мектептегі телефонға қоңырау шалғанда тұтқаны күйеуім көтерді [...]. Лауазымды тұлғаның әйелі екенімнің белгілі болғанына қарамастан, жағдайын сұраған кезімде ол бірден бір жігітпен болғанын, енді мектепке сиқымсыз болып қайтатынын айтты.

(Hudson 2004:264)

Далалық зерттеулер барысында зерттеушіні кездестірген немесе естіген адамдар оның кім екенін түсіну үшін «таңылған мінез-құлық сипаттамасы», сондай-ақ сыртқы келбеті мен өзін-өзі ұстау мәнерінің басқа да аспектілері негізінде жұмыс істейді. Мүмкіндігінше оның тигізер әсерін бақылау керек. Сонымен қатар, осының алдында көргеніміздей, керек деректерге қол жеткізу үшін этнографтар далалық зерттеулердегі рөлін (киімін, өзін-өзі ұстау мәнерін, мінез-құлқын бейімдеу арқылы) қалыптастыруға тырысады.

Далалық зерттеулердегі рөлдер

Этнографтың далалық зерттеулерде алатын рөлі бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, бұл ішінара зерттеу дизайнына байланысты болса да, мұны әрдайым басқа қатысушылармен жүргізіліп жатқан келіссөздердің нәтижесі деуге болады. Рөлдің зерттеушінің жеке басының және әлеуметтік жағдайының сипаттамалары арқылы қалай қалыптасатынын, оны қатысушылар қалай түсіндіретінін жоғарыда айтып өттік. Әрине бұл осындай адам не білуге тиіс, оның қандай дағдылары болады деген сұрақтарды қамтиды. Кейде зерттеушілер өздері бұрыннан қатысушы болып келетін ортаны зерттейді, ондай жағдайда олардың рөлі алдын-ала белгілі болуы мүмкін (және де олар туралы айтарлықтай көп мәлімет болады). Тіпті этнографтар зерттеу ортасына бейтаныс адам ретінде ашық түрде келгеннің өзінде оларға белгілі бір рөлдің берілгеніне көзі жетуі мүмкін. Мысалы, Клосс (Kloss, 2017) Гайанада бірге тұрған отбасына сол үйдің қызы, әпкесі және т.б. ретінде қабылданса да, «ақнәсілді қыз» болып қала берді. Ал Вандерстейге (VanderStaa, 2005) этностық және өзге де айырмашылықтарына қарамастан өзі зерттеген жас жігіттің «ағасы» ретіндегі рөл берілді. Осындай рөлді белгілеу далалық зерттеу жұмыстарын біреуге жеңілдетсе, біреуге қиындатып жіберуі мүмкін. Ең бастапқы тапсырма қажет дерек түріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін ортада өзіңізге арнап рөл қалыптастыруда жатыр. Кей

кездері бұл салыстырмалы түрде оңай бола қояды, ал кейде, Дрейк пен Харви (Drake және Harvey, 2014) түрме зерттеуі туралы кейсінде айтқандай, өте қиын және эмоциялық жағынан көп күш сарп етуді қажет етуі мүмкін.

Далалық зерттеулердің алғашқы күндері бұрыннан таныс емес ортаны зерттеуге келген этнографтың өзін-өзі ұстау мәнері жаңа жағдайды түсінуге ұмтылатын жаңадан келген зерттеушіден қатты ерекшелене қоймайды. Өздеріне салыстырмалы түрде таныс емес ортаға түскен жаңадан келгендердің немесе жұмысқа жаңадан алынғандардың (оқуға жаңа түскен студенттер, әскер қатарына жаңадан алынғандар, жаңадан жұмысқа тұрғандар) позициясын қарастырайық. Олар сонда бәрін қалай жете түсінеді? Үйрену процесінде қандай да бір сиқыр жоқ. Адамдардың істеген әрекетін бақылайды, басқалардан не болып жатқанын сұрайды, кейде қателессе де, өздері жасап көреді. Маңыздысы сол, жаңадан келген зерттеуші әлеуметтанушы ғалым ретінде де әрекет етеді: бақылау жүргізеді, қорытынды шығарады, ақпарат іздейді, гипотеза құрастырады және солардың негізінде әрекет етеді. Жалпақ тілмен айтқанда, олар «мәдениетпен танысады».

Осылайша, өздеріне бейтаныс ортаны зерттегенде этнографтар амалсыздан жаңадан келген зерттеушілер секілді болады. Лофленд және т.б. (Lofland және т.б., 2006:69–70) дәл сипаттап өткендей, мүмкіндігінше, үйрену процесін жылдамдату үшін олар өздерін «жеткілікті дәрежеде білікті емес» (acceptable incompetent) адам позициясына қоюы керек. Мысалы, Харпер (Harper, 2018:100–101) қаңғыбастарды зерттеген кезінде өзіне осындай рөлді алады. Тек бақылау, тыңдау, сұрақтар қою, гипотеза құрастыру, арасында олқылықтар жіберу арқылы ғана этнографтар зерттеу ортасының әлеуметтік құрылымы туралы жақсы түсінік қалыптастыра алады және қатысушылардың мәдениетін түсіне алады.

Стайлз (Styles, 1979) гейлерге арналған моншаларда жүргізген зерттеуінде іштен бақылаушы болуды үйренудің бастапқы кезеңінен мысал келтіреді. Ол зерттеуін бастамас бұрын моншаның гетеросексуалды клиенттерінің арасына гей ретінде баруды ойлайды. Айналада не болып жатқанын түсінбеуім мүмкін деген ой бұрын-соңды ойыма кіріп шықпаған еді (151 б). Моншаға бармас бұрын сол жерге жиі баратын гей-досынан кеңес алды:

Әңгімемізден қандай да бір күрделі мәселенің жоқ екенін түсіндім де, алдын-ала зерттеу жоспарын құрып алдым. Алдымен моншадағы неше түрлі сексуалдық әрекеттер туралы сұрастырып көрдім де, моншаның орналасуын және сексуалдық ерекшелікке қатысты моншаның қалай жоспарланғанын біліп алатын болдым. Әртүрлі саладағы интеракцияны бақылағаннан кейін алғаш рет келуші екенімді айтып, моншада не істейтіндерін сұрап бір-екі келушімен сөйлесе бастадым. Зерттеу барысында алған мәліметтерімді түртіп

алу үшін ешкім кірмесін деп есігі кілттенетін төменгі қабаттағы әжетханалардан оңаша жер тауып аламын деп ойладым.

Алайда жоспары ойлағандай іске аспай қалды:

Жуыну бөлмесінің іші адамға лық толы, шулы әрі ол жерде жағымсыз иіс шығып тұрды. Моншаның жоспарын сұрастырып білуге бағытталған бірінші жобам іске аспай қалды, себебі дәлізде әрі-бері жүрген жалаңаш және жартылай жалаңаш еркектердің арасынан өтуге жиырма-отыз минутым кетті [...]. Төменгі қабаттағы дәретханаға кіру үшін кезекте тұрған он шақты еркекті көргенде, әрі уақыт өткен сайын олардың саны көбейе түскеніне көзім жеткен соң мәліметтерді түртіп алуға қатысты ойымнан айнып қалды. Жыныстық қатынастар орын алатын негізгі жерді көрдім [...]. Дегенмен ол жердің жарығы әлсіз болғандықтан, олардың не істеп жатқанын дұрыстап көре алмадым, қаптаған денелердің арасынан суырылып шығып, жынойнақ бөлмесінен шығып кеттім, қараңғыда құлап, топ болып жыныстық қатынас жасап жатқан еркектерге барып соқтығыстым, сол кезде олардың бірі орамалымды жұлып алып, жыныс мүшесін шап беріп ұстап алды. Ішке бу жіберілгенде көзілдірігім буланып кеткендіктен бу бөлмесінен шығып кеттім. Даңғырлаған музыка үні, клиенттердің сұсты көзқарасы, басымның шыдатпай ауыруы (кейінірек бұның сексуалдық құштарлықты арттыратын препарат - амил нитриттың иісінен болғанын білдім) олармен әңгімелесуге деген ынта-ықыласымды түбегейлі жойды.

(Styles 1979:138)

«Ақырын ғана сынап көріп, қателескеннен кейін адамдардың моншадағы мінез-құлқын біртіндеп түсіне бастадым,» - деп жазады (139 б).

Далалық зерттеуді жаңадан бастаған адам мен этнографтың арасындағы басты айырмашылық сол, этнограф зерттеліп жатқан нәрсенің не екенін, оның қалай зерттелетінін және осындай білім тудыратын әлеуметтік өзгерістерді саналы түрде түсінуге тырысады. Бірінші тарауда көргеніміздей, этнографияның маңызды деген талабы сол, біз зерттеу ортасы және сол жердегі адамдар туралы жұртты жаңылыстыратын қате пікірді дұрыс деп қабылдау қатерін мейлінше азайту үшін парасатты пайым мен теориялық білімді таразылап отырамыз.

«Бейтаныс» немесе «экзотикалық» орталар этнографтардың өздерінің сыңаржақ пікіріне деген сенімін бірден жоқ қылады, мысалы Шюцтың (1964) «бейтаныс адамы» анықтағандай, жаңа ел туралы білетін нәрселері ол жерде аман қалу үшін жеткілікті емес. Лора Боханнон (әдеби лақап аты - Эленоре Боуэн) африка мәдениетімен қалай танысқаны

туралы жартылай әдеби жанрда қызықты шығарма жазды. Ол далалық зерттеушінің басынан өткен жаттану және «бөтендік» сезімін, сондай-ақ «біліксіз» болғанын былай жеткізеді:

Өзімді ешкімге тәуелсіз әйел емес, үйінен ұзап шыққан бала секілді сезіндім. Дұрыс болсын, бұрыс болсын үй-іші мені сырттағылардан қорғап, қолдады, алайда іс біткен соң маған жақсы болсын деп өз пікірін айтты, мен ашулана алмадым. Өзімді кәдімгі тіс қаққан, зерттеу жүргізіп дайындықтан өткен және кәсіби антрополог секілді сезінбедім. Мені бір үйден екінші үйге алып кетті, әдепсіз болғаным үшін, аяқ киімім дымқыл болғаны үшін ұрыс естідім. Өзім бірнәрсе үйрете алатын тілалғыш информанттарым болған жоқ, керісінше, маған пайдалы деп тапқан нәрселерін және сол кезде өздері қызыққан нәрселерін үйреткен адамдардың көңілін аулаумен бос уақытымды өткізгенімді түсіндім [. . .].

(Bowen 1954:40–41)

Ол осындай жеке басының және эмоциялық қиындықтарды бөтенсу тұрғысынан жазады, оның жазбаларынан көріп отырғанымыздай бұл - үйрену процесінің ажырамас бөлігі.

Осындай бөтенсу тәжірибесі көбінесе «мәдени шок» деп аталады, сондай-ақ оны әлеуметтік және мәдени антропологияның ерекше белгісі деп атауға болады. Дегенмен ол антропологтармен шектеліп қалмайды. Малаховский (Malachowski, 2015:26) Канаданың ірі өнеркәсіптік өндіріс компаниясының жұмыс орнындағы психикалық денсаулыққа қатысты зерттеуінде көрсеткендей, бұл өте ыңғайсыз болуы мүмкін. Бұл ұйым қатаң иерархиялық билік құрылымы бар «гипер-маскулиндік жұмыс ортасымен» ерекшеленді. Ол былай деп жазады:

Жұмысшылар менің жанымда өздерін еркін сезіне бастағаннан кейін психикалық ауруға шалдыққандарды сипаттау үшін «есалаң», «есуас», «жынды» және «ақылынан адасқан» деген сөздерді қолдана бастады. Мен келген сайын «сіз жындыхананы зерттеуге келдіңіз», «жындыларды таптыңыз ба?», «сіз дұрыстап қарамай жүрсіз-ау, оларды әр жерден табуға болады ғой», «менен сұхбат алсаңыз, мен де көндіру көйлегін киіп шыға келер едім» және «қандай да бір жындыларды көрсек, сізге хабарын берерміз» деген сөздерді жиі еститін болдым. Далалық зерттеулерімнің мақсаты жұмысшылардың психикалық ауруларды қалай түсініп, сол туралы не айтатындарын көрсететін мәдениет пен контексті жақсырақ түсіну болатын, дегенмен олардың психикалық ауруларға қатысты жиі айтатын кемсітуші сөздері мен сорақы жаңсақ пікірлері шамыма тиіп, ашуландыратын болды (Malachowski 2015:para14).

Бәлкім мәдени шокқа қатысты тағы бір таңқалдыратын кейс Натанның (Nathan, 2005) «профессор студент болу арқылы не үйренді» деген антропологиялық жазбасы шығар. Зерттеуді өзі сабақ берген университетте (көбінесе жасырын) жүргізгеннің өзінде, бірінші курс студенті ретіндегі жаңа рөлінде бағыт-бағдарсыз жүргендей сезінген, тіпті менің алғаш рет шетелде далалық зерттеулер жүргізу үшін ауылға келген кезімнен де бетер болды (10–11 бб). Кампустың ішін жақсы білгенімен, енді кампусты студент ретінде кезгендіктен, оның тәжірибесі мүлдем басқаша болды. Ол былай деп жазады: «Өзімді соншалықты әлсіз және сол жерде жайсыз сезінгеніме таң қалдым. Жиі адасқанымды және өзге студенттерді тоқтатып алып, жол сұрағанымды байқадым» (11б). Оның үстіне, келгеннен кейінгі 48 сағат ішінде жатақхананың қоғамдық бөлігінде алкогольдік ішімдік ішкені үшін тәртіптік жазаға тартылды (12 б).

Осындай тәжірибелер адамды бағытынан жаңылыстырғанымен, этнографтың «бөтен» мәдениетке қарсы тұруы этнографияның әдіснамалық және эпистемологиялық негізі болып есептеледі. Дегенмен мәселенің бәрі бұған кеп тіреліп тұрған жоқ. Кей кездері мазасыздық пен шок әлеуметтік фактілерді, ережелерді, құндылықтарды, әлеуметтік құрылымдарды және басқа да әлеуметтану құбылыстарын бірден байқауға болады деген жалған үміттен туындайды. Бәлкім де бұл әуел бастан игерілуі керек ең қиын сабақтардың бірі шығар. Адам күнделікті өмірді әлеуметтану немесе антропология оқулықтарында жазылғандай «көре алмайды», ал аналитикалық тұжырымдамаларды зерттеу алаңында біреудің басынан өткен құбылыстардан оқи алмайды. Кейбір зерттеушілер далалық зерттеулерге алғаш рет кіріскен кезде осыған көзі жеткенде өзін жеткілікті дәрежеде білікті зерттеуші емеспін деп есептеп, сатқын сезінуі мүмкін немесе өз-өзіне күмәнданатын үрей сезімін бастан кешіруі мүмкін, себебі олардың жүргізген бақылауы «әдебиетте» жазылған шындықтың категорияларына дәл келмейді.

Әрине зерттеушіге жақсы таныс ортаны зерттегенде мүлдем басқа мәселе туындауы мүмкін: мейлі әлеуметтік ғылымнан туындасын, мейлі күнделікті өмірдегі білімнен туындасын, қандай да бір жаңсақ пікірді сөйлету қиынға соғуы мүмкін. Сонымен қатар аналитикалық қызығушылықтың болмауына байланысты адамның көзімен көргені соншалықты түсінікті болып көрінуі мүмкін, сондықтан «онсыз да білемін дегенмен күресу» керек (Delamont және Atkinson 1995; Delamont және т.б. 2010). Беккер білім беру орындарында жүргізген зерттеулерінің аясында осы мәселенің классикалық тұжырымын ұсынады:

Біз қазіргі заманғы сыныптарды бақылаудың қиындығын аса бағалай бермейміз. Бұл білім беру саласындағы тестілеуге қатысты сауалнама әдісі немесе адамдардың болып жатқан нәрсені көруіне кедергі

келтіру ғана емес. Мұның бәрі, ең алдымен, өзімізге соншалықты таныс нәрсе болғандықтан туындайды, сол себепті де сыныпта болған оқиғаларды, тіпті олар көз алдыңызда болып жатқан оқиғаларды көріп, бір-бірінен ажырату мүмкін болмай жатады. Мен өздігімнен бастауыш және орта сыныптарды бақылап көрмедім, бірақ та колледждегі аудиторияларды бақылаған кезімде әдетте сол жерде көрінетін нәрселерді көрмеу үшін орасан зор күш-жігер қажет екені рас. Бірнеше зерттеуші тобымен сөйлестім, алайда оларды әркім білетін нәрседен артық нәрсені көрсетуге немесе жаздыруға итермелеу өте қиын.

(Becker 1971:10)

Манней (Mannay, 2010) бұл мәселені өзінің және қатысушылардың ұйғарымы арасындағы сәйкессіздікті көрсетуге мүмкіндік беретін қатысушылардан алынған визуалды деректі қолдану арқылы қызықты бір жолмен шешті.

Өзі қатысушы болып есептелетін ортаны зерттеуге қатысты тағы бір мәселе жаңадан келген зерттеушінің рөлін ала алмауда жатыр. Алдыңғы тарауда зерттеушілерге кейде сарапшының, кейде сыншының рөлі қалай берілетінін айтып өттік. Оның үстіне, таңылған сипаттамалар, әсіресе жас ерекшелігі мұны күшейте түсуі мүмкін. Нәтижесінде, этнограф тез арада кәсіби деңгейде әрекет етуге қабілетті болуы керек деген күрделі міндетпен кезігеді, дегенмен бұл тіпті зерттеу ортасымен таныс болғанның өзінде әрдайым жеңіл бола бермейді. Сонымен қатар аналитикалық мақсатта қатысушылар туралы онсыз да солай болуы керек деген ұйғарымдарды тоқтату қажеттігі туындайды.

Үнемі «біліксіз» болып көріне беру мүмкін бола бермейді; бұл рөлге қабылданған күннің өзінде, далалық зерттеулердің барысындағы жұмыс ілгерлеген сайын одан бас тартушылар жиі болады, сөйтіп өзге рөлдер алға шығады. Зерттеу ортасында этнографтардың алатын рөлін белгілеп алуға бағытталған бірнеше әрекет жасалды (Adler және Adler 1991, 1994). Классикалық еңбектерінде Юнкер (1960) мен Голд (1958) «толық қатысушы», «бақылаушы ретіндегі қатысушы», «қатысушы ретіндегі бақылаушы» және «толық бақылаушы» арасындағы айырмашылықты ажыратып көрсетеді, олар «ішкі» сипаттамалардан бастап «сыртқы» сипаттамаларға дейінгі өлшемдерді білдіреді, дегенмен айтылып отырған нәрсе бұдан да күрделі екенін көреміз.

«Толығымен қатысушы» рөлінде этнографтың іс-әрекеті толықтай қатысушының іс-әрекетімен бірдей болады, зерттеушінің жеке басына қатысты ақпарат жасырын болуы мүмкін. Бұл жердегі мақсат - өзін әдеттегі қатысушы ретінде көрсету (Karp 1980; Pettinger 2004; Zempi 2017) немесе жасырын түрде ұйымға немесе топқа қосылу: мысалы, анонимді маскүнемдер (Lofland және Lejeune 1960), Елуіншілер бірлестігі

(*Pentecostals*) (Homan 1978, 1980), әскери бірлік (Sullivan және т.б.1958), психикалық аурухана (Rosenhahn 1973), түнгі клубта есік алдындағы күзетшілер (Calvey 2000, 2018), дүкен қызметкері (Pettinger 2004), мал соятын орын (Pachirat 2011), скайдайвинг клубы (Hardie-Bick және Scott 2017). Толығымен қатысу болжамды зерттеуші өзі зерттейтін топтың немесе ұйымның бұрыннан мүшесі болғанда жүзеге асады. Далтонның (Dalton, 1959) «басқаратын ер адамдар» туралы еңбегіне және Холдэуейдің (Holdaway, 1982) полиция туралы зерттеуіне қатысты осылай деуге болады. Осының ең жарқын мысалы - Беттельгеймнің (Bettelheim, 1970) неміс концлагерьлеріндегі өмірі туралы еңбегі.

Кейбір мамандардың айтуынша, ең дұрысы - «толығымен қатысу». (Jules-Rosette 1978a and b; Ferrell және Hamm 1998; Hancock 2018). Бұл - шынымен де Жюль-Розеттің талап ететін критерийі, оны «рефлексивті этнография» деп атайды. Дегенмен бұл жердегі «рефлексивті» деген термин біз қолданып жүргеннен өзгеше. Ол мәдениетке «толығымен ену»: басқаша айтқанда, сол қауымның мүшесі болып қана көрінбей, сондай-ақ шын мәнінде жан-тәнімен өзін соған арнау қажеттігін айтады. Оның жағдайында бұл Африканың байырғы халқының қозғалысы - Иоанн Марангенің апостол шіркеуіне өтіп, дінін қабылдаумен қатар жүрді. Осыған ұқсас стратегияны Чикагоның кедей аудандарындағы бокс залын зерттеген Вакан (Wasquant, 2009) қолданды.

Әсіресе рұқсат алу келіссөздеріне келгенде мәселелерді айналып өтуге мүмкіндік берсе және ішкі ақпаратқа жол ашса, «толық қатысу» тиімді болып көрінуі мүмкін. Шынымен де, кейбір ортада жасырын қатысу қажет деректерді алудың жалғыз стратегиясы болуы мүмкін. Дегенмен одан туындайтын этикалық мәселелерден бөлек, өткен тарауда айтып өткеніміздей, зерттеу ұзақ уақыт жүргізілген жағдайда ол зерттеушінің драматургиялық қабілетіне үлкен ауыртпалық түсіреді. Оның үстінде, осындай шарттарда жүргізілген зерттеулер қаншалықты сәтті жүргізілсе де, әртүрлі тосын жағдайлар жасырын зерттеудің ашылып қалуына әкелуі мүмкін. Мысалы, Калвидің клуб күзетшілері туралы жүргізген жасырын зерттеуіне жергілікті студенттік газетте шыққан келесідей мақала қауіп төндірген болатын:

Өз ісіне үнемі адал Әлеуметтану кафедрасының қызметкерлері осы уақытқа дейін жұрт қаралап келген есік күзетшілерінің өмірін жасырын түрде зерттеді. Байтбэктің айтуынша, кем дегенде осы себепке байланысты кейбір оқытушылар қаладағы Х пабында жұмыс істеген. Олар қосымша табыс таппайды ғой, солай емес пе?

(*Mancunian* issue no. 13, 29 January 1996; quoted in Calvey 2000).

Бұл жағдайдың ауыр салдары болмағанымен, көбінесе біреудің жасырын зерттеуші екені әшкереленуі далалық зерттеу жобасының

аяқталуына, тіпті зерттеушінің жеке басына зиянын тигізуі мүмкін. Қатты ыңғайсыздану - ықтимал қиыншылықтардың ең азы ғана:

Афина қайтадан келіп, біраз қобалжып, кейбір адамның менімен сөйлескісі келгенін жеткізді [. . .] де, мені Кеңестің бес мүшесі (дін қызметшілері Армат және Уиф, мастерлер Ферт, Хаф және Лейр) жиналған бөлмеге ертіп әкелді. Ең соңғысы Кеңес басшысы болатын.

Алдымен, кірген кезде әйтеуір жоғарыдағылардың бірімен сөйлесу мүмкіндігін алғаныма қатты қуандым, алайда біраз уақыт өткен соң сыртымнан егжей-тегжейлі ойластырған жоспар айқын көріне бастады. Хафтың жанына келіп отырғанда Лейр маған сұсты жүзімен қарады. «Келуіңіздің себебі не?» - деп тістеніп сұрады. Бөлмедегілердің мені жақтырмағанын сезінген бойда бірден не дерімді білмей қалдым.

«Өсу үшін», - деп сенімсіздеу жауап бердім.

«Таспаларға уайымдап тұрсыз ба?»

«Ал бұларға ше?» - деп абайсызда айтып қалды.

«Бұл маған бір нәрселерді есіме түсіру үшін керек», - дедім.

«Ал сұрақтар ше? Неге әркімнен олардың шығу тегін сұрайсың? Оның өсуге қандай қатысы бар?»

Түсіндіруге тырыстым. «Бірақ адамдармен кездескенде олардан өздері туралы сұраймын. Оның несі айып?».

Алайда Лейр берген жауабымды құлағына да ілмеді. «Саған сенбейміз», - деді.

Одан кейін әңгімеге Ферт араласты. «Бұл топта барлау қызметінің адамдары бар... Біз сенің күнделігіңді оқыдық.

Сол сәтте [. . .] не дерімді білмей, абдырап қалдым. Енді түсінікті болғандай, олар мені шіркеуге зиян келтіру немесе шіркеуді әшкерелеуге келген жасырын жаудың бірі немесе сенсация іздеп жүрген журналист деп есептеген екен, сондықтан осыны дәлелдеу үшін айғақтар жинаған. Кейінірек Армат менен қорыққанын немесе «адамдар арасындағы» ғұрыптарға деген теріс көзқарасқа байланысты басқалардың назары түсе ме деп сезіктенгенін түсіндіріп берді. Сондықтан олар өздері есін жиғанша сырттан келген қандай да бір назар шіркеуді жоюға әкелуі мүмкін деп қорқады. Дегенмен аяқ астынан шақырылған жиналыстағы шиеленіскен жағдайда ниетімді түсіндірудің немесе оларды сиқырды зерделеуге қатысты пікіріммен келістіруге тырысудың еш мүмкіндігі болмады. Ферт күнделігімді оқып қойғанын айтқан бойда, айтар сөзім жоқ екенін түсіндім.

Лейр: «Ал енді жоғал! Пентаграмманды шеш те, кет!» - деп айқайлап жіберді.

Пентаграмманы мойнымдағы алқадан шығарып, бірнеше адаммен келгенімді және қайтарға жолдың жоқ екенін айттым. Ол: «бұл енді

сенің мәселен», - деді. «Қайтып оралғанда, бұл жерде сені көрмейтін болайық». Одан кейін: «Саған ештеңе тиіспегенімізге қуануың керек», - деді қоқанлоқы танытып.

(Scott 1983:132–133)

Бақытына орай, зерттеуші екені әшкереленгеніне дейін Скотт жеткілікті деректер мөлшерін жинап үлгерді және өзі байланысқан топ оған зорлық-зомбылыққа толы жаза беруден бас тартты. Алайда үнемі бұлай бола бермейтіні түсінікті.

Тіпті сәтті қолданылса да, «толықтай қатысу» стратегиясы тым шектеулі болуы мүмкін. Біріншіден, Натан (2005:31) бакалавр студенттерін зерттеген кезде анықтағандай, қатысушы рөлі көп күш жұмсауды қажет етеді. Ол курстас студенттердің келуін және кетуін бақылау арқылы студенттік өмірдің ырғағын анықтауға ниеттенген кезінде «алуға (немесе қайтаруға) тиіс кітаптар тізімінің және алғашқы тапсырмалардың астында қалғанын», тіпті өзгелерді қоя тұрғанда, өз өмірін бақылауға мұршасы келмей қалғанын жазады.

Оның үстіне, жиналуы мүмкін деректердің ауқымы мен сипаты кей кездері әлдеқайда шектеулі болады. Әдетте зерттеушіден гөрі қатысушының ағымдағы әлеуметтік тәжірибе мен болжамдарға көбірек қатысы болады, сондықтан бұрыннан бар әлеуметтік процедуралар және шынайылық зерттеу қызметін шектейді. Нәтижесінде деректер жинау мүмкіндіктерін тиімді ету қиынға соғуы мүмкін. Кейде жақсы нәтиже күткен зерттеулер ойдағыдай жүзеге аспауы мүмкін, өйткені қатысушының өз рөліне сай әрекет етуіне кедергі көп болуы ықтимал. Сонымен қатар әрине, ашық түрде зерттеушінің рөлін орындайтын басқа біреудің қолы жетпеген өзге де мүмкіндіктердің ашылуы әбден мүмкін.

«Толықтай қатысушыға» қарағанда «толықтай бақылаушының» өзі бақылайтын адамдармен тұлғааралық қарым-қатынасы мүлдем болмайды. Осылайша, Корсаро (Corsaro, 1981) балабақшадағы балаларды бір жағынан ғана көрінетін терезе арқылы іштен бақылады. Петтингердің (Pettinger, 2004) өзін сатып алушы ретінде көрсетуі секілді көшедегі қоғамдық мінез-құлықты терезеден жасырын бақылау (Lofland 1973) да осыған жақын. МакДермотт (McDermott, 2018:194 and *passim*, 2006) өзі зерттеген қауымдастықтарда сол аумақтардағы бірқатар дүкенге баруға мүмкіндік беретін дүкен сатушысы рөлімен қатар, көшеде және мемлекеттік мекеменің күту залында жасырын зерттеу жүргізді. Олардың кейбір элементтері толық қатысушы рөлінен гөрі, толық бақылаушы рөліне жақын болуы мүмкін.

Қайшылығы сол, толықтай бақылауда толықтай қатысудың кейбір артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Өздеріне қолайлы болсын деп, олардың екеуі жауап беру реакциясына қатысты проблемаларды азайта алады: екеуінде де этнограф зерттелетін адамдармен *зерттеуші*

ретінде әрекеттеспейді. Ал екінші жағынан, нені бақылауға болады, нені болмайды дегенге қатысты қатаң шектеулер болуы мүмкін, сондықтан қатысушыларға сұрақ қою мүмкіндігінің болмауы ықтимал. Осы рөлдердің қайсыбірін болса да таңдау зерттеу жүргізіп, егжей-тегжейлі дайындауды қиындатып жібереді, дегенмен бұлардың екеуі де далалық зерттеулердің белгілі бір кезеңінде қабылдауға тұрарлық пайдалы стратегиялар болуы мүмкін және кей жағдайларда қол жетімді жалғыз нұсқа да болуы ықтимал.

Далалық зерттеушілердің көпшілігі осы екеуінің арасындағы рөлді таңдайды. Юнкер мен Голд екі аралық позицияны ерекшелеп көрсетеді: бақылаушы ретіндегі қатысушы және қатысушы ретіндегі бақылаушы. Осындай айырмашылық жасаудың қандай да бір мәні бар ма, әлде жоқ па? Бұл - даулы мәселе. Шынымен де, олардың типологиясы бір-бірімен міндетті түрде байланысты емес бірқатар өлшемдер вариациясын біріктіреді. Бұл мәселелердің бірі құпиялық пен алдауға тірелетіні анық. Екіншісі - этнограф зерттеу алаңында бұрыннан бар рөлді ала ма, әлде жаңасын орындауға келіссөз жүргізе ме деген мәселе, бұл жерде нақты әрі анық айырмашылық жасалмаса да, зерттеу ортасында бар рөлдерге сипаты жағынан толығымен қалыптасқан рөл деп қараудан абай болу керек. Тағы бір мәселе, этнографтың мойнына жүктелетін арнайы рөлінің сол ортадағы маңызы қандай? Бұл өлшем бойынша уақытша болса да ең экстремалды кейс Венкатештің (2008) Чикагодағы заңсыз есірткі саудасын бақылайтын банда туралы *Банданың бір күндік жетекшісі* (Gang Leader for a Day) атты баяндамасында келтіріледі.

Құпия зерттеуде адамның бұрыннан бар рөлді қабылдаудан басқа таңдауы қалмайды, дегенмен Фрейлих Нью-Йорктегі могаук металлургтарды зерттеген кезде анықтағандай, кей кездері ашық зерттеудің өзінде де таңдау болмайтын кездер болады. Могауктардың бірімен достасқаннан кейін антрополог рөліне қайтып келгісі келді. Ол былай деп жазады:

«Кез-келген антропологиялық символдарға тыйым салынғаны белгілі болғандықтан, не қарындаш, не дәптер немесе сауалнамаға арналған парақты ұстай алмадым. Тіпті жартылай антропологтың рөлін де ойнай алмадым. Мысалы, мен: «бұл өте қызық екен, осыны ұмытпас үшін жазып алайыншы», - деуге ұмтылып едім, аудиториям маған бірден жау болып шыға келді, тез-тез түртіп алған жазбаларымның өзі өзара түсіністігімізге сызат түсіріп, қымбатқа түсті».

(Freilich 1970a:193)

Каррер пуштун әйел-информанттарға қол жеткізуге қатысты келіссөздер барысында осындай жағдайға тап боғанын айтады:

Жоспарларым мен ашық мақсатым ешқашан айтылмаған еді. Бұл туралы айтқанымда әйелдер қатты ренжіп, қарым-қатынасымызға

қауіп төнді. Әйелдер де, ер адамдар секілді менің зерттеу жоспарым туралы білді. Тек екі жағдайда ғана жеке және кәсіби қарым-қатынасымыз бір-бірімен үйлесім тапты. Осындай жағдайларда өзіме қажет мәліметтерді жазып алып, оның орнына басқа нәрсе ұсындым.

(Curren 1992:1718)

Ол: «соңына дейін өз ережелерімді сақтауды талап ету немесе әйелдердің қойған шарттарына сай рұқсат алу мүмкіндігінен айырылу арасында таңдау жасауым керек болды», - деп сөзін қорытындылайды.

Әдетте ашық зерттеулер кезінде этнограф зерттеу алаңында бұрыннан бар рөлді орындау керек пе, әлде жоқ па, алса қай рөлді орындау керек дегенге қатысты таңдау жасай алады. Мысалы, мектепте жүргізген зерттеулері барысында кейбір этнографтар мұғалімнің рөлінде болса (қараңыз: Aggleton 1987; Mac an Ghail 1991), кейбіреулері бақылаушы рөлімен шектеледі (Hammersley 1980; Brown 1987; Walker 1988; Stanley 1989; Riddell 1992; Kakos and Fritzsche 2017) немесе далалық зерттеулер барысында мұғалімнен бақылаушы рөліне ауысады (Lacey 1970). Бәлкім, тек санаулы зерттеушілердің ғана оқушы рөлін ойнайтыны ешкімді таңқалдырмайтын шығар (қараңыз: Llewellyn 1980), алайда жоғарғы білім саласында зерттеу жүргізген этнографтар кейде студент ретінде оқуға қабылданған кездер (Moffatt 1989; Tobias 1990; Nathan 2005) де кездеседі.

Джордан (Jordan, 2006) мектеп жасындағы балалары бар отбасылар телевизор мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын қалай қолданатынын зерттеген кезде үй жағдайындағы зерттеу тәжірибесіне қойылатын шектеулерді де зерделейді. Зерттеу ортасының тым жеке болуы этикалық жағынан орынды және этнографиялық тұрғыдан тиімді болатындай жолды табуды және рұқсат алуға қатысты келіссөздерді жүргізуді өте шетін мәселеге айналдырды. Ол өзі зерттеген адамдарға белгілі бір рөлді таңу және олардың белгілі бір рөлді қабылдауындағы болмашы өзгерістерге және мұның өз мінез-құлқына тигізер әсеріне назар аударады. Ол өзінің «студент ретіндегі зерттеуші», «жеке тұлға ретіндегі зерттеуші», «қонақ ретіндегі зерттеуші» және «жағымсыз агент ретіндегі зерттеуші» секілді рөлдері арасында орын ауыстыруын қадағалайды. Таңылған және қабылдаған рөлдердің соңғысы зерттеушінің болуы отбасыдағы жағдайды ушықтырғандай көрінгенде пайда болады (179–180 бб).

Далалық зерттеулер барысындағы қандай да бір рөлдің артықшылығымен қатар кемшілігінің де болатынын айта кеткен жөн: қай жағынан алсақ та, бірі екіншісінен басым түспейді. Сонымен қатар дәл сондай немесе бір-біріне ұқсас орталарды әртүрлі стратегиялардың

көмегімен зерттеуге болады. Мысалы, Хэнкок (Hancock, 2018) линди-хоп биін зерттеген кезінде толығымен қатысу қажеттігін талап етсе, Деламонт Бразилияның би және жекпе-жек өнері - *капоэйраны* егжей-тегжейлі зерттеген кезінде биді көрермендер жағынан «отырып бақылады» (қараңыз: Stephens және Delamont 2006)³⁴. Осылайша белгілі бір рөлдерге оларға тән шектеулерді таңудың, зерттеу мақсатында қолданылу деңгейін тиіс бағаламаудың және кейбір рөлдер автоматты түрде артықшылық береді деп ойлаудың қауіпті екенін көрсетеді.

Зерттеудегі рөлдің түріне қатысты шешімдер зерттеу мақсаттары мен ортаның табиғатына тәуелді болады. Белгілі бір рөлдерді орындаудың ықтимал салдарларын алдын-ала болжау мүмкін болмаса да, мейлінше дұрыс баға берген жөн. Бір жақсысы, далалық зерттеулер барысында рөлдерді өзгертуге болады. Деректерге әсерін тигізбейтіндей қылып рөлдерді өзгертуді жақтайтын орынды аргументтердің бар екені рас. Осылайша, Севиньи (1981) колледждегі бейнелеу сабақтарын зерттеген кезінде жасырын түрде студенттің рөлін алып, бірде оқытушы болып, тағы бірде әртүрлі зерттеуші рөліне еніп дерек жинады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сол секілді Петтингер (2004) де әмбебап дүкендегі жұмысын сатып алушы ретінде жүргізген бақылауымен үйлестіре білді. Осылайша, әртүрлі деректерге қол жеткізу, сондай-ақ қол жетімді деректер тұрғысынан алғанда әртүрлі бұрмалаушылықты білу үшін зерттеу ортасының аясында әртүрлі рөл қолданылуы мүмкін.

Маргиналдық позицияны сақтау

Юнкер мен Голд дайындаған зерттеу рөлдерінің типологиясымен байланысты вариацияның басқа өлшемі қабылданған ұстаныммен тікелей байланысты. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл бақылаушының «сыртқы» көзқарасынан бастап бір немесе одан да көп қатысушының «ішкі» көзқарасына дейін өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда инсайдер мен аутсайдер арасындағы айырмашылықтың өзі мәселеге толы (Merton 1972; Labaree 2002; Wiederhold 2015; Kita 2017). Беоку-Бетс Оңтүстік Каролинаның мұхит аралдарындағы афро-америкалық қауымдастықтарды зерттегенде галла әйелдермен қарым-қатынас орнату үшін өзінің нәсілдік шығу-тегін пайдаланды, дегенмен ол білімі бар маман және университет оқытушысы ретінде кей кездері аутсайдер ретінде қарастырылды (Beoku-Betts 1994). Ергүн мен Ердемир (Ergun және Erdemir, 2010) өздерінің инсайдер немесе аутсайдер ретінде қарастырылуында осыған ұқсас өте нәзік вариациялардың болғанын айтады. Зерттеушілердің екеуі де - түрік, дегенмен біріншісі зерттеуін Әзірбайжанда жүргізді және ол жерде

³⁴ Дегенмен ол бақылауын өзі зерттеп жүрген капоэйра үйрететін мұғалімнің бірі берген мәліметтер және түсініктермен толықтырды, кейін сол мұғаліммен бірлесіп, зерттеу негізінде дайындалған кітапты шығарды: Delamont және т.б., 2017.

көбінесе инсайдер ретінде қарастырылды. Ал Ердемир елдегі көпшілікті құрайтын суниттерден қатты ерекшеленетін Түркиядағы Алевилердің діни қауымдастығын зерттегенде өзін аутсайдер сезінгенін және сол қауымның мүшелері де оған солай қарағанын айтады. Бұл авторлар қорытындылай келе, бірі өзге елде инсайдер, ал екіншісі өз елінде аутсайдер болғанын айтады. Бұл мысал этнографтардың өздері зерттеген адамдарымен қарым-қатынасында ұқсастық пен айырмашылықтың әртүрлі болатынын көрсетеді.

Оның үстіне, жоғарыда нәсіл мен этностық топтың ықпалын талқылағанда көргендей, зерттеушінің инсайдер немесе аутсайдер ретіндегі бірегейлігі біркелкі бола бермейді. Норвегияның байырғы тұрғындары Саамилерден шыққан информанттарды зерттеу кезінде Бликс (2015) (өзі де сол халықтың ұрпағы) адамдардың бірде оған саами, бірде норвегиялық деп қарауы уақыт өткен сайын өзгеріп отырғанын байқайды. Мұның себебі әкесінің норвегиялық қоғамға сіңісіп кетуі, ал өзінің саами тілін меңгермегенімен байланысты болды.

Осындай мәселелердің болуына қарамастан, инсайдерлер мен аутсайдерлер арасындағы айырмашылық этнографтардың зерттеу алаңында орындайтын әртүрлі рөліне және сонымен байланысты көзқарастарына қатысты маңызды нәрсені көрсетеді. Жалпы айтқанда, аутсайдерлер немесе инсайдерлер деп анықталғандар әртүрлі ақпарат көздеріне бірден қол жеткізуі мүмкін. Сондай-ақ олар әртүрлі әдіснамалық қауіп-қатермен кездеседі. Толықтай бақылаушыға төнетін қауіп-қатер - қатысушылардың бағыт-бағдарын анықтай алмау. Тек осы стратегия қолданылған жағдайда қатысушылардың көзқарасын бақылауға болатын нәрселердің ішінен шығарып, зерттеушінің базалық біліміне сүйену керек және сол интерпретацияларды қатысушылардың сұрақтарға беретін жауабымен немесе зерттеушінің нақты әрекеттеріне беретін жауабымен салыстыруға мүмкіндігі аз болатындай етіп жасау керек. Бұл жердегі қауіп-қатер жай ғана ортаның маңызды аспектілерін елемей қалу емес, керісінше бақылауға алынғандардың мінез-құлқын шынымен қате түсіну. Расында, Лабари (Labaree, 2002) инсайдер рөлі алынған зерттеудің өзінде зерттеушінің «бақылаушыға» айналу қаупі болуы мүмкін деп топшылайды.

Этнографиялық зерттеулерде жиі кездесетін, әсіресе «инсайдер» болумен байланысты қауіп-қатер - «ассимиляциялану». Этнограф «толықтай қатысушы» позициясына жақындаған кезде бұл қауіп-қатер одан сайын артуы мүмкін. Себебі ол кей кездері орынды идеялар берумен қатар, қауіп те төндіреді. Бұл зерттеу сипатының өзгеруіне әкелуі мүмкін, мысал ретінде «кірістірілген этнографияны» келтіруге болады. Кірістірілген этнографияның жетілдірілген формасында этнографтар өздері үшін құнды білімді қалыптастыру мақсатында қатысушылармен бірлесе отырып зерттеу жүргізеді. Льюис пен Рассел (2010) денсаулық

сақтау ұйымдарымен бірлесіп істеген жұмысынан мысал келтіреді. Контексі мен сипаты жағынан мүлдем өзгеше тағы бір мысал - АҚШ армиясы жасаған Адам ландшафты жүйесіндегі (*Human Terrain System*) этнография мен басқа да әдістердің қолданылуы. Мұнда зерттеушілер әскерлермен бірге Ауғанстан мен Ирактағы соғыс зоналарына жіберілді және бұл зерттеулер жергілікті мәдениет туралы білім бере отырып, армияның тиімділігін арттыруды көздеді (McFate және Laurence 2015). Бұл «коллоборативті зерттеу» формасы (қараңыз: Campbell және Lassiter 2015; Hackett 2017) деп аталады және осындай атаумен белгілі көптеген жұмыстан саяси құрылымы жағынан ерекшеленсе де, бірлескен зерттеу саласына жатады.

Осындай инсайдер рөлімен байланысты екі қауіп бар. Біріншіден, өзін белгілі бір топқа немесе индивидке жатқызу арқылы адам зерттеу алаңында мобильділігін жоғалтады және өзгелермен қарым-қатынасын үзеді. Екіншіден, өзін топ мүшелерінің көзқарасымен байланыстыру қауіпі туындайды, тиісінше оларды зерттеуге ашық деп қарай алмайды және бұл «өте тығыз қарым-қатынас орнату» деп аталады (Miller 1952). Зерттеуге қатысу мүмкіндігіне бола (немесе қатысу талабына байланысты) талдау жүргізу міндетінен бас тартқанда ғана емес, тіпті ол сақталған жағдайда да сыңаржақ пікір туындауы мүмкін. Льюис пен Рассел (2010) денсаулық сақтау ұйымына қатысты жұмысында өздері жұмыс істеген адамдардың сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті практик-мамандар болғанын, сондықтан ассимиляцияға ұшырау қауіпінің аз болғанын, тіпті әрдайым зерттеулерінің тәуелсіз жүргізілуіне назар аударғанын айтады. Дегенмен этнографияның қарапайым формаларымен және практикалық зерттеу формасымен салыстырғанда, зерттеу мен қатысу арасындағы шиеленіс осындай жұмыс формасында көбірек байқалады (Hammersley 2004).

Әрине Миллердің жергілікті кәсіподақ көшбасшылары туралы классикалық зерттеуінде көрсетілгендей, сыңаржақ пікір туындау қауіпі этнограф инсайдер рөлін орындайтын зерттеуде ғана болмайды:

Кәсіподақ жетекшілерімен тығыз қарым-қатынас құрғаннан кейін сол қарым-қатынасты жалғастыруға бел будым және зерттеудің күрделі тұстарын алып тастауға тура келді. Олар жергілікті кәсіподақ бөлімінің ішкі жұмысы туралы өте маңызды ақпарат берді, сондықтан олардың негізгі ұстанымына күмән келтіру күрделі шиеленістерге әкелуі мүмкін еді. Жақын қарым-қатынасты сақтай отырып, кәсіподақ жетекшілерінің мүддесіне қарсы келетіндей зерттеуді жүргізу мүмкін болмады. Жақын қарым-қатынастың төменірек деңгейіне өту қиынға соғады, себебі осындай өзгерістер алшақтықтың ұлғаюы мен сенімнің жоғалуына әкелуі мүмкін.

(Miller 1952:98)

Осылайша Миллердің достық қарым-қатынас орнатқанда деректер жинау мүмкіндігінің шектелгеніне көзі жетеді. Миллердің айтуынша, оның бақылауы мен сынауын шектеу мақсатында басшылардың өздері осындай жақын қарым-қатынасты әдейі қолдаған. Ол бір топпен өте тығыз қарым-қатынас құру екінші бір топпен өзара түсінісу мәселесіне әкелуі мүмкін екенін де айтып өтеді: оның зерттеу барысында кәсіподақ жетекшілерімен тығыз байланыс орнатуы кәсіподақтың қатардағы мүшелерімен қарым-қатынасын шектеген.

Өте тығыз қарым-қатынас мәселесі кез-келген ортада туындауы мүмкін. Мысалы, Хэнкок (2013, 2018) линди-хоп биіне талдау жасаған кезінде афро-америкалық би мұғалімдерінің көзқарасын қабылдағандай көрінеді, дегенмен мұның барлығын мәдениеттану саласы бойынша қалыптасқан көзқарасы арқылы сүзгіден өткізгені байқалады. Екінші бір мысал - Пол Уиллистің (1977) жұмысшы табынан шыққан жасөспірімдер туралы зерттеуі.

Бұл негізінен мектеп тәртібін сақтамаған он екі оқушымен жүргізілген әңгімеге негізделді. Белгілі бір жұмысшы табынан шыққан осындай балалар өздерін «жігіттер» деп атап, ал мектеп құндылықтарына адал оқушыларға «оқымыстылар» деген айдар тағып, өздерін солардан ерекшелеп көрсетті. Бұл жерде тығыз қарым-қатынас орнауды түсіндіретін екі себеп бар. Біріншіден, Уиллис «жігіттерге» көбірек назар аударып, жасаған талдауына көбінесе олардың көзқарасын (өз көзқарасына қайшы келмеген жағдайда) енгізеді. Осылайша, қай жағынан қарасақ та, кітапта олардың өмір-салтын мақтап жазды. Екіншіден, «жігіттерге» жұмысшы табының өкілі ретінде қарайды. Ол жұмысшы табының мәдениеті өзгермелі екенін ашық мойындаса да, «жігіттердің» немесе олардың кейбірінің көзқарасын нағыз жұмысшы табы санасының репрезентациясы ретінде қарастырғандай көрінеді. Ал «оқымыстылар» немесе конформистер де жұмысшы табынан шыққанын ескерсек, бұл жерде үлкен мәселе туындап отырғаны мәлім.

Осыдан көп жыл бұрын Штейн (Stein, 1964) Гоулднермен (Gouldner, 1954) бірге гипс зауытын зерттейді, сол жерде жасаған салыстыруында өзін зерттеген жұмысшылар тобы, яғни кеншілердің қатарына жатқызғаны туралы рефлексивті пікірін келтіреді:

Өткенге қарасам, зерттеуге қандай факторлар ықпал еткенін көре аламын. Әкімшілік қызметімен айналыссам да, шахта сыртындағы адамдар секілді сезімді тұншықтырудың орнына, шахта ішіндегілерге тән дұшпандық ниетімді ашық көрсеттім. Мен өзім төменгі, жоғары және орта тап элементтерінен тұратын аралас таптан шыққандықтан, толығымен өзімді нақты қай тапқа жатқызатынымды

әлі де ажырата алмадым. Ең маңыздысы, мен жұмысшы табының ортасын эмоциясын бірден көрсетумен, ал орта тап ортасын эмоциялық жағынан ұстамды болуымен байланыстырдым. Шахта сыртында жұмыс істейтін адамдардың кеншілер секілді жұмысшы табынан шыққанына қатысты фактіні ешқашан соңына дейін сезіне алмадым.

Осының бәрін сипаттап жазуды адалдықтың белгісі деп түсіндім, себебі осы ортадағы өмір туралы жазу сол ортада өмір сүретін адамдарға адал екенімді көрсетудің жолы секілді көрінді. Бұларды жазу өзге жазбаларыммен салыстырғанда оңайға түсті. Дегенмен кеншілердің мінез-құлқын әлеуметтік күштердің өнімі ретінде түсіндіруге тырысу және оны өздігінен емес, әдейі қалыптасады деп қарастыру бойыма қорқыныш сезімін ұялатты.

(Stein 1964:20–21)

Этнографтар әртүрлі рөлді орындай алады, дегенмен олар әдетте қалай болғанда да маргинал позиция ұстануды мақсат етеді, осылайша қатысушылардың көзқарасын білуге мүмкіндігі болса да, олармен тым жақын байланыс орнату қаупін және содан туындайтын бұрмалаушылықты мейлінше азайтуға тырысады. Бьювингтің (Beuving, 2017) айтуынша, бұған бейресми жолмен «сайқымазақтың» (*jester*) рөлін орындау арқылы қол жеткізуге болады, себебі бұл адамның аңғал немесе әлде тәжірибелі сыншы екенін ажырату мүмкіндігін жояды. Лофленд (Lofland, 1971:97) атап өткендей, зерттеушіге бір мезгілде әрі инсайдер, әрі аутсайдер бола отырып, маргинал позициясынан креативті идеяларды шығара алады. Интеллектуалдық жағынан таныс және бейтаныс болу арасында тепе-теңдік сақтаған жөн; сол секілді мысалы, іштен бақылау ашық жүргізілгенде зерттеуші әлеуметтік тұрғыдан бейтаныс адам мен дос арасындағы позицияны ұстайды (Powdermaker 1966; Everhart 1977). Фрейлихтің (Freilich, 1970b) редакторлығымен шыққан жинақтың атауынан белгілі болғандай, ол «этнографты әрі кеткенде «маргинал позициясындағы жергілікті тұрғын» (*marginal native*) деп сипаттайды.

Далалық зерттеулердің қиыншылықтары мен ауыртпалықтары

Этнографтар деректерге қол жеткізуді жеңілдететін рөлдерді ойдағыдай қалыптастыра алғанымен, кейде мұның жағымсыз әрі қиын тәжірибе болуы мүмкін екенін түсінуіміз керек. Соңғы жылдары жағымды және жағымсыз жақтарын мойындай отырып, этнографиялық жұмыстардағы әртүрлі эмоциялардың рөліне қатысты бірқатар пікірталас

жүргізілді (қараңыз, мысалы, Coffey 1999; Hedican 2006; Davies and Spencer 2010; Chevalier 2015). Көптеген далалық зерттеушілер «оғаш», «біртүрлі» немесе «маргиналь» позициясының кесірінен өздерін ыңғайсыз сезінгендерін айтады (Jackson 1990). Тағы бір жиі кездесетін тәжірибе - сатқындық сезімі немесе күмәнға толы адалдық. Десмонд (2016:328): «далалық зерттеулер кезінде өзімді кінәлі сезіндім, ал ол жерден кеткеннен кейін бұл сезім күшейе түсті», - деп жазады.

Уинтроп магистрант студенттерден тұратын бірқатар информанттың тәжірибесін негізге алып, далалық зерттеулер кезінде этнографтардың бойындағы үрейге психологиялық баға берген кезінде әртүрлі стресс көздерін анықтайды, оның ішінде «бейімделе алмау» синдромы да бар, ол біліксіздік, қорқыныш, ашу-ыза және фрустрация секілді әртүрлі сезімді қамтиды. Ол бір магистранттың сөзін келтіреді:

Басында мен кез-келген нәрседен қорықтым. Бұл адамдарға масыл болу, айналаңыздағы адамдармен салыстырғанда өзгеше рөлді атқаруға тырысу қорқынышы еді. Белгілі бір жағдайға тап болғанша сергелдең күйге түсесіз. Тағы бір күнге кейінге қалдырғыңыз келеді. «Мені қабылдамай қалса ше? Өзіме керек деректерді шынымен алып жатырмын ба?» - деп тағы ойға батамын.

(Wintrob 1969:67).

Малиновскийдің күнделігінен дәл осындай эмоцияларды көруге болады; сондай-ақ күнделікте Тробриан аралдарының тұрғындарына қатысты қайшылыққа толы сезімі, өз-өзінен тұйықталуы, жеке басының қамын ойлауы да жазылған (Malinowski 1967). Алайда Морристің психикалық денсаулық саласындағы мамандар туралы зерттеуіндегідей бұрыннан таныс ортаны зерттегеннің өзінде мәселе оңай шешіле бермейді. Ол былай деп жазады:

Мен үшін әлеуметтік жұмысқа қатысты қалыпты деп қабылдап келген және бұрын байқамаған нәрсені көре бастауым озбырлықтың бір түрі секілді көрініп, мені жаңылыстырды және түсініксіз күйге түсірді. Өзімді емін-еркін ұстау қабілетінен айырылдым, бойымда үйді сағыну, бағыт-бағдарымды жоғалту және депрессия секілді эмоциялық белгілер қалды. Бұл зерттеу барысында пайда болған жалғыз эмоциялық күйзеліс емес еді.

(Morriss 2016:534)

Маргиналдықты сақтау оңай емес, себебі ол үнемі қауіп сезімін тудырады. Бұл бір уақытта екі әлемде өмір сүруді білдіреді: бірі - қандай да бір рөлді орындайтын ортадағы қатысушының әлемі, екіншісі - зерттеуші әлемі. Жасырын зерттеулер жүргізілгенде әрдайым өзіңізді жасырып жүруге, сонымен қатар туындаған кез-келген зерттеу

мүмкіндігін мейлінше пайдалануға тырысасыз. Ал егер зерттеуші екеніңіз белгілі болып қалған жағдайда, оның салдары ауыр болуы мүмкін екеніне көзіміз жетті. Ашық түрде жүргізілетін іштен бақылаудың өзінде екіұштылық және өзіңіздің әлеуметтік позицияңызды білмеумен өмір сүру қиыншылығы болады, алайда мұны зерттеу мақсатына сай келетіндей, әрі этикалық тұрғыдан дұрыс болатындай етіп жүзеге асыру керек. Торн айтқандай (Thorne, 1983:221), белгілі бір дәрежеде адам өзі зерттейтін ортаның қиыншылығына тап болады. Нәтижесінде далалық зерттеулерді жүргізу эмоциялық жағынан және іс жүзінде күрделі әрі әуреге түсірерлік іс болуы мүмкін.

Маргиналдык этнографтардың символдық немесе физикалық эксплуатацияға не шабуылға ұшырауына себеп болуы мүмкін. Малтон (Malton, 2015) Кот-д'Ивуардағы зерттеуінен мысал келтіреді. Ол өзін «Африканың перифериядағы қаранәсілді ер адамдарын зерттеп жүрген жоғары білімі бар, аққұба келген афро-америкалық әйел» деп сипаттайды. Ол өзі зерттеген контексте бірнеше жағынан қарастырсақ та маргинал болып қала берді, осылай болудың артықшылығы көп болғанымен, төндіретін қауіп-қатері де аз емес-ті. Ол «Абиджандағы жұрт алдында сөйлеуге арналған, саяси және ерлері басым Сорбонна атты ортада» әзілкешке түстен кейін сөйлейтін басты спикердің алдында бір топ адамды жинау міндеті тапсырылды [. . .] ол өз жұмысын менің есебімнен жасап алды деп жазады. Сөзін былай жалғайды:

Еркек көрермендердің көңілін көтеру үшін менің сыртқы түр-келбетімді пайдаланды, ал ұжымдық нәсілдік және гендерлік сипаты бар отарлық ой-сана жұмысының қалған бөлігін толықтырып берді. Осылайша бұл әрекеттің арқасында тек ақнәсілді әйел ғана емес, сонымен қатар француз әйел болып шыға келдім. Көрерменнің қошеметі артқан сайын, оның қойылымына әр келгенімде мені өз сценарийіне көптеп қосатын болды, мен алаңдай бастадым. Тіпті менсіз де бұл сценарий ашық түрде әйел біткенді жек көруден тұратын: ол бейшара әйелді, қызметші әйелді немесе ашынасын, бәлкім де француз елшілігіндегі басып-жаншылған ақнәсілді бюрократтарды қалай «зорлағанын» көрсету үшін өзімен бірге үлкен қара фаллоимитаторды алып шықты. Кездесуімізден кейін бір ай өткен соң ара-тұра орынсыз ескертулер жасайтын болды. Сорбоннада далалық зерттеулерімді аяқтауыма қарай жұрт назар аударатын негізгі нысанға айналдым: бір қолына микрофон, екінші қолына фаллоимитатор ұстап алып, жолы болғыш біреудің мені көпшіліктің арасынан алып шығып, бұрышқа апарып, көңілімді тапқанын көргендей әңгімені бүге-шүгесіне дейін айтады. Кейде менің ғылыми көмекшім жас ивуарлық жігітті Парижге саяхаттауға *жолдама*

алғанымен құттықтайды. Фаллоимитаторды сипап қойып, ырсиып күліп: «Абиджанда бақытты екенің анық», - деді. Бұл әзілкеш баға жетпес мүмкіндікті пайдаланып қалды: менің ойымша, ол бұрын-соңды жасай алмағанын және жасай алмайтынын жүзеге асырды, әйелді қорлай алғанша қорлады, ал мен болсам, тіпті оның қойылымының сценарийінде жоқ едім. Менің зерттеуші (мүмкіндіктерім боса да) ретіндегі әлсіз рөлім үнсіз қалуыма себепші болды. Оның әрекеттері ұтымды болды: мен туралы неғұрлым ашық сексуалды сипатта сөйлеген сайын, көрермен де соғұрлым қарқылдап күліп, қолпаштай түсті. Барымды салып зерттеу жүргізгенім секілді ол да өз мүмкіндіктерін мейлінше пайдаланды, менің аудиторияда болуым қолындағы маңызды құралдардың бірі болатын.

(Matlon 2015:158–159)

Алайда далалық зерттеулер кезіндегі жағымсыз тәжірибелер тек этнографқа бағытталған әрекеттерден ғана туындамайды. Одан да қауіпті нәрсе - қатысушы рөлін сақтау мақсатында іштен бақылаушының өзі дұрыс деп есептейтінін жүзеге асыруы. Толығымен қатысушы рөлін қабылдаған жағдайда бұл мәселенің орын алуы әбден мүмкін, себебі жоғарыда айтып өткеніміздей, осындай проблемаларды айналып өтудің мүмкіндіктері аз болады. Ал зерттеуге тартылған адамдар зорлық-зомбылыққа бейім болғанда жағдай ушығып кетеді. Митчелл сервайвалистер туралы зерттеуінде осындай жағдай туындағанда этнографқа өзіне ұнамайтын және қауіпті жұмыстарға араласуға тура келеді деп жазады:

Жалғыз өзім үйімнен екі мың миль алыс жерде, Христиан патриоттардың (*Christian Patriots Survival Conference*) конференциясында өз еркіммен қарауыл қызметін атқаруға сұрандым. Іздеу отрядтарымен бірге «арий халықтары» және «Ку-клукс-клан» да болды. Олар ақыл-ой, патриотизм және құдай жолында мемлекеттік борышты жоюға, нәсілдік революцияға, шағын фермерлерге экономикалық тұрғыдан көмек көрсетуге және геноцидке шақырды [. . .]. Төртеуімізге кешкі уақытта есікті күзету міндеті жүктелді. Ымырт түскенде кешігіп келген көлікке бағыт көрсеттік, рұқсат қағаздарын тексердік және таныстық. Лагерь құрылды. Әңгімеміз сервайвелистердің дәстүрлі тақырыбына қарай ауысты. Біріншісі - тапаншалар: олар бірінен кейін бірі қару салынған қаптарынан тапаншаларын шығарып, сүйсінді. «Менікі көлікте қалып қойды», - деп өтірік айта салдым. Одан кейін, ісіміз ортақ бейтаныс адамдар болғандықтан, дұшпандарымыздың кім екенін анықтап, принциптерімізді бір қайталап өтетін хикаялардың уақыты келді. Біз лагерьде жағылған оттың айналасында тұрдық [. . .]. Әңгімеміз сағат

тілінің бағытымен жүрді. Сағат тілі «он екінің тұсындағы» адам өз қауымдастығының қала паркіне жиі келетін гомосексуалдар туралы айтып, болашақта оларға не істеу керектігін сұрады. Оның ұсынысында тізбектер мен ағаштар, денесіне байланған ұзын динамит айтылды. Осыны түсініп көру керек. Осының бәрі мақтаншақтық немесе шектен шыққан қатыгездік емес, орынды бір ұсыныс ретінде айтылды. Бәріміз де «куир» мәселесімен бетпе-бет келдік, солай емес пе? Қауымдастық тазартуды қажет етеді, солай ғой? Бәріміз де келіскеніміздің белгісі ретінде басымызды изедік. «Сағат үштің» шамасында тұрған адам бір сәтке ойланды да, түнгі уақыт пен атып үйрену жаттығуына қатысты пайдалы шешімдер ұсынды. Біз: «жақсы пікір», - деп қолдағандай болып, міңгірледік. Қақпаның тұсынан тағы бір көлік өтті. Айнала тып-тыныш бола қалды. Әңгіме «сағат тоғыз» тұсына келді. Енді менің кезегім келді. Мен де өз хикаямды айтып бердім. Сөзімді бастағанымда, тағы бір ер адам келіп қосылды. Менің пікірімді тыңдап, мақұлдады да өзін таныстырды, содан кейін маған көп адам біле бермейтін нәрселер, жасалатын жоспарлар мен жақын арада орындалатын іс-шаралар туралы айтты. Ол мен секілді адамдарды қолдана алатынын және қосылуға дайын болуымды айтты. Мен бұған байыппен қарадым. Басқалар да сөйтті. Ол Федералдық тергеу бюросы жариялаған «іздеудегі ең қауіпті он адамның» тізіміндегі адам болып шықты. Осындай іске еш шімірікпестен араласа алатын зерттеушілер бар десек, мен олардың қатарына жатпаймын, тіпті олар секілді болғым да келмейді. Ендігі үмітім - бір күні осының бәрін ұмыту, қайталанбас дауыстарды ұмыту, өз дауысымды, «сағат тоғыз оқиғасын» айтқан өз сөзімді ұмыту.

Mitchell 1991:107

Харпер (2018:103) өзінің қаңғыбастар туралы зерттеуінде анық көрсеткендей, осындай мәселелердің болуына қарамастан, қиын және қауіпті жағдайларға тап болу арқылы тәуекелге бару өзіне керек нәрсені түсінуде маңызды болуы мүмкін. Дегенмен сыртқы қауіпті белгілі бір деңгейден асырмас үшін сақтық шараларын қолданған жөн, әсіресе қауіпті қызмет түрлерімен айналысқанда немесе ерекше қауіп-қатер төнетін ортада жұмыс істеген кезде абай болу керек, мысалы кеме бортында, түнгі уақытта қала көшелерінде, тіпті адамның үйіне барғанда (Belousov және т.б., 2007; Bloor және т.б. 2010; Bashir 2017).³⁵

Алайда кейбір орталарда қауіп-қатерден қашып құтыла алмайтындай және жай ғана теория жүзіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы оларды реттей алмайтындай жағдайлар болады (қараңыз,

³⁵ Зерттеу алаңындағы қауіп-қатер туралы қараңыз: Lee 1995; Lyng 1998; Lee-Treweek және Linkogle 2000; Bloor және т.б. 2010.

De Man 2015; Baird 2018). Уорден (Warden, 2013) Гватемаледегі жыныстық эксплуатация мақсатындағы адам саудасын зерттеген кезінде шектен тыс зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келгендегі «экзистенциялық шок», одан кейін далалық зерттеулер кезінде зерттеуіне қатысқандар арасында өлім мен жарақат алудың алма кезек келуінен туындаған аса жоғары қауіп-қатердің болуына бойын үйреткені туралы жазады. Сондықтан қауіпсіздікте болу үшін әрдайым төнген қауіпті сезіп отыру маңызды болды, осылайша тұрақты түрде қауіп-қатерді сезініп өмір сүргендегі салыстырмалы қауіпсіздіктің психологиялық ауыртпалығы көп болды (157 б.). Далалық зерттеулер аяталғаннан кейін стрестен шыға алмай, бұл пост-травмалық стресске ұласты. Ол былай деп жазады:

Далалық зерттеуді аяқтағаннан кейін Гватемалаға эмоциялық жағынан бейімделіп қалғанымды түсіндім. Ұлыбританияға келгеннен кейін көп нәрседен үміт күтсем де, ауыртпалық сезіндім, сонымен қатар бұрынғы өміріме қайта оралу мүмкін болмағандай көрінді [...]. Достарым мен әріптестерімнің өмірінде қатты өзгерістер бола қоймағандықтан, олар менде айтарлықтай өзгерістер болмады деп шамалады. Бақытты болудың өзі ауыр болды, ал ең қорқыныштысы - адамдар күнде бір нәрсе сұраумен немесе айтумен болды:

«Сонымен, Шотландияға оралғаныңа қуаныштысың ба?», «Гватемаладан кеткенің үшін өте бақытты екеніңе сенімдімін!». Ал шын мәнінде, Гватемалалық достарыңды тастап кеткеніңді ойлап, олардың сенсіз күресіп жатқанын білгенде, сол жақтағы өміріңнің артта қалғанын түсінгенде өзіңді бақытты сезіне алмайды екенсің (жетекшілеріне жазған электрондық хаттан үзінді, 8 қазан 2010).

(Warden 2013:161–2)

Көріп отырғанымыздай, оның күрескен эмоциялары қорқыныш және стресспен шектеліп қалмады:

Мен сол қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналдым деп ойласам да, олардың әлеуметтік әлеміндегі орным әрі кеткенде аутсайдер еді, себебі мен не гватемалалық, не секс индустриясының қызметшісі емес едім. Менің аутсайдер ретіндегі рөлім зорлық-зомбылыққа қатысты әлеуметтік қорғау механизмдерінен оқшау тұруға әкеліп қана қоймады, сонымен қатар өзімді қатты кінәлі сезінуге себеп болды. Зорлық-зомбылыққа деген реакциям үшін өзімді кінәлі сезіндім, бұрыннан қатысушылар қабылдаған осындай жағдайлармен күресуім өз реакциямның қаншалықты дұрыс екеніне күмән келтіруге әкелді. Олар өмір бойы көріп келе жатқан зорлық-зомбылықпен күресуге менің құқығым бар ма еді? Олардан үлгі алуға тырыстым, бірақ олардың қорыққанын көргенде, қорыққанымның жөн екенін білдім. Өзімді кінәлі сезіну жанымды жегідей жеді, қанша жерден зерттеуге қатысқандардың әл-ауқатын жақсартуға тырыссам да, олардың қайғысында уақытша жүрген біреу болдым.

Кейде физикалық симптомдар арқылы көрінетін стресс пен үрей аса қауіпті емес жағдайларда да пайда болуы мүмкін. Оларға, мысалы кеме бортында жүргізілетін этнографиялық зерттеулер секілді күннің соңында аяқталмайтын, ұзақ уақытқа созылатын зерттеулер жатады (Sampson 2004). Сонымен қатар ол басқа типті орталарда жүргізілетін зерттеулерде болуы мүмкін. Көп жыл бұрын Джонсон әлеуметтік қызметкерлер туралы далалық зерттеулер жүргізген кезінде басынан өткізген стресске қатысты эмоциялық және физикалық реакциясын егжей-тегжейлі жазып кеткен болатын:

Күн сайын таңертең офиске бара жатқанда сағат 7:45 шамасында арқамның сол жақ бөлігінде шаншу сезе бастаймын және бұл ауру сағат 11-ге дейін, яғни қызметкерлердің бірімен ілесіп жүру үшін күнделікті жоспар жасайтын уақытқа дейін созылады. Қызметкерлердің барлығы дерлік сағат 11 немесе 12-ге дейін офистерінде отырады, ал екі бөлімшеде бір ғана бос орындық бар, алайда бос үстел болмағандықтан сол алғашқы екі немесе үш сағат мен үшін азапқа айналады. Қандай да бір қызметкердің мазасын алмай жұмыс істеуге тырысу тығылатын жер таппай, бір жерден екінші жерге секіретін қытай дойбысын ойнағанмен тең.

(Johnson 1975:152–153)

Этнографтар үшін төзуі қиын және айта алмайтын тағы бір эмоцияның бар екені анық: ол - өздері зерттейтін адамдарды, кем дегенде солардың кейбірін ұнатпау, тіпті жек көру. Малиновскийдің жеке күнделігі жарияланғанда ол жерде жазылған негативті, тіпті нәсілшілдік сипаттағы көзқарастары жұртты таңқалдырып, сенімсіздік тудырды. Дегенмен ол осындай сезімді басынан өткізген жалғыз этнограф емес. Оң көзқарас та кейде мәселеге айналуы мүмкін: мысалы, Крю мен Иевинс (Crew және Ievins 2015): «түрме зерттеушілерінің көпшілігі еш құқығы жоқтардың даусын естіркендері үшін өзін мақтан тұтқанымен (135 б), бұл жерде сексуалдық бағыттағы қылмыскерлер есепке алынған жоқ» деп атап өтеді. Сонымен қатар түрме зерттеушілері зерттеу барысында қарым-қатынас құрылғаннан кейін қамаудағыларға жаны ашып, тілектес болған жағдайлар да кездеседі, алайда олардың жасаған қылмысын мойындауға және олардан жапа шеккендерді көруге тура келгенде өздерін кінәлі сезінген. ВандерСтаай (VanderStaaу 2005:379) өзі зерттеген жас жігітпен және оның отбасымен арасындағы қарым-қатынасын зерттеуге қатысуға келіскені үшін оларға жасырын ризашылығын білдіргенімен сипаттайды, дегенмен бұның соңы кісі өліміне себепкер болған қайғылы оқиғаға әкелді.

Уорденнің (Warden, 2013) Гватемала қаласындағы зерттеуінде көрсетілгендей, зерттеуден қалған эмоциялық әсер кейде далалық зерттеу аяқталғаннан кейін де жалғасуы мүмкін. Уоллистің жағдайындағыдай кейде сырттан қауіп төнуі мүмкін, ол саентологтарды зерттегеннен кейін солардың тарапынан өш алу әрекеттеріне ұшыраған.

Осының бәрі Саентология ұйымының мүшесі университетіме келіп [. . .], өзін Шотландиядағы дін туралы сабақ алуға немесе оны зерттеуге ниетті студент деп таныстырудан басталды. Ол аудиторияға келіп, дәрістерімді тыңдауға рұқсат беруімді өтініп, тіпті бірнеше күн бойы үйімде қала тұруды сұрады. Әрине бұл жағдай бірден көңіліме күдік ұялатты, көп ұзамай бұл адамның Саентологияның штаб-пәтеріне барған кезімде сол ұйым қызметкерінің формасымен жүргені есіме түсті. Дәл сол кезде не істерімді білмегендіктен, еш әрекет жасамадым. Ол аз ғана уақытқа Стерлингке келгенінде мен жоқ кезде үйіме келіпті, есірткіге қатысымның бар-жоғын білгісі келіп маған белгісіз бір уақытта студенттермен және достарыммен танысыпты. Бірнеше күн өткеннен кейін онымен кездескенде ол туралы білгенімнің бәрін айттым.

Сол мезетте ол айтқан сөзінен айнып шығып, Саентологиядан шығып кеткенін айтып, маған ақпарат сатуға келгенін жеткізді. Одан ешқандай ақпарат сатып алуға ниетімнің жоқ екенін айтып, бұрынғы айтқан хикаясы секілді қазіргі хикаясына да сенбейтінімді ұқтырдым [. . .].

Ол келіп кеткеннен кейінгі аптада менің атымнан жазылғандай болып көрсетілген бірқатар өтірік хаттар келді. Университеттегі жұмыс берушілеріме, әріптестеріме және басқаларға жіберілген хаттарда гомосексуалдық байланыстардан бастап есірткімен күрес бөліміне тыңшылық жасауға дейінгі әртүрлі әрекеттерге барғанымды айыптап, жазған. Жауым болмағандықтан, әрі мақаламды Саентология ұйымы алғаннан кейін осындай әрекеттер көбейгендіктен, мені ыңғайсыз жағдайға қалдыруға тырысып жүрген адамды табу қиынға соқпады.

(Wallis 1977:157–158)

Саентологтар да Уоллистің зерттеуін қаржыландыратын қорға оның этикаға сай емес әрекеттерін сынап жазып, сот ісін ашамыз деп қорқытты.

Стресс пен қауіп-қатердің тек зерттеу саласынан келмейтінін айта кеткен жөн шығар. Олар мысалы, докторант болсын, оқытушы-профессор құрамы болсын зерттеушілерге университет тарапынан қойылатын талаптар мен шарттардан туындауы мүмкін. Көп мемлекетте магистранттар мен докторанттардан оқуын уақытында аяқтау талап етіліп, оларды «әмбебап зерттеушілерге» айналдыруға арналған әртүрлі оқу-

жаттығу түрлеріне қатысуға итермелеп, көп қысым жасалады, соның салдарынан зерттеушіге деректерді жинауға, талдауға және жазуға қажет уақыт едәуір қысқарады. Оның үстіне, оқытушылар мен профессорлардың зерттеу жүргізуіне арналған уақыт күн өткен сайын қысқарып келеді, бұл этнография секілді салаларда өнімді зерттеу жүргізуге кедергі келтіреді. Нәтижесінде бұрынғы кезбен салыстырғанда, далалық зерттеулер жұмыстағы және үйдегі күйбең тіршілікпен араласып, соның салдарынан кейде әртүрлі талаптарды бір-бірімен үйлестіру қиынға соғуы мүмкін. Маццетти өрт сөндіру және құтқару қызметіне қатысты далалық зерттеулер жүргізген кезінде осындай мәселемен кезікті. Күнделігіне өзінің *жан айқайын* былайша жазады:

Кей кездері тепе-теңдікті сақтау қиынға түседі. Жұмыстағы және үйдегі басымдықтар болады, олар бір-бірімен араласып кеткенде өзімді еш нәрсеге қол жеткізбегендей сезінемін. Осының бәрінен қатты түңіліп кеттім. Бұл маған алынбас қамалдай көрінді. Кейде бар зейінімді салып, көп іс тындырып тастайтынмын. Ал басқа күндері болса, өзімді енжар сезініп, зерттеуімді уайымдап, терең ойға шомып кеткендіктен көңілімді басқа нәрсеге ауыстыруға тырысамын. Кей күні: «Мектептен Си Джейді алып кетуім керек пе?», «Бүгін кешке шынымен де ас ішуіміз қажет пе?» деген ойлар келеді, ал бірде «өтінемін, мына қарғыс атқыр мысыққа тамақ беріңдерші!» - деп сұраймын.

(Mazzetti 2016:310)

Сонымен қатар Де Ман (2015:57) полиция туралы зерттеуінде айтып өткендей, этнограф қатысатын әртүрлі «көріністер» тек уақыт және энергия үшін күрес арқылы ғана емес, одан да көп жолмен бір-бірімен шиеленісуі мүмкін. Отбасы мүшелері және ғылым саласындағы әріптестері полицияға оң қабақ танытпағандықтан, олардың ортасында болғанда далалық зерттеулер кезінде басынан өткізген кейбір оқиғаларды «жасырып» қалғанын айтады.

Далалық зерттеулер тәжірибесі әрдайым бітпейтін стресс пен азаптан тұрады деген ой қалыптастырғымыз келмейді, тым болмағанда кейде бұл адамға күшті ынта-жігер сыйлап, өз ісіне қанағаттану сезімін береді. Кэннон сүт безінің қатерлі ісігі туралы зерттеуіне сүйене отырып көрсеткендей, тіпті адам жанына бататын жағдайдың өзінде тәжірибе әрдайым жағымсыз бола бермейді:

Бұл жағдай өмірімді өзгертті десем, әсірелеп айтқандай көрінетін шығар (дегенмен өміріне ұзақ уақыт бойы белгілі бір әсерін қалдырды), алайда бұл эмоциялық тұрғыдан өзім еш дайын болмаған нәрсеге араластырды, өмір мен өлім, азап пен төзімділік және адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы қосымша сабақ берді.

Далалық зерттеулерді аяқтау

Барлық зерттеумен бірге далалық зерттеу жұмыстарын аяқтауды қажет ететін уақыт келеді. Бұл көбінесе қосымша ресурстардың жетіспеуімен немесе жазбаша есептерді дайындау мерзімінің жақындауымен анықталады. Сонымен қатар бұл дұрыс деректер жеткілікті түрде жиналды ма, жоқ па, алдағы уақыттағы жұмыс үшін тағы бір нәрсе үйрену керек пе деген ойдан туындауы керек. Әлбетте ашылуын күтіп тұрған жаңа бір дүние, зерттеуді қажет ететін күтпеген оқиғалар, қандай да бір шараларды қабылдауды талап ететін болжауға келмейтін нәтижелердің болары анық, дегенмен олардың межесін анықтап алу керек. Сондай-ақ жай ғана сол жерде болу керек немесе жай ғана қызығушылық танытқаннан не болмаса жеткілікті ақпарат жинай алғаныңызға сенімсіз болғандықтан зерттеу алаңында қалудың еш қажеті жоқ. Әдетте біраз уақытын зерттеу алаңында өткізген адамның берері азая түседі. Зерттеуді жазуға дайындықты айтпағанның өзінде, жиналған деректерді өңдеп, талдауға өзіңізді арнау да кейінге қалдыруға болмайтын, өте маңызды мәселе.

Голмейер кәсіби хоккей командасын зерттеген кезінде анықтағандай, әдетте өздері өмір сүріп, жұмыс істейтін ортада зерттеу жүргізетіндерді есепке алмағанда, далалық зерттеулерді аяқтау дегеніміз сол зерттеу алаңынан кетуді білдіреді (дегенмен кейде зерттеу ортасы өздігінен таралып кетеді):

Басқа далалық зерттеушілермен салыстырғанда маған орта мен қатысушылардан ажырап кету аса қиынға соқпады. Оны мынадай фактімен түсіндіруге болады: маусым аяқталғаннан кейін ойыншылар тез арада тарап, жазғы жұмыстарына және Канададағы отбасыларына оралады. Сәуір айының соңына қарай Рокетс плей-оффтың үшінші раундынан шығып қалып, аяқ астынан маусым жабылды. Бірнеше күннің ішінде Рокетс командасы мүшелерінің көбі Саммит Ситиден кетіп қалды.

(Gallmeier 1991:226)

Бір түннің ішінде өзі зерттеп жүрген адамдар жан-жаққа бытырап кеткендіктен, олардың әрқайсысын кейін жекелей іздеп тапты.

Этнографтардың көпшілігі зерттеу алаңынан кетудің жоспарын жасауы керек, дегенмен бұл міндетті тапсырма емес: кету жоспары әртүрлі себептерге байланысты сәтсіздікке ұшырауы мүмкін (Iversen 2009). Далалық зерттеулердің басқа аспектілері секілді кету мәселесін де келісіп шешу керек. Кейде қатысушылар зерттеушілерді жібергісі келмейді. Дэвид Сноудың Ничирен Шошу буддистерінің тобынан кетуге бағытталған ұмтылысы қайтадан дінге өту әрекеттері ретінде қабылданды:

Сөзімді аяқтамастан (топ жетекшісіне күн сайын үмітімнің күйрей түскенін айттым), ол мені құттықтап, мұның (осындай сезімнің) жақсы бір нышан екенін айтты. Ол өмірімде бір өзгерістің болып жатқанын айтты. [. . .] Ұнжырғамды түсіріп, мойынсұнғанша ән айтып, одан сайын белсенді түрде қатысуым керек деп бұйырды. Сонымен қатар, маған сағат 10-да қауымдастық орталығына барып, аға жетекшілерден тағы да нұсқаулық алу керектігін ұсынды. Кешқұрым тобымның жетекшісі алдын-ала ескертпестен сағат 10-да пәтеріме келді, сондағы мақсаты нұсқаулықты алғанымға көзі жетуі үшін мені қауымдастыққа алып кету екен.

Осылайша қатысуымды шектеп, кетуге негіз болатындай себептерді айтуға тырысқаныммен, бәрібір сол жерге қайта-қайта бара бердім.

(Snow 1980:110)

Кетудің қиыншылығы зерттеу нысанында қатысушылармен қаншалықты жақсы қарым-қатынас құрылғанын көрсетуі мүмкін: мұндағы қарым-қатынас қаншалықты сәтті болса, сол ортадан шығу соншалықты қиын болмақ. Мысалы, Хадсон өзі зерттеген жастарға ең басынан зерттеудің аяқталатын уақытын айтып, зерттеудің әртүрлі кезеңінде олардың есіне салып отырды. Ал зерттеу уақыты аяқталғанда өз қалған уақытын кітап жазумен өткізетінін айттып, жастар қаласа, байланысып тұрудың жолын түсіндірді. Алайда жаңа оқу жылы басталғанда жастар далалық зерттеулердің жалғасуын талап етті, осылайша этикалық себептерге байланысты шешімін өзгертті, әйтпесе өз әрекеті арқылы оларды құрметтемегендей және оларды пайдаланып қалғысы келгендей көрінер деп сезінді. Оның үстіне, күтпеген жерден далалық зерттеулер созылған кезде жастармен қарым-қатынасы одан әрі жалғаса түскендіктен, деректер де молынан жинала бастағанына көзі жетті (Hudson 2004: 265). Дегенмен соңында далалық зерттеуін аяқтады.

Иверсен экономикалық мобильділік туралы зерттеуі барысында команда арасында туындаған осыған ұқсас мәселе туралы былай дейді:

Рейчел зерттеу аяқталған кезде жай ғана олардың өмірінен жоқ болып кететінімізге сене алмаймын деген болатын. Біздің осыны қалай жасай алатынымызды түсінбейтін. Біз үшін де мұның қиын екенін айттым. Алты ай өткеннен кейінгі соңғы кездесуде отбасы туралы айтылып, далалық зерттеулер кезіндегі жазбаларымнан бас тартуға қатысты ойлар айтылды: Рейчел бұрын отбасымызбен барып жүрген сүйікті ресторанымызға қайта барайық деді [. . .], мұны Рейчел сыпайылық деп қабылдады деп түсіндім, осылайша біз бірауыздан келістік. Қоштасарда Рейчел арасында хат жазып тұруымды сұрады. Хатқа жауап жазамын демесе де, байланысымыздың үзілмегенін қалағаны байқалды. Адал достықты сақтап қалуда қиналатын ол секілді адамдар үшін менің тарапымнан айтылған осындай жауап

маңызды болуы мүмкін [. . .], сондай-ақ бұл оған керек кезде ғана пайдаланатын біреу ретінде қарамай, зерттеуге қатысып, айтарлықтай үлес қосқаны үшін алғыс білдіруімнің жолы болуы мүмкін.

(Iversen 2009:19)

Осыған қарама-қайшы басқа мысал келтірсек, Малаховский өзіне қажет деректердің көп бөлігін жинап үлгергенімен, ол жерден кетуді ойламайды, алайда қатысушылардың оған деген көзқарасы өзгергендіктен, кетуге мәжбүр болады. Себебі ол еркек әріптесімен жұмыс істеуге алаңдаушылық танытқан әйел қызметкердің жақтаушысы болған. Ол былай деп жазады:

Сол ортаға кіру үшін еңбектенгенім соншалық, тіпті ол жерден кету мүлдем жоспарымда болмады. Алайда соңғы оқиғалар зерттеуімнің мәжбүрлі түрде тоқтатылуын тездетті, түбінде кететінімді түсінгеніммен, аяқ астынан кететініме дайын емес едім. Ол жерге баруым сирей түсті, ал соңғы күні әдеттегі жұмыс күні секілді өтті және қызметкерлермен қоштаспастан кетіп қалдым. Соңғы жұмыс күнімде сол жерде болған басшылық пен әкімшіліктегі бірнеше қызметкерге ресми түрде алғыс айту мүмкіндігім болды. Бастапқы зерттеу стратегиясы бойынша [. . .] «зерттеу нәтижелерінің қысқаша мазмұнын» және жоба туралы талдау жасау керек еді, бәлкім сол себептен кейбір қызметкерлерге қайта оралатындай әсер қалдырған шығармын. Ұйым ішінде шиеленіс туғызғаным үшін және сол жерде болуға деген құлшынысым айтарлықтай азайғандықтан, ол жерде қалуымның еш себебі жоқ еді.

(Malachowski 2015:25)

Әдетте зерттеу алаңынан кету жоғарыда айтылғандай қиын бола бермейді; бұл әдетте қарым-қатынас құрған адамдарыңызбен қоштасуды, болашақта байланысыңызды сақтап қалу үшін келісуді (алдағы уақыттағы сұхбаттар үшін, бәлкім оларға деректер мен зерттеу нәтижелерін беру), жалпы алғанда, жақсы қарым-қатынасты сақтап, кетуді білдіреді. Демек ол жерден кету барлық қарым-қатынасты үзілді-кесілді тоқтатуды білдірмейді. Этнографтардың көпшілігі далалық зерттеулер кезіндегі достары немесе таныстарымен қарым-қатынасын сақтап қалады, алайда кей кездері зерттеу сипатының өзі бұған қарсы болуы мүмкін. Мысалы, Кэннон (1992) мен Уоттстың (2008) зерттеуіне қатысқан қатерлі ісік ауруына шалдыққандар саны өлім себебінен біртіндеп азайып отырған.

Зерттеушілер далалық зерттеулерді аяқтап, ол жерден кетуді қанша жерден жеңілдетсе де, бұл процесс олар үшін де, кейбір қатысушылар үшін де эмоциялық жағынан қиын болуы мүмкін. Ендігі

уақытта этнографтар күн сайын олардың өміріне араласуын тоқтататынын түсіну сол ортадағы адамдарға бір түрлі әрі түсініксіз болуы мүмкін. Информанттар бұрын дос деп көрген адамының қайтадан бейтаныс жанға, әрі кеткенде жай бір танысына айналатынына бойын үйретуі керек. Этнограф үшін де бұл тәжірибе кейде ауыр болуы мүмкін. Көбінесе зерттеу алаңынан кеткенде адам бойында аралас сезім қалады: бұл кейде мұң, кейде жеңілдік болуы мүмкін.

Қорытынды

Жоғарыда айтып өткеніміздей, далалық зерттеулер барысында этнограф әртүрлі стратегиялар мен рөлдерді орындауы мүмкін және бұлардың әрбірінің бірқатар артықшылығы мен кемшілігі, мүмкіндіктері мен төндіретін қаупі болады. Алайда зерттеу алаңындағы рөлдер толығымен этнографтың бақылауында бола бермейді. Әсерді басқару маңызды рөл ойнауы мүмкін, дегенмен ол белгілі бір дәрежеде жеке басының қасиеті немесе таңылған бірегейлікпен де шектелуі ықтимал, сонымен қатар оларға күнделікті өмірдегі күтпеген оқиғалар, гейткиперлер мен қатысушылардың көзқарасы да ықпал етуі мүмкін. Далалық қарым-қатынасты құрып, оны сақтау стресске толы, сондай-ақ ерекше тәжірибе болуы мүмкін. Маңыздысы этнографтар «маргинал позициясындағы жергілікті тұрғын» ретінде орнын сақтап, далалық зерттеуін аяқтағысы келсе, өздері зерттейтін ортаға шыдап, өз-өзін ұстай білуі керек. Бұл да, далалық зерттеулерді аяқтау да оңай іс емес.

Этнографтардың зерттеу ортасында қалыптастыратын әртүрлі рөлдері деректерді жинауға негіз бола алады. Зерттеушінің адамдардың мінез-құлқын, олардың әртүрлі жағдайлардағы әрекеті және сөзін бақылай отырып сипаттауы, сонымен қатар түрлі зерттеу орталарынан алған жеке тәжірибесі (Foster 1996) деректердің бір формасы болып есептеледі. Сол сияқты бақылау барысында және сұхбат кезінде адамдардың берген мәліметтері мен пікірлері өте маңызды. Келесі тарауда осындай мәліметтердің этнографиялық зерттеудегі рөлін қарастырамыз.

5 – тарау

Ауызша мәліметтер және сұхбат жүргізудің рөлі

Сана сезімі мен әрекет ету еркіндігінің болуы тұрғысынан алғанда, зерттелетін «объектінің» іс жүзінде «субъект» болуы әлеуметтік зерттеулердің өзіне тән ерекшелігі. Оның үстіне, олардың физикалық объектілерден, тіпті кейбір жануарлардан айырмашылығы сол олар өздері, тәжірибесі және қоршаған ортасы туралы айта алады. Этнографиялық ойлауда осындай ерекшеліктің маңыздығын мойындаудың әрдайым мәні зор болғанымен, бұл уақыт өте келе әртүрлі салада әртүрлі жолмен интерпретацияланды. Атап айтқанда, бір жағынан зерттелетін адамдардың берген мәліметіне өздері туралы және өмір сүретін әлемі туралы ақпарат көзі ретінде қарау, ал екінші жағынан сол мәліметтерге адамдардың көзқарасын білдіруші немесе әлеуметтік өнім ретінде қарау арасында қарама-қайшылық бар. Сол әлеуметтік өнімдерді талдау өзін туындатқан (бәлкім, бұрмалайтын) әлеуметтік және мәдени процестерді анықтауы мүмкін. Этнографиялық зерттеулердің көпшілігі қатысушылардың берген мәліметтерін қолданудың екі тәсіліне сүйенеді, дегенмен кейде біріне, кейде екіншісіне басымдық беріп отырады.

Әдіснамалық функция және қатысушы пікірінің маңыздығына қатысты көзқарастағы айырмашылық ішінара этнографияға әсер еткен әртүрлі әдіснамалық философиядан туындайды (1-тарауды қараңыз). Позитивизм тұрғысынан қарағанда, көбінесе ақыл-ойға негізделген пікір сенімсіз, сондықтан ол ғылымға негізделген пікірмен алмастырылуы керек. Мұны бихевиористік көзқараспен толықтыруға болады, яғни оған сәйкес адамдардың көзқарасы еш себеп-салдарлық мәні жоқ жай эпифеномен ғана, сондықтан олардың мінез-құлқын түсіндірудің аса маңызы жоқ. Осындай көзқарас тұрғысынан қарасақ, аталған тәсілдердің екеуінде де қатысушы пікірінің ешқандай құны болмайды. Керісінше, натурализм ақыл-ойға негізделген түсінікке әлеуметтік әрекетті анықтаушы және қалыптастырушы ретінде қарайды, сондықтан оны назарға ілмей немесе жай түсіндіріп кетпеу керек, оған баға беріп, сипаттау беру керек. Сол себепті қатысушылардың пікірі маңызды дереккөз саналады.

Натурализмді сынайтын кейінгі этнограф сыншылар инсайдер пікіріне деген қызығушылығын сақтағанымен, оларға қатысты әртүрлі көзқараста болды. Кейбірі этнографтардың рөліне қоғамның перифериясындағы адамдардың үнін жеткізуші ретінде қарайды, кейде олардың эпистемологиялық немесе этикалық артықшылығы бар деп санайды. Зерттеу барысында инсайдер пікірін көрсетудің тәсілдері олардың өзіндік ерекшеліктерін сақтауға тырысады, дегенмен кейде зерттеуші мен зерттелуші арасындағы диалогтық қатынасқа да баса назар аударылады (Tinggaard 2009). Бұл жерде этнографтың рөлі жақтаушы

рөліне жақындауы мүмкін. Басқа жағынан қарасақ, бұл тапсырма пікірлердің қалай туындағанын, сондай-ақ олар негізделетін алғышарттарды және атқаратын функцияларды түсіну мақсатында оларды деконструкциялау ретінде қарастырылуы мүмкін, сондықтан бұл жерде этнография идеологияны сынаушы рөліне жақындайды. Сонымен қатар кейбір дискурс анализ түрлері ықпал еткен этнографтар үшін сұхбаттардағы немесе табиғи жолмен өткен әңгімелер барысында қатысушылардың пікірін алу тәжірибесінің өзі зерттеу үшін аса маңызды тақырып болып есептеледі, сондай-ақ олар пікірлерді ақпарат көзі ретінде немесе сынау мақсатында пайдаланудан бас тартуы мүмкін. Осындай бірқатар тәсіл информанттың пікірі мен олардан тәуелсіз болатын әлеуметтік құбылыс арасындағы ықтимал сәйкестіктің болатынын меңзейтін кез-келген тұжырымды есепке алмауға немесе жоққа шығаруға бейім (Murphy және т.б 1998; Atkinson және Coffey 2002; Atkinson 2015).

Осы тарауда ұстанатын көзқарасымыз бұл категориялардың біріне де дәлме-дәл сәйкес келмесе де, белгілі бір дәрежеде солардың барлығына сүйенеді. Жоғарыда айтылған қатысушылардың пікірін қолданудың екі жолын заңды әрі бірін-бірі толықтырушы деп мойындаймыз. Осылайша өздеріне қатысы бар құбылыстарды бізге айтып бергені үшін оларға сүйенуге болады. Сол секілді біз оларды өздері білдіретін көзқарастары, қолданатын дискурсивті стратегиялары, бәлкім де олардың негізінде жатқан психологиялық және әлеуметтік динамикалары тұрғысынан талдай аламыз. Осындай екі тәсілді кеңінен қолдану арасында айтарлықтай қарама-қайшылық жоқ, себебі қатысушылардың пікірі табиғаты жағынан жарамсыз немесе міндетті түрде қате, не болмаса ойдан шығарылған деп қарастырылмайды.

Біздің ойымызша, субъективті болғаны үшін пікірлердің дұрыстығын теріске шығарудың (тіпті қажет болса растаудың) еш негізі жоқ, сондай-ақ оларға өздері жазып алатын құбылыстың жай ғана құрамдас бөлігі деп, сәйкесінше сол мағынасында міндетті түрде «шын» деп қарамау керек. Әрбір адам - қатысу барысында әлеуметтік әлем туралы ақпарат алатын іштен бақылаушы, сондықтан да зерттеу ортасындағы адамдар тарапынан берілетін қатысушы туралы ақпарат этнограф үшін маңызды дереккөз болуы мүмкін. Алайда бұл ақпаратты да, басқа дереккөздерден келген ақпаратты да бірден дұрыс екен деп қабылдамаған жөн. Десек те, адамдардың сөзінен жанама жолмен олардың болжамдары мен таңдаулары туралы көп нәрсе білуге болады, осылайша олардың қалай туындағанын және қандай функция атқаратынын талдай аламыз.

Жиналған мәліметтердің дерек ретіндегі құндылығы

Зерттеуші оқиғаларды тікелей бақылауға мүмкіндік беретін рөлге қатысты келіссөзді қанша жерден ебін тауып жүргізсе де, кейбір ақпаратқа бірден қол жеткізе алмайды. Харпер (Harper, 2018:116–117) АҚШ-тағы үйсіздер туралы зерттеуінде тек қана бақылауға сүйенудің қандай қаупі бар екенін көрсетеді. Ол бір әңгіменің куәсі болғанда, алғашында оған «егде тартқан үйсіздер бір-бірінің қамын ойлап, бір-бірінің күрделі мінезін қабылдағандай көрінеді». Алайда зерттеуге алынған ер адамдардың бірі келіп онымен сөйлескенде бұрынғы оқиғалары, оларға қатысты күмәні, олардың лас істері, айла-амалдары және бос сөздері әшкере болады. Харпер: «бұл жағдай достық рухы жалған, үйсіздер жиналатын жерде [лагерьде] кездесулер өткізуге, қайта-қайта болған сәтсіздіктерге шыдай білуге, аз да болса сол жағдайды қабылдап, үміт етуге үйретті», - деп жазады.

Этнографтар көбінесе адамдарды информант болуға үйретеді. Шынымен де, бір кездері «негізгі информанттарды» пайдалану мәдени антропологияда басты зерттеу әдісі болды. Ол кездегі басты мәселе мейлі материалдық артефакт, мейлі аңыз-әпсаналар болсын «қарабайыр» өмірдің үлгілерін жинау болатын. Франц Боастың далалық зерттеу күнделігінен үзіндіде осының зерттеуге тигізген әсерін көрсетеді:

Бүгін бір сұмдық күн болды. Жергілікті халық қайтадан үлкен потлач ұйымдастырды. Ешкіммен байланыса алмағандықтан, қолыма іліккенін ала бердім. Кешқұрым іздеген бір нәрсемді (ертегі) таптым. Бұл «Құзғынның тууы» (*The Birth of the Raven*) болатын. [Келесі күні:] Үлкен потлач бүгін де жалғасып жатты, алайда адамдар басынан өткен оқиғаларын айтуға уақыт тауып келді.

(Rohner 1969:38; Pelto және Pelto 1978:243-ден алынды).

Пелто және Пелто: «Бүгінгі күні антропологтардың көпшілігі потлач рәсімін басынан аяғына дейін көру мүмкіндігін алса қуанар еді және сол рәсімнің әр бөлігінен аса маңызды құрылымдық және мәдени деректер шығарып алар еді», - дейді (243 б). Дегенмен кейінгі антропологтар, Боаспен салыстырғанда, жеке бақылауына көбірек сүйеніп, мүлдем басқа нәрселерге басымдық берді, сонымен қатар белгілі бір себептерге байланысты бақылауға келмейтін іс-шаралар туралы ақпарат алу үшін және бақылаудан шығарылған қорытындыны тексеру үшін әлі де болса информанттардың көмегіне жүгінді. Классикалық антропологиялық мысал ретінде мәдениеттің белгілі бір ерекшелігін көрсетіп, оны түсіндіруде маңызды рөл ойнаған екі ндембу ер адам мен Тернердің арасындағы қарым-қатынасты келтіруге болады.

Олардың білгені көп болғанымен, жас ерекшелігіне байланысты бақылауға алынған әрекеттерде негізгі рөл ойнамады. Керісінше, Хоффманның басты информанты (Тарауаллей) зерттеу нысанында (Сьерра-Леона мен Либериядағы конфликт пен соғыста) маңызды рөл атқарды, осылайша ол

әрі көмекші, әрі информант ретінде әрекет ете білді (Hoffman және Tarawalley 2014).

Бүгінгі таңда пікірлер оларды айтқан адамдар, сол адамдардың сүйенетін көзқарастары немесе интеллектуалдық және дискурсивті ресурстары туралы айту үшін көп қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар бұл осы адамдар жататын үлкен суб-мәдениет пен мәдениет туралы көбірек ақпарат беруі мүмкін. Бұл көзқарастар, мәдениеттер немесе дискурстарды түсіну әрдайым талдаудың маңызды элементі болады. Сонымен қатар пікірлер өздері сипаттайтын әлемнің бір бөлігі саналады, сондықтан бұл пікірлер сол адамдарды көрсететін контекст аясында қалыптасады (van den Berg және т.б 2003). Бұл идея этноәдіснаманың басты ерекшелігі (қараңыз, Hammersley 2018) болғанымен, этнографиялық жұмысқа айтарлықтай әсер етті (мысалы, қараңыз, Atkinson 2015). Бұл адамдардан мәлімет алу тәжірибесін және олардың функциясын бүге-шігесіне дейін талдауға әкеледі.

Талдауға тікелей үлес қосқанымен қатар, берілген мәліметтерге қатысты екінші тәсіл белгілі бір информанттар ұсынатын ақпараттың дұрыстығын бағалауымызға көмектесуі мүмкін. Сипаттамаларды және оның контекстін (олар қалай, кім тарапынан, кім үшін және неге шығарылды, неге сүйенеді дегенге қатысты алдын-ала жасалған болжамдарды) қаншалықты жақсы түсінсек, оның ақпарат көзі ретінде қандай да бір бұрмалаушылыққа ұшырайтынын алдын-ала білуге соншалықты қабілетті боламыз. Бұл тұрғыдан алғанда, мәліметтерді оқудың жоғарыда айтып өткен екі әдісі бірін-бірі толықтырады. Дәл сол мәліметті екі көзқарас тұрғысынан талдауға болады, дегенмен сұхбаттарда информанттарға сұрақ қою арқылы белгілі бір уақытта сол немесе басқа мәселені меңзеуіміз мүмкін. Басқаша айтқанда, адамдардың сөзінің шын және өтірік екеніне қатысты мәселені сол мәліметтерді талдаудан әлеуметтік құбылыс ретінде ажырату қатысушылардың білімін әрі ресурс әрі тақырып ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сұралған және сұралмаған ауызша мәліметтер

Оффлайн және онлайн құжаттарды талқылауды келесі тарауға қалдырып, осы тарауда ауызша сипаттамаларға назар аударамыз. Есіңізде болсын, этнографтың сұрақтарына жауап бергенде туындаған ауызша мәліметтердің барлығын информант бермейді: олар сұралмаған пікір болуы мүмкін. Күнделікті өмірде адамдар үнемі бір-біріне белгілі бір оқиғаларда не болғаны, өздерінің және өзгелердің ниеті, моарльдық қасиеті, қабілеттері туралы және т.б. туралы айтады. Құндылықтар, ережелер немесе әдетте күтілген нәрселер және шынайы оқиғалар барысы арасында сәйкессіздік болса, осындай әңгімелер орын алады (Hewitt және Stokes 1976). Алынған сипаттамалар сәйкессіздіктерді жою немесе

адамдарды «ақымақ», «азғын», «бақытсыз», «ерекше» немесе басқа да санаттарға жатқызу арқылы соны түсіндірудің жолын іздеумен байланысты. Дегенмен ауызша мәліметтер тек жаңалық жеткізу арқылы ғана емес, басқа жағдайларда да туындайды және оларға әртүрлі факторлар түрткі болуы мүмкін: мысалы, өсек - адамдар арасындағы қарым-қатынастың ажырамас бөлігі.

Этнографтар пікір алмаса отырып қатысу немесе жасырын тыңдау арқылы сұралмаған мәліметтерге қол жеткізуі мүмкін. Осындай «табиғи жолмен» пайда болатын ауызша мәліметтер орта туралы тікелей ақпарат көзі, әрі сол пікірлерді туындататын адамдардың көзқарасы, мәселелері және дискурсивті тәжірибелері туралы айғақ көзі бола алады. Сонымен қатар қатысушылар арасында бір-бірімен пікір алмасу ықтималы жоғары орындар болады; бұл - дерек жинап жүрген этнограф үшін таптырмас жер. Мысалы, Мерфидің (Merphy, 2017) тоқаш дүкеніндегі бақылауы осыны дәлелдейді. Бұл дүкенге ер адамдар бұрынғыны еске түсіріп, әңгімелесуге келеді, ал әңгіме барысында олардың көзқарасына қатысты көп нәрсе белгілі болды. Сол секілді Хаммерсли өзі зерттеп жүрген мектептегі мұғалімдер бөлмесінде мұғалімдердің пікірінен тұратын аса бай дереккөзін, әсіресе белгілі бір оқушылар, олардың әрекеттері, көңіл-күйі, жеке басының қасиеті, болашағы туралы ойы, тіпті мұғалімдердің мемлекеттегі саяси оқиғаларға деген көзқарасы туралы құнды деректер тапты. Бұл мәліметтер мектептегі мұғалімдер әлем туралы түсініктерін қалыптастыруда арқа сүйейтін идеологиялық тұжырымдаманы талдауға негіз болды.

(Hammersley 1980, 1981 және 1991b).

Әрине ауызша мәліметтерді қатысушылар бір-біріне ғана емес, сонымен қатар кейде этнографтарға да береді. Шынымен де, әсіресе далалық зерттеулердің алғашқы сатысында қатысушылар зерттеушінің жағдайды «дұрыс» түсінгеніне көзін жеткізгісі келеді. Көбінесе бұл жердегі мақсат - өзгелердің не айтқанын болжауға немесе этнографтың не дегісі келді немесе қандай қорытындыға келді дегенге қарсы шығу. Қатысушылардың осындай мәліметтерді беруін ынталандыру - этнографтардың далалық зерттеулердің бастапқы кезеңінде «жеткілікті дәрежеде білікті емес» зерттеуші рөлін алуға ұмтылатынының бір себебі (4-тарауды қараңыз).

Кей кездері этнографтар бақылау мен сұратылмаған мәліметтерді жинаудың шеңберінен шыға алмай қалады. Окли сығандарды зерттеген кезінде анықтағандай, кейде тіпті бейресми жолмен сұрақ қоюдың өзі қауіпті немесе орынсыз болып көрінуі, ал сол сұрақтарға берілген жауаптар аса маңызды болмауы мүмкін:

Сығандардың тікелей қойылған сұраққа жауап беру тәжірибесі ішінара зәбір көрсететін, ізіне түсетін немесе өз дініне тартатын

аутсайдерлер тарапынан қалыптасады. Сығандар сұрақ қоюшыға не қажет екенін біліп, тиісті жауабын береді, осылайша оның білімсіздігін көрсетпей-ақ, шақырылмаған қонақтан құтылады. Екінші жағынан, сығандар әдейі бейқам болып көрінуі мүмкін [. . .]. Сұрақ қойған кезде олар жауаптан жалтарғандай және қате жауап бергендей немесе үн-түнсіз қарап тұрғандай әсер қалдырды. Зерттеуші ретінде ортаны өзгерткенше, сол ортаға сіңісіп кеткен көбірек ақпарат беретін еді. Бақылау мақсатында зерттеуге қатыстым. Далалық зерттеулердің аяқталуына қарай өзімді сұрақ қоюға итермеледім, алайда жақын адамдарымды есептемегенде, қалғандарынан нәтижелі жауап ала алмадым. Сұрақтар өзінен өзі туындап отырады, егер ендігі уақытта аяқ астынан туындамайтыны белгілі болғанда және талқылаудың өзге түрі мүмкін болмағанда, сұрақтар аяқталады.

(Okely 1983:45)

Дак (Duck, 2015:74–75) АҚШ-тың экономикалық жағынан артта қалған қаласындағы жағдайы төмен қаранәсілділер тұратын ауданды зерттеген кезінде және Агар (Agar, 1980) нашақорлық мәселесін зерттегенде анықтағандай, осындай мәселе басқа контекстерде де туындауы мүмкін.

Алайда Агар айтып өткендей, сұрақтардың қорқытып-үркітуші сипатта болуы оларды қолданбаудың бір себебі емес:

Көшеде сұрақ қойылмайтынын білдім. Бұл ережені сақтаудың кем дегенде екі себебі бар. Бұл себептердің бірі - адамның полицияға ұсталу, көшедегі басқа адамдарға алданып қалу немесе тоналу қаупі. Ұсталу қаупі туындағанда, мінез-құлық туралы сұрақтарды қоюға болады. Немесе олардан ақша мен героиннен қашан және қалай құтылуға болатынын сұраған кезде біраз ақпаратты біліп алуға болады. Егер адам сұрақ пен одан туындаған жауаптар арасындағы тікелей байланысты байқамаса, демек әлі де болса сұрақ қоюшының «ойынын» түсінбегені. Сұрақ қоймаудың екінші себебі - сұрақ қоюға міндетті болмауыңызда. Көшедегілер қатарына қабылдану - әр нәрседен хабардар болу, әр нәрседен хабардар болу - аңғарымды болу, ал аңғарымды болу деген - болмашы ғана нәрседен айналада не болып жатқанын түсіну қабілеті. Осылайша сұрақ қою олардың қатарына қабылданбайтыныңызды білдіреді, ал бұл енді ғана біреумен танысқанда қарым-қатынасыңызға түрлі қиындықтар әкеледі.

(Agar 1980:456)

Сәйкесінше, бұл контексте «жеткілікті дәрежеде білікті емес» деген ешқандай рөл болмайды.

Осындай практикалық мәселелерден бөлек, бәлкім натурализм ықпалының нәтижесі шығар, этнографтар өздігінен пайда болған мәліметтермен салыстырғанда, көбінесе сұралмаған мәліметтерге сенімділігі аз деп қарайды. Осылайша Беккер мен Гир (1960)

қатысушылардың көзқарасы туралы қорытынды түгелімен сұратылған жауаптарға байланысты болмайды, әйтпесе реактивтілік (айтылатын нәрсеге зерттеуші сұрағының әсер етуі) салдарынан жаңылысуымыз мүмкін дейді. Дискурс анализ мамандарының кейбірі сұхбат деректерінің қаншалықты бірге құрастырылғанына көңіл бөле отырып, қатаң натуралистік позицияны ұстанады, осылайша информанттан қарағанда, сұхбат процесі немесе зерттеуші туралы көбірек айтады (Potter және Hepburn 2005; қараңыз: Hammersley 2013b:ch4). Бұл натурализм және оның дискурс анализ шеңберіндегі негізділігі мен мәні туралы маңызды пікірталастарға жол ашты, сондай-ақ осының барлығы этнографияда да көрініс тапты (Speer 2002a, 2002b; Have 2002; Lynch 2002; Potter 2002).

Натурализм этнографтарды сұхбат жүргізудің директивті емес әдісін қолдануға ынталандырды, директивті сауалнамаға қарағанда, мұнда сұхбат беруші әңгімесін қалауынша егжей-тегжейлі айтып беруге шақырылады. Бұл жердегі мақсат - зерттеушінің айтылған сөзге, оның қалай айтылғанына әсер етуін мүмкіндігінше азайту, осылайша салыстырмалы түрде зерттеуші болжамының ықпалынсыз, информанттың әлемге деген көзқарасын ашық көрсетуге жағдай жасау.

Бұл туралы көп айтуға болады. Зерттеушінің деректерді шығарудағы ықпалы маңызды мәселе екені сөзсіз рас болғанымен, оған толығымен алып тастауға болатын біржақты пікір ретінде қарауға болмайды. Біріншіден, директивті емес сұхбат, тіпті сұралмаған мәліметтерге сүйену реактивтіліктің алдын ала алмайды. Харгривз және т.б. оқушылардың девиантты мінез-құлқына қатысты мұғалімдердің реакциясына қатысты зерттеуінде сыныптағы оқиғалар туралы мұғалімдердің пікірін алудың реактивті емес әдісін дайындаған кезде кезіккен қиындықтарды былайша жеткізеді:

Біздің басты әдісіміз сабақты бақылау және жүргізілген бақылаудан мұғалімнің девиантты әрекетке берген реакциясынан тұратын мәлідемесін немесе әрекетін байқау болды [. . .]. Біз көбінесе мұғалімнің айтқан сөзін келтіріп отырдық, ал мұғалім болса біздің тарапымыздан тікелей сұрақ қойылмастан, өз әрекетін түсіндіріп отыруға шын көңілмен ниет білдірді. Кейде мұғалімнің айтқандарын өздеріне кері айтып, неге осылай дегенін немесе істегенін сұрадық.

(Hargreaves және т.б.1975:219)

Бұл зерттеушілердің айтуынша, тіпті ешқандай сауал қойылмаса да, мұғалім «әлі ауыздан шықпаған сауалдарымызға орынды әрі мағыналы және сәйкес келетін» жауаптарды жүйелеп, дайындап отырды (220 б).

Расында, зерттеушілер мәліметтерді қалыптастыруда ешқандай рөл ойнамағанның өзінде, зерттеушінің болуы деректерге ешқандай ықпал етпейді деп сенімді айта алмаймыз. Хаммерслидің (1980) орта сынып мұғалімдері арасындағы әңгіме туралы зерттеуі барысындағы жазбаларынан көргеніміздей, осындай ықпалдың болуы анық байқалады:

(Зерттеуші креслода газет оқып отыр. Қасында екі мұғалім әңгімелесіп тұр, әңгіме барысында төмендегідей сөз алмасу жүреді.)

Ларсон: Сіз Ұстаздардың ұлттық одағының үйлестірушісі болуыңыз керек, солай емес пе?

Уолкер: Бұл одаққа бір себепке бола келдім.

Ларсон (зерттеушіге ұзақ қарап тұрып): Байқамай біреуді ұрып жіберіп, кейін жауапкершілікке тартыла қалған жағдай үшін бе?

Уолкер: Иә, дұрыс.

Бұл жерде Хаммерсли әңгімеге араласпаса да, мұғалімдер жұмыс істейтін ортасының қауіп-қатерін көрсетіп, сол ортаға төтеп беру кезінде бетпе-бет келетін күтпеген оқиғаларына оның назарын аудартуға тырысқаны байқалады.

Әрине зерттеушінің (зерттеуші ретінде) тигізер ықпалын «толық бақылаушы» немесе «толық қатысушы» рөлін қабылдау арқылы жоюға болады, дегенмен бұл, алдыңғы тараудан көргеніміздей, деректерді жинау процесін шектеп қана қоймай, сонымен қатар деректердің дұрыстығына еш кепілдік бермейді. Реактивтілік мәселесі - жалпы мәселенің жай ғана бір аспектісі: адамдардың не айтатыны мен не істейтініне қатысты жұртшылықтың және жалпы алғанда, контекстің әсері. Барлық мәліметтер алынған контекстің аясында интерпретациялануы керек. Мақсат ықтимал бұрмалаушылықтан ада «таза» деректерді жинау емес. Ондай нәрсе жоқ. Асылында, мақсатымыз қолымызда қандай дерек болса да, соны интерпретациялаудың ең дұрыс жолын табу, сондай-ақ қорытындымызды одан әрі дамытып, тексеруге мүмкіндік беретін қосымша деректі жинау болуы керек. Бұл зерттеушінің әсерін мейлінше азайтуды көздейтін әдісті қолдануды қарастыруы мүмкін, сонымен қатар информанттарды андаусызда ыңғайсыз жағдайға қалдыратын айтарлықтай күрделі сұрақтарды қою секілді мейлінше директивті әдістерді қолдануды қажет етуі ықтимал. Бұл стратегия - экономикалық және саяси элитаны зерттеуде аса қажет әдістердің бірі (Ostrander 1993; Odendahl және Shaw 2001; Harvey 2011). Осылайша, зерттеушінің әсерін азайту жалғыз немесе тіпті ең басты мәселе емес. Зерттеушінің қатысуы деректердің қалыптасуына қалай әсер еткенін түсінеміз деп есептесек, интерпретациялау барысында осыны назарға алуымызға болады, бұл жаңа талдауды одан әрі дамытуға маңызды идеялар беруі мүмкін.

Сондықтан да этнографтар сұхбаттарды пайдаланудан, тіпті аса қажет және пайдалы болған жерде күрделі сұрақтарды қолданудан тартынбауы керек. Сұхбат алу аса маңызды дерек көзі болуы мүмкін: ол адамға басқа жолмен алу өте қиынға түсетін, кейде тіпті мүмкін болмайтын ақпаратты жинауға жол ашады. Бұл сипатталатын оқиғалар, көзқарастар мен дискурстық стратегиялар туралы ақпарат болуы мүмкін. Сонымен қатар іштен бақылауды сұхбаттармен *үйлестіруде* белгілі бір артықшылықтар бар екенін айта кеткен жөн: бірінен алынған дерек

екіншісін айқындай түседі. Біріккен Араб Әмірлігіндегі студент қыздар туралы зерттеуінде Трейнер былай деп жазады:

Іштен бақылау мен сұхбат жүргізудің арқасында студент қыздардың кампус ішінде болсын, сыртында болсын әртүрлі жерлерде өзін қалай көрсететінін бақылауға мүмкіндік алдым. Алғашқы сұхбаттарды және бірінші рет іштен бақылау жүргізген кезде туындаған тақырыптар одан кейінгі сұхбаттар мен бақылауларда расталып отырды.

(Trainer 2017:366)

Декстер (Dexter, 1970/2006:15) АҚШ Конгресі мүшелерінің қызметі туралы зерттеуінде дәл осындай мәлімет берді: ол көбірек сұхбаттарға сүйенсе де, зерттеуін бақылауға мүмкіндік алған ортада жүргізген іштен бақылау барысында алған деректерімен толықтырды.

Сұхбаттарды жекелей қолданған дұрыс па, әлде басқа дерек көзімен үйлестіріп қолданған жөн бе деген мәселеге қатысты шешім әрдайым зерттеу мақсатына және зерттеу жүргізілетін жағдайға сәйкес қабылдануы тиіс. Бұл жерде дұрыс не бұрыс шешім болмайды, тек тәуір және нашар шешім ғана болады, сонымен қатар кей кездері сол шешімдер өткенге көз жүгірткенде мойындалуы мүмкін. Әрине әртүрлі зерттеу стратегиялары әртүрлі дерек түрлерін, бәлкім әртүрлі қорытынды шығаруы мүмкін, дегенмен бұл міндетті түрде осылай бола береді деген сөз емес.

Тағы бір айта кететін жайт, сапалық зерттеулердің, тіпті этнографиялық зерттеулердің сұхбат деректеріне сүйенуі жиі байқалады. Оның үстіне, бұл белгілі бір мағынада «оқиғаның жасырын жағын» ашу, адамдардың сезімін көрсету және т.б. мақсаттағы сұхбаттардың жалпы қоғамның сипатын көрсететінін білдіреді (Atkinson және Silverman 1997; Gubrium 2002; Silverman 2017). Сұхбаттарды этнограф үшін стандартты әдіс деп ұйғару - қате³⁶.

Этнографиялық сұхбат жүргізу: информанттарды таңдау

Сұхбат жүргізу арқылы дерек жинауға қатысты шешім қабылданғаннан кейінгі маңызды мәселе: кіммен сұхбат алу керек? Кэннон сүт безінің қатерлі ісігі бар әйелдерге жүргізген зерттеуінде анықтағандай, кей кездері, әсіресе іштен бақылау контексінде, адамдар сұхбатқа қатысу үшін не өздерін не өзгелерді таңдайды:

Лиз маған келіп, Ивоннаның тағы бір сұхбатқа дайын екенін, себебі демалыс күні тынбастан сөйлегенін айтты. Сонымен қатар әйелдер де бірнеше мәрте қоңырау шалып, белгілі бір оқиға туралы сөйлесетін адам керек болғандықтан кездесуді сұрады.

(Cannon 1992:171)

³⁶ Сұхбат жүргізу туралы және соған қатысты бірқатар мәселені талқылау үшін қараңыз: Fielding 2003, Gubrium және т.б. 2012. Дегенмен сұхбат жүргізуді сынайтын радикал сыншылар асыра сөйлеуге бейім болды: қараңыз, Hammersley 2008:ch5.

Бұл жердегі қозғаушы күш сұхбаттасудың терапиялық пайдасы болатын, алайда сұхбат үшін өзін таңдап берудің басқа да себептері болуы мүмкін. Әрине осындай жағдай этнографтар қандай да бір жаңалықты жеткізу үшін бірінші болып өздері байланысқа шығады деп үміттеніп, хабардар етіп тұрғаны үшін информанттарды ынталандырғанда туындауы мүмкін.

Негізгі информанттарымның бірі Сильвия Робинсон маған әрдайым келіп, мектепте не болып жатқанын айтатын. Ол маған мектепке бармаған күндерімде не болғанын, өзім қатыспаған немесе қатыса алмаған мектеп жиналысында талқыланған мектеп саясатының аспектілерін, белгілі бір мектеп қызметкеріне қатысты ескертулерді айтып беретін. Сонымен қатар әрдайым маған және басқа мұғалімдерге мектептегі соңғы өсекті жеткізіп тұратын.

(Burgess 1985a:149–150)

Осындай информанттардың этнограф үшін айтарлықтай маңызы бар, олармен жүргізілетін ресми және бейресми сұхбаттарды екі тарап та бастауы мүмкін.

Информанттарды таңдау іштен бақылау нәтижесінде жүзеге асуы мүмкін, дей тұрғанмен, Берджестің зерттеуі (көбінесе) және Хоның (2009:18–20) Уолл-стрит туралы зерттеуінен көргеніміздей, іштен бақылау информанттармен алғашқы байланыс орнатқан кезден де басталуы мүмкін. Мысалы, Жак пен Райттың (2014) қала маңындағы есірткі саудагерлері туралы зерттеулері ең алдымен Жактың мектеп кезіндегі достарымен жүргізілген сұхбатқа, сондай-ақ олар арқылы орнатылған жасырын есірткі саудасы әлемімен байланысқа негізделді.

Гейткиперлер немесе зерттеу алаңындағы басқа да ықпалды адамдар кейде этнографтар үшін сұхбат берушілерді іріктеуге тырысады. Бұл кейде зерттеуді жеңілдету үшін адал ниетпен жасалуы немесе Эванстың есту қабілеті нашар балаларға арналған мектеп туралы зерттеуінде болғандай, зерттеу нәтижелерін бақылау мақсатында жасалуы мүмкін:

Уақыт өте келе басқа бір әкімші мистер Грегоримен (мектеп директоры) сөйлескенде өте сыпайы болу керек, себебі ол солай талап ететін айтты. Бұрынғы әкімшіден орта мектеп кампусындағы кейбір маңызды адамдарға бағыттай ала ма екен деп сұрағанымда, бәрі түсінікті болды. Берген жауабында сұрағымның аңғал екені, сондай-ақ жұмысымның саяси аспектісін түсінгені бірден байқалды:

Жоқ, олай істей алмаймын. Мистер Грегори сізге өзі таңдаған адамын жібереді. Егер оның рұқсатынсыз және хабарынсыз сұхбат жүргізуге тырыссаңыз, онда ол бұл тақырып мүлдем жабық деп есептеңіз.

Бірнеше күн өткеннен кейін Грегори келіп: «Сіз үшін «сүт бетіндегі қаймақтарды» таңдадық», - деді. Осылайша, сұхбатқа төрт мұғалім таңдалып, жіберілді.

(Evans 1991:170–171)

Бір жағынан, өз-өзін таңдау, бәлкім де өзгелер тарапынан тандалу пайдалы болуы мүмкін, дегенмен этнограф сұхбатқа адамдарды таңдау еркін белгілі бір мөлшерде сақтап қалуға тырысуы керек. Әйтпесе, жиналған деректер нақты емес немесе маңызды мәселелерде адамды жаңылыстыратын дерек болып шығуы мүмкін деген қауіп бар, зерттеуші рефлексивті тәсілге қажет деректерді стратегиялық жолмен іздей алмай қалады. Сонымен қатар кейде информанттарды зерттеушінің өзі іріктегенде де біржақты пікірдің болуы әбден мүмкін:

Мысалы, полициямен бірге этнографиялық зерттеулер жүргізетіндер үшін есірткі саудагерлері және басқа да қылмыскерлерді айтпағанның өзінде, адал ниеті жоқ, теріс қылыққа бейім қызметкерлер секілді жағымсыз информанттармен бет-бет келу - күнделікті іс. Сол себептен де толығымен және еш ойланбастан институттық нормаларды ұстанатын әдеттегі қызметкерлерден гөрі, өздерін жүйеге қары күресуші ретінде көретін немесе көрсететін «жақсы» полиция қызметкері немесе халықаралық тәжірибесі немесе академиялық білімі бар қызметкерлер секілді сөзге тартуға оңайырақ информанттарға ұмтыла түсеміз. Күнделікті өмірде тап болатын мәселелерімізге моральдық таңдауымызды қолдану арқылы полиция жұмысы туралы шектеулі де, проблемаға толы түсінік қалыптастыру қаупін тудырамыз.

(McCargo 2017:215)

Дәл сондай біржақты пікір ықтималы басқа да көптеген контексте туындауы мүмкін.

Информанттарға қол жеткізу автоматты түрде жүзеге аспайтынын естен шығармаған жөн, Эванстың мектептегі зерттеуінде көрсетілгендей, деректерге қол жеткізу мәселесі шынымен де келіссөз арқылы шешілуі мүмкін. Көптеген ұйымдар мен қауымдастықтарды зерттеген кезде сұхбат алғыңыз келетін адаммен байланыс орнату үшін әдетте гейткиперлермен келісуіңіз қажет. Сонымен қатар информанттарға, тіпті ықпалды ұйымдарда жұмыс істейтін жоғары лауазымды информанттарға қол жеткізу кейде ойлағаннан да оңай болып шығуы мүмкін. Мысалы, Йоханнессонның (2017) айтуынша, күткен қиындықтарға қарамастан, Швеция соттарында көші-қон мәселелерімен айналысатын судьялардан сұхбатқа келісім алу оңай шаруа болып шықты: сот жетекшілері рұқсатын берумен қатар, сұхбатты ұйымдастыруға да көмектесті.

Шаффир ультра-ортодокс еврейлерінің тобынан кеткен адамдар туралы зерттеуінде анықтағандай, гейткиперлерсіз зерттеулерде сұхбат берушілерді тауып, олармен байланыс орнату *қиынға* соғуы мүмкін. Ол бір не екі *харедимді* тапсам, олар өзгелердің атын айтып береді, осылайша

«жентек қар іріктемесі» (*snowball sample*) әрі қарай жалғаса береді деп үміттенді. Алайда әу-бастан бұл жоспар сәтсіз болды:

Осындай адамдарды орналастыратын ешқандай институттық құрылымның жоқ екенін бірден аңғардым. Осы тақырып бойынша тамаша бір мақала жазған және бұрын *харедим* болғандарды байланыс орнатуға шақыра отырып, өз газетінде жарнама беру арқылы респонденттерді тапқан журналиспен кездесу ұйымдастырдым. Жарнама беріп едім, тек бір адам ғана табылды, ол да өзі секілді ешкімді танымайтынын айтты. Ол мені одан әрі басқаларымен байланыстырмаса да, оның әңгімесінен кейін өзінің ультра-ортодокстық әлемнен кетуін сипаттаған азап, үрей және шарасыздық сезімін мен де сезгендей болдым, осылайша, болашақта кездестіретін әрбір бұрынғы *харедимнің* айтқан сөзінде осы тақырып маңызды орын алды.

Хасидтік еврейлер мен жаңадан бақылауға алынған дәстүрлі еврейлерді зерттегенде өте нәтижелі болған «жентек қар іріктемесі» тәсілінің *харедим* жобасына еш пайдасы тимеді. Өзіме кездескен бұрынғы *харедимдер* өздері секілді адамдардың бар екенін топшылағанымен, оларды қайдан іздеуге болатын білмейтін еді. Алғашында олардың айтқанына күдікпен қарағаным рас, алайда бұрынғы *харедимдердің* соңғы уақытта кеткендер туралы еш хабарының болмағанын білгенде бұрынғы *харедимдердің* ескі ортасымен байланысын қалай үзгеніне біртіндеп көзім жетті. Бұл жерде Хаимды ерекше жағдайлардың қатарына жатқызған жөн [. . .]. Әңгімеміздің соңында өзіңіз секілді кездесуге болатын біреуді танысыз ба деп сұрадым. «Иә, танимын», - деп жауап берді де: «Олардың аты мен телефон нөмірлері бар. Қанша адаммен кездескіңіз келеді?» - деп сұрады.

(Shaffir 1991:76)

Кейде информанттарға қол жеткізу жолындағы қиындықтар кімнен сұхбат алынатынын және кімнен алынбайтынын анықтайды. Әдетте ықтимал сұхбат берушілерді таңдау мүмкіндігі болады, одан кейін қанша адамнан сұхбат алу керек, ол қандай адам болуы керек, оларға бір емес, бірнеше рет сұхбат жүргізу керек пе деген мәселені шешіп алу керек. Алайда бұлар этнографиялық жұмыс басталғанда бірден шешілуі тиіс мәселелер емес, бұларды шешу үшін әдетте ұзақ уақыт керек. Әрине бұл шешімдерді қабылдау кезінде зерттеуші қол жетімді ресурстарды, әртүрлі шешімдердің әкелетін балама шығындарын, сондай-ақ зерттеуге тартылған адамдардан қандай деректерді алуға болатынын ескеруі керек. Биографиялық зерттеулерде бір ғана информант болады және одан қайта-қайта сұхбат алынады. Көбінесе этнографтар бірқатар адамнан сұхбат алады, бірақ мысалы, уақыт өте келе өзгеру заңдылықтарын байқау үшін

немесе қосымша ақпарат қажет болғанда не бұрын берілген ақпаратты тексеру керек болғанда олардың кейбіреуі бірнеше рет сұхбаттасуды қажет етуі мүмкін.

Этнографтардың сұхбат үшін адамдарды таңдайтын критерийлері, тіпті дәл сол жоба барысында болса да, бір-бірінен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Әдетте сауалнамаға негізделген зерттеулердің мақсаты - репрезентативті іріктемені алу, ал кейде бұл этнографиялық зерттеудің де мақсаты болуы мүмкін; дегенмен бұл *кейстер арасындағы емес, бір кейс ішіндегі* іріктеуге қатысты айтылады (2-тарауды қараңыз). Ірі ұйымды зерттеген кезде белгілі бір рөлді атқаратын барлық адамды зерттеуге зерттеушінің уақыты да, ресурсы да жетпеуі мүмкін, сондықтан ол репрезентативті іріктемені таңдауға тырысуы мүмкін. Бұған өлшемі жағынан сәйкес келетін кездейсоқ іріктемені таңдайтын сауалнама негізіндегі зерттеулердегідей қарауға болады. Дегенмен бұл әдетте мүмкін бола бермейді немесе қажетсіз де болуы мүмкін (Small 2009). Осындай жағдайларда этнографтар тиісті репрезентативтілікті алу үшін басқа да құралдарды қолданады және оның сәтті қолданылғанын информанттардан қайсысы репрезентативті көзқарасты білдіретініне, ал қайсысы білдірмейтініне қатысты пайымдарын сұрау арқылы немесе іріктемені негізгі жиынтық туралы мәліметпен салыстыру арқылы тексеруге болады.

Дегенмен информанттардың репрезентативті іріктемесі этнографиялық зерттеулерде әрдайым талап етілетін нәрсе емес. Бұл әсіресе басты мәселе көзқарастар мен дискурсивті тәжірибені жазып алу емес, ақпарат алу болғанда аса маңызды. Бұл жердегі мақсат - қажет білімі бар және сол білімін этнографпен бөлісуге ниеті бар адамдарға бағытталу. Осындай адамдарды анықтау білімнің қоғамда таралуы туралы және әр түрлі рөлдегі адамдардың ниеті туралы болжам жасауды талап етеді. Осыдан көп жыл бұрын Дин және т.б. (Dean және т.б. 1967:285) сұхбат берушілерді іріктеудің осындай стратегиясының негізінде жатқан ойлау түрін көрсететін өзекті типологияны ұсынды:

1. *Қызығушылық тудырған салаға айтарлықтай сезімталдық танытатын информанттар*

Нәрселерге өзге мәдениет, әлеуметтік тап, қауымдастық және т.б. көзқарасы тұрғысынан қарайтын аутсайдер.

Айналада болып жатқан нәрселерге таңқалып, сол ортаға бейімделген адамдар үшін үйреншікті болып кеткен нәрселерді байқайтын «дебьютант». Ол әзірге қорғауы керек жүйеге қызығушылық танытпайды.

Жаңа тәжірибенің қиындықтары анық көрінетін бір позициядан екіншісіне өту үстіндегі жаңа статустағы адам.

Зерттеу алаңында табиғатынан рефлексивті және объективті адам. Кейде басқа адамдар оны осындай деп көрсетуі мүмкін.

2. Ақпарат беруге барынша дайын информанттар

Шығу тегі немесе статусына байланысты кейбір информанттар басқаларға қарағанда сөйлесуге ниет танытады:

Өзінің не айтып тұрғанын аңғармай қалатын аңғал информант. Ол далалық зерттеушінің кім екеніне көп көңіл бөлмеуі немесе өзінің тобына келгенде аңғалдық танытуы мүмкін.

Наразы немесе өкпелі болуы мүмкін түңілген адам, әсіресе өзінің тұншыққан ашу-ызасы мен ішкі импульстерінен хабары бар адам.

Күшінен айырылған, бірақ істен хабары бар «ойыннан шығып қалғандар». Әріптестері туралы жағымсыз фактілерді таратуға ұмтылуы мүмкін «іштегілердің» кейбірі.

Ендігі уақытта кәсіпорында еш үлесі жоқ немесе өзіне сенімді болғаны соншалық, өзгелердің айтқанынан немесе жасаған әрекетінен әшкере болып қаламын деп қорықпайтын еш нәрсені құр қалдырмайтын адам немесе әккі адам не болмаса «еш жерден қалмайтын адам».

Біреудің көңілі мен қолдауын көксегендіктен сұхбат алушыға жармасып алатын мұқтаж адам. Сұхбат алушы оның қажеттіліктерін өтеп отырған уақытқа дейін сөйлей береді.

Өзінен үстем тұрғандарға бейімделуі тиіс бағынушы. Ол әдетте күштілердің ықпалын жұмсарту үшін істің мәнін түсіндіруге тырысады, сонымен қатар дұшпандық ниет танытуы және өзін-өзі ұстай алмауы мүмкін.

Әрине, кейбір информанттар осындай санаттардың бір емес бірнешеуіне жатады, сонымен қатар басқа да пайдалы информанттар болуы мүмкін.

Дәл солай секілді Болл (1994) білім беру саласындағы саясатты әзірлеушілер туралы зерттеуінде қазіргі кезде билікте отырған министрлермен сұхбат жүргізудің аса маңызды болмағанына көзі жеткенін жазады; ал әлдеқайда тиімді стратегия орнынан кеткен адамдарға көбірек назар аудару болды, себебі олар инсайдерлік ақпаратты беруде өздерін еркін ұстайды. Информанттар Глейзер мен Стросстың (1967) «теориялық іріктеу» деп атап кеткен түсінігі негізінде де іріктелуі мүмкін: егер беретін

жауабы жаңа аналитикалық идеяларды дамытып, тексеруге мүмкіндік берсе, сол адамдарды таңдау.

Кімнен, қашан және қалай сұхбат алынатыны әдетте зерттеудің алға жылжуына қарай, этнографтың білім дамуының қазіргі жағдайына берген бағасына сәйкес және ненің мүмкін екеніне байланысты шешіледі. Әрине сұхбат алғыңыз келген адамның барлығы келісімін бермеуі мүмкін. Тіпті сұхбат беруге келісімін бергеннің өзінде сұхбат алуға айтарлықтай уақыт пен шығын кетуі мүмкін. Томас ірі кәсіпорындардың жетекшілері туралы зерттеуінде айтқандай, алынған деректердің барлығы әрдайым қажет ақпаратты бере бермейді:

Олардың назарын аударатындай қандай да бір тетіктеріңіз болмаса, сізге қажет деп есептеген уақыттың жартысын ғана қолдана аласыз. Өзім білетін журналистер сол жетекшілермен бір сағат болса да сұхбат жүргізуге қуана келіседі, себебі журналистерде көп әлеуметтанушының қолында бола бермейтін тетіктер бар. *Wall Street Journal* газетіне немесе *Fortune* журналына мақала жазатын штаттағы қызметкер егер өзі сұхбат жүргізуді қалаған жетекшіге қол жеткізе алмаса, бұл туралы жақсы дүние жаза алмайтынын, тіпті (одан да бетері) мүлдем ештеңе айтпайтынын меңзеуі мүмкін. Тіпті сізге 30 минут уақыт берілсе де, күтпеген жағдай орын алуы немесе аса маңызды біреу сізді күн тәртібіндегі жоспардан алып тастауы мүмкін. Есіктен кіргеннен кейін жетекшінің сұрақтарыңызға жауап беруге ниет танытпағанын көресіз немесе өзі қайталап айтқысы келетін дайын сценарийдің бар екенін білесіз.

(Thomas 1993:82–83)

Деректерді жинаудың басқа әдістері сынды сұхбат барысында алынған мәліметтердің сапасы мен орындылығы айтарлықтай өзгермелі болуы мүмкін әрі үнемі болжауға келе бермейді. Информанттарды іріктеу сол жағдайдағы ең дұрыс деген пайымдарға негізделуі тиіс. Алайда бұл пайымдарды тәжірибенің жинақталуы барысында қайта қарау қажет.

Сұхбаттарды іштен бақылау ретінде қарастыру

Этнографиялық зерттеулердегі сұхбаттар басқа бір іс-шара барысында аяқ астынан бола қалған бейресми әңгімелерден бастап, өзге адамдардың құлағына жетпейтін шектеулі орталардағы ресми түрде ұйымдастырылған кездесулерге дейін өзгеріп отырады. Бейресми әңгімелерге келсек, іштен бақылау мен сұхбат жүргізуді бір-бірінен ажырату қиынға соғады. Ал ресми сұхбаттарда бәрі айқын болады. Мұнда сұхбат басқа бір ортаны білдіргендіктен, қатысушының осы ортадағы түсінігі басқа ортада көрсететін мінез-құлқының негізі бола алмайды (Deutscher 1973; Silverman 1973; Murphy және т.б., 1998; Potter

және Herburn 2005). Дегенмен жоғарыда айтып өткеніміздей, сұхбат ортасының өзіндік ерекшелігін зорайтып көрсетудің қажеті жоқ, сондай-ақ оған тек проблема ретінде емес, ресурс ретінде қарау керек.

Іштен бақылаушының бақыланатын адамдарға тигізер ықпалы жай ғана жаңсақ пікір ретінде қарастырылмайтыны секілді сұхбат алушыға келгенде де дәл солай. Шынымен де «белсенді сұхбат жүргізуді» маңызды деп мойындау арқылы оны пайдалануға болады (Holstein және Gubrium 1995; Gubrium және Holstein 2012). Этнографияның мақсаты белгілі бір уақыт аралығында нақты бір ортада болып жатқан оқиғаның сипатын келтірумен ғана шектелмей, оның аясынан шыққан кезде адамдарға қалыпты әрекет ететін ортасындағыдан өзгеше вербалды стимулдармен әсер ету арқылы айтарлықтай артықшылықтарға қол жеткізуге болады. Басқаша айтқанда, ортадағы «қалыпты» оқиғалармен салыстырғанда, сұхбаттың «жасандылығы» қатысушылардың басқа жағдайларда, мысалы, олар сол ортадан шыққан кезде немесе орта өзгергенде қалай әрекет ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Немесе әдетте өздігінен солай деп қабылданатын нәрсе әшкереленуі мүмкін. Лабов (1969) «стандартты емес ағылшын тілінің логикасы» бойынша жұмысында сұхбат алушы әртүрлі рөлге енетін сұхбаттарды салыстырып, осының мысалын келтіреді. Оның ресми сұхбаттарында кейбір балалардың берген қысқа жауабы олардың лингвистикалық ресурстарының нақты көрсеткіші болмаса да, тәрбиешілермен, әлеуметтік қызметкерлермен жүргізілген сұхбаттар немесе мектептегі сабақ секілді белгілі бір жағдайлардағы сол балалардың мінез-құлқының шынайы көрінісі болуы мүмкін. Сұхбат жағдайының ерекшеліктерін осындай жолмен өзгерте отырып, ортаның қандай аспектілері белгілі бір жауап түрлерін туындататын анықтай аламыз.

Мақсат информанттың жеке кеңістігіне өтіп, адамдардың өздері мен әрекетін қорғау үшін қойған тосқауылдарынан өту болғанда сұхбат жүргізуді мейлінше «белсенді» қолдану пайдалы болуы мүмкін (Douglas 1976; Ostrander 1993; Harvey 2011). Конс Бангладештің Үндістанмен шекаралас аумақтарын (анклавтар) зерттеген кезде, оның зерттеу кезіндегі көмекшісі Сайфулдың ара-тұра жасаған батыл шешімдерінің арқасында (кейбір) қиын жағдайдан қалай аман шыққанын, дегенмен кейде бітпейтін қиындықтарға да душар еткенін жазады.

Ол әңгіме барысында білдіртпей адамдар арасына ылаң салуға шебер болатын, соның арқасында анклавтарды реттеуге қатысы бар әртүрлі акторлардың алаңдаушылығы мен олардың арасындағы шиеленістің негізгі тұстарын түсінуге мүмкіндік алдық.

(Cons 2014:384)

Осылайша, сұхбаттар кезінде анықталған әртүрлі көзқарастар адамның «табиғи» ортадағы мінез-құлқын тікелей туындататын кейбір когнитивті және өзін-өзі ұстау негіздемесіне тікелей қол жеткізуге мүмкіндік бермейтіні рас болса да, бұл сол мінез-құлықты түсіндіруге

қабілетті болуы мүмкін. Сол секілді, біз адамдардың көзқарасы, сезімі, мінез-құлқы және т.б. туралы айтқандарына дұрыс деп, еш шүбәсіз басты ақпарат көзі ретінде қарамауымыз керек, дегенмен ештеңеге жарамсыз деп оларды көзге ілмеудің немесе тіпті оларды тек қана сұхбат жағдайында қолданылатын көзқарас немесе дискурс стратегияларының көрінісі ретінде қарастырудың да еш негізі жоқ.

Талқылауымыздан көрінгендей, іштен бақылау мен сұхбат жүргізу арасында біз ойлағандай көп айырмашылық жоқ екен. Екі жағдайда да контекст пен зерттеушінің әсерін есепке алуға міндеттіміз. Бұл жерде бір сұрақ туындайды: Кім кімнен сұхбат алады? 4-тарауда көргеніміздей, этнографқа әртүрлі бірегейлік таңылады, сұхбат жүргізгенде де дәл осылай болуы мүмкін. Нақты бір жағдайда ортақ бірегейліктің болуы әдетте жақын қарым-қатынас құру процесін жеңілдететіндей көрінеді, дегенмен әрдайым осылай бола бермейді. Мысалы, бірқатар автордың айтуы бойынша, бір жынысқа тиісті болу жақын қарым-қатынас құруға жеткілікті болмауы мүмкін (Riessman 1987; Tang 2002). Шынымен де, кей кездері айырмашылықтың болуы сұхбаттасу процесіне тосқауыл болмай, керісінше оны жеңілдетуі мүмкін. Оның үстіне, сұхбат барысында ненің ортақ, ненің ортақ емес екені және оның маңызы анықталады, бәлкім қайта қарастырылуы да мүмкін.

Оның салдарының бірі сол, іштен бақылаушы секілді сұхбат алушы да әрдайым жақын қарым-қатынас құруға тырысуы керек. Іштен бақылау барысында қарым-қатынас құрылған адамнан сұхбат алғанда жұмыс айтарлықтай азаяды, ал этнограф сұхбат берушімен бұрын аз немесе ешқандай байланыс орнатпаған жағдайда, жақын қарым-қатынас құру міндеті аса маңызды болады. Кейбір адам тобымен іс жүзінде болсын, эмоциялық тұрғыдан болсын байланыс орнату қиынға соғуы мүмкін: мысалы сексуалдық бағыттағы қылмыскерлер (Crewe және Ievins 2015).

Зерттеушінің өзін танытуы туралы өткен тарауда жазғандардың көбі осы жерде де қолданылады. Мисор (Measor, 1985) мұғалімдермен биографиялық сұхбат жүргізген кезінде киген киіміне қалай қатты мән бергенін көрсетеді. Бұл, мысалы сұхбатқа келген мұғалімдердің жасына қарай оның әртүрлі киінгенін білдіреді. Сонымен қатар ол сұхбат процесін жеңілдету үшін ортақ қызығушылық пен биографиялық тәжірибеге сүйеніп, шынымен де бойында жаңа нәрсеге деген қызығушылықты дамытқанын айтады. Іштен бақылау сынды, сұхбат кезінде де жаман атқа қалмас үшін және жақын қарым-қатынас құруды жеңілдететін адамдарды ынталандыру үшін өзіңізді таныстырғанда абай болғаныңыз жөн.

Райан сұхбат алушының өзін-өзі таныстыру кезіндегі жеке ақпаратты жариялау секілді тағы бір аспектіні талқылайды. Стратегиялық және этикалық себептерге байланысты, зерттеуші зерттеп жүрген адамдарына өзі туралы ақпарат беруі керек деп жиі айтылады. Дегенмен ақпаратты жариялау қаншалықты орынды және *қай ақпаратты* жариялау

керек деген сұрақ туындайды. Райан «ирландиялық гейлердің өмірі» туралы нарративті зерттеуін талқылағанда сапалық зерттеу туралы әдіснамалық мәтіндер оны «ашық және шынайы диалог» құруды жеңілдетер қарым-қатынас орнатуға қажетті ақпаратты ашу деңгейіне дайындықсыз қалдырғанын айтады (Ryan 2006:155).

Әрине жақын қарым-қатынас орнату жалғыз мәселе емес. Сұхбат жағдайының өзін қалыптастырып, оны сақтау да дәл солай маңызды. Бұл әсіресе салыстырмалы түрде ықпалды адамдарға сұхбат жүргізгенде проблемаға айналуы ықтимал:

Элиталар әдетте басқаруға дағдыланғандықтан, өзгелердің оларға бағынышты болуына бойын үйретіп алған. Сондай-ақ сұхбат алушылардың олардың не ойлайтынын және өзгелердің өмірінде ненің маңызды екенін сұрайтынына әбден үйренген. Осындай әлеуметтік фактілер зерттеушінің оларға ерекше құрметпен қарауына, сондай-ақ өзара жақсы түсініктің қалыптасуына шектен тыс алаңдауына әкеліп соғуы мүмкін. [. . .]. Элита өкілі саналатын адам бір сәтке өз-өзін ұстай алмай қалса да, сұхбат алушы басынан бастап жағдайға айтарлықтай бақылау орнатуы керектігін маңызды деп есептеймін. Бұл мынадай бір жағдайды есіме салды: зерттеу нысаныма айналған отбасы мен балаларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау жөніндегі агенттіктердің бірінің элиталық кеңес мүшесі мені өзі күн сайын таңғы ас ішетін, өз атына тапсырыс берілген үстелі бар қаланың ортасындағы қымбат мейрамханалардың біріне таңғы сағат 7.30-да кездесуге шақырды. Мен келітім және досымнан сол адамның кеңістігінде болсам да, ол екеуміз тап болған әлеуметтік жағдайды қалыптастыруға қатысты ниетімді оған ең бастан қалай жеткізе аламын деп сұрадым. Досым болса, ең алдымен ертерек келіп, ол келгенде үстелде отыр деп ұсынды. Бұл маған сол кеңістікке бойымды үйретіп, олардың бір бөлігі маған тиісті деп айтуға уақыт береді. Бұл ойым іске асты. Ол біраз абдырап қалғандай көрінді де, сөзін мені және мен зерттеп жүрген тақырыпты қолдаймын дегеннен бастады. Бұл өте сәтті шыққан, ашық және мазмұнды сұхбат болды.

(Ostrander 1993:19–20)

Каррер (1992) мәселені әлеуметтік оқиға деп қарауға мәжбүрлеген пуштун әйелдермен сұхбаттасу барысында анықтағандай, сұхбат контекстін қалыптастырудағы қиындық элитаны зерттеуден де бөлек жағдайларда да туындауы мүмкін.

Тағы бір мәселе - информанттың құлықсыздық танытуы. Мысалы, Йоханнессон сұхбат берген сот төрешілерінің көпшілігі оның сұрақтарына жауап беруге дайын болғанымен, олардың біреуі сұрақтарға өте қысқа және түсініксіз жауап бергенін, көші-қон

сотындағы төреші ретінде күнделікті жұмыстары туралы жалпы айтып шыққанымен, оның ешқашан тақырыпқа қатысты жеке ойын білдірмегенін айтады. Сот төрешісі сұрақтарыңыз орынсыз деп, бірнеше рет жауаптан жалтарды. Сұхбат кезінде сұрақтарым барған сайын ұзара түсті, сондағы үмітім қандай да бір жауап алу үшін сұрақтарымды жетілдіру болатын. Ал сұхбат берушілердің жауабы көбінесе «жоқ» немесе «еш пікірім жоқ» деген құр сөзбен шектеліп, керісінше қысқара түсті.

(Johannesson 2017)

Бұл жердегі мәселе бәлкім сот басшысы төрешінің сұхбатқа қатысуын талап етуінде және одан көрген қысым салдарында жатқан секілді көрінді. Бұл сұхбат алу үшін адамдарға гейткиперлер арқылы шыққанда туындауы мүмкін мәселелердің бірін айқындайды. Йоханнессон тағы бір мәселені көрсетеді. Ол: «Алайда басқа бір төреші барлығын бүге-шігесіне дейін айтып беруге дайын болғанымен, мен түсінбейтін ресми құқықтық тілде сөйледі, сонымен қатар соттың қалай жұмыс істейтінінен жеткілікті дәрежеде хабарымның жоқ екеніне өкінгенін жеткізді» дейді.

Бұл мәселелерді ерекше дей алмаспыз. Дегенмен сол мәселелердің шығу себебі туралы ой қозғау болашақта оның алдын алуға көмектесуі мүмкін, сондай-ақ зерттеушіге тәуелді болмайтын жағдайлардың көп екенін мойындау маңызды, сондықтан да сұхбаттар әрдайым жоспар бойынша жүре бермейді немесе нәтижелі бола бермейді.

Сұхбат процесс ретінде

Сұхбаттың алғашқы бірнеше минуты оның табиғаты мен сипатын анықтауда ерекше маңызды болуы мүмкін. Сол кезде сұхбаттың формасына қатысты жасырын, бәлкім ашық келіссөздер жүргізілуі мүмкін. Әдетте мұның бір элементіне сұхбат жүргізу себебі мен оның фокусы туралы зерттеуші ұсынатын ақпарат, сонымен қатар құпиялылыққа кепілдік беру және сұхбат берушілердің нақты сұрақтарға жауап беруден бас тарту құқығы жатады. Қай жерде отыру керек, дыбыс жазатын құрылғыны (қолданылған жағдайда) қайда қойған дұрыс және т.б мәселелерге қатысты шешім қабылданған кезде аса маңызды емес тақырыптарда әңгіме қозғалуы мүмкін.

Информант сөйлеп отырған кезде сұхбат алушының өзін-өзі ұстау мәнері маңызды болуы мүмкін. Адамдар әдетте жауаптарының қаншалықты орынды иә орынсыз екеніне қатысты қандай да бір реакцияны, тіпті біреудің сынап-мінегенін күтуі мүмкін. Әдетте сұхбат алушы әсіресе сұхбаттың басында олардың жауаптарына қанағаттанғанын білдіретін анық белгі беріп отыруы керек. Этнографтың айтылып жатқан сөзді тыңдап, түсініп отырғанын білдіртуі өте маңызды және ол өз

тарапынан тиісті жауабын беріп отыруы керек³⁷. Мисор (1985:62) айтып өткендей: «Біреудің әзіліне күлмей қоюдан құдай сақтасын!». Бұл көптеген этнографиялық сұхбаттың маңызды ерекшелігін көрсетеді: сұхбат аясындағы мақсат - стандартты сұхбаттармен салыстырғанда, адамдарға көбірек еркіндік беріп, өз бетінше сөйлеуге жағдай жасай отырып, әңгімелесуді жеңілдету (Rubin және Rubin 2012; Brinkmann және Kvale 2015).

Сұхбат алушының белсенді тыңдаушы болуы тиіс екенін ерекше айтып өткеніміз жөн; сондай-ақ зерттеу фокусына қандай қатысы бар екенін және сұхбат жағдайларын қалай көрсетуі мүмкін екенін бағалау үшін сұхбат алушы айтылған сөздерге мән беруі керек. Мейлі бақылау болсын, мейлі сұхбат болсын, далалық зерттеу барысында адамның не еститініне келгенде, тек адамдардың тура мағынасында қолданған сөздеріне ғана емес, сонымен қатар оны қалай айтқанын және көмекейінің бүлкілінде не тұрғанын байқауға тырысу керек.

Біз модальдылық (мысалы, бір нәрсе мәжбүрлікпен немесе сенімсіздеу айтылды ма, жоқ па) және интерактивті қызмет (қандай қызмет атқаратынына қарай айтылған нәрсенің кейбір әрекет аясына қалай сәйкес келетінін) арасын ажырата аламыз. Оның үстіне, тыңдаған кезде сұхбаттың алдағы уақыттағы бағытын қалай жақсылап қалыптастыруға болады деген мәселеге ерекше көңіл бөлу керек.

Көбінесе зерттеуші сұхбатқа қатысатын жалғыз бөтен адам болғандықтан, құпиялыққа кепілдік беру информанттың айтқанын басқа одан басқа ешкім естімеуі тиіс дегенді білдіреді. Бұл да - сұхбат кезінде кездесетін тәуекелдердің бірі. Осындай жағдайда информанттар ақпаратты ашуға және өзгелер алдында айта алмайтын пікірін білдіруге ниеттенуі мүмкін. Дегенмен жағдай үнемі солай бола бермейді, берілген ақпарат та әрдайым шындық бола бермейді. Ал айтылған пікірлер өзге жағдайлармен салыстырғанда шынайы әрі олардың көзқарасын дәлме дәл көрсетпеуі мүмкін. Осылай ма, әлде жоқ па және қандай мағынада екені олардың өзгелерге, оның ішінде зерттеушілерге деген бағдары қалай қалыптасқанына тәуелді болады. Оның үстіне, информанттар кейде өздерін «келешек ұрпақ үшін сөйлегендей» сезінеді және бұл да олардың нені және қалай айтқанына әсер етеді. Кейде олар этнографтың құпиялықты сақтауға қатысты кепілдігіне күмән келтіруі мүмкін және сол сұхбатты "ақпаратты жаю" немесе өзгелердің алдында образ қалыптастыру үшін қолдануға тырысуы мүмкін.

Әрине кейде этнографтар бірнеше адам қатысатын сұхбат жүргізеді, ол жерде аудиторияға қатысты мәселе мүлдем күрделі болады. Лидің

³⁷ Білім алуға және білімге негізделген тұжырымды жасауға қатысты бір аспектінің талдауы үшін қараңыз: Roulston 2018.

мәлімдегеніндей, кей кездері өзгелерді сұхбатқа қатыстырмау мүмкін болмайды:

Мүмкіндігінше ерлі-зайыптылардың әрқайсысына жеке сұхбат жүргізілді, дегенмен бірқатар жағдайда ортақ сұхбат жүргізуден басқа амал қалмады. Бұл әсіресе жуырда үйленген, шағын пәтерде тұратын жас жұбайларға қатысты болды. Себебі жұптың бірінен сұхбат алып, екіншісінен басқа бөлмеде, әдетте жатын бөлмеде күте тұруын сұрау өте ыңғайсыз болды.

(Lee 1992:136)

Чандлер әскери теңізшілердің әйелдерін зерттеген кезінде осындай мәселемен ұшырасады және мұның зерттеуге айтарлықтай әсері болады:

Кездесу тек қана әйелдерден сұхбат алу үшін ұйымдастырылғанымен, екі жағдайда да сұхбатқа олардың күйеулері қатысты. Әйелдердің сұхбатқа өзі емес, күйеуімен бірге келуі сұхбатты өзгертті; сонымен қатар қойылған сауалдарды, оған берілген әйелдердің жауабын түрлендірді, тіпті кейде күйеулері сұхбатқа араласып отырды. Ол сөйлемегеннің өзінде сезімін ым-ишараның көмегімен жеткізіп отырды және оның реакциясын әйелдер өз жауабында білдіріп отырды.

(Chandler 1990:127)

Сұхбатқа сырттан біреудің араласуы әрдайым кері ықпалын тигізбейді. Хантер кеңес мүшесімен оның Чикаго шетіндегі бай аудандардың біріндегі үйінде сұхбат жүргізіп отырған кезде сұхбат берушінің әйелі кіріп келеді:

Ол сұхбатты бақылаушы ретінде қысқа уақыт тындап болғаннан кейін күйеуінің жауабына қосымша мәліметтер мен өз пікірін қоса бастайды. Мәселелер мен саясатқа көбірек көңіл бөлінген және ресми сипаттағы сұхбат бірте-бірте элита ішіндегі нақты бір адамдар туралы үшжақты әңгімеге айналды. Әйелі кімнің кіммен арасы жақсы, кімді адамдар құрметтейді немесе құрметтемейді дегендей адамдар туралы көбірек «әлеуметтік түсініктеме» беріп отырды, осылайша сұхбат ақпаратқа толы және бәрін ашып көрсететін «өсекке» айналды.

(Hunter 1993:48)

Кейде әрине этнографтар бір уақытта бірнеше адаммен сұхбатты әдейі ұйымдастырады (Currie және Kelly 2012). Топтық сұхбат көп адамның қатысуына мүмкіндік беруімен қатар, кейбір сұхбат берушілер үшін мейлінше қауіпсіз болуымен ерекшеленеді, осылайша сұхбат барысында сұхбат берушілерді барынша ашық сөйлеуге ынталандырады. Әсіресе, Хелен Симонс Кэролдың мысалынан келтіргендей, топтық сұхбаттар ұялшақ, әрі тартыншақ адамдарға қатысты мәселелерді шеше алады:

Сұхбат алушы: Бұл дәріс ұялшақ адамдарға көмектесе ме, әлде оларды өзгелерден одан сайын ерекшелей түсе ме?

Анжела: Олардың тыныш болғаны соншалық, аяқ астынан біреуі сөйлей қалса, еріксіз «бұларға не болды екен?»-деп ойлап қаласыз. Менің ойымша, әрбірінің өз ойы бар және айналасындағы барлық адам сөйлеп жатқандықтан, «біз де сөйлейміз» деп ойлайды.

Патриция: Кэрол үн-түнсіз қалды.

Сұхбат алушы: Сөйлегенді ұнатпайсыз ба?

Кэрол: Маған сұрақ қойылғанда ғана сөйлеймін.

Анжела: Сіз сөйлегенде, сөйлейтін сияқты. Оны алғаш көргенде, тұйық адам деп ойладым.

Сұхбат алушы: Бірақ пікіріңізді білдіргіңіз келгендіктен, сөйлеп отырсыз ғой.

Кэрол: Йә. Біреудің айтқаны қате болса, өз ойымды айтамын.

Сұхбат алушы: Осындай дәрежеге жету үшін қанша уақытыңыз кетті?

Кэрол: бұл бір достық орта болды, шеңбер құрып отырдық және бір-бірімізбен сөйлесе алдық. Осылай болғаны дұрыс болды, әрі көп уақыт алмады, тек бірнеше сабақ қана өткізілді.

Анжела: үш немесе төрт сабақ өткеннен кейін Кэролдың көбірек сөйлей бастағанын байқадым.

Патриция: Мен бірінші сабақта сөйледім.

Анжела: Мен де.

Кэрол: Адамдардың «тым байсалдысың» дегені ызамды келтіреді. Сонда да өзгелердің пікірін құрметтеймін.

Анжела (Патрицияға): Бәлкім айқайыңыздан олар өлердей қорқатын шығар. (Simons 1981:40)

Әлбетте бетпе-бет сұхбаттарды өте қорқынышты деп ойлайтын адамдарға топтық сұхбаттардың оң әсерінің болу-болмауы көбінесе топтың құрамына байланысты.

Бір емес, бірнеше информантпен бір уақытта сөйлесу топтық сұхбаттан бөлек басқа бір формада жүзеге асуы мүмкін. Солардың бірі - фокус-топ, бұл әдісті кейде этнографтар да қолданған болатын. Джоуэт пен О'Тул (2006) бір-біріне қарама-қайшы мысалдарды келтіреді: Джоуэт жас қыздардан тұратын фокус-топты алып, олардың феминизмге қатысты ұстанымын зерттегенде зерттеу нәтижелі болып шығады, ал О'Тул жоғары білім алуға қатысты жасы үлкен студенттердің көзқарасын зерттеу үшін бұл әдісті қолданғанда, нәтиже ойлағандай сәтті болмады. Шынымен де «топтық динамика тұрғысынан аландаушылық тудыратын үрдістермен» (459 б.) бетпе-бет келгенде, ол демалыс бөлмесінде студенттермен жай әңгімелесе отырып, «зерттеудің мейлінше этнографиялық стиліне» көшкенін жазады (461 б.).

Көптеген қатысушыны қамтитын мәлімет алудың тағы бір жолы - диалог немесе талқылау тобы. Олардың әртүрлі формасы болуы мүмкін,

сондай-ақ олар өздері жүзеге асатын әлеуметтік контекстке байланысты қалыптасады. Либлинг және т.б. (2015) қамаудағылардың қоғаммен байланыс орнатуына және білім алуына қатысты қажеттіктерін өтеу мақсатында түрмеде құрылған диалогтық топтарды талқылайды. Бұл топ әрі зерттеулердің дереккөзі ретінде қарастырылады. Алғашқы зерттеу кезінде «Prison Dialogue» (Түрмедегі диалог) атты қайырымдылық ұйымының үйлестірушілері басқаратын осындай топ бар болатын. Зерттеушілер бұл топтың құрметті мүшелеріне айналып, қамаудағылардың өмірін түсінуге қажетті бай дереккөзіне тап болды. Талқылауға арналған тақырыптарды көбінесе қамаудағылар таңдады, күткеніміздей талқылау аясы өте кең болды. Зерттеушілер қамаудағылар мен түрме қараушысы арасындағы қарым-қатынасты әрі қарай зерттеу мақсатында кейінірек сол түрмеге қайта келгенде алдыңғы диалогтық топ таратылды, дегенмен зерттеу барысында уақыты 10 аптаға созылатын осындай топ құрамыз деп шешім қабылдады. Бұл жолғы ойымыз бюрократиялық тұрғыдан күрделі процесс болып шықты, сондай-ақ түрме қараушысының қатысуы талап етілді, дегенмен зерттеушілер түрме қараушысын әңгімеден алысырақ ұстай білді.

Сұхбаттарда топтық немесе жеке форматтың қолданылуы *не айтылатыны және кімнің айтатынына* әсер етуі ықтимал. Мысалы, топтық сессия кезінде сұхбат алушыға тақырыпты бақылау қиынға соғады. Бір жағынан, мұның пайдасы да бар, себебі информанттар зерттеушінің қолы жетпейтін ақпаратты қолдана отырып, бір-біріне көмектесіп отырады («кәніки, айтсаңшы» «ал сен сөйткенде не...?»), осылайша нәтижелі бір зерттеу шығады (Саймонның зерттеуінен келтірілген үзіндідегідей).

Топтық сұхбаттарды қолданудың пайдасы да, зияны да болуы мүмкін. Мұнда да жеке сұхбаттардағыдай бұрмалаушылық болуы мүмкін, дегенмен талқылаулар көбінесе қатысушы мәдениеті туралы түсінік қалыптастырады. Басқаша айтқанда, бір ақпараттан айырылсаңыз, оның орнын сұхбат берушілердің көзқарасын, риторикалық стратегиясы мен дискурсивтік қорын білуге мүмкіндік беретін мәліметтермен толтыруға болады.

Сұхбат жүргізу әдісіндегі тағы бір айырмашылық сұхбатты кімнің жүргізуіне байланысты. Кейде бірнеше сұхбат алушының болуы тиімді әрі қажет болуы мүмкін. Дуглас информантқа массаж салонына қатысты шындықты айтқызуға тырысқанда қолданған стратегиясы туралы мысал келтіреді:

Массаж салондарындағы басты инсайдердің жергілікті адвокат екенін бұрыннан білетінбіз. Ол массаж салондарының бірлестігіне өкілдік етіп, соған қатысты істің 80 пайызын жүргізді. Біз оны әшкерелегіміз келіп, оған тұзақ құруға тырыстық. Біз адвокатқа «іштегілердің» бірі екенімізді дәлелдеп, сеніміне кіргіміз келді. «Бауырым, сенің жағындамыз, бізге сенуіңе болады», - деп сөз бере

алмайтынымызды білеміз. Себебі ол әртүрлі айла-шарғы мен албап-арбауға әбден үйреніп қалған. Мұны сырттан қарағанда шынайы етіп көрсету керек еді. Сұхбатқа [өзімізбен бірге] екі жас массажисті ертіп бардық, осылайша олардың болуын, [бізге] сенгенін көрсету арқылы не мақсатпен келгенімізді білдірдік. Адвокаттың кабинетіне кіргенде, қыздардың бірі жұмыс істейтін салондағы екі қызметкер шығып кетті де, олар бір-бірімен қуана қауышты. (Зерттеушілерге де сәттілік артық етпейді.) Сұхбат барысында екі қыз жұмыстары туралы сөйлесті. Білуімізше, солардың біріне салонда жұмыс істегені үшін айып тағылған. Олар сол туралы сөйлесіп жатты. Оған адвокаттың әсер еткені соншалық, ісін сол адвокатқа бере салды. Сұхбат соңында адвокат [бізге] оның барлық файлдарын қолдануға, олардың көшірмесін алуға, зерттеуімізді жүргізу кезінде оның атын қолдануға, тіпті сот істеріне де онымен ілесіп баруға және т.б рұқсат берді. Алғашқы кезде бәрі дұрыс болып көрінгенімен, адвокаттың бізден бір нәрсені жасырып қалғанына сенімді болдық (кейін қыздардың бірі көбірек ақпарат алып, тексеру үшін онымен жұмыс істей бастады).

(Douglas 1976:174–175)

Сонымен қатар, сұхбат жүргізу міндетін сұхбат берушінің әріптестеріне де тапсыруға болады. Поллард мынадай мысал келтіреді:

Түскі ас кезінде сұхбат тобын құру үшін балалар шақырылды, мен олардың мектеп туралы не ойлайтынын білгім келді. Бұл топ бірден өздеріне «*Moorside тергеу бөлімі*» деген ат қойып алып, өздерін маңызды сезіне бастады. Келесі жылы бойы «*Moorside тергеу бөлімінің*» құрамы біртіндеп өзгерді, дегенмен топ мүшелерін әртүрлі топтардан жинай отырып, әрдайым тепе-теңдік сақтауға тырыстым. Әдетте сұхбатқа бір уақытта шамамен алты бала тартылып, бір жыл ішінде олардың саны он үшке жетті. [. . .] Балалармен сұхбат жүргізу тобын құрудағы ниетім балалар маған мұғалім ретінде қарап, ашыла қоймағандықтан, осы кедергілерден өту болды. «*Moorside тергеу бөлімінің*» мүшелерімен өзім қызығушылық танытқан нәрселерді талқылап, мұғалімдерді қылмыстық қудалаудан қорғайтын иммунитет және құпиялық туралы идеяларымды ұсынып, көп уақыт өткіздім. Содан кейін «*Moorside тергеу бөлімінің*» мүшелері сұхбат алу үшін түскі ас кезінде бос тұрған ғимаратқа балаларды екі-екіден, үш-үштен немесе төрт-төрттен топқа бөліп шақыра бастадық. Кей кездері сұхбат алушылар өз достарынан, кейде өздері дұрыс танымайтын балалардан сұхбат алды. Бастапқыда мұны бақылауға тырыспадым және бұл істі балаларға тапсырдым.

(Pollard 1985:227–228)

Соңғы кездері көптеген тақырыпты зерттеу барысында дәстүрлі тәсілдерге қарағанда, әріптестер жүргізетін сұхбаттар мейлінше нәтижелі

деректер беретіндей көрінгенде аталмыш стратегия қолданылып келді. Осындай жағдайлардың қатарына құмар ойындарына тәуелді болу мәселесін (Devotta және т.б. 2016), АИТВ/ЖИТС -ке шалдыққандарды (Greene және т.б. 2013), үйсіз қалғандар (Couch және т.б. 2014), жалғыз басты аналар және мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін жатқызуға болады (Edwards және Alexander 2011). Әрине, аудиторияның тигізер әсерін де есепке алу керек. Сондықтан алынатын деректерге зерттеуге қатыстырылған тек белгілі бір адамдар ғана емес, сонымен қатар этнографтың тәжірибесі де әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, сұхбаттарда қарастырылған тақырыптар зерттеушінің бақылауында бола бермейді.

Сұхбатты кім жүргізеді және оған кім қатысады деген сұрақ қаншалықты маңызды болса, сұхбат қайда және қашан жүргізіледі деген сұрақ та соншалықты маңызды. Алайда сұхбат жүргізілетін жерлер кейде этнографтың бақылауында болмайды. Ли Солтүстік Ирландиядағы әртүрлі дін өкілдері арасындағы аралас некені зерттеген кезінде тек қана екі жұп кездесуге келіседі:

Олардың қойған шарты бойынша, алғашқы кездесуіміз қоғамдық орында өтеді, сонымен қатар олар мен туралы ақпарат алғанымен, өздері туралы ақпарат бермейді. Осылайша өздерін таныстырмастан бұрын, менің тарапымнан қандай да бір қауіптің бар-жоғын біліп, шешім қабылдау үшін мені тексеріп алуға мүмкіндік алды. Тексерістен өткенім анық, себебі екі жұп өздері туралы мәлімет берді, олармен сұхбат та жүргіздім. Екі жұп та мені үйіне шақырмады, сондықтан сұхбат «бейтарап» жерде өтті, бәлкім сол екі жұп мекен-жайының құпияда қалғанына сенімді болғысы келген шығар.

(Lee 1992:131)

Этнограф сұхбаттың қай жерде өтетінін шеше алғанның өзінде, ыңғайлы орын табу оңай емес. Берджестің айтуынша, орта мектеп туралы зерттеуінде сұхбаттарды сыныптар мен бөлімнің жұмыс кабинеттерінде жүргізген, дегенмен екеуін де тамаша орын деуге келмейді. Мектепті зерттеген басқа зерттеушілер тіпті одан да қолайсыз орындарды таңдауға мәжбүр болған: Хаммерслидің (1980) ең сәтті сұхбаттары баспалдақ алаңының ең төменгі қабатында өткен.

Локацияны таңдау мүмкіндігі болған кезде, бірнеше факторларды есте сақтаған жөн. Декстер адам назарын аударатын ықтимал факторларды есепке алу қажеттігін ескертеді:

Менің сұхбат жүргізуді таңдаған ортам қолайсыз болды және бұл қатені бірнеше рет қайталадым. Мысалы, басты назары әріптестерін қағытуда болып тұрған заң шығарушы органның мүшесінен заң шығару палатасынан тыс жерде сұхбат алу жақсы пікір бола қоймас, дегенмен оны бақылау арқылы кей нәрсені біліп алуға болады. Егер осындай жағдайға қайтадан тап болсам, «мені дұрыстап

тыңдаңызшы», - деп шірмікпестен айта аламын ба, жоқ па, білмеймін, алайда қолы босаған кезде, оған арнайы уақыт бөле алатынымды айтар едім. Ең көп кездесетін қиындық - адамның жеке кабинетінің болмауы; мысал ретінде кабинеті бастығына кіреберіс ретінде қолданылатын заң шығару палатасының мүшесін немесе хатшыларды айтуға болады. Ендігі уақытта мұндай жағдайда конференц-залдың бар жоғын нақтылаймын немесе кофе ішіп келуге, тіпті болмай жатса, түскі асқа баруға қалай қарайсыз деп сұраймын.

(Dexter 1970/2006:54)

Жоғарыда айтып өткендей, кімнің «территориясында» екеніңіз (Luman және Scott 1970) сұхбат барысына айтарлықтай әсер етеді. Көбінесе адамдарға өз территориясында сұхбат жүргізген жөн. Сөнmez және т.б. авторлар алысқа қатынайтын жүк көлігін жүргізушілер, сондай-ақ АҚШ-тың ірі мегаполисінің кварталындағы қоғамдық желілердің мүшелері туралы этнографиялық және биомедициналық зерттеу жүргізген кезінде олардың арасында жыныстық жолмен таралатын ауруды, АИТВ-ны жұқтыру және тарату қаупінің жоғары екенін әрі олардың зерттеу үшін қол жеткізу қиын топтар екенін айтады.

Зерттеушілердің айтуынша, университеттегі тереңдетілген сұхбаттар мен серологияны жүргізудің алғашқы жоспарын қайта қарауға тура келді.

Сұхбат барысында қатысушылардың құпиялығын қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ қан және зәр үлгілерін, қынап жағындысын алу кезінде гигиеналық шарттарды сақтай отырып, олардың жайлы сезінуін қамтамасыз ету үшін ең дұрыс шешім деректерді секс индустриясындағы әйелдердің өздері жұмыс істейтін және қауіпсіз сезінетін қонақ үй бөлмелерінде жинау екені белгілі болды. Секс индустриясының қызметкерлері делдалдарды танығандықтан, олармен жүргізілген сұхбаттар, сондай-ақ жүк көлігін жүргізушілермен жүргізілген сұхбаттар да қонақ үй бөлмесінде жүргізілді. Секс қызметкерлері немесе делдалдардың қонақ үйде бөлмесі болмаған жағдайларда далалық зерттеушілер сұхбат жүргізу үшін бөлме жалдаған. Бұл тәсіл, қымбат болса да, зерттеуге қатысатын барлық қатысушылар, соның ішінде жүк көлігін жүргізушілер үшін тиімді болды [. . .]. Далалық зерттеушілер рұқсат алу үшін, сондай-ақ олардың жеке басының қауіпсіздігін сақтау үшін қонақ үй менеджерлерін зерттеу жұмысының барысынан хабардар етті. Зерттеуге қатысушыларға ыңғайлы болуы үшін далалық зерттеушілер көбінесе сұхбатын зерттеуге қатысушының шеккен темекісінің түтініне ұзақ уақыт бойы шыдау немесе жаңа ғана сексуалдық қызмет көрсетіп шыққан ашық-шашық киінген немесе жартылай жалаңаш әйелдермен отыру секілді күрделі жағдайда жүргізді.

(Sönmez және т.б 2016:118)

Бұл мысалдар көрсеткендей, сұхбаттарды адамдардың өз территориясында жүргізу әрдайым қиындықсыз бола бермейді. Скиппер және Маккахи (1972) стриптизшілер туралы зерттеуінде осындай мәселемен бетпе бет келгенін жазады. Олардың айтуынша, респонденттердің бірі зерттеушіден театрға келіп, оның перформансын көріп, сұхбатты сахнаның артында жүргізуді сұрады:

Сахнаның артында бізді гримм бөлмесіне қарай ертіп бара жатқанда оның сыртқы көрінісін байқамағандай болу қиынға соқты. Киімнен тек қана сахнаға киетін іш киімімен келіп отырып, аяғын үстелге қойғанда өзіміз біраз қобалжып қалдық. Сұрақтарды түсінікті етіп айту былай тұрсын, тіпті қойғымыз келген сұрақтарды ұмытып қалдық. Жағдайымызды одан сайын қиындатқан нәрсе сол, стриптизші бізге қалай әсер еткенін түсінгендей болды. Осындай рөл оған ұнағандай көрінді. Жарты сағаттан артық уақыт бойы қойылған сұрақтарға адамды еліктірер үнмен жауап берді және жауаптары көбінесе қандай да бір ойларға жетелейтін. Қырық минут өткеннен кейін, осымен тәмам дегендей бірден былай деді: «Бұл жер суып кеткен сияқты, иә? Үсіп қалдым». Орнынан тұрып, кимоносын киіп, грим бөлмесінен шықты да, басқа стриптизшімен сөйлесе бастады. Сол кеткенінен оралмағандықтан, сұхбаттың осымен аяқталғанын түсіндік [. . .]. Кабинетімізге келіп, алған әсерлерімізді жазған кезде көп дерек жинай алмағанымызға көзіміз жетті. Айналып келгенде, біз көп сұрақты қоюға ұмытып кеттік немесе қойған сұрақтарымызға орынды жауап ала алмадық. [. . .] Сұхбат кезіндегі жағдай біздің емес, респонденттің бақылауына өтті; оның ережесімен ойнағанымыз соншалық, тіпті сұхбаттың қашан аяқталатынын да ол шешті.

(Skipper және McCaghy 1972:239–240)

Бұдан кейін зерттеушілер болашақта стриптизшілермен жүргізілер сұхбатты ресторандарда ұйымдастырамыз деп шешті.

Берджес мектепте жүргізген зерттеуінде көрсеткендей, контекстің физикалық ерекшеліктері сұхбат барысындағы жауаптарға әсер етуі мүмкін:

Мектеп басшысының немесе орынбасарының кабинетінде ыңғайлы орындықтар мен үстел болады. Журнал үстеліне жақын орынды таңдау таспаға жазылған әңгіме аяқ астынан емес, алдын ала жасалған жоспармен жүргізілді деген фактіні жоққа шығаруға көмектеседі. Керісінше, жетекшінің орынбасарымен диктофон тұрған үстелдің басында әңгімелесу сол адамға өзін сенімді сезінуге мүмкіндік береді, себебі айналасында қажет кезде қарауға болатын құжат тұрған шкаф, файлдар секілді өзіне қажетті нәрсенің бәрі бар. Сонымен қатар бұл

ресми сипат беріп, адамдардың статусынан және өздерін қалай қабылдайтынынан хабар береді.

(Burgess 1988a:142)

Қысқасын айтқанда, көбінесе адамдарға өз территориясында сұхбат жүргізу және өздері қалағандай контексті ұйымдастыру - ең үздік стратегия. Бұл оларға өздеріне таныс емес ортамен салыстырғанда, өздерін әлдеқайда жайлы сезінуіне мүмкіндік береді, сондай-ақ өздері және өз әлемі туралы түсінік қалыптастыруға септеседі (Herzog 2005). Кейде сұхбатты бөлек бір орта ретінде қалыптастыру қажеттігі туындайды, онда бақылау *сұхбат берушінің* қолына өтеді, сондықтан да зерттеушінің сұхбат орнын таңдауы және оны өзгертуі, келу уақытын белгілеуі сұхбат жүргізу үшін маңызды стратегия болуы мүмкін.

Сұхбат контексін қарастырған кезде сұхбаттың сұхбат беруші өміріне қаншалықты сай келетінін ескеру де маңызды. Зерттеушінің сұхбаттарды өз ыңғайына немесе күн тәртібіне сай жоспарлауына болады, дегенмен сұхбат берушілер үшін бұл олардың күнделікті жұмыс кестесінен бір сәт сергіп, көңілін аулаудың амалы секілді қарастырылса, зерттеушілердің оларды еліктіруіне зор мүмкіндік болар еді. Дегенмен әркім олай қарай бермейді. Бұл Скиппер мен Маккахидің басына түскен қиындықтардың бірі болса керек. Сондай-ақ, кейбіреулер үшін әңгімелесу ләззат сыйлауы мүмкін, ал сұхбат беру оларға күнделікті іс сияқты көрінеді. Декстердің сенаторлары мен конгресс мүшелері - соның мысалы. Олардың сұхбатқа деген көзқарасы, сұхбат кезіндегі мінез-құлқы әлеуметтік қарым-қатынастың мұндай формасымен таныс емес немесе оған қатысты еш тәжірибесі жоқ адамдардан қатты ерекшеленеді. Сондай-ақ адамдардың нақты бір жағдайға әсері өмірінде болып жатқан оқиғалар мен қазіргі уақыттағы ахуалына байланысты болуы мүмкін. Бұл Кэннонның зерттеуінде маңызды фактор болған еді:

Кэтринмен жақын қарым-қатынас құрып, жақсы түсінісіп кеттік деп ойладым, алайда бір күні онымен жүргізген сұхбатым сәтсіз өтті [...]. Ауруға шалдыққан адамдарға сұхбат жүргізуге қатысты қорқынышым шындыққа айналғандай болды, менің жұмысым оны уайым-қайғыға салғандай болды, себебі ауырып тұрса да, шаршаса да, сыпайылық танытып, маған сұхбат беру үшін ауруханада қалды. Оның ойы бұл жерде емес, алыста еді, әңгімеміз ауыр күрсіну мен ұзаққа созылған үнсіздікпен жалғасты, шаршадыңыз ба деп сұрағанның өзінде, әңгімені жалғастырғысы келгенін айтты [...]. Оны келесіде көргенше бұл кездесуді қатты уайымдадым [...]. Келесі сұхбатта бұл жағдайдың маған қалай әсер еткенін айтып едім [...], ол маған жөнін айтты, сөйтіп, мәселе екеуіміз үшін ойдағыдай шешімін тапты. Ол әңгімелесуге пейіл болғанымен, қатты шаршап тұрғанын айтты. Тіпті шаршағаны сонша жүзі жабырқап, көңілі құлазып тұрған едім деп шынын айтты. Алдағы уақытта осындай жағдай қайталанса,

біз жай ғана шай ішіп, әңгімелесуді кейінге қалдырамыз деп шештік. Шын мәнінде ол қатты ауырып, төсек тартып қалғанша бұл жағдай қайталанбады, кейде ол ауруы емес, басқа тақырыпта әңгіме қозғауды қалайтынын айтатын. Тіпті әңгімемізді өзгертсек те, кез-келген жағдайда оның ауруы басты тақырыпқа айналып отырды.

(Cannon 1992:164)

Талқылау барысында сұхбаттар бетпе-бет кездесуден тұрады деп ұйғардық. Әйтсе де, әрдайым бұлай бола беруге үнемі мүмкіндік болмады. Этнографтар сауалнама жүргізетін зерттеушілерге қарағанда телефон арқылы сұхбат жүргізу тәсілін көп қолдана қоймаған шығар, дегенмен оның да пайдасы болуы мүмкін, себебі бұл басқа жолмен сұхбаттасуға келмейтін адамдарға қол жеткізу және бетпе-бет кездесу кезінде ала алмаған маңызды ақпаратты алу мүмкіндігін береді (Sturges және Nanrahan 2004; Holt 2010). Әрине, сұхбатты онлайн, электрондық пошта, чаттар немесе Skype, Face Time немесе басқа да құралдардың көмегімен жүргізуге болады (қараңыз: Mann және Stewart 2000; Markham 2005; James және Busher 2006; Janghorban және т.б 2014). Бұл жерде де айтып өткен мәселелер туындайды. Оның үстіне, басқа жағдайдағылар секілді қабылданған стратегиялардың салдарын мұқият ойлау керек, дегенмен әртүрлі байланыс тәсілдеріне қатысты мүмкіндіктерді зерттеу барысында кей нәрсені байқап көретін, қателіктерге жол беріп қоятын кездер де болады.

Сұрақ түрлері

Этнографтар мен сауалнама жүргізушілердің сұрақ қою тәсіліндегі айырмашылық көбінесе «құрылымданбаған» және «құрылымданған» сұхбат деп тұжырымдалады. Бұл дұрыс, дегенмен адамды жаңылыстыруы мүмкін. Барлық сұхбаттар, басқа да әлеуметтік қарым-қатынас секілді зерттеуші және информант тарапынан құрылымданады деген пікір бар. Алдын-ала құрылымданған және рефлексивті сұхбат арасындағы айырмашылықтың ара-жігін ажыратып алған маңызды. Әдетте этнографтар нақты қандай сұрақ қойғысы келетінін алдын-ала шешпейді, әрбір сұхбат берушіге бірдей сұрақтар да қоймайды, бірақ сұхбатқа қойылуы тиіс (жазылған немесе ойында сақтаған) сұрақтардың тізімімен кіреді. Өзекті тақырыптарды қарастыру кезінде нақты сценарий ұстануға ұмтылмайды, пікірталастың табиғи жолмен жүруіне мүмкіндік беру үшін мейлінше икемді ұстанымды қолданады. Этнографтар сауалнаманың бір түрімен ғана шектеліп қалмауы керек. Әртүрлі жағдайларда немесе бір сұхбаттың әртүрлі бөлігінде сауалнаманың атқаратын қызметіне қарай директивті немесе директивті емес тәсілдер қолданылуы мүмкін; бұл көбінесе сұхбаттың өрбуіне қарай шешіледі.

(қараңыз, Holstein және Gubrium 1995).

Көбінесе этнографтардың ашық сұрақ қоятыны рас, мысалы жауабына сипаттама беруді ұсынуы мүмкін. Осылайша, Декстер саясаткерлер мен үкіметке қатысы бар басқа да адамдар туралы зерттеуіне сүйене отырып, сұхбат берушіні нақты бір ауқымды тақырып туралы әңгімеге тартуға итермелейтін сұрақтарды қолдануды ұсынады:

Әдетте «олардан тариф туралы естідіңіз бе?» дегеннен гөрі, сұрақты «компаниялардан не естисіз?» (конгрессмендерге), «олар сізді несімен аландатады?» деген сипатта қойған дұрыс. «Қандай адамдардан көбірек естисіз?», «Біреу сізге қысым көрсете ме?» деген сұрақтар одан да жақсы болуы мүмкін. Сол секілді «мекемеңіздің осындай-осындай федералды басқармалардан алатын субсидиялары туралы не айтасыз?» деген емес, «жұмысыңызда мемлекеттік мәселелер сізге қай жағынан көбірек әсер етеді?» деген сұрақтар қойған дұрысырақ. Ат спорты комитетінің қызметкері маған айтқандай, сізге де біреу орталық барлау комитетінің бұрынғы агенті қандай да бір мемлекеттік мекемеге жұмысқа алынғаны туралы айтса, федералдық үкіметтің ықпалын жаңадан бағалауды үйренесіз. Талқылауға арналған нақты бір мәселені дәлме-дәл анықтайтын сұрақтарды қою сұхбат алушы ретінде сіздің тіпті ойыңызға келмеген кейбір маңызды деректерді елемей қалуыңызға әкелуі мүмкін.

(Dexter 1970/2006:55)

Директивті емес сұрақтардың Декстер айтып өткеннен бөлек басқа да түрлі формалары бар. Басқа сұрақтардың қатарына информанттан нақты бір жағдайды не оқиғаны немесе зерттеуге қатысы бар өздеріне таныс кейбір құбылыстың қарапайым мысалын сипаттап беру; әртүрлі кейстерді салыстыру; өздері үшін әдеттегі күннің қалай өтетіні немесе күн сайын айналысатын белгілі бір қызметі туралы баяндап беруді сұрау және т.б. жатады³⁸.

Әрине, этнографиялық сұхбаттар толығымен ашық сұрақтардан тұрмайды, себебі этнографтың зерттеу бағдарламасы болады, сол себептен ол егжей-тегжейлі қарастырылуы және тексерілуі қажет тұстарына қатысты айтылған пікірлерді мұқият тыңдай отырып, зерттеу барысына, сондай-ақ шара қабылдауды қажет ететін мәселелерге белгілі бір бақылау орнатуы тиіс. Сұхбатты басқару информанттарды өзі үшін маңызды нәрселерден көңілін аударып әкетуі мүмкін (Hesse-Biber 2014:203–204), бұл әрдайым белгілі бір дәрежеде талап етіледі. Сондықтан олардың арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтау қажет.

Егер зерттеуші зерттеу фокусы үшін маңызды деген мәселелерге келгенде информанттар өтірік айтты деп күдіктенсе немесе олар маңызды

³⁸ Сұрақ түрлерін талқылау үшін пайдалы ақпарат, қараңыз: Spradley 1979. Нарративтер алуға арналған сұрақтар бойынша қараңыз: Elliott 2012.

мәселелерді айтудан жалтарса, мейлінше директивті немесе күрделі сұрақтарды қою, сондай-ақ басқа стратегияларды қолдану қажет болуы мүмкін. Элеуметтік антрополог Надель басынан өткен тәжірибесін былай жеткізеді:

Сұхбат алушының күмән келтіруі немесе сенімсіздік танытуы, не болмаса арасында элеуметтік жағдайына байланысты бәлкім күмәнді ақпарат берген адамдар бар бірнеше информантпен сұхбат ұйымдастыру негізгі информанттың әдеттегідей құлықсыздық танытуын қойып, ашық сөйлесуіне түрткі болған. Ал сондағы оның ниеті өзінің қарсыластарын немесе сыншыларды тығырыққа тіреу болған екен.

(Nadel 1939:323)

Осы іспеттес тағы бір тәсіл - информанттардың бұрыннан өзі білетін нәрсемен бетпе-бет келуі. Перлман осыған Угандадағы зерттеуінен мысал келтіреді:

Мысалы, Христиандар [еркектер] өздерінің бұрында (немесе қазір де) қатарынан екі-үш әйел алғанын мойындағысы келмеген. Алайда сұхбат берушілердің достарынан, көршілерінен немесе туыстарынан шындықты біліп алған жағдайда, әзілдей отырып, мысалы бұрынғы әйелінің атын айту арқылы сол шындықты білуге талпындым. Сұхбат берушінің көп нәрсе білетініме көзі жеткен мезетте, дұшпандары ол туралы одан да жаман нәрсе айта ма деп қорыққаннан әдетте көп нәрсені өзі-ақ айтып береді. «Бұл әйелмен небәрі алты ай тұрдым және оны шын әйелім ретінде есептемедім» деп сендіруге тырысса да, кем дегенде менің ақпаратымды растайды. Қажет болғанда әңгімеге қайта-қайта оралып, айтқанын ұзақ уақыт бойы тексеріп отырдым. Адамдардың көпшілігіне бір немесе екі мәрте барғаныммен, олар туралы басқа адамдардан мейлінше көп нәрсе білген сайын, барлық деректердің дұрыс екеніне көзім жеткенше қайта-қайта баруға тура келді, тіпті бес рет барған кездерім де болды.

(Perlman 1970:307)

Кезар (2003:400) осындай стратегия түрі мен зерттеу этикасы және зерттеушінің қаншалықты шынайы екеніне қатысты кейбір тұжырымдамалар арасындағы қайшылықты атап өтті. Оның үстіне, әрине сұхбат берушілердің барлығы осындай қайталанатын және директивті сұрақтарға төзе бермейді (қараңыз, Pierce 1995).

Зерттеушілердің бағыттаушы сұрақтарды қоюдан аулақ болғаны жөн. Десекте осындай қауіп-қатерді есте ұстағанмен, олар гипотезаларды тексеру және информанттың жеке кеңістігіне енуде пайдалы болуы мүмкін. Маңызды нәрсе – қойылған сауалдың біржақтылыққа немесе жаңсақ пікірге бағыттау ықтималдығын бағалау. Шынымен де, пайдалы тактика мынадай: егер сұраққа өтірік жауап аламын деп күтсеңіз, сұрақты

соған қарсы бағытқа қарай бағыттау керек, осылайша үмітіңізді қателікпен растау қаупінен аулақ боласыз, дегенмен өзге сұхбат берушілердің көзінше білікті қатысушы ретіндегі бірегейлігіңізге зиян келтірмеуді бақылау керек.

Директивті емес және директивті сауалнамалар әртүрлі дерек түрлерін беруі ықтимал, сондықтан да олар зерттеудің әртүрлі сатысында пайдалы болуы мүмкін. Сауалнамалардың қай формасы қолданылса да, этнографтарға қойған сұрақтарының (кеңінен алғанда, олардың мінез-құлқының) информанттардың айтқанына және айтпағанына әсер етуі ықтимал екенін әрдайым есте сақтаған дұрыс. Сұхбат барысында қолдануға болатын түрлі стимулдардың пайдалануына қатысты да осылай айтуға болады, ол мейлі мәтін (Törrönen 2002), қандай да бір диаграмма (мысалы, Treseder 2007 дене массасының индексінің суреттерін қолданды), алынған сызбалар (Kearney және Hyle 2004) немесе фото-суреттер (Allan 2005; Harper 2018) болуы мүмкін.

Қорытынды

Адамдар беретін мәліметтер этнографтар үшін маңызды дерек көзі болуы мүмкін. Мәліметтер күтпеген жерден туындауы не болмаса іштен бақылау немесе ресми түрде сұхбат деп анықталған жағдайларда зерттеуші тарапынан алынуы мүмкін. Формасына және қолданылатын коммуникация тәсіліне (мысалы, онлайн немесе оффлайн) қарамастан, сұхбаттар сұхбат алушы іштен бақылаушы ретінде қызмет атқаратын әлеуметтік оқиға ретінде қарастырылуы тиіс. Этнограф басқа контекстегі жағдайдан да үстем рөл ойнауы мүмкін және мұны сұхбаттар қайда және қашан өтетіні, оған кімнің қатысатыны тұрғысынан, сондай-ақ қойылатын сұрақ түрлері арқылы қолдануға болады. Осылайша, зерттеудің өзгермелі талаптарына сай әртүрлі деректердің түрін алуға болады. Сұхбаттардың осындай ерекшеліктері реактивтілік қаупін күшейте түседі, бұл - айтылатын және істелетін нәрселерге аудитория мен контекстің тигізер әсері секілді алдын алуға келмейтін өте кең мәселенің бір аспектісі ғана (9-тарауды қараңыз).

Зерттелетін адамдар беретін мәліметтерді бағалауға және түсіндіруге келмейді деп «өз шарттары бойынша жарамды» деп қарастыруға да, эпифеномен немесе идеологиялық бұрмалаушылық деп жай ғана елемей қоюға да болмайды. Оларды оқиғалар мен жағдайлар туралы ақпарат көзі ретінде, сондай-ақ мәліметтерді беретіндердің көзқарасы мен дискурсивті тәжірибелерін ашып көрсету үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар сұралатын және сұралмайтын мәліметтердің арасын ажыратып алу маңызды, дей тұрғанмен бұл айырмашылыққа аса көп мән берудің қажеті жоқ. Дұрысы, барлық мәліметтер белгілі бір контексттерде пайда болатын және қалыптасатын, сондай-ақ әртүрлі шарттар мен ресурстарға сүйенетін әлеуметтік құбылыстар ретінде қарастырылуы керек. Бұл тек әлеуметтану

саласындағы білімге тікелей үлесін қосып қана қоймай, сонымен қатар информант ұсынған ақпаратты бағалау кезінде ескеруіміз керек деректердің жарамдығына төнетін қауіп-қатерді айқындайды.

Бұл тарауда ауызша мәліметтерді қарастырдық, дегенмен этнографтар үшін қағаз жүзіндегі және электронды құжаттар, сондай-ақ келесі тараудан көретініміздей, әртүрлі артефактілер маңызды дерек көзі болып саналады.

6-тарау

Құжаттар мен артефактілер: нақты және виртуалды

Далалық зерттеушілер көбінесе адамдардың әрекеті мен сөзіне назар аударатыны түсінікті. Алайда бұл құжаттар мен артефактілер сынды әлеуметтік өмір мен деректер көзінің өзге де аспектілерінің маңызына көз жұмуымызға себепші болмауы керек. Акторлар жасайтын, қолданатын, тарататын, жинайтын және бағалайтын нәрселердің материалдық әлемі болады: әлеуметтік әлем толығымен жүзбе-жүз интеракциялар мен ауызша мәліметтерден ғана тұрмайды. Құжаттар мен артефактілер де өзге құбылыстар секілді «әлеуметтік» сипатқа ие. Олар әлеуметтік тұрғыдан ортақ мәдени дәстүрлер мен ресурстарды пайдалану арқылы қалыптасады. Басқаша айтқанда, олар - жоғары білікті, мамандандырылған еңбектің өнімі. Олардың салт-дәстүрлік, функционалдық немесе эстетикалық секілді жеке және мәдени құндылықтары болады. Олар даралық пен бірегейлікті қалыптастырады және білдіреді. Сонымен қатар әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік шынайылықтың түрлерін сипаттайды. Сондықтан да олар этнографиялық тұрғыдан мұқият назар аударып, талдау жүргізуге лайық.

Біз зерттейтін әлеуметтік ортаның көпшілігі өзін-өзі құжаттайтын сипатқа ие, яғни олардың мүшелері әртүрлі жазбаша материалдарды өндіру және таратумен айналысады (Grant 2019). Үкіметтік мекемелер мен басқа да көптеген ұйым ауқымды көлемдегі құжаттарды шығарып, тұтынады. Олардың қатарына «кейстер» бойынша баяндамалар, қаржылық есептер, ережелер жиынтығы, ұйымның жарғылары, жұмыс кестесі, меморандумдар және т.б жатады. Олар қағаз жүзінде не электронды үлгіде немесе екі үлгі де болуы мүмкін. Әдетте зерттеуге болатын кез-келген орта немесе адамдар тобына арналған тиісті құжаттаманың әртүрлі қайнар көзі болады. Осыны ескере отырып, *шынайылықтың құжаттық тұрғыдан құрастырылуын* ойлауымыз керек (Coffey және Atkinson 2004). Құжаттық дереккөздер қоғамдық қызметте маңызды орны бар «фактілерді», «жазбаларды», «диагносттарды», «шешімдер» мен «ережелерді» құрастырады (қараңыз, Prior 2003, 2004, 2008, 2016).

Ұжымдық әлеуметтік қызметті ұйымдастыру құжаттардан бөлек материалдық артефактілерді жасауды, қолдануды және таратуды қамтуы мүмкін екенін ескерген жөн. Күнделікті өмірдің көп бөлігі қандай да бір объектілердің қозғалысымен байланысты. Әлеуметтік әлемдерді материалдық игіліктер, сондай-ақ тұлғаларалық қарым-қатынастар, олардың негізіндегі мәндер қалыптастырады. Оларға жазбаша құжаттарға қарағанда азырақ мән беріліп келді, дегенмен олар дәл солай маңызды

болуы мүмкін. Екеуін әлеуметтік әлемге қатысты этнографиялық тәсіл аясында қалай түсінуге болатынын қарастырамыз.

Құжаттар

«Құжаттар» дегенде нақты бір нәрсені білдіру тәсіліне (әрдайым болмаса да, көбінесе табиғи тілге) сүйенетін, мәтіндерді тасымалдайтын және сақтайтын (әдетте қағаз немесе электронды үлгідегі) материалдарды меңзейміз. Олар суреттер, сондай-ақ мәтінді де қамтиды. Аналитикалық тұрғыдан айтқанда, этнографтарға кез-келген құжатты пайдаланған кезде төмендегілерді ескеруі керектігін айта кеткен маңызды: құжаттар өздігінен сөйлей алмайды; құжаттар құрастырылады; олар адамдардың айтқаны мен оқиғалар туралы деректерді білдіреді, сонымен қатар оның авторлары мен жасалу процессінен де көп хабар береді; оларға айғақтардың «эталоны» деп қараудың қажеті жоқ, өзге дерек түрлері секілді олардың дұрыстығына күмән келтіруге болады.

Батыс қоғамы «ресми» және «жеке» болсын, жазбаша құжаттарға ерекше мән береді. Ресми құжаттар іс жүзінде (мысалы, туған күнді растайтын және жалпы мәліметтің басқа түрлерін қамтамасыз ететін) негізгі «фактілер» ретінде қарастырылады. Алайда құжаттарға «факт» мәселесінде төреші деп қарау этнографтар үшін аналитикалық қате болар еді. Олар жазатын фактілер өздігінен құрастырылады, әдетте жазу процесінің талаптары негізінде қалыптасады. Сол процесс, сондай-ақ құжаттардың интерпретациялануы, оны адамдардың түсінуі және оның әлеуметтік салдары зерттелуі керек.

Сонымен қатар, саналуан *жеке* құжат түрлері болады. Ұйымдар секілді жеке адамдар да өзін және қызметін әртүрлі жолмен құжатқа түсіреді. Пламмер атап өткендей:

адамдар күнделік жүргізеді, хат жібереді, құрақ көрпе тігеді, фотоға түсіреді, естелік жазады, автобиография/биография құрастырады, веб-сайттар жасайды, граффити салады, мемуарларын жарыққа шығарады, хат жазады, түйіндеме құрастырады, өлім алдында хат қалдырады, видеокүнделік түсіреді, құлпытасқа естелік жазу қалдырады, фильм түсіреді, сурет салады, жазба жазып, армандарын таспаға түсіруге тырысады.

(Plummer 2000:17)

Шынымен де, қоғамдық игілікке айналған жеке ақпараттың көлемі таңқаларлық дәрежеде ауқымды болуы мүмкін. Жеке мәліметтерді газет-журналдардан, сондай-ақ радио немесе телевизия құжаттамаларынан, ток-шоулардан табуға болады. Әрине, олар көбінесе виртуалды формада

беріледі: интернетте материалдардың сан түрі, оның ішінде блогтар мен влогтар, әртүрлі суреттер, чаттағы әңгіме алмасу, твиттер және басқа да пікірлер бар. Осылайша әлеуметтік өмір күннен-күнге құжатталып, күн өткен сайын өзгелердің көзіне көрінетін болды. Шынымен де, біз биографиялық және автобиографиялық материал кеңінен тараған ортада өмір сүреміз. Осылардың көбі «қоғамдық сұхбат» технологиясының көмегімен жасалады (Atkinson және Silverman 1997) және саясаткерлерден бастап сериал жұлдыздарына, қылмыскерлердің көлеңкелі әлемінен спортшыларға, жетекші ғалымдардан музыканттар мен суретшілерге дейінгі әйгілі адамдардың «жеке» естеліктеріне толы танымал адамдар мәдениетінің кең тарағанын көрсетеді.

Әдетте осындай биографиялық және автобиографиялық мәліметтерді өзіміз тікелей зерттеп жүрген нақты бір адамдар қалыптастырмайды. Сонда да олар этнограф үшін құнды ресурс бола алады. Олар «сенситивті тұжырымдаманың» (sensitizing concepts) қайнаркөзі болуы мүмкін (Blumer 1954): олар авторлардың немесе баяндалған адамдардың басынан өткендерін, қолданатын образ түрлері мен сөз қорын (Mills 1940), күнделікті оқиғаларын, кезігетін қиындықтары мен жауап реакцияларының ерекше тәсілдерін ұсынады. Бұл тұрғыдан қарастырғанда, олар зерттеудің ықтимал жолдарын болжауда және «алдын-ала қарастырылған зерттеу проблемасын» анықтауда қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ олар жеке мәліметтердің бүкіл қоғам аясында қалай қалыптастырылатыны және құрастырылатыны туралы көп нәрсе айта алады (мысалы, Jahren 2016; Hodgkinson 2006; Twigger 1999; Law 2008; Rendell 2011).

Құжаттардың кез-келген түрін нақты адамдар арнайы жағдайларда нақты мақсат үшін, белгілі бір аудиторияға немесе аудиториялар тобына арнайды. Олардың авторлары әдетте өздерін жақсы жағынан көрсетуге мүдделі. Оның үстіне, олардың арам ниеті, бітпеген ісі немесе жасайтын негіздемесі болуы мүмкін. Кейде құжаттар өткенге қарап жазылады, сондықтан да ұзақ уақыт бойы еске түсіру мәселесін туындатуы мүмкін. Сонымен қатар авторлардың аудиторияны сезінуі олардың мәліметтеріне қатысты белгілі бір түсініктеме беруіне әкеледі. Кейде қажет болғанда мұндай пайымдарды осындай мәлімет түрлеріндегі бір жақты пікірдің ықтимал қайнар көзі ретінде қарастыру керек. Ал басқа бір қырынан қарасақ, олар онсыз да дерек екенін көреміз. Мәліметтің дәлдігі мен объективтілігі секілді маңызды тағы бір нәрсе - мәлімет берушінің мүддесі, көзқарасы, жорамалы және дискурсивті стратегиялары туралы оның не айтатыны. Нәтижесінде біз адамдардың өзін сипаттауда немесе іс-әрекетін негіздеуде, жетістіктері (мен сәтсіздіктерін) айтуда қолданатын құралдардың түрлері туралы түсінік қалыптастыра аламыз. Морроу (Morrow, 2013) айтып өткендей, жеке мәлімет берген кездегі ашықтан-

ашық өтіріктің өзі билік динамикасы, әлеуметтік бөліністер мен шиеленістерге, сондай-ақ бірегейлікті құрылымдауға қатысты үлкен мәселенің бетін ашып беруі мүмкін. Осындай түрдегі материалдарды өз шарттарына сай талдауға болады. Мысалы, биографиялық жұмыстың адам өмірін қайта құрылымдап, жазып шығарда; негізгі оқиғаларды, бетбұрыс кезеңін немесе жаңа бір нәрсені сипаттауда қолданылатын ортақ нарративтер мен риторикалық форматтарға қалай сүйенетініне қарау арқылы «белгілі бір формулаға сай жазылған оқиғалар» (*formula stories*) (Loseke 2012) секілді құбылыс туралы көп нәрсені біле аламыз. Автобиографиялық дереккөздерден биографияларды жазу, адамдардың тәубеге келуі, көкірек көзін ашуы, сәттілік пен сәтсіздік, күнәсінен арылуы туралы көп нәрсе біле аламыз (Denzin 1989).

Жеке құжаттарды қолдану қазіргі заманғы әлеуметтанудың дамуында әуел бастан маңызды болды. Томас пен Знанецкий (1927) Америка әлеуметтануының ерте классикалық еңбегі саналатын «Еуропа мен Америкадағы поляк шаруасы» (*The Polish Peasant in Europe and America*) атты еңбегінде негізінен жазбаша құжаттарға, әсіресе хаттарға және биографияға сүйенді. Томас дәл сол тәсілді «Бейімделмеген қыз» (*The Unadjusted Girl*) кітабында қолдануын жалғастырды. Томас «жеке құжаттың ерекше құндылығы сол, ол мінез-құлыққа себепші болған жағдайларды анықтап береді» деген сеніммен жеке құжаттар туралы мәліметтер жинады (Thomas 1967:42). Екі жағдайда да жеке мәліметтердің көптеп жиналуын көреміз, олар «жағдайдың анықтамасындағы» заңдылықтар мен қарама-қайшылықтарды айқындау үшін тақырып бойынша топтастырылып, салыстырылады. Дәл сондай қалыпта «іштен бақылау» терминінің ертеректегі қолданысы қатысушылардың құжат қалыптастыруын білдірді, оларды қазіргі тілмен айтқанда «информанттар» деуге болады. Мысалы Зорбо (Zorbaugh, 1929) «Алтын жағалау және лашықтар» (*The Gold Coast and the Slum*) еңбегін жазуына себепші болған зерттеуінде Чикагоның «Алтын жағалауындағы» элиталық қоғам мүшелерін осындай «ішкі» мәліметтер беруге көндірді. Олар да Зорбо секілді іштен бақылаушы болды. Сол секілді тарихы ұзаққа созылған Ұлыбританиядағы жаппай бақылау (Mass Observation) күнделікті және арнайы іс-шараларды, оның ішінде үй-ішіндегі тұрмыс-тіршілік, спорттық шараларды және тәж кигізу немесе корольдік үйлену тойлары секілді қоғамдық рәсімдерді қағазға түсіру үшін әуесқой бақылаушыларды пайдаланып келді. Бұл - ерікті тілшілер құрастыратын күнделікті өмір туралы күнделік тәріздес жазбаларды қамтитын, іштен бақылаудың қарапайым формасы (Stanley 2001).

XX ғасырдың екінші жартысындағы «соғыстан кейінгі қиындықты ұмыту кезеңінен» өткеннен соң биографиялық немесе автобиографиялық мәліметтерге әлеуметтану тұрғысынан талдау жүргізуге деген

қызығушылық айтарлықтай жанданды. Бұл қызығушылық этнографиялық зерттеу аясынан тыс болғанымен, этнографтар осындай зерттеу саласынан алынған көптеген идеяны қолдана алады (Reed-Danahay 1997, 2001; Plummer 2000; Chase 2005). Академиялық қызығушылықтың артуы нарративті формаларды, темпоралдылық және жадты зерттеуге қайтадан ерекше көңіл бөлінгенін көрсетеді. Ол сондай-ақ «жеке» мен «әлеуметтік» санаттардың қиылысуына назар аударуды білдіреді (Erben 1993; Stanley 1993:50, 2013). «Өмірге» және «құжаттарға» әлеуметтану тұрғысынан қарау көбінесе феминистік көзқарасты ұстанудан туындайды. Құжаттық дереккөздер әйелдер мен басқа да бағынышты топтардың үнсіз дауыстарын естірту үшін қолданылуы мүмкін. Соңғы кезде жеке құжаттарға назар аудару барысында мойындалғандай, олар елеусіз жазбалар емес: олар күрделі әлеуметтік қарым-қатынас, уақыт шеңбері және биографиялық құрылымдардың ажырамас бөлігі.

Арнайы зерттеу мақсатында жазылған немесе жеке себептерге байланысты жүргізілген күнделіктер секілді кей жағдайларда (қараңыз, мысалы, Alasjewski 2006) жазудың әлеуметтік контексті бірден айқын болмауы мүмкін, олар өте жеке құжат болып көрінуі мүмкін. Сонда да олар әлеуметтік-мәдени модельдерге сүйенеді, сондай-ақ күнделік жүргізушілер өмір сүретін тікелей әлеуметтік контекстерге жүгініп отырады. Құжаттардың басқа түрлері әлеуметтік өмірге тереңінен енген. Мысалы, қыздар арасындағы достықты зерттеген кезінде Хей олардың сабақ кезінде бір-біріне жіберген қысқаша хаттарын көп қолданған. Оның айтуынша, сол хаттар кітабындағы кейбір басты тақырыптарды «мейлінше қысқа және дәл» көрсете білген (Heu 1997:2). Қазіргі кезде осындай тұлғаларалық байланыстың жазбаша үлгісін табу қиын, себебі жастар көбінесе смс-хабарламалар немесе әлеуметтік медиа арқылы байланыс құрады. Дегенмен цифрлық әлеуметтік медиа формасы мен сипаты жағынан байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады. Соның бір мысалы - блогтар: Хукуэй және Сни (2017:381) айтқандай, «блогтар - заманауи «өмір құжаттары», олар да кәдімгі күнделік секілді жазылады, сондай-ақ сұралмаған жеке құжаттармен салыстырғанда, блогтарды тауып, оларға қол жеткізу әлдеқайда оңай».

Айтып өткеніміздей, этнографтар осындай құжаттарды сұрата алады, сонымен қатар бұл жеке және құпия нәрселер туралы ақпарат алудың өте тиімді жолы болуы мүмкін. Мұқият қолдана білгенде әрі информанттармен жақсылап ынтамақтастық құра алғанда, күнделіктерді әсіресе бетпе-бет сұхбаттар немесе өзге де тәсілдермен алу мүмкін болмайтын деректерді жазу үшін пайдалануға болады. Сексуалдық мінез-құлық - соның айқын бір мысалы. Мысалы, гейлер арасында жүргізілген ірі зерттеу кезінде ЖИТС-тің таралуы аясында сексуалдық қатынастардың түрі мен жиілігі туралы ақпарат алу үшін жеке күнделіктер кеңінен

қолданылды (Сохон 1988, 1996). Күн сайын қайталатын істер туралы күнделік (тамақтану, денсаулық сақтауға қатысты күнделік немесе физикалық жаттығулар туралы тұрақты жазбалар) диета ұстау немесе фитнеспен айналысу секілді қайталанатын процедураларды этнографиялық тұрғыдан мейлінше егжей-тегжейлі зерттеуге пайдасын тигізе алады. Жеке адамның жазған материалдары бетпе-бет сұхбаттар немесе сауалнамаларда ашылған деректермен салыстырғанда, мейлінше шынайы, кейде барынша дәл болуы мүмкін. Әрине, кейде адамдардың тікелей бақылауға келмейтін көптеген жеке іс-әрекеті мен ойы болады, міне осыларды күнделіктер және өзін-өзі құжаттаудың (self-documentation) осындай түрлері (ішінара болса да) жазып алады. Олар әртүрлі медиа-құралдарды пайдаланады және түрлі формада болады: альбомнан бастап видео-күнделіктерге дейін, жеке ойлардан аудио және видео түрінде жазылатын «жүріп түсіндіру әдісіне» дейін (Raulet-Croset және Vorzeix 2014).

Зерттеу нәтижесінде жасалған құжаттар осы тәріздес барлық жеке мәліметтердің мүмкіндіктері мен шектеулерін көрсетеді. Олар ішінара, тіпті көбінесе авторлардың мүддесі мен көзқарасын білдіреді. Ақпараттың өзге көздерімен салыстырғанда оларға артықшылық берудің немесе оларды елемеудің қажеті жоқ. Басқа да мәліметтер секілді, оларды да жинау процесі мен контексті, ниет еткен немесе болжаған аудиториясы, автордың мүддесі тұрғысынан қарастыру керек. Этнографиялық жұмыстың тарихи және интеллектуалдық тамырының бар екенін ескерсек, жеке мәліметтерге артықшылық беретін романтикалық мұраны көруге болады. Ашық жеке мәліметтерді бейтарап сипаттағы мәліметтерге қарағанда мейлінше «шынайы» немесе мейлінше «тосыннан» пайда болады деп ұйғару (қате болса да) оңай, десек те бейтарап мәліметтер «мейлінше фактіге сүйенеді» деп қарастырылады. «Құжаттар» әлеуметтік шындықты қалыптастыратын әртүрлі тәсілдердің қатарында екенін есте ұстаған маңызды.

Бірқатар құжаттық дереккөздерді талқыладық, алайда құжаттарды жасау мен оқуға тікелей қатысы бар әлеуметтік әрекеттерді зерттеуге көңіл бөлмей келдік. Сауатты қоғамдардағы далалық жұмыстар (әсіресе, ресми ұйымдардағы далалық жұмыстар) әртүрлі құжаттарды жасау және пайдалануды қамтуы ықтимал. Келесі параграфта осындай қызметтер мен олардың құжаттық өнімдеріне тоқталамыз. Еңбек, денсаулық сақтау, білім беру және қылмыс туралы зерттеулер этнографияның назарын тікелей құжаттардың рөліне аудартады.

Әлеуметтік өмірдегі құжаттың маңызы

Күнделікті өмірдегі күтпеген жағдайлар жиі құжат форматына түсіріледі. Ұйымдық құжаттар кейстердің стандартты және қарапайым түрлерін жасайды, мәселелер туралы хабар береді, адамдарды, рөлдерді және институттық жауаптарды сипаттайды. Басқаша айтқанда, құжаттар өздері сипаттап, ақпарат беретін тақырыптардан, категориялардан және мәселелерден тұрады. Камео және Уэйлен (2015) осындай құжаттық жұмыстар жүргізілетін бір ортаны зерттейді, бұл - полиция және өрт сөндіру секілді қызметтерге шұғыл қоңырау қабылдайтын байланыс орталығы. Құжаттық форматтар автоматты түрде жалпы, стандартталған жазбаларды туындатпайды. Бұл - қоңырау шалушылардың берген мәліметін алдын-ала анықталған категорияларға айналдыратын колл-центр қызметкерлерінің жұмысы. Осылайша, олар қоңырау шалушының мәселелерін стандартты форматқа айналдырады да, тиісті қызмет көрсету орнына жібереді. Ұйымдық категориялар бойынша «дұрыс» бөлу үшін телефонда интеракциялық жұмыс жүргізу талап етіледі. Осылай дайындалған құжат қалыпты категорияларға (күдікті құқық бұзушының түр-тұрпатын сипаттау секілді) арналған талаптардың мәтіндік көрінісі болып есептеледі. Бұл - жұмыстың құжаттарды қалай туындататынын көрсететін мысал. Ал сол құжаттар белгілі бір құбылысты құрастыруда маңызды рөл атқарады.

Тұлға мен бірегейліктің ресми құжаты өзінше ірі аналитикалық мәселе. Мысалы, Виейраның этнографиясы (Vieira, 2016) АҚШ-тағы иммигранттарға арналған ресми құжаттаманың маңызына күмән келтіретін егжей-тегжейлі мәлімет ұсынады. Бірегейлікті түпкілікті және нақты бекіту белгілі бір құжаттармен байланысты: туу туралы куәлік, паспорт, көлік жүргізу куәлігі, әлеуметтік сақтандыру картасы немесе банк шоты туралы түбіртек. Осындай биографиялық құжаттар және олар беретін «фактілер» - заманауи қоғам өмірінің ең маңызды аспектілерінің бірі. «Жеке басын куәландыру» талап етілгенде осындай ресми құжаттарға ие болу - көптеген мәміле үшін алдын-ала қойылатын шарт. Осындай құжаттардың болмауы Филадельфияның кедей кварталдарындағы Гоффман (2014) зерттеген адамдардың басынан өткен мәселелердің бірі болды. Дегенмен әрдайым оңай бола бермесе де, жалған бірегейлік қалыптастырып немесе біреудікін ұрлап алып, құжат алуға болатынын да білеміз. Айналып келгенде, бірде-бір құжат өзінің түпнұсқа екенін және жеке куәлік секілді нәрселердің (тіпті осындай нәрселерді шындық деп қабылдасақ та) фактіге негізделгенін айта алмайды. О'Хаганның қайтыс болған баланың қабір тасынан басталатын құжатталған биографиясын жасауы тіпті алдау-арбауға негізделсе де, тексеру сатысында құжаттардың бір-біріне қалай кепіл болғанын көрсетеді.

Құжаттық материалдардың маңызын мойындауға Дороти Смит және оның әріптестерінің жұмысы керемет серпіліс берді (мысалы, Smith 2005;

Smith және Turner 2014). Жұмыстарын «институтты этнография» деп атауды таңдағанымен, бұл атау оны ұйымдық ортадағы далалық зерттеулерден аса қатты ерекшелей қоймайды, құжаттық шынайылыққа мән беру, құжат арқылы әлеуметтік әлемді таныстыру құжаттық жұмыстарға назар аудару қажеттігін алдыңғы орынға шығарады. Смит пен Тернер жинаған эмпирикалық мысалдар ұжымдық әлеуметтік қызметті тікелей басқармаса да, әрекетті үйлестіру мен негіздеу үшін құжаттық дереккөздерді әртүрлі жолмен пайдалануға ерекше мән береді. Этнографиялық қажеттілік дегеніміз практикалық пайымдау арқылы практикалық әрекеттер мен құжаттардың бір-бірімен қалай үйлесетінін түсінуді білдіреді. Мұны Аласутари (2015) Финдландиядағы мектепке дейінгі білім беру контекстінде келтіреді: нақты әрекеттерді (түстен кейін мызғып алу сияқты) жазып көрсететін «жеке білім беру жоспарының» ресми құжаты жергілікті деңгейдегі келіссөздерді (мысалы, ата-аналармен) талап етеді, бұл талаптарды орындауға және қарсы шығуға әкелуі мүмкін. Құжаттық материалдарды тарату және пайдалану Каспар және т.б. (2016) тарапынан ұзақ мерзімді оңалту ортасында жүргізілген этнографиялық зерттеулерде көрсетіледі, олар жұмысын тікелей Смиттің институттық этнографиясына негіздейді. Олар мәтіндік жазбаларға (мысалы, күтім жасау жоспары) қол жеткізу және оларды пайдалану ресми ұйымдық иерархияларда қалай көрініс тапқанын көрсетеді. Оның салдары сол, күтім жасаушылардың мәтіндерге қол жеткізуінің шектеулі болуы өздері күткендей адамдарға жекелей күтім жасауының аясын тарылтты.

Институттық этнографияны ілгерілету әлеуметтік шындық пен әлеуметтік ұйымдардың құжаттық негіздемесіне тікелей назар аударуға көмектескені анық. Дегенмен бұл этнографтардың әртүрлі институттық орталарда ұзақ жылдар бойы дамытқан көзқарастарын түйіндеп шығады. Мысалы, Андерсон мен Шаррок (2018) этноәдіснамаға сүйене отырып, университетті басқарудағы қаржылық құжаттардың рөлін егжей-тегжейлі зерттеді. Сол секілді ғылыми жұмысты, әсіресе «зертханадағы зерттеулер» стилін (қараңыз, Stephens және Lewis 2017) этнографиялық тұрғыдан зерттеуде жазу жұмысының маңызын мойындамастан жалғастыру мүмкін емес. Осылайша, Латур мен Уолгар (1979) биомедициналық зертханалар туралы классикалық зерттеуінде жазбаша материалдардың маңызды екенін жазады. Ғылыми зертханалар «жазбаларды» көптеп жүргізеді, яғни жазба - табиғи құбылыстардың көрінісі және зертхана өнімдері саналатын жарияланған мәтіндер (қараңыз, Lynch 1985). Ғылыми мақалалар - ғылыми зерттеу топтары ішінде және олардың арасында айналымда жүретін валюта. Ғылыми мақалалар қалай және неге жазылады, сондай-ақ неліктен осындай формада жазылады деген сұрақтарға дұрыс көңіл бөлместен, ғылыми жұмыстың күрделі әлеуметтік шындығын және ғылыми білім қалыптастыруды қарастыру мүмкін емес. Қазіргі кезде ғылыми білімнің

элеуметтануы жазбаша мәтіндер мен білім ұсынудың өзге формаларына толы. Осындай көзқарасты барлық ұйымдық және кәсіби ортаға қатысты айтуға болады.

Ғылыми зертханалар да жазбаша ережелерге бағынуға міндетті. Стивенс, Льюис және Аткинсон (2013) клиникалық тіндерді реттейтін өте қатаң ережелерді сақтауға міндетті зертхананы зерттеді. Авторлардың айтуынша, оны қолданудың барлық жағдайын толығымен реттейтін бірде-бір ереже болмағандықтан, құжаттардың шексіз тізімі пайда болуы мүмкін, яғни оның әрбір сатысы реттеу тізбегіндегі басқа сатыларға кепілдік беруге арналып жасалады. Тіпті мызғымас ережелердің өзі белгілі дәрежеде интерпретациялауды қажет етеді. Әрбір ереже сақталуын қамтамасыз ететін тағы бір ереженің болатынын меңзейді. Іс жүзінде, ықтимал шексіз регрес практикалық ойлауды пайдалану және адамдар арасындағы сенімге сүйену секілді құжаттық емес жолдармен реттеледі. Мұндай реттеуші регресс образы қанша жерден «ресми» құжат болса да, ешқандай құжат түпнұсқа екенін немесе бюрократиялық күшінің бар екенін толығымен белгілей алмайды деген фактіні көрсетеді.

Бірқатар этнограф медициналық ортада «жазуға» мұқият көңіл бөлудің қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Мысалы, Хоббс (2004) ординатор-дәрігерлердің кәсіби тұрғыдан бейімделуінде дәрігерлер тарапынан берілген үлгерім жазбаларының рөлін зерттеген. Онда әртүрлі шарттардың рөлі мен сол шарттарды ординаторлар тарапынан жасалған медициналық қорытындылардың дәлелі ретінде қалай қолдануға болатынын атап өтеді. Сол секілді Петтинари (1988) хирургтар операциялары бойынша есептерін қалай жазатыны, әсіресе кіші хирургтар осындай кәсіби дағдыны қалай игеретіні туралы егжей-тегжейлі мәлімет берді. Операцияны сауатты түрде хирургтың есебінде көрсетудің бірнеше жолы бар, ал орынды сөйлемдерді қолдану қабілеті уақыт өте келе кәсіби тәжірибе барысында игеріледі. Осындай жазбаша мәліметтер - медициналық жұмысты күнделікті ұйымдастырудың негізгі элементі. Сондықтан да медицина туралы кез-келген этнографиялық еңбек оларды жасау және пайдалануға ерекше мән беруі керек. Соңғы кездегі мысалдардың бірінде Грант (2019) өтініш берушілердің медициналық жазбаларын зерттеуді элеуметтік жәрдемақы алу талабы аясындағы ауқымды зерттеулердің қатарына қосады. Оның мысалы әртүрлі деректер көзі (өтініш берушілермен сұхбаттарды қоса алғанда) «кейстің» әртүрлі нұсқасын қалай қалыптастыратынын көрсетеді.

Дәл сол секілді, бірақ Коффейдің кәсіби дайындықтан өтіп жатқан бухгалтерлер туралы этнографиясы секілді басқа саладан мысал келтіруге болады (Coffey 1993). Халықаралық аудиторлық фирманың офисінде жүргізілген далалық зерттеулерге сүйене отырып, тағылымгерлердің

бухгалтерлік қызмет жүргізуге қатысты алған білімі туралы жазады. Ол тағылымгерлермен бірге бухгалтерлік есеп жүргізу дағдыларын зерттеп, баланстық есептер секілді құжаттық дереккөздерді оқуда дағдыларды қалай игергенін және қалай пайымдап үйренгенін сипаттайды. Көріп отырғанымыздай, компанияның бухгалтерлерін сауатсыз етіп көрсету оларды есептен еш хабары жоқ деп айту секілді сандырақ болар еді, сондықтан да кешенді этнографиялық мәліметтер ұйымдық құжаттарды қалай оқу керектігіне, оларды қалай интерпретациялау, жасау және пайдалану қажеттігіне қатысты нұсқауларды қамтуы керек.

Көбінесе этноәдіснамалық қозғалыстан туындайтын «ресми статистиканы» сынаудың себебінен, қазіргі этнографтардың кейбірі жүйелі түрде құжаттық деректерді қолдануға құлықсыздық танытуы мүмкін. Олар «ресми деректерді» тақырып емес, жай ғана ресурс ретінде қолдануға шынымен де қарсы болса, олардың шешімі дұрыс деп сенеміз, дегенмен осындай материалдарды ескермесе олар қателеседі деп ойлаймыз. «Ресми дереккөздерден алынған деректерге» деген сынның бастауы мынада: әдетте әлеуметтанушылар осындай ақпаратты бұлтартпас дерек деп қабылдауға бейім және оның сипатына әлеуметтік өнім ретінде жеткілікті түрде назар аудармайды. Бұл ресми деректі есепке алудың қажеті жоқ дегенді меңземейді, керісінше маңызды зерттеу салаларына саласына жол ашады.

Әрине, әлеуметтанушылардың ресми дереккөздерінен алынған деректердің белгілі бір дәрежеде дәл болмауы мүмкін екеніне көптен бері алаңдап жүргені рас: бұл деректер бұрмалауға ұшырауы немесе жаңсақ пікірге қалуы мүмкін не болмаса бюрократиялық қиындықтарға байланысты деректер әлеуметтанушылардың мүддесіне сәйкес тұжырымдалмауы мүмкін. Дегенмен этноәдіснама мамандары мейлінше фундаменталды мәселелерді анықтап берді.

Мысалы, Сикурелдің айтуынша, әлеуметтанушылар ұзақ жылдар бойы дұрыс статистиканың болмауына, бюрократияның құжат жүргізу барысында деректерді бұрмалағанына шағымданып келгенімен, біз «деректер» деп атап жүрген «дұрыс емес» материалдарды зерттеу пәніне айналдыратын әдістемелер жасамады. Қылмыс, құқықбұзушылық және құқыққа қатысты дәстүрлі зерттеулердің басты ұйғарымы - заңды сақтау және одан ауытқудың өзінде онтологиялық маңыз бар деп қарастыру, ал оның өлшемі - мағынасы онтологиялық және эпистемологиялық тұрғыдан «түсінікті» ықтимал «анық» ережелер жиынтығы.

(Cicourel 1976:331)

Сикурелдің аргументі бойынша, ресми құжаттар мен мәліметтерге азды-көпті бұрмаланған дереккөз ретінде қарағанша, оларды әлеуметтік өнім ретінде қарастырған жөн: оларға зерттеу ресурсы ретінде көзсіз сенгенше, оларды зерттеуге міндеттіміз.

Осылайша назарымыз әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырылатын тәжірибеге қарай ойысады, ол арқылы көрсеткіштер, категориялар және статистика негізгі жұмысы соларды шығару және интерпретациялау болып есептелетіндер тарапынан жасалады (Kitsuse және Cicourel 1963). Осы бағыттағы ертеректе жасалған жұмыстың мысалы ретінде Судноудың (1965) Мемлекеттік қорғаушы басқармасындағы «қылмыстық істің» туындауы туралы еңбегін келтіруге болады. Ол тағылған айыпты мойындау туралы мәміле жасауға қатысты келіссөздер секілді ұйымдасқан іс-әрекеттер барысында белгілі бір қылмыс немесе жеңіл құқықбұзушылықтың қалай категорияларға бөлінетін туралы хабар беретін практикалық пайымдауды егжей-тегжейлі сипаттайды. Осылайша, ол айыптау үкіміне негізделген ресми деректер мен қылмыс көрсеткіштерінің категорияларымен шектелмей, осындай статистикалық көрсеткіштерді жасайтын интерпретация мен келіссөздерге қарайды. Судноудың қылмыстық көрсеткіштер туралы этнографиялық зерттеуімен қатар, сол уақыттағы зерттеулердің қатарына Сикурелдің (1967) кәмелет жасқа толмағандарға сот төрелігін жүргізу туралы еңбегі, Сикурель мен Кицусэнің (1963) білім беру саласында шешім қабылдауды ұйымдастыру, оқушыларды санаттарға жіктеу және ресми биография туралы еңбегі жатады. Осы бағыт бойынша соңғы уақытта жүргізілген зерттеулер әлеуметтік проблемалар туралы көптеген конструкционистік пікірлерді (мысалы, қараңыз: Holstein мен Miller 1989 және 1993), сондай-ақ себептерді, әсіресе психикалық аурулардың себебін жіктеуге ерекше назар аударатын Прайэнің өлімнің әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырылуы туралы зерттеуін қамтиды (Prior 1985, 1989, 1993). Бұл контексте Прайэ мен Блурдің (1993) мәдени және тарихи артефакт ретіндегі өмір кестесі (life-table) туралы бақылауын айта кеткен жөн.

Әлеуметтанудағы «ресми статистикаға» қатысты пікірталас әбден жаңылыстырғанымен, жалпы көзқарастың болуы маңызды болды. Дегенмен мәселелердің бөлінісі еш негізсіз күшейіп кетті.

Ресми дереккөздерден алынған деректерге қатысты мәселелер маңызды болды және олар суицидті түсіндіру (Douglas 1967; Atkinson 1978) секілді тікелей әлеуметтанудағы талдауға қатысты классикалық мәселеге жатқызылды; дегенмен олар ешқашан ерекше деп қарастырылмады. Өз ісіне мұқият этнограф барлық деректер тобының өз мәселесі болатынын және оның әлеуметтік тұрғыдан туындайтынын; сонымен қатар олардың ешбіріне өздігінен «шындықтың» «транспарентті»

көрінісі деп қарауға болмайтынын біледі. Әлеуметтік зерттеуде рефлексивтілікті мойындау мейлінше мол ақпаратпен қамтамасыз етеді (Holstein және Miller 1993). Нәтижесінде, құжаттарды немесе осындай ақпаратты ерекше мәселеге толы деп қарастырудың, не болмаса толығымен жарамсыз деп есептеудің еш себебі жоқ.

Басқаша айтқанда, бұл «ресми статистикаға» және сол секілді құжаттық дереккөздерді этноәдіснамалық тұрғыдан сынауға сүйене отырып, осындай дереккөздердің ресурс ретінде ешқандай құны жоқ дейтін радикалды көзқарасты ұстанамыз дегенді білдірмейді. Осындай деректер әрине мәселе тудырғанымен, ақпарат та береді, сонымен қатар зерттеуге тұрарлықтай ауқымды аналитикалық мәселелерге жол ашады. Этнограф, өзге де әлеуметтанушылар секілді осындай құжаттар мен мәлімдемелерге толығымен сүйене алады. Сонымен қатар этнографтың деректерді өндіру мен қолдану контексін тікелей зерттеу арқылы оның дерек ретінде жарамдылығы мен сенімділігіне қатысты ғылыми-теориялық және жүйелі зерттеуге қатысуда жақсы мүмкіндігі болады.

Құжаттық жұмыстарды зерттеу Гарфинкельдің жазбаларға қатысты ескертулерін еске түсіреді, онда ол жазбаларға «актуарлық» емес, «шартты» деп қарау керектігін ұсынады (Garfinkel 1967). Демек, бұл «болған нәрсенің» сөзбе-сөз нұсқасы емес, қызметкердің өз ісін біліп, сауатты жасағаны туралы фактінің белгісі (қараңыз, Prior 2003). Мұны Дингуол (1977b) патронаж қызметкерлерінің білімі туралы зерттеуінде қарастырды. Ол студенттердің пациенттеріне барған кездегі жазбалары туралы баяндайды, сондай-ақ жұмыстың нақты жүргізілгені жетекшіге көрінбегендіктен, сол жазба әкімшілік бақылаудың негізгі фокусына айналатынын айтады. Сол секілді, жазба - «кен қазушылардың» өзін-өзі қорғайтын басты құралы. Аудиторлардың пайда болуымен, әрине, «транспарентті» есеп беру режимінде әртүрлі құжаттардың рөлі соңғы онжылдықта айтарлықтай өсті (Power 1997, 2000; сонымен қатар, қараңыз: Maltby 2008).

Құжаттар белгілі бір әлеуметтік ортада әр түрлі жолмен маңызды болады. Кейбірінде құжаттарды жасау - маңызды тапсырма. Адамдарға қатысты деректерді өңдейтін ұйымдарда, бұл әдетте адамдардың сөзін, оқиғаларды жазбаға айналдыруды қарастырады, бұл жазба кейін тіркеліп, сақталып, өңделеді. Осындай құжаттар - ұйым мүшелері үшін олардың күнделікті жұмысына қажет басты ресурстар. Көбінесе жазба жүргізу талабы орындалатын жұмысты ұйымдастыруда және оны жүзеге асыруда қолданылатын тәртіп маңызды орын алады. Пациенттермен болған алдыңғы кездесулердің жазбасын қазіргі уақытта кеңес беруге қажет тиісті мақсат пен іс-шараларды тұжырымдауда қолдануға болады. Хит медициналық жазбалардың дәрігер-пациент контексі аясында

қолданылуына қатысты пікірін айтты. Терапевт-дәрігерлер пациентпен байланыс орнату үшін тіркеу карталарын қолданады: «әңгіменің алғашқы тақырыбы қозғалғанға дейін жазбаның мазмұнын дайындау арқылы дәрігер пациентке сипаттама береді де, әңгімені өзі бастағандай адамның бейнесін жасайды» (Heath 1981:85). Қазіргі дәрігер қағаз бетіндегі медициналық жазбаларға емес, экранға көбірек қарайды, сондықтан да кездесулердің көпшілігі цифрлық формалар мен жазбалар арқылы жүзеге асады. Дегенмен олар бұрынырақ жазылған нұсқалар секілді құжаттардың пациенттер, мәселелер және кейстердің стандартты түрлерін қалай қалыптастыратынын ерекшелеп көрсетеді.

Жазбалар адамдарды «қалыпты» категорияларға сай келетін немесе оларға анық түрде жатпайтын ситуациялық бірегейлігі бар «кейстер» ретінде тұжырымдауға бейім. Жазбалар ұйымдық тәртіпке сәйкес жасалып, қолданылады, олардың анық болуы ортақ мәдени ерекшеліктерге тәуелді. Жазбалар «құжаттық шынайылықты» қалыптастырады, оның өзі құжат болып есептелгендіктен белгілі бір артықшылыққа ие болады. Олардың жасалуы әлеуметтік тұрғыдан ұйымдасқан әрекет болса да, ресми жазбалардың белгілі бір дәрежеде анонимдік сипаты болады, сондықтан да олар зерттеу ортасында объективті, яғни жай ғана бір адамның наным-сенімі, пікірі немесе болжамы емес, фактіге негізделген мәлімдеме деп қарастырылады.

Сауатты әлеуметтік әрекеттің көп жерде айтарлықтай қоғамдық мәні болатынын, тіпті аса зор маңызы болуы мүмкін екенін бұл пікірталасан байқауға болады. Заманауи индустриялық және әкімшілік бюрократиялық құрылымдар, кәсіби немесе білім беру орталары - осының айғағы. Құжаттарды жазу мен оқуға қатысты әрекеттердің қаншалықты кең тарағанын еске түсіру үшін көп ойланудың қажеті жоқ. Тіпті құжаттар басты ерекшелік болып саналмайтын орталардың өзінде көбінесе баға жетпейтін зерттеу ресурстары бола алатын орасан зор жазбаша материалдар болады.

Құжаттық өнімдердің болуы мен олардың маңызы этнографқа аса бай аналитикалық тақырыптарды, сондай-ақ деректер мен ақпараттың құнды көзін ұсынады. Осындай тақырыптар төмендегідей сұрақтарды қамтиды: Құжаттар қалай жазылады? Олар қалай оқылады? Оларды кім жазады? Оларды кім оқиды? Қандай мақсат үшін? Қандай жағдайларда? Нәтижесі қандай? Не жазылады және қалай жазылады? Не жазылмай қалады? Автор нені оқырмандарға қатысты онсыз да белгілі нәрсе деп есептейді? Олардың мағынасын түсіну үшін оқырмандар нені білуі керек? Бұл тізімді кеңейте беруге болады, сондай-ақ осындай сұрақтарды зерттеу этнографты қарастырылып отырған ортадағы күнделікті өмірдің әрбір аспектісін жүйелі түрде зерттеуге жетелейді. Бұл мәселелерді назарына

алмайтын кез-келген этнографтың жазу мәдениетінің осындай ерекшеліктерін ескермей қалу қаупі бар. Осындай мәдениетті негізінен ауызша дәстүр ретінде көрсеткенде көп нәрседен айырылар едік. Этнограф құжаттық дереккөздерді мұқият зерттейу барысында нақты жазба мәдениетінің мүшесі ретінде әлеуметтенген қабілетті мойындап, соған сүйенеді. Зерттеуші оқып немесе жазып қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік орталарда жазу мен оқу әрекеттері туралы пайымдайды. Осылайша, осындай күнделікті әрекеттер этнографтың зерттеу тақырыбына енгізіледі, сондай-ақ аналитикалық және түсіндіруші ресурстар ұсынады.

Артефактілер

Этнографтар кейде көптеген әлеуметтік ортаның жазбаша сапасын көзге ілмеуі мүмкін, сол секілді материалдық артефактілердің рөлін де жиі елемейді. Материалдық мәдениетті зерттеудің белең алуы өзекті мәселелердің кейбірін алдыңғы қатарға шығарғанымен (қараңыз, Miller 1988; Buchli 2002), этнографиялық жұмыста мамандардың назарына іліктірмей, материалдық игіліктер мен нысандарды елеусіз қалдыру тенденциясы әлі де сақталып отыр. Бұл жердегі ойымыз, этнографтарға өздері далалық зерттеулер жүргізетін «зерттеу алаңы» тек әлеуметтік акторлар мен құжаттардан ғана емес, сонымен қатар өзге де көптеген «заттардан» тұратынын еске салу болып отыр.

Артефактілерді талдауға жеке сала ретінде қараудың орнына, материалдық игіліктер, нысандар мен іздерді ауқымды этнографиялық контексте қарастыру керектігін ерекше айтып өтеміз. Оның үстіне, күнделікті өмір этнографиясы оның материалдық ерекшеліктеріне, сондай-ақ әлеуметтік акторлардың физикалық заттармен қалай әрекеттесетініне назар аударуды қажет етеді. Бұл жай ғана физикалық орта мен материалдық контекске назар аударумен шектеліп қалмайды. Материалдық игіліктерді, сонымен қатар материалдық нысандарда қалыптасып, көрініс тапқан әлеуметтік қарым-қатынасты қолданбастан болуы мүмкін емес көптеген әлеуметтік құбылыс бар. Жұмыстың мейлі ресми тұсы, мейлі жұмыстан тыс жерде жасалған, жеке қолданысқа арналған артефактілер болсын, жұмыстың көптеген формасы міндетті түрде физикалық ресурстарды орнымен және амалын тауып қолдануды меңзейді (Anteby 2003). «Жаңа материализм» алға тартатын материалдықтың радикалды тұжырымын қабылдамастан, осының бәріне назар аударуға болады (қараңыз, Coole және Frost 2010; Fox және Alldred 2017; Sencindiver 2017).

Мысалы, Аткинсонның (1995) гематологтар туралы мақалаларында медициналық фактілер мен пікірлерді шығарумен байланысты кейбір материалдық жұмыс ерекшелеп көрсетіледі. Гематологтар көп уақытын пациенттері туралы әңгімелесумен өткізеді, осылайша «пікір» қалыптастыру, «диагноз» қою арқылы сол пациенттерді «кейстерге» айналдырады. Дегенмен олардың жұмысы әңгімемен ғана жүзеге аспайды. Сонымен қатар олар денедегі физикалық іздерді қолдануға мәжбүр: қан және жілік майын алу, ауру белгілерін түсіну. Олар көрінуі және оқуға түсінікті болуы үшін дақ қалдыру секілді жолдармен физикалық өзгерістер жасауды қарастырады. Микроскоптың өзін қолдану секілді, микроскопиялық зерттеуге қажет әйнекті әзірлеу үшін де физикалық және қабылдау тұрығысынан ептілік талап етіледі. Перифериялық қанның немесе жілік майының физикалық ізін зерттеуге қатысты шебер істелген әрекеттер кәсіби әріптестер арасындағы немесе оқытушылар жиналысындағы талқыланады. Нысандар, іздер, дағдылар және әңгімелер өзара байланысты, сол себептен кәсіби білім жасайтын этнография осылардың барлығын есепке алуы тиіс. Әрине олар, жоғарыда айтып өткендей, клиникалық жазбалар, есептер, картотекалар арқылы құжаттық шынайылыққа айналады.

Медициналық ортадағы бақылаулар зертханалар, ғылыми желілер секілді ғылыми нысандардағы этнографиялық зерттеулерге деген жалпы қызығушылықпен қатар жүреді. Ғылыми білім әлеуметтануы ғылыми келіспеушілік пен ғылыми жаңалықтардың мәдени-когнитивті аспектілерімен шектен тыс айналысып кеткенімен, кейбір зерттеулер ғылыми жұмыстың материалдық жағдайына деген қызығушылықты да ескерді. Актор-желі теориясы осындай мәселеге тым көп (кейде абсурд болса да) көңіл бөледі. Олар күрделі қарым-қатынас аясында адамдар мен материалдық актанттар арасында түбегейлі айырмашылық жүргізбейді. Демек, техникалық жабдықтарды өзі іске асыратын білім теориялары, сондай-ақ оның ғылыми білім қалыптастырудағы белсенді рөлі тұрғысынан талдауға болады. Дегенмен ғылыми-техникалық білімді жасауда материалдардың маңызын мойындау үшін толығымен актор-желі теориясына жүгінудің қажеті жоқ. Бұл саладағы этнографқа қажет нәрсе - белгілі бір мөлшерде техникалық тәжірибе жинақтау және материалдық артефактілердің қалай жасалатынын және қолданылатынын түсіну. Оған заттардың физикалық қасиетін бағалау жатады. Рок музыканың дамуына айтарлықтай үлес қосқан Муг синтезаторының ауызша тарихы оның техникалық сапасын бағалауды, сонымен байланысты биографиялық мәліметтерді қамтиды (Pinch және Trosso 2002). Қазіргі кездегі этнография мен антропология есептеу және ақпараттық технология талдауында бір-бірімен тоғысады (Finn 2001; English-Lueck 2002).

Заттардың материалдық және әлеуметтік контексіндегі «заттылығы» этнографтарға түсінікті болуы керек. Біз әдетте әлеуметтік интеракциялардың ерекшеліктеріне мұқият қараймыз, сондай-ақ әлеуметтік әрекетті талдауға айтарлықтай уақыт пен күш-жігерімізді жұмсаймыз. Заттарға да дәл сол секілді көңіл бөлуіміз керек. Олардың физикалық құрамына негізделген материалдық сапасы, сонымен қатар сыртқы құрылымы, пішіні және түсі болады. Этнографияның назарын осындай мәселерге аудартуымыз керек (Warren 2012). Этнографтар материалдық ортадағы сыртқы ерекшеліктерді зерттеуде айтарлықтай қабілетті бола қоймады. Олардың көпшілігі сипаттайтын әлеуметтік әлемдер бір түрлі бос кеңістіктер болатын, мұндағы физикалық ортаға аз, кейде мүлдем көңіл бөлінбеді. Осындай этнографиялық әлемдер көбінесе тегіс және монохромды болғандықтан, түс секілді эстетикалық қасиеттерге мән берілмейді. Егер көптеген әлеуметтік әлемді түсінгіміз келсе, олардың физикалық тұрғыдан қалай қалыптасқанын есепке алуымыз керек. Мысалы, заманауи кеңседегі жұмысты оның орналасу ерекшелігіне (қабырғамен бөлінген бөлмелер немесе ашық кеңістік ретінде жоспарланған, қабаттар саны, басқа ғимараттарға жалғануы және т.б.), түстерінің үйлесіміне, жиһаздарына және т.б. назар аудармастан сипаттау оғаш көрінеді. Осындай орындар жобаланады, олардың дизайны корпоративтік мүдде мен ішкі құндылықтарды білдіреді. Бұл ерекшеліктер бір жағынан жұмыстағы әлеуметтік қатынастарды шектесе, екінші жағынан қызметкерлер тарапынан қолданылатын, тіпті «қайта жобаланатын» ресурстар болып табылады.

Аткинсонның Уэльс ұлттық опера театры туралы этнографиясы (Atkinson 2006) оның материалдық контексінің бірқатар аспектісіне ерекше назар аударады. Операны қою және орындау тек ән айту және сахнада ойнауға ғана тәуелді емес, сонымен қатар операның негізгі ерекшеліктері режиссер мен дирижердің жұмысынан көп нәрсені қамтиды. Музыкалық театр қойылымы мысалы декорация дизайны мен құрылымы секілді материалдық жағдайды жасауды білдіреді. Оның үстіне, декорация жасалғаннан кейін ол өз кезегінде физикалық шектеулер қоя тұрып, сондай-ақ продюсерлер мен орындаушыларға материалдық мүмкіндіктер береді. Аткинсонның монографиясында орындаушылар декорацияның кейбір бағынбайтын аспектілерімен қалай күрескені (тура және ауыспалы мағынасында) туралы егжей-тегжейлі түсініктеме беріледі: мысалы, күтпеген жерден жылжыған қабырғалар (Simon Vossanegra) немесе қолмен басқарылуы қиын қайықтар (Peter Grimes). Опера театрындағы реквизит бөлімі жаңа қойылым үшін қажет физикалық объектілерді жасау мақсатында бриколажбен айналысу үшін қолөнер дағдыларын қолданды. Бұл бөлім, сонымен қатар, бұрынғы қойылымдардың мұрағаты, әрі опера театрының бұрын жеткен жетістіктерін көруге мүмкіндік беретін «этно-

археологияның» дереккөзі болатын. Ерекше тапқырлықты талап еткен немесе айрықша эстетикалық құндылығы бар декорацияның жеке элементтерін реквизит бөлімі операдағы бұрынғы жеңістерінің белгісі ретінде бағалайды.

Тек опера ғана емес, кез-келген театрлық қойылым материалдық объектілерге тәуелді. Алайда көптеген жыл бұрын Эрвинг Гоффман көрсеткендей, бәріміз мейлінше қарапайым ортада әр түрлі «реквизиттерге» тәуелдіміз. Сонымен қатар материалдық артефактілерді жинауды және көрсетуді анық көздейтін этнографиялық еңбектер бар. МакДональдстың (2002) Лондондағы ғылым музейі туралы этнографиясы үздік мысал бола алады. Ол азық-түлік бойынша ірі музей экспонатын жасауға кеткен процестер туралы айтады. Материалдық құндылықтарды жинау және көрсетуге қатысты осындай этнографиялық зерттеулер музейлер, көркем галереялар секілді эстетикалық орындарда болып жатқан нәрселерді құжатқа түсірумен шектелмейді, бұл тақырыптар өз алдында маңызды. Олар материалдық мәдениеттің мейлінше практикалық аспектілеріне де назар аударады. Мысалы, Уайли палеонтологиялық зертханалардағы зертханашылар арасында жүргізген далалық зерттеуінде олардың пайдалы қазбаларды дайындауы (тастарын алу және бүлінген жерлерін жөндеу) және сол процесс барысында қолөнер дағдыларын меңгеруі кезіндегі «сахна артындағы» жұмыстарын көрсетеді (Wylie 2015).

Объектілерді жинау және көрсету - күнделікті үй мәдениетінің маңызды ерекшелігі. Үйлердің де мұражай секілді ерекшеліктері болады, себебі жеке адамның естеліктері немесе заттардың коллекциясы көзге көрінетін жерлерге қойылады. Хардли (2013) мұны Британия үйлеріндегі камин сөресі туралы мультимедиялық этнографиясында көрсетеді. Камин сөресі (ашық камин үстіндегі дәстүрлі құрылым, қазіргі күннің өзінде тіпті орталық жылыту жүйесі бар заманауи үйлерде де кездеседі) - орнаменттер, сыйлықтар, фотосуреттер және т.б. заттар көрсетіліп қойылатын басты орын. Осылай қойылған заттардың көпшілігінен хабар беретін эстетика қалыптасады, сонымен қатар камин сөресінің орналасуы көбінесе қонақ бөлмесіндегі басты фокус болады. Сонымен қатар, объектілер өз иелерінің естеліктерін көрсетеді: бұл көзқарас тұрғысынан алғанда, естелік дегеніміз психологиялық күй ғана емес, сонымен қатар ол материалдық объектілер және олар тудыратын автобиографиялық әңгімелерде жазылады. Камин сөресіндегі объектілер жеке қарым-қатынас пен сыйлық сыйлаудың екіжақты міндеттемелерін көрсетуі мүмкін. Камин сөресі секілді қарапайым, аса маңызды емес кеңістік күнделікті тұрмыстық, эстетикалық және тұлғаларалық қарым-қатынастың микроәлемін көрсетеді. Камин сөресі секілді үй ішінен мысал келтіру этнографияның назарын өнер және басқа да материалдық артефактілерді

«жинауды» көрсетуге ұмтылатын мәдени құбылыстарға қарай аударарды (қараңыз, Belk 1995; Pearce 1994; Painter 2002).

Әлеуметтік құбылыстың физикалық қасиетін мойындау қалыптастырылған орта мен физикалық кеңістікті бағалаудан тұрады. Мұны жалпыға ортақ кемшілік демесек те, этнографиялық еңбектердің көпшілігінде орын мен кеңістікті сезінудің жоқ екені байқалады. Бұл жай ғана нәрселерді қандай да бір «контекстке» қою мәселесі емес. Ең дұрысы, әлеуметтік әрекетті мүмкін қылатын және шектейтін материалдық жағдайларға аса мән беріп, орынды сезінудің жеке және ұжымдық бірегейлікте қалай көрініс табатынына, әлеуметтік акторлардың орындарды қолдануына, сондай-ақ олардың материалдық және символдық ресурстарды пайдалануына назар аударуымыз керек. Қарап, таңғалуға болатын бірқатар мысалды келтіруге болады. Соның бірі - Пьер Бурдьенің кабил үйлері туралы классикалық талдауы. Ол үйлерге жай ғана күнделікті өмірдегі физикалық мекен (локус) ретінде емес, сонымен қатар символдық тәртіптің орны ретінде де қарайды³⁹. Сол секілді Жерорта теңізі халықтары туралы антропологиялық еңбектерде үйдің маңызы және оның көшемен байланысы, сыйлы болудың көрінісі (әсіресе, үй ішіндегі әйелдерге қатысты), сондай-ақ қатаң түрде ажыратылған гендерлік рөлдердің дәлелі ретінде ерекшеленіп көрсетіледі.

Грегори (Gregory, 2003) бірегейліктің физикалық көрінісі ретіндегі үйді және оның материалдық декорациясын Викториаан дәуірінің соңғы кезеңіндегі үй иелерінің эстетикалық жұмысы туралы еңбегінде зерттеді. Онда тіпті дәрекі түрде болса да (мысалы, каминдерді «жұлып алу»), жаңа үй иелерінің үйді бұрынғы иесінен қалған іздерден тазалау (кілемдер, жұмсақ жиһаздар, декор және түс гаммалары, ваннадағы жабдықтар және т.б.) қарастырылған. Үйдің материалдық декорациясы мен жиһаздары бірегейлік пен биографияның күнделікті көрінісі ғана емес. Олар ескі үйді өзінің жеке кеңістігіне айналдыратын жаңа тұрғындар тарапынан үйді бірігіп салуына айтарлықтай қатысты болды. Тұлғаның бірегейлігі үйдің бірегейлігін сезінумен байланысты: ескі үйде тұсқағаздарының "түпнұсқа" күйінде сақталуы - осындай реконструкцияның маңызды аспектісі. Каминдер, есіктер, терезелер және үйдің басқа да «ерекшеліктері» (кем дегенде, кейбір үй иелері үшін) үйге салған бар ынта-жігерді ақтаса, белгілі бір мерзім сақталуды қажет етуі мүмкін. Әрине, бұл - ішінара эстетикалық пікір. Сонымен қатар бұл - ішінара ұжымдық талғамның да көрінісі: алдыңғы ұрпақ буыны үшін үйді «жаңарту» оны қалпына келтіруге қарағанда, әлдеқайда маңызды мақсат болатын. Дегенмен олар әлеуметтік акторлардың этно-эстетикасына тәуелді, сонымен қатар

³⁹ Осы аргументке берілген сыни баға үшін қараңыз: Silverstein 2004.

материалдық игіліктерге берілген құндылықтарға байланысты (қараңыз: Valis 2003; Reid және Crowley 2000).

Материалдық заттардың көпшілігі статикалық емес: олар таралады және мобильді. Тиісінше, орындар мен кеңістіктер арқылы мобильділікті зерттеу артефактілердің және адамдардың қозғалысына назар аударуды қажет етеді (Urry 2007). Олар әлеуметтік акторлармен бірге саяхаттай алады немесе олардың жеткізу тізбегіндегі, ұйым ішіндегі қозғалысының, алмасу рәсіміндегі жолын қадағалауға болады. Этнографтар аурухана секілді күрделі ұйымның ішінде пациенттен зертханаларға жіберілгенде қан немесе тін үлгілері секілді материалдардың «жүрген жолын бақылап», сондай-ақ жолда олардың қандай маңызға және құжаттық түсіндірмеге ие болғанын бақылай алады. Құжаттардың өзіне келгенде де осылай болады. Олар да таралады. Адамға қатысты деректерді өңдейтін ұйымдар мен бюрократиялық мекемелерді зерттейтін этнография ресми иерархия бойынша жоғарыдан төменге қарай жүрген құжаттарды, олардың интерпретациясы мен қолданылуын қадағалай алады. Заттар символдық шекарадан да өте алады, олардың мәдени және семиотикалық маңызы процесс барысында өзгереді. Дугластың (Douglas 1966) шаң-тозаң мен ластану туралы структуралистік талдауы басты дереккөз болып қала бергенімен, соңғы еңбектердің мысалы ретінде Уиртцтің (Wirtz 2009) кубалық сантерия аясындағы діни жоралғы қалдықтары туралы зерттеуін келтіруге болады.

Заттарға этнографиялық тұрғыдан баға беру олардың жасалуы мен дайындалуын зерттеуді қамтуы мүмкін. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мәдени зерттеулердің дамуы және сонымен байланысты материалдық мәдениетке баса назар аудару этнографиялық қиялды жүзеге асыру үшін қолдануға болатын бай дереккөздер мен аналитикалық көзқарастың пайда болуына әкелді (қараңыз: Buchli 2002; Miller 1998, 2001a, 2001b). Олар жобалау процесінің этнографиялық талдауын, әлеуметтік сала ғалымдарының айтарлықтай қызығушылығын тудырған заманауи материалдық мәдениеттің аспектілерін қамтиды (Julier 2000). Бұл зерттеулер сонымен қатар жобалау процесі (мысалы, Salvador және т.б. 1999; Henderson 1998) мен визуалды мәдениеттің жасалуынан тұрады (Frosh 2003). Сәулет, қала жоспары немесе кеңістіктер мен орындарға қатысты да осыны айтуға болады (мысалы, Borden 2002; Podolski 2002; Dodds және Tavernor 2001; Crowley және Reid 2002; Butler және Robson 2003). Жеке және ұжымдық бірегейліктің жүзеге асуы барысында бір уақытта қалыптасатын және қалыптастырылатын «қоршаған ортаның» маңызын бұрыннан да жақсы түсінеміз.

Инголд (2013) материалдық пен артефактілер туралы орынды пікірлер айтады. Оның айтуынша, көптеген «материалдық мәдениет»

туралы зерттеулер - іс жүзінде дайын формадағы физикалық артефактілерді зерттеу. Бір жағынан, ол материалдар мен материалдыққа, яғни тек қыш құмыраға емес, сондай-ақ қышқа; тек матаға емес, жіптер мен талшықтарға назар аударады. Ол Тиллиге (Tilley, 2004) және өзге де авторларға сүйене отырып, суретшілердің бояуын жасаудан бастап, тас қабырғаларға, өңделген кремний тастарына және ескерткіштерге дейін кең ауқымда қолдануға болатын тастың әртүрлі қасиетін талқылайды. Этнографиялық тұрғыдан айтқанда, тек объектілерге қарап шектелмей, «материалдар» туралы қарапайым көзқарастың аясынан шығып қарау керек. Бұл өз кезегінде, этнографияның жасау процесіне араласуын білдіреді. Инголдтың өзі себет тоқу секілді нәрселерді жасауда ұжымдық әрекеттерді сипаттайды.

Демек, этнографиялық далалық жұмыстар кейде жасау процесіне, сол сияқты жасаушыларды бақылауға деген талпынысты қамтуы мүмкін. Тікелей физикалық материалдармен жұмыс жасауға қатысы жоқ, сондай-ақ тікелей физикалық араласу мүмкін болмайтын көптеген этнографиялық орындардың болатыны онсыз да белгілі. Прентис (2013:25) анатомия мен хирургияны практикада зерттеген кезінде өзін хирургияда сынап көруге мүмкіндігі болмады, дегенмен шынтақты кесіп көру мүмкіндігін алды. Осындай өз қолымен кесіп көру тәжірибесі жалпы алғанда оның далалық жұмысына өте қатты әсер етті. Ал О'Коннордың мысалы мүлдем басқаша, ол шыны үрлеу ісін үйрену үшін мұқият дайындықтан өтті. Осылайша, ол шынының материалдығы, құралдарды пайдалану, студияның температурасы, сондай-ақ шыны жасаудың егжей-тегжейлі процесі туралы түсінігін дамытуға мүмкіндік алды (мысалы, O'Connor 2005, 2006).

Басқа антропологтар да жұмыс пен материалдардың табиғатын түсіну құралы ретінде «жасау» процесіне араласты. Маршанның Йемендегі мешіт мұнарасы (2001) және Малидегі тас қалаушылар (2009) туралы этнографиясы ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл және осыған ұқсас зерттеулер «жасаушылар» мен «жұмысшылар» тарапынан қолданылатын практикалық түсіну процесін көрсетеді. Бұл акторларға нобай мен архитекторлардың сызбасы секілді егжей-тегжейлі жоспардан бастау міндетті емес. Керісінше, олар қолөнершінің бірнеше мәрте тексерілген нұсқауына сай, бірқатар стандартты процедуралар мен практикалық өлшеулер арқылы кезең-кезеңмен жұмыс істейді. Олар жобалар немесе модельдер негізінде емес, үлгі боларлық жағдай негізінде әрекет етеді. Сондықтан да этнографияның маңызы қатысу (кейде) мен бақылауда (әрдайым) ғана емес, сондай-ақ осындай жұмыс пен жұмысшылардың денесі, материалдар, құралдар және мәдени шарттар арасындағы байланыстың қалай жүретінін білуде жатыр.

Заттар (артефактілер) бір нәрсені жасаудың нәтижесі ғана емес. Себебі жасалды ма, кейін олардың әлеуметтік өмірі болады. Оларға мағына, құндылық беріледі, олар алмастырылады, таратылады және эстетикалық немесе басқа да әдістермен бағаланады. Осындай құндылықтарды анықтайтын көптеген мәдени кодтар мен шарттар бар: өлшем, пішін, түс, материал және сыртқы беті. Оларды жасау процесі бірқатар үйреншікті практикадан ғана тұрмайды: ол формасы мен функциясына қатысты мәдени тұрғыдан қалыптастырылған критерийді басшылыққа алады. Жасаушының бірегейлігі артефактісінің сипатына байланысты. Уоррен мен Гибсон (2014) серфингке арналған тақтайлар мен оны жасаушылар туралы көп нысанды этнографиялық зерттеулер жүргізді. Олардың пікірінше, серфингке арналған тақтайлар спорттық жабдықтан да көп нәрсені білдіреді, себебі олар - «құнды мәдени артефакт», сондай-ақ тұлғаның бірегейлігінің, ауқымды қауымдастыққа мүше болуының көрінісі (10 б). Олардың далалық жұмыстары эстетика, дизайн және материалдықтың осы объектілерді жасауда қандай рөл атқаратынын ерекшелеп көрсетеді. Ол серфинг тақтасын жасауға кететін *белгілі бір жерге* тән арнайы қолөнер жұмысын көрсетеді. Серфинг тақтасын мәдени мұраға жатқызатын осындай ұстаным серфинг тақталарын артефакт ретінде эстетикалық бағалаумен шектелмейтінін білдіреді.

Дәл сол секілді, гитара - көптеген контексте маңызы бар мәдени символ (Bennett және Dawe 2001). Этнографиялық тұрғыдан алғанда, гитара бір ұрпақ (Ryan және Peterson 2001), тіпті ұлт (Dawe және Dawe 2001) үшін символ болудан да маңызды. Сонымен қатар, ол - жасалған нәрсе, олардың көпшілігі ішекті аспап жасайтын шеберлердің қолынан өткен. Дадлидің Солтүстік Америкадағы ішекті аспап жасаушылардың арасында жүргізілген далалық зерттеуі бұл қолөнер түрінің қиындығын, сондай-ақ аспап жасаушылардың дүниетанымы гитара жасау арқылы қалай қалыптасатынын көрсетеді. Ол әсіресе, аспаптың «дыбысын» жасауды ерекше айтып өтеді:

Ішекті аспаптың дыбысы жай ғана шебердің аспапқа оны «қоюын» немесе тыңдаушының естуін ғана білдірмейді; сонымен қатар ол - аспаппен таныстырып, «сөзбен жеткізілуі қиын» күш-жігер беретін «сезім құрылымы».

(Dudley 2014:8)

Аспаптың тоны немесе дыбысы - гитараның физикалық құрылымы секілді дәл сондай артефакт. Осындай басқа мысалдар секілді Дадлидің

монографиясы да этнографқа белгілі бір дәрежеде қолөнер техникалары және материалдармен (мысалы, гитара жасауда қолданылатын ағаштар) жұмыс істеуді меңгеру керек екенін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл тарауда біз құжаттарды, материалдарды және заттарды зерттеудің этнографиялық жұмыста алатын рөліне тоқталдық. Оларға әрдайым лайықты назар аударыла бермеді, әдетте адамдар арасындағы бақылау, әңгімелер және сұхбаттардан алынған деректерге көбірек көңіл бөлінді (Whatmore 2006). Құжаттар мен артефактілер күнделікті өмірді ұйымдастыру және сүруде маңызды рөл алады. Олар жұмыстың (кең мағынасында) нәтижесін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік шындықты қалыптастырады. Құжаттар істің жай-күйін мәлімдеп қана қоймайды, оларды рефлексивті түрде құрастырады. Сол секілді біз «сөзбен істей алған нәрселерімізді» «затпен де істей аламыз». Әлеуметтік әлемнің этнографиялары күнделікті өмір мен әлеуметтік ұйымдасуды мүмкін қылатын құжаттар мен материалдық ресурстарды көрсетуі керек. Бұл этнографтардың «материалдық мәдениетті» ғана зерттеуге үлес қосуы үшін өздерінің басты мүдделерінен бас тартуы керек дегенді білдірмейді. Керісінше, этнография материалдар мен заттардың талдауын қамтуы тиіс, сондай-ақ олардың әлеуметтік мінез-құлық, әлеуметтік шынайылық және әлеуметтік бірегейлікті туындатуға қандай қатысы болатынын талдауы керек. Келесі тарауда көретініміздей, дәл сондай аргумент цифрлық технологиялардың көмегімен жасалатын виртуалды объектіге қолданылады.

7-тарау

Цифрлық әлемдегі этнография

Рефлексияның негізгі қағидасы этнографиялық зерттеу мен күнделікті өмір арасындағы конвергенцияны қамтиды. Ең қарапайым мағынада этнографиялық зерттеу қоршаған әлеуметтік әрекетті интерпретациялауда біздің әлеуметтенген дағдымызбен бірге қарапайым түрде бақылау мен тыңдауға негізделеді. Бүгінде мұндай қызметті атқару үшін цифрлық технологиялар пайдаланылады, сондықтан олардың да рөлі ескерілуі тиіс. Әрине, мұндай технологиялар этнографтар үшін де аса маңызды әрі қолжетімді құралға айналды Шын мәнінде жалғыз құрылғы смартфонның өзін, қашықтан сұхбаттар жүргізу үшін, әр түрлі виртуалды жағдайда онлайн қатысу үшін, интеракциялар мен әрекеттерді суретке түсіру, аудио және видео жазба жасау үшін, жазбалар (ауызша немесе жазбаша) даярлау үшін қолдануға болады.

Мұндай жаңа технологиялардың пайда болуы кейбір зерттеушілердің "цифрлық технологияның" айрықша формасын ұсынуына алып келді. Алайда бұл туралы әдебиеттерге шолу жасай отырып, аталмыш ұғымның әртүрлі мағынада қолданылғанын байқауға болады. Оларға компьютерлік коммуникациялар мен желілерге шектеулі назар аудару; виртуалды әлемді зерттеу; күнделікті өмірдің аспектілерін тіркеу мен талдауда цифрлық технологияларды қолдану; әлеуметтік субъектілердің "цифрлық технологияларды" пайдалануы; этнографиялық зерттеулердің өнімдерін құрастыру мен қайта құрастыруда цифрлық ресурстарды пайдалану жатады. Осы тарау барысында біз барлық аталған стратегияларға шолу жасауға талпыныс жасамаймыз. Ол үшін тұтас бір кітап қажет болар еді, оның үстіне мұндай еңбектер бар (қараңыз, мысалы Pink және басқалары, 2016; Hine 2000, 2015; Lupton 2014; Fielding және басқалары, 2017). Керісінше, біз заманауи цифрлық құрылғылар ұсынатын зерттеу мәліметтерін жинау мен дизайнының мүмкіндіктері; цифрлық кеңістіктер мен виртуалды әлемдерді этнографиялық зерттеу; сонымен қатар этнографияның өзін презентациялау және жазу үшін цифрлық орталардың әсері секілді арнайы таңдалған санаулы негізгі тақырыптарға тоқталып өтеміз. Біз әрдайым цифрлық зерттеулердің мультимодальды этнографиялық жұмыстардың дамуына қаншалықты ықпал етіп отыратынына ерекше көңіл бөлеміз. Сонымен қатар, біз этнографияны жүргізудегі цифрлық және дәстүрлі жолдар арасындағы тұтастыққа баса назар аударамыз.

Қазір біз далалық зерттеу жұмыстарын жүргізетін әлеуметтік әлемдер түрлі цифрлық технологияларға толы екенін білеміз. Оның ішінде қазіргі уақытта смартфондар, планшеттер мен ноутбуктерді пайдалану кең етек жайып, жаһандық және жергілікті байланыстардың

дамуына ықпал ете отырып, адамзат өміріне дендей еніп отыр. Қысқасы, көптеген адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасы цифрлық сипатқа ие болып отыр. Сонымен қатар, виртуалды қауымдастықтар мен кең таралған әлеуметтік қозғалыстар цифрлық технологиялар арқылы жұмылдырылуы мүмкін. Бұл этнографтар, тіпті олар әлеуметтік өзара әрекеттесудің қарапайым үрдістерін зерделеу барысында да, зерттеуге қатысатындардың осындай технологияларды қолдануын ескеруі тиіс дегенді білдіреді. Адамдар бір-біріне қоңырау шалып, хат жазысып қана қоймайды, тіпті өзара қарым-қатынас кезінде де өз мобильді телефондарынан ажырай алмайды. Оның үстіне интернетте қолжетімді нәрсе кей кезде жеке кездесулердің негізгі тақырыбына айналып отырады: суреттер мен твиттерді бөлісу, бірнеше адамдардың біреумен лезде аудио немесе видео арқылы байланысқа шығуы және т.б. Сонымен қатар, кездесулер, сұхбаттар мен басқа да шаралар онлайн өткізілуі мүмкін, тіпті олай болмаған күннің өзінде сол үлгідегі белгілі бір жаңалықтар арқылы хабардар бола алады.

Сол сияқты, бұған дейін атап өткеніміздей, этнографтардың цифрлық технологияларды өз мақсатына пайдалана алуы да маңызды. Олар тек қана әртүрлі виртуалды салаларды зерттеу үшін қолданылып қоймай, сонымен қатар жеке оқиғаларды аудио немесе бейне жазу үшін де қолданылады. Сондай-ақ олар әлемнің әр түкпіріндегі қол жетпейтін адамдармен байланысты барынша жеңілдетеді. Этнографиялық зерттеулер бұрыннан-ақ қолжетімді технологияларды қолданады. Экзотикалық жерлердегі шетелдік далалық зерттеу жұмыстары көбіне суретке түсіріліп келді, ал этнографиялық фильмнің тарихы ұзақ болды. Ауызекі әңгімелер мен халық музыкасы о бастан-ақ таспаға түсіріліп отырды. Соңғы жылдары этнографиялық зерттеулердің кең таралуы алуан түрлі әдістер мен технологияларды қолдануда көрініс тапты. Визуалды антропология мен әлеуметтану әдіснамалық әдебиеттері бар дербес сала ретінде қалыптасты. Біз ауызша мәліметті жинауға және талдауға үйренгеніміз соншалық, ол зерттеулердің түздік жағдайда тасымалды, сапалы жазу құрылғысының (алдымен аналогтық, кейін цифрлық) көмегімен жүзеге асқанын да оңай естен шығардық. Визуалды мәліметтерді жинау мен талдау, материалдық мәдениетті фотосурет арқылы таныстыру тағы да жоғары сапалы, ыңғайлы жазба технологияларының арқасында жасалды. Техникалық жағынан емес, интеллектуалдық мүмкіндігі тұрғысынан олар этнографияның зерттеу стратегиясына айтарлықтай өзгеріс енгізе қоймады. Сол үшін де біз "цифрлық этнографияға" қатысты әсіре айтылған тұжырымдарға сын көзбен қараймыз. Мұнда біз тікелей этнографиялық зерттеудегі цифрлық ресурстардың ықпалына тоқталамыз.

Этнографияның мультимодальды сипаты

Цифрлық технологиялардың әлеуеті бір зерттеу шеңберінде әртүрлі мәліметтерді жинауға және түрлі дереккөздерімен жұмыс жасап, оларды біріктіруге мүмкіндік береді. Негізінен этнография әрқашан мультимодальды болса да (зерттеуші тұтастай процеске кіріскен жағдайда деген ұғымда), цифрлық жазба барынша ашық және саналы мультимодальды ыңғайды қамтамасыз ете алды (Pink 2011). Цифрлық визуализация мүмкіндіктері визуалды материалдарды бұрын мүмкін болмаған оңай тәсілдермен этнографияның құзыретіне қосуға болатынын көрсетіп берді. Визуалды этнография мен фильм ұзақ уақыт антропологияның негізгі бөлігі болғанымен мұндай ресурстар көп жылдар бойына бөлек жанр ретінде қарастырылып келді. Монография фотосуреттермен иллюстрациялануы мүмкін, ал этнографиялық фильм онымен қатар өз маңыздылығы бар өнім болғанымен, этнографиялық зерттеудің есебіне енбеуі мүмкін. Соңғы уақытқа дейін әлеуметтану пәні өзінің басым тәжірибешілдері үшін тұрақты түрде мәтінге негізделген болды, тіпті визуалды мәліметтерге негізделген әлеуметтану талдаулары әлі де аз.

Дегенмен, жаңа цифрлық технологиялардың пайда болуы этнографиялық жұмыс үшін визуалды материалды кешенді этнографиялық салаға шынымен біріктіретін мүмкіндік берді. Оның ішінде смартфондар, цифрлық камералар мен видео камералар, визуалды және құжаттық дереккөздерді сканерлеу мүмкіндігімен бірге, этнографтардың "далалық жағдайда" және одан тыс жерде де ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндіктерін өзгертті (Lupton 2014; Pink et al. 2016). . Цифрлық визуализация дегеніміз іс жүзінде кез келген зерттеуші алдыңғы қатарлы технологияға жеке және қаржылық тұрғыда қол жеткізе алады дегенді білдіреді. Дегенмен, біз оны "кез келген адам дайындықсыз немесе арнайы білімсіз жасай алады" деген ұғым қалыптастырғымыз келмесе де, визуалды мәліметтерді бұған дейінгі буын өкілдері үшін мүмкін болмаған жолмен жинауға және саралауға болатынын ескерткіміз келеді. Документалды фильмдер мен телеарна бағдарламаларын құрастыру әлі де жоғары деңгейлі біліктілікті талап етсе де, технологияны күнделікті өмірде пайдалану зерттеу барысында кең ауқымды мәліметтерді жинау мен талдауға жағдай жасайды.

Визуалды мәліметтерді жинау мен қолдану әлеуметтік ғылымдар саласында мәдени талдау ықпалының артуы нәтижесінде айтарлықтай кеңінен таралды. Визуалды мәліметтер мен материалдық мәдениеттің репрезентациялары - мұндай зерттеулердің негізгі аспектісі. Оларға бейнелердің семиотикалық анализі, архитектуралық кеңістік анализі, дизайн этнографиясы мен отандық тауарлар мен кеңістіктер анализі

жатады. Дәстүрлі этнографиялық зерттеулер үшін мұндай аналитикалық стратегияларды қолдану және енгізу мүмкіндігі бары анық.

Рефлексивтіктің негізгі қағидасы "визуалды мәліметті" этнографтар жоқтан құрастырмауы тиіс екенін ұғынуды ұсынады. Мәдениеттердің өзіне тән визуалды түсініктері бар, мұндағы визуалды мәліметтер әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік ұйымның ажырамас бөлігі. Басқаша айтқанда, әлеуметтік өмірдің көптеген аспектілері визуалды тұрғыда құжатталған. Хиттің (Heath 2004; Heath және Hindmarsh 2002) технологиялық жанама әрекет бойынша еңбегі негізгі мысалдар топтамасын ұсынады. Мысалы, Хит пен Луф (Heath және Luff, 2000), Лондонның метро жүйесіндегі бақылау бөлмелерінде бірлесіп жұмыс жасау мен өзара әрекеттесуге талдау жасайды, мұнда экрандағы визуалды мәліметтер - күнделікті жұмыстың басты ерекшелігі болған. Ғылыми және медициналық зерттеу жағдайында визуалды мәдениет іргелі маңызға ие, ал мәліметтердің өзі визуалды терминдер негізінде құрастырылады. Думиттің (Dumit, 2004) нейровизуализация бойынша этнографиясында оның жасап шығарған ми сканерлерінің әсерлі бейнелері тек мәтінді ғана иллюстрациялап қоймайды, сонымен қатар бұл ғалымдар еңбегінің басты өнімі. Бұл тек бір ғана мысал. Ми қызметін визуализациялау биолог-ғалымдардың негізгі жұмысы, олардың ғылыми жұмысы барынша визуалды сипатқа ие. Сәйкесінше, бұл жерде ғылыми еңбектің "визуалды анализі" ғана емес, сондай-ақ ғылыми визуалды жұмыстың анализі де маңызды. Басқаша айтқанда, зерттегелі отырған әлеуметтік әрекет пен оның этнографиялық репрезентациясы арасында тікелей ұқсастық бар.

Материалдық мәдениет пен өнер саласындағы мәліметтерді жария етуге қатысты басқа да көптеген жергілікті жағдаяттар жайында да осыны айтуға болады. Мұражайтанудың дамып келе жатқан салалары мен материалдық мәдениеттің көрінісі визуалды және материалдық мәдениеттің қалай ерекше жағдайда туындайтынын көрсететін көптеген мысалдарды алға тартады, тиісінше мұндай жұмыстың дәлме-дәл этнографиясы ретінде міндетті түрде мәдениеттің визуалды компоненттерін бейнелейтін болады. Біз бұрынғы тарауда айтып өткеніміздей, дәстүрлі этнографтар көбіне күнделікті мәдениеттің визуалды аспектілеріне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеді, әрі дизайн, архитектура мен мәдени экспозицияның көптеген аспектілерін назардан тыс қалдырды. Қазір визуалды және материалдық анализ бойынша практиктер мен мәдениеттану саласының мамандары өте көп, дегенмен осы саладағы зерттеулер мен жалпы этнографиядағы далалық зерттеу жұмыстарын біріктіру қажеттігі туындап отыр. Қазіргі және болашақ зерттеулер қазіргі уақыттағыдай талдаудың мәтіндік және сұхбаттық

тәсілдерімен шектелмеуі тиіс. Цифрлық технология осы шеңберден шығу тәсілдерін қамтамасыз етеді.

Визуалды саладағы рефлексивтік зерттеушілер мен дерек берушілердің визуалды материалдарды жазып алуға арналған құралдармен қамтамасыз ету мақсатында кеңейтіле түседі. Осылайша олар да мәліметтерді өндіруге қатысады. Арзан, қарапайым камералар мен смартфондардың қолжетімділігі этнографтар оларды кеңінен пайдалана алады дегенді ғана білдірмейді; сонымен бірге, күнделікті әлеуметтік субъектілер зерттеу мақсаты үшін этнограф бірден «байқай» қоймайтын мәліметтерді ала алады (мысалы, қараңыз, Mannay 2010). Цифрлық технология мұндай мәліметті сақтауды және қолдануды қамтамасыз ететін болады. Ал дерек берушілер берген мәліметтер қатысушылардың өз әлемін қалай интерпретациялатынын және қандай бағдар ұстанатынын түсінуде маңызды. Информанттардың кеңістіктер мен объектілерді қалай тұтынатынын немесе олардың берілген ортада қалай орын ауыстыратынын ұғынуда мұндай мәліметтер өте пайдалы. Қатысушылар жасаған бейнелер сұхбат жүргізуде ынталандыру мақсатында қолданылуы мүмкін.

Қазір этнография мен мәдениеттанудағы визуалды анализ туралы қомақты әдебиет бар (мысалы, van Leeuwen және Jewitt 2001; Ball және Smith 1992, 2001; Crawford және Turton 1992; Loizos 1993; Harper 2012). Біз визуалды материал мен олардың репрезентациясы қаншалықты деңгейде жалпы этнографиялық жүйеге интеграциялануы керек екенін айту маңызды деп ойлаймыз. Визуалды фиксация мен репрезентацияның орнын айтарлықтай толтыратын кейбір ерекше құбылыстар бар. Бекердің фотография мен әлеуметтануға қосқан үлесі мұндай перспектива үшін жақсы мысал бола алады. Харпердің де еңбектері туралы солай айтуға болады (Harper, 1987, 2016, 2018). Пинктің (Pink, 1997) әйел-теодорлар туралы эмпирикалық жұмысы визуалды тақырыптардың жалпы этнографиялық анализбен интеграциясына жақсы мысал бола алады. Визуалды репрезентацияның этнографиялық проблемалары көбіне сурет және мәтін түрінде ұсынылған материалдық мәдениет анализімен тығыз байланысты. Алайда мультимодальды этнография дегеніміз тек мәтіндік емес материалдан тұрмайтынын айта кету керек: ол күнделікті өмірдің түрлі формалары (ауызша, визуалды және сенсорлық) қалай ұйымдастырылады және қандай маңызға ие болатынын көрсетеді, сонымен қатар күнделікті әлеуметтік орталарды жасау барысында олардың өзара қалай қиысатынын зерттейді.

Цифрлық кеңістіктегі этнография

Әртүрлі виртуалды алаңдардың маңызы ғаламдық және цифрлық әлеуметтік әлемде барған сайын артуда. Шынында да, қолданылатын технологиялар біздің "алаң" ұғымы туралы түсінігімізді кеңейтеді. Виртуалды, цифрлық кеңістіктерде "табиғи" қауымдастықтар бар. Ал информанттармен онлайн байланысу құралдарын қолданатын зерттеушілер көбіне ортасы бар әлеуметтік акторлардың желілерін пайдаланады. Кейбір информанттар үшін бастысы әлеуметтік шынайылық, сәйкесінше бірегейліктің негізгі көзі екені анық. Мұндай виртуалды қауымдастықтар этнографиялық зерттеу үшін жақсы мүмкіндік тудыра да алады, екінші жағынан әжептәуір кедергі келтіруі де мүмкін. Этнографтар қажетті технологияларды пайдалануда біліктілік танытқанымен, оларға бағыт-бағдар алу үшін жаңа аспектілер мен жаңа цифрлық орталарды үйренуге тура келеді. Алайда ондай орталар әлеуметтік өзара әрекеттесуді айқындайтын формаларды көрсетеді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды нақты зерттеуге қатысатын адамдар тобын қамту үшін пайдалануға болады. Ал мұндай байланыс көп информанттармен байланысқа қарағанда әлдеқайда тиімдірек болуы мүмкін. Мысалы, Стюарт ішек тітіркенуі ауруы бар адамдарды онлайн байланыс арқылы зерттеді (Stewart және Williams 2005). Бұл бетпе-бет сұхбаттың машақаты көп болған кезде, зерттеуге тікелей қатысуы қиын, ыңғайсыз және стигмалық жағдайды "қашықтықта" зерттеу мүмкін екеніне жақсы мысал бола алады. Дәл сол сияқты, Скот (Scott, 2004) ұяң адамдар мен ұяңдықтың конструкциялары туралы интеракциялық жобаны жүзеге асырды. Бұл адамдармен ол қашықтан байланыс орнатып, бірлесіп әрекет ете алды, ал мұны бетпе-бет жүзеге асыру әлдеқайда қиынырақ болар еді. Алғашында мұндайға сену мүмкін болмаса да, ұяң адамдар өзі туралы егжей-тегжейлі айтып беруге дайын, сондай-ақ өздерінің қарым-қатынас ғадеті туралы аса рефлексивті болып келеді. Шынында олардың ұяңдығының бірден-бір себебі өзін-өзі сезінуінің шамадан тыс жоғары болуы, сонымен қатар сұхбаттасу мен топтық динамикаларда интерактивті нақтылықтарға қырағы болуын. Осылайша, Скот информанттар өз ұяңдығы тәжірибесі туралы егжей-тегжейлі есеп бере алатынын және бөлісетінін, сонымен қатар олар үшін коммуникацияның бейтарап түрлерінің жақын екенін анықтады.

Мұндай зерттеулер киберкеңістікте міндетті түрде "табиғи" қауымдастықтарды зерттемейді. Мысалы, зерттеушілер ақпаратты тақталар мен арнайы чаттар ашу арқылы онлайн фокус топтарына үқсайтын уақытша зерттеу топтарын жасақтай алады. Олардың бетпе-бет кездесетін топтарға қарағанда артықшылығы біріншіден, белгілі бір деңгейде уақытқа тәуелді емес, екіншіден, информанттарды тұрақты негізде тіркеуге болады, яғни зерттеуге қатысуға уақыт пен арақашықтық

шектеулері кедергі болмайды. Әрине, сонымен қатар кемшіліктері де бар. Онлайн фокус топтар қысқа коммуникация каналдарымен жұмыс істейді, нәтижесінде бетпе-бет қарым-қатынастың жоқтығы шектеуші факторға айналуы мүмкін.

Этнографтардың жүзбе жүз кездесетін қауымдастықтарға және өзара қарым қатынастың интенсивті орталарына деген ерекше ілтипаты қазіргі қарым қатынас формалары «жергілікті» деп танылған ұғымның кең таралған желілерге, ал «қауымдастық» ұғымының әртүрлі формаларда болуы мүмкін екендігіне көз жұма қарауға ықпал етпеуі керек. Чикаго әлеуметтануына алғаш шабыт берген Чикагодағы поляк қоныстанушылары мен олардың Польшадағы туыстары арасында хат алмасуға ерекше көңіл бөлген поляк шаруасы екенін де ұмытпағанымыз жөн. Әрине, хат алмасудың бұл түрінің электронды түрде хабар жазысумен ортақ тұстары көп, дегенмен соңғысының жиілігі мен жылдамдығы ортақ әлеуметтік ортаны сезінуді одан да қарқынды түрде жүзеге асыра алады.

Оның үстіне тек киберкеңістікте ғана өмір сүретін "виртуалды қауымдастықтарды" этнографиялық тұрғыдан зерттеу кейде тек сол орта арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін. мұндай виртуалды жағдайда кибер-этнография әлеуметтік әрекет пен әлеуметтік ұйыммен айналысады. Мысалы, Уиллиамс (Williams, 2006) көппайдаланушылар домендеріне (MUDs) этнографиялық зерттеу жүргізді, мұнда қатысушылар аватар арқылы виртуалды бірегейлікке ие бола отырып, виртуалды әлемде бір-бірімен араласа алады. Ол мұндай әлем ішіндегі ашық "бақыланатын", сол сияқты әлеуметтік бақылаудың формальды емес типтеріне бағынышты әлеуметтік бақылау механизмдеріне баса назар аударды. Уиллиамс мұндай виртуалды әлемдерде виртуалды бақылаушы әрі қатысушы ретінде болды. Осылайша, информанттарды жинаумен ғана айналысатындармен салыстырғанда, оның еңбегі нағыз этнографиялық зерттеу бола алды. Виртуалды идентификация - пайда болып, дамып, өзгерген сайын - дербес зерттеу тақырыбына да айнала алады. Дегенмен, виртуалды әлемді "материалды емес" деп пайымдауға міндетті емеспіз. Уилиамс киберкеңістіктің виртуалды материалдануы мұндай кеңістіктерді этнографиялық тұрғыдан зерттеу үшін маңызды мүмкіндік беретінін көрсетті. Сондай-ақ оның зерттеуі мұндай жағдайда этнографиялық далалық зерттеулерге көңіл бөлу керек екенін анық көрсетеді. Өзге әлем секілді виртуалды әлемге де тән қауымдастық пен әлеуметтік бақылау бірегейлігіне қатысты мәселелер бары анық. Сол сияқты келіссөздер, өзара әрекеттесу және бірегейліктің қалыптасуы сияқты процестердің бәрі де "шынайы" әлемде өмір сүреді. Бұл тұрғыда "виртуалды" мен "шынайы" орта арасында фундаменталды айырмашылық жоқ, сондықтан цифрлық дәуірдегі зерттеу мұны ескеруі қажет. Десек те,

виртуалды және офлайн бірегейліктер арасындағы қарым-қатынас та этнографиялық мәселеге айналуы мүмкін.

Жақында Боэльсторф (Boellstorff) пен оның әріптестері виртуалды әлемдер этнографиясы бойынша маңызды мәлімет жасады. Олар өздерін "виртуалды этнографтар" ретінде емес (46), виртуалды әлемдер этнографиясын жасайтын этнографтар ретінде қарастырып, виртуалды әлемдерді келесі төрт ерекшелік аясында сипаттайды:

Біріншіден, олар кеңістікте орналасқандықтан ғалами түсінікке ие. Бұл тек қана кеңістіктегі репрезентациялар арқылы ғана емес, сонымен қатар қатысушылардың өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін, ары бері қозғалуына жол ашатын объектіге толы ортаны ұсына алады. Екіншіден, виртуалды әлемдерге мультипайдаланушылық сипат тән; олар синхронды қатынас пен өзара әрекеттері бар ортақ әлеуметтік орталарды қалыптастыра алады. Мұнда қатысушылар бір-бірінен оқшау әрекет ете алса да, виртуалды әлемдер бірігіп өмір сүру арқылы дамиды. Үшіншіден, олар - тұрақты: тіпті қатысушылар виртуалды әлемнен кетіп қалса да, олар бір формада өмір сүруін жалғастыра береді. Сөйтіп олар платформаның өзінің немесе басқа қатысушылардың іс әрекетіне сай бірінің орнын бірі толтырып отырады. Төртіншіден, виртуалды әлемдер әдетте қатысушыларға өздерін аватарлар ретінде анықтауға мүмкіндік береді [. . .] солар арқылы олар виртуалды әлемді зерттейді және оған қатыса алады (Boellstorff және басқалары, 2012:7; автордың белгілеуі).

Әрине, мұндай "виртуалды" әлемдерді және басқа да әлеуметтік орталарды этнографиялық тұрғыдан зерттеу жергілікті орта туралы білім мен нақты техникалық дағдылардың болуын (мысалы, аватар ретінде қалай жұмыс жасауға болатыны сынды) талап етеді, алайда бұл кез келген мамандандырылған немесе белгісіз салада этнографияны жүргізуден айырмашылығы жоқ.

Хит (Heath) пен оның әріптестері соңғы зерттеулерінде виртуалды әлеуметтік жағдайда ең әуелі эмпирикалық зерттеудің қажеттілігін дәлелдеген болатын. Виртуалды шынайылыққа қатысты еңбектерін таныстыра отырып, авторлар "кибер" немесе "виртуалды" феномендер бойынша жаһандық әлеуметтік трендтер мен қиялдағы болашақтың болжамдары туралы көбірек бас қатырады, ал виртуалды жағдайдағы нақты әлеуметтік әрекет бойынша зерттеу аз немесе жоқтың қасы. (мысалы. Hindmarsh және басқалары, 2006). Олар виртуалды әлемдегі әрекеттің материалдық өмірдегі нақты әрекетке қаншалықты тәуелді екенін атап өтеді. Адамдар киборгтерге айналған, ал "виртуалды" әрекет қарапайым әлеуметтік өмірдің күнделікті тәжірибелерінен

ажыраған (белгісіз) болашақ туралы тұжырым жасау қисынсыз болады. Бізге, кем дегенде, цифрлық әлемдердегі әлеуметтік өзара әрекеттесу қалай жүзеге асатыны туралы салмақты этнографиялық зерттеу қажет.

Бұл этнографиялық мүмкіндіктер жаңа технологиялар арқылы жүзеге асқан әлеуметтік өзара әрекеттесу мен ұйымның дәстүрлі этнографиялық сипаттамаларымен қатар болуы тиіс. Смартфондар ұтқырлық пен қатынастың әлеуетті жаңа формаларын зерттеу үшін ғана бірқатар мүмкіндіктерді қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар далалық зерттеуді жүргізуде өзінің креативті қолданысын ұсынады. Заманауи зерттеушілер мобильді технология арқылы адамдармен "шынайы" байланыс жасай алады - мысалы, қала кварталдарының ішінде қозғалыста жүрген жастармен мәтіндік хабарлама алмасу немесе тіпті сұхбаттасу.

"Виртуалды этнографияны" зерттеуде Хайн (Hine, 2000, 2015) Луиза Вудворд туралы интернетте кең талқыланған нақты мысалға көңіл бөлді. (қамқорлығындағы баланы сілкілеп, оның өліміне себепші болған британдық бала күтушісі). Ол заманауи ақпараттық технологиялар радикалды түрде өзге әлеуметтік шынайылықтарды қалыптастырады немесе киберкеңістіктерді этнографиялық тұрғыда зерттеуге болмайды деген тұжырымдар қажетсіз дейді. Іс жүзінде Хайн этнографиялық зерттеудің ең көп таралған принциптерін виртуалды этнографияға арналған ережелер жиынтығын жасау үшін бейімдейді (pp63-5). Оларға:

Өзара әрекеттесу алаңы ұғымына күмән келтіре отырып, бұқаралық ақпараттың интерактивті құралдары этнография үшін зор мүмкіндік тудыра алады, сонымен қатар, қиындыққа тап қылуы да мүмкін. Киберкеңістікті "шынайы өмір" және бетпе-бет өзара әрекеттің кез келген байланысынан ажыраған кеңістік ретінде ойламауымыз керек. Ол өзі қолданылып отырған контекстермен күшті және кешенді байланыстарға ие. Сонымен қатар ол түрлі контекстерде әртүрлі қолданылатын және ұғынылатын, сондай-ақ жинақталған, меңгерілген, талданған және контекстке кірістірілген технологияларға тәуелді. Мұндай технологиялар талдау икемдігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Интернет сынды бұқаралық ақпараттың интерактивті құралдары мәдениет және мәдени артефакт ретінде түсіндірілуі мүмкін. Кез келген біреуіне ғана назар аударып, басқасын елемей жұпыны көзқарасқа алып келеді (Hine 2000:64).

Цифрлық медиа мәдениетті, әрекетті, артефактті зерттеу әдістерін қамтамасыз еткендіктен, олар әлеуметтік өмірдің осындай нақты формаларын зерттеуде рефлексивті этнографиялық құралдарды ұсынады.

Цифрлық ортадағы мәліметпен жұмыс жасау

Этнографтар мен сапалық зерттеушілер мәліметтерді талдауды оңтайландыру үшін оларды сақтау, басқару, ұйымдастыру және іздеуде де цифрлық технологияны пайдаланады. Иә қазіргі әлеуметтік зерттеулердің мұндай ресурстарды пайдаланатыны қалыпты дүниеге айналды, керісінше олардың зерттеу жобалары мен жоспарларында технологияның болмауы теріс бағалануы мүмкін. Біздің пікірімізше этнографтар әлі де бұл технологияны дұрыс қолданып жатқан жоқ. Біз технологиялық детерминизмді жақтап отырған жоқпыз, сонымен қатар әлеуметтік сала зерттеушілерінің ойлауы технологиялық шешімдерді іздеумен айқындалады немесе айқындалуы тиіс деп есептейміз. Далалық зерттеулерді жүргізу, мәліметтерді талдау, этнографиялық материалды жазумен байланысты күрделі тапсырмалар үшін дағдылы шешімдер жоқ екені анық. Өз кезегінде, біз әлеуметтанушылар жаңа технологиялардың оларға және олардың зерттеулеріне не бере алатынын зерттей алады және зерттеуі тиіс деп ойлаймыз. Жаңа цифрлық технологиялар неғұрлым күнделікті өмірімізде дауыс пен бейне үшін жаңа нәрселер жасауға мүмкіндік берген сайын, соғұрлым әлеуметтік ғылым мәліметімен пайдалана отырып, жаңаша жұмыс жасауға көмектесе алады.

Кәсіби жолының әр кезеңінде немесе зерттеу жобаларының дәл ортасына келгенде этнографтар өздері хатқа түсіргісі келетін әлеуметтік ортаның дұрыс репрезентацияларын дайындау үшін мәліметтермен жұмыс жасау мен оларды ұйымдастыруда күрделі болып көрінетіндей мәселелермен бетпе-бет келіп отыратын. Көбінесе өңделуі тиіс мәлімет шамадан тыс көп болатындай көрінетін. Антропологтар мен әлеуметтанушылар этнографиялық зерттеуде мәліметтердің "молдығы" туралы айтқанда, бұл олардың жинап, сақтайтын ақпаратының көлемі мен күрделілігін айғақтаудың тағы бір жолы болуы мүмкін. Ұзаққа созылатын далалық зерттеулерден бірнеше мың сөзден тұратын транскриптітер, зерттеу жазбалары мен құжаттық дереккөздер түсіп отырады; олар көбінесе көптеген суреттермен, тарихи артефакттермен және басқа да жәдігерлермен толықтырылып отырады. Барлық материалды реттеу, түсіну, жұмыс жасау және оларды бір-бірімен өзара байланыстыру - күрделі шаруа. Оның үстіне этнограф бұл материалдарды репрезентацияның жаңа формаларына өзгертуі тиіс - әдетте зерттеу монографиясы мен ғылыми мақалалар болады (сонымен қатар фильм, фоторепортаждар мен онлайн презентациялар да болуы мүмкін).

Мінсіз болмаса да, бірақ көптеген ресурстар мен медиа арқылы фиксацияланған әлеуметтік әлем тұжырымдалған нарративтер мен тақырыптарда өзін анық көрсетпейді. Практик бір уақытта әртүрлі жағдайда кездесетін лингвистикалық, визуалды, ымдық, материалдық және басқа да әлеуметтік орталармен бетпе-бет келеді. Ол өзі жеткен

биігінде тоқтап қалмайды, өзін өзгеше қырынан ашу үшін жалғастыра береді. Біз мәліметтерді әртүрлі тәсілдермен жинаймыз, сондықтан біздің мәліметтеріміз қарапайым мәтінге айнала салмайды, ол әлі өңдеуді қажет ететін шикізат сынды. Әлеуметтік әлемдердің басы, ортасы мен соңы болмайды: олар бізге әралуан ақпарат, репрезентациялар мен идеялар беретін үзіліссіз процестер. Этнографтың міндеті әрқашан өз мәліметтерін зерделеу болып қала береді. Бірақ біз жиналған деректердің шағын ғана фрагментін алып дайындалған есептерге пайдаланып, қалған ірі бөлігін архивтерге жолдасақ немесе өзге жұрттың көзінен таса етсек, көптеген мәліметтерден айырылып қалуымыз мүмкін. Сондықтан бұл дұрыс емес. Цифрлық ақпараттық технология ауқымды және кешенді деректер топтамасын сақтауға, реттеуге және іздеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол - бізге деректерді креативті жолмен зерттеуге жол ашады.

Көбіне жас та, тәжірибелі де этнографтар өз оқырмандарына шамадан тыс этнографиялық материалды ұсынғысы келетінін мойындайды. Алайда бұл мәліметтерді пайдалану үшін жанама далалық зерттеулер немесе басқа да анализдер жүргізу керек. Жоғары деңгейлі тезистер (диссертациялар), кітаптар мен журнал мақаласы сияқты дәстүрлі мәтіндік форматтарға қойылатын талаптар мен шектеулер, маңызды детальдар мен әркелкі немесе қайталанған мотивтердің аса мол көлемді ақпаратын ұсынуды көздейтін әрі күрделі формалар мен шаблондарды пайдаланғысы келетін авторлар үшін машақаты көп болы көрінуі мүмкін.

Мәліметтерді компьютерлік тұрғыдан талдау

Цифрлық технологияның жедел дамуы деректер барынша жиі цифрлық тәсілмен жинақталады, таспаланады, сақталады және реттеледі дегенді білдіреді. Сапалық деректер анализі компьютерлік бағдарламасының (CAQDAS) жаппай қолданылуы мұндай дамудың бір ғана аспектісі. Бір кездерде инновация ретінде болса, енді көптеген этнографиялық және сапалық зерттеу жобаларының қалыпты аспектісіне айналды. Бұл жердегі біздің мақсатымыз нақты компьютерлік бағдарламаға шолу жасау емес. Оның орнына біз цифрлық дәуірдегі этнография туралы түсінікті кеңейте түсу мақсатында кейбір жалпы түсініктемелерді қосқымыз келеді.

Ең қарапайым қолданыс деңгейіндегі арнайы компьютерлік бағдарламалар этнографтарға деректерін жүйелі, әрі толық көлемде сақтауға, реттеуге және іздеуге мүмкіндік береді. Олар зерттеушіге бұған дейін барлық жерде қолмен жасалған деректерді реттеу мен іздеу сынды рәсімдерді жасауға мүмкіндік береді. Аналитиктер деректерді индекстеу және кодтау арқылы бір ғана феноменнің бірнеше жағдайы үшін деректер топтамасын іздей алады. Сараптамалық тұрғыда кодтау мен іздеу

жұмыстары этнографиялық пайымдаудың іргелі процедураларына кіреді - яғни арықарай деректерді тексеру мен ұғынуға әкелетін, оларды кең әрі жалпылама топтар не категориялармен байланыстыратын мысалдар мен кейстерді сәйкестендірудің қайталама процестері оларды түбегейлі түсінуге әрі терең зерттеуге жол ашпақ.

Қазіргі уақытта CAQDAS техникасын қолдану жоғары білімнен кейінгі оқу бағдарламаларының басым бөлігінде бар әрі бұл жас зерттеушілер үшін қалыпты процесс болып отыр. Коммерциялық қолдау тауып, таралған кейбір бағдарламалық өнімдер салалық стандартқа айнала бастады. Сапалық деректерді реттеуде мұндай бағдарламаларды жалпы қолдану туралы бізде бірыңғай нұсқаулық жоқ. Бағдарламалық жасақтама, концептуалды айтқанда, оның өзінен дербес міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бізге деректерді сұрыптауға, оларды алуға, аналитикалық және методологиялық жазбалар тіркеуге, мәліметтер базасын іздеуімізге болады. Оның үстіне біз бағдарламалық жасақтаманың көмегімен бұл міндеттерді тиімдірек әрі өтімдірек тәсілмен жүзеге асыра алатын боламыз. Деректерді іздеу жедел, әрі толық болуы мүмкін. Деректерді іздеу әлдеқайда күрделірек болады: талдаушы деректер корпусының ішінде талдау бірліктерінің үйлесімдігі мен жақындығын іздеуі мүмкін. Бұл анық артықшылықтары. Алайда біз этнографтардың CAQDAS бағдарламасының шеңберінен шығып, заманауи цифрлық технологиялармен жұмыс жасау тәсілдерін игеріп, оларды дамытуды мақсат еткен барынша креативті жолдарды да үйренуге талаптанғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Әрине, бағдарламалық жасақтаманы пайдалану этнографиялық тұжырым процестерін алмастыра алмайды. Деректерді кодтауды да, кейстерді іздеуді де механикалық жаттығу ретінде қарастыруға болмайды. Сондай-ақ ол контент-анализдегі жаттығу емес және болмауы да тиіс. Мәселенің интеллектуалдық қаупі сонда аналитик жай ғана деректердегі "тақырыптарды" іздейді, көрнекі материалдарда біріктіріп, жинақтайды, содан кейін егер бұл анализге апарар сатыдан гөрі, анализдің соңы болса тандалған «тақырыптар» тек қайталана беруі мүмкін.

Қарапайым кодтау мен деректерді шығару стратегиясына негізделген бағдарламалық жасақтаманың пайда болған алғашқы күнінен бері оның функциялары мен потенциалды қолданыс аясы кеңейді. Қазір анализдің фундаменталды қағидалары әлі де қолданыста болса да, бағдарламалық жасақтаманың мүмкіндіктері деректерді сақтай, өңдей алады, сәйкесінше оларды әр түрлі дереккөздер арқылы және әртүрлі үлгіде репрезентациялай алады. Алғашқы бағдарламалық жасақтама кодталған мәтінді сүйемелдеу үшін жасалды. Қазіргі кезде әртүрлі бағдарламалық пакеттер визуалды, аудио, видео және кеңістіктегі

деректерді де біріктіре алады. Қарапайым категориялау мен іздеу деректермен одан әрі күрделірек жолмен жұмыс жасауға мүмкіндік ашты.

Левинс пен Сильвер (Lewins and Silver, 2014) CAQDAS бағдарламасының жаңа нұсқасы арқылы орындалатын бірқатар аналитикалық стратегияларды сипаттап берді. Басты мәселелердің бірі деректердің қысқаруы (қарапайым кодтау арқылы) мен оларды зерделеу мен ұсынудағы үлкен кешенділікті ескеру арасындағы қарама-қайшылықта болып отыр. Зерттеушілердің көбі тұжырымдардың қайталанатын типтерін немесе мәліметтердегі әрекеттерді айқындау мақсатында тақырыптық анализге сүйенеді. Бағдарламалық жасақтамаларды қолдану деректер топтамасын айтарлықтай толық іздеуге мүмкіндік береді. Көп жағдайларда заңдылықтарды анықтау этнографтарды әрі қарай типологиялар, нарративтер мен концепцияларды құрастыруда елеулі деректермен қамтамасыз етеді. CAQDAS лингвистикалық анализ жасауда да қолданылады. Дискурс анализ бен нарратив үшін мәтінді өңдеу функциялары бар бағдарламалық жасақтама қолданылуы мүмкін: деректер корпусында (зерттеу жазбалары, интервью транскриптілері, транскрипталған бейресми интеракциялар) лексикалық бірліктер, олардың реті мен үйлесімділігі қаралады (Lewins and Silver 2014: 24–6). Кез келген бағдарламалық жасақтаманы қолдануда мұндай процедуралар дискурсивті реттіліктің теориялық анализін, дискурсивті стратегияларды, есептеуші құрылғылар мен тәжірибені нарративті құрылымдауды алмастырмайды. Сондай-ақ, визуалды материалдарды қолдану және пайдаланудан бұрын олардың мәтін түрінде кодталғаны үнемі талап етіледі.

Басқаша айтқанда, басым бөлігі кодтау процедураларына негізделген, заманауи әртүрлі материалдарды қамтитын кешенді CAQDAS деректер топтамасымен жұмыс жасай алады. Мына жердегі кодтау мысалдар мен деректер сегменттеріне аналитикалық белгілерді бекітуге жатады (8 және 9 тарауларды қараңыз). Механикалық түрде кодтау мен бағдарламалық жасақтаманың бұрынғы нұсқалары индекстеудің қарапайым формаларына негізделген, ал қазіргі заманғы бағдарламалық жасақтамалармен кешенді, көп-деңгейлі кодтауды жүзеге асыруға болады. Бағдарламалық жасақтама концептілер мен деректерді картаға түсіріп, байланыстыру функцияларын қамтиды. Аналитикалық түсініктемелер мен методологиялық жазбалар да сол байланыстарға тиесілі болуы мүмкін. Осылайша аналитик деректер мысалдары, сондай ақ деректер мен жаңа идеялар арасында тығыз өзара байланыс желісін қалыптастыра алады. Кейде ол "теория жасау" аясында түсіндіріліп жатады, алайда ол мәліметтер мен идеялардың өз ішіндегі және арасындағы күрделі қарым қатынастарды түсінуге көмектесуі мүмкін,

дегенмен бұл анализ жасайтын машина емес, бұл тек қана бұндай жағдайда этнографқа көмек көрсете алатын құрал ғана.

Келесі параграфта гипермәтін мен гипермедиа функцияларына негізделген цифрлық ортада деректер туралы қосымша ойлау стратегиясын талқылаймыз. Бұл тәсіл цифрлық әдістері мен олардың қызметі белгілі бір деңгейде ұқсайтын CAQDAS-тан бастау алатын әртүрлі бағыттарға негізделген.

Мультимедиа және гипермедиа этнографиясы

Гипермедиа тәсілдерінің жақтастары компьютерлік анализ стратегиялары цифрлық технологиялар беретін үлкен мүмкіндіктерді көбіне жіберіп алады деп тұжырымдайды. Өзіміз көргеніміздей қазіргі заманғы бағдарламалық жасақтаманың функциялары - мәтінмен жұмыс істеудің басты функцияларынан ауқымды. Қазір біз цифрлық құралдар арқылы түрлі деректерді жинау мен сақтау техникасына иеміз. Кейбір жағдайларда технологиялардың жедел дамығандығы соншалық, күнделікті қолданыспен салыстырғанда олардың бізге ұсынып отырған ғылыми мүмкіндіктерін зерделеуге уақытымыз әрең жетуде. Кино түсіру тек энтузиастер мен мамандар құзыретінде болса, цифрлық фотографияны қолдану танымалдығы жағынан кино түсіруден асып түсті. Цифрлық камералар мен телефондардың қуаты олар аса жоғары сапалы суреттер жасай алады дегенді білдіреді. Осылайша, цифрлық сурет технологиясы кәсіби зерттеушілер мен қаржыландырылатын зерттеу топтарын айтпағанда, әр студентке қолжетімді. Әрине, цифрлық суреттер зерттеу мен презентация жасау мақсатында басылып шығарылған дереккөздерден сканерлеу арқылы да алынуы мүмкін. Іс жүзінде, көбіміз лекция мен конференция үшін цифрлық презентацияға визуалды материалды енгізуде осылай жасап үйренгенбіз. Алайда цифрлық фотография далалық жағдайдағы мәліметтер жинау мен суреттерді этнографиялық талдауға енгізу арасындағы тікелей байланысты жасауға мүмкіндік береді. Цифрлық видео да сондай, сонымен қатар этнографиялық фильм мен оны коммерциялық және көркем жанрда қолдану арасында маңызды сәйкестіктер бар. Сондай ақ олар гипермедиа технологиясы арқылы айтарлықтай жақсара түсті.

Гипермедиа этнографиясы мен гипермедиа этнографиялық ортасын жасаудың жалпы қағидалары басқа жерде сипатталған, біз техникалық детальдары да, жүзеге асырудың практикалық аспектілері туралы да айтпақшы емеспіз (қараңыз Dicks, Mason, Coffey, мен Atkinson 2005). Басты қағидалары - біздің мақсатымыз үшін ең маңызды. Гипертекстің басты идеясы жаңа емес. Лэндоу (Lindow, 2006) сынды авторлар жасап шығарған ұғым мәтіндер мен мәтіндердегі орындарды байланыстыру мүмкіндігіне негізделеді. Мысалы, әдеби салада мәтіндердің ауқымды

топтамасын байланыстыруға болар еді. Байланыс мәтінаралық сілтемелерге, ескертулер мен басқаларға, бірдей троптарға, бірінші реттік мәтіннің сыни дереккөздері сілтемелеріне және т.б. негізделуі мүмкін. Гипертекст көптеген романдар, биографиялар немесе хронологиялардың дәстүрлі желілік құрылымына ұқсамайтын нарративтік мәтіндер жасауда қолданылады. Оқырманға мәтіннің бірегей нұсқасын жасауға мүмкіндік беретін әртүрлі бағыттағы сілтемелерді пайдалану арқылы көркем әдебиеттің гипермәтіндік жұмысы әртүрлі жолмен жасалуы мүмкін - Йен Пирстің Аркадиясы (2015) мысал бола алады.

Осылайша, гипермәтіндік жұмыс немесе гипермәтіндегі байланысқан материалдар жиынтығы көптеген байланыстар мен түрлі жолдарды құрастырады. Гипермәтіннің принципі әсіресе сілтемелермен жұмыс жасауда пайдалы. Оқырманды бір жазбадан екіншісіне қайта-қайта сілтеп отыратын сөздік немесе энциклопедия жазу мен оқу үлгісіндегі гипермәтін ретінде болады. Гипермәтіндік энциклопедияға қарапайым мәтіндік құрылым ешқашан қажет болмас еді. Оқырманның бір жазбадан екінші жазбаға тұрақты түрде көшу мүмкіндігі болар еді. Қарапайым кіріспе энциклопедия мен мамандандырылған анықтамалардың жұмысы қажет болмас еді, өйткені гипермәтін жүйесі сілтемелер мен мәтіндерге әрі қарай ілесіп отыруы, көбірек крос сілтемелер мен басқаларды жинау үшін оқырманға әр түрлі нақтылықты деңгейінде, түрлі дәлелдер дереккөздермен зерттеу жасауға мүмкінді береді. Бұл қазіргі заманғы оқырмандардың көбіне таныс - навигация тәжірибесі. Дүниежүзілік ғаламтор көп мүмкіндікке ие. Әлбетте, біз шексіз көрінетін сілтемелер жиынтығында тек сілтемелер арқылы ғана бағдар ұстаймыз. Ақпараттың нақты бір дереккөздерін анықтау үшін біз іздестіру жүйелерін пайдалана аламыз, сол жерде тереңірек және кеңірек бағыт алуымызға болады. Осылайша біз өзіміздің жеке, мүмкін бірегей жолдар жинағын құрастырып, нәтижесінде ақпараттың жаңа жиынтығын жасаймыз.

Шын мәнінде, гипермедиа этнографиясы осыған ұқсас тәсілді қолданады. "Гипермедиа" ұғымы түрлі медиа арқылы жиналған әртүрлі деректерді бір цифрлық ортаға біріктірілуіне қатысты айтылған. Мәтінмен бірге, фотокадрлар мен видео суреттер, сонымен қатар әр түрлі құжаттар да қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ сұхбаттың цифрлық жазылған нұсқасы оны цифрлық күйінде жазып немесе көшіріп бере алатын гипермедиа ортасында сақталып, өңделуі тиіс. Іс жүзінде, егер сіз сұхбатты цифрлық бейнекамераға жазып алсаңыз, бір уақытта транскрипт пен стенограммаға қол жеткізе аласыз. Басқаша айтқанда, гипермедиа ортасы әртүрлі дереккөздер арқылы этнографиялық материалды біріктіруге мүмкіндік береді. Ол этнографқа цифрлық жазбаның мүмкіндігін әртүрлі медиада қолдануына жағдай

жасайды. Әрине, қолжетімді технология арзан болғандықтан ғана визуалды материалдарды оңды-солды қолдана берудің қажеті жоқ, алайда цифрлық визуализация - этнографтар жиірек, барынша жүйелі қолдана алатын және қолдануы тиіс ресурс. Біз визуалды мәдениеттерде өмір сүріп жатырмыз, сәйкесінше біздің этнографиялық зерттеулерге қатысты негізгі талаптарымыз қатысушылар бақылауының құндылықтарына негізделеді. Алайда бұл контекстінде қолданып отырған "бақылау" қарапайым бақылауға қарағанда әлдеқайда күрделірек, мұнда мәдениеттің визуалды аспектілері мен зерттеудің бақылау аспектілері арасындағы байланыс еленбей қалмауы тиіс. Сондықтан да гипермедиа ортасында визуалды деректер мәтіндік және ауызша деректермен тең дәрежелі. Оларды жай ғана иллюстративті материалдарға жатқызуға болмайды.

Гипермедиалық бағдарламалар әртүрлі мәтіндер, түрлі медиа мен деректер топтамасы арасында байланыс құрастыруды мүмкін еткендіктен, жиі кездесетін кодтау жағдайлары сияқты деректерді бөліп қараудың қажеті жоқ. Осылайша, гипермедиалық орта сұхбат материалдарын, видео жазбалар, аудио жазбалар, фотографиялар мен құжаттық дереккөздерді толығымен сақтап қоя алады. Теориялық тұрғыда авторлар мен оқырмандар құжаттар мен мәтін арасында немесе олардың ішінде орын ауыстыра бере алады. Деректер қоры үнемі бар болғандықтан, зерттеулер мен навигациялар үздіксіз жалғаса береді. Барлық байланыстар белгіленіп, мазмұндалуы мүмкін. Нақтылығы мен күрделілігі әр түрлі аналитикалық комментарийлер тікелей дереккөздермен немесе өзара байланыса алады. Сондай-ақ "әдебиеттерге шолуды" бөлек сақтаудың қажеті жоқ, себебі тиесілі сілтемелер, глоссарийлер мен комментарийлер деректерге қосылады. Әрине, тәжірибе жүзінде мұндай тәсіл белгілі бір қиындықтарға тап болады. Егер оқырманның толық деректер қорларына рұқсаты болса, олар мысалы, анонимділікті немесе жалпы құпиялықты сақтаумен байланысты кез келген этикалық проблемалардың алдын алу мақсатында әбден редакциялануы тиіс. Сонымен қатар гипермәтіндік этнографияныдайындау ерекше еңбектенуді қажетсінеді, өйткені навигациялық жолдарды құрастыру мен деректерді даярлау аса күрделі.

Гипермедиалық этнографияны жасаушылар оның құндылығы қарапайым деректермен жұмыс істеу жүйесінде емес, тіпті ол мәтіндік, аудио және визуалды секілді түрлі типті цифрлық деректерді біріктіре алуында да емес дейді. Цифрлық технологияны қолданудың шын құндылығы мен мәні гипермедиа этнографиясының "таспаға түсіру", "талдау" мен "жазу" арасындағы айырмашылықтарды жояды. Деректер мен репрезентацияның жоғары деңгейдегі интеграциясы мен икемдігі сайып келгенде "классикалық" этнографиялық зерттеулердің когнитивті міндеттері мен интеллектуалды алғышарттарына сәйкес келетін

аналитикалық тәсілге жағдай жасайды. Сонымен қатар, алдын ала құрылымданған дәстүрлі қосымшаларға қарағанда олар зерттеушілер мен зерттеу топтары арасындағы жеке айырмашылықтарды оңай ескере алады. Көптеген сілтемелер мен трейлдер құру мүмкіндігі сарапшыны ассоциация мен мәннің тығыз желілерін іздеуге талпындырады. Көп жылдар бұрын, Томас "кибер дәуірдің" қиындықтары мен мүмкіндіктерін көрсете отырып, этнографияның болашағы туралы болжамын ұсынды.

Беккердің марихуана пайдаланушылары туралы зерттеуі, Манның наркотик делдалдары бойынша есебі немесе Ирвингтің түрме мәдениетіне анализіне 3-D визуалды және дауыс эффектісін қосса, мәліметтердің қандай егжей-тегжейлі боатындығын елестетіп көріңізші. Мұндай мәліметтер этнографиялық мәтіндерді тек толығырақ нақтылықтармен байытып қана қоймай, ол оқырманға деректер мен анализ алынған контекст туралы түсінік қалыптастыра отырып, жауапкершіліктің жаңа деңгейін қамтамасыз етер еді (Thomas 1993:1).

Гипермедиалық этнографияны толық жүзеге асыру - қазіргі жағдайда әртүрлі шарттармен шектеулі. Деректердің, әсіресе визуалды деректердің, сансыз көп дереккөздері ретінде компьютер жадысы өте тапшы, жады айтарлықтай арзан, ал персоналды компьютер барған сайын ауқымды ақпаратты өңдеуге қабілетті болса да, іс жүзіндегі шегіне жақын арада жетуі мүмкін. Кейбір практикалық көріністері пайда болып, веб-материалдар бұрынғыдай сирек болмаса да, шығындармен байланысты гипермедиялық этнография әлі де даму үстінде. Осыған дейін айтып өткеніміздей, гипермәтін этнографиялық ортасын құру жұмысы - ауыр да бейнетті. Ол, әдетте этнографтарға тән дағдылардан бөлек, атап айтқанда, редакциялау сынды кейбір дағдыларды қажет етеді. Вебсайттарға үнемі қызмет көрсетіп отыру қажет. Алғашқы шабыт кезінде бұл құрылғыларды орнату және кейінгі қаржыландырылатын жоба мерзімі бойына қызмет көрсетіп отыру салыстырмалы трде жеңіл. Алайда олардың ұзақ мерзімдігін қамтамасыз ету қиындау. Ал "жансыз" цифрлық ортаның дәстүрлі баспа құралдарымен салыстырғанда айтарлықтай артықшылығы жоқ. Бұл мәселе тек этнографиялық зерттеуге ғана қатысты емес. Интернетке негізделген зерттеуге уақыт және адами, педагогикалық ресурстарды инвестициялау зерттеу топтары мен демеушілер үшін қор жасау үстінде. Сонымен қатар, деректерді сақтау, талдау мен репрезентацияны толықтай біріктіру оқырман бағдар алуы тиіс аса күрделі ортаны құруы мүмкін. Көп мөлшердегі нұсқаулықтарсыз және экрандық көмексіз гиперкеңістікте оқырмандар оңай адасуы мүмкін; дәйексөздер іздеу сияқты ең қарапайым желілерде жұмыс жасаған кез келген пайдаланушы дәйексөзден дәйексөзге апаратын жолды қадағаласа да

бағдарын жоғалтып, цифрлық бейнелер мен түсініктерден басы айналуы мүмкін.

Гипермедиалық ортаға толығымен тәуелді болмай цифрлық технологияның кейбір ерекшеліктерін бейімдеу үшін қолданылатын аралық және аралас шешімдері бар екені анық. Кітаптар мен журнал мақалалары сияқты барынша дәстүрлі баспа материалдарымен қатар вебсайттарды пайдалану - осындай тәсілдердің бірі. Ол түрлі деректер топтамаларының аспектілерін өздері үшін қарай алатын, видео мен басқаларына, баспа медиада қайтадан басылуы қажет емес релевантты суреттерді шолып шыға алатын оқырманға қолжетімді болуы мүмкін. Бұл қазіргі уақыттағы электронды жариялынымдарға да қатысты. Басқа фактілерге, сілтемелер мен комментарийлерге рұқсат беретін, авторлар жұмыс істейтін вебсайттарға журналдардың сілтемелер жасамауының ешқандай себебі жоқ. Мұндай вебсайттар зерттеуші мен оның оқырманы арасында интерактивті және диалогтық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта глобалды коммуникацияны мүмкін ететін танымал әдіс - веб-лог ("блог") феномені болып табылады. Мұндай цифрлық ортада авторлар жаңа идеялары, жеке ойлары мен деректерінен қосымша мысалдар қалдыра алады. Айта кету керек, бұл "кітаптың соңы" дегенді білдірмейді. Өзіміз көргендей, вебсайттарға сілтемелері бар кітаптың дәстүрлі қағаз нұсқасының болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, электронды кітаптың танымалдылығының артуымен "кітаптар" мен басқа бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы айырмашылықтар әлсірейді: электронды кітаптарды "кітап" форматында сақтау және көрсету үшін сандық құрылғылардың маркетингі бұл айырмашылықты одан әрі жояды. Гиперсілтеме құрылғысын пайдаланатын соңғы электронды кітаптар этнографиялық монографиялардан тұрады: Ваннини (2012), Сомервиль (2013) және Уимонен (2012) түрлі жолдармен электронды кітаптардың технологиясын пайдаланудың мысалы болады. Ваннинидің Британдық Колумбия жағалауындағы паромдар мен қозғалыстар туралы монографиясы ең сәтті жүзеге асырылған үлгі. Онда аналитикалық мәтін визуалды көрсету мен дыбыс жазбаларымен байланысты және ол оқырманды бірден деректерді алуға апарады.

Гипермедиалық этнографияның ең толық талқылауы мен оның қолданылуының нақты мысалы Дикс пен басқаларының еңбегінде келтірілген (2005). Олар ертеректегі еңбектерге сүйене отырып (мысалы, Coffey мен басқалары. 1996; Dicks пен Mason 1998), қазіргі гипермедиалық этнографияның қызметін көрсетеді. Эмпирикалық фокусы болып Оңтүстік Уэльстегі көмір шахтасының орнына тұрғызылған мұра болып табылады. Бұл бұрын Дикстің зерттеп, дәстүрлі мәнерде жазып шыққан бұл орны мультимедиа стилінде жобаланып, шахта өмірінің реконструкциясы, документалды және фото экспозицияларды, сонымен

қатар гид ретінде болған бұрынғы шахтерлерді қамтиды. Сондықтан да демонстрациялық жоба экскурсиялық визуалды жазбалардан, табиғи жағдайдағы суреттерден, жазылып алынған интервьюлер мен документалды дереккөздерден тұрады. Гипермедиалық орта айтылып өткен репрезентацияның әртүрлі тәсілдерін аналитикалық түсіндірмелермен және басқа да мәтіндік материалдармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, этнографиялық оқудың сансыз нұсқасын мүмкін ете отырып, оны талдаушы (аналитик) мен оқырман бірдей қарап шыға алады. Этнографтардың пайымдауынша, гипермедиа этнографиясының дамуы - дауыс, визуалды және текстуалды материалдан тұратын, алуан түрлі медианың интеграциясынан қалыптасқан - сапалы және этнографиялық инсайттардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкеледі. Дәл солай, сапалық зерттеушілер де дәстүрлі монография не фильмге қарағанда барынша ашық, барынша зерттеу сипатына ие, линейлы емес оқу тәсілдерін қолдаса керек. Гипермәтіннің мультилинейлы құрылымы мұндай ашықтықты қалыптастырудың бір жолын көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, гипермәтін мен гипермедиа деректер анализінің қатаң және егжей-тегжейлі әдістеріне негізделген, барынша "ашық" немесе "көпдауысты" мәтіндерді құрастыруды мүмкін етеді.

Қорытынды

Цифрлық дәуірде этнография ауқымды мүмкіндіктерге ие. Біздің онлайн қауымдастықтар мен желілерді зерттеу мүмкіндігіміз бар. Бұл әлеуметтік әлемдер барлық аспектісі тұрғысынан өзгелерден көп ерекшеленбейді, сәйкесінше оларды да этнографиялық тұрғыдан зерттеуге болады. Әрине, мұндай өзара әрекеттесудің нақты сипаты цифрлық ортаның сипаты арқылы жүзеге асады, алайда кейін барлық далалық зерттеу өзі орын алып отырған әлеуметтік ортамен шектеледі. Біздің түрлі цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, далалық зерттеу шынымен де мультимодальды болатындай әртүрлі үлгідегі деректерді жинау мүмкіндігіміз бар. Сондай ақ бұл деректер цифрлық түрде сақталып, ұйымдастырылады. Қорытындылай келе, арнайы бағдарламалық жасақтаманың болуы этнографиялық зерттеуді жүргізу мен ұсыну үшін цифрлық орталарды қалыптастыруға болады дегенді білдіреді.

Біз цифрлық технологиялар этнографтардың далалық зерттеулерді жүргізулерінде немесе өз зерттеулері туралы ұсыныстарында түбегейлі өзгерістер жасайды деп есептейміз. Дегенмен, біз барлық этнографтар қазіргі уақыттағы цифрлық әлемнің ұсынып отырған мүмкіндіктерін мойындауы тиіс дегенді нақты айтамыз. Ол онлайн сұхбат және виртуалды қауымдастықтарды зерттеу немесе цифрлық визуализация мүмкіндігі немесе гипермәтін ресурстары болса да, этнографтардың

әлеуметтік құбылыстарды шынымен де жаңа тәсілдермен зерттеп, ұсыну мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, бұл мүмкіндіктердің кейбіреулері кейбір орталарда постмодернистік көзқарастарға қарағанда маңызды және жағымды болып саналатын әлеуметтік өмірдің қазіргі заманғы формаларымен және әлеуметтік іс-әрекеттермен байланысты деп санаймыз, олар ұсынған мәтіндік эксперименттердің өзі өз пайдасы үшін жасалатындай көрінеді. Десек те мәтіндік эксперимент этнографиялық репрезентацияны кейде байыта түсуі де мүмкін, цифрлық орталардың постмодерн әлемімен жағымды қарым-қатынаста болуы заманауи әлеуметтік өмірдің шарттары үшін тиімді болатын барынша шынайы дамуды қамтамасыз етеді.

Осы оқулық бойына біздің талқылауларымызға негіз болып отырған рефлексия қағидасы күнделікті өмірдегі әдістерге жауапкершілікпен қарауға және оларды саналы, жүйелі түрде жүзеге асыруды талап етеді. Ол әдістердің цифрлық технологиялардан тұратыны анық. Этнографиялық анализ бен оны ұсынудың түрлі жаңа тәсілдерін қамтамасыз ету үшін визуалды және дыбыстық деректер мәтінмен біріктірілуі мүмкін. Қазіргі заманғы қоғамды этнографиялық тұрғыдан зерттеу мұнда бар өзін-өзі таныстыру ресурстарына негізделуі мүмкін және негізделуі тиіс. Әлем цифрлық технологиялар құралдарына толы болған сайын, біздің технологиялық жағынан аңғал болып қалу қаупіміз бар. Осы жерде көрсеткеніміздей, гипермәтін мен гипермедиа болашақта әлеуметтанушылар арқылы жүзеге асырылуы тиіс бүгінгі таңдағы сансыз мүмкіндіктердің тек мысалдары ғана бола алады.

8 - тарау

Деректерді жазу және жүйелеу

Өткен тарауларда бақылау мен кірістірілген бақылау; "табиғи жағдайда" және сұхбаттар кезінде алынған қатысушының ауызша сипаттамалары; алуан түрлі құжаттар мен артефактілер, онлайн деректердің түрлі типтері мен оны жинаудың түрлі тәсілдері секілді этнографтардың қолданысындағы негізгі дереккөздерді қарап шықтық. Осы тарауда біз анализ процесіне дайындықта деректер қалай өңделіп, оларды қалай ұйымдастыруға болатыны туралы тоқталғымыз келеді. Оның неден тұратыны деректердің табиғатына айтарлықтай байланысты болып келеді. Құжаттар (онлайн және оффлайн) көшірме мен индекстеуді талап етуі мүмкін, ал аналитикалық кодтауды жүзеге асыратын тәсілдер материалды объектілерді фотографияға, видео түсіру және сипаттауды қажет етуі мүмкін. Әлеуметтік интеракцияның паттерндерін бақылау жағдайында этнографтың зерттеуге қатысты жеке рефлексиялары, сонымен қатар басқа да қатысушылардың сипаттамалары, зерттеу барысында алынған далалық жазбалар мен электронды жазбаларды (қатысушылардың ауызынан алынған материал) стенограммалау немесе транскриптеу керек. Бұл көп уақытты талап ететін процесс, сондықтан этнографиялық зерттеуді жоспарлау барысында оны барынша ескеру қажет.

7-тарауда көргеніміздей, технологиялық даму этнографтар үшін қолжетімді деректер түрлеріне, оларды жазу мүмкіндіктеріне, онымен қоса анализді жеңілдету үшін деректерді сақтау, жүйелеу мен шығару процесіне де маңызды ықпал етті. 1960 жылдарға дейін этнографиялық деректердің басым бөлігі далалық зерттеу жазбалары барысында алынған жазбалар үлгісінде болды, дегенмен этнографиялық бейнежазбалар да орын алып отырды. Алайда салыстырмалы түрде арзан және портативті аудио, кейін видео, диктофондар мен цифрлық камералардың пайда болуы нәтижесінде этнографиялық деректерді жинау айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Интернеттің пайда болуы мен алуан түрлі онлайн деректердің қолжетімдігі де осындай ықпал етті. Соңғы кезеңдерде мобильді компьютерлік құрылғылардың жедел дамуы, әсіресе смартфондар, дыбыстық және визуалды жазбалар жасауды жеңілдетіп, онлайн материалды қолжетімді етті. Сол сияқты деректерді жүйелеуге қатысты, арзан бірақ қуатты жеке компьютердің, мәтінді өңдеу бағдарламаларының, мәтіндік және визуалды деректермен жұмыс жасайтын арнайы бағдарламалық жасақтамалардың қолжетімдігі елеулі болды. Деректер анализін жеңілдету үшін де, зерттеу аудиториясына деректер мен

анализдердің қолжетімдігін қамтамасыз ету үшін де жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Десекте тағы да айта кету керек, деректерді жинау, жүйелеу, шығару мен ұсынудың жаңа техникалары өз бетімен анализдерді дайындап бермейді: ол этнографтың міндеті болып қала береді. Оның үстіне, деректерді анализ үшін дайындаудың басты талаптары түбегейлі түрде өзгермеді.

Алдымен біз құжаттық және бірінші реттік деректерді өңдеуге не кіретінін талқылаудан бастап, кейін бақылау мен сұхбат материалдарын, транскриптпен бірге, жазу мен өңдеу үшін қолжетімді әдістерді қарастырамыз. Соңында біз өткен тараудағы дискуссияны тарқата отырып, деректерді жүйелеу мен шығару стратегияларын талқылаймыз.

Құжаттар мен басқа материалдар

Қазір этнографияның көбі халқының басым бөлігі сауатты, сонымен қатар құжаттарды (мәтін және суреттерден тұратын) жасау мен тарату көптеген белсенділіктер үшін маңызды қоғамдарда жүргізілетінін ескере отырып, релевантты құжаттық материалдарды зерттеу көбіне міндетті болып келеді (Smith 2005, 2006; Reid және Russell 2017; 6 тарауды қараңыз). Түсінгеніміздей, мұндай деректер әртүрлі формада болуы мүмкін; оның үстіне этнографтар зерттеуге қатысушылардан нарративтер (мысалы, өмірі туралы әңгімелер), сызбалар, карталар, фотографиялар, видеолар немесе күнделіктерден (жазбаша, аудио немесе видео үлгісіндегі) тұратын деректерді сұрауы да мүмкін.

Бүгінге дейін жеткен кейбір құжаттарға еркін қолжеткізуге болады және этнографтар әрі қарай қолдану үшін сақтап қоя алады. Мысалы, көбіне жарнамалық материалдар, нұсқаулықтар мен аңдатпалар сынды нәрселерге қатысты рас. Олардың барлығы қағаз үлгісінде немесе онлайн қолжетімді болуы мүмкін, не оларды фотоға түсіруге немесе сканерлеуге болады, тіпті оларды электронды іздеуге мүмкін болуы үшін цифрландыруға болады (қажет болған жағдайда). Әрине мұның барлығы этикалық және заңды мәселелерден тұрады, сондықтан оларды есте сақтап отыру керек. Тегін емес сәйкес кітаптар мен басқа материалдарды сатып алуға болады, десек те зерттеу үшін қолдануға байланысты авторлық құқық мәселелері туындауы мүмкін. Орта мектептегі бағалау процесін зерттеуде сыныпта таратылған оқу-әдістемелік құрадардың көшірмесі лезде қолжетімді болған, ал бұрын емтихан билеттері, емтихан комиссияларының ережелерін бекітетін құжаттар мен басқаларын сатып алу қажет болды (Hammersley and Scarth 1986). Бүгін мұндай материалдардың кейбірі онлайн қолжетімді болар еді, дегенмен ақылы болуы мүмкін.

Кейде құжаттардан деректерді немесе материалды объектілерге қатысты деректерді жазуда конспектілеудің басқа жолы болмауы мүмкін. Мұндай оларды тарату ресми не заңды түрде шектелген жағдайда немесе олар сирек кездескендіктен кітапханаларда, мұрағаттарда не мұражайларда сақталуы тиіс болғанда орынды. Құжатты толығымен транскриптеуге болады, оған кететін уақытты ескергенде ол үнемі мүмкін не тиімді бола бермейді. Кейде зерттеу үшін қай құжат және оның қай бөлігі жартылай транскриптілеу немесе мазмұндау үшін қатысы бар екені туралы шешім қажет болады. Көшірмесін жасаудан гөрі, мазмұндау арқылы ауқымды материалды игеруге болады, осылайша басқа да жұмыстарға уақыт босар еді, бірақ мазмұндау ақпараттың белгілі бір деңгейде жоғалуына және интерпретацияның қосымша жиынтығын енгізеді. Альтернативті жолы - зерттеудің кейінгі кезеңдерінде, рұқсат болған жағдайда, қажет болса тиесілі бөлімдеріне қайтып оралу үшін құжаттарды индексациялауға болады. Мұндағы шешімдер деректер зерттеу үшін қаншалықты маңызды, сол сияқты олар қалай қолданылатынына негізделуі тиіс; әрине, мұндай шешімдер уақыт өте өзгеруі мүмкін.

Материалды объектілер жағдайында кейде зерттеу мақсаттарында оларды уақытша қарызға алуға немесе сатып алуға болады не сол сияқты көшірмелері мен суреттері қолжетімді болуы мүмкін. Сондай ақ, әртүрлі ракурстардан суретке түсіріп алуға, видео жазбалар жасауға не қолдан сызбалар жасап, оған ауызша сипаттама қосуға болады. Қайтадан, шешімдер деректердің қалай қолданатыны тұрғысында қабылдануы тиіс, ал бұл алғашында нақты түрде белгілі болмауы мүмкін. Алынған құжаттар нақты бір сипаттағы деректерді жинау ережелері мен анализ жасауға ыңғайлы форматта қалыптастырылуы тиіс. Дегенмен мұндай ережелер жиналған деректер түрлі интерпретация үшін ашық дегенді шектейді және қатысушылар оларды үнемі қолданбайды. Деректерді өңдеуде олар жинақталған орта да маңызды болады. Электронды жолмен жасалған мәтін анализ үшін әрі қарай аз ғана дайындықты қажет етсе, қағаз үлгісінде жасалған есептер мен аудио не видео материалдар анағұрлым көп жұмысты талап етеді. Соңғысының жағдайында бақылау мен сұхбат жазбаларына ұқсас талаптар қойылады (әрі қарай қараңыз).

Бақылау мен сұхбаттарды жазу: далалық зерттеу жазбаларын бақылау журналы

Осыған дейін айтып кеткеніміздей, далалық зерттеу жазбалары этнографтар үшін бақылау мен сұхбат деректерін жазудың жалғыз ғана қолжетімді жолы болды (Sanjek 1990; Emerson мен басқалары, 2011). Тіпті бүгінгі күннің өзінде, электронды жазу - аудио немесе аудиовизуалды

жазба - көп жағдайда мүмкін болса да, ол этнографтардың зерттегісі келетінінің барлығы үшін орынды бола бермейді. Кей жерлерде электронды жазбалар ресми не бейресми негізде тыйым салынуы мүмкін - мысалы, сот отырыстары, түрмелер, құпия полиция операциялары немесе есірткі саудасы бойынша істер. Басқаларда зерттелетін материалдың мобильді сипаты немесе этнографтың қатысу сипаты электронды жазбаны күрделі немесе іс жүзінде пайдасыз етуі мүмкін. Сонымен қатар электронды жазбалар деструктивті немесе қажетті нәрсені қамтуға қабілетті емес деп есептелуі мүмкін. Тіпті электронды жазба мүмкін болғанның өзінде де далалық зерттеу жазбалары қосымша қолданылуы қажет болуы мүмкін, камера қолданылған жағдайда да барлық жағдай "кадрда" бола бермейді, ал егер тек аудио жазба жүргізілетін болса, көп нәрсе жазылмайды. Бұл тіпті бүгінгі күнде үнемі дерлік электронды жазып алынатын сұхбаттар (контекст пен информанттың рұқсат етуіне байланысты) үшін рас.

Жазбалар жүргізудегі келеңсіз жағдайлар

Идеалды түрде, "қысқа да нұсқа" жазбалар кірістірілген бақылау мен сұхбат жүргізу барысында смартфондар мен ноутбукте жасалуы мүмкін, (Sanjek and Tratner 2015). Дегенмен, тіпті қысқа жазбалар жасау да үнемі, әсіресе зерттеу құпия жағдайда, мүмкін бола бермейді. Мұндай әрекеттер тәртіпті бұзады, "табиғи" қатысуға кедергі немесе зейінді бұзып, сенімсіздік ұялатады деген ережелер бар. Мысалы, Калви (2000) клубтың есігінде "ұрдажық" ретінде тұрып, ауқымды жазбалар жасай алды деген шындыққа жанаспайды.

Қысқаша жазба жасау үнемі мүмкін бола бермейді немесе оны тіпті ашық зерттеу де оңай емес. Мұнда да жазбалар жасау мүмкіндігі зерттелетін әлеуметтік жағдаймен толықтай сабақтасуы міндетті. Кейбір контекстерде информанттар қанша "адамға үйір" болса да, зерттеу барысында ашық және үзіліссіз жазбалар жүргізу орынсыз не қауіпті ретінде қабылданады, сәйкесінше кедергі келтіруі мүмкін. Бұл жазбалар жүргізу "қалыпты" әрекет болатын оқу процесі сынды жағдайларға да тән. Олесен мен Уиттакердің медбике студенттер бойынша зерттеуі мұны өте жақсы көрсетеді:

Мен үшін студенттер жазған кезде жазған, ал олар тыңдаған кезде тыңдаған оңай; ал студенттер жазбаған кезде мен жазуға тырыссам олардың назарын өзіме (оқытушыға) аударамын, сәйкесінше ол өзінің айтып тұрғанын шатастырып алады [...] Сол сияқты барлық студенттер жазып, мен жазбай, оған қарап отырсам, қайтадан оған "жек көрінішті" көрінетіндеймін. Міне мен де студент болдым, кейде ерініп, қарындашты

аузыма салып отырған тұсымда өзіме деген құрметті жоғалтқандаймын. (Далалық зерттеу жазбалары, үшінші жыл)(Olesen мен Whittaker 1968:28)

Сонымен қатар бақылап отырғаныңыз шамадан тыс мобильді болса, қысқаша жазбалар жасау қиын болады: болып жатқан жағдайға ілесіп отырып, жазбаларды жалғастыру мүмкін емес. Шын мәнінде, Морето өзінің қоршаған ортаны қорғау аумақтарында рейнджерлерді зерттеу бойынша жұмысында көрсеткендей, бақылаудың өзі қиын болуы мүмкін:

Патрульдің белсенді құрамдасы ретінде топ үшін потенциалды қауіпті сезінуім міндетті болады. Рейнджерлер әрекеті мен ғадетін бақылап отырғаныма сенімді бола отырып, мен өзімнің тікелей ортам (біздің барлаушы топтағы кедергілерді қарау) және қоршаған орта (табиғат пен адамдарды қарау) туралы біліп отыруым тиіс. (Moreto 2017:451)

Оның мұндай патрульдер барысында далалық зерттеу жазбаларын жазуда мүмкіндігі өте аз деп ұйғаруға болады. Мұндай қысқа жазбалар жазу мүмкін болмаса да, болса да этнограф оқиғаларды қайта есіне түсіру қабілетін дамытуға тырысуы тиіс. Сондай ақ, уақытылы контексті ысырып қойып, өз ойыңызға шомылу кейде мүмкін. Мұны жасаудағы оның классикалық мысалы - әжетханаға бару, кейде ол информанттарды этнографтардың қуығы әлсіз деп ойлауға итермелейді! Әрине, көптеген жағдайда, жазудың соншалықты еленбейтін әрекет екені кем дегенде кейбір жазбаларды мүмкін етеді; ақыр-аяғы адамдар уақытының едәуір бөлігін смартфондарында оқу мен жазуға арнайды, ал түрлі электронды құрылғылар көптеген кәсіп түрлерінде қолданысқа ие. Олар бұрын планшеттер мен ноутбуктер атқарған функцияларды орындайды. Бір қызығы, Грейам тіпті автокөлік құрастыру конвейерінде де отырып далалық зерттеу жазбаларын жүргізе алды. Ол былай деп жазады:

Бақытыма орай, соңғы айлар бойына жұмыс жасап жатқан станция біздің аймаққа кірген көліктердің шанағындағы бұзылыстарды жазып отыру үшін планшетімді алып жүруімді талап етті; сәйкесінше менің жазбалар жүргізіп отырғаным ерекше көрініс болмады. Алайда, мені нақты сол станцияға тағайындамас бұрын, өзім қосалқы бөлшектер сөрелерімнің бірінің жанында тұрып, жазбалар жүргізуге мүмкіндігім болды. Топтың әрбір мүшесінде жетіспейтін бөлшектерді белгілеу, көлік нөмірлері мен басқа да берілген міндеттемелерді күнделікті жазып отыру үшін қағаз бен қарындаш болды. Адамдардың жазып отырғанын бақылау әдеттен тыс болған жоқ. (Graham 1995:16–17)

Сол сияқты, Макдермотт (2018:189) дисконт орталықтарын DVD және CD-н қамтамасыз етіп тұратын компанияда өзінің сатушы ретіндегі рөлі дүкендерде болып жатқандарды бақылап қана қоймай, сонымен қатар қоймадағы тауар тізімін нақтылауға арналған планшетінде жазбалар

жүргізуге мүмкіндік берді деп көрсетті⁴⁰. Бірақ, психиатриялық клиникалардағы пациенттің өмірі туралы жабық зерттеуде бақылаушылар сырттан ғана жазбалар жүргізу мүмкін екенін анықтады, өйткені қызметкерлер мұны аурудың тағы бір белгісі ретінде қабылдады.

(Rosenhahn 1973)

Тіпті қысқаша жазылған жазбаларды жасау мүмкін болса да, оларды аяқтап жазу қажет. Ол алдында жазылғандарды толықтыру, сонымен қатар жаңа сәттерді еске түсіруден тұрады. Шатцман мен Штраус ұсынғандай: бір ғана сөз немесе тіпті адамның киімінің бір ғана қарапайым сипаттамасы немесе біреудің айтқан нақты сөзі әдетте бақыланған оқиғаны шынайы реконструкциясын жасауға мүмкіндік беретін бейнелер тізіміне оралу үшін жеткілікті болады. Алайда оның пайдасы болу үшін бақылау не интервьюден соң мүмкін болғанша бірден қысқа жазбалар жасауға кірісу маңызды. Уақыт өткен сайын жады мазмұны мен сапасы тез төмендейді; детальдар тез арада жойылып, тұтас эпизодтар ұмытылуы немесе қайтарымсыз шатасуы мүмкін. Сонымен қатар, уақыт өте қысқа жазбалар автордың өзі үшін де анық емес не түсініксіз болуы мүмкін.

Далалық зерттеулер жазбаларын жүргізу уақытты талап ететін әрекет, сондықтан ол этнографтың жұмыс графигіне сәйкестендірілуі керек. Егер зерттеу жазбаларын дайындау үшін тиімсіз уақыт бөлінсе, онда әлеуметтік әрекетті ұзақ уақыт бойына бақылаудың ешқандай артықшылығы жоқ. Ақпарат жедел ғайып болып, күш-жігер жоқ болады. Үнемі барлығын бақылауға тырысу еліктіреді, соған сәйкес кейбір нақты оқиғаларды өткізіп аламын деген үрей болады. Мұндай сезімдер түсінікті болса да, көп жағдайда, олар сапасы жоғары далалық зерттеу жазбаларын жасау мақсатында тежелуі тиіс.

Көптеген әлеуметтік шаралардың жеке графигі бар, сондықтан бақылау кезеңі мен далалық зерттеулер жүргізу мерзімдерін кезектестіру мүмкін бола алады. Мысалы, Аткинсонның америкалық және британдық ауруханалардағы гематологтар бойынша жұмысы клиникалық "аралап шығу", "ұзақ аралау", "конференциялар", "өлім мен тууға шолу" және медициналық сұхбаттар үшін ұқсас шаралардың уақытылы кестесі негізінде құрылымданған. Деректерді жинау тәртібі аурухананың ритмімен сәйкес болды, бұл асхана немесе кітапханаға берілген уақыт аралығында, университетке не үйге қайтар жолда егжей-тегжейлі жазбалар жасауға мүмкіндік берді (Atkinson 1992a, 1995).

⁴⁰ Бүгін арнайы электронды құрылғы қолданатындықтан, этнографиялық мақсаттарда жазбалар жүргізу қиынырақ болады деген ой болады.

Басқа жағдайда бақылау мен жазу кезеңдерін ұйымдастыру күрделілеу болуы мүмкін, кейде зерттеуге қатысушылар зерттеуге тікелей қатысы жоқ басқа жұмыстармен айналысуы мүмкін. Ең кем дегенде, олар әдетте уақытылы ұйықтайды, шаршағандықтан жазбалар жүргізуді кейінге қалдыруы мүмкін. Кэйри (1972:82) ұзақ уақыт бойына ұйықтамаған зерттеуге қатысушылар туралы күрделі жағдайды баяндайды: үлкен дозаның әсерінен бірнеше күн бойына гиперактивті күйде ояу жүрген "нашақорлар" (амфетамин пайдаланушылар). Бұл қатты қиындықтар туғызса да, олар тек далалық жазбалар жүргізумен байланысты емес, өйткені зерттеуге қатысушылар кейін ұзақ ұйқыға кетуі деректерді жазуға бірнеше уақыт берді.

Қайткенде де деректерді жинау мен оларды тіркеу арасындағы күрделі компромисс жалпы зерттеу стратегиясы мен мақсатына сәйкес мойындалуы және шешілуі тиіс.

Далалық зерттеу жазбаларының сипаты

Далалық зерттеу жазбалары мұқият бақылау мен жазуға негізделеді; ал әдетте оларды жасау үйренуге тура келетін дағды. "Көргенің мен естігеніңді жазып ал" деген дәстүрлі шарт маңызды мәселелер қатарын елемейді. Сол сияқты далалық зерттеуші барлық нәрсені ескеріп, жазып отыру мүмкін болмағандықтан, нені жазу керек екенін айқындап алған дұрыс.

Далалық зерттеу жазбалары үнемі іріктеледі⁴¹. Нені жазу керектігі зерттеушінің алдын ала анықтаған зерттеу проблемасына қатысты деген жалпы түсінікке, сонымен қатар қоршаған ортаның әлеуметтік ұйымдасуы мен зерттеліп отырған мәселе күтілетін нәтижелер алғышартымен байланысты болуына негізделеді (Wolfinger 2002). Алайда, онымен бірге, фокустың ауқымдығы мен детальдардың тереңдігі арасында ымыра бар. Сонымен қатар, практикалық шектеулер де бар. Оны төменде көретін боламыз. Оның үстіне зерттеу барысында далалық жазбалардың сипаты да өзгеріп отыруы мүмкін, өйткені зерттеу фокусы анығырақ болады, осылайша қайсысы релевантты және қайсысы релевантты емес, қай жерде детальдар қажет және қай жер де қажет емес дегенге үдемелі түсінік береді.

Іріктеу процесі қабылдаудан басталады: біз болып жатқан барлық нәрсені қабылдай бермейміз немесе оның барлық аспектілеріне жете назар аудармаймыз. Орналасу орны мен декор сынды қоршаған ортаның табиғи

⁴¹ Білім беру саласында төрт этнографтың зерттеу тәжірибесі жөнінде есебін қараңыз: Flora and Andersen 2018, and Walford's 2009

ерекшеліктеріне қаншалықты көңіл бөлуіміз керек? Қатысатын адамдардың дене бітімдерінің ерекшеліктерін сипаттауымыз керек пе, егер керек болса қайсысын? Олардың жүріс-тұрысы мен вербалды емес ғадеті ше? Олардың айтқан сөздерін жазуымыз керек пе, әлде қалай айтқанын сипаттауымыз керек пе? Сонымен қатар, қысқа жазбалар дайындауда біздің назарымыз бақылаудан жазу жұмысына лезде ауысады, сәйкесінше болып жатқан оқиғаның кейбір сәттерін жіберіп алу сынды қауіп бар. Ақырында, іріктеу, әрине, далалық жазбаларды - қысқаша және аяқталған үлгілер ретінде дайындау сөздерді таңдаудан тұрады.

Далалық зерттеу жазбаларының сипатындағы осы іріктемелік мойындалса да, оған байланысты қауіп бар деп тұжырымдайды - далалық зерттеу жазбалардың мүмкіндігінше іріктелуі бақыланған оқиға немесе жүргізілген сұхбат барысында олар тек қана "субъективті пікірді" қамтамасыз ете алады. Бұл жазылуы тиіс нәрсенің барлығы алдын ала анықталынатын бұқаралық сауалнама немесе "жүйелі бақылау" жақтастарының ғана емес, сонымен қатар пауза, ауытқу туралы детальдар барлық сөздер мұқият жазылып алынуы тиіс деп талап қоятын социалингвистер мен вербалды не дискурс аналитиктерінің де тұжырымы. Кей мақсаттар үшін далалық зерттеу жазбалары шынымен де қанағаттандырарлықтай емес екені рас, десек те оларды мүлдем алып тастау қателік болады. "Субъективті" ұғымын пайдалануға байланысты мәселелерден бөлек алғанда да (Hammersley 2011b), бұл дұрыс емес Электронды жазба үнемі мүмкін бола бермейтін не барлығын қамтымайтын, далалық зерттеу жазбалары маңызды болатын мақсаттар мен жағдайлар бар. Дегенмен далалық зерттеу жазбаларға айтылған сын олардың қолданысы, жасалуы туралы мұқият ойлануды, сонымен қатар қайсысы қатысты, қайсысы нақты назар аударуды талап ететінін қайта-қайта қарастыруды қажет етеді.

Осыған дейін айтып кеткеніміздей, жазуға лайықтының өзі уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін. Зерттеу жобасының басында далалық зерттеу жазбаларының ауқымы барынша кең болады, сәйкесінше адам нақты аспектілерге назар аударғысы келмейді. Шынымен де бұл кезеңде фокусты анықтау күрделі болары мүмкін. Зерттеу ілгерілеген сайын, сонымен қатар жаңа мәселелер анықталған соң жазбалар мұқият негізгі тақырыпқа қарай бағдар алады. Оның үстіне, бұрын маңызды болып көрінбеген мәселелер жаңа мәнге ие болуы мүмкін, бұл ойды Джонсон өзінің әлеуметтік қызметкерлер бойынша зерттеуі негізінде көрсетеді:

Ақырындап мен оқиға барысында "әртүрлі айтылған нәрселерді ести" бастадым. Ол назарымыздың не айтылды, не жасалды дегеннен, оның қалай айтылып, қалай жасалғанына қарай ауысқанына орай пайда болды. Далалық зерттеу жазбаларынан алынған келесі

мысалдар менің санамды өзгерте бастаған бірнеше жағдайдан хабар береді. Алты айлық бақылау нәтижесінде алынған жазбалардан:

Бүгін болған тағы бір жағдай. Арт Биллдің үстелінің қасынан өтіп бара жатып, Супп Орталығының Бесс Ленстон мәлімдемесін (EW супервайзері) қарап шыққанша, одан телефонын екі минутқа баса тұруын өтінгенде мен Биллдің қасында тұрдым. Мұндай өтініштерді қанша рет естігенімді қазір білмеймін; Көп естігенім соншалық, тіпті енді ол әңгіме де емес. Іс жүзінде оның үйреншікті болып кеткені соншалық, тіпті мен оны есте сақтау үшін жазба да жасап қойыппын. Таңқалдыратыны, менің Метрода [элеуметтік жұмыс агенттігі] жұмыс істеген алғашқы күндерімде оның үлгісі қандай, Супп Орталығы деген не, оны адамдар не үшін және қалай пайдаланады, оған қол жеткізеді не жеткізбейді немесе т.б., Бесс Ленстон деген кім және ол қайда, ол немен шұғылданады және т.б. туралы барлық нәрсені білгім келген еді. Бірақ мен үнемі осы өтініштегі маңызды нәрсені, ол оны жай қарап қана отырмағанын, оның бұны жасап отырғанын үнемі мән бермей өткізіп жіберетінмін. Алғашында мен тек ол не істеп және неге істеп жатқанын ғана еститінмін, ал бүгіннен бастап мен оның қалай жасайтынын көре бастадым.

(Johnson 1975:197)

Осылайша, аналитикалық идеялардың пайда болып отыруына байланысты қайсысы қарауға тұрарлық және маңызды, сәйкесінше не далалық зерттеу жазбаларына енгізілуі тиіс деген де өзгеріп отырады.

Жалпы айтқанда, далалық зерттеу жазбалары нақты және сипаттамалық болуы тиіс. Сонымен қатар, әдетте тілі сөзбе-сөз стенографиялық есеп мәнеріне мүмкіндігінше жақын болуы, ал қажет болған жағдайда вербалды емес заңдылық та көрсетілуі тиіс. Адамдардың қолданған сөздерінің өзі маңызды аналитикалық мәнге ие. Пайдаланылған "ситуативті сөздіктер" бізге нақты мәдениет өкілдерінің әлемді қалай қабылдап, дүниетанымын қалай қалыптастырғандығы, сол арқылы "элеуметтік шынайылықты жасауға" қатысу жолдары туралы құнды ақпарат береді. Аренсберг мен Кимболл Ирландияның ауылдық аймағындағы отбасы мүшелері арасындағы тұлғааралық қатынастардың классикалық зерттеуінен мысал келтіреді. Олар ата-ана және бала қатынастарындағы иерархиялық сипатты көрсете отырып, ата-аналар жас ерекшеліктеріне қарамастан өз балаларына "ұл" және "қыз" ұғымдарын қалай қолданатынын жазады: элеуметтік ересектік мен физиологиялық ересектіктің ортақтығы аз. Фермер отбасында бір-біріне жүгінуде, араласуда және өзара қарым-қатынастарда жас шамасы көп өзгеріс енгізбейді. (Arensberg and Kimball 1968:59).

Сөз бен әрекетті жазуда кім, қайда, қай уақытта және қандай жағдайда болғаны, сонымен қатар қандай әрекет жасалғанын жазып алу да тең дәрежеде маңызды. Бұл маңызды, өйткені анализ кезеңінде мысалдарды жіктеу, салыстыру және қарама-қарсы кою бірге жүреді, сондықтан "контекстің" (қатысушылар, аудитория, ахуал/жағдай, жүріс-тұрыс және басқалары) әртүрлі аспектілерінің идентификациялана алуы шешуші болуы мүмкін. Кейде бұл мақсат үшін эскиздер пайдалы болуы мүмкін. 8.1-сызба Виландтың (2018:95) театр қойылымы зерттеуінен алынған мысал.

Алайда нақты және егжей-тегжейлі далалық зерттеу жазбаларын дайындау шығынсыз болмайды. Жалпы айтқанда, неғұрлым идеалға жақын болса, соғұрлым жазбалардың ауқымы шектелуі болады. Егер зерттеу назары өте тар болса, кейбір нақтылық пен егжей-тегжейлік сала ауқымын кеңейту үшін алынып тасталады. Оған қарамастан, бұл ымыра қалай шешілсе де (осыған дейін айтып кеткеніміздей, уақыт барысында ол өзгеріп отыруы мүмкін), информанттардың тікелей дәйексөздері зерттеушінің өз сөзімен берілген түйінінен бөлек, ұқсамауы тиіс, ал таспадағы бос орындар мен олқылықтар анық көрсетілуі керек. Біз жазбаларға кері оралғанда сол жерде берілген "дауыстар" жөнінде ешқандай күмән болмауы тиіс.

Осылайша, далалық зерттеу жазбалары зерттеу барысы жөнінде кешенді есепті қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Сондай-ақ, этнограф жазба деректермен салыстырғанда күмәні мол айқын емес құжаттармен бетпе бет келеді. Ол жазылған оқиғалар мен айтылған сөздерді толтырып, мәтінмен қайта үйлестіру үшін есінде сақтағандары мен жадысын қолдануы керек. Осыны ескере отырып, далалық зерттеу жазбаларына барлық қолжетімді ақпарат ретінде қарап, байланып қалуға болмайды. Дегенмен, кейбір мамандардың скептицизміне қарамастан далалық жазбаларды жинау мен жүргізу этнографиялық жазбалар үшін маңызды әдіс болып қала береді.

Дәл осы кезге дейін біз этнографиялық жазбаларды негізінен бақылауға қатысты талқылап келдік, ал олар интервьюлер деректерін таспалау үшін де қолданылуы мүмкін. Кейде сұхбат берушілер әңгіменің таспаға жазылып алуына қарсылық білдіруі мүмкін; кейде этнограф мұндай таспалау шындықты айтудан айнытады немесе күйгелектікті қолайсыз деңгейге дейін арттырады деп есептеуі мүмкін. Сұхбаттар үшін қолданылатын далалық зерттеу жазбалар ұсыныстары бақылауға ұқсас: тек олар қай кезде жазылуы тиіс, не жазылып алынуы керек және қалай деген мәселелер шешілуі тиіс. Мұндай жағдайда сұхбат алушы кейбір сұрақтар мен олардың жауаптарын жазып алған маңызды. Әрине, мұнда тағы да конспектілерге жүгінуіміз керек, сондықтан қысқаша жазып алу

мен стенографиялық есеп арасындағы дилемма қайта туындайды. Сонымен қатар, Олсен мен Уиттакердің (1968) оқулығында жазылғандай сұхбат беруші сұхбаттың жазылып жатқанын білсе қысылып-қымтырылуы мүмкін, бұл өз кезегінде сұхбаттың ойдағыдай болуына нұқсан келтіреді. Сол сияқты жазбалар жүргізу қажеттігі 5-тарауда ұсынған сұхбат түрін жүзеге асыруды шамадан тыс қиындатады. Сұхбат алушының бар назары интервью және оны әрі қарай қалай дамыту керегіне емес, айтылған нәрсені жазуға ауады. Интервью мен жазба жүргізуді бірге алып отыру күрделі дағды, дегенмен ол тәжірибемен келетін нәрсе.

Далалық зерттеу жазбаларымен байланысты мәселелер аясында, әсіресе интервью жүргізуде, аудио-таспаның, тіпті видеотаспаның артықшылықтары анық. Бірақ олардың бар құндылығына қарамастан, олар қиындықтар мен шектеулерді де қамтиды.

Бақылаулар мен сұхбаттарды цифрлық таспалау

Бір вербалды әрекеттің аудио жазбасы мен далалық зерттеу жазбасындағы бақылаушының қайта құруы арасында ауқымы мен егжей-тегжейлігі бойынша басты айырмашылықты көрсету өте оңай. Ал орын алған оқиға туралы аудио таспаға қарағанда видео таспалау одан да гөрі егжей-тегжейлікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мұндай таспаларды әбден ұсақ нақтылықтарды анықтау мен интерпретацияларды тексеру үшін қайта көруге болады, ал далалық зерттеу жазбаларында тіркелгендер үшін бұл айтарлықтай қиындау, өйткені олар тек таңдаулы ғана емес, сонымен қатар зерттеушінің өз тіліміен жазылған. Иә, электронды таспалау құралдарының құндылығына қарамастан оларды қолдану үнемі мүмкін бола бермейді, кейде күтпеген кемшіліктері болады, сондай ақ этнографиялық жұмыс процесін қажетсіз тәсілдермен қалыптастыруы мүмкін. Оларды қолдануда мұқият ойлану қажет.

Аудио-жазба

Егер мүмкін болса, әдетте адамдардың не және қалай айтқанын мұқият және нақты жазбасын қамтамасыз ететінін, ал зерттеушіге тыңдау мен сұрақтар қоюға мүмкіндік беретінін ескере отырып, этнограф интервьюлердің далалық зерттеу жазбасына толық жүгінгеннен гөрі аудио таспаны қалайды. Бақылау деректерін де аудио-таспалаудың айтарлықтай артықшылықтары бар. Бұл әсіресе ынтықтырып отырған іс-әрекет негізінен вербалды интеракция арқылы жүзеге асқанда орынды, мысалы, әдетте ұйымдық жиналыс және мектеп не колледж аудиторияларындағы

кейстер. Дегенмен, аудио-таспалар, күнделікті өмірдегі көшедегі әңгімелесулерді жазып алу сияқты, басқа да жағдайларда болуы мүмкін. Мысалы, өзінің іштей бақылау әдісімен жүргізілген пәтерден шығару тәжірибесін зерттеуінде Десмонд "мен көбіне цифрлық диктофонымды өзіммен бірге алып жүріп, оны сөндірмейтінмін" (2016:326) деп жазады, осылайша оның жалға берушілер мен жалға алушылар арасында болған өзара әрекеті жазылып отырды⁴².

Алайда, аудио-таспа үнемі жарамды, әдеп нормасына сай немесе ойдағыдай болмайды. Іс жүзінде көп нәрсе орын алып отырған өзара әрекеттесу сипаты мен фондағы шу деңгейіне байланысты болады. Мысалы, шулы жерлерде жүргізілетін топтық интервьюлер әрең дегенде қолдануға болатын жазбалар беруі мүмкін. Жалпырақ айтқанда, егер бір жерде бірнеше интеракциялар орын алып жатса, әрі кеткенде олардың біреуін ғана жазып алуға болады. Сонымен қатар, қатысып отырған адамдар өздігінен жоғары мобильді, бәлкім бір контекстіден екіншісіне ауысып отырса, онда аудио-таспалармен тағы да проблемалар туындауы мүмкін. Ең соңында, аудио-жазбалардың адамдардың не айтып, не қоятынына кері әсері болуы мүмкін: адамдар егер олардың сөздері сақталатынын біліп отырса, сақ болуы мүмкін.

Одан басқа, аудио-жазбаларда тек нонвербалды әрекет қана емес, тіпті сөздің кімге арналып отырғаны немесе әңгіменің қамтылып отырған материалды объектілерге қатысы қандай екені де көбінесе қолжетімсіз. Осылайша, толығымен далалық зерттеу жазбаларына жүгінуге қарағанда аудио-жазбаларды қолданудың артықшылығына қарамастан, соңғысы тіпті айтылғанның өзін күмәнсіз және кешенді жазбасын қамтамасыз етпейді. Сондықтан осыған дейін көрсеткеніміздей, аудио-жазбалауды қолдану далалық зерттеу жазбаларына деген қажеттілікті жоймайды. Өзінің диктофонын қосқаны туралы хабарлағаннан кейін, Десмонд (2016:326): "Сонымен қатар, мен шағын қойын дәптерімді алып жүріп, әдетте бақылаулар мен әңгімелерді жазып жүрдім" - деп қосады. Сондай-ақ, аудиожазбаға шамадан тыс көңіл бөлу «дала» деген сезімге селкеу түсіруі мүмкін. Өйткені, мәліметтерді жинау барысында әлеуметтік процестер аудионың көмегі арқылы жүргізілуге бағытталмауы тиіс, керісінше назар сөйлеу әрекетіне аударылғаны жөн.

Видео камераларды қолдану арқылы бұл шектеулердің кейбірін еңсеруге болады, алайда оның да шектеулері мен кемшіліктері бар.

⁴² Әрине, бұл туралы этикалық сұрақтар бар, алайда Десмонд информанттардың көбін келісім жайлы құлақтандырды. Жалпы әлеуметтік ғылым саласындағы зерттеулерде дискурсты пайдалануға қатысты этикалық мәселелер бойынша деректер үшін қараңыз: Hammersley, 2019b.

Фотография, фильм және видео-жазбалар

Фотография антропологияда ұзақ қолданысқа ие (Collier мен Collier 1986; Ball мен Smith 1992, 2001; Harper 1987, 2012, 2016). Әрине, бүгін смартфондар фотоға түсіру үшін қолданылуы мүмкін, ал түсіру және олармен бөлісу көптеген әрекеттердің құрамдас бөлігі, сондай ақ деректерді өндірудің құралы болып отыр. Этнографиялық фильмдерді де антропологтар ұзақ уақыттан бері қолданады (қараңыз Marks 1995; Durrington пен Ruby 2011). Видео-таспа салыстырмалы түрде жақын арада пайда болса да, қазір оны әлеуметтік зерттеуде, оның ішінде этнографтар да кең қолданады.

Осыған дейін көрсетіп кеткеніміздей, бақылау деректері де, интервью деректері де далалық зерттеу жазбалары мен аудио жазбаларға қарағанда видео-жазбалардың айтарлықтай артықшылықтары бар: іс-қимылдар мен табиғи контекстiлердiң басым бөлiгi сақталып, қайта-қайта көре және зерделене алады. Расымен де, айтарлықтай көзге көріне қоймайтын паттерндерді анықтау үшін орын алып отырған оқиғаны баяулатуға немесе жеделдетуге де болады. Мұндай таспалар анализдік өте нақты түрін жеңілдетеді. Сол сияқты, әсіресе, жедел түрде жасалуы мүмкін ауқымды деректер мен оларды анализге (бұл туралы төменнен көріңіз) икемді ететін айтарлықтай жұмыстың қамтамасыз етілуіне байланысты, әдетте видеоны пайдалану аудио-жазбаға қарағанда әлдеқайда уақыт интервалын, бәлкім зерттелуі мүмкін контекстер ауқымын да азайтады; әрі қарай өндеп, талдауға уақытыңыз болмайтындай аса көп деректер жинамау туралы ойлану қажет.

Әрине, видео-жазба жасау, тіпті фотографияға да, барлық жағдайда рұқсат беріле бермейді; дегенмен рұқсат етілгенде де, ол кедергі келтіруі мүмкін, сондықтан оның аудио-жазба мен далалық зерттеу жазбаларына қарағанда кері әсері көбінесе артады. Ол адамдарға үзіліссіз өздерін зерттеп жатқанын, әрі олардың не айтып және не қойып жатқанын үздіксіз жазып жатқаны туралы есіне салушы ретінде жұмыс істеуі мүмкін. Оның қаншалықты кедергі келтіретіні жағдайға байланысты айтарлықтай өзгеріп отырады. Егер жазылып жатқан нәрсе көпшілік қатысып жатқан қоғамдық шара болса немесе қандай да бір қойылым болса, кедергі келтіру мен кері әсер деңгейі минималды болуы мүмкін. Мысалы, Лидің көшедегі рэп билерін таспалауы қойылымдарға ешқандай әсері болмағанға ұқсамайды (2018).

Біз фотография, фильм мен видео-жазбалар әлемнің сенімді, шынайы бейнесін жасайды деп ойлауымыз мүмкін, десек те мұндай репрезентациялар толық емес, ал оларды біздің жасауымыз бен көруміз

түрлі жағдайға байланысты болады. Сонымен бірге, таспалар қашан және қайда жасалуы тиіс, кім және қаншалықты ұзақ, сурет қай жерде жасалуы керек екені туралы шешімдер қабылдануы тиіс. Оның үстіне, іс-шараны видео-таспалаумен лайықты бақылау мен жазба жүргізуді қатар қолдану қиын болуы мүмкін.

Осының барлығына қарамастан, қозғалмайтын да, қозғалмалы да цифрлық бейнелер деректердің маңызды формасы, өйткені оларды салыстырмалы түрде жеңіл сақтауға және шығаруға, сол сияқты далалық зерттеу жазбалары мен зерттеу есептеріне қосуға болады (7-тарауды қараңыз). Әрине, олардың қайда жасалғаны, суретте не болғаны (бәлкім, не болатыны туралы да) және т.б. қысқаша ақпаратты қамтамасыз ету қажет болады. Ал қозғалмалы бейнелер жағдайында, әдетте әңгімені транскриптілеп, физикалық қозғалыстар, нонвербалды әрекет және т.б. туралы түсініктемемен қамтамасыз ету керек.

Транскрипция

Негізінен, аудио немесе видео-таспаланған деректерді транскриптісіз қолдануға болады. Кейін анализ үшін пайдалануға мүмкін болатындай аудио немесе аудио-видео үзінділеріне шолу жасау, оларды классификациялау мен сақтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама қолжетімді болып отыр. Дегенмен, этнографтардың көбі анализ жасау мақсатында мұндай деректерді мәтінге айналдыруға әлі де жүгінеді, әсіресе соңғы зерттеу есебі көбіне мәтін түрінде берілетін болса, оның бірқатар ұтымды тұстары да бар. Дегенмен, негізінен, аудио-визуалды деректерге сілтемеден тұратын цифрлық есептерді де құрастыруға болады, бұл сирек кездеседі, сонымен қатар, біз осыған дейінгі тарауда айтып өткен, мұндай презентация тәсілімен байланысты бірқатар этикалық мәселелер жатыр. Осылайша, транскрипт әдетте өз қолымызға алатын міндет, ол барынша өте бейнетті, сондықтан зерттеуді жоспарлауда оны ескеру қажет.

Транскриптеуге қанша уақыт кететінін болжау күрделі, десек те транскриптеу уақыты мен жазу уақытының қатынасы айтарлықтай жоғары: кем дегенде бестің бірге қатынасы. Егер әр тарапты әңгімелесу болса, егер фондық шуыл болса, немесе видео-жазба жүргізіліп жатса, онда ол әдеттегіден гөрі көп уақытты талап етеді. Сонымен қатар, қажет транскрипттер түрі де релевантты болып келеді; мысалы, дискурс анализ пайдаланатын детальді форматтар көбіне сөздің қолданылуына мән беретін этнографиялық жұмыстарға қарағанда көп өнімділікті талап етеді.

Біз транскриптерді дайындау жөнінде егжей-тегжейлі нұсқаулықпен қамтамасыз еткелі отырған жоқпыз, десек те бірқатар жалпы ережелерді

атап кетуге болады. Біріншіден, таспаланғанның барлығын транскриптеу қажет пе деген мәселе шешілуі керек. Оған балама ретінде тек қажеттіні ғана транскриптеп, басым бөлігін индекстеу мен түйіндеу арқылы аудио немесе видео-таспаларды құжаттар ретінде қарастыруға болады. Бұл көп уақытты үнемдеуі мүмкін, әрі кейбір мақсаттар үшін тиімді болады, дегенмен ол релевантты материалдың еленбей қалу қаупін тудырады – өйткені, әсіресе, релевантты дегеннің өзі зерттеу барысында өзгеріп отырады, ал транскриптелмеген мәлімет ұмытылып қалуы мүмкін.

Толық транскрипт жасалуы керек дегеннің өзінде де, осыған дейін көрсетілгендей оның қаншалықты егжей-тегжейлі болуы керек екені шешілуі керек. Транскрипттерді дайындаудың қалыптасқан ережелері бар. Сұхбат немесе дискурс анализ мақсаттары үшін жасалған транскриптер әңгіменің толық ерекшеліктерін – тоқталыстар, бір уақытта сөйлеу немесе сөздерін бөлу, сонымен бірге сөйлеуші тез не баяулағанда сөздердің қалай айтылуы, қай жерге екпін түсірілуі және басқаны – репрезентациялау үшін стандартты пернетақта мен принтердің типографиялық символдарын қолданады. Бұл кейбір зерттеу мақсаттары үшін негізгі болса, басқалары үшін маңыздылығы азырақ болуы мүмкін. Ендеше транскрипте көрсетілетін нәрсе жөнінде шешімдер қабылдануы қажет, алайда, зерттеу процессінің ерте кезеңінде не қажет екенін білу қиын болуы мүмкін. Көбіне этнографтар қолданған сөздерді қарапайым транскриптен бастап, әрі қарай, егер қажет болған жағдайда толықтыруларды қосады⁴³.

Видео-жазбаларды транскриптеу, аудиотректермен жұмыс жасағанға қарағанда әлдеқайда күрделі, әрі бейнетті болып келеді. Мұнда, мысалы, сұхбат үлгісінде үйлестіруге мүмкіндік беретін тәсілдер арқылы көзқарас бағдарын көрсететін жалпы шарттар жасалды. Кейде сұхбат барысында қатар болып жатқан іс-қимылдардың сызбалары мен скриншоттары қолданылады. Кейбір зерттеушілер бұл құрылғылар орнына немесе олармен бірге болып жатқан оқиғаға комментарийлерді қамтамасыз етеді. Тағы да осы сынды ақпаратты қосу деректерді транскриптеуге қажетті уақытты көбейтеді. Сол сияқты, ол әлеуметтік интеракция мен ситуациялардың вербалды емес аспектілерін толығымен зерттеуді мүмкін етеді, ал бұл басқа жағдайда қиын болар еді. Мұнда барлық басқа жерде сияқты, қандай транскриптінің қажет екені зерттеліп

⁴³ Транскрипттерді әрі қарай талдау үшін: Mishler 1991; Atkinson 1992b; West 1996; Lapadat 1999; Poland 2002; Hammersley 2010b.

отырған құбылысқа және зерттеу мақсатына байланысты болып келеді. Сонымен қатар, уақыт пен ресурстардың шығынын ескеру қажет⁴⁴.

Транскриптерді жасауда алуан түрлі технология қатыса алады. Аудио-жазбалар жағдайында, кем дегенде, айтылған мәселені барынша жеңіл анықтау үшін таспаның бір жерін немесе қабаттасып келген бөліктерін қайта тыңдауды жеңілдететін бағдарламалар бар; тоқталысты, күмәндануды, дауыс ырғағы мен жоғарылығының өзгерістері мен т.б. құжаттауды жеңілдететін бағдарламалық жасақтамалар бар. Дауысты тануға сүйене отырып, бірінші реттік транскрипт жасайтын бағдарламалар да бар. Олардың қаншалықты пайдалы болатыны деректердің сипатына және анализ мақсатында қандай транскриптер қажет болатынына байланысты болады. Дегенмен, жасалған транскриптерді этнограф үнемі тексеруі, түзетуі және толықтырып отыруы қажет⁴⁵.

Аналитикалық жазбалар мен далалық зерттеу жазбаларының журналдары

Құжаттарды оқу, далалық зерттеу жазбаларын жүргізу немесе аудиовизуалды материалдарды транскриптеу барысында үміттендіретін аналитикалық идеялар пайда болады. Оларды жазып алған маңызды, өйткені кейін деректерді талдауда олар пайдалы болуы мүмкін, әрі олар оңай ұмытылып қалады. Алайда, мұны жасауда, бір жағынан, информанттардың қамтамасыз еткен ақпараты мен, екінші жағынан, зерттеушінің әрекеттер мен ситуацияны сипаттаулары аналитикалық жазбалар арасында анық айырмашылықты сақтау арқылы жасаған маңызды.

Аналитикалық жаднама әлі толық дайындалған жұмыс материалы емес, ол – жаңа идеялар талқыланатын, зерттеу стратегиялары және басқалары белгіленетін жазылған мәліметтер. Біз 2-тарауда аналитикалық жаднамадан алынған үзіндіні келтірген едік. Далалық зерттеу жазбалары мен деректердің басқа да түрлерін күндеп және апталап жиналуына жол беру өте оңай. Мәліметтердің жинақталуы әдетте қанағаттанарлық ілгерілеу сезімін береді. Алайда жүйелі рефлексиясыз және шолу жасаусыз олардың жинақталуы – өрескел қате. Мұндай жағдайда ілгерілеу әсері алдамшы болуы, әрі деректерді жинаудың басым бөлігі мақсатсыз қажет емес болуы мүмкін.

⁴⁴ Видео деректерге қатысты транскриптеу мәселелерін талқылау үшін: Goodwin 1981 and 2001; Heath 2004; Mavers 2012.

⁴⁵ Қолжетімді технологияларды пайдалы талқылау үшін Paulus пен басқаларын, 2015, қараңыз

Айтып кеткеніміздей, нақты проблемаларды, гипотезалар мен орынды зерттеу стратегияларын құрастыру этнографияның дәйекті белгісі. Біртіндеп назар аудару процесі деректерді жинау зерттеу тақырыптарының бірте бірте нақтылануына негізделеді дегенді білдіреді. Аналитикалық жаднамаларды уақытылы жасау этнографты осындай түсіндіру процесінен өтуіне итермелейді. Ал мұндай жаднама жазбалар жинала берген сайын, олар зерттеуші үшін деректер базасында бағдар ұстануды қамтамасыз ететін алдын ала реттік анализді құрастырады. Сондай-ақ, олар көбіне деректерді жүйелеу үшін қолданылатын бағдарламаға, деректердің тиесілі бөлігімен байланыстырыла отырып, тікелей жүктелуі мүмкін.

Сондықтан да аналитикалық жазбалар мен жаднамалар рефлексивті этнографияның негізі болатын ішкі диалогтың нақты бір түрін немесе дауыстап ойлауды қалыптастырады. Мұндай әрекет зерттеу алаңында "табиғи қарым-қатынас" пен "әдеттегідей ойлаудың" алдын алуға көмектесуі тиіс. Сенімді ұғыну орнына, адамның өзі нені білетінін, ол білімге қалай қол жеткізгенін, сол білімнің дәлдігінің деңгейі, сондай ақ зерттеудің кейінгі бағыттары қандай болатынына күмәнді болады.

Этнографтар жасаған жазбаша есептің тағы бір маңызды үлгісі – далалық зерттеу журналы. Мұндай журнал немесе күнделік зерттеуді жүргізу, этнографтың әр кезеңдегі эмоциясы мен зерттеуге қатысуын жазу туралы жүйелі нарративті қамтамасыз етеді (Coffey 1999). Бұл мәселелерді құжаттау – негізсіз өзін-өзі бақылау емес не нарцистік өз-өзіне тамсану емес. Оқулықтың басқа жерлерінде көрсеткеніміздей, жеке жайлылық, алаңдау, таңқалу, есенгіреу не жек көру сезімдері аналитикалық мәнге ие. Біріншіден, біздің сезімдеріміз далалық жұмыстар кезінде араласатын әлеуметтік қарым-қатынастарды қамтып, оларға өң береді. Екіншіден, мұндай жеке және субъективті жауаптар қайсысы жазып алуға тұрарлық, қайсысы әдеттен тыс және дүдәмал, қайсысы қалыпты және айқын дегенге қатысты біздің таңдауымызға сөзсіз әсер етеді. Мұндай сезімдерге біз жиі жүгінеміз; сондықтан олардың болуы мен мүмкін ықпалы мойындалып, мүмкін болған жағдайда жазбаша баяндалуы тиіс. Сол сияқты, алаңдаған көңіл-күй деректерді жинауда кедергі келтіруі мүмкін. Арамыздағы біреу (Atkinson 1992a) өзінің жалпы медицина мен хирургия жөнінде көңіл-күйінің медициналық білім беру бойынша жарияланған зерттеуінің сипаты мен теңгеріміне анық әсер еткенін айтқан болатын.

Бір жағынан, жеке және эмоциялық пен екінші жағынан, интеллектуалдық арасында тұрақты өзара ықпалдастық бар. Жеке жауап рефлексия мен анализ арқылы әлеуетті қоғамдық білімге айналуы тиіс. Далалық зерттеу жазбаларының күнделігі – осы сынды трансформацияның құралы. Күнделікті деңгейде мұқият жасалған далалық зерттеу

жазбаларының күнделігі ұқыпты этнографқа зерттеу дизайнының жетілдірілуін, аналитикалық тақырыптардың пайда болуын, деректерді жүйелі түрде жинауды ынтамен қадағалап, түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеудің мұндай "табиғи тарихын" жасау тұтас этнографияның шешуші компоненті бола алады.

Осы уақытқа дейін біз қамтылған шешімдерге және олардың деректер анализі процесімен қалай үзіліссіз байланысуы тиіс екеніне ерекше көңіл аудара отырып, деректерді өңдеуге көңіл бөлдік. Тараудың қалған бөлігінде, 7-тарауда талқыланған дискуссия негізінде этнографиялық деректерді сақтау, индекстеу мен шығаруда қолданылуы мүмкін тәсілдерді қарастырамыз.

Деректерді сақтау, индекстеу мен шығару

Әдетте этнографтар бақылау деректер жазбаларын хронологиялық үлгіде сақтайды. Сол сияқты, сұхбат транскриптілері қалыпты жағдайда толық жазбалар сияқты сақталады, ал мұндағы түрлі сұхбаттар жүргізілген қалпындағы ретпен сақталады. Алайда, анализ процесі деректер бөліктерін тақырыптармен байланысты категорияларға белсенді түрде қайта ұйымдастыруды талап етеді – индекстеу не "кодтау" жүйесіне сәйкес мәтінді бөлек бөліктерге немесе сегменттерге бөлу. (Ол жергілікті паттерндер мен реттіліктерге мән беретін сұхбат және дискурс анализ арасында азырақ таралған болса да, диалогтық қадамдардың кейбір категоризациясы немесе дискурсивті стратегиялар мұнда да қажет болуы мүмкін). Категориялар тұрғысынан деректерді кодтау кейін ақпаратты іздеу мен қайта қарауда маңызды инфрақұрылымды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол, Вебс ертеректегі методологиялық оқулықтарында көрсеткендей, зерттеу процесінде де белсенді рөл ойнауы мүмкін.

Бұл ғылыми қызметкерге өз зерттеу пәнінің түрлі құрамдас бөліктерін асықпай даралап, зерттеуге келетіндей етіп ажыратуға, кейін олар үйреншікті категориялардан арылғаннан кейін жаңа, тәжірибелі классификацияларға барлық фактілерді қайта біріктіруге мүмкіндік береді. (Webb and Webb 1932:83).

Этнографияда деректерді категорияларға бөлу сандық зерттеуге, контент-анализбен қоса, тән кодтау түрінен әдетте өзге болады (Krippendorff 1980; дегенмен, Franzosi-де (2004) қараңыз)⁴⁶. Этнографиялық кодтауда деректер бірлігі жалғыз және тек қана бір

⁴⁶ Сапалық зерттеулердегі кодтаудың түрлі аспектілерін пайдалы талқылау үшін Saldaña 2016, қараңыз.

категорияға жатуы тиіс немесе оларды категоризациялаудың анық ережелері болу керек деген талап жоқ.

Біз [далалық зерттеу жазбаларын] мазмұнына қарай кодтаймыз, яғни айталық, егер біз кез-келген ой осы атау категориясында болуы керек деп ойлауға негіз болса, онда оны сол жерге орналастырамыз. Біз ештеңені жоғалтпаймыз. Сонымен қатар, біз оларды сенімді деп қарастырған, бірнеше категорияларға кодтаймыз. Әдеттегідей, бізді қызықтыратын барлық мәселені қайта қамтуды қалаймыз [. . .]. Бұл – зерттеуге қатысты барлық мәліметтерді қамту үшін іздеу процедурасы. (Becker 1968:245)

Анализ процесінде категорияларды идентификациялау басты орынға ие (қараңыз Bazeley 2013). Нәтижесінде, деректер жүйеленген категориялар тізімі, әдетте зерттеу барысында айтарлықтай өзгеріске ұшырап отырады. Дәлірек айтқанда, зерттеу дамыған сайын абстрактілеу категориялар арта түседі (9-тарауды қараңыз).

Бұрын этнографтар өз деректерін қолдан индекстеу мен сұрыптау арқылы сақтап, ұйымдастырып отырды. Қазір, осыған дейінгі тарауда көргеніміздей, мұндай мақсаттар үшін көптеген этнографтар мамандандырылған бағдарламаларды пайдаланады. Бұл бағдарлама осыған дейінгі механикалық жолмен жасалып келген барлық процедураларды айтарлықтай қайталайды, дегенмен ол процесі барынша тиімді ете отырып, қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Бағдарламалық жасақтаманы қолдануды қысқаша талқыламас бұрын, механикалық техникалар жөнінде түсіндіріп өтеміз. Барлық этнографиялық деректер қазір арнайы бағдарлама негізінде өңделуі тиіс деп ойламаған жөн. Кейбір жобаларда әлі де қарапайымдырақ, әрі шағынырақ қолмен жасайтын процедуралар болады (қараңыз Boellstorff және басқалары 2012:165–6). Олардың ішіндегі ең қарапайымы – "таспаны кодтау". Мұнда деректер ағымдағы жазбаның өзінде кодталады (немесе дұрысы оның көшірмесінде), яғни категорияларға жатқызылады. Деректерді дескриптивті немесе аналитикалық категорияларға байланыстыратын комментарийлер деректердің форматына байланысты парақтың шетіне, артқы жағына немесе келесі беттеріне жазылады. Бұл жедел, әрі "деректерді оқу" әсерін сақтайды. Алайда, ол кейін деректердің бөліктерін іздеу мен қайта қарау сынды процедуралар үшін икемсіз. Бұл стратегияның айтарлықтай күрделі түрінде аналитикалық индекс жасалады. Мұнда деректердің әр бөлігі ағымдағы атаулар топтамасы аясында индекстеліп, индекс карталары не тізім ретінде сақталады. Бірдей не ұқсас кодталған бөліктерді кейін, қажет болған жағдайда, деректердің түпнұсқалық баспа көшірмесінен табуға болады. Дегенмен, ауқымды деректер жағдайында оларды іздеу көп уақыт алуы мүмкін, әрі деректер

бір-бірінің қасында орналаспағандықтан, таспаны кодтау олардың түрлі бөліктерін салыстыруды жеңілдетпейді.

Бұрын этнографтардың басым бөлігі қолданған, деректерді ұйымдастырудың балама әдісі қолмен сұрыптау (қараңыз Wiseman 1974). Деректердің бірнеше көшірмесі жасалып, категорияға жататын деректер бөлігінен тұратын парақшаның әрқайсысы сол категорияға арналған бумаларда сақталады. Бұл жолмен этнографтар анализ бен нақты тақырыпты жазуға келгенде категорияға жатқызылған барлық деректерге қол жеткізіп, салыстыра алады. Алайда, бірнеше көшірмені қағаз түрінде сақтаудың кемшіліктері де бар, көшірме жасауға кеткен уақытты ескермегенде, ауқымды және кешенді деректер жиынтығы үлкен кеңістікті де талап етеді.

Ал шағын деректер жиынтығымен жұмыс жасағанда жаңа ғана айтылған механикалық процедуралар, деректерді өңдеу бағдарламалары сияқты жақсы қызмет ете алады. Десек те мәтінді өңдеу бағдарламаларының үйреншікті болып кеткені соншалық, барлығымыз олардың текстуалды мәліметтерді сақтау, өңдеу, бөлісу мен іздеуде мүмкіндік беретін керемет икемдігін қалыпты деп қабылдаймыз. Одан басқа, мәтінді өңдеу бағдарламаларын қолдану деректер бөлігін көшіріп, оларды түрлі аналитикалық тақырыптармен байланысты бумаларға салуды мүмкін етеді, тек түпнұсқалық деректер жазбасында әрбір бөліктің дереккөзі көрсетілуін қамтамасыз ету керек. Адам қызыққан бағдарламаны меңгеріп алғаннан кейін, арнайы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану бұл проблеманы шешеді, әрі басқа да артықшылықтарға ие.

Сапалық деректер анализі компьютер бағдарламасының қолмен реттеудегідей кодтау мен қайта қарау комбинацияларын қолданады⁴⁷. Басқаша айтқанда, ол деректер бөліктерін кодтау процедурасына сүйене отырып, барлығын бір папкаға орналастыру үшін әрі қарай бір кодпен белгіленген барлық сегменттер бойынша деректер жиынтығын жедел іздеуде бағдарламаның мүмкіндігін пайдаланады. Осылайша, деректердегі мысалдар алдағы анализдеуге дайын тематикалық атаулар аясында жинақталып, топтастырылады. Алайда, бұл бағдарлама цифрлық технологиялар ұсынған көптеген мүмкіндіктерді барынша толық беретін функцияларды дамыту үшін өзгеріске ұшырап отырады. Олардың кейбірін біз алдыңғы тарауда талқыладық: транскриптер мен далалық зерттеу жазбалары сынды текстуалды мәліметтерді реттеуден басқа,

⁴⁷ Қазіргі уақытта аталмыш бағдарламаны пайдалануға арналған, сонымен қатар оны пайдаланудың практикалық ұсыныстарынан тұратын, бағдарламалардың соңғы нұсқалары жөнінде ақпарат беретін арнайы әдебиет бар. (Мысалы, Lee and Fielding 2004; Bazeley and Jackson 2013; Lewins and Silver 2014).

визуалды және дыбыстық деректерді қосу және кодтау мүмкіндігі бар. Нақты лексикалық бірліктің кездесуі мен жиілігін анықтаумен бірге, күрделі іздеу процедураларынан тұруы мүмкін. Категориялар арасындағы байланысты картаға түсіруге болады. Онымен қоса, кейбір бағдарламалық жинақтамалар сандық және сапалық деректерді біріктіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында алынған барлық деректерді толық беру мүмкін болмаса да, барынша молырақ жазып алу үшін барлық күшімізді салуымыз тиіс. Жады – қаншалықты маңызды болғанымен, кейінгі анализ үшін ол жеткіліксіз. Әрине, деректер жазбаларының басым түрі айтарлықтай таңдаулы және аз болса да, кейбір интерпретацияларды қамтиды. Негізгі, сенімді деректерден тұратын, кейін олардан барлық басқасын алып шығуға болатын, топтама жоқ. Не және қалай жинақталған немесе жазып алынғаны көбіне зерттеудің мақсаттары мен басымдықтарына, сондай-ақ жүргізілген жағдайға байланысты болады. Сонымен қатар, әртүрлі таспалау техникаларын қолдану барысында, олардың информанттарға да, біздің аналитикалық интерпретацияларымызға да әсері жайында хабардар болуымыз қажет; осыны ескере отырып, өз стратегиямызды өзгертіп отыруға дайын болуымыз керек. Сол сияқты, анализдеуге ақпаратты сақтау мен қайта қараудың да келісілген дұрыс жолы жоқ. Әртүрлі жүйелердің, қазіргі қолжетімді бағдарламалық жасақтамалармен қоса, зерттеушінің мақсаты, жинақталған деректер сипаты, нысандар мен қаражат мүмкіндігі, зерттеу жобасының көлемі мен ауқымы, сол сияқты жеке қалаулар мен жайлылықтарға сәйкес жарамдалығы жағынан айырмашылығы болады.

Этнографиялық зерттеулердің басқа аспектілері сынды деректерді жазу, сақтау мен қайта қарау рефлексивті процестің құрамдасы ретінде қарастырылуы керек. Шешімдер қабылдануы, тексерілуі, сондай ақ әдіснамалық, тәжірибелік және этикалық түсініктерді ескере отырып, қажет болған жағдайда қайта қабылдануы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі таңда қолжетімді жаңа цифрлық технологиялар этнографиялық зерттеудің сапасын жақсартуда маңызды рөл ойнай алады. Олар мысалдардың типтігін бағалауда, конструкт-индикатор байланысын тексеруде, негативті кейстерді іздеуде, түрлі дерек көздері арасында триангуляция жасауда, және деректер мен нәтижелер сипатын қалыптастыруда зерттеушінің рөлін бағалауда маңызды ресурсты қамтамасыз етеді. Қысқаша айтқанда, олар анализдеу процесін жеңілдетеді, бірақ анықтамауы керек, бұл тақырыпқа келесі тарауымызда келеміз.

8.1 сызба. Сурет салу – далалық зерттеу жазбаларының құрамдас бөлігі, дайындық кеңістігіндегі адамдардың қозғалысы

Дереккөз: Wieland 2018: 95.

9-тарау

Талдау процесі

Этнографияда деректерді талдау зерттеудің жеке кезеңі емес, десек те соңына таман ол басым бола бастайды. Аналитикалық ойлау далалық зерттеуге дайындық кезеңінде зерттеу сұрақтарын тұжырымдау және нақтылаумен басталып, есеп, мақала, тезис, кітап және басқа да өнімді жазу процесіне дейін жалғасып отырады. Аналитикалық жазбалар мен жаднамалар арқылы ол формальді түрде қалыптасады; ал бейресми түрде ол этнографтың идеялары мен болжамдарында жүзеге асады. Осылайша, деректер анализі зерттеу дизайнын жоспарлауға әрі мәліметтерді жинауға пайдаланылады. Осындай қайталанбалы процесс "негізделген теориялауда" басты рөл ойнайды, мұнда теория деректер анализінен дамиды, ал кейінгі деректерді жинау стратегиялық тұрғыда жаңа теорияны басшылыққа алады. Дегенмен, түрлі деңгей мен қатынастарға қарай, ол этнографиялық зерттеулердің басқа түрлеріне де тән.

Этнографиялық деректер анализінің, этнографиялық тәжірибенің басқа да аспектілері секілді нақты ұстанатын формуласы жоқ екенін мойындау маңызды. Сәтгілікке кепілдік беретін процедуралар жоқ; расында, кез-келген процедураны ұстану әрекеті орынсыз нәтижелерге алып келуі мүмкін. Қорыта келгенде, осы тарауда біздің жасай алатын нәрсеміз – барынша нәтижелі жұмыс жасау жолдарын ұсыну. Зерттеу сұрақтарын, қамтылған деректерді, зерттеліп отырған феноменді ұғынатын, сонымен қатар осының барлығы уақыт барысында өзгеруі мүмкін екенін түсінетін, икемді ыңғайдың талап етілетінін есте сақтаған маңызды.

Анализдеу процесінің басында, деректер жаңа идеяларды жасауды жеңілдету мақсатында ойлауға арналған, сол сияқты зерттеу әдебиеті мен басқа да жерлерден алынған идеяларды нақтылап, дамытуда маңызды материалдар ретінде қарастырылады. Әркім қандай да бір қызықты модельдерді айқындауға бола ма; таңқалдыратын немесе ойландыратын қандай дүние бар; адамның саналы ойға негізделген білімі, ресми есептер не бұрынғы теориялардан күткенімен деректер арасындағы байланыс қалай, сонымен қатар түрлі топтар мен индивидтер көзқарасы, адамдардың сенімі мен қатынасы және олардың қимылы немесе түрлі контекстердегі іс-әрекеті арасында келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар бар ма деген сауалдарға жауап іздейді. Анализ көбіне теорияны құрастыруға қатысы бар немесе оған жүгінеді деп қарастырылады.

Дегенмен көбі "теория" дегенде нені меңзейтінімізге байланысты⁴⁸. Мұнда біз ұғымды идеяларды түсіндіру үшін пайдаланамыз: неліктен заттар осындай немесе неге нәтижесі солай болды дегенді болжаудың амалдары Жас және тәжірибелі зерттеушілердің көбі теория туралы ойлаудан қорқады. Әдетте бұл әуелі салыстырмалы түрде абстрактілі, кейде мүлдем түсініксіз, кем дегенде дәйектермен байланысы әлсіз дереккөздердің салдарынан болады. Теориялау дегеніміз кейде бір немесе бірнеше авторлардың жұмысы арқылы деректерді толықтай интерпретациялауға талпыныс жасау деп түсіндіріледі. Алайда, айталық, де Бовуар, Бурдьё, Бахтин, Бодрийяр не Батлер идеялары кей жағдайда пайдалы болуы мүмкін, ал тұтас этнографияны алдын-ала таңдалған теориялық шеңберге сәйкес келтіру әрдайым қате деуге тұрарлық (қараңыз Kunda 2013; қарасы көзқарас туралы, қараңыз Wacquant 2009).

Теориялау мұндай болмауы керек, болмауы тиіс те. Айтылып кеткендей, ол идеялар деректерге мән беретін, ал деректер біздің сипаттамалық немесе түсіндірмелі идеяларымызды өзгерту не жетілдіру үшін қолданылатын қайталанбалы процесті қамтуы керек. Басқаша айтқанда екеуінің арасында алға және артқа қозғалыс болуы керек: біз деректерді түсіндіретін идеяларды жетілдіру үшін олардан (деректерден) тыс шығуға дайын болуымыз керек, өйткені бұл біздің идеяларымызбен басқалардың идеяларын байланыстыруға мүмкіндік береді, әрі қарай сол басқалардың идеяларын кейінгі деректермен тексеру үшін оларды қайтаруымыз керек және т.с.с. Стюарт өзінің далалық зерттеуі кезінде мұндай теориялаудың жақсы шағын мысалын келтіреді, ол бірқатар мүмкіндіктерді зерделей отырып, Скид-Роудағы саудагерлердің оған қатысты агрессиясының себептерін түсінуге тырысып жүргенде, полицияның назарын осы аймаққа аударып та үлгереді.

Прогрессивті фокус: проблемалар, сипаттамалар, түсіндірмелер, теория

Осыған дейінгі тарауларда болжағанымыздай, этнографиялық зерттеуге біртіндеп зерттеу барысында нақтылана түсетін, "шұңғы тәрізді" құрылым тән. Уақыт өте келе зерттеу мәселесі жетілдіруді, мүмкін тіпті түпкілікті өзгертуді қажет етеді; ең кем дегенде, оның ауқымы нақтыланып, шектелуі, ал оның ішкі құрылымы зерделенуі тиіс. Бұл тұрғыда, зерттеудің шынында не туралы екені зерттеу барысында анықталады, кейде ол алғашқыда белгіленген мәселелерден әлдеқайда өзге нәрсеге айналады. Бұл аналитикалық тапсырма зерттеу

⁴⁸ Оны әлеуметтік сала ғалымдары бірнеше, мүлдем әртүрлі тәсілдермен қолданады: қараңыз, Hammersley 2012.

сұрақтарын нақтылау және дамытумен, сол сияқты олардың жауаптарымен байланысты екенін білдіреді.

Сонымен қатар, ол жабық кеңістікте орын алмайды – оған далалық зерттеудің ерекше жағдайы ықпал етеді.

Меноре былай дейді:

Қала кеңістігі, бақылау мен автокөліктер дрейфі сұрақтары менің зерттеуімнің басты мәселесі болғанша ұзақ уақыт қажет болды. Алғашында мен исламдық топтарды зерттегім келген [. . .]. Адамгершілік пен тәртіпті қалаған діни белсенділерімен араласа отырып, "девиант" деп белгіленген адамдар барынша қызық, сонымен қатар Сауд Арабия қоғамы мен оның үстінен және ішіндегі биліктің жүзеге асуы жолы жағдайында айтарлықтай ашық екенін түсіндім. Басында менің жобаларыма бірнеше рет тыйым салынды және таныстарым да көмектесуден бас тартты. Алғашында мен осындай тұйыққа тірелуімнің себебін өзімнің тәжірибесіздігімнен әрі зерттеу объектісіне бөтендігімнен деп ойлаған едім, менің жобам шынымен де күрделі екенін түсіну үшін маған ұзақ уақыт қажет болды, ал бұл сәтсіздік кем дегенде жасырын нәрсені барынша ашып көрсетті. Далалық зерттеу жұмыстары диалектикалық инициатива болды, ал менің зерттеуім онымен айналысқан жылдар бойына айтарлықтай өзгеріп отырды. (Menoret 2014:23)

Осылайша, зерттеу сұрақтарының өзгеруі мен дамуы зерттеушінің өзіне де, зерттеу жағдайына да қатысы бар түрлі факторлармен байланысты болады. Алайда, зерттеліп отырған феномен туралы түсініктің дамуымен де – яғни, олардың зерттеу үшін қаншалықты және қалай ашық екені де маңызды.

Соған қарамастан, прогрессивті бағдар ұстау әдетте әлеуметтік оқиға мен процестерді сипаттаумен айналысудан интерпретациялар немесе теорияларды дамыту мен тестілеуге дейінгі біртіндеп өзгерісті қамтиды. Дегенмен, зерттеулердің осы жол арқылы өтетін траекториясы әртүрлі болады. Олардың кейбірі жекелеген адамдар, топтар мен ұйымдар туралы нарративтер жасай отырып белгілі бір деңгейде сипаттама түрінде болады немесе әлеуметтік интеракция үлгілері не нақты жағдайлардағы мәдениеттер туралы толық мазмұнды жұмыстар атқарылуы мүмкін. Әрине, бұл таза сипаттамалар емес: ол сұрыптау мен интерпретациядан тұратын конструкциялар, сондықтан олар болжамдарға сүйенеді. Алайда олар жалпы қорытынды жасауға сәл талпыныс жасауы мүмкін. Сондай-ақ, олардың пайдаланатын теориясы айқын болмауы мүмкін, әрі оның негізгі мақсаты даму болғанына қарамастан, ол құрал ретінде қолданылады. Мұндай есептердің құндылығы жоғары болуы мүмкін. Олар бізге осы уақытқа дейін аз зерттелген адамдар типі не жағдайлар жөнінде білім беруі мүмкін, әрі сол арқылы адамзат өмірінің ерекшеліктері туралы біздің

болжамдарымызды өзгертеді немесе біздің стереотиптерімізді басқа тәсілдермен сынайды. Антропологиялық жұмыстар мен әлеуметтану зерттеулерінің негізгі мүддесі сол аса белгілі емес топтардың өмір салтын ашып көрсету. Бұл топтардың әлеуметтік маңызы (жоғары әлде төмен) мен экономикалық және саяси билік үшін (басты әлде маргиналды) қандай рөл атқаратыны маңызды емес. .

Дескриптивті зерттеулердің жүзеге асыра алатын тағы бір қызметі – таныс нәрсені беймәлім, ал беймәлімді таныс етіп көрсете алу мүмкіндігі (Myers 2011). Соңғы идеяның қызықты қолданысы Ролингтің (1988) өз білімін терапиялық қауымдастықтағы қатысушы ретінде түсіндіруі болды. Ол шамамен қарапайым түрде қауымдастық кездесуінің алғашқы бірнеше минуттарын алып, сыртқы келбеттеріне аса мән бермейтін. Олар кейбір жағдайда, әдеттегіге ұқсамайтын – расында да олардың сыртқы келбеті күнделікті қарым қатынастарының нәтижесі еді. Сол сияқты дескриптивті зерттеулер сәйкессіздікті көрсете отырып, осы шақтағы жағдайлармен мінсіздікті қарама-қайшы қоюы мүмкін. Мысалы, саяси билік институтындағы шешім қабылдау процедураларын демократияның идеалды типімен салыстыруға болады; немесе коммерциялық ұйымдағы қызметкерлерді таңдау тәжірибесін оның ресми саясатымен салыстыруға болады. Мұндай салыстырулар – этнографиялық жұмыстардың дайын өнімдер қоры.

Алайда барлық этнография салыстырмалы дескриптивті деңгейде қала бермейді; ал жалпы түсіндірмелер беру мен теориялық модельдер жасауға талпынудың артықшылықтары бар. Мұнда зерттеліп отырған құбылыстың сипаты мен тарихы жалпы категориялар аясында ұйымдастырылады. Мысалы, олар әлеуметтік бағдардың, дискурсивті тәжірибенің, интеракциялық стратегияның, мансап жолының, институттық форманың және басқаларының нақты түрінің мысалдары ретінде ұсынылады. Әрі қарай көптеген жағдайларда табылуы мүмкін өзара байланысты алуан түрліліктер бағдарларының, стратегияларының, жолдарының, т.б. жігін ажырататын типологиялар жасала алады. Ақырында, аналитикалық категориялардың тұтас қатары болуы мүмкін себеп салдардың байланыстарын айқындай отырып, әлеуметтік процестің кейбір аспектісіне интеграциялануы мүмкін.(Tavory and Timmermans 2018). Ал бұл кейін басқа жағдайлардан алынған деректер негізінде тексеріліп, қайта қаралады.

Бұл өте ұзын жол, оның бойында көптеген аялдамалар бар, әрі соңғы аялдамаға жететініміз ешқандай жағдайда анық болмайды. Оның үстіне, көптеген басқа да саяхаттар сынды, кей нәрселер үнемі алынған бағдардан тыс қалып отырады. Нақты сипаттамалар әдетте өздері сипаттап отырған құбылыстың түрлі аспектілерін қамтиды: олар кешенді көріністі беріп,

теориялық мүмкіндіктердің барлық тәсілдерін ашады. Оған қарағанда түсіндірмелер мен теориялардың жүйелі дамуы абстракциялық процеске бағытталған бағдардың тарылуын болжайды. Теориялық жұмыстар зерттеліп отырған құбылыстың айтарлықтай таңдаулы және жалпы репрезентациясын қамтамасыз етеді. Десек те, жақсы негізделген теориялық идеялар неліктен оқиғалардың нақты осылай орын алатыны туралы дұрысырақ білім беруді бастай алады.

Әрекетке баса назар аудару

Этнографиялық зерттеудің фокусы алуан түрлі болуы мүмкін, маңыздысы – әрекетке назар аудару: адамдар не істейді және неге істейді. Бұл фокустың бір аспектісі адамдардың мақсаттарына жету, қажеттіліктерге сай болу, құндылықтарына лайық болу немесе мүдделерін қорғау үшін күнде қайталанатын не арнайы жасалған, келісілген әлеуметтік іс-әрекетке қатысу арқылы адамдар өзінің әлеуметтік өмірін жасайтын әлеуметтік ортақ құралдарды талдау. Осылайша институттық контекстер қалыптастырылады, қайта жасалады және тұрақталады, әрі қарай олар іс-әрекетті жеңілдетуге де, шектеуге де қызмет етеді; десек те олар процесс барысында өзгеруі мүмкін.

Осыған дейін көрсетіп кеткеніміздей, адамдардың не және неге жасайтынын түсіну үшін ондағы мәндерді ұғыну – адамдар өздері кезігетін жағдайларды, оларға қолжетімді нәрселер мен артефактілерді қалай интерпретациялап, баға беретінін, сонымен қатар өздерін қалай көретінін – этнографияның басты ережесі. Мұндағы дұрысы, мысалы, қызмет, кәсіп пен басқа да мамандандырулар эзотериялық білім мен тәжірибеге ие, яғни кезігетін жағдайларды ұғыну және әрекет ету бағдарын анықтау тұрғысында белгілі бір жағдайда нақты мәндердің қоймасы болып келеді. Сол сияқты субмәдениеттер көбіне олардың жергілікті мәндер жүйелерімен және сол жүйелердің тудыратын әрекет үлгілері арқылы анықталады.

Әсіресе, анализ әлеуметтік акторлардың әлеуметтік өмірді жүзеге асыруы мен олардың қоғамдық тәртіпті бұзбайтын ғадетке қол жеткізуінің тәсілдері мен әдістеріне мұқият назар аударуды қажет етеді. Бұл қайталанбалы іс-әрекеттерді идентификациялаудан тұруы мүмкін. Мысалы, ұйымдық жағдайда, біз жұмыстың типтік паттерндерін, типтік мәселелерін, ортақ шешімдерді және басқаларын жазып алуымыз мүмкін. Сондықтан анализ кем дегенде осындай әрекет типтерінің, олардың сипаттамалары траекторияларының, соған сай типті салдарының кейстері мен мысалдарын іздейді. Мұндай анализ акторлардың мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданатын стратегияларының жиынтығы тұрғысынан жүргізілуі мүмкін. Десек те, сол сияқты, әдеттен тыс, девиантты немесе келелі оқиғалар мен әрекеттер де маңызды; расында, кез келген

жағдайдағы әлеуметтік ұйымның паттерндері үшін олар әсіресе көрнекі болуы мүмкін. Сәтсіз амалдар, күтілмеген нәтижелер немесе дағдарыстарға назар аудара аламыз. Мұндай типті шаралар сандық жағынан сирек болуы мүмкін, бірақ олар көбінесе күнделікті құбылысқа жарық түсіреді, қалыптының шектерін көрсете отырып, әлеуметтік болжамдар, қатынастар мен күштер негізінде жатқан түсініктерді қамти отыра күнделікті құбылысты анық көрсетеді. Дәл солай, тіпті интеракцияның күнделікті процестерінде де, мысалы, әзілді, айрықша сәттер болуы мүмкін. Маккензи (2015: 56–7) әзілдеу мен "жақсы әңгіме айта алу" оның зерттеген муниципалды үйлері бар шағын аудандардағы өнердің формасы болды, ол жұмысшы табы отбасылық өмірінің басты элементін білдірді: "жұрттың алдында кіріңді жуу" ұғымы (pp107–8).

Әрекеттің үлгілерін түсіну де нормаларға назар аударуды қамтиды. Ол – тек қана заңмен немесе мемлекеттік билік және ұйымдармен бекітілген "ресми" нормалар ғана емес (дегенмен олар көбінесе маңызды болып келеді), әдетте ғадетті реттейтін жалпы және бейресми нормалар. Оларды әлеуметтік акторлар бір біріне қатысты құрастыра алады (мысалы, әлеуметтену барысында), дегенмен ғадеттің жергілікті реттелуі немесе қабылданған ереже бұзушылықтарға жауапты зерттегендіктен оларды көбіне тек қорытынды арқылы көруге болады. Нормаларды идентификациялау әрекеттердің барлығы нормалармен басқарылуын көздемейді, мұны Элис Гоффман Филадельфияның кірісі төмен аудандарындағы полиция мен қауымдастық қатынастарын зерттеуінде көрсетеді: оның айтуынша, полиция жөнінде "сөз тасуға" қарсы жалпы норма болса да, "сөз тасу туралы моральдық көзқарас барынша құбылмалы". Ол: "Көптеген адамның көршілес аудандағы басқаларға көкбеттеніп полиция шақырғаны үшін жауапқа тартылмайтыны қызық; бұл әрекет олардан күтіліп, адал, "таза" адам мінезінің құрамдасы ретінде ұғынылады". Осылайша, әлеуметтік ортақ нормалар әлеуметтік акторлардың жергілікті ахуал мен оған қатысатындарға сәйкес контекстіндегі интерпретациялайтын, сонымен қатар басқалардың ғадетін ұғынуда қолданатын әрекеттің белгілері. Осылайша, әлеуметтік ғылыми мақсаттар үшін әлеуметтік әрекеттерді ұғыну дегеніміз берілген мәдени жағдайды қалыптастыратын түрлі ережелер, нормалар мен келісімдердің жүйелі интерпретациясын жасап шығаруды білдіреді. Сонымен қатар, ол деректерді жинау және Андерсон мен Шерроктың университеттегі басқару практикаларын зерттеуіндегідей, тәжірибе жүзінде, нақты жағдайларда ережелердің интерпретациялануы, бәлкім, олардың түрлі артефактілердің қолданысында жүзеге асатынын құжаттауды да білдіреді.

Ережелерді нұсқаулықтар ретінде түсіну шешімдердің маңыздылығын көздейді⁴⁹. Шешім қабылдаудағы практикалық аспектілер көптеген ұйымдастырушылық және кәсіби контекстерде маңызды болып келеді (Dennis 2018). Мысалы, полиция қызметін зерттеу полиция қызметкерлерінің жергілікті жағдайда шешімдер қабылдауын құжаттай алуды қажет етеді. Мұндай шешімдер қоғамның қандай мүшелерін тоқтатып, тінтуге болады, көршілес аудандардың қайсысын жете бақылау қажет, жол жүру ережелерінің қайсысына назар аудар керек, қайсысын елемеуге болады, күн мен түннің қай уақытында ерекше қырағылық таныту керек, ал қай уақытта тынышырақ болатынын қамтуы мүмкін. Осы тұрғыда, басқалар сияқты шешім қабылдау күнделікті әрекеттер үшін өмірлік маңызды болып келеді: тіпті "нөлдік шыдамдылық" жағдайында да ешкім әр мүмкін оқиғаға әр мүмкін Оұқық бұзушылыққа теңдей қырағылық таныта алмайды (мысалы, қараңыз, Durão 2017). Бірқатар кәсіби ситуацияларда шешім қабылдаудың тәжірибелік аспектілеріне қатысты негізді және бұрыннан қалыптасқан зерттеу әдебиеттері бар – диагноз және емдеу жолы туралы шешім қабылдайтын денсаулық сақтау қызметкерлерінен бастап өлімнің себебін анықтайтын сот-медициналық сараптаушы немесе қандай да бір сәйкес үкім жөнінде шешім қабылдайтын төрешіге дейін.

Деректер үшін мәнді категорияларды дамытуда олардың негізін қалайтын және толтыратын әрекеттер мен мағыналарға, олар жүзеге асырып отырған күнделікті және күтпеген оқиғалар, сонымен қатар осы әрекеттер әсер ететін және қалыптастыратын ауқымды оқиғалар мен институционалды үлгілерге назар аударылуы тиіс. Оның үстіне осы барлық түрлі аспектілер өзара тығыз байланысады.

Идеяларды жасау мен "деректерді кодтау"

Әдетте этнографтар бірқатар дереккөздерінен (түрлі бақылау жұмыстары жәнәтүрлі орындардан алынған аудио немесе видеотаспалар; түрлі адамдардан алынған сұхбат жазбалары және транскрипттер; жарияланған не жарияланбаған, онлайн және офлайн, ресми және жеке құжаттар, суреттер, материалдық объектілер және басқалары) айтарлықтай ауқымды деректер жинайды. Осылайша олар қатысқан адамдар мен олардың әрекеттері туралы түсінік қалыптастыруда тұтас деректер ауқымы арасында қарым-қатынастарды анықтауға тырысады. Ол әдетте тек мәтін/сурет немесе белгілі бір мәтіндер түрінің жиынтығына баса назар аударатын, немесе деректердің бір түрімен

⁴⁹ Таңдаудағы қиыншылықтар мен оның табиғаты туралы дауларды талқылау үшін қараңыз Harper мен басқалары, 2015.

екінші түрін байланыстыруға кез келген талпынысты жоққа шығаратын, дискурс не семиотикалық анализдің кейбір формаларынан өзгеше болып келеді⁵⁰.

Әдетте сауалнамадағыдай жолмен зерттеуші анықтаған категорияларда құрастырылып, ұйымдастырылмағандықтан, қолданылған барлық деректер "құрылымданбаған" болады. Олар көбіне далалық жазбалардағы ашық вербалды сипаттамалар, аудио немесе видео-жазбалардың транскрипттері, суреттер, құжаттардан алынған мәтіндер, немесе артефактілер (нағыз не "виртуалды") не олардың репрезентациялары үлгісінде болады. Ал анализ процесі бір мезетте (даму үстіндегі) зерттеу сұрақтарына қатысы бар осы деректердің аспектілерін белгілейтін аналитикалық категориялардың жиынтығын дамытуды, сонымен қатар мұндай категорияларға деректердің нақты бірліктерін жатқызуды қамтиды. Бұл – күрделі міндет, әрі айтарлықтай уақыт алады⁵¹.

Мұндай анализ зерттеудің нақты мақсаттарына қарай өзгеріп отырады. Көшеде орындалатын Хип Хоп рэп қойылымдарына қайырымдылықтың жүйелілігін зерттейтін аналитик басқа бір мүдделілерге қарағанда айтарлықтай басқа ұстанымды қолдануы мүмкін, айталық, элиталық топ арасындағы байланыстардың мықтылығы және қалайша бұл олардың билігіне ықпал ететіні. Әрине, кейде тақырып не мақсаттағы мұндай айырмашылықтарға байланысты теориялық ұстанымдарда да жалпы айырмашылықтар болады. Расында, кем дегенде, әлеуметтік ғылыми білімнің қазіргі жағдайын ескере, бірінші тақырыпты еш жаңалығы жоқ дейтіндер, сол сияқты екіншісін риясыз зерттеу саласынан алыс деп санайтындар да бар. Біздің мұндағы ұстанымыз, осы зерттеу түріне де, басқасына да релевант, жан-жақты болмақшы. Осылайша көпшілігі үшін не негізгі болатынына аса назар аударамыз⁵².

Этнография ауқымды деректер қорын интерпретациялау арқылы аналитикалық идеяларды дамыту мен қолдануды қамтығандықтан, оның естен

⁵⁰ Этнография мен дискурс анализ арасындағы айырмашылықтар туралы, қараңыз Hammersley 2005b.

⁵¹ Сапалы деректер анализі бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулар беретін бірнеше мәтіндер бар: мысалы, қараңыз, Bazeley 2013.

⁵² Мұнда толықтай қарастырмайтын ұстанымдар арасында семиотикалық, әңгіме, дискурс және нарратив анализі бар. Оларға кіріспе ретінде, сәйкесінше қараңыз Manning 2004; Sidnell and Stivers 2013; Gee and Handford 2014, and Cortazzi 2001, respectively. Дегенмен, біздің пайымдауымызша, аталған ұстанымдар мен этнографияның арасында баянды өзара ықпал ету мен өзара алмасу үшін бірқатар мүмкіндіктер бар.

жаңылдыратынын айтпағанда, күмәнді болуы мүмкін. Алғашқы кезеңдерінде, кімнің не істеп жатқанын немесе кем дегенде, алынған деректер негізінде аналитикалық ілімнің түрін қалай жасауға болатынын білмеу сезімі мықты болуы мүмкін. Кунда өзінің зерттеуі аясында мәселені келесідей құрастырды: "Мен күнделікті өмірдің жалпы сипаттамаларынан, тіпті мүмкін болған жағдайда да, айтарлықтай жалпы бақылау, комментарий, интерпретация, генерализация, теория, менің жасаған және кеңесшілерім талап еткен концептуалды құрылымдарға қалай өттім?" Бұл жағдайдағы бірінші кеңес "Абыржымау": анализ міндеті белгісізге шыдамдылық таныта алуды талап етеді. Бірден болмаса да, уақыт өте келе, деректердің мәні қандай болмақ және оны талдауда не қажет екені анығырақ болады.

Анализдің негізі – өз деректерінді жете білу. Оны мұқият және қайта-қайта оқу талабы қойылады. Осыған дейінгі тарауда, деректерді кодтау және индекстеу жолымен ұйымдастыруды талқыладық. Бұл асықпай, мұқият оқуға тұтастай тәуелді – айтып өткеніміздей, олар механикалық тапсырмалар емес. Транскриптер немесе далалық жазбалар жинағын үстіртін қарап шығып, "мұның барлығы нені білдіретіні" туралы жалпы түсінік ретінде қабылдап, кейін оны растауға дәйек ретінде деректер үзіндісін таңдау жеткіліксіз. Көбінесе үстіртін оқу және деректерді жеткілікті білмеу әлсіз сипаттамаларға және сенімсіз немесе тіпті қате анализдерге алып келеді. Оның орнына, деректер нені ашады және ұсынады, оның зерттеудің мүддесі үшін мәні қандай болуы мүмкін екенін түсіндіре отырып, кем дегенде, алғашында деректермен асықпай, жолма-жол жұмыс жасау қажет.

8-тарауда көрсетілгендей, бұл "кодтау" деп аталады (қараңыз Saldaña 2016).

Оның мазмұны туралы мына жерде жақсы үзінді берілген:

Кодтау дегеніміз – жазбаларды, транскриптерді, құжаттарды мұқият, қайта-қайта оқуды, зерттеуге қатысқан акторлардың қолданған ұғымдарын түсінуді [. . .] және әрбір шара, айтылған сөз, артефакт, жазбаларда табылған мағыналық бірлікке қатысты "бұл ненің мысалы?" деген негізгі сұрақты жиі қоюды білдіреді [. . .]. Бұл мағыналық бірлік қандай аналитикалық категорияға, қандай ірі, бірақ анықталмаған көпшілікке, қандай мета нарративке жатады? Бұл жиынтыққа қандай атау беруге болады? Әрі қарай келесі сұрақтар туындайды: бұл категориялар қалайша өзара байланысады? Олар қандай типологиялар мен классификациялар жүйесіне жатады? (Kunda 2013:17)

Сөйтіп, сапалық деректерді талдаудағы басты міндет – деректерде не болып жатқаны туралы түсінік беруге көмектесетін кейбір концептілерді табу, процесс көбіне "абдукция" деп аталады. Мақсаты – олардың белгілері мен интерпретацияларын анықтау, бір қарағанда, не болып жатыр, неге болып

жатыр, сонымен қатар кейбір тәжірибе, тұлға, әрекет немесе оқиғаның айрықша типі неге жататынын көрсету (Besker 2014). Алғашында идеялардың зерттеу фокусына релевантты не жоқ, немесе олар тұрарлық және нақты репрезентациялар бола алатынына алаңдамай, оларды генерациялау туралы мәселе болып отыр: оны кейінірек жақсырақ түсінігіңіз болғанда бағалауға болады.

Этнографиялық анализдің бастапқы кезеңдерінде көптеген жаңа концептілер қарапайым болуы мүмкін. Кейінірек, айтарлықтай аналитикалық маңыздылары пайда бола бастауы мүмкін. Мысалы, мұғалімдер бөлмесіндегі әңгімеге талдауында Хамерсли (1980) өте нақты категориялардан (мұғалімдердің оқушылар, сабақ беру, ұлттық саяси шаралар және басқалар туралы әңгімелері) айтарлықтай абстрактілі және аналитикалыққа (сауда жаңалықтары, өзара сенімділік алмасу, құлдырау мен дағдарыс жөнінде түсіндіру, мұғалімдер компетенцияларын қорғау және т.б.) дейін түрленетін категорияларды дамытты.

Аналитикалық идеялар әртүрлі жолмен пайда болуы мүмкін. Кейде олар зерттеу әдебиеттерінен де келіп отырады. Мысалы, теріні нақыштаушыларды зерттеу барысында Сандерс клиенттердің типологиясы туралы Меннериктің мақаласын сөз қыла отырып, оған мақала зерттеп жатқан теріні нақтаушылардың өз клиенттері туралы не айтатынын – әсіресе, кімдерді олар ұнамды не ұнамсыз деп қарастырғаны және оның себебі – маңызын көрсетті дейді. Олардың ойлары көбінесе жұмысты жеңілдететү және пайдалырақ ету, сол сияқты қызығырақ ету туралы болды, әрі бұл олардың қарама-қайшы бағдарларына мән беріп отырды.

Этнографиялық анализді нақты теориядан бастау сирек кездесе де, расында мұндай нүктеден бастау қауіпті, дегенмен анализ процесі этнографтың қолданысындағы идеяларына, сол сияқты әдебиеттерден алынғандарына сүйенеді (6-тарауды қараңыз). Осылайша, Гоериш пен Свансон (2015) АҚШ-тағы "жылсайынғы печенье сатылымы" кезінде скаут қыздарға тән әсерді басқаруды зерттеуде эмоционалды еңбек концепциясын Хохшильдтің (1983) жолсеріктерді зерттеуінен алды. Сол сияқты, Морис (2015) психологиялық денсаулық мамандары арасындағы кәсіби бірегейлікті біріге құрастыруды түсінуде "қатыгез оқиғалар" концепциясын (Stimson and Webb 1975; Dingwall 1977a; Hafferty 1988; Allen 2001) қолданды. Мұндай концепцияларды қолдануда, дегенмен, оларды жиі жаңарту немесе дамыту қажет болады (Faulkner 2009). Деректерді интерпретациялауда олардың үлгісінде болмауына аса назар аудару қажет; ол жерден белгілі концепциялар мысалдарынан қарапайым түрде алшақ болу керек. Оның орнына, деректерге түсінікті ету үшін оларды алдын-ала дереккөздер ретінде қолдану керек. Бұл

интерпретациялардағы белгісіздік пен екіұштылыққа шыдамдылық танытып, соңғы қорытынды жасауда асығыстыққа елікпей қарсылық көрсету арқылы, аналитикалық шешім талап етеді.

Маңызды аналитикалық категориялар қатысушылардың қолданған сөздері мен тіркестерінен алынуы мүмкін. Расында, оның ерекше мысалдарын байқап отыру керек, өйткені олар адамдардың мәселелері немесе алаңдаушылықтарын көрсете алады. Кей жағдайда аналитик информанттардың ұғымдарымен жұмыс жасайды, өйткені олар адам әрекеттерін не реттейтінін сипаттайды; осыған дейін көрсетілгендей, этнографияның басты алғышарты – адамдардың ғадетін түйсінуде олардың әлемді қалай көріп, түсінетінін меңгеруі қажет, ал ол адамдардың қандай ұғымдарды қолданатынынан көрінеді. Сол сияқты, информанттардың ұғымдары, аналитик тұрғысынан, жағдай, процесс немесе тұлға типінің негізгі ерекшеліктерін көрсете алады. Мұнда, алайда ұғымдар анализ мақсаты үшін қайта анықталып, дамытуды қажет етеді.

Әсіресе "этноғылымға" негізделіп, оның ықпалындағы этнографияның кейбір түрлері тек қана "халықтық" терминдерді тізуге, сұрыптауға және интерпретациялауға арналған. Мысалы, классикалық зерттеуінде Джеймс Спредли (1970) қаңғыбастар өміріндегі негізгі орындар үшін қолданатын категорияларды анықтады: шелектер (түрмелер), фермалар (емдеу орталықтары), джунглилер (лагерьлер), қолшана (маскүнемдер мен қаңғыбастар ауданы), және жүк (теміржол вагондары). Сонымен қатар, ол қаңғыбастардың, өзара ажырату үшін қолданған, 15 түрлі категорияларын көрсетті. Бұл жұмыс типі мұндай тізімдердің азды-көпті семантикаларымен айналысады (қараңыз d'Andrade 1995), бірақ көптеген этнографтар халықтар типін анықтауда зерттеліп отырған адамдар арасындағы негізгі мәселелерді анықтау мен құрастыруда оларды басты құрал ретінде пайдаланады. Мысалы, Спредли жұмыстарымен шабыттанған кейінгі қаңғыбастар зерттеулерінде Харпер екі информант арасындағы өзара әрекет "жақсы компания" ұғымын алды.

"Сен өзіңе жақсы компания таңдай білуің керек" деп Джек ақырын қайталады.

Эдди сырасын ұзақ ұрттап, бөлмені айнала қарап шығып, айтқаны: "Соңғы жиырма үш жылда аса көп ойланғаным – жақсы компания деген кім?"

(Harper 2016:5)

Басқа концепцияларды, тікелей әдебиеттерден не халықтық терминдерден алудан гөрі, этнографтар жасап шығарып, атау береді. Мұндай классификацияларды жасауда аналитик бұрын әртүрлі және өзара байланысы жоқ құбылыстарды бір типке келтіреді. Ирвинг Гоффман мұндай концепцияларды белсенді дамытушы болды: Олардың ең ықпалдыларының бірі

"жалпы институция" ұғымы болды, ол арқылы автор кемелерден түрмелерге дейін, монастырьлардан психиатриялық емханаларға дейінгі бірқатар институттар арасында параллель жүргізді (Goffman 1961; Davies 1989; Scott 2010). Дегенмен, мұндай типтегі тұжырымдамалар әдетте жалпы, саналы ілімге, жеке тәжірибеге және деректер анализіне негізделеді.

Аналитикалық концепциялар сонымен қатар далалық зерттеу барысында орын алатын - көбіне еленбейтін – арнайы шаралар арқылы туындайды. Мұны Роу әйелдер түрмесіндегі зерттеу арқылы көрсетеді:

Джо менен бір нәрсе ішкің келе ме деп сұрап, Маргаретке ақырын: "Мисс үшін қара кофе әкеліңізші" деп өтінді. Ол маған кофе әкелді, сәл кейінірек, екі сыртқы бөлменің арасындағы кіреберісте Джо мен тағы екі офицер мүлікті мұқият қарағанша, мен кофемді бір ұрттадым. Джо маған қарап, қолымдағы көгілдір кесені көріп, таңқалды: "Оны қайдан алдыңыз?!" Мен (абдырап) маған Маргарет әкелді дедім. Джоның өңі қашып кетті, ол түрмедегілердің кесесі: "Онымен ішпеңіз" - деді. Мен шынымен де қарсы емес екенімді айттым, дегенмен ол басын шайқап, мұрнын тыржитып, менен оны ас үйге алып кетті. Бірер минуттан соң Маргарет маған басқа кофе алып келіп, мені қамаудағылар екен деп шатаسقаны үшін кешірім сұрап, ұяла күлімсіреді. Мен оған барлығы жақсы екенін айттым – неден ішіп отырғаныма қарсы емеспін – кесені алмастырудың қажеті жоқ еді, менің отырған жерімді ескере отырып, мені түрмеде деп ойлау әбден мүмкін болды [. . .].

Роу түрме офицерлері мен қамаудағылар арасындағы қатынасты ұғынудағы ыңғайсыз инцидентті аналитикалық ерекшелік ретінде алғанын мұқият сипаттайды:

Бұл қарапайым жаңылысудың салдары менің назарымды қызметкерлер мен қамаудағылар түрлі ыдыстарды қолданатынына және осыған дейін ол еш мағынасыз болғанына аударды. Мен офицерлердің керамика шыны-аяқтары бар екенін көрдім, олар ас үйдегі бөлек сөреде сақталады, дегенмен егер осы оқиға болмағанда, мен мұғалімдер бөлмесіндегі шыны-аяқтар немесе офис қызметкерлері өз ыдысын үйден алып келуді қалайтынынан артық ойламас едім. Мен мұнда офицер реакциясының жылдамдығы мен дәрменінен көрінген ішкі жиіркену, оның ашқан стигма мен ластану ойына таңқалдым, әдеп нормаларының тоқтатылуы басқа жағдайда жиіркенішті білдіру немесе қатені түзетуді талап ету орынсыз болар еді. (Rowe 2014:408)

Осылайша, түрме қызметкерінің реакциясы мен ол туралы Роудің жеке сезімдері офицерлер мен қамаудағылар арасындағы қатынас туралы маңызды нәрсені көрсетті. Ал автор оны стигма және жиіркену ұғымдарына, сонымен қатар, әдеп нормалары қалай және неге тоқтауы мүмкін идеяларына, және

олардың институционалды билік құрылымдарымен қатынастарына жүгіну негізінде теориялауды бастайды.

Зерттеу алаңындағы оқиғалар немесе деректерде жазылған инциденттер кейде аналитикалық идеяларға итермелесе де, ол үнемі бола бермейді. Шынымен де, жалпы айтқанда, деректерден бір нәрсе шығару үшін оларды белсенді түрде "зерделеуіміз" қажет. Дегенмен, "сұрау арқылы" тіпті ең қарапайым немесе "жалықтырғыш" деректер құнды аналитикалық идеяларды беруі мүмкін. Оның мысалы ретінде, кафеде бақыланған әлеуметтік интеракцияның үзіндісіне қараңыз:

Кіре беріс арқылы өтіп бара жатқан егде жастағы әйел адам мойынорағышын жерге түсіріп алады. Оны алу үшін еңкейеді.

Оған қарсы келе жатқан егде жастағы ер адам былай дейді: "Бұл үшін ер адамдар бар". "Мен сексист болғым келмейді" деп ол жауап береді.

Бұл шағын фрагментті бірнеше түрлі жолмен зерделеуімізге болады. Алдымен бірқатар деректік сұрақтар қоюымызға болады: бұл адамдар кім болады (олар бір бірін тани ма; егер солай болса, олар жақын достар ма не жай ғана таныстар ма?) Олардың екеуі де бұл кездесу үшін гендер маңызды рөл атқарады деп ойлайды, сондықтан біз белгілі бір дәрежеде олардың өзара қарым қатынасы осы бір қысқа диалогта әйел мен еркек ретінде ерекшеленіп тұрғанын байқаймыз. Десек те жастарының қатар болуы мен олардың қай буыннан екендігі де релевантты көрінеді: біз оларды "егде жастағы" деп сипаттағанымызды ескереміз. Сонымен қатар, әрине, әлеуметтік тап немесе ұлт маңызды бэкграунд фактор бола алатыны туралы ойлануымыз мүмкін. Осыған қатысты біз контекстің сипаты туралы сұрауымызға болады: ол қандай кафе болды? оның келушілері қандай? Тіпті бұл кездесу өзара әрекет орын алған күннің (түннің) уақыты да маңызды болуы мүмкін. Кем дегенде, фактіге негізделген бұл ақпараттың барлығы болмаса да, біраз бөлігі аналитикке таныс болуы мүмкін. Бұл кездесу өзара әрекет туралы не істейтінімізді ойлауда, айтылған сөздер кейбір мақсатты әрекеттің бөлігі болуы мүмкін екенін де қарастыруымыз керек. Ер адамның сөзі қатынасты бастауға деген талпыныс болды ма? Немесе ол тек "сыпайылық па" (ал егер солай болса, айтылған ұғым нені білдіреді)? Немесе басқаша сұрай аламыз: неліктен бұл гендер тұрғысынан айтылды? Алғашқы сөз гендерлік негізделген әрекеттің бар екенін білдіреді, сонымен қатар, серілікте те бар деп ойлауға болады, ер адамдардың әйел адамдарды құрметтеп, бағалауын көрсетуі мүмкін. Немесе, мүмкін бұл жалған серілік пе? Қайтарылған жауаптың да сипаты жыныстық мәселеге назар аударып тұр, дегенмен бұл жағдайда жігіт серілік танытқанымен, оның серілігінің астарында сексистік көзқарас жатқан еді. Алайда тағы бір

альтернативті мүмкіндік әйелдің жауабы қызық болды. Әрине, бұл жолғы сексизм күрделі ұғымдар арқылы жасалған жоқ (мысалы, Барлық серілік әрекеттері – есікті ашып тұру, құлаған нәрселерді көтеру және басқалары – сексистік, ол дегеніміз әйел адамдар икемсіз және қамқорлықты қажет етеді, ал "қамқорлықтың" да бағасы бар!" деген сынды). Расында, мұны, бәлкім, ер адам бағалар деген оймен, тіпті сексизмнің айыптарын мазақ ету деп санауға болады. Нақты буын көзқарастары мұндағы екі тарап үшін де қалыпты болуы мүмкін, ал жас буын үшін әжуа сияқты болуы мүмкін.

Алайда, объективті түрде, өзара әрекет екі жақ үшін де айтарлықтай маңызға ие болмағандай. Оның орнына бұл Ирвинг Гофман еңбегіндегі күнделікті өмірде анықталуы мүмкін "өзара әрекет рәсімінің" түрінен артық болмады (қараңыз Winkin мен Leeds-Hurwitz 2013:t5). Басқа жағынан, "адамға жұғымды болудың" бөлігі ретінде көруіміз мүмкін – басқаның өміріне сәуле түсіру үшін әзіл әңгімеге араласу. Мұнда біз жұғымды әңгіменің сипаттамалары қандай, оның қызметтері не және ол кімге арналған деп сұрай аламыз (қараңыз Wolff 1950:Part One, тIII). Сондай-ақ, бұл егде жастағы адамдар үшін ерекше мәнге ие ме, жоқ па және (егер солай болса) неге бұлай болуы мүмкін деген сұрақ туындауы мүмкін.

Бәлкім әйел адам ер адамның сөзіне азды-көпті жауап қайтару керек болғанын да айта кетугіз керек. Оның сөзі белгілі бір жауапты қажет ететін түрлердің бірі болмаса да (мысалы, сұрақтар мен шақырулар), ол азды-көпті реакцияны талап ететін интерактивті қозғалыс болды. Жауаптың жоқтығы сезілер еді. Осыны ескере отырып, болуы мүмкін альтернативті жауаптар және олардың өзара әрекет үшін мәні қандай боларын ойлауымыз керек. Нұсқалары келесілерді қамтиды: "Рахмет, өзіме қамқорлық жасай аламын"; "Бәрі жақсы, мен соншалықты икемсіз емеспін"; "Ер адамдардың соншалықты пайдалы болатынын білемпін"; "Сіздің джентельмен екеніңізді білгенде, ол үшін рұқсат берер едім". Сол сияқты, әйел адам ол көтерсін деп мойынорағышын жерге қарапайым түрде тастай салуы мүмкін, сәйкесінше ер адам оған қандай жауап қайтарады деген сұрақ туындайды. Мұндай алуан түрлі альтернативті жауаптар "әдептілік" деңгейі тұрғысынан өзгеруі мүмкін, тіпті осындай шағын ғана интеракциялар қатысушылардың жеке позициясы үшін мүмкін болатын салдары бар: айтылған сөз үнемі айтқан адам туралы да, тыңдаған адам туралы да белгілі бір мәнге ие болады. Қатысушылар мұны түсінеді, сондықтан түрлі ықтимал салдарын растау немесе болдырмау үшін белгілі бір дәрежеде айтылған және жасалған нәрсені басқаруға тырысады. Мұндай салдар көбіне бұлыңғыр және екіұшты келеді, адамдар осы бұлыңғырлық пен екіұштылықты демеу, онымен көңіл көтеру немесе шешу арқылы "басқаратынын" жиі көреміз.

Деректер үзіндісіне мұндай бастапқы анализ деректерді зерделеу нені қамтитынын көрсету үшін жеткілікті деп сенеміз. Жаңағы мысалдан көргеніміздей, шағын деректердің өзі айтарлықтай көп идеяларды тудыра алады. Олардың кейбірі анализге кірісу тұрғысында бір-бірін толықтырады, басқалары альтернативті перспективаларды немесе өздері ұнатқан бағыттарын ұсынады. Басқалары болып жатқан жағдайды түсіндіруде қарама-қайшы болады; дегенмен, тіпті қатысушылар үшін де, іс-әрекеттер мен оқиғалар мағынасы жағынан екіұшты немесе беймәлім болуы мүмкін деп айтқанбыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, осы бастапқы кезеңде зерттеуші жасаған идеялар теориялық болады: істің мәні пайдалы ресурстарды жасау. Оларды зерттеліп отырған адамдар мен ситуацияларға қаншалықты қолдануға болады, зерттеу сұрақтарымен қаншалықты ұштасады, әрі қаншалықты нәтижелі болатынын кейін бағалауға болады. Алынған аналитикалық идеялар нақты түрлер ретінде адамдарды, әрекеттерді, ситуацияларды және басқаларын идентификациялайтын категориялардан тұрады. Көрсеткеніміздей, бұл категориялардың кейбірі салыстырмалы түрде қарапайым болады, десек те олар айтарлықтай маңызды болуы мүмкін. Жаңадан қарастырылған мысалда қатысушылар "егде жастағы" деп сипатталды, сол сияқты көріп отырғанымыздай, бұл жыныстар арасындағы қатынастар туралы көзқарастардағы буынаралық айырмашылықтарды, сондай-ақ өмірлік кезеңнің салдарын көрсету үшін маңызды болуы мүмкін. Басқа категориялар сипаты жағынан айтарлықтай айқын емес, бұл интеракция үзіндісінің өзара әрекет рәсімі ретінде қарастырылуына байланысты болуы мүмкін (кем дегенде, ол Гоффман еңбектерімен таныс еместерге немесе оның ықпалындағылар үшін өзекті болмауы мүмкін).

Кодтау тек деректерді оқу мен оқиға және оның маңыздылығына түсінік беру үшін категорияларды дамытудан тұрмайды, сонымен қатар осы категориялар үшін қолданылатын бөліктерді белгілеуді қамтиды. Деректердің көптеген сегменттері көбінесе бірдей идеяларға қатысты деп қарастырылады, сондықтан оларға бірдей белгілер беріледі. Сол сияқты, бірдей сегменттер бөлек бірнеше категорияларға қатысты болуы мүмкін, сәйкесінше оларға бірнеше белгілер қолданыла алады. Сонымен қатар ешқандай белгілер берілмеген деректер де болуы мүмкін. Оның үстіне кейбір категориялардың бірнеше мысалы болса, басқаларында бір-екі мысалдан болуы мүмкін, дегенмен анализге деректердің жаңа түрі қосылып отырған сайын жиіліктер өзгеріп отыруы мүмкін. Категория үшін релевантты деректер сегменттерінің саны маңызды болса да, оның анализдегі келешек құндылығын міндетті түрде көрсетпейді.

Кейбір этнографтар "кодтау" деген терминді ұнатпайтынын айта кету керек. Мұның бір себебі – зерттеушілердің бұл ұғымды деректерді алдын-ала анықталған категорияларға жатқызуына қатысты сауалнамаларда қолдануы. Көріп отырғанымыздай, этнографиялық анализдің ерекшелігі – категориялар деректерді талдаудан, оқиғаның, әрекеттің, институционалды ұйымдастырудың, т.б. түрлерін көрсететін нақты бір деректерді анықтаудан бастап дамиды. Тұжырымдамалар әдебиеттен алынғанда да осылай болады, өйткені олардың өзектілігі анықталуы тиіс, сонымен қатар олар қолдану барысында үнемі дерлік өзгеріске ұшырайды. Демек, мұндағы "кодтау" терминінің мағынасы сауалнамалық зерттеулер контекстінде не білдіретінінен, сонымен қатар компьютерлік бағдарламалық жасақтамаларды жазудағы мағынасынан өзгеше екені түсінікті болуы керек. Кодтау ұғымын қолдамаудың тағы бір себебі – көбінесе деректерді бөлшектеп ұсынуы, сәйкесінше берілген оқиғалар мен әрекеттердің бір-бірімен қалай байланысты екенінің түсініксіздігі. Дегенмен, мұны жасауға қатысты кез келген талпыныс қарапайым түрде нашар кодтауды көрсетеді – бұл процестің құрамдас бөлігі болмайды.

Деректерді кодтау міндеті қайталанбалы болып келеді; жаңа категориялар пайда болған сайын, оның алдында кодталған деректер жаңа кодтар мысалының бар-жоқтығын білу үшін қайта қарастырылуы тиіс. Бұл деректерді бірнеше рет оқу қажет екенін тағы да растайды. Тікелей негізгі мақсат – перспективті категориялар жиынтығы бар, жаңалары пайда болмайтын, сонымен қатар барлық деректер жүйелі түрде кодталатын жағдайға қол жеткізу. Алдыңғы тарауда көргеніміздей, ешқандай бағдарламалық жасақтама біз үшін кодтауды жүзеге асыра алмаса да, нақты бір категорияларға және категориялар құрамаларына релевантты деректерді жылдам іздеу арқылы анализ процесін жеңілдететін түрлі бағдарламалар бар (қараңыз Lewins and Silver 2014).

Тұрақты салыстырмалы әдіс: негізгі категорияларды дамыту

Деректермен немесе оның негізгі бөлігімен жұмыс жасап, категорияларды дамытып, онымен бірге олардың сегменттерін кодтап болғаннан кейінгі келесі міндет – осы категориялардың бірімен, әсіресе, зерттеу мүдделеріндегі негізгі категориялар ретінде алынғандардан немесе зерттеу жағдайында не болып жатқанын тану және қатысушылардың көзқарастары мен әрекеттерін түсіну үшін аса маңызды болып көрінетінмен жұмыс жасауды бастау. Мұндағы мақсат – категориялардың мағынасын нақтылау және олардың арасындағы қатынастарды зерттеу. Глезер мен Страусстың (1967) "тұрақты салыстырмалы әдіс" деп атағаны – негізгі стратегия болады. Мұнда талдаушы нақты бір категорияға жатады деп кодтаған деректердің әрқайысын тексереді, сосын сол секілді жіктелген деректермен оның ұқсастығы және айырмашылығын көрсетеді. Бұл түсініксіз категорияның нақтылануына немесе

бәлкім, бірнеше анық категорияларға бөлінуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, суб-категориялар да пайда болуы мүмкін. Категориялардағы мұндай өзгерістер, әрине, қайта кодтауды талап етеді.

Жүйелі салыстыру процесі дамыған сайын категориялардың ішкі құрылымы мен өзара қатынасы түсініктірек бола бастайды. Кем дегенде, алғашында қамтылған тұжырымдамалар эксплицитті аналитикалық үлгілердің көбінде дұрыс элементтері болмайды, дегенмен Тавори мен Тиммерманс (2018) каузалды механизмдерді идентификациялау үшін кодтау стратегияларын ұсынды. Дегенмен, жалпы алғанда, кодтаудың бастапқы кезеңдерінде "сенситивті тұжырымдамалардың" байланыссыз жиынтығы пайда болады (Blumer 1954). Бұлар Блумердің "дефинитивті тұжырымдамалар" деп атағанынан өзге, олар категорияға жататындардың барлығының белгілер жиынтығын сол белгілері арасындағы мықты байланыстарды идентификациялайды. Сенситивті тұжырымдардың мұндай айқындығы жоқ. Оның орнына, "ол зерттеушіге жалпы анықтамалық түсінік пен эмпирикалық мысалдармен жұмыс жасауға қатысты нұсқаулық береді. Егер дефинитивті тұжырымдамалар нені көруге болатынын қамтамасыз ете алса, сенситивті концепциялар тек қарауға мүмкіндік беретін бағыттарды ғана ұсынады" (Blumer 1954:7). Ең бастысы, сенситивті тұжырымдамалар маңызды бастама болады: олар қызықты нәрсе үшін ортақ құбылыстарды көрсетеді, олар кейінгі деректер анализінің фокусын, бәлкім әрі қарай деректерді жинауды да қамтамасыз ете алады.

Әлеуметтік ғылымның тұжырымдамалары міндетті түрде "дефинитивті" болуы керек пе, жоқ па, немесе бола ала ма, әлде олар әрдайым "сенситивті" болуға мәжбүр ме деген пікірталастар көп болды (Hammersley 1989a). Дегенмен, мұнда қамтылғандар дихотомиядан гөрі өлшем екенін, ал этнографтардың жасаған тұжырымдамалары осы өлшем бойынша орны өзгеріп отыратынын есте ұстаған жөн. Мысалы, жоғарыда айтылған "жалпы институция" тұжырымы басқаларына қарағанда айтарлықтай "дефинитивті" болып отыр, себебі осы типті ұйымның белгілері салыстырмалы түрде жақсы анықталған. Гоффман (1961:22) оны "әлеуметтік гибрид, жартылай тұрғын аудан, жартылай ресми ұйым", "едәуір уақыт бойына қоғамнан оқшау, толықтай ресми басқарылатын өмір циклін ұстанған ұқсас жағдайдағы көп адамдардың тұратын және жұмыс істейтін орны" ретінде тұжырымдайды (11-бет). Лофланд пен басқалары бастапқы тұжырымдамаларды, олар әдетте толықтай анық болмаса да, "дефинитивті" сипатта ұсыну үшін қолданатын бірқатар стратегияларды көрсетеді.

Типологиялар мен модельдерді дамыту

Жаңа тұжырымдамалар уақыт өте типологиялар мен модельдерге айналуы мүмкін. Типология дегеніміз кейбір жалпы категориялардың суб типтерінің жиынтығы. Этнографиялық анализдегі типологияның ықпалды түрі – кейбір категориялар немесе акторлар тобы кезіккен мәселені шешуде әдетте қолданатын түрлі стратегиялардың сипаттамалары. Мысалы, Николас пен басқалары (2008) көмей отеомасына операцияланған жасөспірімдердің әдеттегі өмір салтын ұстануға тырысқан стратегияларын зерттеді. Тағы бір басқа мысал – антидепрессанттардың рецепттеріне науқастардың әсері туралы Карптың ұсынған типологиясы: қарсылық, тексеру, сену, өзгеріс, түңілу, қайта өзгеріс. Бұл жағдайда, бұлар альтернативті стратегиялар болудан гөрі, Карп оларды науқастардың өздерінің "депрессивті мансаптарында" өтетін фазалары деп қарастырады. Грэбердің (2009) тікелей саяси әрекеттердің түрлі формалары, немесе Куртис пен Венделдің (2000) заңсыз фармацевтика нарығының типтерінің идентификациясы сынды типологиялар ұжымдық белсенділік типіне де қатысты болуы мүмкін. Осындай типологияларды жасай отырып, неліктен бір стратегияны бір адамдар қабылдайды, ал басқаларын екіншілері қабылдайды, кез келген стратегияны қабылдаудың типтік салдары қандай екенін, т.б. этнографтар зерттеуді жалғастырады. Мына жерде каузалдық модельдерді құрастыруға қадам бар⁵³.

Бұл типологияны құрайтын суб-категориялардың бір-бірін жоққа шығарушы болуын (барлық тиісті кейстер олардың біреуінің ғана мүшелесі болады) және релевантты мысалдар ауқымының болмауын талап етеді; басқаша айтқанда, әр мысал бір және тек бір кіші түрдің мүшесі болуы керек. Міндет – зерттелетін құбылыстарды бұрмаламай, осы талаптарға жауап беретін суб-категорияларды тұжырымдау тәсілдерін табу. Бұл көбіне барлық мүшелерінің бір каузалды процестің нәтижелері ретінде анықтаушы белгілері бар суб-категорияларды идентификациялаудан тұрады. Мысалы, егер бізді қаржылық алаяқтық қызықтырса, онда адам алдау үшін қаржылық сенімге кірген кейстерден басқа кейстерді ажыратуымыз керек болуы мүмкін (қараңыз Cressey 1950). Бекер өзінің зерттеу фокусын ұқсас реттейді: адамдар марихуана пайдаланушыларынан қалай "марихуананы көңіл көтеру үшін" пайдаланушыларына айналатынына дейін; "марихуана тек престижді құндылығы үшін ғана, оның қолданысынан еш рахат сезімісіз, белгілі бір түрлі адамның символы ретінде қарастырылатын аз кейстерді" алып тастау үшін жасалған анықтама.

⁵³ Мұнда "каузалды модель" дегеніміз белгілі бір нәтиже түріне және олардың арасындағы қатынастарға әкелетін ықтимал каузалды факторларды ескеру.

Мұндай реттеулер әдетте болатын белгілі бір нәтижелер типтерін қамтитын және категориялар мен нақтылаушы категориялар арасындағы қатынасты анық идентификациялаудан тұратын модельдерді құрастыруға бағытталған қадам. Алаяқтық мысалын жалғастыра отырып, Кресси – "жеке мәселеге" ие болу, "жалға алу" мүмкіндігі туралы хабардар болу, сонымен қатар құқықбұзушылардың ақша ұрлауына қарамастан өздерін сенуге тұрарлық деп қарастыруға мүмкіндік беретін рационализацияға ие болу тұрғысынан – қаржылық сенімнің бұзылуын түсіндіруге арналған модельді дамытады (нәтиже категориясы).

Осындай модель жақсы дамыған жағдайларда оны қатаң түрде тестілеу мүмкіндігін бастауға болады, ол туралы біз кейін талқылаймыз. Алайда этнографиялық зерттеуде гипотезалар шығару және мұндай жолмен тестілеу үшін модельдердің айтарлықтай жақсы жасалуы сирек кездеседі. Расында, оны жасауға деген талпыныс жасау қажет пе деген сұрақтарды туындатады: модельдерді белгілі бір әрекеттер, оқиғалар немесе паттерндерді түсіндіру үшін қарапайым ресурс болатын идеалды типтер ретінде қарауға, бәлкім, болады, десек те ол нақты кейстерге қолданатын тек арнайы түсіндірмелер, тестілеу үшін ашық жалпы теориялар емес (қараңыз Hammersley 2014:ch2).

Этнографиялық есептердегі типологиялар мен модельдер жүйелі түрде жасап шығарылған деңгейі тұрғысында айтарлықтай әртүрлі болуы мүмкін. Бір кездері Лофланд осыған байланысты көптеген этнографиялық зерттеулер тиімсіз деп шағымданды: олар "логикалық қорытындыға жете алмайды". . . [бастапқыда] белгіленген шарықтау шегіне жете алмайды" (1970: 42). Басқаша айтқанда, ол анық нақтыланған және іштей қайшы емес типологияларды жасамайды. Әлеуметтік стратегиялар мысалын ала отырып, ол зерттеушілер уақыты мен жігерін салуы керек деп есептейді:

1. [Мәселені] зерттеп отырған адамдар қалай шешетіні туралы барлық [материалдарды] өз бетімен жинақтау;
2. Стратегиялар мысалдарының [жиналғандары] арасындағы вариацияларын [. . .] шығару;
3. Оларды стратегиялардың нақты жиынтығына [. . .] типтеріне классификациялау; және
4. Оларды оқырманға белгілі бір ретпен және жақсырақ атауы бар, нөмірленген түрде ұсыну. (Lofland 1970:42–3)

Ол басқа жерлерде әртүрлі типологияларды және олардың қалай жасалғанын немесе қалай жасалатынын егжей-тегжейлі талқылады (Lofland 1971; see also Lofland et al. 2006).

Оған дейін Лазарфельд пен Бартон (1951) типологияларды жүйелі дамыту үшін өз ұсыныстарын дамытуда ілгері болды. Олардың пайымдауынша, белгілі бір құбылыстар қатарын дифференциациялайтын категориялардың алғашқы жиынтығы, ол шығаратын әртүрліліктер негізіндегі өлшемдерді анықтай отырып, жүйелі типологияға дамытылуы мүмкін. Бұл анықталған категорияларды нақтылауға, бәлкім, өзгертуге әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар маңызды болуы мүмкін басқа категорияларды да тудырады (қараңыз Becker 1998:ch5).

Бұл процесті Глейзер мен Стросстың (1964) "контексті тану" ықпалды типологиясына сілтеме жасау арқылы көрсете аламыз. Олар бұл тұжырымды үмітсіз науқастар, олардың отбасылары, мен медициналық қызметкерлер арасындағы әлеуметтік оқиғаның түрлі типтерін сипаттау үшін дамытты. Идея – пациент өзінің диагнозы туралы ақпаратсыз болған "жабық білуден" барлық тараптар хабар туралы білетін "ашық білуге" дейінгі жағдайлардағы – білімнің дифференциалды таралуы мен өлім алдында жатқан адамның жағдайын түсінуге қатысты. Осылайша контексті білу идеясы көптеген медициналық кездесулердің ақпараттық бақылау сипаттамаларының динамикаларымен тығыз байланысты болады. Алайда келесі үзіндіде ұғым, "ақпараттық ойындар" ретінде сипатталатындармен бірге бірқатар әлеуметтік жағдайлар үшін қолданылатын, категориялардың барынша жалпы және формальды жиынтығы ретінде қарастырылады (cf. Scott 1968; Goffman 1970; Lyman және Scott 1970; Beuving 2013). Мысалы, ол гейлер, лесбияндар мен транссексуалдардың "каминг-аут" субстантив мәселесі үшін тікелей қолданылады – басқаша айтқанда, мұндай идентификацияны көрсету немесе жасыруды орындау (Plummer 1975:177–96; Tillman 2009). Глейзер мен Страусс жазады:

Түрлі өзара әрекеттесу типтерін түсіндіруде пайдалы болғандықтан арнайы талқылау үшін біз контексті ұғынудың төрт типін бөліп көрсеттік. Контексті ашық ұғыну әрбір әрекет етуші басқасының шынайы идентификациясы мен оның алдында өз идентификациясы туралы хабардар болуды қамтиды. Контексті жабық ұғыну әрекет етушілердің бірі басқаларының шынайы идентификациясы мен өз идентификациясына қатысты басқаның ойынан хабарсыз болуды қамтиды. Контексті күдікті ұғыну – жабықтың өзгеруі: әрекет етушінің бірі басқаның шынайы идентификациясына немесе басқаның өз идентификациясы туралы ойына немесе екеуіне де күмәнмен қарау. Контекстіні жасанды ұғыну – ашықтың өзгеруі: әрекет етушінің екеуі де біледі, бірақ жасанды әрекет етеді. (Glaser and Strauss 1964:669)

Дегенмен анализ кейінірек жасалуы мүмкін. Лазарфельд пен Бартон ұсынған бағыттар бойымен осы типологияның негізіндегі өлшемдерді анықтай

отырып, тіпті қатысушы тараптар санын екіге дейін шектеген жағдайда да, Глезер мен Страусстың бастапқы типологияларына қарағанда мұнда айтарлықтай мүмкіндіктердің мол екенін анықтадық (9.1 суретті қараңыз).

Оның үстіне, бұл жаңа мүмкіндіктердің кейбірі нәтижелі болып көрінеді, мысалы, бір тарап жасандылық танытқанда екінші тарап күмәндануы мүмкін Х ұяшығы мен бірі қылымсығанда немесе күмәнданғанда екіншісі оны сезбейтін Y және Z ұяшықтары.

Глейзер бізді категорияларды "логикалық дамыту" деп атаудан сақтандырады, оныкі дұрыс та; Лофланд пен басқалары (2006) бірдей ойды білдіреді. Типологиялар өздерінің аналитикалық құндылықтарынан артық болмауы тиіс. Алайда, типология негізіндегі өлшемдерді нақтылау бізді әр категорияның табиғаты мен оның басқалармен қарым-қатынасы туралы жүйелі түрде ойлауға итермелейді. Бұл, мысалы, типологияның кейбір категориялары каузалды процестердің моделінде қалай рөл атқара алатынын көрсету арқылы, бұрын қарастырылмаған мүмкіндіктерді немесе күтпеген қатынастарды анықтауға көмектеседі.

Теориялар мен салыстырмалы әдіс

Бұрын біз этнографияның ұйғарылған өнімі әр түрлі болуы мүмкін екенін атап өттік: нақты әрекеттер мен оқиғалар ағымының сипаттамалары мен түсіндірмелері спектрдің бір ұшында, ал жалпы теориялардың дамуы немесе біз каузалды модельдер деп атайтын нәрсе – екінші жағында. Этнографиямен бірге еске түсетін теориялау идеяларының кейбірі қарауға тұрарлық. Бәлкім олардың ішіндегі ең ықпалдысы 1960 жылдың ортасында Глезер мен Страусс (1967) жасап шығарған, әрі қарай басқалары дамытқан grounded theorizing болады. Ол анализ бен теория жасау бойынша өте жалпы көзқарас болса да, оны қолдану негізінен бір кең әлеуметтану дәстүрі – прагматикалық символдық интеракционизм аясында зерттелді және оның аналитикалық стратегиялары осы зияткерлік стилімен ерекше ұқсас келеді (Atkinson and Housley 2003). Екі пәнге де қатысты ойлау процестерінің түрлері өте ұқсас болса да, мысалы, бұл антропологияға айтарлықтай аз әсер етті.

Соңғы жылдары grounded theorizing, сондай-ақ оның дамуы туралы ауқымды талқылаулар мен пікірталастар орын алды (Dey 2004; Bryant пен Charmaz 2007; Morse және басқалары. 2009; Bryant 2017). Кейбір зерттеушілер оны жалпы ережелер мен концепциялар жиынтығынан формулалар мен нұсқаулықтар жиынтығына ұқсайтын нәрсеге айналдырды (қараңыз Atkinson және басқалары, 2003). Бұл белгілі бір дәрежеде Ансельм Страустың деректерді талдауға деген ерекше көзқарасын қозғаудың және, атап айтқанда, оның Джанет Корбинмен (соңғы басылым – Корбин және Страусс 2015) бірге жазған

кіріспе мәтінде қалай ұсынылғанының көрінісі болды. Бұл негізделген теориялауды (grounded theorizing) түпнұсқа ретінде бағалаған Барни Глейзер (1992, 1993) тарапынан сынға ұшырады. Анығы бұл теорияны біртұтас үстемдік етуші көзқарас ретінде қарастыруға болмайды. Мысалы, Кларк (2005) және Шармаз (2014) еңбектерінде әлеуметтік ғылымдардағы "постмодерн" немесе "конструктивизмге" эксплицитті бұрылыс, әсіресе сапалы зерттеулерде айқын көрінеді. Біз сияқты Кларк постмодернистік идеялар, бұл ең алдымен интеракционизм мен grounded-theory идеяларын шабыттандыратын, прагматикалық ойдан түбегейлі бөлек деп санамайды (қараңыз Delamont және Atkinson 2004; Atkinson және Housley 2003). Алайда, ол әлеуметтік репрезентациялардың көптігін (визуалды және баяндау формаларын қоса) баса көрсететін, сол дәстүрдің қазіргі заманғы көріністерін қарастырады. Ол әлеуметтік әлемдер анализін, дискурс анализ және актор-желілер теориясын біріктіру үшін интеракционизмнен тыс концептуалды құрылымын ала отырып, өз ұстанымын "ситуациялық анализ" дегенге негіздейді. Ұстанымды жанарту туралы оймен келіскен, Шармаздың (2014) grounded theorizing-ның конструктивистік нұсқасын жасауы одан да әсерлі болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, grounded theorizing теориялық идеяларды тексеруге емес, тек оларды дамытуға бағытталған деп интерпретацияланады. Алайда, құжатталған нәрсе каузалды қатынаста деп болжанатынын атап өту керек. Әрине, кейде этнографтар олардың мүддерлерінің бірі каузалды модельдерді жасау екенін мойындағысы келмеді.

Бұл, сөзсіз, "каузалдық" терминінің позитивистік мазмұны деп саналатын нәрселерден, оны қарапайым, тікелей қатынастарға қатысты деп түсіндіру тенденциясынан, сондай-ақ бәлкім, каузалды қатынастар туралы теориялық тұжырымдардың дұрыстығын бағалаудың өте қиын екенін мойындаудан туындайды. Алайда, тіпті бұл әрдайым нақты анықталмаса да, каузалды байланыстарды білдіретін түсініктемелер мен теориялар этнографиялық жұмыста жиі кездеседі (Tavory және Timmermans 2018). Каузалды түсіндірмелердің дұрыстығын тексеру өте маңызды⁵⁴.

Каузалды мәлімдемелерді қолдауды қамтамасыз ететін екі кең дәлел бар және олар бір-бірін толықтырады. Олардың біріншісі "процестің хронологиясын қалпына келтіру" деп аталды (Mahoney 2012; Bennett and Checkel 2014), ол – көптеген этнографиялық жұмыстардың ажырамас бөлігі.

⁵⁴ Этнографиялық және сапалық зерттеу контекстіндегі каузалдықты егжей-тегжейлі талқылау үшін қараңыз: Becker 1998 және Maxwell 2012. Каузалды модельдерді түсіндіру туралы жалпы нұсқаулық үшін қараңыз: Hage және Meeker 1988.

Мұнда кейс аясында уақыт өте келе болып жатқан паттерндер, әрекеттер мен оқиғалар каузалды байланыстарды анықтау үшін құжатталады. Дәлелдердің екінші түрі салыстырмалы әдісті қолданудан туындайды. Бұл әртүрлі формаларда болуы мүмкін. Ол эксперименталды әдістің негізін құрайды, бірақ оны тарихшылар мен этнографтар да қолданған. Негізгі идея – потенциалды каузалды факторлар әртүрлі болған жағдайларда не болатынын зерттей отырып, біз осы немесе басқа каузалды байланыстың қаншалықты мүмкін екенін бағалай аламыз.

Grounded theory – көргеніміздей, ең алдымен түсіндірмелерді тексеруден гөрі, дамыту мақсатында – салыстырмалы әдіске сондай-ақ процестер ретіне негізделеді, Соған қарамастан, ол жаңа теориялар орнатқан байланыстардың ауқымы мен күшін бағалау үшін әртүрлі жағдайлардағы әлеуметтік оқиғалардың заңдылықтарын зерттеуді қамтиды. Сондықтан тестілеудің белгілі бір дәрежесі сөзсіз қамтылады. Сонымен қатар, бұл салыстырмалы түрде әлсіз болса да, тіпті эксперименталды тестілеу, кейбір жағынан лайықты түрде неғұрлым мықты болып көрінсе де, өміршеңдігіне қатысты өзіндік қауіптерді қамтитынын есте ұстауымыз керек⁵⁵.

Теорияларды тексеру мәселелерін айқын түрде жеңгісі келген этнографияға қатысты кейбір көзқарастар болды. Олардың бірі-аналитикалық индукция (қараңыз: Becker 1998:ch5; Hammersley 2008:ch4)⁵⁶. Ол келесі қадамдарды қамтиды:

1. Түсіндірілетін құбылыстың бастапқы анықтамасы тұжырымдалған.
2. Бұл құбылыстың кейбір кейстері ықтимал түсіндірмелі белгілерін құжаттау арқылы зерттеледі.
3. Кейстердегі жалпы факторларды анықтауға арналған бастапқы анализ негізінде барлық гипотетикалық түсініктеме жасалады.
4. Әрі қарай гипотезаны тексеру үшін кейстер зерттеледі.
5. Егер гипотеза аталған жаңа кейстердің фактілеріне сәйкес келмесе, онда гипотеза қайта құрылады немесе түсіндірілетін құбылыс қайта анықталады (теріс кейстер алынып тасталады).

⁵⁵ Мәселелерді ертеректегі талқылаулар үшін қараңыз: Rosnow 1981. Эксперименттің бір түрі – рандомизацияланған бақыланатын зерттеулердің соңғы адвокацияларын сыни бағалау үшін қараңыз: Hammersley 2013a.

⁵⁶ Сонымен қатар аналитикалық индукция мен салыстырмалы әдіске негізделген басқа да ықпалды сапалық әдіс арасында маңызды параллельдермен бірге айырмашылықтар да бар: Сапалы салыстырмалы талдау (қараңыз Hammersley және Cooper 2012).

6. Бұл кейстерлі зерделеу, гипотезаны қайта құру немесе құбылысты қайта қарастыру процедуралары жаңа кейстер гипотезаның дұрыстығын растағанға, гипотеза дұрыс деп қорытынды жасағанға дейін жалғасып отырады (дегенмен бұл ешқашан абсолютті нақтылықпен белгілі бола алмайды).

Бұл процесс 9.2 суретте ұсынылған.

Аналитикалық индукцияны қолданудың мысалдары салыстырмалы түрде аз. Олардың ішінде классикалық деңгейдегілері – Крессидің (1950) бұрын талқыланған "сенімді бұзу" туралы еңбегі, нашақорлық туралы Линдсмиттің зерттеулері (1947) және "марихуана пайдаланушысының қалыптасуы" туралы Беккердің талдауы (1963) (Hammersley 2011с қараңыз). Аналитикалық индукция ұғымын бастапқыда статистикалық әдіске айқын түрде қарсы Знанецки (1934) дамытты. Оны жаратылыстану және биологиялық ғылымдардың шынайы әдісі деп тұжырымдады, әрі ол ықтималды емес, әмбебап тұжырымдар беретіндігіне негізделген артықшылығын қорғап отырды. Дегенмен Знанецкидің аргументтері көңілге қонымды сенімді болмады.

Робинсон (1969) атап өткендей, ол аналитикалық индукция мен статистикалық әдіс арасында тым күрт айырмашылық жасады; іс жүзінде, оның аналитикалық индукция нұсқасының әмбебап мәлімдемелер жасау қабілеті жеткілікті емес, тек қажетті жағдайларға қатысты болады. Жеткілікті және қажетті жағдайлардан басқа, аналитикалық индукцияға қосуға болатын тағы бір элемент бар. Генетик Уильям Бейтсон шәкірттеріне: "Ережеден тыс жағдайларды бағалаңыз! Ол "олар өсіп келе жатқан ғимараттың өрескел кірпішіне ұқсайды, әлі алда не бар екенін айтады және келесі құрылыстың қайда болатынын көрсетеді" деп кеңес берді (цитатат: Lipset 1980:54). Креси де, Линдсмит те мұны істейді, бірақ сонымен бірге ерекше жағдайларды белсенді іздеу де маңызды⁵⁷. Ешқандай растайтын мысалдар ешбір теорияның ақиқатына кепілдік бере алмаса да, біз ережеден тыс жағдайларды іздей отырып жоққа шығару арқылы оның валидтігі (шынайылығы) туралы негізделген қорытынды жасау мүмкіндігін арттыра аламыз (Porper 1972). Осы бағыттарға байланысты Duneier (2011) "ыңғайсыз" дәлелдерді іздеу этнографиялық зерттеуде басты орынға ие болуы керек деп мәлімдейді.

Қажетті және жеткілікті жағдайларды, әрі теріс дәлелдерді іздеуді қамту үшін жасалған аналитикалық индукция теория жасаумен айналысатын этнографиялық жұмыстың ғана емес теориялық ғылыми логиканың да шынайы

⁵⁷ Аналитикалық индукцияны кейде осылай ұсынады, дегенмен ол бастапқыда осылай тұжырымдалмады.

реконструкциясы секілді. Кейбір жағынан, ол гипотетикалық-дедуктивті әдіске сәйкес келеді, дегенмен, ең алдымен, теориялық идеяларды тексеру ғылыми зерттеудің бастапқы нүктесі де, соңғы нүктесі де емес екені айқын: тексеру теориялық идеялардың пайда болуынан туындайды, міндеттің маңыздылығы гипотетикалық-дедуктивті әдістің көптеген есептерінде әбден елеусіз қалады. Сонымен қатар, тестілеу нәтижелері, әдетте, бізге теориялық тұжырым рас не жалған екенін қарапайым түрде айтудан гөрі, теорияны одан әрі дамыту және нақтылау қажеттілігін көрсетеді, сондай-ақ, көбінесе түсіндірілген құбылыстардың типін концептуализациялауда өзгерістерді талап етеді⁵⁸

Сонымен бірге, десек те біз аналитикалық индукцияның болжаған дүниесіне назар аударуымыз керек. Ол әлеуметтік құбылыстарды шартты болса да, детерминистік заңдар басқарады, мысалы, егер X , Y және Z шарттары орын алса, онда A оқиғасы кез-келген жағдайда туындайды. Бұған бірнеше бағыттағы қарсылықтар бар; шынында да, детерминистік заңдар ұғымын этнографтар әдетте адамдардың қалай әрекет ету туралы шешім қабылдаудың айқын қабілетін жоққа шығарады деген негізде қабылдамайды. 1-тарауда көргеніміздей, бұл натурализмнің негізгі элементі, сонымен қатар конструктивизмнің көптеген түрлері. Осы мәселе бойынша ең ықпалды пікірталастардың бірінде Матза (1969) адамдар заңдар бойынша болжамды түрде әрекет ете алса да, адам өмірінде көбінесе анықтайтын жағдайлар үстем болады деп тұжырымдайды. Мұнда шешілмеген маңызды, әрі қиын мәселелер бар⁵⁹.

Теориялардың типі

Біз этнографиялық жұмыстың барлығы бірдей әуелі теорияларды жасау және тексерумен байланысты емес немесе байланысты болуы міндетті емес екенін атап өттік. Сол сияқты, этнографтар айналыса алатын әртүрлі теориялар қатарын атап өту керек. Мысалы, макро және микро анализ деңгейлерінің арасында әрдайым болмаса да, белгілі бір деңгейде қалыптасқан айырмашылық бар. Макро теориялар – бұл әлеуметтік қатынастардың ірі жүйелеріне қолданылатын теориялар. Олар ұлттық қоғам құрылымы немесе тіпті жаһандық деңгейде жұмыс істейтін құрылымдық қатынастардағы байланыстарды көрсете алады. Керісінше, микро-бағыттағы зерттеулер әлеуметтік ұйымның барынша жергілікті формаларын, институттардың жекелеген түрлерін немесе жеке кездесулерді талдаумен айналысады.

⁵⁸ Гипотетикалық-дедуктивті әдістің кейбір есептері мұны мойындайды; мысалы, қараңыз: Hempel 1966.

⁵⁹ Аналитикалық индукцияның тарихы мен қазіргі жағдайын талқылау үшін қараңыз: Hammersley 1989b, 2008:ch4.

Сонымен, бізде зерттелетін құбылыстардың масштабы өзгертін өлшем бар⁶⁰. Көптеген жағдайда этнография микро теория деңгейіндегі зерттеумен жақсырақ сәйкес келсе де, ол макро теорияларды дамыту мен тексеруде маңызды рөл атқара алады (мысалы, Willis 1977, 1981; Burawoy 2005; Salzinger and Gowan 2018). Макро теориялар этнографиялық зерттеулер арқылы зерделенуі мүмкін нақты жерлер мен уақытта болатын процестер туралы сөзсіз тұжырым жасайды. Әдетте, мұнда көп орындық этнографиялық зерттеулер қажет (мысалы, қараңыз: Burawoy et al. 2000; Hannerz 2003; Schepher-Hughes 2004).

Өтпелі макро-микро өлшемдер – Глейзер мен Стросс (1967) субстантивті және формалды теория арасында жасаған айырмашылық. Макро-микро зерттеліп отырған кейстер саласының вариацияларына қатысты болса да, субстантив-формалды өлшем кейстер жататын категориялардың жалпылығына мүдделілік танытады⁶¹. Формалды категориялар негізгі категорияларды қамтиды. Осылайша, мысалы, теріні нақыштаушылар мен оларға келушілерді (Sanders 2009) келесідей – "қызмет көрсету кездесулері" немесе "сурет әлемі" немесе "дененің косметикалық өзгеруі" – субстантив категорияларына жатқызуға болады, олардың әрқайсысы оны басқа құбылыстардың түрлі жиынтығымен байланыстырады. Сол сияқты, нақты бір қоғамды зерттеу әлеуметтік формацияның жалпы типі туралы теорияның бастапқы негізі ретінде қолданылуы мүмкін; осылайша Ұлыбританияны капиталистік, индустриалды немесе постмодерн қоғамының, империялық билікке қарсылықтың және т. б. мысалы ретінде қарастыруға болады.

Теорияның барлық төрт түрі пайдалы болуы мүмкін, бірақ біз қандай теориямен айналысатынымызды нақты есте ұстаған жөн, өйткені олардың әрқайсысы зерттеуді әртүрлі жолмен жүргізуді талап етеді. Сонымен бірге, теорияны сипаттау немесе теория құру туралы қызығушылық арасындағы контраст олардың мүлдем әртүрлі ұстанымнан гөрі, назар аудару мәселесі жөнінде екенін атап өткен жөн. Этнографтар нақты оқиғалар мен жағдайлар туралы зерттеулер жасауға сирек ғана мүдделілік танытады; оның әдетте үлкен популяция немесе қоршаған орта немесе адамдар жайында не айта алатынына қызығады. Шынында да, біз бұрын көргеніміздей, жергілікті мәдениеттер мен әрекеттердің мәнін түсіну үшін біз өзімізден олардың жалпы категориялармен қалай байланысатынын үнемі сұрап отруымыз керек. Бұл әрдайым "микро"-ны "макро" деңгеймен немесе "субстантив"-ті "формалды"-мен байланыстыруымыз

⁶⁰ Осы бағыттағы макро/микро арасындағы айырмашылықтарды одан әрі талқылау үшін қараңыз: Hammersley 1984.

⁶¹ Формалды теорияның дамуын субстантив теорияға қарсы талқылау үшін, қараңыз Glaser and Strauss 1967; Glaser 1978.

керек дегенді білдірмейді. Шынында да, мұны істеу әрекеттері көбінесе жергілікті жүйелерді қате талдауға әкеледі. Керісінше, осы жергілікті әрекет анализін түрлі ауқымды құбылыстарға қолдануға бола ма дегенді білдіреді. Біз жергілікті деректерді түсіндіретін концептуалды категориялар арасында байланыс орнату арқылы анализ жасаймыз, сонымен қатар оларды нақты жағдайлардан тыс, бірақ оларды жақсы көрсете алатын жалпы идеялармен айқын байланыстырамыз.

Мысал ретінде Майкл Херцфельдтің Ретемнос деп аталатын Крит қаласының қолөнершілері туралы этнографиялық зерттеулерін қараңыз. Жергілікті деңгейде Херцфельд қолөнершілер мен олардың шәкірттері арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды (Herzfeld 2004). Алайда, бұл еркектіктің қалай жүзеге асырылатыны туралы кеңірек әңгімеге айналады; бұл Херцфельдтің сол Крит аралындағы еркек қой өсірушілер арасындағы "ер адам поэтикасы" туралы өзінің алғашқы зерттеуімен байланысты. Сол сияқты, қолөнердің негізгі дағдылары шәкірттермен тікелей бөлісудің орнына, олардан жасырылатын тәсілдер кәсіптер мен басқа қызметте оқудың әлдеқайда кең саласына таралуы мүмкін, онда шәкірттерге тікелей қолөнердің "құпиясына" рұқсат етілмей, тек қара жұмысты орындап, кеңейтілген ауысу рәсімнен өтуі керек. Бұл бірқатар қоғамдар мен әлеуметтік формалардың арасында байланыс орнатуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар кейде "тәжірибе қауымдастығы" ықпалды ұғымымен байланысты дәріптелген нұсқамен салыстырғанда оқу ұғымына басқаша көзқарас береді (Lave and Wenger 1991; Wenger-Trayner 2015).

Тұжырымдамалар мен индикаторлар

Әрине, егер жоғары жүйеленген типологиялар мен модельдер деректер туралы аз ақпарат берсе, оларды жасаудың мәні жоқ. Тиімді типологияны немесе модельді жасау тек логикалық немесе концептуалды жаттығу емес: талданатын материалға тұрақты түрде жүгініп отыру керек. Анализ категориялары бір-біріне қатысты нақтыланып, дамығандықтан, тұжырымдар мен индикаторлар арасындағы байланыс та айқындалып, қайта анықталуы қажет. Ол бұрын айтқан сенситивті тұжырымдамалардың дефинитивтіге айналу процесінің бөлігі⁶². Алайда, бұл жердегі байланыстар функционалды екенін атап өткен жөн: тұжырымдама мен индикатор дегеніміз жағдайға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

⁶² Бұл қарама-қайшы ұсыныс: этнографиялық зерттеулерде сенситивті тұжырымдамалар дефинитивті тұжырымдамаларды қажетсіз етеді деп дәлел келтіретінде бар; қараңыз Williams 1976. Алайда, анализдің кейінгі кезеңдері үшін сенситивті тұжырымдамалар қаншалықты тиімді екені бізге түсініксіз; қараңыз Hammersley 1989a, 1989b.

Деректерден тұжырымдамаларға өту барысында жаңа анализде жасалған сенімді балама байланыстарға мұқият көңіл бөлуіміз керек, әрі оның барлығы зерттеулі тиіс. Тұжырымдама мен индикатор арасындағы байланысқа байланысты барлық болжамдарды ашудың қажеті немесе тіпті мүмкіндігі болмаса да, маңызды проблемалар туындауы мүмкін болжамдарды нақты тұжырымдау және зерттеу маңызды. Бұл жерде әріптестер мен қатысушылардың өздері анализ туралы айта алатынын күту және олардың айтқанына терең ойлы жауап болуы керек (Duneier 2011; Lubet 2018).

Аталған тұжырымдама-индикатор байланысын зерттеу процесіне мысал ретінде жұмысшы тап ер балалардың орта мектептегі адаптациясы бойынша Уиллистің классикалық зерттеуін(1977) келтіруге болады. Уиллис зерттеген "жігіттер" тамырланған, жалпы және жеке "билікке" қарсы контрмәдениетті бейнеледі дейді. Ол осы тұжырымды растау үшін "жігіттер" ғадетінің сипаттамаларын, сондай-ақ мұғалімдер туралы келесі пікірлер сынды топтық сұхбаттардан алынған дәйексөздерді қолданады:

Джоуи: [...] олар бізді жазалай алады. Олар бізге қарағанда үлкенірек, оларға бізден гөрі үлкен мекеме қолдау көрсетеді, мысалы, біз кішкентаймыз, ал олар ірі нәрселерге өкілдік етеді, ал сіз тек өзіңізге тиесіліні ғана қайтаруға тырысасыз. Бұл, менің ойымша, билікке ренжу.

Эдди: Мұғалімдер өздерін жоғары және мықты деп санайды, өйткені олар мұғалімдер, бірақ іс жүзінде олар ешкім емес, олар қарапайым адамдар емес пе?

Билл: Олар әлембіз деп ойлайды. Олар үлкенірек, олар бізден жоғарырақ, бірақ олар әлдеқайда жоғары деп ойлайды, ал бұл олай емес.

Спэнкси: біз оларды аты-жөнімен атай алмайтынымыз өкінішті . . . олар өзін Құдай деп ойлайды.

Пит: Бұл әлдеқайда жақсырақ болар еді.

ПУ: Яғни, сіз оларды жоғарырақ дейсіз. Сіз олар біраз нәрсені бізден жақсырақ түсінеді дегенмен келісесіз бе?

Джоуи: Ия, бірақ олардың сәл ақылды болуы, оларды бізден жоғары қоймайды

Билл: Біздің оларға қарым-қатынасымыз қандай болғанын қаласа, олар да бізге сондай қарым-қатынаста болуы керек...

Джоуи: олардың әр қыңырлығына бағынамыз. Олар бір нәрсе істегісі келсе, біз оны істеуіміз керек сияқты, өйткені, э, э, э, біз жай ғана, біз оларға бағыныштымыз. Біз мұнда бір мұғалимамен бірге болдық, бәріміз де оныкіндей сақина мен бір немесе екі білезік киіп жүрміз, кенеттен әлгі мұғалима, еш себепсіз: "барлығын шешіңіз"дейді.

ПУ: Шыныменде ме?

Джоуи: Ия, "біреуі бөлек шешілмейді" дедік біз, "Сіз де шешіп тастаңыз", деді ол. "Сіз бірінші менің саусағымды кесіп тастауыңыз керек" дедім.

ПУ: Неге ол сақиналарыңызды шешкеніңізді қалады?

Джоуи: Жай, шоудың түрі ғана Мұғалімдер мұндайды жиі жасайды, мысалы, кенеттен, саған немесе басқаларға галстук тағуды міндеттеуі мүмкін. Олардың кез келген қыңырлығына бағынуыңыз керек. Егер олар бірнәрсе жасағысы келсе, ал сіз оны дұрыс емес деп ойласаңыз, оған қарсы болсаңыз, онда сіз Симмондсиге (бастық) барасыз немесе таяқ жейсіз, сіз сол кешке қосымша жұмыс аласыз.

ПУ: Қызметкерлердің көбін жауыңыздай қабылдайсыз...?

Иә

Иә

Басым бөлігін

Джоуи: Егер оның сізге жасағаны үшін кек алуға тырыссаңыз, бұл сіздің өміріңізге аздап әсер етеді. (Willis 1977:11–12)

Уиллистің контрмәдениет тұжырымдамасын өзі қолданатын әртүрлі индикаторлармен байланыстыруын бағалауда, мысалы, студенттердің мұғалімдерге қарсылығы қандай да "билікке" жалпы қарсылық немесе тек нақты билеуші тұлғалар типтеріне қарсылық екенін қарастыруымыз керек. Мұны жасау процесінде бізге бедел тұжырымдамасын нақтылау қажет болуы мүмкін. Мысалы, "жігіттердің" жетекшісі болып көрінетін Джоуи олардың арасында беделге ие деп айту жанды ма? Билік тұжырымдамасын кең немесе тар мағынада қолданамыз ба немесе жоқ екеніне қарамастан, "жігіттердің" нені қабылдамайтынын және неге қабылдамайтынын нақты түсінуіміз керек пе?

"Жігіттер" мұғалімдер беделінің барлық аспектілеріне қарсы ма, әлде мұғалімдердің олардың заңды шекарасына қол сұғады деп санайтын талаптарына ғана қарсы ма деген тағы бір сұрақты сұрауымыз мүмкін. Мысалы, "жігіттер" өздерінің жеке келбетіне қатысты ережелерге шағымданады, мұндай , жалпы шағым Вертманның (1963) Америка Құрама Штаттарындағы қалалық бандалардың мүшелері туралы ертеректегі зерттеуінде де айтылады. Дегенмен, Уиллис мұндай шағымдарды үстемдікке деген жалпы антипатияның индикаторы ретінде қабылдағанымен, Вертман зерттеген ұлдар оларды мұғалім бақылауының заңды саласы ретінде қарастырған шекараның белгісі ретінде түсіндіреді. Мұндай балама

интерпретациялардың жасалған анализ сипаты мен валидтігі үшін (жарамдылығына) елеулі салдары бар екені анық (қараңыз Hammersley 1990).

Қарастырылуы тиіс балама интерпретациялардың сипаты зерттеуге байланысты әр түрлі болса да, тұжырымдама-индикатор арасындағы байланысты қарастыру барысында есте сақтау қажет бірқатар мәселелерді көрсете аламыз. Олар кейстердегі іріктемені талқылаған кезде 2-тарауда айтылған өлшемдерге сәйкес келеді.

Әлеуметтік контекст

Контекст мәселесі жаңа ғана Уиллис пен Вертманның еңбектерінде талқылаған білім алушылардың мінез-құлқынның қарама-қайшы интерпретацияларының негізі болады Уиллис бойынша, қарсылық "жігіттердің" биліктің барлық формаларымен байланысын сипаттайды. Екінші жағынан, Вертман бойынша қылмыстық топ мүшелерінің мұғалімдерге қатысты мінез-құлқы мұғалімнің әрекетіне және олардың қалай түсіндірілгеніне байланысты әр түрлі контексте өзгерді⁶³. Анализ процесінде этнограф адамдарды, оқиғаларды, институттарды және т.б. зерттелетіндерді түсіну үшін тиісті контекстпен білдіретінін анықтауы керек. Сонымен қатар, этнографтардың арасында мұны қалай жасау керек екені жөнінде келіспеушіліктер бар. Кейбіреулері үшін контекст – зерттелетін адамдардың контексті ретінде қабылдайтын немесе түсіндіретін нәрсесі (бұл – белгілі бір дәрежеде Вертманның ұстанымы). Дегенмен, басқалары үшін тиісті аналитикалық контекст, егер олар қатысушылар ретінде мойындалмаса да, зерттелетін әлеуметтік интеракция процестерін қалыптастырған факторларды да қамтиды. Алайда, Уиллис пен басқалары осы категорияға жататын сынды, қандай да бір қатысушылардың кем дегенде кейбір түсініктеріне қайшы келуі мүмкін, тиісті әлеуметтік процестер жақсы түсінілетін контексті өз тұрғысынан анықтайтын теориялық құрылымды қабылдайды (Duranti and Goodwin 1992; Hammersley 2006; Salzinger and Gowan 2018). Дегенмен, толықтай сәйкес келмесе де, мұнда микро - және айтарлықтай макро деңгейлердің айырмашылығы туралы қарастырылып отыр – соңғысы жергілікті әлеуметтік өзара әрекеттесу процестерін тек тиісті ұлттық қоғам контекстінде немесе тіпті жаһандық әлеуметтік құрылымдар, күштер немесе тенденциялар аясында түсінуге болады деп талап етеді.

⁶³ Адамдардың мінез-құлқын түсінудегі контексттің маңыздылығы этнографиялық жұмыстың құндылығына негізделген дәлелдерде ұзақ уақыттан бері басты орын алып келеді және бұл сапалы деректерді қайта пайдалану туралы пікірталастар барысында да атап өтілді (Mauthner et al. 1998; Moore 2006, 2007; Hammersley 2010a; Irwin and Winterton 2012).

Көптеген этнографтар адамдардың тіпті басқа да контекстуалды ерекшеліктерін ескере отырып, олар әрекет ететін контексті қалай анықтайтынына назар аударады. Түсінген контекстің маңызды элементтерінің бірі – деректер ретінде қолданылатын әрекеттер немесе зерттеулер бағытталған тыңдаушы. Мұндағы мүмкін болатын тыңдаушылардың бірі, әрине, этнограф. Бұл сұхбаттасу жағдайында әсіресе байқалатын, интеракциялық форматтың типі, сұхбат директивті болғанның өзінде, мұнда зерттеушілер қойған сұрақтары, сұрақтарға берген жауаптары және вербалды емес ғадеті арқылы шешуші рөл атқарады. Мұнда интеракция құрылымының өзі қатысушыларды этнографты тыңдаушы ретінде тануға мәжбүр етеді. Осылайша, сұхбат алушылардың әлеуметтік зерттеудің табиғаты мен функциялары, нақты зерттеу жобасы туралы түсінігі, сондай-ақ сұхбат берушінің жеке немесе әлеуметтік белгілері мен сұхбат алушының мақсаттары олардың айтқандарына және қалай жасайтынына қатты әсер етуі мүмкін. Бұл көптеген этнографтардың сұхбатқа негізделген зерттеулердің дұрыстығына күмәндануының себептерінің бірі болып отыр (қараңыз, мысалы, Atkinson 2017; Silverman 2017; Hammersley 2017).

5-тарауда көргеніміздей, сұхбат барысындағы әсерленгіштік тиісті деректерді алу мен олардың рұқсат етілген интерпретацияларында көмек те, кедергі де болуы мүмкін. "Жақсы дайындалған" информанттар мен респонденттер этнограф басқаша білмеуі де мүмкін тиісті деректерге қол жеткізуде зерттеушілердің аса тиімді көмекшілері ретінде әрекет ете алады. Олар сонымен қатар деректерді жинау процесін тиімдірек ете алады, өйткені олар қол жетімді тиімсіз ақпарат ауқымынан тиімдісін таңдай алады. Бірақ мұнда да қауіп бар: неғұрлым информант "тәжірибелі" болса, соғұрлым алдын-ала берілген категориялар тұрғысынан сипаттамадан анализге көшу тенденциясы жоғары болады. Таза сипаттама деген болмаса да, деректерді тексеру мен қайта тексеру, құру мен қайта құру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін деректер ретінде қолданылатын сипаттамалардағы тұжырым дәрежесін азайту қажет. Егер информант өзі сипаттап отырған оқиғалар немесе тәжірибелер туралы айтарлықтай теориялық әңгіме айтса, теориялық идеялар қаншалықты қызықты немесе нәтижелі болса да, деректер сапасы нашарлайды. Мұның бәрі біздің ақпаратты талдау кезінде тыңдаушының ықпалына және зерттеушінің мүдделеріне қатысты адамдардың көзқарастары олардың айтқандары мен істегеніне қалай себеп бола алатынына назар аударуымыз керек деген жалпы мәселенің бөлігі болады.

Осылайша, бақылау деректері жағдайында да этнограф қатысушылар үшін немесе, кем дегенде, олардың кейбірі үшін маңызды тыңдаушы бола алатынын білуіміз керек. Бейресми сауалнама көбінесе қатысушыларды

бақылаудың бір бөлігі болады, ал Бекер мен Гир (1960) дәлелдерді бағалау кезінде сұралған және сұралмаған пікірлердің арасындағы айырмашылықтың маңызын атап өтті. Дегенмен, 5-тарауда атап өткеніміздей, мұндай айырмашылық тым өрескел. Зерттеушінің қатысуы сұралмаған пікірлерге әсер етпейді деп болжай алмаймыз. Бұл басқа да әрекеттерге қатысты. Қазіргі уақытта әлеуметтану әдебиетінің негізгі принципі – адамдар өздері туралы және олармен байланысты жағдайлар мен топтар туралы әсерлерді басқаруға тырысады. Үнді ауылы қауымдастығын зерттеуінде Берман (1962) аудармашысын өзгертуге мәжбүр болған кезде ғана оның деректері ауыл тұрғындарының әсерін басқарудың нәтижесі болғанын анықтады. Аталмыш өзгеріс оның тұрғындармен қарым-қатынасын өзгертті, әрі әртүрлі деректердің пайда болуына әкелді⁶⁴.

Кейде қатысушылар этнографқа шын мәнісінде жеке басынан мысалдар келтіретін болады. Богдан мен Тейлор этнографқа далалық жұмыстарының бірінші күнінің соңында "ақыл-есі кем адамдарға" арналған мемлекеттік мекемедегі қызметкердің сөзін келтіреді: "Ия, бүгін біз әдетте жасағандай көп нәрсе істемедік. Мысалы, егер сіз осында болмағанда, түскі ас кезінде аздап тамақ алып, бәлкім, олардың жұбын қағып кетер едік. Бұрын сіздің өзіміздің жігіт екеніңізді білмедік" (Bogdan and Taylor 1975:89). Әрине, бұл дерекке толық жеткізуге мүмкіндік берілгенін білдірмейді. Зерттеу ортасында ұзақ уақыт бойы болуы қатысушылардың этнографқа деген сенімін арттыра түседі, сәйкесінше қол жеткізуге болатын ақпаратты бақылау қиынға соғады, қатысушыларға жеке фронтына мүшелерді қабылдау және олардың жеке аумағын басқару үнемі қиындықтар тудыруы мүмкін. Сонымен, Панч (1979) Амстердамдағы полиция жұмысы бойынша қарқынды және ұзақ далалық жұмысын аяқтағаннан кейін біраз уақыттан сауықкешке қатысады. Сол кеште ол информанттарының бірі оны полициядағы сыбайлас жемқорлық жайында куәлік етуден қалай аулақ ұстағанын ішімдік ішіп масайып отырып баян еткенін жайып салады. Демек, бақылау деректері жағдайында да этнографтың тыңдаушы ретіндегі ықтимал әсерлерін білу қажет.

Алайда, әсерленгіштікке, зерттеушінің өзі жинаған деректердің табиғатына тигізетін әсеріне деген көзқарас біршама алдамшы болуы мүмкін. Стандарттау арқылы сандық зерттеушілер реактивтілікті азайтуға тырысатын сияқты, натурализмнің әсері арқылы этнографтар кейде олардың қатысуының кез-келген әсерін немесе деректерге ықпалын қарапайым түрде бұрмалану көзі

⁶⁴ Антропологтардың аудармашыларға жүгінуі мен олардың немқұрайлығына қатысты мәселелер туралы қараңыз: Borchgrevink 2003. Әрине, тілдік айырмашылықтарды үйлестіру мәселесі антропологтармен шектелмейді: қараңыз Temple and Young 2004.

ретінде ғана қарастырады. Оның тұжырымдардың жарамдығына қауіп төндіруі мүмкін екені рас. Дегенмен қатысушылардың этнографтар сұрақтарына жауаптары да маңызды ақпарат көзі бола алады. Деректер өздігінен жарамды немесе жарамсыз бола алмайды; бұл тек олардың негізінде алынған тұжырымдарға қатысты болады. Мәселе болып отырғаны, этнографтар өздерінің қатысуы деректерге қалай әсер етуі мүмкін екенін және оның анализ үшін салдары қандай екенін үнемі біліп отыруға тырысуы қажет. Алайда, тыңдаушының маңыздылығы зерттеушінің зерттеуші ретіндегі ықпалынан да асып түседі; басқа тыңдаушылардың әсерін білу қажет. Жасырын кірістірілген бақылау жағдайында қатысушылардың этнограф өзіне алатын идентификациясы (немесе идентификациялары), сондай-ақ басқа қатысушылар айтылған және жасалынған нәрселердің куәгерлері ретінде де әсер етуі мүмкін – сондықтан біз осы бақылау деректерін пайдалану кезінде тыңдаушының әсерлерін ескеруіміз керек. Қатысушылардың өздерін гомогенді топ ретінде сирек қабылдайтындығына байланысты тыңдаушының маңыздылығы туындайды. Көбінесе бұған әртүрлі категориялар, топтар немесе қоғамдық топтар қатысады, оларға қатысты әртүрлі майдандарды ұстау қажет. Тіпті осы бөлек топтарда да, Хичкок бастауыш мектеп қызметкерлері жағдайында мысал келтіргендей, кейбір қатысушыны қамтитын, ал басқаларын қамтымайтын бейресми байланыс желілері көп болады:

Далалық жұмыс барысында көптеген жағдайларда қызметкерлердің пікірлері келесідей болды: "Бұл туралы айту менің тұрғымнан кәсіби емес екенін білемін . . .", "Оны шынымен сізге айту керек, деп ойламаймын", ". . . құдай үшін оған менің айтқанымды айтпаңыз". Маған қызметкерлер әңгімелеген басқа жағдайларда мұндай алғы сөздер болған жоқ еді; керісінше, мен басқа біреуге олар туралы не айтылғанын айтып, "жар салмайды" деген болжам болды. Яғни, олар бәрін құпия ұстайды немесе өзіме айтылғанын құпия сақтайды деп маған "сенді". (Hitchcock 1983:30)

Белгілі бір дәрежеде түрлі компанияларда әртүрлі нәрселер айтылады және жасалады. Атап айтқанда, біз "көпшілік алдында" не істелетіні мен "оңашада" не істелетіні арасындағы айырмашылықтарды ескеруіміз керек, өйткені категорияларға жататын әрекеттер басқа контекстегі әрекеттер мен қатынастарға қатысты қалай байланысуы үшін маңызды салдары болуы мүмкін. Бұл Мак Дермоттың (2006, 2018) ұлтаралық қарым-қатынас пен ақтардың Гринвиллдің, Оңтүстік Каролина, ішіндегі және оның айналасындағы қара азшылықтарға қарым-қатынасын талдауда басты орында болды: ол қатысқан информант топтарының нәсілдік құрамындағы айырмашылықтар болған жағдайларды жүйелі түрде салыстырып отырды. Сонымен қатар, "жеке" немесе "қоғамдық" нәрсе үнемі айқын бола бермейді, және олардың арасында көрінбес

көлеңке бар. Әрекеттің қоғамдық немесе жеке статусын тануға қабілетті болу үшін жағдайды өте жақсы білуі қажет болуы мүмкін, тіпті ол жағдайда да қателесу оңай. Сонымен қатар, қоғамдық деген не және жеке деген не мәселесі әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында қайта қаралуы мүмкін.

5-тарауда атап өткендей, сұхбаттар жағдайында да этнограф ең маңызды тыңдаушы болмауы мүмкін. Этнографтың қандай да дәрежеде немесе қандай болса да құпиялылыққа кепілдік беретініне қарамастан, информанттар өздері айтқанын "жеке" емес, "қоғамдық" деп санауы мүмкін; олардың болжамынша, оны басқаларға хабарлануы немесе кейінгі ұрпақ үшін жазылуы мүмкін. Кригер (1979а) радиостанциядағы зерттеулерінен мысал келтіреді. Сұхбат берушілердің сенімділігі немесе сенімі туралы ойлана отырып, ол:

Мен бұл әңгіме тек бір адамның ғана емес, бүкіл әлемнің мәселесін айқындады әрі әлемге кінәсін мойындау ғана емес, сонымен қатар кешірім сұрау деген қорытындыға келдім. (Krieger 1979a:170–71)

Ақыр аяғында, дайын қолжетімді құжаттар болған күннің өзінде, біз олардың бір немесе бірнеше тыңдаушыларды ескере отырып дайындалатынын ескеруіміз керек. Бұл құжаттың сипатына сәйкес келетін, фундаменталды білім ретінде қабылдануы мүмкін, айқын болатын және өзінен өзі белгілі, айтылуы мүмкін емес немесе айтылмауы тиіс, тіпті рас болмаса да, айтылуы тиіс нәрсе арқылы әсер етеді. Егер біз құжаттарды қарапайым түрде ғана "не болғанын", "не ұсынылғанын " және т.б. көрсететін ретінде қабылдасақ, тіпті олар бұл мәселелер туралы бізге көп нәрсе айта алған жағдайда да, қателесетін шығармыз.

Сонымен, тыңдаушының әсері бойынша деректер анализі – зерттеушінің ықпалын бағалау ғана емес, сонымен қатар актордың саналы немесе түпсана негізінде, жүгінуі немесе ескеруі мүмкін кез келген басқа тыңдаушының әсерін бағалау. Сонымен қатар, тыңдаушы контекстің маңызды аспектісі болса да, ол жалғыз емес: біз оны бұл жерде деректерді интерпретациялауда контекстпен байланысты нені ескеру керек екенін көрсету үшін қолдандық.

Уақыт

Адамдардың сөзі мен әрекеті әлеуметтік өзара әрекеттесудің үздіксіз жүйелігі барысында туындайды. Егер бұрын болған нәрсені немесе одан кейінгі нәрсені елемесек, онда қорытынды жасауда қателесу қаупін тудырамыз. Дегенмен, әрекеттердің уақытша құрылымына бұрын және кейін болған бірқатар оқиғалар ғана емес, сонымен бірге тартылған адамдар оларды болжап, анықтайтын уақыт шеңбері де кіреді. Мысалы, мәдени жағдайларда акторлар

"моральдық мансапқа" ие, олар ресми және бейресми кезеңдерден, идентификациясын өзгертуден өте алады: жас маманнан тәжірибелі маманға дейін, аутсайдерден инсайдерге трансформациялана алады. Бұл паттерндер ешқашан біртүзбекті емес және жиі дау тудырса да, олар көбінесе әрекетті қалыптастыратын маңызды ойды репрезентациялайды (Dawson 2014; Dalsgaard and Nielsen 2015; Elliott et al. 2017).

Егер әлеуметтік идентификациялар шынымен уақыт барысында қалыптасады деп ойласақ, онда олардың пайда болуының әлеуметтік ұйымдастырылған тәсілдеріне анализ жасауымыз керек. Мысалы, қалай әлеуметтік акторлар тоталды институцияда тұтқынға "айналады"; тағылымгерлер белгілі бір түрлі құзыретті қызметкер ретінде жұмыс жасау үшін қажетті білім мен дағдыларға қалай қол жеткізеді; адамдар немесе объектілер күрделі ұйымдар арқылы өтетін жолдар қандай; ұйымдастырушылардың шешімдерін қабылдау, диагноз қою және диспозиция үшін алдын ала қабылданған қадамдар қандай. Олардың барлығы уақытымен ұйымдастырылған. Мұндай траекторияларды құжаттау – этнографиялық талдауды ұйымдастырудың мықты тәсілі.

Глейзер және Стросс (1968) өз зерттеулерінде аурухана қызметкерлерінің өлім алдындағы науқастарға қалай көңіл бөлетіні туралы керемет мысалын келтіреді. Олар жеке науқастардың өлім алдындағы ықтимал ағымының тұжырымдамасының қалай құрастырылатыны және қайта қаралатыны, сонымен қатар оның пациенттерді емдеуге деген көзқарасты қалыптастыруда қандай маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен қатар, болжалды модельдерден ауытқу қиындық тудыруы мүмкін. Аурухана қызметкерлерінің науқас жағдайының жақсару белгілеріне қалай әсер етуі олардың осы белгілерді оқып отырған уақыт контекстіне тәуелді болады. Бұл жерде өткен оқиғалар ғана емес, сонымен қатар болашақта не болатынын бағалау да маңызды. Бұл тек қызметкерлермен ғана шектелмейді. Мысалы, науқастың отбасы оның жағдайының жақсару белгілерін, бәлкім олар ауыр және ұзақ өлімнің бөлігі ретінде қарастырылғандықтан болар, әрдайым құптай бермейді (Wright 1981).

Бол (1983) көптеген ұйымдар қысқа және ұзақ мерзімді уақыт циклдерімен сипатталатынын атап өтті. Мысалы, университеттер мен мектептердің көпшілігінде басталуы мен аяқталуы қызметкерлер мен студенттер үшін маңызды бағдар болатын семестрлер бар. Сонымен қатар, әртүрлі семестрлер бір-біріне эквивалентті емес; олар бір жылдық ұзақ циклдің бір бөлігін құрайды – күзгі семестр, мысалы, көктемгі семестрден көп жағдайда ерекшеленеді. Білім алушылар үшін жылдар одан да үлкен циклдің бір бөлігі болады, жаңа келген студент ретінде олардың алғашқы жылы соңғы курс

студенті ретіндегі соңғы жылынан өте ерекшеленеді. Тьора (2016) рок-музыкалық фестивальдерге тән күнделікті циклдер туралы ұқсас дәлел келтіреді, ол мұнда "интерактивті және шебер шығарылған" "әлеуметтік ырғақ" фестивальдерді өздігінен танымал және әлеуметтік шаралар ретінде тартымды ететіндіктен, олардың фазалары арасындағы өткелдер интерактивті түрде қалай келісілетінін түсінудің маңыздылығын атап өтеді. Осылайша, әр түрлі уақытта тіркелген деректерді зерттелетін адамдар өмірін құрайтын қысқа немесе ұзақ мерзімді уақыт үлгілеріндегі орны тұрғысынан зерттеу керек⁶⁵. Жеке тұлғалардың, ұйымдардың және топтардың әртүрлі уақыт шеңберлері бар екенін ескере отырып, өткен шақ әрдайым жады әрекеті негізінде құрастырылады. Жады – бұл еске түсірудің қарапайым ғана менталды процесі емес. Ол – үздіксіз ұжымдық жетістік. Әлеуметтік акторлар өздерінің өткен сезімдері мен өмірбаяндарын жады актілері негізінде жасайды. Мысалы, өткен шақ нарративті әрекеттер негізінде жанданады. Осылайша, зерттеуге қатысатындардың өзі және басқалардың өмірі туралы әңгімелерін талдауда, біз өткенді қалай қайта құру және оны қалай жасау жолдарына мұқият болуымыз қажет. Өткен, қазіргі және болашақ акторлар естеліктерімен, жоспарларымен немесе жобаларымен ортақ бөліскен кезде жасалады және қайта құрастырылады (Wertsch and Roediger 2008).

Осы тұрғыдан алғанда, сұхбатты кірістірілген бақылауымен біріктіру комбинациясының айтарлықтай артықшылықтары бар. Олардың әрқайсысы, деректерді интерпретациялаудағы салдары бағалана алатын, уақыт контекстері туралы ақпарат бере алады. Әсіресе, бір дерек көзіне сүйенетін жерде уақыттың әсерін елемеу қаупі үлкен болады. Мысалы, адаммен сұхбатқа дейін болған оқиға және жақын арада не болжалды екені айтылған нәрсеге әсер етуі мүмкін. Сұхбат жалғыз қолданылған жағдайда, информанттың өміріндегі ағымдағы оқиғалар туралы кездейсоқ әңгімелерге біраз уақыт бөлген жөн. Расында да, бұл өзара түсіністікті қалыптастыру үшін сұхбатты бастаудың пайдалы тәсілі болуы мүмкін. Сол сияқты, десек те сұхбат деректерінің анализі интервью барысында не және қашан айтылғанның уақыт тұрғысынан ұйымдасуын ескеруі қажет. Бұл айтарлықтай маңызды болуы мүмкін.

Тағы да қайталап айтсақ, мәселе – қабылдау немесе қабылдамауда емес, оларды қалай интерпретациялау керегін білуде; әрекеттер, пікірлер немесе сұхбаттың жауаптары адамдардың, топтардың немесе жағдайлардың тұрақты белгілерін репрезентациялайды деп болжауға негіз бар. Бұл дұрыс болуы мүмкін, бірақ оны болжау мүмкін емес. Әрекеттер уақыт контекстіне енгізілген,

⁶⁵ Мұндай үлгілер бойынша көбірек, қараңыз: Roth 1963; Zerubavel 1979; Dalsgaard and Nielsen 2015; Elliott et al. 2017.

ал бұл анализ үшін маңызды тәсілдер арқылы оларды қалыптастыра алады. Сонымен қатар, кейде олар күткеннен гөрі тұрақсыз болуы мүмкін.

Қатысушылар

Әрекет ететін немесе сөйлейтін адам тұжырымдама мен дәлелдер арасындағы қарым-қатынасты бағалауға келгенде өзекті мәселе болады. Адамдардың идентификациялары немесе әлеуметтік жағдайы (яғни олар қатысатын әлеуметтік қатынастардың үлгілері) олардың айтқан әңгімелері немесе жасаған әрекетінің сипатына екі түрлі ықпал етуі мүмкін. Біріншіден, әлеуметтік жағдайы адамдарға қол жетімді ақпарат түрін анықтайды. Олар адамдардың "тікелей" көре және ести алатынына нақты әсер етеді; олар сонымен бірге, "екінші қолдан" адамдардың не туралы білетінін және қалай білетінін анықтайды. Сонымен қатар, олардың қалай білетінін нені "білетініне" әсер етеді.

Идентификацияның әрекеттер мен әңгімелерге әсер етуінің тағы бір әдісі – әртүрлі әлеуметтік жағдайдағы адамдардың генерациялағысы келетін нақты перспективалары, өйткені бұл адамдардың әлем туралы түсініктері мен білімдерін сүзіп, олардың әрекеттерін қалыптастырады. Атап айтқанда, адамға қол жетімді ақпаратты түсіндіру, әдетте, басым проблемалар мен мүдделерге сәйкес таңдалады және бұрмаланады. Мұнда тіпті тілектерді орындаудың күшті элементтері болуы мүмкін. Әлеуметтік идентификацияның барлық деректер түрлеріне, атап айтқанда этнографтардың жеке бақылау жазбаларына әсер ете алатыны туралы білу қажет: біз де белгілі бір әлеуметтік жағдайға иеміз, сондықтан біздің нені бақылайтынымызға, жазып алатынымызға, оны қалай интерпретациялайтынымызға олар әсер етеді.

Адамдардың әңгімелеріне идентификация салдары этнограф адамдардың көзқарасы немесе дискурсивті практикалары туралы ақпарат көзі немесе деректер ретінде оларды қолдануына байланысты біршама өзгереді (осы айырмашылықты талқылау үшін 5-тарауды қараңыз). Бірінші жағдайда, информанттың әлеуметтік жағдайы зерттеушіге ашық болуы мүмкін белгілі бір білім түрлеріне қол жеткізуді қамтамасыз ете алады, бірақ бұл сонымен бірге бұрмалаушылықты тудыруы мүмкін – валидтікке төнген, бақылануы тиіс қауіп. Мұндай ойлар информанттарды таңдауға және олар ұсынатын деректерді түсіндіруге, сондай-ақ басқа дереккөздерден деректерді өңдеуге негіз болуы керек. Екінші жағынан, адамдардың әңгімелерін олардың көзқарастары немесе дискурсивті репертуарларын талдау үшін қолданған кезде, бұдан былай әлеуметтік жағдай жағымсыздықтың ықтимал көзі емес – оның орнына ол анализдің басты бағыты болады. Мұндағы мақсат – адамдардың нақты әлеуметтік құбылыстарды қалай көреді, түсінеді, сонымен қатар қалай және

неге ол туралы айтатыны мен жазатынын сөзбе-сөз құжаттау. Анализдің бұл екі формасы бір-бірін толықтырады, ал этнограф дайындаған бақылау деректері жағдайында олардың өзара әрекеттесуі рефлексияның мәні болады.

Осы бөлімдегі біздің талқылауымыз тұжырымдамалар мен индикаторлар арасындағы қатынастарды деректердің балама түсіндірмелерін қарастыру және олардың расталғанын көру үшін нақты интерпретациялардың салдарын бақылау арқылы бағалау керек екенін көрсетуге бағытталған. Мұнда әлеуметтік контекстің, уақыттың өлшемдерін және қатысатын адамдарды ескеру маңызды. Дегенмен, кейбір этнографтар бұл қатынастарды тексерудің тікелей тәсілдерін ұсынды. Осы тараудың соңғы бөлімдерінде біз жиі айтылған екі стратегияны талқылаймыз: респонденттердің валидациясы (респонденттердің өз жауаптарының дұрыстығын тексеру) және триангуляция.

"Респонденттердің валидациясы" немесе "қатысушылардың кері байланысы"

"Респонденттердің валидациясы" немесе "қатысушылардың кері байланысы" ұғымы этнографиялық талдауда белгісіз, кейде даулы орында болды (Birt et al. 2016). Кейбір этнографтар пікірінше, олардың анализдері үшін шешуші тексеріс – сенімдері мен мінез-құлқын сипаттап, түсіндіруге тырысқан акторлардың айтқан әңгімелерінің валидтігін (шындығын) тану (Lincoln and Guba 1985). Ол қатысушыларға анализдің қолжазбасын көшірмесін жіберу, кейінгі сұхбаттар (жеке немесе топтық) барысында қорытындылау немесе оны кездесу не фокус топтар кезінде презентациялау арқылы бірнеше жолмен тексерілуі мүмкін⁶⁶.

ЛОР мамандары (құлақ, мұрын және тамақ) қолданатын шешім қабылдау ережелерін зерттеуде Блур өзі зерттеу жүргізген мамандарға олардың бағалау тәжірибесін сипаттайтын өз есебін жіберді. Бұл олардың әрқайсысын "өз клиникалық тәжірибесіндегі әсерлеріне қаншалықты сәйкес келетінін көру үшін есепті оқып шығуды" сұраған хатпен бірге жолданды. Кейін Блур бұл есептерді дәрігерлермен сұхбат барысында талқылады. Оның айтуынша, бұл жаттығу көп жағдайда сәтті болды: "кейбір респонденттер менің тәжірибем туралы сипаттамамды мақұлдаса, ал олар келіспеген жерде жаттығудың сипаты мен бұл келісімді кешіктірмеу үшін анализді түзете аламын" (1978:549). Басқа стратегияны қолдана отырып, Бичсайд жалпы білім беру мектебін зерттеуде Бол (1981, 1984) мектеп қызметкерлері үшін зерттеудің кейбір нәтижелерін презентациялау үшін екі семинар өткізді. Оның тәжірибесі әлдеқайда сәтсіздеу, әрі нәтижелі болмады, сәйкесінше стратегияның артықшылығы болуы мүмкін,

⁶⁶ Әрине, бұл құпиялылық кепілдіктерін бұзады деген қауіп бар.

бірақ ол еш қиындықсыз болмайды деп болжайды (сонымен қатар қараңыз Goldblatt және басқалар, 2011).

Респонденттердің валидациясының құндылығы құжатталған оқиғаларға қатысушылардың контекст туралы этнографқа қолжетімсіз қосымша білімді рұқсат етуінде – мысалы, басқа да маңызды оқиғалар туралы, уақыт шеңбері туралы, басқалардың жасырын мотивтері туралы, әрі ол зерттеушінің интерпретациясын сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Онымен бірге, олар айтарлықтай маңызды болуы мүмкін, оқиғалардың жеке тәжірибесіне қатысты рұқсатқа ие болады. Мұндай қосымша дәйектер деректердің түрлі ықтимал интерпретацияларды өзгерте алады. Осылайша, Мофат (1989:329) өзінің Ратгерс университетінің студенттері бойынша зерттеуінің бірінші реттік анализінің нұсқауларын антропология кластарында студенттерге оқытқанда олардың жауаптары арқылы зерттеу қорытындылары қалай өзгергенін баяндады.

Сонымен бірге, респонденттердің валидациясының немесе қатысушылардың тексеруінің шектеулерін білу де маңызды. Адамдарың өз желілері арқылы алатын ақпараты жалған болуы мүмкін. Сол сияқты, тіпті адамдар өз әрекеттерінің сенімді түсіндірушілері деп те болжауға болмайды, өйткені олардың пайымдауларының ақиқатына кепілдік беріледі. Шюц (1945: 535) және басқалары іс-әрекеттеріміздің мағынасын тек ретроспективті түрде түсінуге болатындығын атап өтті: бұл мағыналар тікелей берілмейді, олар жады негізінде қайта құрылады және болжамдар, күтпеген жағдайлармен қалыптасады. Оның үстіне, көптеген әлеуметтік әрекет болмашы жады іздерін қалдыра отырып, түпсана деңгейінде жұмыс жасайды. Осылайша, Блурдың мамандары жағдайында, біз мамандардың қолданған шешім қабылдау ережелері туралы олардың өздері саналы түрде хабардар болды немесе басқа біреу оларды жазып алғанда оларды дәл тани алды деп болжай алмаймыз. Қысқаша айтқанда, адамдар тек өздерінің іс-әрекеттері туралы жақсы біледі; ал олардың пайымдарының да, сол сынды зерттеушінің пікірлерінің де валидтігіне (жарамдылығына) қауіп бар.

Бұл адамның мүддесі үшін оның жеке әрекеттері дұрыс интерпретацияланбауы немесе дұрыс сипатталмауы, сонымен қатар этнографтың интерпретацияларына қарсы тұруы мүмкін екенін мойындағаннан кейін күшейе түседі. Блур да, Бол да қатысушылар әдетте деректерді әртүрлі проблемалар аясында, кейде этнографтың критерийлеріне қайшы түсіндіретінін айтады. Мысалы, Блур оны мойындайды

Мен мамандар осы есептерге академиялық әріптеске ұқсас мәнермен жауап береді деп күттім [. . .]. Мен оны болжамым орындалмаған кезде түсіндім

– кейбір мамандар есепті болжалды сыни рухпен оқымағаны туралы күдіктендім. Олардың бұл баяндаманы біз бүгін XIX ғасырдың діни трактатын оқығандай, сәл жатсынған, үстіртін қызығушылықпен, бәлкім, белгілі бір сүйкімділікке ие болса да, оның мазмұнын өз сенімдері мен тәжірибесін оған сәйкес немесе қарсы анықтау қажеттілігін сезінетіндей соншалықты әсерсіз оқыды деп сезіндім. Олардың академиялық әлеуметтанудың сыни тәжірибесімен ешқандай байланысы жоқ, әрі олар баяндамалардың мазмұнына онша қызықпағандай (Vloog 1978:550).

Кез-келген деректерді жинау және анализдеу сияқты, адамдардың этнографтың әңгімесіне реакциясы олардың әлеуметтік жағдайымен және зерттеуді қабылдауларымен байланысты болады. Блур дәрігерлері жағдайында олар онша ынтықпады. Екінші жағынан, Болдың мектеп мұғалімдері бұл іске терең берілгенін көрсетті. Бірақ бұл олардың әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты болып, зерттеушінің жағдайымен сәйкес келмеді:

менің тарауымды көптеген қызметкерлер олар туралы немесе олардың пәні туралы не айтқаны тұрғысынан ғана оқыған сияқты. Мен көтеруге тырысқан жалпы мәселелер немесе тараудың жалпы дәлелдері аз немесе мүлдем талқыланбады [. . .]. Этнограф ретінде мен барлық мектеп бойынша таралған ірі үрдістерді сипаттау, талдау, шолу жасау міндетін алдым. Қызметкерлер өздерінің мектепке деген ерекше көзқарасы, атқаратын қызметі негізінде жауап берді. (Ball 1984:18–19)

Болдың мұғалімдері оның жұмысын сын ретінде қабылдап, оның тұжырымдарының растығына күмән келтірді. (Scarth 1986: 202-3 ұқсас тәжірибе туралы баяндайды).

Осылайша, мұндай кері байланыс өте даулы болуы мүмкін. Респонденттер ынта, немқұрайлылық немесе өшпенділік танытса да, олардың реакциясын бақылаушының тұжырымдарын тікелей растау немесе теріске шығару ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше, "растау" немесе "тексеру" деп аталатын процестерді деректер мен түсінудің тағы бір құнды дереккөзі ретінде қарастырған жөн. Сонымен бірге, деректер мен анализді берудің зерттеушінің өзі үшін де, басқалар үшін де салдарын ескеру қажет; олар үнемі пайдалы бола бермейді (11-тарауды қараңыз).

Респонденттердің валидациясының бастапқы мақсаты, аты айтып тұрғандай, анализдің дұрыстығын тексеру болғанмен, соңғы жылдары "қатысушылардың тексеруі" зерттеудің ұжымдық немесе одан да көп "демократиялық" формаларының аргументтерімен тығыз байланысты болды (қараңыз: Torrance 2012), сондықтан оның негізіндегі болжамдар кейде әдіснамалық емес этикалық немесе саяси сипатқа ие болды. Шынында да,

кейбір жағдайларда шындықтың сәйкестік теориясы біріге құрастырылған шындық ұғымының пайдасына, анализдің сәйкестігін тексерудің кез-келген ұғымын қабылдамайтындай етіп, жоққа шығарылды (мысалы, қараңыз Doyle 2007). Біз мұнда этикалық және саяси мәселелерді талқыламаймыз; бар айтқымыз келетіні ашықтықты ұстану саяси реализм сезімімен, сонымен қатар қатысушыларға анализ нәтижелерін қайтарудың ықтимал салдарын түсінумен реттелуі қажет.

Триангуляция

Шын мәнінде, респонденттердің валидациясы триангуляцияның бір түрін білдіреді, ұғымның жалпы анықтамасы келесідей болады: деректер көзінің бір түрі негізінде алынған нәтижелерді басқа деректер көзімен салыстыру арқылы тексеру (Hammersley 2006; Flick 2007). Сонымен қатар, деректер көздерінің аталған триангуляциясы бір құбылысқа қатысты, бірақ далалық зерттеу жұмыстарының әртүрлі кезеңдерінен, белгілі бір жағдайда орын алған уақыт циклдерінің әртүрлі сәттерінен алынған деректерді немесе түрлі жерлердегі әртүрлі қатысушылардың (этнографты қоса алғанда) әңгімелерін салыстыруды қамтуы мүмкін. Триангуляцияның бұл соңғы формасы қатысушыларға бір-бірінің әңгімелерін көрсету және оларға түсініктеме жазу арқылы белгісіз уақыт кезеңіне дейін созылуы мүмкін (Adelman 1977)⁶⁷.

"Триангуляция" термині бастапқыда навигация және сауалнамамен әлсіз ұқсастықтан пайда болды (Campbell and Fiske 1959; Webb et al. 1966). Егер біз картадағы орналасқан жерімізді анықтағымыз келсе, онда көрінетін жалғыз бағдар ғана сол жерден белгілі бағыттағы жол бойымен жүретініміз туралы ақпарат бере алады. Дегенмен, екі белгімен нақты позицияны екеуіне де бағыттар алу арқылы анықтауға болады; позиция, онда әр бағыттан сызықтар қиылысатын, картадағы нүктеде болады. Ұқсастық мәні – әлеуметтік ғылым саласындағы зерттеулерде, егер жеке деректерге сүйенетін болсақ, анализімізді тұжырымдарымыздағы табылмаған қате бұрмалауы мүмкін. Екінші жағынан, егер әр түрлі деректер бірдей қорытындыға алып келсе, ол қорытындыға сенімді бола аламыз. Бұл сенімділік әр алуан деректер түрлерінің оларға тән түрлі ықтимал бағыттағы қателердің болуы дәрежесіне айтарлықтай негізделген.

Сонымен қатар, триангуляцияның деректер көздерімен байланыстырудан басқа да түрлері бар. Олардың бірін Дензин (1978) "теориялық триангуляция" деп атады: деректерге көптеген көзқарастар мен гипотезаларға негізделген ұстаным (Kushner and Morrow 2003; Hoque et al. 2013; Pitre and Kushner 2015).

⁶⁷ Әрине, бұл құпиялылық кепілдіктерін бұзады деген қауіп бар.

Оның қызықты мысалын Бенсман мен Видич (1960) өздерінің Спрингдейл қауымдастығының классикалық зерттеуінен келтіреді. Олар өз деректерін Редфилд, Вебер, Теннис, Веблен, Мертон, Линд, Уорнер, Миллс, Сапир және Туминнен алған теориялық көзқарастары негізінде қарастырғанын баяндайды. Әрбір кейс сайын олар өздеріне: "деректерімізді түсінуге [осы] теорияларда не мүмкіндік береді?" деген сауал қойып отырды. Бұл жерде теориялар зерттеу мәселелері үшін дайын шешім ретінде ғана емес, сонымен бірге талдау мен кейінгі далалық жұмыстарға назар аудару үшін пайдаланылды; олар интерпретацияларды тексеру құралынан гөрі, сенситивті тұжырымдамалар дереккөзі ретінде пайдаланылды, сәйкесінше мұнда навигациямен ұқсастық жоғалады. Соңғы жылдары триангуляция ұғымының көптеген түсіндірушілері осы ұқсастықтан толығымен бас тартты (see Hammersley 2007).

Сондай-ақ, әртүрлі зерттеушілер арасында триангуляция мүмкіндігі бар. Этнографтар кейде топтық зерттеулерді қолдану барысында (талқылау үшін қараңыз: Woods және басқалары, 2000), әдетте әр түрлі бақылаушылар дайындаған деректерді триангуляцияны жеңілдетуден гөрі, кейстің немесе әртүрлі кейстердің түрлі аспектілеріне қатысты өзаратолықтырушы ретінде қарастырылды. Десек те, топтық зерттеулер әртүрлі ғалымдардың ықпалын зерделеуге мүмкіндік береді. Әрине, оның потенциалды мүмкіндігін арттыру үшін зерттеушілер релевантты өлшемдер бойынша мүмкіндігінше әр түрлі болуы керек – мысалы, далалық зерттеулерде мүлдем әртүрлі рөлдерді қабылдау⁶⁸.

Триангуляция әдісі әлдеқайда кең таралған. Мұнда деректерді жинаудың түрлі әдістерін қолдану арқылы алынған деректер салыстырылады. Бұл әдістер валидтікке төнетін қауіптің әртүрлі түрлерімен байланысты болғандықтан, олар интерпретацияларды тексеруге негіз береді. Этнография көбінесе бірнеше әдістерді қатар қолданады, сондықтан кірістірілген бақылау, сұхбаттар және құжаттардан алынған бір ұғымға қатысты деректерді зерттеу арқылы индикаторлар мен тұжырымдамалар арасындағы қорытындылардың валидтігін (жарамдылығын) бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, триангуляцияда тұжырымдамалар мен индикаторлар арасындағы байланыстар басқа индикаторларға жүгіну арқылы тексеріледі. Дегенмен, триангуляция қарапайым тест емес. Нәтижелер сәйкес келсе де, бұл қорытындылардың дұрыстығына кепілдік бермейді. Барлық тұжырымдар қате болуы мүмкін, сәйкесінше жүйелі немесе тіпті кездейсоқ қатенің нәтижесінде

⁶⁸ Оның бірнеше мысалы бар Ертеректегі мысал үшін қараңыз: Smith and Geoffrey 1968. Жақын арадағы мысал үшін қараңыз: Delamont et al. 2017.

ол бірдей қате тұжырымға әкеледі. Триангуляция – әртүрлі дерек түрлерінің жиынтығы емес, керісінше анализіміздің сәйкестігін әртүрлі ықтимал қауіптеріне қарсы тұратындай әртүрлі деректер түрлерін байланыстыру әрекеті.

Сондықтан, түрлі дереккөздер қиындықсыз дәлірек немесе толық суретті құрастырады деп аңқау "оптимистік" болжауға сенуге болмайды. Бұл туралы көптеген авторлар айтса да, деректер жиынтығы немесе типтері арасындағы айырмашылықтар маңызды және үлгілі болуы мүмкін. Левер (1981) бұл туралы құнды түсінік береді. Балалар ойынындағы жыныстық айырмашылықтарды зерттей отырып, ол деректерді сауалнамалар мен күнделіктер арқылы жинап, олардың әртүрлі нәтижелер беретінін анықтады. Ол бұл "әдістің сипатына немесе сұрақтың қойылуына" байланысты стереотиптеудің әртүрлі әсерлерін көрсетеді деп мәлімдейді; яғни сондықтан да балалардың "әдетте не істейтіні" жайында сауалнамада жиналған пікірлері күнделіктерде жиналған "іс жүзінде не істейтіні" жайындағы ақпараттан гөрі мықтырақ жыныстық айырмашылықтарды көрсетті. Қысқаша айтқанда, Левер "абстрактілі немесе шартсыз сауалдар нақты немесе егжей-тегжейлі сипаттағы сауалдарға қарағанда адамның әлеуметтік нормаларды қабылдауына дәлірек сәйкес келетін жауаптар береді" деп ұсынады (1981:205). Әрине, бұл әртүрлі дерек көздері арасындағы сәйкессіздіктерге жауап берудің жалғыз жолы емес; іс жүзінде олар зерттеліп жатқан құбылыстарға мүлдем басқа көзқараспен қарауды ұсына алады (мысалы, қараңыз Ribbens McCarthy пен басқалары. 2003; сонымен қатар, Perlesz пен Lindsay 2003). Дегенмен, екі стратегия да, біз ұсынып отырған рефлексивті этнографиялық ұстанымның негізгі түрі болатын, деректерден алынған қайшылықты қорытындылардың мұқият интерпретацияларының бір түрін көрсетеді.

Қорытынды

Біз тарауда этнографиядағы анализ процесін алдын-ала анықталған проблемалар мен деректер жиынтығының бірінші реттік сараптамасын қадағалаудан, әр түрлі тұжырымдамаларды жасау мен деректерді кодтау арқылы типологияларды, модельдер мен теорияларды дамытуға дейін қарастырдық. Сондай-ақ, этнографтар дамытуға тырысатын теориялар түрінің вариацияларын қарастырдық, дегенмен, теориялар этнографиялық жұмыстың жалғыз өнімі емес екенін атап өттік; сипаттамалар мен түсіндірулер де айтарлықтай кең таралған және маңызды болады. Соңында, біз тұжырымдамалар мен индикаторлар арасындағы байланысты, оларды қалай бағалау керек екенін, сондай-ақ респонденттердің валидациясы мен осы процестегі триангуляцияның рөлін қарастырдық. Әрине, этнографиялық зерттеудің көп туындысы қандай да формадағы мәтінді жариялауды қамтиды.

Келесі тарауда көретініміздей, ол мәселе тек "анализ нәтижелерін жазып алуда" ғана емес.

10 - тарау

Этнографияда мәтін жазу

Этнографияның негізі жазудан тұрады. Зерттеу нәтижелері жазбаша мәтінмен шектелмесе де – олар суреттер мен басқа материалдарды қамтуы мүмкін – тек біз "толық сипаттамайынша" кез келген этнография инертті және көрінбейтін болып қалады. "Этнография" термині бір уақытта зерттеу жүргізуге де, монография жазуға да қатысты болуы кездейсоқ емес. Сонымен қатар, этнографиялық жазбаның нақты қиыншылықтары да бар, сонымен қатар ерекше пайдалы жақтарын да ұсынады. Себебі этнографияны жазу эксперименттік немесе бұқаралық сауалнама зерттеулерінің жазбаша жанрларынан өзгеше болады. Іс жүзінде, көп жағдайда жалпы қабылданған "жазу" термині жарамсыз болып келеді. Мысалы, біз "нәтижелеріміз" туралы қарапайым түрде баяндайтынымызды сирек түсінеміз. Керісінше, біз күрделі әлеуметтік әлемдер, әлеуметтік әрекеттер мен әлеуметтік ұйым туралы жүйелі есептер жасауға қатысуымыз керек. Біздің мәтіндерімізде көбінесе әлеуметтік акторлар жайында мұқият және аналитикалық тұрғыда баяндалады, сонымен қатар біздің не туралы жазғанымызды олар шынымен оқуы мүмкін (Brettell 1993)

Демек, этнографиялық жұмысты жазу оңай емес. Қайткенде де, жазбаша тіл – ашық байланыс құралынан гөрі, аналитикалық құрал. Біз жазуды ешқашан ережелер жиынтығына дейін кеміте алмаймыз. Мәтіндерді жазушылар мен оқырмандар шығармашылығының туындысы ретінде бағалау қажет. Мұнда заманауи этнограф әдебиет теориясының, риториканың, мәтін лингвистикасының және олармен байланысты салалардағы еңбектерді ескеруі керек. Бұл, этнографияны жасаушылар ретінде, біздің кәсіби дағдыларымызды дамыту үшін қажет –мақсат этнографияны әдебиеттанудың бір саласына айналдыру емес (дегенмен кейбір әдіснамалық тенденциялар осы бағытқа әкеледі). Біз атап өткендей, рефлексия принципі зерттеу әрекеттері зерттелетін құбылыстарды қалыптастыратынын мойындауды білдіреді. Этнографияда бұл принцип дала жұмыстары мен деректер жинаудың практикалық аспектілерімен шектелмейді. Бұл сонымен қатар біздің зерттеу сұрақтарымызға жауап беретіндей, әлеуметтік әлемді мәтінге айналдыру үшін орындайтын жазбамызға да қатысты болады. Мәтіндік рефлексия – бұл барлық зерттеулердің қажет белгісі, дегенмен ол этнографиялық жазбада ерекше маңызды. Оны айналып өтуге болмайды, бірақ оның салдары саналы жауапкершілікпен қарастырылуы керек.

Осылайша, жазу анализбен тығыз байланысты. Этнографиямызды жазған кезде біз әлеуметтік құбылыстарды олар туралы таңдаған жазу тәсілдері арқылы қайта құрамыз. Олардың құрастырылуы мүмкін болатын көптеген нұсқалары бар. Осы тарауда бұдан әрі көретініміздей, этнографиялық жазудың әртүрлі жанрлары бар, олардың әрқайсысы этнографиялық репрезентацияның алуан түрін білдіруі мүмкін. Ішінара, олар әртүрлі аудиторияларға қатысты болады. "Этнографияны" құрудың әрбір тәсілі әртүрлі аспектілерді анықтайды. Жазудың әр әдісі қосымша немесе тіпті қарама-қайшы анализге мән береді. Этнографиялық мәтіндердің этнография саласымен өзара тәуелділігі болмаса да, әлеуметтік құбылысты қайта құру мен репрезентациялаудың ең тиімді әдісі жоқ екенін мүмкіндігінше ертерек мойындау маңызды. Бізге ыңғайлы болу үшін әлемді тарауларға, тақырыптар мен тармақтарға теңдес жүйеге ұйымдастыруға келмейді. Өзіміз таңдаған зерттеу жағдайы мен ол жерде зерттелген құбылыстарды сипаттай алатын көптеген мәтіндік құрылымдар бар – мақсаттарымызға байланысты олардың кейбіреулері тиімдірек, ал кейбіреулері тиімсіздеу.

Жазу туралы түсінігіміз оқумен тығыз байланысты. Біз не және қалай оқығанымызға байланысты жазамыз. Жекеленген ғалым өзінің пәнін жаңадан жазбайды. Өткеннің мәтіндік жалпыға ортақ нормаларын толығымен жою мүмкін емес, әрі оны жасаудың ешқандай себебі де жоқ. Бұрынғы зерттеушілердің ғылыми мәтіндері мен тілі, тұжырымдамалары, бейнелері мен метафоралары әр бір жаңа этнография жасалып, оқылатын дискурсивті кеңістікті анықтауға көмектеседі. Сондықтан да этнографтардың жазатыны олардың оқығанына орай қалыптасады. Көп оқуды әдетке айналдырмаған этнограф кең салыстырмалы перспективаны қамтамасыз ететін сәттілікке үміттеніп алмайды.

Біз басқалардың қолданған риторикасы мен мәтін формасына назар аудара отырып, сонымен қатар мазмұны үшін оқу қабілетін дамыту қажет. Айтып отырған оқу басқа этнографтардың немесе жалпы басқа әлеуметтік сала ғалымдарының еңбектерімен шектелуі міндетті емес. Авторлар үшін әлеуметтік әлемдерді зерттеп, оны көрсетуге арналған жазудың көптеген түрі бар. Көркем әдебиеттер де, ғылыми әдебиеттер де жазбаша репрезентацияларға арналған көптеген дереккөздер мен модельдерді ұсынады. Түрлі типті мәтіндердің құрылымымен танысу өз мәтіндерін қалай жасау керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Этнографтар өздерінің мәтіндік тәжірибелерін көбірек біледі және күмәнданады. Ол алғашында антропологияда пайда болған үлкен мәдени

сынның бөлігі болды. Этнографиялық мәтіндерге пікір айтқандар арасында Клиффорд пен Маркус мүлдем бірінші болмаса да, олар редакциялаған (1986) "Жазу мәдениетінің" жариялануы белгілі бір дәрежеде шешуші болды. Олар және олардың авторлары этнографиялық монографияның дәстүрлі формасы көзқарасы басымдыққа ие бақылаушы автордың жетекшілігіне тым оңай ілесіп кете береді деген пікірде. Батыстық, ақ нәсілді антропологтардың көзқарасы өзіндік мәтіндік формада көрініс тапты деген болжам айтылды. Бұл жалпы сыннан соң ішінде біреуін Бехар мен Гордон редакциялаған (1995) тағы бірқатар эссе жинақтары осы пікірталасқа айрықша феминистік көзқарасты қосты. Антропологтардың мәтінмен жұмыс туралы жаңа эсселер жинақтарына Уотерстон мен Веспери (2011) және Вульфтің (2016) редакциялағандары кіреді. Мұның бәрі мәтіндік рефлексия жөнінде жалпы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді: этнографтар өздерінің мәтіндік стратегияларын қолдана отырып әлеуметтік құбылыстарды қалпына келтіреді. Сонымен қатар, олар мәтіндік әдістердің алуан түрін атап өтеді. "Этнографиялық" жазбаны анықтайтын бірыңғай стиль жоқ және ешқашан болған емес; ал этнографиялық композицияға әдеби әсер бұрыннан бері бар (қараңыз Narayan 2012).

Мұндай антропологиялық сын-пікірлер іс жүзінде антропологиялық мәтіннің беделіне нұқсан келтіретін, сол арқылы пәннің іргетасын айқын бұзатын фундаменталды сын болды деп есептелді. Алайда, сыншылар этнографияны басқа тәсілмен жазу жөнінде тәжірибелік кеңестерді салыстырмалы түрде аз берді. Іс жүзінде, "жазу мәдениеті" және басқа да материалдар сыни пікір беруге дайын болғанымен, антропологтардың нақты мәтіндік тәжірибелерін егжей-тегжейлі талдауға келгенде мүлдем олай болмады. Клиффорд Гирцтің – Малиновский, Бенедикт, Эванс-Притчард және Леви-Стросс сынды – негізгі авторларды мұқият оқуы конструктивті болды (Geertz 1988). Оларды біртұтас, монологиялық және стандартталған этнографиялық стиль ретінде қарастырудың орнына, Гирц шығармаларын ұлттық және зерттеу айырмашылықтарына қарай айқындай отырып, авторлардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетті. Автор әр монография оның қалай түсінілуі, зерттеу дискурсы әдістері және автордың өзіне ғана тиесілі жеке ұстанымының аралас саласы екенін көрсетті.

Этнографияда белгілі Джон Ван Мааненнің (1988) контрастік жазу стильдерінің анализі одан да үлкен тәжірибелік құндылыққа ие болды. Ол импрессионистік және тәубеге келтіретін "әңгімелермен" толықтырылған реалистік мәтінді сипаттаудан бастады. Ол тұтас мәтіндерді немесе жеке авторларды осы идеалды типтер тұрғысынан жіктеуге тырыспайды. Олар кез-келген этнографиялық автор жазу барысында жеке немесе бірге қолдана

алатын мәтіндік стратегияларға жатады. Кітабының екінші басылымында Ван Маанен (2011) бүгінгі таңда этнографиялық жұмыстың әр түрлі құрылысын бейнелейтін әңгімелердің тағы бірнеше типтерін қосады. Ол осы тізімге құрылымдық әңгімелерді, постструктуралистік әңгімелерді және насихаттық әңгімелерді қосады; бірақ автор оларды егжей-тегжейлі жеке қарастырмайды. Ван Мааненнің кітабының мәні – этнографиялық жазудың айқын ұқсас емес стильдері бар екенін атап өту. Іс жүзінде, бәлкім қосымша формаларын ойлап табуға болар. Тиімді кәсіби дағды қандай нұсқалардың қолжетімді екенін, сонымен қатар жасаған таңдаудың салдарын түсінуден тұрады.

Реконструкция стильдері

Этнографиялық немесе сапалық зерттеулерде жазу туралы кеңес беретін әртүрлі оқулықтардың жариялануына қарамастан (мысалы, Becker 1986; Wolcott 2009; Woods 2006; Gullion 2016), студенттер мен тәжірибесі аз зерттеушілер жазу процесін көбінесе күрделі және көңілді қалдырады деп санайды. Әлеуметтік әлем біздің зерттеу сұрақтарымызға жауап беретіндей бірқатар жеке аналитикалық тақырыптар ретінде болмағандықтан, біз оларды этнографиялық есепке қайта қоспас бұрын аналитикалық мән беру мақсатында оның бірқатар жігін тарқатуымыз керек. Мұндай синтез жұмысы жартылай жазу арқылы жүзеге асырылады. Бірақ этнографиядағы көптеген деректер, әсерлер, естеліктер мен идеялардан жүйелі мәтін құрастыру оңай емес. Мұндағы шешілуі керек мәселелер – мәтінді бастап, аяқтау, күнделікті өмірдің кешендігіне сәйкес келетін үйлесімді есеп құрастыру, тақырыптар мен оқиғаларды ретке келтіру, тиісті мәліметтер мен дәлелдер беру. Әрине, мұны орындаудың жалғыз дұрыс жолы жоқ. Шынында да, осы тарауда біз ұсынатынымыздың барлығы болашақ автор әрқашан абсолютті жоғары немесе төмен деп бағалауға келмейтін нұсқалар арасында таңдау жасайды дегенді білдіреді. Алайда, ұсынылуы мүмкін кейбір пайдалы кеңестер бар. Сондықтан, осы бөлімде оқырманға дұрыс таңдау жасауға көмектесетін жалпы тәсілдер мен ойларды ұсынамыз.

Ван Маанен (1988) "реалистік" мәтінді негізгі текстуалдық стильдердің бірі ретінде анықтағанмен, оны одан әрі зерттеуді қажет етеді. Ол бірыңғай формада болмайды. Оның атауы тақырыбы аясында біз этнографиялық авторлар өз әңгімелерін құру үшін қолданатын әртүрлі құрылымдар мен риторикалық әдістерді бөліп көрсете аламыз (Эткинсон, 1990). Мұнда не басқа жерде де біз этнографиялық риторика далалық

зерттеушілері есептерінің дұрыстығы мен сенімділігінің жалғыз негізі болады деп ойламаймыз. Далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу және талдау сапасы өте маңызды екені анық. Дегенмен этнографиялық мәтінді ұйымдастыру – сәйкесінше, оқырмандардың оны қабылдауы – оның зерттеу нәтижелерін қалай ұсынуда маңызды мәнге ие. Сондықтан, келесі параграфтарда біз "реалистік" жанрға үлес қосатын бірқатар элементтер мен жалпыға ортақ нормаларды қарастырамыз. Олар монография тек жалғыз стратегия негізінде құрылуы мүмкін немесе керек дегенді (көп жағдайда) білдірмейді. Іс жүзінде этнографтар үйлесімді және сенімді мәтін дайындау үшін әртүрлі ережелерді қолданады. Шынымен де, соңғы онжылдықта көптеген этнографиялық зерттеу жеке реалистік және жеке тұлғаға бағытталған мәтіннің комбинациясына айналды. Сәйкесінше, Ван Мааненнің бастапқы категориялары, "бұлыңғыр жанрлардың" түрлері жиі кездесетін, этнографиялық мәтіннің қазіргі заманғы формаларын толық қамтымайды. Жазбаша мәтіннің ең ашық және өте жеке стилі автоэтнография болады. Біз оны кейінірек осы тарауда қарастырамыз. Этнографиялық дала жұмыстары туралы өмірбаяндық есептер бұрыннан жарияланған болса да, дегенмен жалпы эсер "реалистік", "импрессионистік" немесе "конфессиялық" жазу стильдерінің арасындағы айырмашылықты жеңілдетуде болып отыр.

9-тарауда сипаттаған анализдің бір түрі, әдетте, көп немесе аз ортақтығы бар бірқатар аналитикалық тақырыптарын ұсынады. Нәтижесінде этнографиялық мәтін – немесе, кем дегенде, деректер негізінде берілген тараулар – оларға сәйкес ұйымдастырылуы мүмкін. Әр түрлі тақырыптарға берілген басымдық үнемі этнографтың қабылдауы тиіс маңызды шешімдердің бірі болады. Анализ процесі тұтасымен зерттеушінің тұжырымдау және тәртіпті орнату, сондай-ақ егжей-тегжейлі зерттелетін негізгі тақырыптарға қатысты іріктеуші болу қабілетіне тәуелді екенін атап өттік. Зерттеу тақырыбын таңдау, сөзсіз, автордың қиялына және зерттеу мәселелерін қалай шешуге болатындығы туралы пікірлеріне тәуелді. Кітаптар тарауларының немесе тараудың немесе мақаланың негізгі бөлімдерінің негізін құрайтын басты идеяларды құрудың автоматтық әдістері жоқ.

Осылайша, кез-келген мәтіндік құрылым зерттеушінің басты аналитикалық ынта-ықыласын қамтитын белгілі бір жалпы тақырыпты талап етуі керек. Тақырыптық анализдің тарау-тараумен немесе бөлім-бөліммен орналастырудың әртүрлі нұсқаларын байланыстыратын бірнеше мүмкіндіктер бар. Мұндағы айырмашылықтардың бірі – ұйымдастырушылық принциптер мәдениетке жақын ("қоғам мүшелері

идентификациялаған", "эмик") немесе пәнге жақын ("қоғамнан тыс бақылаушы идентификациялаған", "этик") категорияларды көрсетуі мүмкін – басқаша айтқанда, әлеуметтік акторлардың өзіне қатысты алынған ұғымдар немесе этнографтың зерттеу көзқарастарынан алынған ұғымдар.

Жергілікті халықтардың маңызды мәдени категорияларын, этнографиялық реконструкциялардағы негізгі тақырыптарын көрсететін және қамтитын эмик категориялары қолданылатын жерлерде мәдениеттің ішіндегі ағымдағы өзекті фольклорлық модельдерге, ұғымдарға, терминдерге, бейнелерге және идеяларға негізделеді. Мысалы, Десмондтың пәтерден көшіру этнографиясының бірінші бөліміндегі тараулардың тақырыптары (2016): "қаланы игеру бизнесі", "жалдау", "ыстық су", "әдемі коллекция", "он үшінші көше", "егеукұйрық іні", "ауру", "400-бөлмедегі Рождество". Бұл атаулардың көбі ол зерттеген пәтер иелері мен жалға алушылар әңгімелерінен тікелей алынды. Мұндай негізгі категориялар қарастырылып отырған мәдениетке "жақын" болып қала береді. Олар осы мәдениетті бейнелеудің мықты тәсілдері болуы мүмкін, дегенмен антропологиялық немесе әлеуметтану идеяларының қолдану дәрежесіне қарай шектеулі болады.

Бұл мәтінді ұйымдастыру үшін қолданылатын тақырыптың жалғыз типі емес екені анық. Аналитиктің әлеуметтік-ғылыми ұғымдарын қамтитын "этик" категориялары да мүмкін және маңызды. Мысалы, "келісілген тәртіп", "мәдени бриколаж" немесе "идентификация" аясында негізгі тақырыптарды (шамамен/теориялық тұрғыда) анықтауға болады. Әдетте бұл жергілікті терминдер емес (немесе олар тек мамандандырылған әлеуметтік әлемдерде кездеседі). Олар этнограф зерттеу нәтижелерін жүйелеу үшін қолдана алатын негізгі аналитикалық мәселелерді түйіндейді, сөйтіп оларды теориялық әдебиеттермен байланыстырады. Мәтіннің басты тақырыптары – құрылымдаушы тараулар немесе негізгі бөлімдер – осы негізгі ұғымдар тұрғысынан анықталуы мүмкін. Әрине, мұндай аналитикалық категориялар кез-келген жағдайда этнографиялық аспектілердің қозғаушысы деп күтуге болады – әйтпесе оның антропологиялық немесе әлеуметтану мәні болмайды.

Іс жүзінде көптеген этнографтар екі түрлі категориялардың өзара араласуын байқайды. Сонымен, Гоффман (2014) "Америкалық қаладағы қашқындардың өмірі" атты зерттеуінде өзі зерттеу жүргізген адамдардың тәжірибесіне тікелей қатысты тараулардың кейбір атауларын қолданады – "полиция есігіңізді қаққанда" және "таза адамдар" – бірақ басқалары –

мысалы, "қылмыскер саналатын жастардың әлеуметтік өмірі" және "протекция және артықшылықтар нарығы" – аналитикалық сипатқа ие. Шынында да, локальді немесе жергілікті категориялардың аналитикалық идеяларының өзара әрекеттесуі және қиылысуы – жақсы этнографиялық анализ белгілерінің бірі. Ал мәтіндер бұл қайталанбалы өзара әрекеттесуді ондағы негізгі тақырыптары арқылы көрсете алады.

Сол сияқты этнографиялық мәтіннің аспектілері хронология мен даму жолдары тұрғысынан ұйымдастырылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, мәтін немесе оның басты бөліктері ұйымдастырылуы тұрғысынан тақырыптан гөрі уақытқа бағынады немесе уақыт пен тақырыпты қатар ұстануы мүмкін. Әсіресе, егер этнографиялық анализ негізінен мансап, негізгі процестер мен даму циклдері тұрғысынан баяндалса өте маңызды. Сонымен қатар, хронологиялық даму – науқан, саяси қозғалыс немесе қарулы күрес этнографиясын ұйымдастырудың негізгі әдісі. Осылайша, ол қазіргі заман тарихының нарративіне ұқсас. Киркси (2012) Индонезияның бақылауындағы Батыс Папуа (аралды Папуа Жаңа Гвинеямен бөлісетін Жаңа Гвинеяның шығыс жартысы) қарсыласу қозғалысына байланысты зерттеуінде айқын мысал келтіреді. 1998 жылы студент болған алғашқы кездесуден бастап, Киркси келесі онжылдықта қозғалысты қадағалап отырады, ал монографиясының негізгі бөлімдері автордың зерттеу мүдделері мен қабілеттерін дамытумен бірге, анық кезеңдерге арналған. Бұл тарауларда ол, әрине, өзін мессиандық нақыштардың түрлері сынды аналитикалық тақырыптарға арнайды. Мұның бәрі – этнографиялық монографияны немесе докторлық диссертацияны ірі мәтіндік қалыпқа келтірудің жолдары. Олар – біз көрсетуге тырысқандай – таза типтер емес. Көптеген этнографиялық мәтіндер осы негізгі қағидалардың әртүрлі аспектілерін біріктіреді. Міндетті түрде көшіріліп алуы тиіс жалпы модельдер жоқ. Болашақ монография авторы, әрине, әр түрлі мәтіндік "парадигмаларда" берілгендей, қандай әдісті қолдану туралы қиналмауы керек. Дегенмен авторлар әлеуметтік әлемді әлеуметтік-ғылыми мәтінге қалай айналдыруға болатыны, сонымен қатар негізгі тақырыптар мен тараулар қандай болатыны туралы ойлануы керек. Оны бірден жасау мүмкін емес, бұл аналитикалық жазбаларды және (сайып келгенде) тараулардың қолжазбаларын жазу бырысында пайда болады.

Типтер мен үлгілер

Алдыңғы тарауда біз деректер мен теорияны түсінудің бір әдісі ретінде типтер мен кейстер арасындағы байланысты зерттеу деп ұсындық.

Абдукция, аналитикалық индукция немесе негізделген теория туралы айтатын болсақ та, бұл қатынастар міндетті түрде қатысады. Біз енді осы негізгі модель жазу аспектілері туралы ойлауда пайдалы әдісті қамтамасыз ететінін еске салғымыз келеді. Шынында да, этнографиялық жазудың бұрыннан келе жатқан, типтер мен кейстер арасындағы қатынастардың жазу стилін анықтайтын, дәстүрі болды. Осы екі арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырудың бір тәсілі идеалды типтер мен нақты типтер аясында болды.

Идеалды тип ұғымы өте таныс: бұл барлық бақыланған кейстерге сәйкес келмейтін және сәйкес келуді көздемейтін аналитикалық конструкция. Ол әлеуметтік құбылыстың негізгі белгілерін қамтуға арналған. Ол әлеуметтік институттың немесе әлеуметтік процестің "грамматикасын" қамтамасыз етеді. Грамматика тілдің барлық мүмкін сөйлеу мәнерін көрсете алмайды, сол сияқты баяндамашы көрсете алатын барлық мүмкін ерекше белгілерді тізіп бере алмайды немесе жасай алмайды. Іс жүзінде, ол тілдің мінсіз нұсқасын береді. Сол сияқты, әлеуметтік сала ғалымдарының конструкциялары абстракттілі нұсқаларды ұсынады. Алдыңғы тарауда айтылған Ирвинг Гоффманның жалпы институты туралы түсінік осы типтегі тұжырымдама болады. Гоффман оны түрмелер, психиатриялық ауруханалар, әскери мекемелер, монастырь қорлары, мектеп-интернаттар және т. б. осы сияқты мекемелерге ортақ негізгі белгілерін сипаттау үшін пайдаланды. Олар бір-бірінен анық ерекшеленсе де, бұл ұйымдардың ортақ негізгі белгілері бар: жалпы кесте, қатаң шекаралар, ережеге негізделген тәртіп және т.б. (Goffman 1961; Scott 2010).

Аналитикалық абстракцияның бір түрін процестерге де, ұйымдарға да қолдануға болады. Ауысу рәсімі концепциясының классикалық идеясы— бұрыннан келе жатқан тұжырымдама. Ван Геннеп мұндай рәсімдердің грамматикасын алғаш рет жасаған кезде, ол дүниеге келу, неке, өлім және басқа да өмірдің өткелдерін (соның ішінде діни бастамаларды) айтарлықтай ұқсас ететін жалпы қасиеттерді қамту үшін қолдануға болатын бастапқы, негізгі құрылымды ұсынды. Оған тығыз байланысты тұжырымдама — бірқатар әлеуметтік және мәдени жағдайлардағы индивидуалды және ұжымдық өтпелі кезеңдердің жалпы белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін — статустық ауысу тұжырымдамасы (Гласер мен Страусты 1971/2017 қараңыз).

Осы және оған ұқсас көптеген идеялар әлеуметтік ғылымдарда танымал болады. Іс жүзінде, келтірілген мысалдар өте жақсы таныс болғандықтан

дәл соларды таңдадық. Олар 9-тарауда типологиялардың рөлі туралы айтқандарымызға келеді. Олай еткен себебіміз – жазбаны құрылымдау мен этнографиялық зерттеулерді репрезентациялау үшін осындай идеалды типтердің жиі қолдануын көрсету болды. Көптеген классикалық этнографиялық еңбектерде біз нақты және абстрактілі, локалды және типтік, субстанционалды және теориялық арасындағы тұрақты өзара әрекеттесуді – әдетте имплицитті түрде – табамыз. Типтіктің локалды, этнографиялық иллюстрациясы, идеалды типтік бейнесі Эдмондсонның (1984) нақты типі арқылы беріледі. Егер идеалды тип абстракция болса, онда нақты тип оның кейбір негізгі ерекшеліктерін қамтитын нұсқа. Ол иллюстрациялайды, мысал келтіреді және жалпы типтің нақты үлгісін ұсынады. Ол жалпы құқықтық принципті мысалға келтіретін индивидуалды "кейске" немесе тұтас аурудың үлгісі бола алатын медициналық "кейске" ұқсас. (Шын мәнінде, клиникалық медицина идеалды және нақты типтер арасындағы дәл осындай қатынасты көрсетеді). Сондықтан біз қысқа эпизодтар мен деректер үзіндісінің мәтіндік стратегияларын қолданатын көптеген этнографиялық авторларды кездестіреміз. Олар әдетте сұхбат транскриптерінің үзінділерінен, далалық жазбалар үзінділерінен немесе ұқсас деректер түрлерінен алынады. Осылайша, аталған жазу стратегиясын қолданатын этнографиялық мәтін қайталанатын паттернге ие.

Сондай-ақ, жалпы және нақты арасында үнемі диалог болатынын атап өткен жөн. Лофланд (1974) мұны жергілікті және жалпы өзара әрекеттесуін жақтай отырып, сапалық зерттеу мақалаларын бағалау критерийлеріне шолуында талқылайды. Ол "типтік" туралы аналитикалық құрылым тұрғысынан жазады. Этнография пайдаланатын концептуалды ресурстардың мүлдем жаңа болуы қажет емес; ол ешқашан шындық болмас та. Дегенмен, сәтті жазылған мәтін өзінің негізгі идеяларының қалай дамығанын, сыналғанын, өзгертілгенін немесе ұзартылғанын көрсетуі маңызды. Лофланд егер этнографиялық мәтін жаңа аналитикалық құрылымсыз нақты бір ортадағы оқиғаларды ғана сипаттаса, онда ол сәтті болмайды деп болжайды. Демек, аналитикалық құрылым мен эмпирикалық деректер бір-бірімен тығыз байланысты болуы керек. Басқаша айтқанда, мәтіннің сәтті өңделімі жеткілікті түрде "пысықталуы" керек. Яғни, ол "фреймнің құрамдас элементтерін анықтайтын, мысалдар келтіретін, басты нұсқаларын көрсететін және осының барлығын сапалық деректерді ұйымдастыратын және ұсынатын құрал ретінде қолданатын" мәтінде көрсетілуі керек. Сонымен қатар, ол "оқиғаларға толы" болуы керек: "нақты интеракциялық оқиғалар, жағдайлар, жайттар, эпизодтар,

әзілдер, құбылыстар және шынайы әлемдегі көріністерден" тұруы. Аналитикалық тұжырымдар бақыланған әлеуметтік өмірдің ерекшеліктерінде "негізделуі" немесе бекітілуі керек. Екінші жағынан, ол оқиғалар мен иллюстрациялардың шамадан тыс қайталанбауы қадағалануы керек; әйтпесе ол "гипер-оқиғаға" айналып кетуі мүмкін. Қорытындылай келе, Лофланд сыншыл оқырмандар аналитикалық құрылым мен иллюстрациялық деректерді "өзаратолықтырушы" ретінде көргісі келетінін болжайды. Басқаша айтқанда, қайталаймын, нақты мен аналитикалық, эмпирикалық пен теориялық арасында тұрақты өзара әрекеттесу болуы керек. Этнографтың кәсіби дағдысының бір бөлігі – екеуі мен осы тұрғыда оқырманның мәтіндік презентацияның сапасын бағалау арасындағы тепе-теңдікті табуға тырысу .

Бұл Беккердің (2014) "кейстерден" бастап және олар туралы дәлел келтіру деп атайтындығына ұқсас. Нақты, локалды және айқын кейстен бастап, бір уақытта бастапқы жағдайды түсінуді кеңейтетін және көптеген кейстер мен мысалдарды біріктіру үшін оның аналитикалық, концептуалды құрылымын дамытатын, параллельдер мен қарама-қайшылықтарды таба отырып, адам интеллектуалды және бейнелі түрде кейстерден тыс шыға алады. Басқаша айтқанда, көптеген сәтті этнографиялық мәтіндер "негізделген теория", "абдукция" немесе "аналитикалық индукция" принциптерін қамтиды, олар аналитикалық процедураларды нақты сипаттамайды, керісінше аталған принциптерді идеялар мен деректер, жалпы фреймдер мен нақты мысалдар арасындағы диалог ретінде көрсетеді. Жарияланған мәтін деректер мен идеялар арасындағы диалогты – "негізделген теория" сияқты идеялардың негізін құрайтын принципті – оны нақтылауды қажет етпестен қорытындылайды. Бірақ нақты типтерді енгізу – автор этнографияны дайындауда қолдана алатын сенімді тәсілдердің бірі.

Осылайша, тәжірибелік деңгейде көбінесе бір немесе бірнеше "мысалдарды" немесе "кейстерді" таңдап, оларды бастапқы нүктелер ретінде алу арқылы зерттеуден есеп жасауға кірісу дұрыс. Концептуалды үлгі немесе әдіснамалық парадигмадан бастау міндетті түрде нәтижелі бола бермейді. Көбінесе өзіңіз жақсы білетін кейбір сұрақтар мен тақырыптарды алып, олар туралы жазудан бастау әлдеқайда жемісті болады. Этнографиялық зерттеудің басқа аспектілерімен қатар, бұл мысалдарды тірек нүктелері ретінде қарастырып, (олар кем дегенде уақытша бекітілгеннен кейін) көбірек тақырыптар мен мысалдарды қосу үшін, және жалпы концептуалды немесе дескриптивті есепті жасау үшін сыртқа қарай кеңеюге болады.

Этнографиялық троптар

XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап этнографиялық әдебиеттерде қолданылатын ережелерге деген ықылас ерекше болды. Антропология пәні этнографиялық мәтінді зерттеуде ең танымал рөл атқарды, дегенмен бұл жаратылыстану ғылымдарында да, гуманитарлық пәндерде де "зерттеу риторикасы" туралы кең ғылыми мүдделілікті көрсетті. Этнограф міндетті түрде әр түрлі сөз орамдарын (троптар) қолданады. Олар әлеуметтік акторлардың, әрекеттер мен көзқарастардың танымал және шындыққа жанасатын реконструкцияларын жасау үшін қолданылады. Олар көптеген аналитикалық тақырыптарды беру үшін де қолданылады. Әлеуметтану мен антропологиядағы негізгі ұғымдар өте кең мағынада метафоралық болып келеді, өйткені олар сөз айшықтарына, аналогияларға және басқа құрылғыларға сүйенеді.

Этнография авторының міндеті – метафоралық қолданудан аулақ болуға тырыспау (қайткенде де олай істеу мүмкін емес). Мәтіннің академиялық немесе ғылыми түпнұсқалығы ұқсастық пен салыстыруды жою арқылы арта түспейді. Метафоралық сипаттамаларды графикалық қолдану үнемі этнограф репертуарының бөлігі болуы керек. Дегенмен, сол сияқты, бұл абсолютті әрекет еркіндігі үшін ұсыныс емес. Бейнелі тілдің күшін мойындау бізді оны тәртіпті және принципті қолдану қажеттілігін түсінуге әкелуі керек. Егер метафоралар дұрыс ойланбастан қолданылса, олар сиқыршының шәкірттерінің серіктестері, көмекшілері сияқты, бақылауға бағынбай, қашып кетіп, ақыр соңында өздерін ойлап тапқан бейбақтың түбіне жетеді. Осылайша, рефлексивті этнографқа метафораларды сынап көруге тура келеді: оларды мәліметтер негізінде тексеріп, олардың бір тақырып аясында деректерді ұйымдастыру қабілетін ғана емес, сонымен бірге жаңа, жиі күтпеген түсініктерге әкелуі мүмкін кеңейтулер мен шектеулерді де іздеу. Сондықтан коннотация, аллюзия және салдарының ауқымын сезе отырып, қарастырылып отырған мәселелерге метафоралардың релеванттығын бағалау арқылы этнографияның авторы әр түрлі метафоралармен тәжірибе жасауы және құндылығын зерттеуі керек. Ноблит пен Харе (1988) метафораларды таңдау мен бағалауда қолдануға болатын бірқатар критерийлерді пайдалы түрде жинақтайды. Оларға "үнемділік", "сенімділік" және "ауқым" жатады. "Үнемділік" ұғымды жалпылайтын қарапайымдылықты білдіреді; "сенімділік" – "шектен шықпай, анық емес және қарама-қайшылықсыз"

метафораның тиімділігін білдіреді; "ауқым" метафораның әртүрлі салаларды біріктіру қабілетін білдіреді (Noblit and Hare 1988:34).

Сондықтан этнографиялық далалық зерттеулер мен деректерді нәтижелі зерделеу метафоралық қолдану бойынша эксперимент пен ойлауды қамтуы мүмкін, дегенмен бұл процестер міндетті түрде саналы және рационалды бақылауға бейім бола бермейді. Олар көбінесе біздің "конвергентті" ой қорытындысынан гөрі "дивергентті" ойлаудың өнімі болып келеді. Дегенмен метафоралардың пайда болуы жеңілдетілуі мүмкін. Этнографиялық автор бірқатар мүмкін тұжырымдамалар мен ұқсастықтарды сынап көруге дайын болуы керек. Нәтижелі іздеу дегеніміз "ең жақсы" идеялардың жиынтығы емес, тақырыптар мен жолдардың алуан түрлілігінде жатыр. Олар қаншалықты қажетті өлшемдерді немесе категорияларды қамтитыны, коннотациялардың орындылығы, және анализ бен салыстырудың жаңа бағыттарын ұсынуда олардың құндылықтары бойынша бағалануы мүмкін. Метафоралық ойлау мен жалпы тұжырымдамалардың дамуы арасында тікелей сабақтастық бар. Олар байланыстырады және салыстырады; олар "оғаш" болып көрінгенді "таныс" етуге көмектеседі және керісінше.

Метафораның басты тропын синекдоха (меңзеу) толықтырады. Ол – "бөлшек" "тұтасты" білдіретін көріністің формасы. Сәйкесінше, ол жай ғана аллюзия көзі емес; бұл – сипаттамалардың сөзсіз белгісі. Негізі, барлық мүмкін атрибуттар мен нақтылаулар тізімін қамтамасыз ететін нәрсені сипаттау мүмкін емес. Іс жүзінде сипаттамалардың басым көпшілігі тіпті толық тізімге жақындамайды. Жаңа ғана көрсеткеніміздей, "деректер" ретінде қарастыратынымыз міндетті түрде синекдохалды болады. Біз жеке белгілер мен мысалдарды таңдап, оларды орындардың, адамдардың немесе оқиғалардың белгілі бір сипаттамалары ретінде сәйкестендіреміз. Біз бақыланатын немесе зерделенетін өмірдің нақты бөліктеріне оларды дәл "мысалдар", "иллюстрациялар", "кейстер" немесе "қысқа эпизодтар" ретінде таңдап, ұсынатындай жол арқылы мән береміз. Нақты типтер синекдоханың мысалдары болады.

Қолдануға болатын критерийлер әртүрлі. Эстетикалық критерийлер сөзсіз логикалық сұрақтармен өзара әрекеттеседі. Синекдоханы түбегейлі қолдану қатаң формулалардан гөрі, кәсіби шешімдермен міндетті түрде реттеледі. Үнем және шектен тыс мәселелері әрдайым пайда болып отырады. Үнем мәселесі әр нақтылықты және білімнің әрбір бөлігін қамти алмайтынымызды көрсетеді. Кез келген жазбаша есепті дайындауда уақыт пен кеңістік қана емес, сонымен қатар оқырманның назары да маңызды.

Шамадан тыс толық, егжей-тегжейлі немесе шұбалаңқы сипаттамалар мен мысалдар әдетте дұрыс мәтінге әкелмейді. Егжей-тегжейлік және түсініктілік белгілі бір дәрежеде бәсекелес. Көп жағдайда олардың арасында ымыра бар, сондықтан этнограф есептерін ішінара, таңдамалы хабарлама негізінде құруға мәжбүр. Әрине, "бөлшек" пен "бүтін" арасындағы қарым-қатынас негізді болуы керек. Мысал немесе иллюстрация арасындағы таңдау деректердің тұжырымдамалар мен индикаторлар аясында тиімді анализді қамтуы керек. Сондықтан да, синекдоха метафораны толықтырушы болып келеді. Екеуі де "сөйлейтін" есептер жазуда табиғи тілді қолданады. Метафора түрлендіріп, түсіндіреді, ал синекдоха сипаттап, мысал келтіреді. Көбінесе бейнелі пайдаланудың мәні зерттеу саласынан нақтылықты алып, одан басты-троптар жасауда жатыр. Осылайша, нақтыны тікелей оның контекстінен алып, сондай-ақ жалпы мағынасын көрсете отырып, қайтадан жалпыланған мәнге айналдыруға болады.

Сәйкесінше, этнографияны мәдениеттің немесе ұйымның нақты бір, ерекше белгілерін өзгерту және оған одан да артық мән беру арқылы ынталандыруға болады. Дэмиан О'Догерти (2017) Манчестер әуежайында этнографиялық зерттеу жүргізді. Дала жұмыстары барысында жаңа әуежайдың демалыс бөлмесін жоспарлауға және құруға ерекше назар аударылды. Кейбір деңгейде, аталған мәтінді ұйымдағы далалық жұмыстардың сюрреалистік сипаттамасы ретінде оқуға болады. Алайда О'Догерти жергілікті және нақтыны қазіргі қоғамның "лаунджификациясы" жайындағы ойына дейін кеңейтіп, қосымша мән берді. Жоқтық және лиминалды арқылы анықталатын әуежайдың күту алаңы барлық жерде кездесетін және кездеспейтін орын. Оның мономәдени бірқалыптылығы, сондай-ақ онымен бірге жүретін зеріктіргіштігі қазіргі оқырмандардың көпшілігіне таныс болады. Сөйтіп, бір әуежайда жүргізілген зерттеу кеңейтілуі арқылы ірі мәдени ағымдардың метафорасына айналады.

Көріністер, диалог және нарратив

Біз нақты типтердің көбінесе "қысқа эпизодтар" және далалық жазбалардан үзінділер үлгісінде қолданылатыны туралы айтқан болатынбыз. Көптеген монографияларда мұндай материалдарды ұзақ оқиғаларға, драмаларға немесе ұзын сонар диалогтарға дейін ұлғайтуға болады. Мысал ретінде Десмондтың өрт сөндірушілер туралы монографиясын келтіруге болады (Desmond 2007). Ол орман өрт сөндірушілер бригадасының толық мүшесі болып жұмыс істей отыра,

далалық жазбалар жүргізді. Монография анализ бен идеялардан тұрса да, оның көп бөлігі графикалық эпизодтар мен өрт сөндіру бригадасының мүшелері мен автор арасындағы әңгімелер арқылы беріліп отыр. Әрине, біраз сақтық таныту керек. Егер далалық жұмыста электронды таспалау қолданылмаса, онда далалық жазбалар мен естеліктерге сүйену сөзсіз тікелей сөйлеу әрекеті қайта құрылғанын білдіруі керек. Сондықтан қайта құрылған сөйлеу әрекетін таспаланған деректерді қолдану ретінде емес, әдеби, риторикалық тәсіл ретінде қарастыру керек. Уильямс пен Милтон (2015) Нью-Йорктегі алаяқтарды зерттеуінде ұқсас көзқарасты ұстанады. Алаяқ – ауытқушылық бойынша зерттеулердегі қайталанатын себеп. Ол – Ирвинг Гоффманның мәнерінде драматургтердің қиялын өзінің алдамшы жолдары мен алаяқтығы арқылы жаулаған орындаушы. Сондықтан олар өз әрекеттері арқылы көрсетілуі керек. Осылайша, монография акторлардың баяндамаларына және "сөзбе-сөз" қайта жасалған алдамшы жол мен алаяқтықтың виртуалды қайта құрылуына негізделген. Бұл – үнемі көшедегі тікелей бақылауға негізделмесе де – оқырманға алаяқтықтың мәнін жеткізудің көрнекі тәсілі. Егер далалық жұмыс барысында нақты уақыттағы оқиғалар дыбыстық немесе бейнемагнитофондар арқылы таспаланбаса, әңгімелердің, көріністер мен кездесулердің кез-келген жанды нұсқалары мұқият қайта құрылуы керек. Бұл, әрине, міндетті түрде толық жазбаларды ұсына алмайтын, далалық зерттеу жазбаларына негізделген кез-келген жазбаша есепке қатысты. Алайда ұзақ оқиғалар қайта құрылып, төл сөз түрінде ұсынылған кезде, жазбалар мен соңғы жарияланған нұсқаның арасындағы айырмашылық жер мен көктей болып шығады.

Нақты типтерді қолдану көбінесе этнограф құрастырған әңгімелерде қамтылады. Нарратив ерекше тәртіп түрін жасайды. Ол ниеттер мен байқаусыз салдар жайында есептер құрастырады. Ол адам тәжірибесінің уақытпен реттелуінің іргелі маңыздылығын көрсетеді. Оқиғалар туралы айта отырып, біз адамдардың нақты әлеуметтік жағдайларда қалай әрекет ететінін және қалай реакция танытатынын көрсетеміз. Оны жасауда біз аталған әлеуметтік акторларды "кейіпкерлер" немесе әлеуметтік "типтер" ретінде анықтап, қайта құрамыз. Сол сияқты, біз әрекет пен интеракция үлгісін, оның болжанатын тәртібін және белгісіз тосынсыйлары немесе дағдарыстарын көрсете аламыз. Біз оқырманға әдеттегіні де, ерекшені де "көрсете" аламыз.

"Зерттеу алаңының" "мәтінге" айналуы күнделікті өмірдің нарративті реконструкциялары арқылы жартылай жүзеге асады. Этнограф оқиғаны айтып беру дағдысын ұғынып, оларды сыни жетілдіріп үйренуі

қажет. Сондықтан, этнографиямен белсенді айналысатын автор үшін нарративтің аналитикалық артықшылығын түсіну маңызды: нарратив реконструкцияларын тәртіпті түрде түсіну және қолдану. Нарративтің әлеуметтану немесе антропология анализін жасауда қабілетін бағалау үшін адам болмысының немесе түсінудің негізгі аспектісі ретінде нарративті көтермелеудің қажеті жоқ.

Трагедиялық және аналитикалық ирония

Ирония – әлеуметтік сала ғалымдары, оның ішінде этнографтар кеңінен қолданатын және кеңінен түсіндірілетін негізгі сөз орамы. Ирониялық бағыт әлеуметтік сала ғалымдарының ұстанымына өте тән және перспективалы, релятивистік көзқарас қабылданған кезде айқын көрінеді. Түсіндіруші мәдениеттанушы имплицитті және эксплицитті қарама-қайшылықтармен айналысады. Біз "таныс" және "бейтаныс", "өзінен-өзі белгілі" және айқын түрде теориялық, ниеттер мен әлеуметтік әрекеттің "байқаусыз салдары" арасындағы күрделі және кейде қиын қарама-қайшылықтармен айналысамыз. Этнограф тұжырымдары көбінесе бәсекелес көзқарастар құндылықтары, бағыты немесе рационалдылық арасындағы қарама-қайшылықтардан туындайды. Жалпы қабылданған мораль ғибрат нақты мәдениеттер мен субмәдениеттерге тиесілі адамгершілік ғадетіне қарама-қайшы болуы мүмкін. Этнограф, оқырман және басқалар (мәтінде келтірілгендер) арасындағы тұрақты диалектика иронияның мүмкіндіктеріне толы. Карен Хо-ның Уолл-Стрит этнографиясы – иронияның басты мысалы. Хо элиталық университеттің түлегі, тағы бірінің магистранты ретінде өз әлеуметтік капиталын қолдана отырып, инвестициялық банкте жұмысқа қабылданды (Хо 2009). Бұл Принстондағы магистратура бағдарламасын бітіргеннен кейін демалыста жасалған "алдын-ала далалық жұмыс" ретінде сипатталады. Ол инвестициялық банктің күнделікті жұмысына – жығылғанша – толығымен кірісіп кетті. Ол инвестициялық банктердің корпорацияларды сатып алу және "оптимизациялаумен" бірге, "акционерлік құнын арттыруға" ұмтылатынын тікелей бақылады. Ол Уолл-Стриттің ғадетінің түбегейлі мәнге ие ирониясын атап өтті: бұл әрекеттер көбінесе сол корпорацияларға зиян келтірді, сайып келгенде олардың нақты құнының күрт төмендеуіне және олардың акциялары бағасының құлауына әкелді. Сонымен, негізгі зерттеу сұрағы:

Қалайша Уолл-Стриттің инвестициялық банктері өз мақсатына жетуде сәтсіздікке ұшырайды? Қалайша инвестициялық банкирлер істеп жатқанымен айналысады және оған нұқсан келтіріп қана қоймай, сонымен

қатар корпоративтік және қаржылық дағдарыстарды тудыратын әрекеттерге араласа отырып акционерлік құнды жариялау сынды иррационалды тәжірибелерге араласа алады? Акционерлік құндылық оның жақтастарының сәйкессіздігі мен сәтсіздіктеріне қарамастан мәдени заңдылықты қалай сақтайды?

Осыған байланысты ирония одан да күшейе түсті. Инвестициялық банктің жұмысы шығындарды қысқа мерзімді төмендету мақсатында басқа ұйымдарды "қысқартудан" тұрды, бірақ Хо жұмыс жасаған банктегі топтың өзі жарамсыз болды. Даунзайзерлер қысқартылды, ал Хо-ның өзі "бағаланбаған антропологқа" айналды (р215). Ол әріптестерінің жұмыстан босатылғаны туралы жарияланған жиналыстан қалай шыққанын және оған (ирониялық түрде) қатыса алмағанын әсерлі сипаттайды. Қызметкерлер жұмыстан немесе ғимараттан шұғыл түрде шығарылмады (осыған ұқсас өзге де жағдайлар сияқты), оларға жобаларын аяқтау және басқа жұмыс іздеу үшін қосымша мерзім берілді. Теориялық тұрғыда, мүмкін, ең маңызды ирония - бұл штаттың қысқару тәжірибесі Хо-ға Уолл-Стрит мәдениеті туралы жаңа және күтпеген түсінік ұсынып, зерттеуге жаңа серпін берді.

Сондай-ақ, әлеуметтік әрекеттердің байқаусыз салдарын көрсететін қайталанатын трагедиялық ирония бар. Дәл сол секілді, этнографтар онсыз да солай болуы тиіс дүниелер мен әлеуметтік реалийлерге деген этнографиялық ықылас негізінде пайда болатын дүниелер арасындағы ирониялық қарама қайшылық терминдерінде өз аргументтерін жиі тілге тиек ететін. Жергілікті мәдениеттердің мәні космополиттік немесе үстем әлеуметтік механизмдерді (көбінесе анық емес (имплицитті) қарама-қайшы қою арқылы анықталады. Жүйелі этнографиялық монографиялар Поппердің жоққа шығару теориясының бейсаналық нұсқасын көрсетеді деген түсінік бар: олар қабылданған ғылыми ілімге қарсы шығып, оны контр-мысал арқылы жоққа шығарады; олар әлеуметтік әлемнің "ресми" нұсқаларына қайшы келеді; олар тәртіпсіздік күтілетін жерде жергілікті тәртіпті көрсетеді; олар жалпы қабылданған моральдан өзгеше жергілікті қалыптасқан моральды қолдайды. Әрбір этнографиялық "кейс" қалыптасқан теориялар мен қабылданған идеяларға қарсы тұрып, оны жоққа шығарады. Теорияны тексеру әдетте этнографиялық бастаманың басты бөлігі болып саналмаса да, оның үстіне түсінік берушілердің басым бөлігі дедуктивті емес, индуктивті логиканы баса көрсетсе де, этнографиялық анализ бен жазудың қайталанатын ирониясы этнографиялық дәстүрді қазіргі ойлауды сынайтын және кеңейтетін сыни кейстерді дәйектілігіне айналдырады. Осылайша, бұл тұрғыда

этнографиялық мәтіндер теорияны тексеру және теорияны жасау стиліне сай келеді.

Этнографиялық жазудың риторикасы мен поэтикасына қысқаша шолу жасамас бұрын, этнографиялық және басқа ғылыми еңбектердегі топиолар орнын атап өту керек. Классикалық риторикадағы "топос" сөзін "қалыпты құбылыс" деп аударуға болады. Бұл риторикалық тәсіл, ол арқылы тыңдаушының немесе оқырманның келісімі немесе қатыстылығы баршаға ортақ пікірге немесе белгілі мысалдарға жүгіну арқылы сұралады. Ғылыми әдебиеттерде топос туралы жұмыс көбінесе "дәлелдеуді қажет етпейтін сілтеме" арқылы жүзеге асырылады. Әдебиетке мұндай сілтемелер – академиялық автордың пайдаланатын қорының бөлігі болып табылады. Олар белгілі бір нәтижелер немесе ұсақ-түйектерді дәлелдеу немесе жоққа шығару үшін міндетті түрде қолданылмайды. Керісінше, олар стандартты критерийлерді белгілеу үшін қолданылады. Шындығында, олар тіпті бұрмалануы мүмкін көрсетілген түпнұсқа жұмыстың арнайы мазмұны үшін емес, кейде дәстүрлі пікірді қолдау үшін қайта пайдаланылады. Олар пән бойынша "әрқайсымыз білетінді" растауды және ғылыми құрметті кодтаудың құрамдасы болуды әдеттендірген. Этнографиялық жазуда осындай мақсаттар үшін қолданылатын көптеген "классикалық" (міндетті түрде ескі емес) библиографиялық материалдар бар. Осы оқулықтың бірнеше жерінде қолданған жан-жақтысы – Эрвинг Гоффманның еңбегі.

Әрине, этнограф жұмыстың салыстырмалы, жалпы және интер-текстуалды сипатын көрсету үшін стандартты сілтеме топосын қолдана алады. Бұл архетипті құрастыруға көмектеседі. Ол нақты этнографиялық мәтінді жалпы білім негізімен байланыстырады. Ол этнографиялық саланың жергілікті ерекшеліктерінен тыс әмбебап көзқарас жүйелерінің сыртқы белгілерін жасай алады. Дегенмен, этнографиялық жанрдың топостарына өте сақтықпен қарау қажет. Әрине, дәлелдеуді қажет етпейтін сілтеме дереккөзі мәтіннен мәтінге, бір ғылыми буыннан келесі ғылыми буынға қателердің қайтадан берілуіне себеп бола алады⁶⁹. Екіншіден, "қарапайым" білімге көзді жұмып қарау (әлеуметтік-ғылыми немесе ғылыми емес болсын) этнографияны аналитикалық артықшылық және жаңашылдықтан айыруы мүмкін. Көпшілік мақұлдаған және баршаға мәлім ілім ретінде қарапайым рефлекске сенуге болмайды. Жаңа түсінік пен қабылданған білім арасында үнемі шиеленіс болуы қажет. Бұл

⁶⁹ Беккердің (1967b) жиі сілтеме жасалатын 'Whose side are we on?' атты мақаласының қате интерпретациялануына қатысты қараңыз: Hammersley 2000:ch3.

этнографиямен айналысатын автордың әдеби немесе риторикалық дағдылар жиынтығының бөлігі. Сондықтан барлық басқа ресурстар сияқты дұрыс пайдаланылуы керек.

Аудитория, стильдер және жанрлар

Этнографиялық жазуды аналитикалық тұрғыдан түсіну үшін дайын мәтіндердің ықтимал аудиториясын ескеруі керек. Қайткенде де, этнографтар акторлардың күнделікті түсініктері құрастырылатын әлеуметтік контекстіне мұқият назар аударуға міндетті. Біз түсініктер сұралған ба немесе өз еркімен берілген бе, кімге және қандай мақсатта (әдейі немесе байқаусызда) берілгеніне және т. б. назар аударамыз. Дегенмен, этнографтар өздерінің жарияланған жұмыстарына қатысты мұндай көзқарасты үнемі ұстана бермейді. Әлеуметтік сала зерттеулері үшін ықтимал аудиториялар жеткілікті: ғылыми қызметкерлер, ғылыми жетекшілер, әлеуметтік ғылымдар саласының студенттері мен оқытушылары; әр түрлі кәсіби мамандар мен саясаткерлер; баспагерлер, журнал редакторлары және рецензентер; сонымен қатар, нақты белгісі жоқ аудитория – "жалпы көпшілік". Аудитория әртүрлі формалар мен стильдерде жазылғанды күтеді және бағалайды: академиялық монография, ғылыми журнал мақаласы, блог, бұқаралық журнал мақаласы, пікірталас эссе, методологиялық немесе теориялық мақала немесе зерттеу тәжірибесі туралы өмірбаяндық баяндама. Әрине, олар табиғатынан ерекше.

Этнографиялық мәтінге қатысты аудиторияның бастапқы болжамдары, білімдері және күтулері әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері жағдайдың егжей-тегжейі туралы әдбен хабардар, одан туындайтын нақты ынтасы болуы мүмкін. Басқалары әлеуметтану немесе антропологиялық перспективалармен мұқият таныс болса да, олардың бұл салада білімі аз немесе мүлде жоқ. Кейбір оқырмандар этнографиямен толық сәйкес теориялық және әдіснамалық көзқарастарға сүйенеді; кейбіреулері түсінбеушілік немесе дұшпандық позициясын ұстанады және авторға оларды жеңуі керек болуы мүмкін. Кей оқырман практикалық және бағалау мәселелеріне тікелей назар аударады. Кейбіреулер "оқиғаның" егжей-тегжейлеріне шыдамсыздық танытады, ал басқалары нақты теориялық немесе әдіснамалық пікірталастарды елемей, тек нақтылықтар мен қысқа мысалдарды оқиды.

Біз ешқашан этнографиямызды бір уақытта барлық ықтимал тыңдаушылар мүдделеріне бейімдей алмаймыз. Бір де бір мәтін барлық оқырман үшін барлығын жасай алмайды. Аудитория мен стильді немесе жанрды сезіну авторды бірнеше ауызша және жазбаша жұмыстарға

бағыттайды. Шынында да, осылай хабардар болудың өзі жаңа аналитикалық ойларға жетелеуі мүмкін. Ричардсон (1990) этнографиялық жұмыс үшін аудитория мен стильдің байланысы туралы керемет жұмысты ұсынады. Ол өзі жүргізген зерттеудің басты бөлігі қалай әр түрлі нұсқалардың пайда болуына әкелгенін сипаттайды, олардың әрқайсысы әр түрлі аудиторияға бағытталып, әр түрлі формада тұжырымдалған. Оның автор ретіндегі жұмысы, бір жағынан, академиялық әлеуметтанушыларға арналған публикацияларды, екінші жағынан "сауда" нарығына бағытталған танымал кітапты қамтыды. Оның зерттеу туралы ауызша баяндамалары оның әйгілі хатының нәтижесінің чат-шоуда қалай көрініс тапқанын да қамтыды. Ондағы әр мәтін сипатталған әлеуметтік құбылыстардың әртүрлі нұсқасын білдіреді. Біз әр түрлі аудиторияға және әртүрлі стильде жазған кезде, нені сипаттағанымызды, сондай-ақ қалай оны құжаттайтынымызды сабырлықпен өзгертеміз. Мысалы, Вольф (1992) Тайваньдағы далалық зерттеу жұмысы негізінде жасаған үш түрлі мәтінді шендестіре отырып, өз зерттеуін жасаудағы альтернативті мәтіндік стратегияларды сипаттап, мысалға келтіреді. Олар әртүрлі формада дайындалған, әртүрлі оқырманды көздейді және әртүрлі авторлық ұстанымды қолданады.

Біздің мақсатымыз этнографиялық стильдердің соңғы картасын жасау немесе әр этнографияның олардың біріне сай болуы керек дегенді ұсыну емес еді. Сөздің негізгі түйіні – біздің қалай жазатынымыз не жазатынымызға және қандай аудиторияға арнайтынымызға тікелей әсер етеді. Этнографиялық мәтіннің осы аспектілеріне назар аудару – жалпы рефлексия процесінің бөлігі. Этнографтың қандай мәтіндік ережелерді қолданатынын және олардың оқырмандар тарапынан қалай қабылданатынын тану және түсінуі өте маңызды. Сонымен қатар, аудиторияны қарастыру барысында монографияларымызды, мақалаларымызды және танымал мәтіндерді жетекшіміз немесе информанттардың өздері оқуы мүмкін екенін ескеру керек. Әлеуметтанушы да, антрополог та "олар" зерттеу нәтижелерін ешқашан көрмейді деп болжай алмайды. Егер ол осыған дейін көптеген антропологтар зерттеген сауатсыз мәдениеттерге қатысты болса, қазір мұндайды болжау мүмкін емес. Дәл осы мәселе бойынша ойлар Солтүстік америкалық антропологтардың өмірбаяндық есептерінің бір жинағында (Brettell 1993) берілген. Олар өздері зерттеу "объектісі" болған кезде оқырмандардың қабылдау саясатын географиялық және әлеуметтік әртүрлі зерттеу жағдайларынан құжаттайды. Сол сияқты, Шихан (1993) оның жұмысын Ирландиядағы элиталық зияткерлік информанттар

оқитыны жайында хабардар болғанын, мұның далалық жұмысқа қалай әсер еткенін және оның бұл туралы қалай жазғанын көрсетеді. Ол "жұмысымда сипатталған адамдар кей жағдайларда зерттеуімнің нәтижелері негізінде алынған публикацияларды сынауға өкілетті адамдар болар еді" деп ескертеді (1993:76). Азшылық топтар өздерінің этнографиялық мәтіндердегі репрезентацияларына жауап бергендегі саясиландырылған реакциямен бірге (Rosaldo 1986), "Док" сияқты негізгі информанттардың Уайттың "Көше бұрышындағы қоғам" [Street Corner Society] еңбегіне реакциясы (1981) "дала жұмысының" әлеуметтік қатынастарын жаңғыртатын және күшейтетін оқу мен жазудың күрделі қарым-қатынасы туралы түсінігімізді күшейтеді.

Жазу мен репрезентациялар

Біз осыған дейін Клиффорд пен Маркус редакциясымен жарияланған мақалалар жинағынан туындаған 1980 жылдары Америкалық мәдени антропологияда пайда болған "репрезентациялар дағдарысы" туралы қысқаша айттық (1986). Белгілі бір деңгейде, бұл еңбектің әсері жеке тараулардың егжей-тегжейлі аргументтер мен мысалдарға қарағанда, томының негізгі идеясына негізделген. Шын мәнінде, еңбек авторларының ұжымдық хабарламасы этнографиялық мәтіннің беделіне бағытталған. Олар артықшылыққа ие этнографиялық көзқарас пен жалғыз автор дауысынан тұратынын айта отырып, этнографиялық жазудың қалыптасқан әдістеріне күмән келтірді. Кейбір орталарда этнографияның қалай жазылғанын түбегейлі қайта бағалау мұның салдары болды. Бун (1983) антропологиялық монографиялардың стандартты мазмұны біртұтас аналитикалық парадигма атауы аясында адамзат қоғамдарының алуан түрлілігін қамтуға арналған деп айтты. Сол сияқты, "реалистік" әлеуметтану этнографиясына тән стиль (Van Maanen 1988, 2011) Батыс, ақ нәсілді, еркек, академиялық этнографтың үстемдік етуші "дауысын" шығарғаны үшін айыпталды. Мұндай жазу әдісі "басқалардың" үнін шығартпайды: зерттелгендер мәтінде этнографиялық зерттеудің үнсіз объектілері ретінде ғана көрініс табады. Қысқаша айтқанда, ол бақылау мен репортаждың үстем формасы ретінде этнографиялық бақылаушының үстемдігін көрсетеді.

Бұл "дағдарыс" салдарының бірі барынша ашық және "ретсіз" мәтіндерді жақтау болды. Басқаша айтқанда, этнографиялық мәтіндер жалғыз нарратив немесе жалғыз авторлық көзқарасқа ие болғанша, жазу стилінің әртүрлі түрлерін біріктіріп, көзқарасын өзгерте отырып, аралас құрылымға ие болар еді. Бұл тәсіл әртүрлі эксперименттік және

альтернативті мәтіндік форматтарды ілгерілету үшін әлеуметтік зерттеулердің барынша жалпы "постмодерндік" перспективасымен ассимиляцияланды. Шынында да, этнографиялық және ұқсас сапалық жұмыстарын "балама" мәтіндік форматтарға айналдыратын авторлар санының артуы байқалады. Оларға зерттеу нәтижелері драмалық ойындарға, ойдан шығарылған нарративтер мен өлеңдерге айналатын этнодрамалар кіреді (қараңыз Elliott and Culhane 2017).

Этнографиялық репрезентациялардағы "постмодерндік" эстетика мен этиканы іздеу жолында бірқатар авторлар этнографиялық мәтіндердегі дәстүрлі реализмнің мұндай қателіктерін жақтады. Далалық зерттеулер мен әлеуметтік өмірдің парадокстары мен қиындығын дәріптеу әрекеті антропологиядағы "жаңа материализмдер" және "онтологиялық бетбұрыс" туралы кейінгі еңбектерде жалғасын тапты (қараңыз, мысалы, Law 2004). Әлеуметтік әлем мен әлеуметтік акторларды реалистік мәтіннің жалғыз нарратив көзқарасына бағындырудың орнына, постмодерн саналы түрде жалғыз баяндаудан және үстемдікке ие этнографтың доминантты дауысынан бас тартады Tyler 1986).

Осылайша, "реалистік" мәтіндер енді "әдеби" және "жазушы" жанрларымен толықтырылады. Десек те, мұнда парадокс сияқты бірнәрсе бар. Дәстүрлі этнография әдетте негізінен айтарлықтай өзіндігі жоқ, онда автор мәтіннен салыстырмалы түрде алыс болса, соңғы кездегі кейбір балама мәтіндер авторды алдыңғы қатарға шығарды. Мұнда автордың дауысы бастапқы болатын рефлексия принципі мәтіндік шекке жетті. Оның мысалы ретінде "этнографиялық" поэзияның пайда болуын, әлеуметтік оқиғалардың айтарлықтай жеке әңгімелерге және автоэтнографияның кейбір формаларына субъективті өзгеруін келтіруге болады. Бұл бағыттағы жұмыс этнографияның әдеби өзектілігін арттырады. Негізгі белгілер - мәтіндік эксперименттер жүргізу және "балама" әдеби формаларды зерттеу.

Жазушының этнографиялық мәтіні – барынша саналы шебер композиция. Дегенмен, тіпті мұның өзі автордың белгілі бір стильді міндеттеуіне тең екенін ескеруіміз керек. Этнографияның көрнекі тақырыбы болатын әлеуметтік әлем, бәлкім, бұрыннан да артығырақ, автордың әдеби құштарлығы мен айла-амалдары арқылы сыналуы мүмкін.

Жазудың таза жазықсыз немесе транспарентті (құпиялылықтың болмауы, айқындылық) тәсілдері болмаса да, біз бақылаушы-автор әрекетке қабілеттігін елемейтін тұтастай өзіндігі жоқ авторлық стиль мен автордың қалған әлеуметтік әлемге қарағанда маңызды болып көрінетін

аса әдеби формасы арасында дұрыс тепе-теңдік болуы керек деп санаймыз. Кейбір орталарда жаңалау әдеби бұрылыстар жаңа үстемдік етуші ұстанымдардың құрамына кірді, ал кейбір журналдар – әсіресе, сапалық зерттеулер мен білім берудегі сапалық зерттеулер – үнемі мақалаларды қос формада жариялайды. Біріншісі өзінің көптеген өмірбаяндық шығармалары және поэзиясымен ерекше әйгілі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, көптеген контексте өзіндігі жоқ реалистік жазу мен өмірбаяндық, жеке стильдердің арасындағы айқын айырмашылықтар бұлыңғыр бола бастады. Авторлар өздерінің далалық зерттеулері мен жеке тәжірибелеріндегі зерттеулері бойынша есептерін негіздеп, мәтіндер "ішіне" енгізуге қарсы емес. Бұл автоэтнография жанрында айқын көрінеді (Denzin 2013; Vochner and Ellis 2016). Бастапқыда бұл терминді Хаяно (1979) өзінің "жеке" қауымдастығын зерттейтін этнографқа қатысты қолданған: оның жағдайында покер ойыншылары (Науано 1982). Әлеуметтанушылар өздерінің өмірбаяны туралы ойланып, оны әлеуметтану анализінің дереккөзі ретінде қолдану дәстүрі бұрыннан бар. Тек Америкалық интеракционизм дәстүрінің өзі бірқатар бай мысалдар келтіреді. Фред Дэвис (1959) такси жүргізушісі болып жұмыс жасап, жүргізушілердің өз жолаушыларын қалай типтеуі туралы терең жұмыс жазды; Беккер (1951) джаз музыканты болып жұмыс істеді, ал оның ең танымал жұмыстарының бірі джаз музыканттары мен олардың тыңдармандары жайында болды; Рот (1963) туберкулезбен ауырып, пациент ретінде далалық жазбалар жүргізді және бұл тәжірибені туберкулез ауруханаларындағы күнделікті өмір жайында келесі жұмыстарына енгізді; Судноу (1978, 2002) пианист болды және фортепианода ойнау тәжірибесі туралы интроспективті, феноменологиялық еңбек жазды. Көптеген әлеуметтік жобалар жеке мүдделер немесе міндеттемелерден өсті. Скотттың ат жарысы туралы монографиясын (1968) оның ипподромға деген жеке ынта-ықыласынсыз елестету қиын. Қысқаша айтқанда, жеке естеліктерден тыс әлеуметтану анализін дамыту үшін әлеуметтанушылар өздерінің өмірбаянына сүйенетінінде жаңа ештеңе жоқ.

Қазіргі қолданыста автоэтнографияның көп бөлігі, ең алдымен, жеке автордың "дауысымен" байланысты. Жұмыстың бұл жанры – аналитикалық және мәтіндік – этнографты рефлексияның субъектісі және объектісі ретінде қарастырады. Сәйкесінше автордың дауысы автобиографиялық болады. Бұл мәтіндерде жеке тәжірибені зерттеуге баса назар аударылады, ал қиыншылықтардың бірі – бұл әлеуметтік әрекет пен әлеуметтік ұйымның негізгі мәселелерін ығыстыру мүмкіндігі. Әлеуметтік

мәселе жекеге айналады. Осы тенденцияға қарсы тұрып, Андерсон (2006) аналитикалық автоэтнографияның тиімділігін дәлелдейді, мұнда жеке тәжірибеге қатысты рефлексия – шындығында, өз тәжірибелерін әлеуметтану тақырыбына айналдыра отырып, авторлардың алдыңғы буынының жасаған – аналитикалық түсініктерін дамыту үшін қолданылады. Керісінше, жеке рефлексия орталық орынға ие болғанда, ол әлеуметтікті түсіну үшін этнографиялық міндетті ығыстырады деген қауіп бар.

Аткинсон (2013) айтқандай, көптеген автоэтнографиялардың негізінде терең ирония жатыр. Ол эксперименталды, шығармашылық және жаңа деп аталғанымен, оны әлеуметтану қиялынан мүлдем жұрдай болуы да мүмкін. Постмодерндік кез бақылаушының монолог дауысын ығыстырады деп күтуге болар еді, алайда заманауи автоэтнография оны автордың автобиографиялық монолог дауысымен ауыстырды. Аткинсон радикалды әдіснамалық және мәтіндік шегінудің орнына, қазіргі заманғы автоэтнография сентименталды реализмнің формасын енгізеді деп мәлімдейді.

Ағымдағы тағы бір ықпалды жанр – қойылымдық этнография – мәтіндік мүмкіндіктердің тағы бір ауқымын ашады. Бірқатар авторлар, соның ішінде Конкергуд (2013) және Дензин (2003) қолдаған, қойылымдық этнография мәтіндерін зерттеуді драмалық қойылымдарға айналдыру үшін жасалады – немесе кем дегенде, орындалуы мүмкін мәтіндер. Этнографиялық қойылымдар күнделікті әлеуметтік әрекеттің дыбыстық, музыкалық және визуалды ресурстарынан тұратын көптеген модальдарын зерттей алады. Казубовски-Хьюстон (2017) оның алдымен "ертегіні", содан кейін Польшадағы сыған әйелдерімен далалық зерттеуіне негізделген спектакльді қалай жасағанын егжей-тегжейлі баяндайды. Қойылымдық этнографияны кездейсоқ поэзияға ұқсас "кездейсоқ" мәтіндер ретінде де (қайта) жасауға болады. Яғни, далалық зерттеулерде бақыланған эпизодтар Брехтиандық, дидактикалық эстетиканың түрін көрсетуге арналған драмалық қойылымдарға айналуы мүмкін. Дензиннің (2003) осы жанрға қосқан үлесі осындай мысалдарды қамтиды. Драмалық көріністер мен эпизодтар белгілі бір перспективаларға дауыс беру үшін жасалуы мүмкін. Олар нақты көзқарастарды, соның ішінде әдіснамалық немесе теориялық ұстанымдарды білдіретін –шынайы немесе қиялдағы – кейіпкерлерді біріктіру арқылы толығымен ойдан шығарылған болуы мүмкін (мысалы, enzin 2009; Hammersley 2010c), дегенмен мұндай мәтіндік тәжірибенің өзінің этикалық қауіптері болуы мүмкін (Atkinson and Delamont 2010). Сонымен қатар, қойылымдық этнографияның

сыншылары іс жүзінде бұл күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттесудің ішкі перформативті аспектілеріне де, қарапайым кездесулердің драматургиялық қасиеттеріне де сәйкес келмейді деп болжайды. Шынайы сөйлеу мен әрекет анализі әдеттегі қызмет поэтикасы үшін дұрыс болуы мүмкін, ал жасанды немесе ойдан шығарылған диалогтар құру күнделікті сөйлеудің этнопоэтикасына кедергі болуы мүмкін. Делл Хаймстың этнопоэтика бойынша жұмысы шынайы түрде пайда болатын нарративтердің ішкі ұйымына баса назар аударады (Hymes 1981; Kroskrity and Webster 2015). Осылайша ойластырылған этнопоэтика сөйлеу қызметінің поэтикалық немесе риторикалық ерекшеліктерін анықтауға арналған нарративтерді редакциялайды. Сөйтіп, ол сөйлеудің перформативті аспектілерін қайта жазудан гөрі, оларды бейнелейді (cf. Bauman 1977).

Кейбір авторлар әдеттегі сөйлеудің этнопоэтикасын "кездейсоқ" поэзияға аударды немесе актерлердің сөзін алып, оны "поэтикалық" репрезентацияларға айналдырды. Қазіргі уақытта көптеген мысалдар бар. Мысалы, Леви (2015) мұндай "поэтикалық" қайта құруларға қатысты жан-жақты кеңестер мен мысалдар береді. Мысалы, ол жас әйелдерден олардың кеуделері ("омырау") жайындағы мысалдар негізіне назар аудара отырып, олардың жыныстық идентификациясы мен дене бітімі бойынша бірнеше сұхбат алады. Осы мысалдар негізінде ол іріктеу жасайды және оларды бір поэтикалық дәйектілікке жинайды ". . . .менің омырауым" (р89; see also Leavy and Scotti 2017). Барлық мұндай трансформациялардағыдай, белгілі бір шығындар да, ықтимал артықшылықтар да бар. Еркін шумақтың композициялық дизайнында графикалық бейнелер болса да, ол жас әйелдердің әңгімелерін қалай біріктіргені, қалай олардың өздері графикалық сипаттамалық терминдерді қалай қолданғаны туралы ерекшеліктерін жоғалтады, сәйкесінше түпнұсқа әңгімелердің этнопоэтикасын жоғалтады. Фордхэм (2016) өзінің "деректерін" "әдеби" нарративтер мен құрама кейіпкерлеріне айналдырып, америкалық орта мектепте қара және ақ жас әйелдердің әңгімелері негізінде өзінің этнографиялық зерттеуін жүргізеді. Бұл тәсілдің артықшылығы – мұндай өмірлік оқиғалардың ықтимал әсері мен олардың күнделікті өмір тәжірибесін графикалық репрезентациялауында. Қауіпті нәрсе – өмір мен әңгімелерді бастапқы деректерден көрінгеннен гөрі үйлесімді және барынша аз қайшылықты ету болып отыр.

Белгілі бір мағынада, ең айқын "әдеби" мәтіндік тәжірибелерді этнографиялық көркем әдебиеттің мәтіндерінен табуға болады. Этнографтар көркем әдебиеттің бірнеше үлгісін жазды. Мысалы, Пфол

психиатрлар "қауіпті" болжау үшін қолданатын практикалық пікірлер бойынша жұмыстар сынды дәстүрлі әлеуметтану зерттеулерін жүргізді. Алайда, оның *Death at the Parasite Café* атты еңбегі көркем проза мәтіндерін саяси түсініктемедегі жаттығу ретінде араластырады. Столлердің *Jaguar* (1999) атты еңбегі – этнографиялық көркем әдебиеттің тағы бір мысалы. Годси (2011) посткоммунистік өмір туралы монографиясына ойдан шығарылған үзінділерді енгізді. Этнографиялық мәтіннің жаңа жанрларындағы көптеген соңғы жетістіктер үшін күрескен Каролин Эллис *Ethnographic I* атты "этнографиялық романын" жазды (Ellis 2004). Нақты осы жұмыс этнографиялық және автоэтнографиялық зерттеулерді жүргізу жайында көркем туынды құру арқылы этнографиялық рефлексияны ерекше бір жағдайға жеткізеді. Алайда этнографиялық әдебиет жаңа, тіпті жақын арадағы құбылыс емес екенін атап өткен жөн. 1890 жылы Адольф Бандельер Америка Құрама Штаттарының оңтүстік-батысындағы Пуэбло халқының этнологиялық зерттеулеріне негізделген *The Delight Maker* романын жариялады, оның сюжеті Банделье шынымен бақылаған көріністерден тұрды. Кейінгі жылдары антрополог және суретші Деннис Уильямс жартылай өзінің Африка археологиясы мен өнер тарихына негізделген *Other Leopards* (1963) романын жариялады. Зора Нил Херстонның еңбектері де оның этнографиялық зерттеулері мен көркем әдебиеттен тұрды (McClaurin 2011).

Жазу, рефлексия және жауапкершілік

Заманауи этнографтың негізгі пәні қандай болса да, этнографиялық баяндау шарттылығы жағдайында кінәсіз бола алмайтыны анық. Жаңа келген жас зерттеуші үшін де, тәжірибелісі үшін де маңызды шешімдер қабылдауға көмектесетін қолжетімді нұсқаулық бар (мысалы, Richardson 1990; Wolcott 2009; Gullion 2016). Жазу мүмкіндіктерін терең түсіну қазір этнографтың әдіснамалық қабілетінің ажырамас бөлігі. Этнографияны механикалық жаттығу сияқты немесе жазбаша мәтін ашық бейтарап байланыс құралы ретінде "жазу" мүмкін емес. Әлеуметтік әлем туралы қалай жазатынымыз ол туралы жеке және басқалардың интерпретациялары үшін аса маңызды. Интерпретативті әлеуметтік ғылымның "интерпретациялары" этнография поэтикасында көп кездеседі.

Біз жақсы ақпараттандырылған этнограф мәтін мен оның тақырыбы арасындағы рефлексиялық байланысты білуі керек екенін атап өттік. Этнографиялық жазудағы риторика немесе "поэтиканы" түсіну – өте

маңызды. Алайда, бұл тек риторика мәселелері ғана қарастырылады деп қорытынды жасау дұрыс болмас еді. Этнографиялық мәтін мен оның тақырыбы арасындағы байланыс мүлдем тікелей болмаса да, олар бір-бірінен абсолютті тәуелсіз емес. Мәтінді жазудың шарттылығын мойындау бізге радикалды "мәтіндік" ұстанымды пайдалануға негіз болмайды. Мәтіндерден тыс әлеуметтік өмір бар және екеуінің арасында референциалды қатынастар бар. Далалық зерттеулер, деректер анализі және академиялық жазу бойынша күрделі жұмыстармен айналысатын этнограф оның "деректерінің" негізін құрайтын мәтіндер, сондай-ақ монографиялардың, диссертациялардың, мақалалардың және т.б. мәтіндері референциалды емес екеніне сенімді болмайды. Шын мәнінде, біздің мәтіндеріміздің ерікті екенін ескере отырып, оларды дәстүрліге теңестіру қиынсыз болады.

Хаммерсли (1993, 1995:ch 5) риторикаға баса назар аудару дегеніміз ғылыми адекваттылықтың таныс мәселелеріне көз жұма қарау дегенді білдірмейді деген ұсыныс айтты. Біз, әрине, рационалдыға қарағанда риторикаға артықшылық бермеуіміз керек. Сөзсіз, екеуі бір-бірімен тығыз байланысты, дегенмен олар қатар жүріп отыруы керек. Мәтіндік практиканы түсіну барлығына мәтіндік еркіндікті беру дегенді білдірмейді. Әрине, көптеген этнографиялардың өздерінің стилі мен риториканы сенімді қолдануының арқасында сәтті екені сөзсіз(оқырмандардың сыни реакциясы тұрғысынан). Екінші жағынан, сендіру барлық мәселені шешпейді. Этнографияның сыни оқырманы – академиялық жазудың кез-келген жанры сияқты – әлеуметтану немесе антропология дәлелдерінің сапасына және оны растау үшін дәлелдемелерді дұрыс пайдалануда мұқият болу керек (Hammersley 1997). Шын мәнінде, сондықтан да Хаммерсли бізге, оқырмандарға этнографиялық мәтіннің оқылуының шамадан тыс әсеріне немесе оқуға құштарлығына берілмеуімізді ұсынады. Оның "экспресивті" немесе сипаттамалық нақтылықтарға "бай" болуы, біздің басты кейіпкерлермен симпатиялық байланыста болуымыз, тіпті сипатталған көріністерге эмоционалды реакцияларымызды оятуы да жеткіліксіз. Этнографияның өзінің әдіснамалық және эмпирикалық тұжырымдарының сәйкестігін бейнелеуі және көрсетуі маңызды. Этнографияның ғылыми зерттеу жұмысы ретінде өзінің беделді мәртебесін сақтап қалуы маңызды.

Риторика мен ғылым арасында кешенді байланыс болса да, этнографиямен айналысатын автор өз жұмысының оқылымды және шындыққа жанасатынына ғана сене алмайды. Дәлелдеу ережелеріне құрметпен қарау керек. Талаптар (жалпылау, нәтижелердің сенімділігі

және т.б. қатысты) оқырман оларды бағалай алатындай айқын болуы керек. Сонымен қатар, этнография жаңа дүниелер деп саналатын нәрсені нақты анықтауы керек; қандай аналитикалық идеялар жасалды; оның тиімді дәйектері ретінде не қарастырылады; сол сияқты, оларды жоққа шығару немесе, кем дегенде, өзгерту үшін қандай дәлелдер жеткілікті деп саналады.

Басқаша айтқанда, біз этнография мәтіндері қамтитын әр түрлі айқын және жасырын хабарламалар арасындағы күрделі қатынастарды тани және бағалай білуіміз керек. Этнографияны жазудың дұрыс және бұрыс тәсілдері жоқ. Мәтін ережелерін барынша тану мәтін формаларымен ерекше тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Антропологтар мен элеуметтанушылар көбі репрезентациялардың балама әдістерін қолданғысы келуі мүмкін. "Реалистік" мәтін қол жеткізуге болатын жалғыз модель емес. Мұндай мәтіндік эксперименттің құндылығын тану маңызды. Этнограф осы бағыттағы экстравагантты жаттығуларға жүгінбесе де, ғылыми жазудың "әдеби" ережелері туралы сыни түсінік қалыптастыру және оларды этнографияның кәсіби немесе "дәстүрлі" біліміне қосу маңызды. Жас және тәжірибелі этнографтардың жазбасын жалпы әдіснамалық білімнің бөлігі ретінде түсінуге ынталандыру әлі де маңызды. Біз этнографиялық жұмысты "жазу" кіршіксіз іс деп санамауымыз керек. Керісінше, этнографиялық жұмыстың маңызды рефлексиясын толық тану этнографияларды оқу және жазу жұмысына да қатысты болады.

11-тарау

Этика

1-тарауда біз көптеген түсінік берушілер пікіріне қайшы, этнографияның жалғыз функционалды қызметі практикалық немесе саяси себептерге (бұл қандай да бір әлеуметтік жетілдіруге қол жеткізу, стереотиптерді бұзу немесе эмансипация ұсынысы болса да) қызмет ету емес, құндылықты-релевантты біліммен қамтамасыз ету болуы керек деп мәлімдедік. Гирц бұл нені білдіретініне шебер сипаттама берді:

Адам әрекетін аналитикалық тұрғыдан қарауға деген кәсіби ұмтылыс оларды нақты моральдық перспектива тұрғысынан қарауға деген жеке ұмтылысына қайшы келмейді. Кәсіби этика жеке тұлғаға негізделеді және ол арқылы күш жияды; біз соқырлық — немесе иллюзия — адамға зиян келтіретіндей адамгершілікке де зиянды дегенге сенуге өзімізді мәжбүр етеміз. Бейтараптық көңіл бөлмеуден емес, моральдық реакция мен ғылыми бақылау арасындағы үлкен шиеленіске тұрақты төтеп беру үшін ұқыпты икемділіктен пайда болады, моральдық қабылдау тереңдеген және ғылыми түсіну дамыған сайын ғана шиеленіс өсіп отырады.

(Geertz 2000:40)

Сонымен қатар, этнографиялық зерттеулердің тек құнды білім жасаудан өзге, бір мақсатқа жету үшін саяси немесе практикалық болуы міндетті емес және (біздің ойымызша) болмауы керек, десек те ол осы мақсатқа тән құндылықтардан басқасының барлығын елемеуі керек дегенді білдірмейді. Атап айтқанда, этикалық тұрғыдан қолайсыз зерттеу жүргізу әдістері бар.

Зерттеу этикасына қатысты әр түрлі пікірлер айтылды, тек нақты субстантивті мәселелер бойынша ғана емес, сонымен бірге этика атқаруы тиіс рөлге де, сол сияқты қандай негізде нақты зерттеулерді этикалық немесе этикалық емес деп бағалау керегі жайына да қатысты болды⁷⁰. Кең мағынада бір жағынан әмбебап немесе процедуралық көзқарастарды, екінші жағынан ситуациялық немесе контекстуалды көзқарастарды ажыратуға болады. Біріншісі этикалық мәселелерді бір немесе бірнеше әмбебап ережелерді сақтау арқылы немесе арнайы процедураларды қолдану арқылы шешуге болады. Толық ақпарат негізіндегі келісім кейде келесідей тұжырымдалады: оған қол жеткізу

⁷⁰ Көзқарастарды түсіну үшін қараңыз: Mertens and Ginsberg 2009; Hammersley and Traianou 2012; Christians 2018.

әдептіліктің міндетті шарты болып саналады. Құқықтар ұғымына жүгінетін зерттеу этикасы туралы кейбір пікірталастар да осы категорияға жатады, мысалы, балалар бойынша зерттеулерге қатысты (қараңыз Farrell 2005; Bucknall 2014; Hammersley 2015).

Керісінше, ситуациялық көзқарас орынды (немесе орынсыз) әрекет деп саналатын нәрсе, көп жағдайда, этикалық, әдіснамалық және саналы сынды әр түрлі ойларды ескере отырып, нақты контекстке байланысты болуы керек және әртүрлі жағдайларда әр түрлі өлшенуі керек деп санайды. Нәтижесінде, кейбір жағдайларда заңды деп саналатын нәрсе басқаларында заңды болмауы мүмкін. Бұл ең жақсы және нашар пайымдаулар бар екенін немесе олардың дәлелденгені туралы келісудің кейбір шегі бар екенін жоққа шығару дегенді білдірмейді. Дегенмен болжам бойынша, ережелер мен процедуралар жиынтығын не жасалуы керектігін анықтаушы ретінде қарастыру көбінесе этикалық, сондай-ақ басқа тұрғыдан да күмәнді болады. Әрекеттің нақты бағыттарының заңдылығы туралы мәселелер жалпы деңгейде толық шешілмейді. Осы тұрғыдан алғанда, бірнеше зерттеу стратегиялары ғана тыйым салынған болуы керек деп болжанады, дегенмен олардың кейбіреулерін басқаларына қарағанда дәлелдеу әлдеқайда қиын болады. Бұл тарауда біз осындай контекстік позицияны ұстанамыз.

Әлеуметтік зерттеулермен байланысты этикалық мәселелер этнографияда ерекше формаларды жиі қабылдайды. Біз ең алдымен зерттеушінің ғадетіне және оның зерттелетін адамдарға және сол немесе ұқсас топтар мен ұйымдарға жататын басқа адамдарға тигізетін әсеріне назар аударамыз⁷¹. Біз оларды бес тақырып аясында қарастырамыз: толық ақпаратқа негізделген келісім, құпиялылық, зиян, өзара әрекеттесу және қолдану, сонымен қатар болашақ зерттеулер үшін салдары. Ақыр соңында біз этикалық реттеудің әрекетін, сондай-ақ оның этнографтар қабылдауы тиіс шешімдерге қалай қосымша қиындықтар тудыратынын және белгілі бір деңгейде, қалай олардың жұмысына айтарлықтай кедергі келтіретінін қарастырамыз.

⁷¹ Басқа мәселелер этнографтардың қаржыландырушы ұйымдармен, университет басшылығымен және зерттеуші әріптестерімен қарым-қатынасына қатысты. Жалпы әлеуметтік ғылымдар зерттеулерінде этикалық мәселелер бойынша өте ауқымды әдебиеттер бар – мысалы, қараңыз Macfarlane 2009; Israel 2014 – сонымен қатар сапалық зерттеулер мен этнографияға қатысты қараңыз: Hammersley and Traianou 2012; Miller et al. 2012; Iphofen and Tolich 2018.

Толық ақпаратқа негізделген келісім

Егер кез-келген зерттеу этикалық болуы керек болса, адамдар көбінесе зерттеуге келісуі керек (өз еркімен); олар бұл шешімді тиісті зерттеу туралы толық және нақты ақпарат негізінде қабылдауы керек; сонымен қатар олар кез-келген уақытта бас тартуға ерікті болуы керек деп айтылады. Әлеуметтік саладағы зерттеулерге қатысты көптеген этикалық кодекстер, сондай-ақ реттеуші ұйымдар бұл стандартты талапты тек ерекше жағдайларда ғана тоқтатады (егер мүлдем тоқтатылса). Сонымен қатар, кез-келген этикалық талаптардан басқа, келісім алудың практикалық себептері жиі кездеседі, ал ол бұл міндетті түрде зерттеу туралы ақпарат беруді меңзейді. Мысалы, әдетте адамдардың келісімінсіз сұхбат алу мүмкін емес, сол сияқты бақылау жүргізуге рұқсат алу үшін көбінесе келісім жасауға тура келеді (3-тарауда көргеніміздей). Шынында да, бақылау тіпті кез-келген адамның рұқсаты бар қоғамдық орындарда жүзеге асырылған жағдайда да, келісім алудың ақылға қонымды себептері болуы мүмкін. Мысалы, егер сіз сауда алаңында әлеуметтік өзара әрекеттесуді видеоға түсіруге тырыссаңыз да, бәлкім сіз жай ғана бақылап, жазбалар жасасаңыз да, қауіпсіздік қызметкерлері сізді шығарып салуы мүмкін.

Сонымен бірге, ерікті және толық ақпаратқа негізделген келісім дегеніміз не, сондай-ақ әрқашан келісім алу немесе толық ақпарат беру керек пе деген сұрақтар туындайды. Зерттеушілер әрдайым толық ақпаратқа негізделген келісім алуы керек деген қарапайым талап нақты не талап етілетіні жайында бірнеше нұсқалардың айтарлықтай мүмкіндіктерін береді. Сондай-ақ, толық ақпарат негізіндегі келісімді алуда практикалық проблемалары, сонымен қатар осы және басқа этикалық қағидалар арасында мысалы, теріс әсерін азайту, сондай-ақ тиімді зерттеу жүргізу үшін не қажет сынды ықтимал қарама-қайшылықтар бар (Hammersley and Traianou 2012: Conclusion).

Мүмкін, толық ақпаратқа негізделген келісім принципінен ең көрнекі ауытқу – жасырын кірістірілген бақылау, мұнда этнограф зерттеуді жүргізіп жатқаны туралы қатысушылар (немесе олардың көпшілігі) хабардар болмайды. Мысалдар Хоманның (1978) ертеректегі пантекостаалистер туралы жұмысы, Халдеуэйдің (1982, 1983) полиция туралы зерттеуі, Митчеллдің (1991) экстремалды жағдайда тірі қалғандар туралы зерттеуі, Гудтың (1996) жағынуды зерттеу үшін жалған жеке хабарландыруларды пайдалануы, Шепер-Хьюздің (2004) ағза саудагерлері туралы зерттеуі, Калвидің (2017:ch6, 2018) күзетшілер туралы жұмысы және Земпи мен Аванның жұмысы (Zempi 2017;

zempri және Awan 2017) исламофобияны зерттеу үшін мұсылман жамылғыларын киюі туралы зерттеулерін қамтиды. Сондай-ақ, жасырын түрде басталып, алайда кейін қатысушыларды зерттеу туралы хабардар етіп, толық ақпаратқа негізделген келісімін сұрайтын кейбір зерттеулер бар, мысалы, Харди-Биктің парашютшілер туралы зерттеуі (Hardie-Bick and Scott 2017). Мұның бәрі бетпе-бет зерттеулер, сонымен қатар құпия онлайн-зерттеулер болуы мүмкін, оның ішінде чаттарға немесе басқа онлайн-орталарға қатысу, онда сіз зерттеуші екеніңізді "жасыруға" немесе жария ете отырып, тіпті орталықтандырылған түрде қатыса аласыз. Мысал ретінде Броцки мен Джайлздің (2007) "pro-ana" сайттарын зерттеу үшін жасырын онлайн - "іштей бақылауды" пайдалануы.

Кейбір зерттеушілер құпия зерттеулер ешқашан немесе ешқашан дерлік ақталмайды деп мәлімдейді; өйткені олар арандатушы агенттердің немесе тыңшылардың енуіне ұқсас (Bulmer 1982:3). Мұндай шағымдар мұндай жұмыс адамның автономияға деген құқықтарына және адамгершілік қасиеттеріне қайшы келеді деген сенімнен туындауы мүмкін. Сол сияқты, әсіресе, алданған адамдар үшін немесе басқалар үшін, соның ішінде зерттеушілер үшін алдаудың салдары туралы қауіптен туындауы мүмкін. Мысалы, "алдау мен манипуляциядан тұратын әлеуметтік саладағы зерттеулер ақыр соңында ұятсыз, өтірікшілер мен манипуляторлар қоғамын құруға көмектеседі, сонымен қатар, тек әділ әлеуметтік тәртіп үшін ғана қажет сенімді бұзады" деген болжам айтылды (Warwick 1982:58).

Керісінше, басқа авторлар құпия зерттеу легитимді болатын немесе тіпті стандартты тәсіл ретінде танылуы керек жағдайлар бар деп мәлімдейді (қараңыз Spicker 2011; Calvey 2017; Roulet et al. 2017). Мұнда бірнеше дәлелдер қолданылады. Олардың бірі мақсатпен байланысты: құпия зерттеулер мен тыңшылық арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені көрсетілген, өйткені соңғысы біржақты, ал алдыңғысы кез-келген адам қолдана алатын білім қалыптастырумен байланысты болады. Жақтаушылардың тағы бір бағыты құпия зерттеулер газет және теледидар журналистикасы, сондай-ақ жалпы әлеуметтік репортаждар сияқты басқа салаларда сирек кездеспейтінін көрсетеді⁷². Мысал ретінде Эренрайхтың (2011) "Nickel and Dimed" кітабы келтірілген, онда ол жұмысшылардың жұмыс берушілері қамтамасыз ететін еңбек жағдайлары мен қарым-қатынасы

⁷² Құпия операциялар туралы дәл осындай дау журналистикада бұрыннан бері жалғасып келеді. Мысалы, қараңыз Leigh 2006.

туралы баяндау үшін бірнеше төмен ақылы жұмыстарға орналасады. Мұнда ол өзін жасыру үшін жалған түйіндеме мен ұсыныстарды қолданды. Жалпы алғанда, барлығымыз өзіміз және күнделікті өмірдегі мәселелеріміз туралы ақпаратты ашуды шектейміз: біз әрдайым барлығына бар шындықты айтпаймыз. Сондай-ақ, құпия кірістірілген бақылаудағы алдамшы болу "ресми және іскерлік ұйымдар күнделікті қолданатын нәрселермен салыстырғанда жұмсақ" деген болжам айтылды (Fielding 1982:94). Үшінші дәлел, кейбір жағдайлар, кем дегенде, үлкен реактивтіліксіз ашық зерттеу жүргізу үшін қолжетімсіз болады: яғни жасырын бақылау кейде болып жатқанды анықтаудың жалғыз тәсілі болады, әрі бұл өте маңызды болуы мүмкін. Әрине, барлық осы дәлелдер дау тудырды. Бірақ жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты біз оларды жалпы түрде қарапайым талқылаудың орнына, оларды арнайы зерттеулерге қатысты қарастыру керек деп санаймыз: әмбебап ережелер мен үстіртін ережелерден (оң немесе теріс) аулақ болу керек.

Жасырын кірістірілген бақылау барысында толық ақпаратқа негізделген келісім мәселесі өзекті болғанымен, этнографиялық зерттеудің басқа түрлеріне қатысты бұл мәселе емес. Тіпті зерттеу фактісі белгілі болса да, қатысушылар этнографтың қатысуымен танысқаннан кейін бұл туралы тез ұмытып кетеді. Элис Гоффман түсіндіргендей (Lewis-Krauss 2016) "қазір сіздер доссыздар, әрі сіз кітап жазып жатқаныңызды қайта-қайта айтып отырсаңыз да, олар ол туралы мүлдем ұмытып кетеді" Іс жүзінде, этнографтар "бұл туралы үнемі еске түсірудің" орнына, әсерленгіштікті азайтуға тырысу үшін белсенді қарым-қатынас қалыптастыру арқылы оны ұмыту процесін жеңілдетуге тырысады (4-тарауды қараңыз). Әрине, Беллдің (1977: 59) бізге келесі айтқанындай, мысалы, "сіз айтқан немесе жасаған барлық нәрсені деректер ретінде жазуға және қолдануға болады . . ." деген полицияның таныс ескертуіне ұқсас кейбір социологиялық балама құрылымдық кедергі келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, тіпті ашық әрекет етіп отырса да, этнографтар зерттеп жатқан адамдарына зерттеу туралы егжей-тегжейлі айта бермейді. Мысалы, Лугоси негізінен гейлер мен лесбияндардың қарамағындағы барды зерттеу барысында әртүрлі дәрежедегі және түрдегі жасыру мен кейбір ашықты қалай қажет болғанын сипаттайды. Бұл абстрактілі түрдегі "жасыру немесе жасырмау" емес, оның орнына нені ашу және қанша айту керек, кімге, қандай себептермен айту керек деген мәселе болды. Зерттеулерде де, күнделікті өмірдегі сияқты, әртүрлі ақпаратты ашып айтудың ықтимал салдары туралы ойларды ескеру қажет (қараңыз Baez 2002). Біздің ойымызша, барлық шындықты айтпаудың элементі, тіпті белсенді алдау, зерттеліп жатқан адамдарға зиян келтіруге бағытталғанға дейін және оны жасау екіталай болып

көрінгенге дейін ақталуы мүмкін. Алайда, барлық этнографтар бұл пікірмен келісе бермейді.

Сонымен қатар, қатысушыларға зерттеу туралы кешенді және нақты ақпарат берумен байланысты қиындықтар бар. Мұның себептерінің бірі - рұқсат алу бойынша келісудің бастапқы кезеңінде этнограф зерттеудің нені қамтитынын, қандай детальдар назарға алыну қажеттігін білмейді; әрине, сәйкесінше, олардың нәтижелері немесе оларды жариялаудың салдары қандай болатынын білмейді. Бұған мысал ретінде Вассерман мен Клердің (2010:4) Алабама штатындағы Бирмингемдегі үйсіз ер адамдар туралы зерттеуі келтірілген: бастапқыда олар қысқа метражды деректі фильм түсіруді жоспарлады. Дегенмен төрт жыл бойына жүргізілген этнографиялық зерттеудің нәтижесі кітап болған еді. Сол сияқты, Губриум (2009) қарттар үйінің этнографиялық зерттеулерін сауалнама анкетасын жасау үшін қарапайым түрде бастапқы ақпаратты жинау идеясынан бастады.

Сонымен қатар, зерттеу проблемасы мен стратегиясы анықталған далалық жұмыстың кейінгі кезеңдерінде де қатысушыларға тек шектеулі ақпарат берілуінің мүмкін себептері бар. Біріншіден, зерттелген адамдар зерттеуге онша мүдделі болмауы мүмкін (қараңыз Shaffir 2009), сонымен қатар, ақпарат беруді талап ете беру жалықтырады немесе тіпті далалық жұмыстар қатынастарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, зерттеуге қатысқандардың барлығына ақпарат беру қиын болуы мүмкін. Полиция туралы зерттеулер аясында Панч "бірнеше клиентпен үнемі өзара әрекеттесетін үлкен ұйымда" барлығының келісімін алу мүмкін емес және оны іздеу көптеген зерттеу жобаларын орнынан қозғалтпас" деп атап өтті (Punch 1986:36). Ақпараттың кейбір түрлерін ашу адамдардың ғадетіне әсер етуі мүмкін, тіпті зерттеу қорытындыларын жоққа шығару қаупі болады. Мысалы, мектеп сыныптарын зерттеуде мұғалімдерге әдетте сыныптағы қыздарға қойылатын сауалдар ұлдарға қойылғандай көп бола ма, жоқ па деп сұрау жалған нәтижелерге әкелуі мүмкін, өйткені олар бақылауда бола отырып, осыған қатысты интеракцияларды (саналы немесе бейсаналы) теңестіруге тырысуы мүмкін.

Мұнымен қоймай, этнографтар келісілген ақпаратты алу барысында барлық қажетті деп есептелінген мәліметтің бәрін жайып сала бермейді, сондай-ақ, зерттеудің құпия еместігіне қарамастан, алдаудың басқа амалдарын да ойлап табатын кездері болады. Мысалы, қатысушыларда этнограф олардың көзқарастарымен келісетіні немесе олардың ғадеті этикалық тұрғыдан қабылданған деп санайтыны туралы – іс жүзінде солай болмаса да – жалған әсер қалыптасуы мүмкін. Ол этнографиялық жұмыс үшін қажет деп саналатын

шыдамдылықтың ажырамас бөлігі (Hammersley 2005a). Кейде бұл тіпті басқалардың пікірімен келісуден немесе қабылдаудан немесе олардың әрекеттерін мақұлдаудан тұрады. Әйелдер түрмелеріндегі зерттеулері туралы ойлана отырып, Роу (2014:405): "мен, өзімді, қарсы тұрғым келген, институционалды және моральдық иерархияларға тартылғандай сезіндім [. . .]" дейді. Көптеген жағдайларды зерттеуде оның алдын ала алмаймыз.

Әрине, зерттеуші қиын жағдайға тап болған немесе өз көзқарастарын түсіндіруге міндетті болған жағдайлар болады. Боск (2008: xvi) клиникалық жағдайда этиканы зерттеу барысында "сіз не істер едіңіз?" деп сұрағандағы өзінің "этнографиялық үрейі" туралы баяндады. "МакКаргодан (2017:213) Таиландтағы полиция қызметі туралы зерттеуі барысында полиция бастығы одан Бирмадан келген екі мигрант – күйеуінің жарамды паспорты мен визасы бар, ал әйелінің құжаттары мүлдем жоқ болған жағдайда не істеу керектігін сұрады. МакКарго өз пікірін білдіруге шешім қабылдады: заң бойынша, әйелін кері қайтару керек болса да, Тайландта иммигранттардың еңбегі қажет, сонымен қатар "ол қайта жіберілсе де, алдағы бірнеше күнде оралатынын бәріміз білеміз". Алайда, мұны естіген басқа офицер оны кері жіберуді талап етті. Дәл осындай шешімді полиция бастығы қабылдады, бірақ ол үшін МакКаргодан кешірім сұрады. "Сұраққа жауап беруден жалтару саналы түрде жауап беруден бас тартуды білдіреді" деп болжай отыра, "Мен капитанның алғашқы сұрағына ашық жауап беруім керек пе еді?" - деп сұрайды МакКарго. Алайда, кейде мұндай жалтару қажет болуы мүмкін (қараңыз Bosk 2008).

Толық ақпарат негізіндегі келісімнің болмауының тағы бір аспектісі қатысушылардың берілген зерттеу жұмысын түсінуіне қатысты. Мысалы, бұл өте жас балалар, білім алуда қиналатындар үшін немесе қарт адамдарға қатысты туындайтын өте айқын мәселе. Дегенмен кейде бұл кез-келген адамға қатысты болуы мүмкін. Томкинсон баспана туралы өтініштері бойынша сот тыңдауынан өтіп жатқан босқындарды зерттеуінен мысал келтіреді. Зерттеуші оның кім екенін және оның зерттеуі нені қамтитынын мұқият сипаттағанмен, ағылшын тілін еркін меңгергеніне қарамастан, кем дегенде бір қатысушы түсінбеген екен:

Жамал Мохамедтің ісін тыңдау аяқталған кезде, мен Жамалмен сөйлесіп тұрған кезде, мен еріп жүрген адвокат Рожер Кадима кетіп қалды. Ол менен Рожердің кеңсесіне неге оралмайтынымды сұрады. "Не үшін оралуым керек?" деп сұрадым мен "Мен оған жұмыс істемеймін". Жамал таң қалып, содан кейін тағы да сұрады: Бірақ сен заң факультетінің студенті емессің бе? Сонда сен

тағылымдамадан өтіп жатқан жоқсың ба?" "Жоқ, мен саясаттануда оқимын", деп, одан әрі қобалжумен жауап бердім мен. Мен кім екенімді және не істеп жатқанымды дұрыстап түсіндірмегендей сезіндім. Бұл мені толық ақпаратқа негізделген келісім принципі тұрғысынан қатты алаңдатты. Мені Рожерде жұмыс істейтін стажер деп ойлағандықтан ғана Жамал менің қатысуыма келісті ме? Мен жеткілікті түрде түсіндірдім деп ойладым, бірақ ол өте мазасыз болғанын айтты; ол сот тыңдауына дейін айтқанымашынымен назар аудармады. (Tomkinson 2015:33)

Еркін келісім алу толық ақпарат беруге қарағанда қиын әрі шырғалаңы мол дүние. Этнографтар көбінесе адамдардың бақылаудан немесе сұхбаттан бас тартуына мүмкіндік беруге тырысады, дегенмен бұл әрдайым мүмкін емес, кем дегенде ол зерттеу үшін аса тиімсіз немесе оның әрі қарай жалғасуына қауіп төндіреді. Алькадипани мен Ходжсон бұл мәселелерге газет (RedPaper) және коммерциялық қатынастарға қатысы бар полиграфиялық компания (OneCo) жайындағы зерттеу арқылы мысал келтіреді:

Мен Red Paper-ң ӨД [Өндіріс директоры], OneCo-ң БД [Басқарушы директор] және One Co-ң аға өндіріс менеджерімен (АӨМ) кездестім. Он бес минут уақытым кетті. Менің жобамды көрген БД мен осында қалағанымша бола аламын, әрі мен үшін барлығы ашық болады, өйткені оның компаниясының "жасыратын ештеңесі жоқ" [. . .] деп сендірді

Бір аптадан кейін мен кәсіподақ өкілдерімен кездестім. Осы кездесу барысында БД бұл кеңес емес, байланыс процесі екені және зерттеу өкілдердің реакциясына қарамастан жүргізілетінін анық айтты. [. . .] OneCo менеджерлерімен кездесуде БД менің зерттеуіме көмек RedPaper мен OneCo арасында келісілгенін, тағы да бұл бір жақты байланыс процесі екенін және барлық менеджерлер маған қажет кез-келген ақпаратты ұсынуы керек екенін айтты. [. . .]

Кейінірек, далалық жұмыстар барысында OneCo аға менеджерлері RedPaper-мен жақсы қарым-қатынасты сақтау үшін маған сол жерде қалуға рұқсат етілгенін растады. OneCo-ң БД ресми рұқсат бергеннен кейін, ол OneCo-ның басқа мүшелеріне келісімнен бас тартуға мүмкіндік қалдырмады [. . .] бұйрықты БД берді, сәйкесінше ол орындалуы керек еді. Мен белгіленген иерархиялық басқару құрылымдарын пайдаланғаным үшін өзімді ыңғайсыз сезіндім [. . .]

Осыны ескере отырып, мен зерттеулер алға жылжыған сайын адамдардан толық ақпаратқа негізделген келісім алу туралы көп ойландым. Іс жүзінде бұған қандай да бір дұрыс жолмен қол жеткізу өте қиын болды; құрылыс алаңындағы 35 адамнан немесе әр кездесудің басында жұмыс істейтін 10 менеджерден толық ақпаратқа негізделген келісім алу бірқатар қиындықтар туғызды. Бірнеше апта далалық жұмыстардан кейін, келісім туралы өтініштерге әдеттегі жауап: "Дос, сен осыны әрқашан сұрап қоймадың ғой" болды. Достым, әрине, Мен келісемін". Бір күні мен жиналысқа қатысқандардың бәріне бірдей сұрақ қоюға тырысқанда, олар маған сыпайы түрде аузымды жабуды бұйырды. Осылайша, ұйымдық қол жетімділіктің бастапқыда қалай берілгендігі тұрғысынан да, далалық жұмыстардың шынайы болмысы тұрғысынан да, нақты жағдайлар толық ақпаратқа негізделген келісімді әлдеқайда маңызды емес ұғымға айналдырды. (Alcadipani and Hodgson 2009:134–6)

Бұл этнографтар табиғи жағдайда зерттеу жүргізетіндіктен, әдетте олардың зерттеу процесін қадағалауы өте шектеулі екенін көрсетеді: олар барлық қатысушылардың толық хабардар болуын немесе қатысуға ерікті түрде келісетінін қамтамасыз ететін билігі болмауы мүмкін. Белгілі бір лауазымдарды атқаратын адамдар, мысалы, мемлекеттік лауазымдарды атқаратын адамдар өздеріне қатысты зерттеу жүргізуден бас тартуға құқылы емес, сондықтан олардың келісімін сұраудың қажеті жоқ деген болжам айтылды (Rainwater and Pittman 1967). Керісінше, қарапайым адамдардың әлсіздігі мойындалды, сөйтіп зерттеушілердің немесе басқалардың олардың келісімін алуы үшін мәжбүрлемеуі немесе оларды көндіру үшін қамқоршыларымен келіспеуіне кепілдік берілуі керек. (Liamputtong 2007).

Сонымен бірге, бұл екі дәлел де маңызды пікірталастардың тақырыбы болды, мысалы, Исраил (2014:2) "әлеуметтік сала зерттеушілерінің басқа адамдардың қатысуымен зерттеу жүргізетіндей ерекше құқыққа ие емес" деп негізді түрде талап етті (қараңыз Brown and Guston 2009), ал ван ден Хунард (2018) әлсіздік ұғымы негізгі проблемаларды қамтиды деп сендірді.

Этнографтардың барлығы дерлік толық ақпаратқа негізделген келісім қағидатымен келіссе де, оның не талап ететіні туралы, сондай-ақ нақты жағдайларда не мүмкін және не қажет екендігі туралы айтарлықтай келіспеушіліктер бар.

Құпиялылық

Күнделікті өмірде біз қоғамдық орындар (әуежайлардағы күту алаңдары мен саябақтар сияқты) мен оңаша орындар (жататын бөлме немесе жуынатын бөлме сияқты), сондай-ақ қоғамдық тұтынуға арналған ақпарат пен құпия немесе конфиденциалды ақпараттардың аражігін ажыратып жатамыз. Электрондық байланыс туралы да дәл солай: әдетте жеке электрондық пошталар немесе мәтіндік хабарламалардың веб-сайттарда орналастырылғандардан айырмашылығы бар, жеке болып саналады. Этнографиялық зерттеулер жеке жағдайға қатысты айтылғандар мен істелгендердің ішінен нені жариялауға болатынына қатысты жиі алаңдатады. Бұл, мысалы, «шын мәнінде не болып жатқанын түсіну үшін» қажет дүние. Мұны ең алдымен принципті бұзу деп санауға болады, бірақ кейде жекені жария қылу жағымсыз салдарға әкеледі деген қорқыныш бар. Бұл жеке өмірі немесе әрекеттері жария болған адамдар үшін зиян келтіруі мүмкін. Мысалы, Чеге зерттеген "жағажай ұлдарын" алаңдатқан дүние:

Мен олардың туристермен қарым қатынасы жайлы жағымсыз репрезентация жасау арқылы оларды жағажай қызметкері немесе кәсіби топ ретінде жалған ақпарат берер едім. Бұл олардың өмір сүруіне қауіп төндіруі мүмкін. Мысалы, Мен Уиллимен өткізген жеке танысу кездесуімде ол өзі бөліскен деректердің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, оның әйел туристермен қарым-қатынасы туралы жалған немесе жағымсыз мәлімет жария болады деп алаңдады [. . .]. Ол бұл өз кезегінде олардың күнкөріс амалдарына қауіп төндіретінін айтты. Мен кейінірек сөйлескен басқа жергілікті ер адамдардың көпшілігі де осындай алаңдаушылықпен бөлісті. (Chege 2015:473)

Кейде жеке өмірге қол сұғудың ұзақ мерзімді және кең таралған салдары болады деп қарастырылды. Мысалы, барлық әлеуметтік саладағы зерттеулер "индивидтің жеке өмірі мен автономдығын бұзу, биліктегі адамдарды көбірек фактілермен қамтамасыз ету, жеңілместен қысым көрсететін мемлекет үшін негіз құру мүмкіндігін қарастырады" деген болжам айтылды (Barnes 1979:22).

Алайда, толық ақпаратқа негізделген келісім сияқты, құпиялылық ұғымы да күрделі. Сирек жағдайда қоғамдық деген не және жеке деген не екені анық болады. Бардағы адамдар арасындағы әңгіме қоғамдық немесе жеке ме? Айғайлап немесе сыбырлап сөйлеу арасында қандай айырмашылық бар? Сол сияқты, ұялы телефонмен әңгімелесу немесе кез-келген адамға қол жетімді онлайн-чат талқылауы туралы не айтуға болады? Егер біреуге діни рәсімдерге баруға рұқсат етілсе, олар қоғамдық іс-шаралар бола ма? Бұл сұрақтарға сенімді жауап беру оңай емес, өйткені жауап жартылай адамның көзқарасына, сондай-ақ нақты контекстке және тиісті мақсаттарға байланысты

болады. Сонымен қатар, әдетте қоғамдық деп саналатын жерлерді кейбір топтар үшін "үй" ретінде қарастырылуы мүмкін, сәйкесінше, кем дегенде, олар белгілі бір дәрежеде жеке болады: мысалы, үйсіз адамдар кейбір қоғамдық орындарды осылай қайта анықтайды (қараңыз Wasserman and Clair 2010), сондай-ақ кейбір басқа топтар да солай ете алады (Chevalier 2015). Мұндай процестер интернетте де болуы мүмкін.

Қарапайым өмірде қоғамдық және жеке арасындағы айырмашылық кімнің қатысатынына байланысты болса керек және көбінесе зерттеушілердің тәжірибесі арқылы көрініс табады. Мысалы, білім беру саласындағы зерттеушілер балалардан олардың достығы туралы жиі сұрайды, ал мұғалімдер арасындағы достық паттерндерін зерттеу әлдеқайда аз кездеседі; кейде балалардың жеке өмірі ересектер, әсіресе кәсіби, орта тапқа қарағанда заңды түрде ашық деген болжамға байланысты болуы мүмкін. Бұл, әрине, дауласуға болатын болжам, бірақ ол нені жеке өмірге қол сұғу деп айтамыз және нені айтпайтынымыз, сонымен қатар не қабылданады және не қабылбайтыны туралы пайымдаулардың айтарлықтай өзгергіштігін білдіреді. Сонымен қатар, құпиялылық белгілі бір түрдегі ақпаратқа заңды қол жетімді деп есептелетін немесе есептелмейтін нақты аудиториялар тұрғысынан анықталса керек: "балалар алдында емес" немесе, балама, "ересектер алдында емес"!

Кейде зерттеушілердің жеке өміріне қол сұғу, зерттеудің мамандандырылған аудиторияға арналғанымен түсіндіріледі, зерттеліп жатқан адамдар да, оларды білетін басқа адамдар да оны оқуы екіталай. Дегенмен, үнемі солай бола бермейді. Солай болған жағдайда да, ол жеке өмірге кез-келген қол сұғуды ақтай ма? Бір қызығы, кейбір информанттар Шепер-Хьюздің ирландиялық ауыл, әулиелер, ғалымдар мен шизофрениктер туралы зерттеуіне жауап бере отырып, оларға түсінікті түрде жазылғанына шағынды: "неге оны ешкім оқымайтын кітапхана сөресіндегі шаңды диссертация түрінде немесе тек "сарапшылар" ғана оқитын ғылыми еңбек ретінде қалдырмадыңыз?" (Scheper-Hughes 1982:vii; see also Scheper-Hughes 2001:xvii) Бұл кең аудиторияға арналған танымал немесе қоғамдық әлеуметтік ғылымның тартымдылығын меңзейді.

Мұндай проблемалар "инсайдерлер" жүргізген зерттеулер жағдайында, Моррис әлеуметтік қызметкерлер туралы өз зерттеулерін талқылағандай, ерекше формада көрінуі мүмкін:

Мен сұхбаттарды талдай бастаған кезде, мен әлеуметтік қызметкерлер сөздерін (және өзімнің – бірақ бұл мені кінәлі емес; керісінше, бұл мені

ыңғайсыз сезінді) сыни тұрғыдан талдап, әлеуметтік қызметкер жұмысының таныс және дәлеледеуді қажет етпейтін тұстарын алаңдағыным үшін өзімді аса кінәлі сезіндім. Ешкіммен талқылай алмайтын "лас құпия" болғандай алаңдап, шарасыз болдым. Бұл сезімдер көрші университетте әңгімелесу кезінде сұхбаттан алынған үзінділерді алғаш қолданған кезде күшейе түсті. Әлеуметтік қызметкерлердің сөздерін психиатрларға, қызметтерді пайдаланушыларға және практиктерге толы бөлмеде дауыстап айта отырып, мен олардың сөздерін академиялық мансапты дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлерге сатқындық жасап, оларды бұрын-соңды кездестірмеген адамдармен зерттеу үшін жария еткендей болдым. Мен тіркелген әлеуметтік қызметкер ретінде бөлмедегі "бейтаныс адамдарға" әлеуметтік қызметкерлерді сынауға мүмкіндік бергенім үшін өзімді өте ыңғайсыз сезіндім. Өзімді ауру сезініп, ұялдым. Келесі бірнеше апта бойы бұл сезімдер менімен бірге болды. Мен деректердің анализіне кірісе алмадым. (Morriss 2016:534)

Гоффман (Lewis-Krauss 2016) этнографияны журналистикамен салыстыра отырып, (қараңыз Malcolm 1991) атап өткендей, далалық жұмыстар кезінде адамдармен қарым-қатынас орнатқан "аутсайдер" зерттеушілер үшін де мұндай проблема туындауы мүмкін. Ол этнографтар көбінесе зерттелетін адамдардың достарына айналады деп жазады, сондықтан олар не істеп жатқаны туралы хабар кейде "сізге ең қымбат адамдарды сатқындық жасағандай, өз отбасы мүшелеріңіздің құпияларын жария қылған сатқындық сияқты" сезінуі мүмкін. Ал Крю мен Иевинс (2015) Малколмның жұмысына сүйене отырып, түрмедегі этнографиялық зерттеулер, кем дегенде, сатқындық сияқты көрінуі немесе сезінуі мүмкін бірқатар әдістерді сипаттайды. Сонымен қатар, Боск (2008:ch 8) бұл мәселе туралы, оның медициналық мекемелердегі зерттеулерінде ой қозғайды.

Құпиялылық мәселесі адамдар өздеріне қатысты ақпаратты бақылауға құқылы, сонымен қатар зерттеушілерде оны нақты пайдалануға рұқсат болуы керек деген кейбір зерттеушілер идеясымен тығыз байланысты (қараңыз, мысалы, Walker 1978; LaFrance and Crazy Bull 2009). Осылайша, Линкольн мен Губа "қатысушылар өздері туралы деректерді "білмесе", олар өзінің адамгершілік сезімінің басты элементінен айырылғандай, оның үстіне өзінің қауіпсіздігінен айырылғандай" дейді" (Lincoln and Guba 1989:236). Қатысушылар өздеріне қатысты мәліметтерге ие болады деген идея құжаттар, сұхбаттар немесе онлайн блогтар сияқты дереккөздерін қолдануға қатысты айтылады, дегенмен негізінен бұл бақылау деректеріне де қатысты болуы мүмкін. Адамдарға меншік құқығын беру барысында олар құпия немесе зиянды деп санайтын ақпаратты зерттеуші көпшілікке жария ету салдарынан

қорғайды деп болжайды. Алайда бұл көзқарас сынға ұшырады. Мәселелердің бірі – бірдей ақпарат, қызығушылықтары мен мүдделері әр түрлі, бірнеше топқа немесе әлеуметтік категорияларға жататын көптеген адамдарға қатысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, адамдарға ақпаратты бақылау құқығын беру, мысалы, ықпалды топтарды қолдауды жеңілдетеді және шынайы зерттеулерді мүмкін етпеу сынды алдамшы көрініске қолдау көрсетуі мүмкін.

Этнографтардың, басқа әлеуметтік зерттеушілер сияқты, оларды кім айтқандарын ашпай, деректерді құпия түрде сақтайтынын талап ететін себептерінің бірі – жеке өмірді қорғау мақсаты, сонымен қатар ол ақпарат берушілерді ықтимал қауіптен де қорғай алады. Алайда, Алкадипани мен Ходжсон газеттегі және полиграфиялық компания туралы зерттеулері көрсеткендей деректердің құпиялылығын сақтау әрдайым оңай емес:

[Жағдай] өте нәзік болды, өйткені мен ӨД-мен [RedPaper Өндірістік директоры] жеке қарым-қатынасымызда сенім деңгейін қалыптастырдым. Ол бірнеше рет RedPaper туралы өте құпия ақпаратты ашып, ұйым ішінде ақпаратқа рұқсатты қамтамасыз ету үшін менің демеушім ретінде әрекет етуді жалғастырды. Нәтижесінде мен оған қарыздар екенімді сезіндім. Мен далалық жұмысымды жүргізу барысында RedPaper штаб-пәтерінде екі рет кездесу болған, онда ол менен OneCo туралы құпия ақпарат ретінде нені санайтынымды сұрады [RedPaper коммерциялық қарым-қатынаста болған полиграфиялық компания]. Әр бір жағдайда мен конфиденциалдылық міндетіме берік екенімді және зерттеудің қатаң этикалық қағидаларын ұстану қажеттілігін атап өтетінмін. Оның жауабы: "Жарайды, достым" болды. Өмір ымырадан тұрады. "Сіздің зерттеуіңіз барлығымыз үшін пайдалы болуы керек". Бірінші кездесу кезінде мен RedPaper мүдделеріне қауіп төндіретін ештеңе көрмедім. Алайда, менің зерттеулерім тереңдеген сайын, көптеген проблема туындады; мысалы, OneCo-ның кейбір менеджері OneCo-ның БД келісімімен монтаждау жобасының қаражатына кейбір шығындар қарастырылмаған болса да, оларды әдейі бөлгені белгілі болды. Саналы ұстаным негізінде, мен бұл туралы газеттің Өндіріс директорына хабарлай алмайтынымды сезіндім, сөйте тұра, мен оның қолдауын ескере отырып, оған бұл ақпаратты хабарламағаным үшін өзімді кінәлі сезіндім. Оның орнына, біздің кездесуіміз кезінде мен құпия ретінде санамаған, ақпаратты ашпай-ақ, OneCo-нің айтарлықтай құпия емес мәселелері туралы сөйлестік. Сондықтан мен OneCo-ның құпиялылығын сақтауға тырысқаныммен, ол басқаша ала алмайтын ақпаратты менен тартып алу мүмкіндігі бар. (Alcadipani and Hodgson 2009:136)

Бұл жағдайда этнограф өзгелер секілді ақпаратты жария етуге қатысты қысымға ұшырайды, мұнда келісімге келу аса зор қиындықпен және көбінесе мейлінше қанағаттандырмайтын тәсілдермен жүзеге асады.

Құпиялылықты сақтау мәселесі әсіресе информанттар заңды белден баса отырып, аса құпия ақпараттарды жария еткен кезде едәуір қиын болуы мүмкін. Томкинсон бұған қатысты иммиграциялық трибуналдар туралы зерттеулерінен мысал келтіреді, ол оған өтініш берушінің трибуналды алдағанын анықтаған еді.

Біздің кездесуіміз басталғаннан он минут өткен соң, Әділ менен нашар ағылшын тілінде: "менің сот тыңдауындағы сөз сөйлегенім жайында не ойлайсыз? деп сұрады. Мен таңқалдым, әрі оның сұрағын толық түсінбедім. "Мен гомосексуалист емеспін, әйелім қазір Пәкістанда" деп жалғастыра отырып, "ал балаларым" деп ол маған олардың суреттерін көрсетті. Ол күліп, қайта-қайта "сөз сөйлеу, жақсы сөз сөйлеу" деп қайталады. Мен басқа не істерімді білмей, онымен бірге күлдім. Оның "сөзі" сот тыңдауында қаншалықты боямасыз және шынайы көрінгенін ескере отырып, мен таң қалдым. Ол маған әңгімеге көмектескен агентті іздеудің бүкіл процесін түсіндіріп берді, ерлі-зайыптылар сияқты оған басқа үміткер адам таңдап, олардың төлқұжаттарын, визаларын және Канадаға рейстерін ұйымдастырды. (Tomkinson 2015:40)

Этнограф бұл туралы билік органдарына хабарлауы керек пе? Ғылыми публикацияларда босқындардың иммиграция мақсатында жасаған жалған істері туралы хабарлау керек пе? Бұл туралы кеңірек қоғамдық аудиторияға арналған басылымдар хабарлауы керек пе?

Жеке ақпаратты қорғау және құпиялылықты сақтау, әрине, этнографтар есте ұстауы керек этикалық ұсыныстар. Бірақ олардың нақты жағдайларда нені білдіретінін және шиеленістер басқа принциптермен қалай шешілуі керектігін дерексіз анықтау мүмкін емес. Мұндай жағдайларда мүмкіндігінше, ең жақсы шешімдер жасалуы керек және этнографтың жұмысын кейінгі бағалау осы жағдайларды ескеруі керек.

Зиян келтіру

Этнографиялық зерттеулер, мысалы, медициналық сынақтарда мүмкін болатындай аса маңызды салдармен (пайдалы немесе зиянды) сирек байланысты болса да, кейде олар зерттелетін адамдарға немесе басқаларға да қатысты айтарлықтай әсері болады. Олар нақты зерттеу процесі немесе нәтижелерді жариялау нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Кем дегенде, зерттеу

кейде аландатуы мүмкін. Немесе бұл адамдар стресстік жағдайларда болған кезде оны нашарлатуы мүмкін. Хаар мен оның әріптестері зерттеудің осындай ықтимал зиянына науқастардың туыстарымен сұхбаттан тұратын зерттеуден, мысал келтіреді:

[...] Шамамен сұхбат басталғаннан 15 минуттан кейін телефонға қоңырау шалынды, Сюзан менен әзірге ол қоңырауға жауап бергенше диктофонды өшіре тұруымды сұрады. Бірнеше минуттан кейін ол қайтып келіп, маған біреу ауруханадан күйеуімен өзі қатысқан зерттеу жобасы туралы сөйлескісі келетінін айтты. Содан кейін ол отырып, жылай бастады. Мен не істерімді білмедім. Мен таңқалдым, әрі аздап қысылдым, өйткені бастапқыда әңгіме барысында Сюзан байсалды және ұстамды болып көрінді. Мен отырған қалпымда қалып, Сюзанға оның мазасыздығын түсінетінімді және ол өте қиын жағдайда екенін айттым. Бірнеше минуттан кейін ол жылауын тоқтатып, маған қазіргі уақытта ауыр жағдайда екенін айтты. Ауруханадан келген кез-келген хабарлама оны қатты қынжылтады. Қысқа үнсіздіктен кейін ол өзі бастап, әңгімені жалғастырды. Мен қайтадан қысылып қалдым: сұхбатты тоқтатуым керек пе немесе не істеу керек? Мен ойланып отырғанымда, Сюзан маған телефон қоңырау шалмас бұрын айтқан тәжірибелері туралы айтып берді. Менің ойымша, ол әңгімені жалғастыруға бел буып келген. (Naahr et al. 2014)

Осы мысалдан көріп отырғанымыздай, қатысушылардың мазасыздығы мен күйзелісі зерттеуді тоқтата тұрудың себебі екенін түсіне бермейді, дегенмен оның жалғасуы зиян тигізбейді дегенді білдірмейді.

Шектен тыс мазасыздық пен стресс емделмейтін аурулары бар адамдарды зерттеуде ерекше қауіп төндіреді (Lawton 2000; McNamara 2001; Seymour 2001). Канон (1992: 162-3) бұл сүт безі қатерлі ісігі бар әйелдерге арналған зерттеулерінде өзекті мәселе екенін анықтады. Онымен айналыса отырып, ол әйелдерді зерттеу процесі – оларға қалай және қашан көмектескені және көмектеспегені туралы ойлауға шақырып және оларды барынша сұхбаттың бақылауында қалдырып отырды Алайда, оның зерттеулері олардың жағдайын нашарлатуы мүмкін деп өзін кінәлі сезінді:

Мен сөйлескен әйелдердің көпшілігі өздерін нашар немесе сұхбат кезінде ыңғайсыз сезінді; олар ауруханада болуды ұнатпады, ал менің клиникадағы әңгімелерім олардан ұзақ қалуды талап етті; менің сұрақтарым олардың кеудесінде ауруды алғаш тапқан кезге қайтып оралуын талап етті, бұл екінші реттік таралуы бар әйелдердің көпшілігі үшін алыс болып көрінді,

әрі қазіргі өміріне қауіп төндіретін проблемаларға айтарлықтай қатысты болмады. (Cannon 1992:172)

Сөйтсе де, ол әйелдерге физикалық және эмоционалды жағынан қолдау көрсете алғаны соншалық, олардың кейбіреулері қайтыс болғанға дейін олардың әлеуметтік ортасының маңызды құрамдасына айналды.

Әрине, мысалы, зерттелген адамдар белгілі бір қауіп-қатерде болған кезде оларға басқа тұрғыда зиян келтіру қаупі бар. Мысалы, британдық қаладағы құпия полиция қызметкерлерін зерттегенде өзінің жасаған не жасамаған әрекеті арқылы адам басқаларға және тіпті өзіне қауіп төндіруі мүмкін. Бір топ жасырын офицерлер кейбір күдіктілерді қамауға алуға дайындалып жатыр, ал зерттеуші олардың бірінің көлігінде еріп жүрді:

Рация арқылы бұталар арасында Ли [. . .] – 1 объектінің қозғалысын сипаттайды. Ол үйдің жанына көлігін қойып, есікке қоңырау шалды. Қысқаша радио хабарында Ли бізге "мұнда тұратын адам бұрын бақылауды бұзғанын" айтты. Қазір Алишия кейігіш және өте сақ. Біз объектіден шамамен 100 метр қашықта тұрдық, ол жерден көлігіміздің қараңғыланған артқы әйнектері арқылы үйге апаратын жолдың басына көрініс ашылады. Ли қозғалысты сипаттады: екі ер адам үйден шығып, 1 объектімен сөйлесіп тұрды. 2 объектінің машинасы тұйыққа тіреледі, ерлердің бірі кенеттен тәртіпті бұзып, жолдың басына қарай бет алады. Енді мен оны көре аламын. Ол оң шынтағын жоғары көтеріп, телефонын құлағына басты. Мен оның қадамдарын санап, ішімнен оның не ойлағанын білгім келді. Ол кішкентай, мығым денелі, ал қозғалған сайын, иықтары да үрейлі теңселеді. Мен дірілдеп, оның тікелей бізге қарай бағытталғанын түсіндім.

Алишия радио арқылы бізге субъектінің қозғалысын байсалды түрде сипаттайды. Мен тіземнің дірілдегенін сездім Алишия ақырын бұрылып: "Мүмкін біз осында құшақтасуымыз керек шығар" деді. Мен баяу оған қарай бұрылып, қолыммен оның басын ұстадым. Енді бұл адам бізден 30 метрдей ғана қашықта, мен қараңғыланған артқы әйнек арқылы тікелей бізге бағыт алғанын көрдім. Мен басымды Алишияға жақынырақ идім, ал ол жүргізуші есігіне арқасымен отырды. Тым көп уақыт өтті, мен тағы да көзімнің жиегімен объектінің кері айналғанын байқадым – біздің зияны жоқ еркеліктеріміздің кінәсіздігімен қанағаттанды ма, жоқ па білгім келді? – әлі де телефонды құлағына жабыстырып, ол кері үйіне қарай жүрді. Арқамнан ауыр жүк түскендей болды. Алишия тағы да радионы қосты. (Мен оның дауысын қалай азайтқанын да байқамадым). Біз комментарийлерді тыңдадық: қарулы топ баса кіріп, қамауға алады. (Mac Giollabhuí et al. 2016: 640–41)

Авторлардың комментарийлері: "егер Мак Джоллабхи көліктен шықса не болар еді? Егер ол көліктен шықса, бұл полиция қызметкеріне қауіп төндірер еді, әрі, әрине, бақылау операциясын бұзар еді, дегенмен оның этнограф ретіндегі позициясына да нұқсан келтірер еді" (р641). Дурао (2017:232) Португалия полициясы туралы зерттеуін жасау барысында басқа проблемамен бетпе бет келгенін айтады: полицейлер оған детективтегі шеберлігін паш ету үшін жас жігітті ұстап, оны соттауға тырысқан. Сонымен бірге, Вандерстай (2005:380) өзінің зерттеуіндегі бұған дейін істі болған жас жігіттің тағы да қылмысқа ұрыну мүмкіндігін айтқан: "маған әсер ету үшін ол қылмыс жасауы мүмкін" деп алаңдаушылық білдірді.

Этнографтар, егер олар далалық жұмыстар барысында адамдардың зиянды әрекеттерінің куәсі болса, не істеу керек деген мәселе де орынды. Алкадипани мен Ходжсон бұған полиграфиялық компания туралы зерттеулерінен мысал келтіреді:

Далалық жұмыс кезінде, мен үнемі саботаж, буллинг және нәсілшілдік жағдайларын байқадым. Саботаждың кейбір формалары баспа машинасы сағатына 80 миль жылдамдықпен жұмыс істеген кезде өте қауіпті, ол тек өндірісті ғана бұзып қоймай [. . .] сондай-ақ, басқа да адамдардың басын қауып-қатерге тігеді. Нәсілшіл ескертулер үнемі азиялық жұмысшылар мен менеджерлерге қатысты болды, ал буллинг кеңінен қолданылды. Мысалы, мен буллинг бойынша зерттелген менеджердің ол кезде әртүрлі қорқыту әрекеттеріне куә болдым. Осы іс бойынша бірдеңе айтқым келе ме, жоқ па деп аға менеджер мен кадрлар бөлімінің қызметкері менен жеке сұрағанда, мен өзімнің зерттеуімнің этикалық қағидалары негізінде түсініктеме беруден бас тарттым – мұндай жағдайларда бұл менің стандартты жауабым. Менің мұндағы негіздеме келесідей – кез-келген проблемалық актінің кінәлілері туралы хабарлама менің құпиялық туралы келісімімді бұзар еді (алғашқы кездесулерімде кәсіподақтар өкілдері мен менеджерлерге нақты кепілдік берген) және мүдделі тұлғаларға айтарлықтай зиян келтірер еді. Мен бұл туралы біраз уақыттан бері ойланып келемін, зерттеудің этикалық принциптері тұрғысынан әрекеттің ақылға қонымдылығына қарамастан, мен қателескенімді сезіндім. Бұл парадоксалды жағдай болды, өйткені кейбір адамдарды қауіптен қорғау үшін мен басқаларына анық зиян келтіретін адамдардың көзқарасы мен әрекеттері туралы үндемедім. Сонымен бірге, менің алаңдаушылығым тек этикалық ғана емес деп айту керек; зерттеуді жалғастырудың инструменталды қажеттілігі де болды. (Alcadipani and Hodgson 2009:137)

Этнографиялық зерттеулерді жариялау жеке тұлғалардың қоғамдық беделіне немесе олардың материалдық жағдайларына зиян келтіруі мүмкін. Қарама-қайшылық осында. Бір жағынан, зерттеудің этикалық принциптерінің талаптары анықталғанды баяндау қажеттігін алға тартады. Екінші жағынан, жариялау үшін ақпаратты енгізбеу, шектеу немесе тіпті өзгерту себептері болуы мүмкін. "Қоғамдық білу құқығы" негізінде зерттеу нәтижелерін шектеусіз жариялау, егер ол басқа жағдайлармен жеңілдетілмесе, қауіпті болуы мүмкін. Мысалы, Шилс (1959: 137) қоғамдық институттардың тұрақты жариялылығына қарсы дәлелді аргументтер келтіруге болады деп мәлімдейді. Шамадан тыс жариялылық институттардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті бейнелігі мен рефлексияны күшейтетін құпиялылықты бұзып қана қоймайды, сонымен бірге олар, ең болмағанда, азаматтарға қатысты болуы керек құрметті бұзады деп айтуға болады. (Shils 1959:137)

Қоғамдық "ашықтық" сөзсіз игілік ретінде кеңінен қарастырылатын дәуірде бұл маңызды мәселе. Бұл қарама-қайшылық жағдайында белгілі бір тепе-теңдікке қол жеткізу керек.

Шилстің көзқарастарынан мүлдем өзгеше ұстанымдағы Беккер де, егер зерттеу үшін басты болмаса немесе оның маңыздылығы көрсетілгендей салдардан артық болмаса, онда зерттелетін адамдардың ұялуына немесе қайғысына әкелетін нәрселерді жариялаудан бас тарту керек дейді (Becker 1964:284). Іс жүзінде, зерттеушілер көбінесе өздері пайдаланбайтын құпия ақпаратқа қол жеткізеді. Мэйсон (1990:106) ауылдық ағылшын ортасындағы гендер мен мектептегі білім беру туралы зерттеуінде "қосымша ақша табу", "салық төлеуден жалтару" сияқты құпия тәжірибелердің егжей-тегжейлері, сонымен қатар одан құпия сақтауды сұраған "өсек" туралы әртүрлі мәліметтер белгілі болғанын баяндайды. Басқалары сәл алға жылжығандай. Мысалы, Цин бұл туралы келесідей баяндайды

"Индонезиялық экологтар Халықаралық ғылым және саясат мәдениеті аясында жұмыс істейді; олар АҚШ ғалымдарының жергілікті салдары туралы ойламай-ақ, қалағандарының бәрін айта салу қабілетіне ауыр әсер етеді. Менің белсенділермен этнографиялық жұмысым маған ұстамдылық пен сақтықты үйретті: мен зерттемейтін немесе жазбайтын көптеген нәрселер бар. Мен өз зерттеуімді барлық ақпараттан тазарттып шықтым дегенді білдірмейді, керісінше, мен халықаралық құрмет пен ынтымақтастықтың қоғамдық мәдениетін қалыптастыру үшін шынында да қолайлы және пайдалы болып көрінетін зерттеу тақырыптарының түрлеріне қатысты таңдау жасадым". (Tsing 2005:xii)

Кайзер сүт безі қатерлі ісігі диагнозы қойылған әйелдерге қатысты зерттеуінде кейбір деректерді басқа себеппен жария етпеуге шешім қабылдады: информант өзінің лесбиян екенін жасырмады, егер бұл ақпаратты жария етер болса, онда ол құпиялылық талаптарын бұзу болар еді, ал мұның салдары оған теріс әсер етуі мүмкін:

Менің диссертациям жыныстық азшылықтағы әйелдердің тәжірибесіне қатысты емес. Десек те, арнайы қызметтерді жақсарту үшін Edgewater орталығы және жергілікті медициналық көмек көрсетушілер арасында Рейчелдің тәжірибесімен бөлісуге болады. Оның үстіне, Edgewater орталығының директоры менің нәтижелерімді сүт безі қатерлі ісігімен ауыратын науқастармен жұмыс істейтін дәрігерлер мен медбикелерге ұсынғым келе ме деп сұрады. Мен дайын болдым. Алайда мен Рейчелге құпиялылық туралы уәде бердім. [. . .] Рейчелдің ойлары туралы Edgewater орталығымен немесе ондағы медбикелермен және дәрігерлермен пікір алмасу біздің құпиялылық туралы келісімімізге қауіп төндіруі мүмкін. Edgewater орталығының құрамындағы аурухана жыл сайын сүт безінің қатерлі ісігімен ауыратын 150-ге жуық науқасқа диагноз қояды. Пациенттердің осы шағын контингентін ескере отырып, сол уақыт аралығында Рейчел ауруханадағы сүт безі қатерлі ісігі ауруы бар жалғыз ашық лесбиян науқас болуы мүмкін. [. . .] Сайып келгенде, мен Рейчелдің жеке өмірін қорғау үшін аурухана қызметкерлерімен немесе Edgewater орталығының қызметкерлерімен оның ойлары туралы бөліспеуге шешім қабылдадым; дегенмен, біреудің қатерлі ісік ауруы тәжірибесінің ауыр бөлігі туралы деректерді кейінге қалдыру алаңдаушылық тудырды.

Іс жүзінде, кейде зерттеушілер тіпті зерттеу үшін аса маңызды деректер немесе нәтижелер этикалық тұрғыдан жасырын қалуы керек деп шешуі мүмкін. Антрополог Эванс Притчард өзінің "Азанда сиқыршылығы" [*Witchcraft among the Azande*] кітабында осындай ішкі цензураның мысалын келтіреді. Автор магия тәжірибесі туралы зерттеуіндегі белгілі бір қауымдастық туралы ақпаратты оның мүшелеріне тигізер зардабын ескеріп алып тастады: "Еуропалықтар әдетте бұл қауымдастыққа қатаң түрде қарсы тұрады, әрі оның мүшелерін қатты жазалағандықтан, мен оның рәсімдері туралы зерттеуді жариялаудан бас тартамын, өйткені олардың кейбірі еуропалықтардың сезіміне тіл тигізер еді" (Evans-Pritchard 1937:511; quoted in Barnes 1979:40).

Әрине, басқалардың да зиян келтіреді деген себеппен жарияланымға тосқауыл қоюға тырысуы мүмкін, ал бұл жағдайда этнограф қалай әрекет ету керегін шешуі керек.

Морис Панчтің Дартингтон Холлды [Dartington Hall] (Дэвондағы, Англия, алдыңғы қатарлы жеке мектеп) зерттеудің кейінгі кезеңдері басылымға байланысты мәселелермен қиындатылды. Бастапқыда құрамына әйгілі британдық әлеуметтанушы кіретін, мектепті қаржыландырған Қор бұрынғы студенттер бойынша қайта зерттеулер жүргізу үшін Панчті қаржыландырды. Сонымен бірге, Панч PhD бағдарламасына қабылданып, алдыңғы қатарлы мектеп-интернатын іздеді, сөйтіп ол Дартингтонды осы мақсатта қолдана алады деп шешілді. Алайда зерттеу барысы қақтығыстар мен өзара айыптаулар қатарына айналды. Панчтың Қор төрағасының жазбаша келісімінсіз зерттеуден алынған нәтижелерді жарияламайтындығы туралы құжатқа қол қоюы өте ақымақтық болған шығар. Нәтижесінде, ол диссертациясын аяқтағаннан кейін, жариялауға келісім алудан бұрын, заңды түрде қудаланудан құтылу үшін ұзақ күресуге тура келді. Сенім білдірілген өкілдер кейбір нәтижелермен келіспеумен бірге, әсіресе барған сайын мектептің жағымсыз саяси жағдайда қалғанын ескере отырып, кітаптың жариялануының салдары туралы алаңдады. Сенім білдірілген өкілдердің алаңдауын ұлттық газетте кітапты шығарудан бір апта бұрын пайда болған тақырып растаса керек: "келесі бейсенбіде алдыңғы қатарлы мектеп Дартингтон Холлдың астында баяулатылған бомба жарылады. Ол бомбаның аты академиялық сыни кітап⁷³.

Панчтың зерттеуі жағдайында бұл мүмкін болмаса да, әдетте этнографтар зерттеу жұмыстарында қатысушыларға қауіпті азайту үшін өздерінің зерттеу орындарын және зерттеген адамдарға қатысты жеке ақпаратты алып тастайды. Шынында да, кейде олар жағдайды жасыру үшін шағын бөліктерін өзгерте отырып, аясынан шығады. Алайда, оның дұрыстығы туралы пікірталастар болды, ал қатысушылар кейде олардың атын атауды сұрайды немесе талап етеді (қараңыз Hammersley and Traianou 2012:126–31; Edwards and Weller 2016; Murphy and Jerolmack 2016; Jerolmack and Murphy 2017; Lubet 2018:ch7; Reyes 2018). Кейде орындар немесе ұйымдар аталып, ал жеке адамдарға Хоның (2009:21–2) Уолл-Стрит бойынша зерттеуіндегідей лақап аттар беріледі. Сол сияқты, Герберт (2017:32) өзі зерттеген полиция бөлімі орналасқан қаланың атын жария қылғандықтан, кем дегенде, ол зерттеген кейбір адамдарды табуды оңай етті. Ол мұны полицияның өз әрекеттері үшін, әсіресе олардың күш қолдануы үшін жауап беруі керек, ал этнографтар, қоғам қайраткерлері сынды, бұл жауапта белгілі бір рөл атқаруы

⁷³ Содан кейін Панч та бастапқыда британдық жала жабу туралы заңдарға сілтемелермен бұғатталған зерттеу есебінің жарияланымын анықтады: Punch 1986:49-69.

керек деп негіздеді. Алайда, бұл этнограф рөлінің бөлігі дегенмен барлығы бірдей келісе қоймайды, сонымен қатар кейбіреулер қатысушыларды жауапқа тарту емес, олар үшін ықтимал қауіп төндіру деп қарастырады (қараңыз Bosk 2008:ch8). Мұнда, барлық жерде сияқты, қайсысы жақсы екені туралы келіспеушіліктер тағы бар.

Әрине, зерттеу баяндамалары анонимді болса да, бұл адамдар мен жерлерді тануға кедергі болмайды. Сонымен, Шепер-Хьюз зерттеген ирланд ауылы жергілікті газет арқылы анықталды (Scheper-Hughes 2000, 2001)⁷⁴. Маккензи (2015) жұмысшы тап өкілінің жер иелігі туралы кітабын жазғанда, осындағы отбасының және жұмысшы тап өкілдерінің әрі қарайғы қорлануына алаңдап, ұйқысыз түндерді өткізгенін жазады. Әрине медиа жариялылық жеке тұлғалардың, ұйымдардың және орындардың беделіне нұқсан келтіруі, сонымен қатар оған қатысқандардың сезімдеріне зақым келтіруі мүмкін. Мұнда жауапкершіліктің зерттеушіге жүктелетіні қызықты, әрі қиын мәселе. Бұл келтірілген зиян қаншалықты ауыр екені туралы әңгімеге де қатысты болады. Дегенмен бұл қауіптерді есте ұстаған жөн. Сонымен бірге этнографиялық жұмыстардың көпшілігі медиа назарын аз немесе мүлдем аудармайды деп айту керек.

Зерттеу объектілері және қатысушыларды қоғамдық идентификациялауға байланысты келтірілген ықтимал зиян атына кір келтіру, абыржу немесе жабырқаумен шектелмейді. Вольф өзінің "қылмыскер-байкерлер" зерттеуінде баяндағандай, этнограф үшін де елеулі зардаптар әкелуі мүмкін:

Бірнеше жылдан кейін [. . .] мен қарақшылармен бірге жүруді тоқтаттым, Калгари полициясы Калгари көтерілісшілері ұйымының мүшесінің атыс қаруын сатып алу туралы куәлігін жою мақсатында оны сотқа шақыртты. Калгари полиция қарулы бөлімінің қызметкері "сот сарапшысы" мәртебесін алып, "прокурор айыптаушы куәгер" ретінде әрекет етті. 'Сот сарапшысы' дегеніміз жалпы білімі мен ақпараты болуына байланысты сот мәселесі бойынша сотқа "фактіге негізделген пікір" ұсынуға қабілетті адам. Айыпталушының адвокаты полиция офицерінен қандай негізде қылмыскерлер туралы білетінін сұрағанда, офицер менің диссертацияммен танысу арқылы сарапшы куәгер ретінде қатысу құқығын негіздей алды. Калгари қылмыскері

⁷⁴ Осы кейсті талқылау үшін де қараңыз: <https://immablog.org/2017/05/02/the-devastation-of-the-people-aninterview-with-nancy-scheper-hughes/>

ақыр соңында сот ісін жеңіп, атыс қаруын иемденудің заңды құқығын сақтап қалды; алайда ол Эдмонтонға менімен есеп айырысу үшін келді.

Вольф өш алудан құтылса да, Калгариялық қарақшы мен оның серіктестері диссертация негізіндегі кітапты жариялауға қарсы екендіктерін анық көрсетті: "Сіз бұл кітапты ешқашан жарияламайсыз! "Бұл қызықты этикалық қиындық болды: бұл қауіпті жеке қиындық болды" деді Вольф Алайда, бұл менің алғашқы келісімді жасаған ағайындар емес еді, сондықтан мен кідірмей, оны жариялауды ұйғардым " (1991:221).

Этнографиялық зерттеулерден туындайтын материалдық зардаптардың одан да экстремалдық жағдайды 1957 жылы француз тілінде жарық көрген Оңтүстік Вьетнамдағы таулы ауыл – Сар-Лук бойынша Кондоминастың антропологиялық зерттеуі сипаттайды. Кейін оны америкалық армия Вьетнам соғысында "этнографиялық барлаудың" бөлігі ретінде пайдаланды. Кондоминас жинаған ақпарат Оңтүстік вьетнамдық армияның Сар-Лукты жоюымен тікелей байланысты болмағандай, дегенмен бұл ауыл туралы ақпараттың жариялану салдары онда тұратын адамдар үшін, кем дегенде, өлімге әкелгені анық, десек те Кондоминас оны алдын-ала болжай алмады (қараңыз Barnes 1979:155–6). Сол сияқты, Венесуэла үкіметі орнына ағаш өндіру немесе басқа мақсаттарға пайдалану үшін ол жерден байырғы тайпаларды ығыстырудың амалы ретінде Яномаоны қауіпті және жабайы деп тану үшін, сол адамдарды зерттеген Шаньонның жұмысын пайдаланды (Chagnon 2013; Sahlins 2013)⁷⁵.

Материалдық зиянның қарапайым мысалы – Диттонның нан сатушылар арасындағы "алаяқтық пен ұрлық" туралы зерттеуі. Оның кітабының алғысөзі келесідей:

Менің көптеген достарым мен әріптестерімнің арқасында жолым болды. Енді осы кітап бысылып шыққанда бұрынғы достардан [гөрі кейінгілер] көбірек болатын шығар. Менің ойымша, Уэллбредтің [Wellbread] көптеген жұмысшылары осы жұмыс олар үшін тиесілі нақты жалақыны қысқартуға тым сыпайы қарайды деп ойламаймын, ал менің наубайханалық "менім" олармен келіседі. (Ditton 1977:vii)

Диттонның нақты наубайханада жұмыс істейтін өткізу бөлімі қызметкерлерінің арасында "алаяқтық пен ұрлықты" әшкерелеуі осы

⁷⁵ Шаньонның зерттеулері оның ерекше теориялық көзқарасымен қатар, басқа жағынан да қайшылықты болды: қараңыз Borofsky 2004.

наубайханада жұмыс істейтіндердің тағдыры мен беделіне ғана емес, басқа наубайханаларда жұмыс істейтіндерге де зиян келтірді деп айтуға болады, олардың көпшілігі, егер бәрі болмаса, салыстырмалы түрде төмен жалақы алды. Сонымен қатар, этнографиядағы көптеген басқа этикалық мәселелер сияқты, бұл әшкереленген ғадет, әрине, адамгершіліксіз, әрі заңсыз болды.

Мұндай жағдайларда кімнің мүддесі маңызды болуы керек, сондықтан не нәрсе зиянды және зиянды емес немесе қандай қатерден аулақ болу керек, сол сияқты осы ойлардың қаншалықты назарға алынуы керек екені әрдайым айқын бола бермейді. Кейбіреулер, әсіресе, ықпалды адамдар мен топтарды зерттеу кезінде, ғылыми білімнің немесе білімге деген қоғамдық құқықтың құндылығы кез-келген осындай қауіптен асып түседі деп есептейді. Басқа мамандар көптеген зерттеулердің көпшілікке тигізетін пайдасы аз деп болжайды, сонымен қатар зерттеу нәтижесінде алынған білімді жаман емес, жақсы мақсаттар үшін қолдануды қамтамасыз ету әрекеттерінің маңыздылығын талап етеді. Бірақ бұл қаншалықты орындалуы мүмкін (және керек), сонымен қатар олардың жақсы және жаман екендігі туралы пікірлері қаншалықты негізделген, сөзсіз олар үнемі әртүрлі және әрқашан даулы болады. Оның үстіне, әдетте, этнографтар жарияланғаннан кейін еңбектерінің салдарын сирек қадағалайды, көп жағдайда олар бірқатар көзқарастар тұрғысынан шағын немесе маңызды емес болады. Көбіне, олардың қолынан келетіні – ауыр қауіпке қарсы сақтық шараларын қолдану, әсіресе адамдар мен олар зерттейтін жерлерді анонимдеу; дегенмен, біз көргеніміздей, бұл әрдайым мүмкін емес, кейде дұрыс емес.

Эксплуатация мен өзара пайда

Этнографиялық зерттеулер зерттелетін объектілерді пайдаланудан тұрады деген пікірлер бар: адамдар зерттеушіні қолданатын ақпаратпен қамтамасыз етеді, ал әйтсе де есесіне қайтарымы тым аз немесе дым да алмайды. Лейенбергер (2015:26) "зерттеушілер далалық зерттеулерін аяқтайды да, содан кейін академиялық орталарда жоғалып кетеді, нәтижелерін жариялайды, ал деректерді берген адамдардың арқасында белгілі бір деңгейде табысқа жетеді" деген пікір кеңінен таралған дейді. Әдетте, ол этнографтар өздеріне қарағанда құзыреті азырақ адамдарды зерттейді деген болжамды көрсетеді, сондықтан зерттеушілер өздеріне пайдалы және зерттелу объектілері үшін тиімсіз келісім жасай алады – басқаша айтқанда, өзара тиімділік жоқ. Сонымен қатар, бұл мәселе зерттеуші зерделенетін адамдарға интеллектуалды және эмоционалды тұрғыдан тәуелді деп есептейтін, мысалы, басқа әйелдерді зерттейтін феминистер сияқты олармен иерархиялық емес

қарым-қатынас орнатуға тырысатын жағдайларда да туындауы мүмкін (Finch 1984; Tang 2002; Oakley 2016).

Әрине, этнографиялық зерттеулермен айналысатындар үшін пайдалары да, шығындары да жиі кездеседі, бірақ оларды (және олардың арасындағы тепе-теңдікті) бағалау оңай емес. Левинсон Англиядағы сығандар топтарын зерттеуінде атап өткендей, сіздің мәселелеріңізге тікелей қатысы жоқ біреумен сөйлесу мүмкіндігінің құндылығына ие болуды жете бағаламауға болмайды. Бір информантпен ұзақ әңгіме былай аяқталды: "мен кетіп бара жатқанда Томми өз алғысын білдірді. "Не үшін?" Өзімді дәрменсіздігім үшін бейшара сезінгенім бе, деп сұрадым мен [. . .]. Ол иығын қиқаң еткізді. "Тындағаным үшін шығар" (Levinson 2010:203). Дегенмен, барлық қатысушылар бұдан пайда алмайды немесе бағалай бермейді.

4-тарауда көргеніміздей, этнографтар көбінесе қатысушыларға негізгі медициналық көмек, бала күтімі немесе ақпараттық хатты редакциялау сияқты нақты қызметтерді ұсынды. Кейде қызмет қандай да бір мақсатпен көрсетілмейді. Оған мысал ретінде Матлонның Кот-д'Ивуарда зерттеген ер адамдар үшін рөлі келтірілген:

Жергілікті танымал мәдени көріністерге қатысу немесе физикалық образ құру арқылы [олардың] басқа ер адамдардан ерекшеленуінде мен [. . .] аксессуар, сирек кездесетін және нақты тауарға айналдым. Сонымен қатар, менің олардың өміріне деген қызығушылығым олардың өздері үшін және достары мен таныстары арасында көрсетуге тырысқан сәйкестіктерін заңдастырды; менің назарым олардың құндылығын іс жүзінде мойындау болды. (Matlon 2015:160)

Ол сондай-ақ олар қиын жағдайға тап болғанда оларға көмектесуге араласты:

Бірнеше қадам алда сөйлесіп келе жатып, Тино екеуіміз МС енді бізбен бірге емес екенін байқадық [. . .] оны полиция қызметкері тоқтатты. Әдеттегідей, офицердің өтініші бойынша МС-ң жеке куәлігі әрең көрінген кезде қарбалас ресми бола түсті. [. . .] Осылайша, МС офицердің құзыретінде болды: ол пара талап етуі, жеке куәлігін тартып алуы, тіпті түрмеге қамауы мүмкін. МС қиын жағдайда болды Мен шетелдік келбетіме сеніп – ақ құба терім, америкалық акцентім және анық өзімнің адамгершілігімді сезінуім – болғалы отырған жамандықтың алдын алады деп кірдім. Офицер маған қарады. Содан кейін ол мені басымнан аяғыма дейін қарап шықты. Ол жымыды. Ол МС-н салтанатпен, дәлірек айтқанда, құрметпен сұрады: 'Ahh bon . . . donc tu t'as trouvé une correspondante?' немесе "Сонымен, сіз өзіңізге корреспондент таптыңыз ба?" [. . .] МС-н тағы да езу тартты, сосын маған аш

көзбен қарағаннан кейін, ол бізді ізгі тілекпен шығарып салды. (Matlon 2015:161)

Алайда, Вандерстай кедей африкалық-америкалық отбасын зерттеу кезінде баяндағандай, тіпті кішігірім қызметтерді немесе сыйлықтарды ұсыну кейде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін:

[. . .] Мен үшін Силк үшін деп (8 немесе 9 жасар) "Адамдар ұша алады" [The People Could Fly] (Hamilton 1985) атты африкалық-америкалық халық ертегілерінің жинағын сатып алдым, бірақ әдеттегідей емес, оны оған жазып бермеген едім. Мүмкін Силктің өміріндегі бірінші кітап болса керек, ол оны өте жақсы көрді, қысқы демалыстан кейін сабақтар қайта басталған кезде оны мектепке алып келді. Дәл сол күні мен Серенаға барсам, ол пәтерінде ашудан булығып, шашын жұлып жүр екен. Силктың мұғалімі оны кітапты ұрлады деп айыптап, кітапты одан тартып алған екен. Серенаның түсіндіруінше, мұғалім Силк оны ұрлап кеткен болуы керек, өйткені ол сияқты баланың мұндай кітапты сатып алуға мүмкіндігі жоқ, деп ойлаған. Силкті бұл қатты назаландырған, мұғалімнен кітапты қайтарып беруін талап етіп айқайлапты. Ол бас тартқан кезде, Силк оны балағаттап, сыныптан қашып кетті. [. . .] Мен мектепке барып, мұғалімге кітапты Силкке бергенімді айтамын дедім, алайда Серена бұл жағдайды ушықтыратынын айтты. (VanderStaaу 2005:387)

Кейде этнографтар информанттарға төлейді де. Алайда, сөзсіз бұл практикалық, әдіснамалық немесе этикалық тұрғыдан проблемасыз болмайды (Head 2009). Мұндай қиындықтардың бірі – бұл деректердің сипатына әсер етеді. Осы және басқа себептерге байланысты төлемді күтуге қарсылық болуы мүмкін. Кларк өзінің Босния-Герцеговинадағы зорлау және жыныстық зорлық-зомбылық туралы зерттеуінде:

Жәбірленушілер көбінесе мен олармен сұхбаттан қаржылық пайда аламын деп ойлады, ал кейбіреулері мен оларға төлесем ғана менімен сөйлесетінін айтты. Бұдан басқа, шығыс Босния-Герцеговинадағы Фочадағы жәбірленуші, мен оған спа-ға баруын төлеген жағдайда ғана менімен сөйлесуді ұсынды. Менің бір бөлігім мұндай "сауда-саттықты" жағымсыз деп тапқанымен, бұрын өз мүдделері үшін қолданылған адамдар қазір өз әңгімелерінің есесін, әсіресе тоқыраулы экономика жағдайында, бірдеңе алғысы келетіні түсінікті болды. Мен сұхбат берушілерге олардың әңгімелері үшін төлеген емеспін, алайда мен қажет болған кезде олардың жол шығындарын төледім (бірақ мен әрдайым сұхбаттасушылармен кездесуге өзім баратынымын). Мен олардың үйлеріне барған кезде кішкентай сыйлықтар да әкелем (Clark 2017:427)

Хоичнер (2018) Нигерияның солтүстігіндегі Құранит тілін үйренуші "өте кедей" білім алушыларды зерттеу кезінде ақпарат үшін төлеу немесе сыйлықтар сыйлау «информанттардың өміріне елеулі өзгеріс әкелуі екіталай» деп атап өтті. Сонымен қатар, Ховарт (2002:25) информанттардың ол ұсынған төлемге эксплуатациялық сипатты деп ашуланғанын айтады: олар оны нәсілшіл деп айыптаған. Керісінше, Вассерман мен Клер (2010) өздері зерттеген үйсіз адамдарға басында ақы төлеуді ұсынғанда, адамдар олардың орнына әртүрлі керек-жарақтарды – тамақ, дәретхана бұйымдары, батареялар және т.б. әкелуге көндірді – десек те олар сұраған кезде кейде аздап ақшалай да беріп отырды. Хоичнер (2018) терең әлеуметтік-экономикалық дифференциациялар арасындағы зерттеу орынды емес, ал төлем ұсынысы "қазіргі теңсіздікті қайта растаудан артық ештеңе де емес" деп сенетіндер бар екенін атап өтті.

Қатысушылардың төлем немесе белгілі бір түрдегі қызметтерді талап ететін кездері болады. Мысалы, Шепер-Хьюз (2004:47-8) ағза саудасы туралы ақпаратты іздеу тәжірибесі туралы баяндайды: "күнбағыс дәнегін шайнап, оларды біздің жаққа түкіріп тастаған Владимир сұхбат үшін "әділ баға" – "200, жарайды, 100 доллар" – деп батыл талап етті. Мен оған 20 долларлық қытырлақ ақшаны салған кезде, Влад басын изеді [. . .].’ Полиция учаскесін зерттеген Jauregui-ге (2017: 78) Үнді полициясының бастығы офицерлерге арналған Рождество кешін өткізу керек екенін айтты. Бұл бір жайсыз өтініш болды, өйткені ол тек онымен қарым-қатынасына ғана емес – ол рұқсат бергені үшін өзін оған қарыздар сезінді – сонымен бірге бастығының офицерлермен қарым-қатынасына да, сол сияқты оның офицерлермен қарым-қатынасына да қатысты болды.

Сондай-ақ, зерттеушілерді оңай олжа ретінде, тіпті әділ ойын ретінде де қарастыруға болатындығын есте ұстаған жөн; олардың жанашырлығы мен ақпарат алуға деген ықыласы сыйлықтар, ілтипаттар мен төлемдер үшін пайдаланылуы мүмкін. Адлер мен Адлер есірткі саудагерлерінің оларды біртіндеп өз мүдделері үшін пайдалана бастағанын сипаттай отырып, мысал келтіреді:

Олардың бізге сақтауға берген ақшасының әрқашан қайтып оралатынын білді. Оларға қиын уақытта несиеге берген ақшамыз тіпті олар қайтадан байлыққа кенелген сәтте де ешқашан қайтпады. Олар бізден біршама ілтипатты күтті, есесіне олар өз қызметтері жайлы мейлінше ашық ақпаратпен қамтамасыз ете алмады. (Adler and Adler 1991:178)

Этнографтардың өздері зерттейтін адамдарға қатысты міндеттемелері кейде этикалық емес немесе тіпті заңсыз деп танылуы мүмкін ғадетке әкелетінін атап өткен жөн. Мак Джоллабхи мен оның әріптестері құпия полиция офицерлері бойынша зерттеуінен мысал келтіреді:

Бақылау топтарының ең көп кездесетін қауіптерінің бірі – басқа көлікпен соқтығысу. Бұл қауіптің әлеуеті тұрақты: байқау әдетте жоғары жылдамдықпен жүруді және көбінесе қауіпті маневр жасауды қамтиды. Келесі үзіндіде ортақ қауіп жағдайын сипаттайды:

Ең нашар жағдай болды: топ бақылап отырған көлігін жоғалтты. Машиналар жағдайды дұрыстауға тырысады. Біз күдікті жүре алатын ашық жол учаскесіне қарай бет ала отырып, 60 миль жылдамдықпен салынған тұрғын үй алабындағы тар жолмен жүреміз. Көлік тұрақтарының екі қатары арасында біз басқа автокөлік жүргізушісімен соқтығысудан аз ақ қалдық. Машинамыз сынған кезде оның бетіндегі қорқыныш пен сенімсіздікті байқадым. Біз иненің көзіндей жерден өтіп бара жатқанда, Дэвид: "... дос! Мен сені сол жерде жатуды сұрауым керек деп ойладым!" [. . .] Әсіресе уақыт өте келе, зерттеуге қатысушыларымен араласу сәттері сирек болған жоқ. (Mac Giollabhuí et al. 2016:641)

Элис Гоффман (2014) Филадельфияның кірісі төмен ауданындағы жастарды зерттеуінен тағы бір мысал келтіреді. Ол үнемі өз информанттарын ауданғы жеткізіп салатын, ал бір күні ол досын өлтірушісін іздеуге тапаншасын алып шыққан, негізгі информантты жеткізіп салуға келіскенін байқады. Бірқатар мамандар мұны этикалық емес және кісі өлтіру мақсатында серіктесе жасалған қылмысты іске тең деп мәлімдеді (Lubet 2018:ch8), бірақ ол киллердің табылуы немесе оны ату ықтималдығы аз деп сендірді. Этнографиялық зерттеу қатынастарының екі жағынан кім қандай пайдаға ие болатыны туралы белгісіздікті ескере отырып, әдетте нақты зерттеу жобасы эксплуатациядан тұра ма, сондай-ақ тым көп нәрсе ұсынылғаны немесе берілгені туралы келіспеушіліктер болуы мүмкін. Зерттеуге қатысушыларға қойылатын талаптар әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен осы талаптардың деңгейі мен маңыздылығын бағалау да өзгере алады. Этнография жағдайында көбіне қатысушылар әдеттегідей әрекет етуі, зерттеуші оларды бақылап отыруы қажет деген тұрғыда, зерттеудің ықпалы минималды болып көрінуі мүмкін. Алайда, біз көріп отырғанымыздай, бақылау немесе сұхбат кейде, кем дегенде, алаңдаушылық пен шиеленістің көзі болуы мүмкін. Қатысушылар үшін зерттеудің ықтимал пайдасы болса да, олардың қаншалықты құнды екені айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сайып келгенде, этнографтар өздері зерттеген адамдарды пайдаланбауды немесе басқаша әдепсіз әрекет жасамауды

қамтамасыз етуге тырысуы керек, бірақ оған не кіреді (және кірмейді) міндетті түрде пайымдаудың мәні болады және мұндай пайымдаулар әрдайым сыналуға ашық.

Кейбір мамандар этнограф пен зерттелетіндер арасындағы қарым-қатынасты эксплуатациялық деп санайды, өйткені нені және қалай зерттеу керектігі туралы шешімді этнограф қабылдайды: жобаның мақсаттары зерттелетін адамдардың басымдықтарымен емес, зерттеушілердің басымдықтарымен анықталады. Бұл көбінесе "партиципативті" немесе "инклюзивті" зерттеу формаларын қорғауға ұсынылған, мұнда зерттеу объектілері олардың бағыты мен дизайнын анықтауда, сондай-ақ алынған нәтижелерді тарату мен "қолдануда" шешуші рөлді ойнауға ұсынылады (қараңыз, мысалы, Campbell and Lassiter 2015). Егер зерттеуші мен зерттелетін объект арасында иерархия немесе теңсіздік орын алса, зерттеушінің әлеуметтік статусы анағұрлым жоғары болса, бұның қоятын талабы да күшейе түседі. Алайда, этнографияның дәстүрлі формаларының сөзсіз эксплуатациялық сипаты туралы дәлел қабылданса да (ал біз оны қабылдамаймыз), "партиципативті" зерттеу өз проблемаларын тудырады: көбінесе қатысушылар зерттеушінің рөлін қабылдауға құлықсыз немесе қарсы тұрады, және олар солай жасаған кезде жоба әдіснамалық, этикалық және саяси тұрғыдан күмәнді бағытқа бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеудің бұл әдісі академиялық білім кешенін құру мақсатына сәйкес келмейді (see Hammersley 1992:146–51).

Болашақ зерттеулердің салдары

3-тарауда көргеніміздей, этнографтар көбінесе зерттеу ортасы мен адамдардан рұқсат алуына сенімді болуы міндетті. Оларды зерттейтіндер және бақылаушылар немесе жалпы қоғам жағымсыз деп танитын зерттеулер болашақта басқа зерттеушілерге рұқсат етуден бас тартуға әкелуі мүмкін. Егер бұл үлкен көлемде болса, этнографиялық зерттеу мүмкін болмас еді. Бұл Дэвистің (1961b) Лофланд пен Леженнің Анонимді Маскүнемдерді жасырын зерттеулерін сынға алған негізгі дәлелдердің бірі болды (Lofland and Lejeune 1960; Lofland 1961); Эриксонның (1967) Фестингер мен басқаларға қарсы *When Prophecy Fails* (1956) кітабындағы сәуегейлік діни топты жасырын зерттеуі болды. Бұл кейінгі құпия зерттеулер туралы пікірталастардың маңызды бөлігі болды (қараңыз Calvey 2017), дегенмен зерттеушінің көзқарасы айтарлықтай ашық болған кезде де осындай мәселе туындады (see Ellis 2007).

Кем дегенде, кейбір зерттелген адамдар тарапынан теріс реакция жиі болатынын мойындау керек. Әрине, әр түрлі тараптар зерттеуді бірдей бағытта көреді деп болжау қате болар еді. Жалпы өмірдегідей, қарама-қайшылықты интерпретациялар мен мүдделер қақтығысы болуы мүмкін және мұндай қақтығыстар үшін қарапайым жалпы шешімдер болмайды. Сонымен, жеке этнографтың әріптестерінің алдында "далалық зерттеуді бұзбау" туралы этикалық міндеттемесі болса да, бұл міндеттемені орындау әрдайым мүмкін емес; кейде оны орындау үшін қажет әрекеттер басқа себептерге байланысты жағымсыз болуы мүмкін. Сонымен қатар кейбіреулер этикалық тұрғыдан жарамсыз зерттеу деп санайтын нақты немесе ықтимал салдарларды, сондай-ақ, қатысушылардың кез-келген теріс реакциясын асыра бағалау қаупі бар. Әдетте кез-келген әсер қысқа мерзімді болады.

Жалпы алғанда, бұл қалай жасалғанына байланысты зерттеу, әсіресе ол кеңінен жария етілген кезде, этнографияға немесе тіпті жалпы әлеуметтік саладағы зерттеуге жаман атақ әкелді деп айыпталуы мүмкін. Бұл Алис Гоффманның (2014) *On the Run* еңбегі бойынша айтылған сындарға қатысты. Оны тек қана әдепсіз іс әрекеті үшін ғана емес, сонымен қатар, жоғарыда ескертіп өткендей, қарулы адамды өз мақсатына жету үшін діттеген жеріне жеткізіп тастағаны үшін, сондай-ақ, оның әңгімесінде дәйексіздік пен қаталдықтың сақталмағаны үшін айыпталды. (мысалы, қараңыз Lubet 2018). Сыни ескертулердің қаншалықты дәлелді екендігіне қарамастан (оларды толық дәлелді деп санамаймыз), сөзсіз, Гоффманның кітабы үлкен қоғамдық назарға ие болды. Этнографияның беделі үшін мұның салдары қандай болғанын анықтауымыз керек. Дегенмен біз кез-келген зиян келтіруші салдар үшін толығымен немесе негізінен Хоффман ба, әлде оның сыншылары кінәлі ме деп сұрай аламыз ба? Сонымен қатар, әлеуметтік саладағы зерттеулердің болашақ перспективалары үшін нақты зерттеулердің салдары туралы мәселе маңызды болса да, ол зерттеу этикасында басты мәселе болмауы керек.

Этикалық реттеу сұрақтары

Осы уақытқа дейін біз негізінен жеке зерттеуші немесе зерттеу тобы белгілі бір жобаны жүзеге асыруда этикалық және этикалық емес, этикалық болуы мүмкін және болмауы мүмкін, нәрсе туралы өз бетімен шешім қабылдау жайында жаздық. Зерттеуге жауапкершілік үнемі оларға жүктелсе де, бұл туралы тиісті пайымдаулар жасай алатын басқалар да бар. Оларға бақылаушылар және қаржыландырушы ұйымдар, сондай-ақ институционалдық бақылау кеңестері (ИБК) немесе этика жөніндегі ғылыми комитеттер (ЭҒК) кіреді. Көптеген әлеуметтік ғылымдар саласындағы қауымдастықтарда этикалық кодекстер бұрыннан бері бар, бірақ бүгінде

көптеген елдерде міндетті, алдын-ала этикалық реттеу жұмыс істей бастады, бұл зерттеу басталмастан бұрын зерттеушілерден ИБК немесе ЭҒК мақұлдауын талап етеді⁷⁶.

Этикалық реттеуге қатысты бірқатар сын бар. Олардың бірі – ИБК/ЭҒК-ң этнографиялық әдістер туралы немесе зерттеу жүргізілуі керек контекст жайында, зерттеудің практикалық және этикалық болуы үшін қажетті дұрыс шешімдер жасайтындай білімінің аздығы. Оьекр (2018:628–9) Ганадағы алтын өндіруге қатысқан балалар туралы зерттеуіне қатысты мысал келтіреді. Ол жергілікті этика комитеті белгілеген толық ақпаратқа негізделген келісім туралы талабын орындай алмайтынын анықтады:

Талаптарды сақтауға қатысты туындаған мәселелердің бірінші ауқымы – зерттеуге қатысушы балаларға ақпаратқа негізделген келісім алуды қамтамасыз ету үшін ересек бақылаушыларды тарту [. . .]. Мен бұл жерде жұмыс істейтін балалардың көпшілігі Кеньаси немесе оның айналасынан емес екенін білдім. Олардың көбі өз бетімен келген мигрант балалар болды, олар Солтүстік Ганадан 200 миль қашық жерде жұмыс істеді. Оларды зерттеуге қатыстыру жайында кеңес алу үшін бұл сапарға шыққанда ата-анасыз, қорғаушыларсыз немесе ересек бақылаушыларсыз болды. Бастапқыда бұл балаларды зерттеуге қатыстырмай, тек ата-аналары немесе ересек бақылаушылары бар және этикалық келісімге қатысты кеңес ала алатын адамдармен сөйлесу туралы шешім қабылданды [. . .]. Алайда, бұл жоспар көпке ұзамады. Мен сөйлескен ата-аналардың көпшілігі олармен балаларының зерттеуге қатысуы жайында сөйлесуге келгендігіме разы болды. Алайда, олар менің мұны істегеніме таң қалып, қысылды және көбіне мені қарамағындағылармен сөйлесу үшін кері жіберді. Осы кездесулердің бірінің төмендегі дәйексөзі ата-ананың әсерін көрсетеді:

. . . (ер адам күледі) маған келгеніңіздің себебі осы ма? (ер адам қайтадан күледі). Мен [тіпті] жақындап келе жатқаныңызды көргенде шұғыл нәрсе бола деп ойлағам. Келудің қажеті жоқ еді; Мен үшін бұл мәселе емес . . . сіз шахталарда оны көрдіңіз, сондықтан барып содан сұраңыз, өйткені сол жерде жұмыс жасайтын адам ол. Келудің қажеті жоқ еді, одан сұрай салсаңыз болар еді (қайтадан күледі).

⁷⁶ Бүгінгі этикалық реттеумен байланысты кейбір мәселелер кәсіби этика кодекстерін жасау кезінде де пайда болды: қараңыз Becker 1964; Freidson 1964; Wax and Cassell 1981. Қазіргі этикалық реттеуді қолдану тәртібін одан әрі талқылау үшін қараңыз: Hammersley 2009, 2010d; Dingwall 2008, 2012; Schrag 2010; Stark 2012; van den Hoonaard 2011; AAUP 2013. Жақында Америка Құрама Штаттарында әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулер этикасын қайта реттеу үрдісі байқалды: қараңыз Shweder and Nisbett 2017.

Ата-аналар мен қамқоршылардың өздері маған әрқашан зерттеу нәтижелерін ұлдары немесе қыздарымен талқылау үшін алдымен рұқсат алу мақсатында оларға келудің қажеті жоқ, өйткені дәл солардың рұқсаты немесе келісімі қажет екенін айтты. Сол жердегі бір бала зерттеуге қатыспас бұрын олардың ата-аналарынан немесе қамқоршыларынан зерттеуге қатысуға рұқсат алуымды айтқан кезде жағдай одан сайын күрделене түсті:

. . . үш баланың айтқаны . . . сіз мұнда бейтаныс адам ретінде келіп, маған сізден ақпарат немесе көмек немесе сол сияқты нәрсе керек дедіңіз . . олардың бірі мұны естігенде сізге көмектескісі келетінін айтты, ал сіз алдымен оның анасымен немесе әкесімен сөйлескіңіз келетінін айттыңыз. Олар барлығы сізге ашулы . . . егер сізде олардың ата-аналарынан рұқсаты болса, олар сізге айтады деп ойлайсыз ба? Олардың көпшілігі "Мен өзіме-өзім қожамын", сондықтан сізге рұқсат қажет емес дейді.

Одан алыс емес жерде отырған досы менің мінез-құлқым туралы жергілікті нақыл сөзді келтірді, аудармасы келесідей:

Сіз өзіңізді жат немесе біздің мәдениетімізді білмейтін адам ретінде; жерлеу рәсіміндегі қайғырушыдан гөрі көбірек жылайтын бейтаныс адам ретінде ұстайсыз. (Okuye 2018:628–9)

Ақпаратқа негізделген келісім – ИБК мен ЭҒК қолданатын негізгі қағидағтардың бірі. Бұл комитеттер зерттеуші адамдармен жеке жұмыс жасайды деп қарастырылған, көбінесе биомедициналық, психологиялық немесе бұқаралық сауалнама зерттеу моделін қолданатынын көрсетеді. Этнографтар әдетте жағдайлар мен топтарды зерттейтіндіктен, жазылым арқылы келісім және кез-келген уақытта бас тарту құқығы сынды этика комитеттерінің көптеген нұсқаулықтарын қолдану қиын немесе оның қолайсыз салдары бар.

Этика комитеттері тудыратын мәселелер асыра айтылмауы керек. Кейде оларды зерттеушінің тиісті этикалық мәселелерді білуі, сонымен қатар зерттеу жобасын бағалаумен бірге этикалық мәселелермен жұмыс жасау жолдарын білуі қызықтырады. Сонымен қатар, мұндай комитеттермен қарым-қатынас әдетте диалог түрінде болуы мүмкін: жоба ұсынылғанға дейін нақты мәселелер бойынша кеңес алуға болады, Төрағамен еркін сөйлесуге болады, сонымен қатар мүмкін одан әрі келіссөздер мен кесімді келісімге әкелетін кез-келген шешімнің жауабын табуға болады (Machin and Shardlow 2018). Сонымен қатар, кейде этика комитеттерімен жұмыс істеу этнограф бұрын байқамаған мәселелерді ашып көрсетуі немесе олардың шешімдерін ұсынуы мүмкін. Алайда, келіссөздер ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, ал бұл процесс

кейде, бәлкім, әдіснамалық немесе тіпті этикалық тұрғыдан жағымсыз, зерттеу жоспарларының өзгеруіне әкеледі,.

ИБК/ЭГК еңсерілмейтін тосқауыл болған жағдайларда, оларға зерттеуді ұсыну нұсқалары не жүйелі алдау, не жобадан толық бас тарту болып шығуы мүмкін. Алайда, Шепер-Хьюз өзінің адам саудасы мәселесі бойынша зерттеу үшін басқа стратегия қолданды. Ол былай деп жазады:

Мен Калифорния университетінің зерттеуге қатысушыларды Қорғау Комитеті арқылы өз зерттеулерімді өткізудің ешқандай жолын көрмегендіктен, мен [. . .] осы зерттеудің мақсаттары үшін Беркли Журналистика Мектебіндегі әріптестеріммен бірдей негізде адам құқықтары бойынша тергеуші-репортер ретінде қарастырылуымды өтінетін ерекше рұқсат алуға өтініш бердім. Ақыр соңында рұқсат алынды. (Scheper-Hughes 2004:44–5)

Алайда, мұндай айлалар үнемі бола бермейді.

Этикалық реттеудің қысымымен біз күрделі және қарама-қайшылықты болса да, барынша орынды этикалық қиыншылықтардың бүкіл зерттеу процесін шаблонға айналдыруына мүмкіндік береміз, нәтижесінде олардың инструменталды құндылығымен емес, зерттеу жазбаларын жүргізу қабілетімен анықталатын рұқсат етілген, қарапайым (бірақ көбінесе орынсыз) критерийлер жиынтығымен тексерілуі мүмкін, зерттеу жобаларының саны өте шектеулі. Бұл – барлық әлеуметтанушылардың мәселесі. Бірақ осы оқулықтағы талқылауымыздың көп бөлігінен айқын болуы тиіс себептерге байланысты бұл этнографтар үшін ерекше күрделі мәселе.

Қорытынды

Біз этнографиялық зерттеулерге қатысты негізгі этикалық мәселелерді талқыладық және этикалық пікірлер маңызды болғанымен, оларды әмбебап ережелерге жүгіну немесе стандартты процедураларды қолдану арқылы қанағаттанарлық түрде шешу мүмкін емес екені; оның үстіне, оларды зерттеу қалай тиімді, әрі олардың маңыздылығы тұрғысынан өлшеу керегі жөнінде пікірімізді айттық. Этнограф өзінің мақсаттары мен құндылықтарын, зерттеу жүргізілетін жағдайды, сондай-ақ зерттелетін адамдардың құндылықтары мен мүдделерін ескере отырып, этикалық нормаларға сәйкес әрекет етуге тырысуы керек. Басқаша айтқанда, зерттеушілер және зерттеудің тұтынушылары ретінде біз нақты жағдайларда не заңды және не заңды емес екені туралы шешім қабылдауымыз керек. Егер дәлелдеріміз күмәнді болып көрінсе және көрінген жағдайда оларды растауға дайын болуымыз керек. Біз сондай-ақ тіпті

дәлелдері белгісіз болса да басқалардың келіспеуі мүмкін екенін мойындауымыз керек. Зерттеулерге қатысты этикалық мәселелер көпшілік алдында талқылануы маңызды, өйткені бұл жеке зерттеушілер мен зерттеу топтарын талқылауға жағдай жасайды. Алайда, бүгінгі таңда әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулерге кеңінен таралып келе жатқан этикалық реттеу формалары оған мүмкіндік береді, әсіресе, этнографияға қатысты деп санаймыз. Мүлдем керісінше. Рефлексия этнографияның басқа аспектілері сияқты этика саласында маңызды мәнге ие. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеудің этикасы туралы кейбір пікірталастар әлеуметтік сала зерттеушілері этикалық тұрғыда қарапайым адамдардың ғадетінен асып түсетін немесе жоғары этикалық сезімталдық пен жауапкершілікке ие және ие болуы тиіс деген идеяға негізделсе керек. Мысалы, оның нені білдіретіні анық немесе шығынсыз ретінде, "ең жоғары этикалық стандарттарды" ұстануы керек екені туралы шарты болуы мүмкін. Сондай-ақ, әдетте нені білдіретіннен әлдеқайда жоғары, ықтимал зиян немесе моральдық қателік деңгейін түспалдайтын жағдайды қиындату үрдісі бар. Іс жүзінде, этнографиялық зерттеулерге қатысты этикалық мәселелер адам қызметінің көптеген басқа түрлерімен байланысты мәселелерге өте ұқсас. Олар сондай-ақ бірдей белгісіздіктер мен келіспеушіліктерге, пайдакүнемдік мүдделер мен догматикалық пікірлердің бірдей ойынына, сонымен қатар саналы, дегенмен қарама-қайшылықты дәлелдерге бейім келеді. Этнографтардан талап етілетін барлық нәрсе – олар өз жұмысының этикалық аспектілерін дұрыс ескеріп, осы жағдайлардағы мүмкін болатын ең дұрыс шешімдерді қабылдауы. Олар, сөзсіз, басқалар да, өз әрекеттерінің салдарымен өмір сүруге мәжбүр болады. Дегенмен, онда ол өміріміздің барлық аспектілері бойынша барлығымызға қатысты; бұл адамның жағдайы.

Бұл соңғы сөз емес. Осы уақытқа дейін талқылағанымыз – зерттеушілердің зерттеуге деген ұмтылысын тежейтін этикалық ойлар. Бірақ зерттеуші зерттеуші болуды тоқтатып, білімді жасау мақсатына бағытталмаған әрекеттерге араласуы тиіс болатын ережеден тыс жағдайлар болуы мүмкін. Шын мәнінде, этнографтар әрдайым осы мақсатпен тікелей байланысты емес салада біраз әрекет жасайды: табиғаты бойынша этнография адамды зерттелетін адамдармен қарым-қатынасқа түсуге мәжбүр етеді, ал ол зерттеуге қатысты кез-келген байланыстан басқа да нәрсе жасай алады. Алайда, кейде осы қатынастарға байланысты немесе зерттеуші ретінде жұмысты жалғастыруға сәйкес келмейтін немесе, кем дегенде, тек зерттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін басқа рөлдерден туындайтын міндеттемелерге байланысты іс-әрекеттер пайда болады: мысалы мүгедек адамдарға күтім жасаушының оларға әлімжеттік жасауының куәсі болуы немесе (қараңыз

Taylor 1991:245–6) немесе полиция қызметкерлері тарапынан "шамадан тыс күш көрсетуді" бақылауы қандай да бір шара қолдануға негіз бола алады. (Westmarland 2001; Kyed 2017). Сонымен бірге, килігу әрдайым қажетті нәтижеге әкелмейтінін есте ұстаған жөн: мысалы, Вандерстай (2005) өзінің байқаусызда араласу әрекеттері адам өлімі мен зерттеуге қатысушы жасөспірім-есірткі сатушыны түрмеге жабуға әкелгенін баяндайды. Бұл төтенше жағдай болса да, оның тәжірибесі қауіпті көрсетеді.

Осылайша, зерттеуші болу дегеніміз адамның бұдан былай азамат немесе тұлға емес екенін немесе оның зерттеуге деген алғашқы міндеттемесі кез-келген жағдайда сақталуы керек дегенді білдірмейді. Алайда, біздің ойымызша, басқа идентификациялар зерттеушінің идентификациясынан басым болуы керек жағдайлар өте сирек кездеседі және зерттеу рөлін тоқтата тұру немесе қабылдамау туралы шешімдер зерттеу құндылығынан өте жоғары себептерге байланысты болуы керек. Сондай-ақ, зерттеушінің көмек көрсету мүмкіндіктері шектеулі екенін ескеру қажет. Мұндай әрекеттің кең таралған мысалы – зерттеушілерді өздері зерттегендердің мүддесін қорғауға тарту. Кейде бұл міндетке айналуы мүмкін. Алайда, біздің ойымызша, осыған байланысты қиындықтарды дұрыс бағаламау, сәттіліктің ықтималдығын жоғары бағалау және жағдайдың нашарлау қаупін елемей көбінесе мүддені қорғаумен байланысты (қараңыз Nastrup and Elsass 1990; Warren 2006).

Сондықтан көбінесе зерттеуші рөлінен бас тарту туралы еліктіруге қарсы тұру керек. Әрине, біз зерттеушіні саяси белсендіге немесе этикалық үлгіге айналдыру үшін осы рөлді қайта анықтау әрекетіне айтарлықтай түсінушілік танытпаймыз. Дегенмен, іргелі дилеммаларды басқа мәселелерге басымдық беру арқылы ғана шешуге болатын жағдайлар бар.

Сілтемелер

- AAUP (American Association of University Professors) (2013) *Regulation of Research on Human Subjects: Academic Freedom and the Institutional Review Board*, Washington, DC: American Association of University Professors.
- Abraham, J. (1989) 'Testing Hargreaves' and Lacey's differentiation-polarisation theory in a setted comprehensive', *British Journal of Sociology*, 40, 1: 46–81.
- Abraham, J. (1995) *Divide and School: Gender & Class Dynamics in Comprehensive Education*, London: RoutledgeFalmer.
- Abu-Lughod, L. (2006) 'Writing against culture', in Henrietta Moore and Todd Sanders (eds) *Anthropology in Theory: Issues in Epistemology*, Oxford: Blackwell Publishing, pp. 466–79.
- Adelman, C. (1977) 'On first hearing', in C. Adelman (ed.), *Uttering, Muttering: Collecting, Using and Reporting Talk for Social and Educational Research*, London: Grant McIntyre.
- Adler, P. A. and Adler, P. (1987) *Membership Roles in Field Research*, Newbury Park, CA: Sage.
- Adler, P. A. and Adler, P. (1994) 'Observational techniques', in Denzin and Lincoln (eds).
- Agar, M. (1973) *Ripping and Running: A Formal Ethnography of Urban Heroin Addicts*, New York: Seminar Press.
- Agar, M. (1980) *Professional Stranger*, New York: Academic Press.
- Aggleton, P. (1987) *Rebels Without a Cause: Middle-Class Youth and the Transition from School to Work*, London: Faber.
- Akom, A. (2011) 'Black emancipatory action research: integrating a theory of structural racialisation into ethnographic and participatory action research methods', *Ethnography and Education*, 6, 1, 113–131.
- Alasjewski, A. (2006) 'Diaries as sources of suffering narratives', *Sociology of Health and Illness*, 8, 1: 43–58.
- Alasuutari, M. (2015) 'Documenting napping: The agentic force of documents and human action', *Children and Society*, 29: 219–30.
- Alberti, B., Fowles, S., Holbraad, M., Marshall, Y., and Witmore, C. (2011) "'Worlds otherwise": archaeology, anthropology, and ontological difference', *Current Anthropology*, 52, 6: 896–912.
- Alcadipani, R. and Hodgson, D. (2009) 'By any means necessary? Ethnographic access, ethics and the critical researcher', *Tamara Journal*, 7, 4: 127–46.
- Allan, A. (2005) 'Using photographic diaries to research the gender and academic identities of young girls', in G. Troman, B. Jeffrey and G. Walford, (eds) *Methodological Issues and Practices in Ethnography*, Amsterdam: Elsevier.

- Allen, D. (2001) 'Narrating nursing jurisdiction: "atrocious stories" and "boundary-work"', *Symbolic Interaction*, 24, 1: 75–103.
- Alvesson, M. (2009) 'At-home ethnography: struggling with closeness and closure', in S. Ybema, D. Yanow, H. Wells, and F. Kamsteeg (eds) *Organizational Ethnography: Studying the Complexities of Everyday Life*, London: Sage, 156–74.
- Alvesson, M. and Sandberg, J. (2013) *Constructing Research Questions*, London: Sage.
- Anderson, E. (2006) 'Jelly's place: an ethnographic memoir', in Hobbs and Wright (eds).
- Anderson, J. (2002) 'Reconsidering environmental resistance: working through Secondspace and Thirdspace approaches', *Qualitative Research*, 2, 3: 301–21.
- Anderson, L. (2006) 'Analytic autoethnography', *Journal of Contemporary Ethnography*, 35, 4: 373–395.
- Anderson, R. J. and Sharrock, W. W. (2018) *Action at a Distance: Studies in the Practicalities of Executive Management*, London: Routledge.
- Anteby, M. (2003) 'The "moralities" of poaching: manufacturing personal artifacts on the factory floor', *Ethnography*, 4, 2: 217–39.
- Apoifis, N. (2017) 'Fieldwork in a furnace: anarchists, anti-authoritarians and militant ethnography', *Qualitative Research*, 17, 1: 3–19.
- Arensberg, C. M. and Kimball, S. T. (1968 [1940]) *Family and Community in Ireland*, Cambridge, MA, Harvard University Press.
- Ashmore, M. (1989) *The Reflexive Thesis*, Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Atkinson, J. M. (1978) *Discovering Suicide: Studies in the Social Organisation of Sudden Death*, London: Macmillan.
- Atkinson, P. A. (1981) 'Transition from school to working life', unpublished memorandum, Sociological Research Unit, University College, Cardiff.
- Atkinson, P. A. (1990) *The Ethnographic Imagination*, London: Routledge.
- Atkinson, P. A. (1992a) 'The ethnography of a medical setting: reading, writing and rhetoric', *Qualitative Health Research*, 2, 4: 451–74.
- Atkinson, P. A. (1992b) *Understanding Ethnographic Texts*, Newbury Park, CA: Sage.
- Atkinson, P. A. (1995) *Medical Talk and Medical Work*, London, Sage.
- Atkinson, P. A. (2006) *Everyday Arias: An Operatic Ethnography*. Lanham MD: AltaMira.
- Atkinson, P. A. (2013) 'Rescuing autoethnography', *Journal of Contemporary Ethnography*, 35, 4: 400–4.
- Atkinson, P. A. (2015) *For Ethnography*. London: Sage.
- Atkinson, P. A. (2017) *Thinking Ethnographically*, London: Sage.

- Atkinson, P. A., Coffey, A., and Delamont, S. (1999) 'Ethnography: post, past, and present', *Journal of Contemporary Ethnography*, 28, 5: 460–71.
- Atkinson, P. A., Coffey, A., Delamont, S., Lofland, J. and Lofland, L. (eds) (2001) *Handbook of Ethnography*, London: Sage.
- Atkinson, P. A. and Coffey, A. (2002) 'Revisiting the relationship between participant observation and interviewing', in J. F. Gubrium and J. A. Holstein (eds) *Handbook of Interview Research*, Thousand Oaks, CA: Sage.
- Atkinson, P. A., Coffey, A., and Delamont, S. (2003) *Key Themes in Qualitative Research: Continuities and Change*. Walnut Creek, CA: AltaMira.
- Atkinson, P. A. and Delamont, S. (eds) (2008) *Representing Ethnography: Reading, Writing and Rhetoric in Qualitative Research*, 4 vols, Thousand Oaks, CA: Sage.
- Atkinson, P. A. and Delamont, S. (2010) Can the silenced speak? A dialogue, *The International Review of Qualitative Research*, 3, 1: 11–17.
- Atkinson, P. A. and Heath, C. (eds) (1981) *Medical Work: Realities and Routines*, Farnborough: Gower.
- Atkinson, P. A. and Housley, W. (2003) *Interactionism: An Essay in Sociological Amnesia*. London: Sage.
- Atkinson, P. A. and Silverman, D. (1997) 'Kundera's *Immortality*: the interview society and the invention of the self', *Qualitative Inquiry*, 3, 3: 304–25.
- Back, L. (2004) 'Politics, research and understanding', in Seale et al. (eds) (2004).
- Back, L. and Puwar, N. (2012) 'A manifesto for live methods: provocations and capacities', *The Sociological Review*, 60, S1: 6–17.
- Bacon, F. (1960 [1620]) *The New Organon or True Directions Concerning the Interpretation of Nature*, Indianapolis, IN: Bobbs-Merrill.
- Baez, B. (2002) 'Confidentiality in qualitative research: reflections on secrets, power and agency', *Qualitative Research*, 2, 1: 35–58.
- Baird, A. (2018) 'Dancing with danger: ethnographic safety, male bravado and gang research in Colombia', *Qualitative Research*, 18, 3: 342–60, <https://doi.org/10.1177/1468794117722>
- Ball, M. S. and Smith, G. W. H. (1992) *Analyzing Visual Data*, Newbury Park, CA: Sage.
- Ball, M. and Smith, G. (2001) 'Technologies of realism? Ethnographic uses of photography and film', in Atkinson et al. (eds).
- Ball, S. J. (1981) *Beachside Comprehensive*, London: Cambridge University Press.
- Ball, S. J. (1983) 'Case study research in education: some notes and problems', in Hammersley (ed.) (1983).
- Ball, S. J. (1984) 'Beachside reconsidered: reflections on a methodological apprenticeship', in Burgess (ed.) (1984).
- Ball, S. J. (1994) 'Political interviews and the politics of interviewing', in Walford (ed.) (1994).

Bandelier, A. (1890) *The Delight Makers*, New York: Dodd, Mead and Co.

Barnes, C. (2003) 'What a difference a decade makes: reflections on doing "emancipatory" disability research', *Disability and Society*, 18, 1: 3–17.

Barnes, J. A. (1979) *Who Should Know What? Social Science, Privacy and Ethics*, Harmondsworth: Penguin.

Barrett, R. A. (1974) *Benabarre: The Modernization of a Spanish Village*, New York: Holt, Rinehart & Winston.

Bashir, N. (2017) 'Doing research in people's homes: fieldwork, ethics and safety – on the practical challenges of researching and representing life on the margins', *Qualitative Research*, Online First: 1–16.

Bauman, R. (1977) *Verbal Art as Performance*, Prospect Heights, IL: Waveland.

Bazeley, P. (2013) *Qualitative Data Analysis*, London: Sage.

Bazeley, P. and Jackson, K. (2013) *Qualitative Data Analysis with NVivo*, London: Sage.

Becker, H. S. (1951) 'The professional dance musician and his audience', *American Journal of Sociology*, LVII: 136–44.

Becker, H. S. (1953) 'Becoming a marihuana user', *American Journal of Sociology*, 59: 41–58.

Becker, H. S. (1963) *Outsiders*, New York: Free Press.

Becker, H. S. (1964) 'Against the code of ethics', *American Sociological Review*, 29, 3: 409–10.

Becker, H. S. (1967) 'Whose side are we on?', *Social Problems*, 14: 239–47.

Becker, H. S. (1968) Comment reported in R. J. Hill and K. Stones Crittenden (eds) *Proceedings of the Purdue Symposium on Ethnomethodology*, Institute for the Study of Social Change, Department of Sociology, Purdue University.

Becker, H. S. (1971) Footnote to M. Wax and R. Wax, 'Great tradition, little tradition, and formal education', in M. Wax, S. Diamond, and F. Gearing (eds) *Anthropological Perspectives on Education*, New York: Basic Books.

Becker, H. S. (1974) 'Art as collective social action', *American Sociological Review*, 39: 767–76.

Becker, H. S. (ed.) (1981) *Exploring Society Photographically*, Chicago, IL: University of Chicago Press.

Becker, H. S. (1982) *Art Worlds*. Berkeley, CA: University of California Press.

Becker, H. S. (1986) *Writing for Social Scientists*, Chicago, IL: University of Chicago Press.

Becker, H. S. (1998) *Tricks of the Trade: How to Think About Your Research While You're Doing It*, Chicago, IL: University of Chicago Press.

Becker, H. S. (2014) *What About Mozart? What About Murder? Reasoning from Cases*. Chicago, IL: University of Chicago Press.

- Becker, H. S. and Geer, B. (1960) 'Participant observation: the analysis of qualitative field data', in R. N. Adams and J. J. Preiss (eds) *Human Organization Research: Field Relations and Techniques*, Homewood, HI: Dorsey Press.
- Behar, R. and Gordon, D. (eds) (1995) *Women Writing Culture*. Berkeley, CA: University of California Press.
- Belk, R. (1995) *Collecting in a Consumer Society*. London: Routledge.
- Bell, C. (1977) 'Reflections on the Banbury restudy', in Bell and Newby (eds).
- Bell, C. and Newby, H. (eds) (1977) *Doing Sociological Research*, London: Allen & Unwin.
- Bell, C. and Roberts, H. (eds) (1984) *Social Researching: Policies, Problems and Practice*, London: Routledge & Kegan Paul.
- Belousov, K., Horlick-Jones, T., Bloor, M., Gilinskiy, Y., Golbert, V., Kostikovskiy, Y., Levi, M., and Pentsov, D. (2007) 'Any port in a storm: fieldwork difficulties in dangerous and crisis-ridden settings', *Qualitative Research*, 7, 2: 155–75.
- Bennett, A. and Checkel, J. (2014) *Process Tracing: From Metaphor to Analytic Tool*, Cambridge: Cambridge University Press.
- Bennett, A. and Dawe, K. (eds) (2001) *Guitar Cultures*, Oxford: Berg.
- Bensman, J. and Vidich, A. (1960) 'Social theory in field research', *American Journal of Sociology*, 65: 577–84.
- Benson, O. and Stangroom, J. (2006) *Why Truth Matters*, London: Continuum.
- Beoku-Betts, J. (1994) 'When black is not enough: doing field research among Gullah Women', *National Women's Studies Association Journal*, 6, 3: 413–33.
- Berlak, A. C., Berlak, H., Bagenstos, N. T., and Mikel, E. R. (1975) 'Teaching and learning in English primary schools', *School Review*, 83, 2: 215–43.
- Berezin, M. (2012) 'Events as templates of possibility: an analytic typology of political facts', in Jeffrey C. Alexander, Ronald N. Jacobs, and Philip Smith (eds) *The Oxford Handbook of Cultural Sociology*, Oxford: Oxford University Press.
- Berreman, G. (1962) *Behind Many Masks: Ethnography and Impression Management in a Himalayan Village*, Monograph 4, Society for Applied Anthropology, Ithaca, NY: Cornell University Press.
- Bettelheim, B. (1970) *The Informed Heart*, London: Paladin.
- Beuving, J. (2013) 'Playing information games: *démarcheurs* in the second-hand car markets of Cotonou, Bénin', *Social Anthropology/Anthropologie Sociale*, 21, 1: 2–22.
- Beuving, J. (2017) 'The anthropologist as jester, anthropology as jest', *Social Anthropology/Anthropologie Sociale*, 25, 3: 353–63.
- Bird, A. (2000) *Thomas Kuhn*, Chesham: Acumen.

